Stanford University Libraries
3 6105 210 245 143

Digitized by Google



Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google

ISSN—0132—6139



Қазақстан үгітшісі

15
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ



Ақтөбе ферросплав заводының металлургтері арасында КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс өрістеді. Бұл қозғалысты аға балқытушы, коммунист Алпысбай Аманжолов жетекшілік ететін коллектив басқаруда.

Жарыс инициаторлары жыл басынан бері жоспардан тыс бір мың тонна металл беріп, жарты миллион киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді.

СУРЕТТЕ: аға балқытушы Алпысбай Аманжолов.

Суретті түсірген Д. КАРАЧУН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

15

1985 АВГУСТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі» № 15, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

В. Приколотто. Инженерлер үлесі өсуде . . . 2
Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы вахтада 4

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

М. Есбаев. Ешкім қалыс қалмайды 6
1985 жылғы егін орағына арналған ұрандардың үлгі тексте рі 8
В. Николаев. Тәжірибе алмасуда 9

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Ф. Шамшура. Егінді 12 күнде жинаймыз . . . 10
Г. Кинасов. Сағаттық график — жұмыс заңы . . 12
Олар алда келеді 13

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Ибрагимов. Бесжылдықты екпінді аяқтайық . . 14
А. Абрашин. Техникалық прогресс бағытымен . . 17

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л. Виликотская. Баршаға ортақ мереке 19
М. Нұрмағамбетов. Жарыс тұғыры 22
Маскүнемдікпен күресті күшейте берейік 24

СҰРАҚҚА ЖАУАП

С. Әбілқасымов. Селоға қоныс аудару 26
Р. Баймұрзаева. Қыдырымпаздық залалы . . . 27

АТЕИСТІК ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ СЫРТТАЙ СЕМИНАРЫ

С. Трофимова. Пәрменді, тегеурінді насихат . . 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

И. Мельников. Жеңіліске ұшырағандардың жан-ұшырған әрекетімен 30

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА БӨЛІМІМІЗ

Сентябрь айындағы атаулы күндер 32

Digitized by Google

ИНЖЕНЕРЛЕР ҮЛЕСІ ӨСУДЕ

В. ПРИКОЛОТТО,
Петропавлдық М. И. Калинин атындағы электр изоляциясы материалдары заводының бас инженері, саяси баяндамашы



Біздің заводымыз — қала мен облыстағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Мұнда түрлі электр изоляциясы материалдары мен пластиктердің 23 түрі өндіріледі, олар еліміздің жүздеген кәсіпорнында қолданылады және дүние жүзінің 17 еліне экспортқа шығарылады.

Біз ірі ауқымды экономикалық экспериментке екінші жыл белсенді түрде қатысудамыз. Правоны ұлғайту, өсе түскен дербестік — осының бәрі жұмыс нәтижелеріне оңды әсер етті. Өткен жылғы жоспарлы тапсырма мен социалистік міндеттеме негізгі барлық техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша асыра орындалды. Біз өзіміздің шартты міндеттемелерімізді алғаш рет толық орындап шықтық.

Дегенмен алдымызда көп жұмыс тұр. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында және ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі кеңесте атап көрсетілгеніндей, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта құрылымдар кезеңі туды. «Қазір ең бастысы,— деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас кеңесте жасаған баяндамасында,— өндіріс тиімділігін, өнім сапасын арттырудың барлық резервтерін іздестіріп, іске қосу. Әрбір кәсіпорынды, саланы, бүкіл халық шаруашылығын дамудың интенсивті жолына қайта бағдарлаудың өмірлік қажеттігін кадрларымыз түсінуге тиіс».

Бұл сөздер бізге, инженерлерге арналған. Әр маманның парызы — өз еңбегінің қайтарымын арттыру, онда творчестволық бастаманы күшейту. Заводымызда мол мүмкіндіктерді меңгерген түрлі профильдегі білікті инженерлердің көлемді отряды еңбек етеді. Олардың көпшілігі жаңаны белсенді жасаушылар ретінде танылған. Бұлар ең алдымен — бас технолог Сергей Петрович Қарпиза, оның орынбасарлары Сергей Иванович Домников пен Владимир Федорович Қасторнов, механикаландыру және автоматтандыру бюросының бастығы Андрей Васильевич Золотов, жас инженерлер Ренат Хатыпов, Олег Меркурьев және басқалар.

Олардың ғылыми-техникалық прогресс қарқынын жеделдетуге қосатын үлесі жыл сайын өсіп келеді. Демек үстіміздегі бесжылдықта жаңа техника жөнінен 70 шара игерілді. Олардың экономикалық тиімділігі 1 миллион сом құрады — жоспардан 100 мың сомдай көп.

Заводта инженер-техник қызметкерлердің белсенді қатысуы арқылы сапаны басқарудың комплексті жүйесі енгізілді. Үстіміздегі бесжылдықта электр изоляциясы материалдарының ондаған түріне Сапа белгісі берілді. Қазір бүкіл өнімнің жартысынан астамы Сапа белгісімен таңбаланады. Жаңа бұйымдардың үш түрін ұқсату аяқталып келеді, олар да жоғары категорияға аттестацияланатын болады.

Таңдаулы мамандар — белсенді рационализаторлар мен өнертабыс-шылар. Мәселен, инженер-технолог Валентина Лукинична Доценко соңғы төрт жыл ішінде 72 мың сом экономикалық тиімділік берген 17

Digitized by Google

рационализаторлық ұсынысты ұсынды. Техникалық бақылау бөлімінің бастығы А. В. Лычкинаның, инженер-технологтар Л. Қ. Назарованың және Т. В. Қошкареваның творчестволық талдаулары арқасында икемді миканитті жаппай шығару мерзімінен бұрын игерілді. Инженерлер жұмысшылар ұсынған техникалық жаңалықтарды жедел енгізуге де жәрдемдесуде.

Осы заманғы инженердің творчестволық потенциалы жоғары екені даусыз. Сонда да заводымызда ол жеткілікті пайдаланылмайды. Мамандардың еңбегі әзірше әлсіз ұйымдастырылған. Заводымызда өкінішке қарай, инженерлерді сызушылар, смета жасаушылар, хатхабар тасушылар, машинистер ретінде пайдалану оқиғалары аз емес. Олардың жұмыс орындарын жақсылап жарақтандырып, ғылыми-техникалық және экономикалық хабарды жетілдіру қажеттігі туды.

Осы мәселе партия комитетінің мәжілісінде талқыланды. Әрбір инженер-техник қызметкерлерге еңбектің мейлінше жоғары қайтарымы үшін барынша жағдай жасау ұйғарылды. Еліміздің озық кәсіпорындарының жаңа техника мен технологияны жасау мерзімдерін қысқарту, мамандардың материалдық және моральдық мүдделілігін күшейту жөніндегі тәжірибесін кеңінен енгізетін боламыз.

Сонымен бірге ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бағытталған қызметтің қоғамдық түрлерін белсенді дамытуды жоспарлаудамыз. Бұлар — қоғамдық конструкторлық бюролар, техникалық талдау бюролары, ғылыми-техникалық хабарлар тобы, маңызды проблемаларды талдап жасау жөніндегі творчестволық топтар. Айтпақшы, бертінде осындай творчестволық топ Р. Хатыповтың басқаруымен бір тектес кәсіпорындардың сапасы мен түсі әртүрлі лак шығаруды ұлғайту жөніндегі тәжірибесін енгізуге көмектесті. Экономикалық тиімділік бірнеше мың сом құрады.

Жеке творчестволық жоспарларды талдап жасау да көп нәрсе береді, әйтсе де осы жоспарлардың тиімділігі көбіне формализм салдарынан кемуде. Мұны жою үшін біз енді партия және кәсіподақ жиналыстарында, еңбек коллективтерінің жиналыстарында инженерлер мен техниктердің есептерін тыңдаймыз, мамандармен әңгімелесулер өткіземіз. Мұның барысында әр адамның өндірісті жетілдіру ісіндегі мүмкіндіктерін анықтаймыз.

Совет инженерін белсенді қоғамдық-саяси қызметтен тыс елестетуге болмайды. Заводымызда мамандардың көпшілігі бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысын жүргізеді. Бу-қуат цехының аға инженері П. М. Разов, бақылау-өлшеу приборлары лабораториясының инженерлері В. П. Ефимов, В. В. Козлов, № 1 цех технологтары Л. В. Барсукова, Т. М. Котенева саяси хабаршы міндеттерін ойдағыдай атқаруда, ал инженерлер Қ. Ш. Садықова. Н. Ф. Лихачев, С. Ю. Смирнов — іскер үгітшілер. Бас мамандар партия комитеттерінің саяси баяндамашылары болып табылады, цехтар мен бөлімдерде жүйелі сөз сөйлейді. Қазір бізде «Ғылым мен техника — өндіріске» деген лекторий құрылды, ол завод коллективтерінің мүшелерін ғылыми-техникалық прогресс проблемаларымен және жолдарымен таныстыруға, заводтағы өндіріс тиімділігінің өсімі үшін, әр адамның қабілеті мен дарынының ашылуы үшін осы жұмыстың зор мәнін көрсетуге көмектеседі. Ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін ескеру арқылы түрлі кәсіп инженерлерін, техниктері мен жұмысшыларын қайта даярлау жоспарын жасаудамыз.

Осының бәрі бесжылдықтың аяқталар жылына қабылданған социалистік міндеттеме мен жоспарды толық және асыра орындау жолындағы күреспен тығыз байланысты. Ресурстарды үнемдейтін озық технологияны енгізуге, қол еңбегінің ролін азайтуға айрықша мән берудеміз. Бұл үшін бізде инженерлердің бригадаларда, әсіресе механикаландыру жұмыстары әлсіз қосалқы цехтар мен қоймаларда жұмысшыларды қамқорлыққа алуы ұлғайды.

Digitized by Google

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

Территориясы жағынан шағын Солтүстік Қазақстан облысы—өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін көптеп өндіруші. Петропавл заводтарының бұйымдары — шағын литражды двигательдер мен жол грейдерлері, «Қазақстан» стереомагнитолалары мен «Романтик» магнитофондары біздің еліміздің әртүрлі мүйістерінде жақсы танымал.

Облыс кәсіпорындарында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізудің, өндіріс тиімділігін арттырудың комплексті программасы табысты жүзеге асырылуда. Үстіміздегі бесжылдықта жоспардан тыс 28 миллион сомның өнеркәсіп өнімі өткізілді, бұйымдардың жаңа 600 түрі игерілді, олардың көпшілігі сапаның жоғары категориясына аттестациядан өтті.

Село еңбеккерлері үлкен үлес қосуда. Соңғы төрт жылдың аса қолайсыз ауа райы жағдайына қарамастан, мемлекетке жылына орта есеппен сатылатын астық 57 миллион пұт құрады. Картоп пен овощ сату жөніндегі тапсырма асыра орындалды. Бұрнағы бесжылдықпен салыстырғанда ет өткізу 16 процент өсті. Сүт, жүн және жұмыртқа көп өндіріле бастады.

Облыста 6 мыңға жуық бригада, цех, бөлімше, кәсіпорын, совхоз, колхоз коллективі, 130 мыңнан астам еңбеккер КПСС XXVII съезі, Қазақстан Компартиясы XVI съезі және стахановтық қозғалыстың 50 жылдығы құрметіне екпінді вахтаға түрды. 1985 жылы көктемгі егіс жұмыстарына ұйымшылдықпен және жоғары сапалы әзірлену және оны өткізу жөніндегі республикалық социалистік жарыс инициаторлары ретінде солтүстік қазақстандық егіншілер егін егуді қолайлы мерзімде аяқтады. Биыл егістіктің тең жартысында — 500 мың гектар алқапта бидай интенсивті технология бойынша өсірілуде. Егіншілер бесжылдықтың қорытындылаушы жылында бітік егін өсіріп, Отанға 90 миллион пұт астық тапсыруды, 270 мың тонна сүт, 100 мың тоннадан астам ет және 100 миллион жұмыртқа өндіруді ұйғарып отыр. Өнеркәсіп орындарында осы заманғы жабдықтар мен техникалық жаңалықтарды енгізуден 8 миллион сом экономикалық тиімділік алу, жоспардан тыс 5 миллион сомның өнімін шығару жоспарлануда.



Коммунист Айман Ескендірқызы Дарбаева — «Құрмет Белгісі» орденді С. М. Киров атындағы заводтың социалистік жарысының бірнеше дүркін жеңімпазы. Ол мұнда 11 жыл еңбек етеді, өз микроауданында тұрғылықты жер бойынша үгітші.

Суретте: баптаушы Айман Дарбаева.

Егін шығымды болады

Ленин ауданының «Заречный» совхозынан тәжірибелі және білгір диқан Григорий Михайлович Омельянченко басқаратын екінші трактор-егіс бригадасы бидайды екі мың гектар алқапқа қолайлы агротехникалық мерзімде септі. Осы алаңдардың жартысында дерлік оны интенсивті технология бойынша өсіреді. Әрбір гектарға 60 килограмнан минералдық тыңайтқыш енгізді.

Диқандар осы учаскелердің әр гектарынан кемінде 24 центнерден астық алуды ұйғарып отыр, ал гектарына барлығы 19 центнерден астық жинауға міндеттенді.

Бригадада коллективтік мердігерлік енгізілген. Биыл диқандар атқарылған норма-сменаларды ескере отырып, аванс алуға ауысты.

Орынды награда

Жамбыл ауданы «Озерный» совхозының трактористі Сәлима Мұқажанова 1984 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыста жеңіске жеткені үшін екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Прасковья Никитична Ангелина атындағы Еңбек Даңқы жүлдесіне ие болды.

Коммунист Мұқажанова КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіне орақта кемінде бір жарым жоспарлы тапсырма орындап, жанар-жағармай материалдарының төрт процентін үнемдеуге міндеттенді.

Digitized by Google

ЕҢБЕКШІЛЕРІ СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ВАХТАДА



Булаев ауданының «Чистов» совхозы соғыс жылдарында Совет Армиясы мен Соғыс-теңіз Флотын қамтамасыз етудегі қызметі үшін Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында I дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

Суретте: «Чистов» совхозының ардагері, Социалистік Еңбек Ері А. Д. Боридько жас механизаторлармен танапта.

ҚазТАГ-тың суреті.

Құнарлы жемшөп көп

Возвышен ауданының «Қарағанды» совхозында биылғы маусымда әр малға 25—30 центнер жемшөп өлшемін дайындау үшін табысты күресуде.

Комплексті механикаландырылған отрядтар берік жемшөп базасын жасау туралы қамқорлықты өз міндетіне алды. Мұның өзі шөп шабуда жұмыстың жоғары қарқынын және жемшөптің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруде. Қызылша шығымдылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Оның шығымдылығы жөнінен шаруашылық облыста бірінші орынды берік ұстап келеді.

Селолық жиынның инициативасы бойынша қант қызылшасының егісі жұмысшылар мен қызметшілердің семьяларына бекітілді.

Қайта құру негізінде

Өткен жылы Петропавл былғары заводына 150 жыл толды. Осы атаулы күнге орай коллективтің қол жеткен үлкен табыстары үшін завод Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Қаланың көне кәсіпорны техникалық жарақтануы жағынан жаңаларынан қалыспайды. Оның коллективі өндірісті түбегейлі қайта құрды. Осының арқасында үстіміздегі бесжылдық жылдары ішінде еңбек өнімділігі 29,3 процент, қор қайтарымы — 11,8 процент өсті, ал қол еңбегінің үлесі 15 процент кеміді.

Екпінді онкүндіктер қорытындылары бойынша ұқсату цехының (бастығы Л. В. Сафронова), коммунист Н. А. Казанцева, бастаған комсомол-жастар бригадасының А. Ф. Баюнов, В. М. Обидин, К. Құдайбергенова, М. Г. Екимова бригадаларының коллективтері жеңімпаздар болып шықты. Жеке жарыста қалалық Советтің депутаты Л. М. Мешкова, Н. А. Нигомедьянова, А. И. Екимова, Л. Н. Костина жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Уәдеге берік

Петропавлдың «Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі үш айдың ішінде ғана матаны ұтымды пішу, ақауды қысқарту есебінен 116 шаршы метр астарлық мата, 280 шаршы метр ватин және 39 шаршы метр жасанды тері үнемдеді. Өндіріс қалдықтарынан 72 мың сомның бұйымы шығарылды.

Жұмысшылардың бәрі партия съезі құрметіндегі көтеріңкі міндеттемелерін табысты орындауда. КПСС XXVI съезінің делегаты Н. Д. Зудилина, Р. Т. Сұраганова, И. В. Дудкина, В. Ф. Жукова, Ж. С. Қапенова және тағы да қырықтан астам жұмысшы өздерінің жеке бесжылдық жоспарларын аяқтады. Н. Н. Киселеваның, К. Д. Қошқарованың, В. Г. Рязановаың, З. Н. Лопатинаның бригадалары үздік нәтижелерге жетуде.

* * *

КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолында күресе отырып, Челябинск «Госкомнефтепродукт» басқармасына қарасты Петропавл құю пунктінің коллективі тұтынушыларға мұнай өнімдерін жөнелту жөніндегі тапсырмаларды асыра орындауда.

Ай сайын Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан кәсіпорындары үшін жоспардан тыс 2 миллионға жуық сомның 10 мың тоннадан астам мұнай өнімі жөнелтіледі.

Жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетушілер арасында операторлар Н. М. Гарамова, Н. В. Падалкина, вагондарды қараушы А. К. Шевельев және басқалар бар.

* * *

Облыстық жүк автомобильдері басқармасының коллективі съезд ашылғанға дейін қосымша жүк айналымын 800 мың тонна-километрге жеткізіп, жоспардан тыс 10 мың тонна жүк тасымалдауды белгіледі.

Digitized by Google

ЕШКІМ ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

«Луговой» жылқы заводы елімізде жақсы танымал. Оның коллективі еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға өз үлесін қосты. Соғыс жылдарының өзінде ғана тұрақты армияға мыңдаған жауынгерлік аттар берілді. «Луговойда» маршал Г. К. Жуковтың Жеңіс парадын осында өсірілген — «Абсентпен» қабылдағанын өте-мөте мақтаныш етеді. Атақты «Абсентпен» Римдегі, Монреальдағы, Токиодағы Олимпиадалық ойындарда жеңіске қол жетті.

Коллектив жетістігі — жылқы өсірушілердің талай ұрпағының табанды еңбегінің жемісі. Осында қалыптасқан еңбек дәстүрлері бүгінде жастарды тәрбиелеу ісіне белсенді қызмет етуде. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының қорытындыларын талқылау барысында-ақ көптеген адамдар партия, соғыс және еңбек ардагерлерін тәрбие жұмысына кеңінен тартуды ұсынды. Осы ұсыныстар жүзеге асырылуда.

«...Сен өзіңнің еңбек жолыңды бастайтын табалдырықтан аттадың. Мұнда сенің қолдарың, білімің мен шеберлігің өте-мөте қажет. Жұмысшы коллективі сенің екінші үйің болсын, одан сен сенімді достар мен еңбектес жолдастарыңды, өмірден өз орныңды табасың. Мұнда сен өз өмірбаяныңа аса маңызды және айрықша жолдарды қосуға тиіссің. Сенің өмірің атақты Луговой жылқы заводы коллективінің үлкен өмірінің бір бөлшегі болсын... — бұл жолдар жұмысшы табы қатарына қабылдау барысында тапсырылатын «Жас жұмысшыға тағлымынан» алынды.

Осы рәсімге өндіріс озаттарының, соғыс және еңбек ардагерлерінің қатысуы арқасында ұрпақтар сабақтастығының жаңды үлгісі қалыптасуда. Нақ солар жас адамдарға еңбек кітапшаларын тапсырады. Клубта паспорт тапсыру, армия қатарына шығарып салу да сондай салтанатты өтеді. Егін орағының басталуы да кеңінен аталады, көше мерекелері қызықты өтеді.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында адамгершілік факторды күшейту, әр адамның өз орнында адал ниетпен еңбек етуіне қол жеткізу қажеттігі атап көрсетілді. Бұл үшін жылқы заводында тәрбие жұмысы барлық бағыт бойынша, соның ішінде тұрғылықты жерде жүргізіледі. Луговой поселкесінде тұрғындар арасындағы жұмыс жөніндегі қоғамдық совет осындай қызмет орталығына айналды. Ол өз тарапынан үғітшілерге, әйелдер советіне, ардагерлер советіне және басқа да қоғамдық ұйымдарға сүйенеді. Мұның өзі адамдармен жұмыс жүргізуді бұқаралық шаралармен ұштастыруды қамтамасыз етеді.

Мысалға пенсионерлерді алайық. Олар қонақтар ғана емес, сондай-ақ түрлі шараларды ұдайы ұйымдастырушылар. Мысалға КПСС мүшесі Д. П. Намолованды алайық. Ол халық шаруашылығын соғыстан кейінгі қалпына келтіру жылдары, тың игеру туралы естеліктерін ортаға салады. Ал үғітші И. Құрбанов Ұлы Отан соғысының шайқастары, өзі құрамында фашистермен соғысқан, аңызға айналған 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясы туралы әңгімелейді.

Партия комитеті әрбір коммунистің айналасындағыларға өз сөзімен де, үлгісімен де ықпал етуіне әрдайым қамқорлық жасайды. Шопандар Н. Жаманқұлов пен С. Ділдәбаев бір жылда әр жүз саулықтан небары 82 қозыдан ғана алды. Бұған одан әрі шыдау мүмкін емес еді. Сөйтіп партия комитетінің мәжілісінде олардың есептерін тыңдау ұйғарылды. Екеуінің жағдайды түзетеміз деген уәдесін ескеріп, партия комитеті цехтық партия ұйымдарының секретарларын олармен жеке жұмысты жүйелі түрде жүргізуге міндеттеді.

Кейіннен С. Ділдәбаев жүз саулықтан 116 қозыдан алып, әр қойдан 3,8 килограмнан жүн қырықты және мал басын сақтау проценті де совхоз бойынша жоғары болды. Жайып семіртілетін малды қабылдап алған Н. Жаманқұловтың да жағдайы жаман емес. Олардың екеуі де шаруашылық қой өсірушілерінің социалистік жарысында жеңімпаз болып шықты және олар осымен тоқырап қалған жоқ.

Артта қалушылық себептерін анықтаумен қатар адамдарға еңбектің жақсы үлгі-өнегесін беру керек. Сонымен қатар партия комитетінде мойындалғанындай, озаттарды ескеріп атайды, ал табыс оларға өздігінен келгендей, жетістіктер «технологиясын» ойдағыдай ашпайды.

Осы ағаттықты ескере отырып, мұнда озық тәжірибені нақты насихаттай бастады. Қозы алу жөнінен бесжылдық тапсырманы 4 жылда орындаған атақты шопан, Социалистік Еңбек Ері, КПСС

Digitized by Google

XXVI съезінің делегаты Н. Биғазиевтің әңгімесі жазылған плакат шығарылды. Биыл ол әр жүз саулықтан 160-тан астам қозыдан алып, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырықты. Материалды әзірлеуде озат шопанға бас зоотехник Н. Мәкішев, бөлімше зоотехнигі Т. Жансеріков және мал дәрігері Н. Г. Резников көмектесті.

Осы топтың жұмысы мамандарға шаруашылықтағы нақты тәжірибені оқып-үйрену, оны таратудың анағұрлым тиімді формаларын іздестіру сияқты мұндай тапсырмаларды жиірек беру керек деген ой туғызды. Қазір бас инженер Ж. Елетаев, цехтық партия ұйымының секретары И. Биқоңыров, трактор бригадасының бригадирі В. М. Прокопьев өз салаларында осы жұмыспен айналысуда. Оларға сондай-ақ трактористер конкурсын өткізуге әзірлену тапсырылды.

Партия комитеті күнделікті еңбекке, ауыл шаруашылығы науқандарына терең идеялық -саяси сипат беруге ұмтылады. Өткен жылы машина-трактор шеберханасының ісмерлері — еңбек ардагері, селолық Советтің депутаты И. Спивак және электрик Ф. Цыганков орақ қарсаңында электрлендірілген үш қызыл жұлдызша жасады. Орақтың бескүндігі ішінде бірінші орын алған комбайн звеносының қыр кемесіне үлкен жұлдызша, екінші орынға — орташа, үшінші орынға — кішкентай жұлдызша қадайтын болды. Төртінші орынға және бесінші орындарға ие болғандарға вымпелдер тапсырылды.

Осы бір өзіндік көрініс коллективте бірден байқалды. Совхозда «қызыл жұлдыздылар» деген сөз жаңаша естіледі. Адамдар кімнің бәрінен де жақсы жұмыс істейтінін өз көздерімен көретін болды.

Селолықтар моральдық ынталандырудың басқа да шараларына қызу үн қатады. Социалистік жарыс жеңімпаздарына салтанатты жедел жиналыста ескерткіш хаттар тапсырылады, ал олардың семьялары алғыс айтылған хаттар алады. Егіс қосында, орталық усадьбада еңбек даңқы жалауы көтеріледі. Көркемөнерге қатысушылар озаттар туралы өлең шығарып, олардың сүйікті ән-жырларын орындайды. Пионерлер оларға гүл шоқтарын сыйлайды. Осы оқиғаға орай «молниялар», «Орақ ерлері» деген листовкалар, қабырға газеті шығарылады. Осының бәрімен баспасөз орталығы айналысады.

Орақ кезінде бригадаларда уақытша партия және комсомол топтары жұмыс істейді. Халықтық бақылау тобы мен депутаттар тобы астық ысырабына қарсы күресті ұйымдастырады. Егіс қосында механизаторлар қауырт еңбектен кейін моншалар мен душтарда жуынып, дәмді тамақ ішіп ,телевизор хабарларын көріп, радио тыңдайды, кітап, газет оқиды, шахмат, дойбы, домино ойнайды. Саяси хабаршылар, лекторлар олардың алдында сөз сөйлейді.

Шаруашылық басшыларымен кездесулер, бас мамандардың жұмысшылар алдындағы есептері, бірыңғай саяси күндер адамдардың белсенділігін дамытуға көмектесуде.

Жылына екі рет өткізілетін селолық жиындардың көп пайдасы бар. Оларға жылқы заводының басшыларымен қатар аудандық партия комитетінің, аудандық Совет атқару комитетінің, селолық Советтің, әкімшілік органдарының қызметкерлері, баспасөз өкілдері қатысады.

Жиын аудандағы және шаруашылықтағы еңбек істері туралы әңгімеден басталады, одан кейін өзінің ұқыпсыздығымен үлкен табыстарға жетуге кедергі жасайтын, өзінің орынсыз тәртібімен коллектив және село абыройына кір келтіретін адамдар туралы қисынды әңгімеге ауысады. Осындай адамдардың есімдері аталады, ал олардың кейбірі былайша айтқанда, бұл күні көпшілік талқысына салынады.

Жиындардың тақырыбы мен «ауқымы» кеңеюде. Олардың бірі еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті нығайту мәселелеріне, екіншісі — табиғатты қорғауды күшейту мәселелеріне арналды. Біз соңғы жиында партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыюға бағытталған шараларын талқыладық. Жиындар орталық усадьбамен қатар малшылар тұратын екі шалғай поселкеде ұйымдастырылуда. Идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмыс адамдардың еңбектегі және қоғамдық өмірдегі белсенділігін көтеруге көмектесуде.

Шаруашылықта қаншама атақты механизаторлар өсіп шықты. Олардың арасында үкімет наградаларының иегерлері — еңбек ардагері К. В. Пеннер, Г. Подлипаев пен Т. Байқұлов, комсомол комитетінің мүшесі В. Минаев бар. Ағайынды Фатхулиндер мен Прокопьевтердің, әкелі-балалы Гизбрехтердің семьялық звенолары құрмет пен беделге ие болуда. Жылқы заводының коллективі бесжылдықты табысты аяқтап келеді, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің құрметіне мемлекетке ет, тұқымдық жылқы және қара мал сату, жүн қырқу жоспарын асыра орындауға уәде берді.

М. ЕСБАЕВ,
Қазақстан Компартиясы Луговой аудандық комитеті ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің меңгерушісі.

Жамбыл облысы.

Digitized by Google

1985 ЖЫЛҒЫ ЕГІН ОРАҒЫНА АРНАЛҒАН ҰРАНДАРДЫҢ ҮЛГІ ТЕКСТЕРІ

Республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері! 1985 жылдың жоспарын табысты орындау, ҚПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолында табандылықпен күрсіңдер!

Республика диқандары! 1985 жылғы егін орағында социалистік жарыс туын жоғары ұстаңдар!

Коммунистер мен комсомолецтер! Барлық істе алда болыңдар, егін жинауда ұйымшылдық пен тәртіптіліктің, жоғары өнімді еңбектің үлгісін көрсетіңдер!

Егін жинау мен жемшөп дайындауға — жоғары сапа, екпінді қарқын!

Танап еңбеккерлері! Ауыл шаруашылық конвейерінің барлық учаскесінде жоғары қарқынды қамтамасыз етейік!

Жемшөп дайындауға — бүкілхалықтық қамқорлық!

Жемшөп дайындаушылар! Жемшөп дайындау техникасын тиімді пайдаланыңдар! Агрегаттардың бір сағат та кідірісіне жол берілмесін!

Жасыл оракка қатысушылар! Алдағы мал қыстатудың табысты өтуі сіздердің қолдарыңызда екенін есте ұстаңыздар!

Әр фермада құнарлы жемшөп жеткілікті болсын!

Егін жинау мен жемшөп дайындауға бірдей қамқорлық жасалсын!

Бүкіл жемшөп фермаларға жеткізілсін!

Республика диқандары! Орақ — 85-ті қысқа мерзімде және ысырапсыз өткізейік.

Егін жинау қарқыны мен сапасы жоғары болсын!

Астық сапасына — Қазақстан диқандарының еңбек кепілі!

Астық өндірісіне — екпінді еңбек, жоғары сапа!

Орақтағы біздің ұранымыз — егінді тез және ысырапсыз жинау!

Астық мол болса, Отанымыз ауқатты бола түседі!

Село еңбеккерлері! 1985 жылдың астығы үшін күресте бүгін не жасадың?

Орақ-85-ке — екпінді қарқын!

Мемлекетке астық сату жоспарын орындау — диқанның бірінші кезекті парызы!

Бесжылдықтың аяқталар жылының астығы жолындағы күресте жарыс кеңінен өрістей берсін!

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне — жоғары сапа!

Астық ысырабына — сенімді тосқауыл!

Астық бастыруға — қарқын мен сапа!

Комбайншы! Күннің әрбір ашық сағатын тиімді пайдалан!

Егінші, егіннің бес күн тұрып қалуы гектарына бір центнерге дейін ысырапқа соқтырады!

Орақтағы бүкіл жұмыс агротехникалық қысқа мерзімде атқарылсын!

Оракка — екпінді мәре, астық тапсыруға — жоғары қарқын!

Астық — біздің байлығымыз. Отанымызға астықты көп берейік!

Ауыл шаруашылығы техникасына — барынша жүктелім, іркіліссіз жұмыс!

Жүргізушілер! Астық тасымалдауда еңбек өнімділігі жоғары болсын!

Ауыл шаруашылық өнімдерінің ысырабына — сенімді тосқауыл!

Автомобиль транспортына — толық жүктелім!

Қырмандар мен астық қабылдау пункттерінің қызметкерлері! Астықты мемлекетке тапсыру қарқыны, оның сапасы сіздерге көбірек тәуелді!

Қызмет көрсету салаларының қызметкерлері! Республика танаптарында екпінді вахтаны атқарушылар туралы барынша қамқорлық жасаңыздар!

Село еңбеккерлері! Биылғы егінді жинай отырып, келесі жылдың егініне әзірлік жаса!

Зябь жыртуда жұмыс қарқыны мен сапасы жоғары болсын!

Зябь күндіз-түні жыртылсын! Техника тәулік бойы пайдаланылсын!

Механизаторлар! Зябь жыртушы озаттарға теңеліңдер!

Әрбір жауындатқыш агрегатқа — тәулік бойғы жұмыс!

Әрбір суармалы гектардан барынша мол қайтарым алайық!

Село еңбеккерлеріне қамқорлық көмек көрсетуді күшейту — әрбір еңбек коллективінің абыройлы ісі!

Әр комбайнды, тракторды, жатканы, автомобильді, тіркемені және ауыл шаруашылығының бүкіл механизмін аса тиімді пайдаланайық!

Екі сменалық жұмысты ұйымдастыру — егінді тез әрі саналы жинаудың кешуші факторы!

Digitized by Google

Селода коллективті мердігерлікті белсенді енгізіңдер!
Село еңбеккерлері! Уақытты үнемде, ысырапқа жол берме, жанар майды үнемде!
Жоғары тәртіптілік пен ұйымшылдық 1985 жылдың егінін ойдағыдай жинау кепілі!
Орақ шеберлері, жаңа табыстарға жете берейік!
Таңдаулылар табысы — барлық адамдар үшін меже!
Қазақстан танаптары гвардияшыларының абыройы мен даңқы арта берсін!
Жарыс озаттарының жетістіктерін қайталайық және олардан асып түсейік!
Оракқа қатысушы жастар! Жарыс оң қанаттыларына теңеліңдер!

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДА

Бүгінде идеологиялық жұмысты табысты жүргізу үшін оның активистеріне көп білім мен шеберлік қажет. Идеология активі кадрларын даярлау ісінде тәлімгерлік қозғалыстың барған сайын кеңінен қолданылуы тіпті де кездейсоқ емес.

Республикада үгіт коллективтерінің 13 мыңға жуық мүшесі жұмысты енді бастаған үгітшілермен өз тәжірибелерін алмасуда. Олар жас үгітшілердің ауызша үгіт ерекшеліктерін, оны жетілдіру жолдарын үйренуіне көмектесуде. 10 мыңнан астам саяси хабаршы сондай-ақ қамқорлығындағылардың ауызша сөйлеу шеберлігін толығырақ меңгеруіне, бұқаралық-саяси білімді терең үйренуіне көмектесе отырып, өз ісінде тәлімгерлер болып табылады.

Насихатшы кадрларын даярлау үшін де тәлімгерлік қозғалыс барған сайын кеңінен пайдаланылуда. Қарағанды, Қостанай және басқа облыстарда мектептер мен семинарлардың көптеген тәжірибелі жетекшілері жұмысты жаңа бастаған адамдарды қамқорлыққа алып, «Әрбір насихатшыға — тәжірибелі тәлімгер» принципін іс жүзінде жүзеге асыруда. Солтүстік Қазақстан облысында штаттағы саяси оқу кабинеттеріне қоғамдық негіздегі кабинеттер бекітілген. Мұнда облыстық партия комитеті саяси оқу үйінің күндері жүйелі өткізіледі. Облыстың селолық аудандарында, ірі өнеркәсіп орындарында, партия комитеттерінде насихатшы қатарына қабылдау практикаға берік енді.

Орал облысында тәлімгерлікті лектор кадрларын даярлау ісінде шеберлікпен пайдаланады. Мұнда 263 лектор-тәлімгер жұмыс істейді, оларға жұмысты жаңа бастаған 412 лектор бекітілген. «Білім» қоғамының аудандық ұйымдары басқармалары жанынан лектор-тәлімгерлердің жұмысына методикалық басшылықты жүзеге асыратын, оларға практикалық көмек көрсететін, семинарлар, консультациялар өткізетін советтер құрылған.

Тәлімгерлікті жүзеге асыра отырып, тәжірибелі лекторлар жұмысты жаңа бастағандардың лекцияларды талдауына және әзірлеуіне көмектеседі, олардың коллективтерде өткізетін әңгімелеріне қатысады және өз әңгімелеріне шақырады. Мысалы, Жымпиты орта мектебінің мұғалімі Б. Федянин лекциялық насихатпен жиырма жылдан астам уақыттан бері айналысып келеді. Осы уақыт ішінде ол 10 лекторды даярлап шығарды. Олардың әрқайсысымен тиянақты жұмыс жүргізді. Қазір ол жас лектор С. Қаналиевке қамқорлық жасауда. Оған материалды қайткенде жақсырақ баяндауды үйретеді, оның әзірлеген лекцияларын рецензиялайды, қажетті әдебиетті табуына көмектеседі. Б. Федянин өз қамқорлығындағы адамның әңгімесіне катысып, содан соң оңды сәттерді, сондай-ақ оның қандай нәрсеге назар аударуы керек екеніне талдау жасайды. «Білім» қоғамының аудандық ұйымы оның тәлімгерлік жұмысының тәжірибесін қорытып, осы жайында арнаулы плакат шығарды.

Павлодар облысында үгітшілер даярлаудың қызықты тәжірибесі қалыптасты. Мысалы, Ермак ауданында үгіт-көпшілік жұмысы ардагерлерінің көмегімен 87 активист даярланды.

Бұған «Потанин» совхозының сауыншысы, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері З. Әбдіғалымова үлкен үлес қосты. Тәжірибелі үгітші, коммунист, ол көп жылдан бері бригадада социалистік жарысты ұйымдастыру мәселелері бойынша мамандануда, коллектив мүшелерінің жекелеген міндеттемелерді талдауына көмектеседі, олардың орындалу барысын қадағалайды, жолдастарына алда тұрған міндеттер, еңбекті ұйымдастырудың озық тәжірибесі туралы айтады. Бригада мүшелерінің бәрі «үш мыңыншылар клубына» кіретіні кездейсоқ емес, ал осы аудан жағдайында бұл мейлінше жоғары көрсеткіш.

Үгітші жұмысының үлкен тәжірибесін ескере отырып, совхоздың партия комитеті З.Әбдіғалымоваға жас үгітшілер, әріптес құрбылары Л. Каширинаны және Д. Шақатаеваны қамқорлыққа алуды тапсырды. Тәжірибелі үгітшінің тағлымдары зая кеткен жоқ. Қазіргі уақытта жас жұмысшының екеуі де үгіт жұмысын табысты жүргізеді.

Идеология кадрларының білімі мен тәжірибесі — біздің партиямыздың орасан зор игілігі. Жас жолдастардың оларды меңгеруіне көмектесу — әрбір активистің парызы.

В. НИКОЛАЕВ.

Digitized by Google

ЕГІНДІ 12 КҮНДЕ ЖИНАЙМЫЗ

Ф. ШАМШУРА,
Көкшетау облысы Зеренді аудандық партия комитетінің мүшесі, «Зеренді» совхозы мердігерлік бригадасының бригадирі, үгітші



Қазір әрбір диқан таяп қалған науқанды тағатсыздана күтуде. Оны диқан еңбегінің қорытындысы деп орынды есептейді. Демек ортақ қуаныш әкелуі үшін жыл бойы табанды жұмыс істеу қажет. Қазір біз гектарына кемінде 17 центнерден астық жинауды жоспарлап отырмыз. Бұл ҚПСС XXVII съезіне басты тартуымыз болмақ.

Біз есепті неге құрдық? Мұның үлкен құпиясы жоқ, совхозда бүкіл егінді интенсивті технология бойынша өсіреміз. Бригадаға бекітілген бүкіл алаңда сүдігер жыртқан күзде-ақ егінге тиянақты әзірлендік. Қыста да жұмыссыз отырған жоқпыз: қар жалдарын салдық, техниканы жөндедік, тұқымдық материалды әзірледік, адамдарды үйреттік. Танаптарды органикалық және минералдық тыңайтқыштармен дер кезінде тыңайтып, тұқымды қолайлы мерзім ішінде септік. Бригаданың партия жиналысында бәрі орақты 12 күнде өткіземіз деген пікірге келді.

Бізде коллективтік пікір бағаланады. Біздің бригада жұмыстың мердігерлік әдісіне алғашқылардың бірі болып ауысты, ал қазір ауданымызда онымен егіс бригадалары мен звеноларының 70 проценті қамтылған.

Нақ мердігерлік коллективтер ұйымшылдық, өзара қолғабыс жасау есебінен үнемі жоғары нәтижелерге жетуде.

Дәнді дақылдар өсірудің озық технологиясының. еңбекті ұйымдастырудың прогрестік формалары мен әдістерінің мәнін толық бағаламайтын, қолайлы ауа райы жағдайына ғана үміт артатын адамдар көптеген центнер астықты кем алып, тиімсіз жағдайда қалады.

Мысал келтірейік. «Коммунизм жолы» совхозы, біздің ауқымымыз бойынша, ірі астық шаруашылығы. Онда масақты дақылдар 12 мың гектарға себіледі, демек оның коллективінің аудан қорына қосатын үлесі сүбелі болуы тиіс-ақ. Бірақ мұнда барлық кезде бірдей ресурстар шаруагерлікпен жұмсалмайды, өз резервтерін шебер пайдаланбайды. Өткен жылы гектарына 13,6 центнерден ғана өнім алды, мұның өзі жоспарлы көрсеткіштен төмен. Шаруашылықта егіншілік мәдениетінің төмен дәрежеде екендігі, жергілікті механизаторлардың егіс жұмыстарын барлық кезде бірдей сайма-сай әзірлікпен қарсы алмайтыны құпия емес.

Биылғы көктемде «Коммунизм жолы» совхозындағы жағдай аграрлық-өнеркәсіп комплексінің аудандық кеңесіндегі айрықша әңгімеге арқау болды. Мамандар құрамы нығайтылды, тәжірибелі механизаторлар бригадаларды басқарды. Мұнда осы орақта жақсы нәтижелерге жетуге ұмтылады деп ойлаймын.

ҚПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері бізді резервтерді толық пайдалануға бағдарлаудà. «Олар жайында еңбек коллективтерінің өздерінен, олардың партия ұйымдары мен шаруашылық басшыларынан артық ешкім де білмейді. Де-

Digitized by Google

мек, көп нәрсе солардың іске деген көзқарасына, белсенділігіне, өндідісті ілгері бастаудың, оның тиімділігін арттырудың барлық мүмкіндіктерін толығынан пайдалануға адамдарды ынталандыра білуіне байланысты»,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Пленумда.

Және біздің үгітшілер, саяси хабаршылар, насихатшылар өз міндетін әрбір адамның қолда бар аса бай мүмкіндіктерді шаруагерлікпен пайдалану ниетін нығайтудан көреді. Біздің совхозда, мысалы, көп жылдан бері он коммунистік еңбек мектебі жақсы жұмыс істейді. Партия комитетінің тапсырмасы бойынша менің олардың әрқайсысында болуыма тура келді.

Сабақтарда мердігерлік бригадалардың, оның ішінде біздің де жұмыс тәжірибеміз талданды. Бригадир көмекшісі Г. Гамбург, механизаторлар Ф. Лукьянов, И. Гесслер және басқалар коллективтің резервтерді қалай іздестіретіні туралы әңгімеледі. Ал бізде айтарлық нәрселер баршылық. Мердігерлікке ауысу барысында бригадамызда техника тең жартысына қысқарды. Егін жинау кезінде сырттан автотранспорт тартпадық. Жанар-жағар май материалдарын жұмсауды 13 процент кеміттік. Оның есесіне көрші коллективтерге көмек көрсетуді ұлғайттық. Үгітші пайдаланған цифрлар мынадай. Бригада жыл ішінде өз танаптарында 13 мың адам-сағат, ал көршілерге көмектесе отырып, 10 мыңнан астам адам-сағат жұмыс істеді. Ал біршама бертінде олар өз істерін әрең атқарып үлгеретін. Әр механизатор 29 мың сомның өнімін өндірді, ал совхоз бойынша бұл көрсеткіш орта есеппен бірнеше есе төмен.

Коммунистік еңбек мектебі тыңдаушыларының алдында сөйлеген сөзіміз елеусіз қалған жоқ. Шаруашылықтың партия комитеті бригада қызметінің тәжірибесін қорытты.

Орақ кезінде жұмыстың қаншалықты қауырт екенін жақсы білемін. Менің жолдастарым астық тағдыры үшін өз жауапкершіліктерін жақсы түсінеді, бұл күндері тынымсыз жұмыс істеуде. Осындай күрделі жағдайларда адамды қолдау, оның табысын, шамалы жетістігінің өзін ескеру маңызды. Бұл үшін партия комитеті егін жинау кезіндегі бірқатар шараларды әзірлеуде. Озаттарды егіс басында атайды, бастырылған әрбір мың центнер астық салтанатты түрде атап көрсетіледі. Үгіт коллективіміздің қарауында «молниялардың», «жауынгерлік листоктардың» күнделікті басылымдары бар. Біз диқандардың семьяларына алғыс хаттарын жиі жолдаймыз.

Биыл партия комитетінің мәжілісінде егін жинауды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуді анағұрлым пәрменді ету мәселелесі талқыланды. Егіс қостарында көрсеткіш тақталары, орақ сапасының экрандары орнатылды. Науқан күндерінде маскүнемдік оқиғаларын толық жоюға көңіл бөлінді. Осындай жағдайда ең пәрменді құрал — жолдастардың принципті сөзі. Маскүнемдік пен алкоголизмді жоюға бағытталған шараларды талқылаған селолық жиында осы сияқсыз құбылысқа тосқауыл қою ұйғарылды.

Техниканы әзірлей отырып, астық ысырабына жол бермеудің барлық жолдарын қарастырдық. Әрбір комбайнды егіс басында байқап көрдік, дән шашылатын жерлерін қымтадық, агрегаттың өнімділігін арттыратын және ауа райының қайсыбір жағдайында жұмыс істеуді қамтамасыз ететін тетіктермен жабдықтадық. Автомобиль қораптары мен трактор арбаларының саңлауларын мұқият бекіттік, жолдарды жөндедік. Мұның барысында озат диқандардың қатысуымен комиссия әр машина мен агрегатты қабылдады, бірде-бір дәннің шашылмауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз.

Digitized by Google

САҒАТТЫҚ ГРАФИК—ЖҰМЫС ЗАҢЫ

Қамбаға түспей астығым бар деме, деп халық дөп айтады. Астық дайындаушылардың астық ресурстарын дер кезінде және сапалы қабылдау мен сақтау үшін жауапкершілігі өте жоғары.

Егіншілер өміріндегі ең жауапты кезең — егін жинау басталды. Республика диқандары бесжылдықтың қорытындылаушы жылында бітік егін өсіру үшін қыруар еңбек етті. Оңтүстік облыстарда орақ қазірдің өзінде аяқталып қалды. Тың облыстарының егіншілері комбайндарды танапқа шығаруға әзір отыр. Астық қабылдау кәсіпорындарының коллективтері де олармен бірыңғай ырғақта жұмыс істеуде.

Қазіргі уақытта элеваторлардың және басқа да кәсіпорындарымыздың жаңа егіннің астығын қабылдауға материалдық-техникалық базаларды әзірлеуі негізінен аяқталды.

Торғай, Жамбыл, Орал облыстық астық өнімдері өндірістік басқармалары жөндеу жұмыстарының графигін ойдағыдай атқаруда. Сонымен қатар олар Целиноград, Қостанай және Көкшетау облыстарының астық қабылдау кәсіпорындарында жақсы сапамен жүргізілді.

Жамбыл облысының Асы, Георгиевка, Мерке және Молдыбай, Көкшетау облысының Ильичевка, Андреев және Кузбасс, Қостанай облысының Железорудный, Заят, Павлов, Торғай облысының Ворошилов, Кенский, Сурганский және Ковыльненский, Шымкент облысының Манкент және Шаян кәсіпорындарының коллективтері жаңа егіннің астығын қабылдауға материалдық-техникалық базаны әзірлеуді бірінші болып аяқтады.

Биыл материалдық-техникалық базаны әзірлеуде Солтүстік Қазақстан облысы Явленка астық қабылдау кәсіпорнының астық кептіру мастері Леонид Александрович Шиповалов, Торғай облысы Фурманов элеваторының астық кептірушісі Қалихан Ақмағанбетов, Арқалық элеваторының электр слесары Ілияс Баймұратов, Петропавл астық өнімдері комбинатының слесарьлары Алексей Васильевич Науменко мен Петр Егорович Розник, Қостанай облысы Заят элеваторының слесарьлары Айтун Валиев пен Сергей Геннадиевич Федоров жақсы еңбек етті.

Астық қабылдау кәсіпорындарының көпшілігінде астық қабылдаудың сағаттық графигі жасалды. Оларды жасауға шаруашылықтардың автотранспорт кәсіпорындарының өкілдері белсене қатысты.

Бізде график бойынша жұмыс істеудің жақсы тәжірибесі жинақталды. Мысалы, Жаңадала элеваторының службаларының бәрі дәлме-дәлдікте жұмыс істейді. Торғай автомобиль басқармасының атақты жүргізушісі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Екі бесжылдықты бір бесжылдықта орындайық» жарысының инициаторы А. Д. Пішенбаев жуырда «Казахстанская правда» газетінің бетінде жарияланған мақаласында өзінің рекордтық нәтижесінен ең алдымен жұмыста іркілістерді толық жойған, жұмыстың сағаттық графигін қатаң сақтайтын Жаңадала элеваторы коллективінің сіңірген еңбегі көрінетінін айтты.

Графиктерді енгізуден түсетін экономикалық тиімділік ең алдымен астық тасымалдаумен және қабылдаумен айналысатын қызметкерлерді және техниканы қысқартуға саяды. Мысалы, Шымкент облысы астық қабылдау кәсіпорындарының коллективтері биылғы егіннің астығын қабылдауда автомобильшілермен бірлесіп, жұмысты «қырман — элеватор» конвейерін қамтуға автопоездардың бұрынғыдан төрттен біріндей кем қажет етілетіндей етіп ұйымдастырды.

Астық қабылдау кәсіпорындары қызметкерлерінің бәрінің астық дайындаудағы ұраны — «Сағаттық графиктерді сақтау — жұмыс заңы!»

Астық қабылдау кәсіпорындарының лабораториялары жаңа егіннің астығын қабылдауда үлгілі учаскелер болуға тиіс. Техникалық базаны жөндеу барысында олар қосымша приборлармен, құралсаймандармен жарақтандырылды, лаборанттармен, өз ісін жақсы білетін мамандармен жасақталды. Олардың техникалық оқуының маңызды мәні болды. Алдағы уақытта да лаборанттарды даярлау сапасына көбірек көңіл бөлу, олардың кәсіптік шеберлігін арттыруға талпынысын жан-жақты көтермелеу қажет.

Жұмыс басталар алдында Қазақ ССР Дайындау министрлігі лаборанттардың «Кәсіп бойынша таңдаулы» атағын алу жолындағы республикалық конкурсын өткізді, оған облыстық жарыстардың жеңімпаздары қатысты. Оның қорытындылары қатысушылар даярлығының жеткілікті жоғары дәрежесін көрсетті. Алматы облысы Байсерке астық қабылдау кәсіпорнының лаборанты Н. Маркова, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют элеваторы мен Боголюбов астық қабылдау кәсіпорнының аға лаборанттары Н. Воронина мен А. Хламова, Талдықорған облысы Үштөбе астық қабылдау кәсіпорнының лаборанты Р. Сейдағалиева өте жақсы білімін көрсетті, олар бірінші орындарды жеңіп алып, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне жолдамалармен наградталды.

Өткен жылдардың жұмыс тәжірибесі астық ресурстарын дайындаудың нақты ырғағы осы заманғы жөндеу сияқты, астық қабылдау және қайта өңдеу жөніндегі объектілерді техникалық жағынан

Digitized by Google

қайта жарақтандыру туралы қамқорлық жасалатын жерлерде сақталатынын дәлелдейді. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметі біздің алдымызға үш жыл ішінде 48 элеваторға жоғары өнімді көтергіш-транспорт жабдықтарын орнату арқылы техникалық жағынан қайта жарақтандыруды жүргізу міндетін қойды. Республиканың Дайындау министрлігі осы жұмыстардың барысын айрықша бақылауға алды .Сыйымдылығы аса көлемді қоймалар, қуаты сағатына 658 тонналық астық кептіргіштер, 80 автомобиль тиегіш, 40 автомобиль таразысын және басқа да бірқатар объектілерді салу қарастырылған еді. Элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарын техникалық жағынан қайта жарақтандыру есебінен олардың өткізу қабілеті біржарым-екі есе ұлғаяды. Целиноград облысының Атбасар астық өнімдері комбинатында, Атбасар элеваторында, Солтүстік Қазақстан облысының Смирнов элеваторында және Троицк астық қабылдау кәсіпорындарында бұл жұмыстар қазірдің өзінде толық аяқталды. Қалған элеваторларда жабдықтар монтаждалуда, оның бір бөлігі астық қабылдауға қатысатын болады.

Барлық облыстық астық өнімдері өндірістік басқармаларының назары белгіленген шараларды орындауға аударылуға тиіс. Алайда барлық жерде бірдей осы жайлы қамқорлық жасалмай отыр. Мәселен, өткен жылы Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының кәсіпорындарында астық кептіргіштердің құрылысы жөніндегі тапсырмалар орындалмады, Павлодар облыстық астық өнімдері өндірістік басқармасында техникалық жағынан қайта жарақтандыру туралы жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Жаңа техника туралы ерекше айтқан жөн. Биыл астық қабылдау кәсіпорындарына жоғары тиімді сепараторлар түседі, оларды енгізу астық тазалау процесін, клейковинаны жууды механикаландыруға арналған қондырғыларды, сұрыптағыштарды және лабораториялық жабдықтарды түбегейлі өзгертуге қызмет етеді. Кәсіпорын басшыларының, басқа барлық қызметкерлердің міндеті — жаңа техниканы тез және дер кезінде орнатып, игеру, оның дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің программасын ұсынған КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерімен жігерленген Қазақ ССР Дайындау министрлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлері еліміздің барлық еңбекшілері сияқты КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа белсене қосылды. Олар Қазақстан егіншілері өсірген астықты үзіліссіз қабылдауды және толық сақтауды қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.

Г. КИНАСОВ.
Қазақ ССР Дайындау министрлігі элеватор өнеркәсібі басқармасының бастығы.

Олар алда келеді

Өткен жылы сүт сауда аса жоғары көрсеткіштерге жеткен республиканың таңдаулы сауыншыларын атасаңыз екен.

Т. ЛЕВИЦКАЯ,
үгітші.

Талдықорған облысы.

Алматы облысы Қаскелең ауданының «Каменка» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан Антонида Семеновна Плахина өткен жылы үздік нәтижеге жетті, ол өзіне бекітілген 13 көрмелік сиырдың әрқайсысынан 7958 килограмнан сүт сауды. Одан кейін Алматы облысы Қаскелең ауданының «Ақсай» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан Әсия Әлімқызы Бақтиярова (26 сиырдың әрқайсысынан — 6972 килограмнан), Алматы облысы Талғар ауданының «Алматы» колхозынан Гуля Таштанқызы Байрамова (24 сиырдан 6705 килограмнан), Қарағанды облысы Мичурин ауданының «Коксунский» совхозынан Галина Игоревна Фурдь (35 сиырдан — 6001 килограмнан), Қостанай облысы Қостанай ауданының «Красный партизан» совхозынан Алевтина Ивановна Кузьмина (26 сиырдан — 5628 килограмнан), Павлодар облысы Качиры ауданының «Песчан» совхозынан Вера Петровна Крыжановская (10 сиырдан — 5265 килограмнан), Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданының «Рощинский» совхозынан Валентина Степановна Долгополова (17 сиырдан — 5002 килограмнан), Талдықорған облысы Киров ауданының «Талдықорған» совхозынан Анна Тимофеевна Пожарова (25 сиырдан — 4848 килограмнан), Жамбыл облысы Жамбыл ауданының «Октябрь» колхозынан Валентина Ивановна Иванова (31 сиырдан 4798 килограмнан), Шымкент облысы Сайрам ауданының тәжірибе станциясынан Төлеқыз Мұсатаева (33 сиырдан 4778 килограмнан) келеді.

Digitized by Google

БЕСЖЫЛДЫҚТЫ ЕКПІНДІ АЯҚТАЙЫҚ

Он бірінші бесжылдықтың соңғы жарты жылдығы өтуде. Оның мәресіндегі екпінді жұмыс көбіне жоспарлардың табысты орындалуын алдын ала анықтайды.

Партия қабылдаған бұқараның еңбек және саяси белсенділігін өсірудің пәрменді шаралары нәтижесінде соңғы жылдар экономиканы дамытудағы ширақтықты арттырумен, халық шаруашылығының барлық саласындағы жұмыста оң ілгерілеушіліктермен аталды. Мәселен, 1983—1984 жылдарда республика өнеркәсібінің өнімі 1981—1982 жылдардағы 2,6 проценттің орнына 3,9 процент көбейді. Осы өсімге негізінен еңбек өнімділігін арттыру есебінен қол жеткені өте-мөте маңызды.

Бұл күндері көптеген бригада, учаске, цех, сондай-ақ жекелеген кәсіпорындардың коллективтері бесжылдық жоспарларды орындағандары туралы рапорт тапсыруда. 900-дей өндірістік коллектив бесжылдықты Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін аяқтайды.

Табыстар даусыз. Дегенмен олар қол жеткенмен қанағаттануға себеп болмайды. Міндет мынада: экономикада оң ілгерілеушілікті нығайтып қана қоймай, оларды еселей түсу. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас КПСС Орталық Комитетіндегі өнеркәсіптік бірлестіктер мен кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар, өндірістік бригадалар басшыларымен, мамандармен және ғалымдармен кездесуде талдау «...біздің бұл бесжылдықтағы ілгерілеу қарқынымыздың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Біз оны арттыруымыз, тіпті елеулі түрде арттыруымыз керек. Және де бұл міндетті шұғыл шешу қажет».

Бұл мейлінше өнімді еңбек, әрбір қызметкердің жалпы нәтижелерге деген шаруагерлік мүдделілігі қажет екенін білдіреді. **Артта қалушы учаскелерді** алға тарту кезек күттірмейтін бірінші іс болуға тиіс. Бұдан әрбір еңбек коллективі де, тұтасынан халық шаруашылығы да айтарлықтай ұтады. Демек бізде резервтер орасан көп қой.

Республика өнеркәсібінің үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығы ішіндегі жұмыс нәтижелерін мысалға алайық. Жоспардан тыс ондаған миллион сомның әр түрлі өнімі өткізілді, өндірістің жалпы көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,5 процент өсті. Еңбек өнімділігі 2,4 процент ұлғайды және осының есебінен өнімнің бүкіл өсімінің төрттен үші алынды.

Тұтасынан өнеркәсіптің жұмыс қорытындылары тәуір. Сонымен қатар 198 кәсіпорын өнім өткізу жөніндегі тапсырмаларды орындай алған жоқ. Әрбір бесінші кәсіпорын еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындай алмады. Әрбір үшінші дерлік кәсіпорын өнім беру жөніндегі шартты міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпеді. Тұтынушыларға ондаған миллион сомның өнімі кем берілді. Демек, осының салдарынан келтірілген шығын мұнымен шектелмейді. Олар шығаратын өнімдерді берудегі іркілістер көптеген сабақтас кәсіпорындар жұмысында кедергілер туғызды. **Жоспарлы тапсырмаларды қатаң және мүлтіксіз орындау — социалистік шаруашылықты жүргізудің бірінші заңы** екенін түсіндіру қажет, және оны бұзуға ешкімнің қақысы жоқ.

Өндірістік қуаттарды анағұрлым толық жүктелімге қоюда ірі резервтер жатыр. Бұл үшін энергетика, қара және түсті металлургия, химия, жеңіл және жергілікті өнеркәсіп, құрылыс материалдары өнеркәсібі коллективтерінің өте көп жұмыс атқаруы қажет. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының Ертіс мыс заводында таза мыс пен күкірт қышқылын, Ермак ферросплав заводында — ферросилиция, Шевченко пластмасса заводында — полистирол, Жаңа Жамбыл фосфор заводында — сары фосфор, Семей және Өскемен арматура заводтарында — құбыр арматурасын, «Чимкентшина» бірлестігінде — шина, Целиноград шойын құю заводында — шойын, Қызылордада, Боралдай және Қарағанды заводтарында кірпіш өндіру жөніндегі өндірістер тым баяу игерілуде.

Әрбір кәсіпорында қуаттарды мейлінше толық пайдалану жолдарын **мұқият ойластыру** қажет. Бұл міндеттің бір заводта еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасын, екі сменамен жұмыс істейтін алмаспайтын бригадаларды енгізу, олардың құрамына жөндеушілерді, электриктерді және реттеушілерді қосу есебінен шешілуі мүмкін. Екінші бір кәсіпорында ол технологияны жетілдіру, жаңа техниканы орнату, механикаландыру мен автоматтандыру дәрежесін арттыру есебінен болады. Үшіншісінде — өндіріс құрылымын жақсарту, одан әрі мамандандыру, қам-

Digitized by Google

түшы қызметкерлерді қысқарту т. б. есебінен жасалуы мүмкін.

Материалдық ресурстарды пайдалануда үнем режимін күшейту өндіріс өсімі қарқынын жеделдетудің аса маңызды шарттарының бірі болып табылады. Республиканың халық шаруашылығында 1984 жылдың өзінде ғана 88 мың тоннадан астам прокат, мұның өзі 1981 жылмен салыстырғанда 1,9 есе көп, 204 мың тонна цемент (2,8 есе), 200 мың текше метрден астам ағаш материалы (2,9 есе), 38,4 мың тонна автомобиль бензині (2,1 есе), 63,5 мың тонна дизель отыны (2,2 есе) үнемделді. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылыс министрлігінде, Главалмаатастройда, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында қара металл прокаты мен цемент, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы, Мелиорация және су шаруашылығы, Автомобиль жолдары министрліктерінде, Қарағанды және Қостанай облыстарында дизель отыны мен автомобиль бензинін үнемдеу ұлғайды. Үстіміздегі жылы жер-жерде үнемделген ресурстармен екі күн жұмыс істеу жолындағы күрес өріс алды.

Алайда ресурстарды үнемдеу резервтері барлық жерде бірдей толық мөлшерінде пайдаланылмайды. Өткен жылы көптеген кәсіпорындар қара металл прокатын, бензин, дизель отынын, цемент үнемдеу жөніндегі тапсырмаларды орындаған жоқ. Металл прокатын артық жұмсау ерекше алаңдаушылық туғызады. 1984 жылы «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» мен «Целиноградсельмаш» бірлестіктері ғана оны нормадағыдан 3,5 мың тонна артық жұмсауға жол берді.

Мұндағы ең басты себеп: өндірістік коллективтердің бәрінде бірдей партия мен үкіметтің талаптарынан тиісті қорытындылар жасалмауында. Олардың көпшілігінде материалдық шығындарды талап ететін жұмыстардың кейбір түрлері бұрынғысынша нормаланбайды немесе ескірген нормалар қолданылады. Шаруашылық басшылары көбіне ысырапқорлық фактілеріне жол береді. Мысалы, республиканың Автомобиль транспорты министрлігінің кәсіпорындарында осындай жағдай орын алған, өткен жылы мұнда 4,8 мың тонна бензин артық жұмсалды.

Шығын нормалары барлық жоспарланған номенклатура бойынша прогресті, оның ішінде отандық және шетелдік аналогтар дәрежесінде болатындай жағдайға қол жеткізу қажет.

Конструкциялық жаңа материалдарды анағұрлым кеңінен енгізу, қалдықтарды, ілеспе өнімдерді, қайталама ресурстарды барынша толық пайдалану керек. Материалдық және отын ресурстарын үнемдеу мүмкіндіктері әрбір кәсіпорында баршылық. «Союзфосфор» бірлестігінің тәжірибесі осы жайлы сипаттайды. 1981—1984 жылдары мұнда өндіріс көлемінің 45 процент өсімі барысында материалдар мен шикізат шығыны товарлы өнім өлшеміне шаққанда 20,5 процент кемітілді. Бұған ұйымдық-техникалық шаралардың тұтас комплексін табандылықпен енгізу негізінде қол жетті.

Экономикалық даму қарқынын жеделдету **еңбек өнімділігін жан-жақты арттыруға** тікелей тәуелді. **Ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін** кеңінен енгізу оны ұдайы арттырудың басты қайнары болып табылады. «Халық шаруашылығын интенсивтендірудің, жинақталған потенциалды жақсылап пайдаланудың басты стратегиялық тұтқасы ретінде партия бірінші кезекке ғылыми-техникалық прогресті тұбегейлі жеделдету міндетін қояды», — деп атап көрсетті М. С. Горбачев жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында. Бесжылдықтың басынан бері республиканың өнеркәсіп орындарында 900-ге жуық жұық учаске, цех және ірі өндіріс механикаландырылып, автоматтандырылды, 1000-нан астам механикаландырылған тасқынды және автоматтандырылған желілер, жоғары өнімді жабдықтың 14 мың дерлік өлшемі орнатылды, әртүрлі мақсаттағы басқарудың 106 автоматтандырылған жүйесі құрылды. Жыл сайын жаңа техника, прогресті технология, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру, ескірген жабдықтарды ауыстыру жөнінен 18 мыңнан 20 мыңға дейін шара енгізіледі.

Алайда көптеген кәсіпорындар жаңа техниканы енгізу жоспарларын үнемі орындамайды. Олардың қатарында — цемент өндірудің төмен температуралы технологиясын енгізе алмаған Састөбе цемент заводының, қатайтушы цементті игеруді кешеуілдеткен Өскемен цемент заводының, томат-паста өндіру кешеуілдетілген Алматы жеміс-консерві заводының коллективтері бар. Республиканың Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің қызметкерлері жоспарлау жұмыстарының өндірісінде коллекторлы-дренажды желінің құрылысы барысында лазерлі техниканы қолдану жөніндегі тапсырманы орындай алмай келеді. Жаңа техника мен технологияға деген көзқарасты батыл өзгертіп, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңес талап етіп отырғандай жұмыс істеу қажет.

Өндірістік процестерді механикаландыруда және автоматтандыруда ірі резервтер жатыр. Қазіргі уақытта республика өнеркәсібінде жұмысшылардың жалпы санының үштен бірі, құрылыс пен ауыл шаруашылығында — жартысынан астамы, саудада — 90 процентейі қол еңбегімен айналысады. Олардың еңбегін механикаландырылған еңбекпен алмастыру жұмысшылардың қыруар бөлігін босатуға мүмкіндік берер еді. «Экибастузуголь» бірлестігінің өзінде ғана он бірінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде 782 жұмысшы қол еңбегінен механикаландырылған еңбекке ауысты-

Digitized by Google

рылды, сөйтіп осының арқасында 1,5 миллион сом мөлшерінде экономикалық тиімділік алынды. Тың темір жолында 7342 жұмысшы механикаландырылған еңбекке ауыстырылды, ал экономикалық тиімділік 1,4 миллион сом құрады.

Еңбек пен өндірісті ұйымдастырудағы **кемшіліктер, қыдырымпаздық, жұмысқа кешігу және басқа да тәртіп бұзу оқиғалары салдарынан** жұмыс уақытының үлкен ысырабына жол беріледі. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумында жасаған баяндамасында атап көрсетілгеніндей, «еңбек резервтерін пайдалануды едәуір жақсартуда еңбек өнімділігін арттырудың нақты да сүбелі резерві бар. Әңгіме тәртіпті нығайту, өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіру, жұмыс уақытының ысырабын қысқарту туралы болып отыр».

Кең ауқымды экономикалық эксперимент өнеркәсіп өндірісінің қарқынын жеделдетуге, халық шаруашылығы жұмысындағы жатықтылықты жақсартуға барған сайын көбірек ықпал етуде. Үстіміздегі жылы оған 34 қазақстандық кәсіпорын қатысуда. Олардың көпшілігі өздеріне берілген праволарды пайдалана отырып, өз көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Келесі жылдан бастап көптеген кәсіпорындар жаңа жағдайларға көшеді, демек экспериментке қатысушы коллективтердің тәжірибесін мұқият үйрену қажет.

Еңбек өнімділігін арттыру ісінде **еңбекті ұйымдастырудың тиімді формаларын,** ішінара алғанда оны ұйымдастырудың **бригадалық формасын** енгізу маңызды роль атқарады. Қазір республика өнеркәсібінде 47,6 мың бригада жұмыс істейді. Барлық жұмысшылардың тең жартысы комплексті және мамандандырылған бригадалар құрамына кіреді.

Көптеген озық кәсіпорындарда осы фактор есебінен еңбек өнімділігі артты. Мәселен, Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында 100-ден астам бригада құрылды. Жұмысшылардың жартысынан астамы онымен қамтылды. Бригадалық әдіс 1984 жылдың өзінде осында 92,2 мың сом мөлшерінде экономикалық тиімділік алуға мүмкіндік берді. Бүгінде еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасы негізгі іске айналған озық кәсіпорындардың тәжірибесі ерекше бағалы. Олар — Алматы мақта-мата комбинаты, «Қызыл ту» бірлестігі және басқалар.

Бұл күндері бригадалардың, сменалардың және учаскелердің бәрінің жоспарлар мен міндеттемелерді орындауына қол жеткізу қажет.

Бүгінде **өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарын күзгі-қысқы маусымға әзірлеу жөніндегі жұмысты күрт күшейту,** электр станцияларында, кәсіпорындарда отынның қажетті қорын жасау керек. Міндеттемелердің орындалу барысы күн сайын дерлік бақыланып отыруы маңызды. Бүгінгі екпінді жұмыс үстіміздегі бесжылдықтың жоспарларын табысты орындаудың бұлжымас шарты ғана емес, сондай-ақ болашақ бесжылдыққа үздік мәре жасаудың кепілі.

Ж. ИБРАГИМОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығы жоспары құрама бөлімінің бастығы.

Осы жайында әңгімелерде айтыңыз

Болжамдарға қарсы фактілер

СССР-дің экономикалық даму мәселелері дүние жүзілік екі система идеологиялық күресінің әрдайым орталығы болды және бола береді. Идеологиялық қарсылас кемелденген социализм жетістіктерін қаралауға ұмтылып, социалистік экономиканың тиімсіздігін дәлелдеуге, біздің елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердің мәнін бұрмалауға табандылықпен әрекет жасауда. Осыған орай әртүрлі болжамдар мен бұрмалаулар қолданылуда.

Экономика ғылымының докторы, профессор А. Синяговтың «Слово лектора» журналының 1985 жылғы 6-шы санында жарияланған «Болжамдарға қарсы фактілер» мақаласынан ауызша саяси үгіт активистері дүшпандық насихаттың «аргументтерін» батыл теріске шығаратын және капиталистік системаға қарағанда шаруашылықты жүргізудің социалистік системасының ұлы тарихи артықшылықтарын көрсететін көптеген фактілер мен стратегиялық себептерді таба алады.

СССР дамуының тарихы біздің елімізде соғыс жылдарын қоспағанда қоғамдық өндіріс дәрежесі кеміген бірде-бір қысқа кезеңнің болмағанын дәлелдейді. Совет Одағы болат, темір рудасын, цемент, минералдық тыңайтқыштар, кокс, ағаш материалдарын, мал майын және басқаларды өндіру жөнінен бірінші орынға шықты. Соңғы 34 жыл ішінде ұлттық табыстың, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің, қоғамдық еңбек өнімділігінің жыл сайынғы өсу қарқыны АҚШ-тың тиісті көрсеткіштерінен 2 еседен астам көп.

Партия ұсынған еліміздің халық шаруашылығын дамудың анағұрлым интенсивті жолына ауыстыруды жеделдету бағытын батыл жүзеге асыру оның тиімділігін тез өсіру үшін жаңа тамаша мүмкіндіктер ашады.

Digitized by Google

ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС БАҒЫТЫМЕН

Совет халқы мұнай мен газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күнін мерекелей отырып, олардың ауыр, сонда да Отанға өте қажетті еңбегін атайды. Осы саланы дамытудың ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, халық шаруашылығын, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері талап етіп отырғанындай, интенсивті даму арналарына ауыстыру үшін орасан зор маңызы бар.

Біздің еліміз мұнай мен газ өндіру жөнінен бірінші орын алады. 1984 жылы елімізде 613 миллион тонна мұнай (газ конденсатын қосқанда) өндірілді.

Советтік Қазақстан мұнайшылары мен газ өндірушілерінің үлесі жылдан жылға өсіп келеді. Бұған ең алдымен партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу жөніндегі белсенді жұмысы арқасында қол жетуде. Мұнай өндіруде жоғары қысымды буды жер қабатына айдау, жер қабатында дымқыл жану, скважиналарды химиялық реагенттермен өңдеу сияқты осы заманғы технологиялық процестер игерілді. Өзен қойнауында ыстық су жіберу үшін скважиналарды құру жедел қарқынмен жүргізілді. Қазір жер қабатына айдалатын оның бүкіл көлемі 70 — 75 градусқа дейін қыздырылады. Мұның өзі мұнай қайтарымын едәуір арттыруда.

Еңбекті ұйымдастыру жетілдірілуде, бригадалық мердігерлік, жұмыс орындарын ұйымдастырудың типтік жобалары мен кәсіптерді алмастыру енгізілуде. Қазір мұнай өндіру кәсіпорындарының 300 бригадасында еңбекке қатысу коэффициенті қолданылады. Еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, тапсырылған іс үшін жауапкершілікке тәрбиелеу мәселелеріне көңіл бөлу күшейді. 1980 жылмен салыстырғанда мұнай және газ өндіру кәсіпорындарында кадрлардың тұрақтамаушылығы 35 процент қысқарды, бригадалардың көпшілігінде қыдырымпаздық және басқа да тәртіп бұзу оқиғалары жойылды.

Соның нәтижесінде мұнай өндіруді арттыру қарқыны жеделдеді. 1980 жылғы деңгейге қарағанда оның көлемі 10 процент көбейді. Сұйытылған газ бен отынның қыруар мөлшері өндірілді, 4 миллиард метрге жуық кен қабаты бұрғыланды және 2800-ге жуық скважина іске қосылды. Мұнай және газ қорларының өсімі жөніндегі жоспарлар орындалды.

Сондай-ақ саланың табыстары өндіріс озаттары мен жаңашылдарының тұрақты өсіп келе жатқан белсенділігіне және творчестволық инициативасына едәуір дәрежеде байланысты. Л. В. Сухоруков, Р. Г. Зиганшин, В. В. Свиридов, А. Г. Уджуху, А. Әжмұқанов, К. Әлібаев, С. В. Кузнецов басқаратын коллективтер бүкіл үстіміздегі бесжылдық бойына жоғары өнімді еңбек етуде. Бұрғылау мастері, Социалистік Еңбек Ері А. П. Ерминнің және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Г. Бекбердиевтің скважиналарды жер астында жөндеу бригадалары өздерінің бесжылдық тапсырмаларын үстіміздегі жылдың басында-ақ аяқтады. Осы коллективтердің базасында озық тәжірибе мектептері құрылды.

КПСС XXVI съезінің және Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдеріне сәйкес республикада мұнай, газ және газ конденсаты қойнауларын құру және барлау жөніндегі ірі ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды.

Бозашы жарты аралында мұнай өндіру жоғары қарқынмен үдетілді. Шөлейтті жерде алғашқы бұрғылау мұнарасы пайда болғаннан бері небары бес жыл ғана өтті, ал қазір мұнда кәсіпшіліктер, вахталық поселкелер жұмыс істейді, мұнай құбырлары мен электр желілері тартылды. Енді жарты арал байлықтарын игеріп жатқан «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының коллективі республикалық социалистік жарыстың көш бастаушылары, көптеген бастамалардың инициаторлары, жүлдегері болып табылады. Оның есебінде бесжылдықтың басынан бері жоспардан тыс өндірілген 400 мың тоннаға жуық мұнай бар.

Сондай-ақ Ақтөбе облысында Жаңажол қойнауын игеру де шапшаң жүргізілуде. Жуырда мұнда елімізде алғаш рет антикоррозияны болаттан отандық жабдықпен құрылған мұнай өндіру жөніндегі өнеркәсіптік тәжірибе комплексін пайдалану басталды. Мұның өзі «Актюбинскнефть» бірлестігінде мұнай өндіруді 3,5 есе ұлғайтуға ықпал етті. Коллектив үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстары үшін СССР Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ауыспалы Қызыл туымен наградталды.

Орал облысындағы Қарашығанақ қойнауында алғашқы миллиард текше метр газ алынды. Мұнда аса қысқа мерзімде шикізатты комплексті дайындаудың қондырғысы салынды, ондаған скважиналар бұрғыланып, іске қосылды, газ және конденсат құбырлары тартылды. Қойнауды құру, пайдалы қазбаларды өндіру және тасымалдау үшін «Казахгазпром» өндірістік бірлестігі құрылды. Таяу уақытта мұнда алып құрылыс өріс алады. Орал газ-химия комплексін пайдаланушылар мен олардың семьялары тұратын Ақсай қаласы мықтап дамиды. Қазір қаланың бас жоспары әзірленуде.

Байырғы Ембі ауданында Теңіз қой-

---

1 сентябрь — мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

науым өнеркәсіптік бағалау жөніндегі геологиялық барлау жұмыстары жалғастырылуда. Өткізілген сынақ жұмыстары ғалымдардың көмірсутекті шикізат қорларының бар екені туралы болжамдарын қуаттады. Мұнда дербес мұнай-газ өндіретін кәсіпорын жасалуда.

Енді қоғамдық өндірістің ірі механикаландырылған саласына айналған газ шаруашылығының қызметкерлері мерекені жаңа табыстармен қарсы алуда. Республиканың 14 миллионға жуық тұрғыны, 7,5 мыңнан астам коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіп орыны газды пайдаланады. Тұрғын үй қорын газдандыру дәрежесі 87 процентке жетті. Біздің республика осы көрсеткіш бойынша елімізде ғана емес, сондай-ақ дүние жүзінде жетекші орындардың бірін алады.

Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті ұйымдарының коллективтері үстіміздегі бесжылдықта 30 миллиард текше метрден астам табиғи және 2 миллион тонна сұйытылған газ таратты. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер орындалды. Жоспардан тыс 5 миллион сом кіріс алынды. Осы заманғы жаңа техника мен технология жөніндегі 450 шара және жалпы экономикалық тиімділігі 2 миллион сомдық 750 рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді. Қызмет көрсетудің жаңа прогрестік формасы — газды тұрғындарға қолма-қол есептесу арқылы жеткізу өріс алып келеді, мұның өзі еңбекшілердің уақытын қыруар үнемдеуді қамтамасыз етуге көмектесті.

Сонымен қатар сала қызметкерлері шешілмеген міндеттерді және өздері жетуге тиісті жаңа асуларды жақсы біледі. Барлық кәсіпорындардың партия ұйымдары жұмысшылардың, инженерлердің, техниктердің кеңінен қатысуымен КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын жасап, табандылықпен жүзеге асыруда. Бүгінде қолда бар резервтердің бәрін барынша пайдалануға, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске батыл енгізуге баса көңіл бөлінген. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте жасаған баяндамасында айтылған отын, өнеркәсіп үшін басқа да шикізатты өндіруді жан-жақты ұлғайтуға қамқорлық жасау туралы шақыруы жер-жерде үлкен жігермен қабылданды. Жақындап келе жатқан КПСС XXVII съезі құрметіне қабылданған социалистік міндеттемелер осындай қамқорлықты білдіреді. Осыған орай коллективтердің бәрінің бірдей бесжылдықтың қорытындылаушы жылының жоспарларын орындауына қол жеткізу міндеті қойылуда.

Қазақстан мұнайшылары мен газшылары он екінші бесжылдықта маңызды міндеттерді шешеді. Коллективтердің күш-жігерін партия мен үкіметтің ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін кеңінен пайдалану, ресурстардың барлық түрлерін жан-жақты үнемдеу, өндірісте ұйымшылдық пен реттілікті одан әрі нығайту туралы нұсқауларын жүзеге асыруға шоғырландыруына тура келеді. Қарашығанақ және Теңіз қойнауларын комплексті құру және игеру, осында жаңа мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеу қуаттарын жасау жөніндегі жұмыстарды жеделдету, қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары бар вахталық поселкелер мен қалалар құрылысын жүзеге асыру талап етіледі. Сала еңбеккерлерінің өздерінің жанқиярлық еңбегімен алдарында тұрған міндеттерді абыроймен орындап, Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алатынына күмән жоқ.

А. АБРАШИН,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы.

Якутияның болат меридианы

Беркатит — Томмот — Якутск темір жол желісінің алғашқы, «күміс» үзбесі үстіміздегі жылдың апрель айында төселді. Ол автономиялы республика астанасын Байкал — Амур магистралімен жалғастырады.

Жаңа жолдың қамту аймағы—көлемі үш миллион шаршы километрден асатын орасан зор территория сенімді транспорт желісінсіз оның бай шикізат ресурстарын тиімді пайдалану мүмкін емес. Жүктердің негізгі бөлігі Ленаның бойымен келеді, ал онда кемелердің жүзуі небары бірнеше айға созылады.

Болашақ трассаның ұзындығы — 830 километр. Оны өте қиын жағдайда салуға тура келеді. 110 миллион текше метр топырақ шығару қажет, олардың тең жартысы — тасты және тоң қабаттары. Сондай-ақ жеті жүзден астам жасанды құрылыс, оның ішінде екі жүзге жуық көпір салу талап етіледі.

Жол құрылысында қазірдің өзінде екі мыңнан астам адам жұмыс істейді. Ал жыл соңына қарай олар екі есеге жуық көбейеді. Байкал-Амур магистралінен алғашқы жол салушылардың жаңа отрядтары осында келуде.

Магистральді мерзімінен бір жыл бұрын салу ұйғарылды. 1994 жылы Якутскіге дейін поездардың жұмыс қозғалысын ашу белгіленді.

Digitized by Google

БАРШАҒА ОРТАҚ МЕРЕКЕ

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ІСІН ЖЕТІЛДІРУ — КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН СОВЕТ МЕМЛЕКЕТІ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарынан

Совет адамдары 1 сентябрьде Білім күнін екінші рет атап өтеді. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указында ол бүкілхалықтық мереке ретінде аталды. Бұл да түсінікті. Коммунистік партияның басшылығымен кемелденген социалистік қоғамды орнатқан біздің халқымызға адамзаттың жалпыға бірдей сауаттылық, еңбек пен ғылымның ажырамас одағы туралы ғасырлар бойғы арманын жүзеге асыруда бірінші болудың ұлы ролі тиді. «Бүгінгі совет қоғамы, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте жасаған баяндамасында, — халықтың білімі мен мәдениеті жоғары, оның рухани өмірі бай қоғам... Біздің замандасымыз — мәдени және саяси ой-өрісі кең, интеллектуалдық талап-тілектері жоғары адам».

Совет адамдары өз елінің білімді дамытудағы ұлы табыстарын орынды мақтаныш етеді. Ұлы Октябрь Отаны жалпыға бірдей орта білім беру енгізілген тұңғыш мемлекетке айналды. Ал демек біз істі нольдік дерлік белгіден бастадық қой. Жаппай сауатсыздық патшалық Россияның ауыр мирастарының бірі еді. 1897 жылы 8—49 жастағы сауатсыздар халықтың 71,6 процентін құрады. Әрбір төрт баланың үшеуі тіпті бастауыш мектепке бара алмады. Ұлттық аймақтардағы жағдай тым ауыр еді. Сауаттылық деңгейі қырғыздар арасында 0,6 процент, түркмендер арасында — 0,7, өзбектер — 1,6, қазақтар арасында 2 процент болды. Көптеген халықтардың өзінің жазу мәдениеті болмады. Осының бәрі В. И. Лениннің 1913 жылы былай деп жазуына негіз болды: «оқу, көз ашу және білім алу мағынасында алғанда халық бұқарасы осынша жұрдай болған мұндай тағы елдің, — міне, осындай елдің Европада Россиядан басқа біреуі де қалған жоқ». В. И. Ленин халықты сауатты ету үшін білім берудің түбегейлі халықтық жүйесін жасау социалистік негіздерде қоғамды революциялық қайта құру арқылы ғана мүмкін деп есептеді.

Осылай болды да. Социализм қалың еңбекшілерге білімге, мәдениеттің барлық байлықтарына, адамзат кемеңгерлігінің ең озық жетістіктеріне жол ашты. Біздің елімізде халыққа білім беру жүйесінің құрылуы партия мен халықтың жасампаз қызметінің басты қорытындыларының біріне айналды, ол, СССР Конституциясында атап көрсетілгеніндей, «азаматтардың жалпы білім алуын және кәсіптік даярлықтан өтуін қамтамасыз етеді, жастарға коммунистік тәрбие беруге, олардың рухани және дене қабілетін дамытуға қызмет етеді, оларды еңбекке және қоғамдық қызметке даярлайды».

Осы жүйе ұдайы өсіп, дамып келеді. Егер соғыс қарсаңында негізінен дене еңбегімен айналысатын қызметкерлер арасында 100 адамнан небары бесеуінің ғана жоғары немесе орта білімі болса, енді олар 82 адамға дейін өсті. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында 5,3 миллион, жалпы орта білім беретін және кәсіптік оқу орындарында 52,5 миллион адам оқиды, ал мектеп жасына дейінгі тәрбие жүйесін қосқанда олар 89 миллион адамнан асады.

Ондаған миллион совет адамдары саяси және экономикалық оқу жүйесінде өз білімдерін толықтырады. 1983 жылы 47 миллионға жуық жұмысшы мен қызметші өз кәсіпорындарында біліктілігін көтерді немесе жаңа кәсіптер алды, оқу орындарында даярлықтан өтті.

Қазақ халқы осы заманғы білім мен мәдениет асуларына алып секіріс жасады. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас атап өткеніндей, «Халық ағарту Қазақстанда мәдени революцияны жүзеге асырудың аса жарқын көрінісі болып табылады». Революцияға дейін тұрғылықты халық арасында жоғары білімді небары 22 адам болған өлкеде бүгінгі күнде 55 жоғары және 242 орта арнаулы оқу орны жұмыс істейді. Оларда 578 мыңға жуық студент

1 сентябрь — Білім күніне.

Digitized by Google

пен оқушы оқиды. Соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда Қазақстанда мамандар саны 20 еседей, соның ішінде жоғары білімді мамандар 24 еседен астам өсті. Республикада 700-ден астам ғылым докторы мен 70 мың ғылым кандидаты жұмыс істейді.

250 мыңнан астам жігіт пен қыз 465 кәсіптік-техникалық училищелерде дайарлықтан өтеді, күндізгі оқитын 7.676 мектеп бар, оларда 3.250 мың оқушы білім негіздеріне қанығады. 7,8 мыңнан астам бала бақша балалардың 50,2 процентін қамтиды.

Қазақ ССР-де 335 мың орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері салынады, ал балаларды мектеп жасына дейінгі тәрбиемен қамту 78 процент құрайды. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана 72 мың орындық, 115 жаңа күндізгі оқу мектебін, соның ішінде қосымша тапсырма бойынша 21 мектепті іске қосу қарастырылуда.

Біздің жетістіктеріміз білім берудің буржуазиялық жүйесінің дағдарыстарынан өте-мөте анық көрінеді. Қазіргі уақытта европалық экономикалық қауымдастық қоғамына мүше елдердің 270 миллион азаматы арасында 21 миллионға жуық шала сауатты немесе сауатсыз адамдар бар, демек жалпы пікір бойынша бұл цифр біршама азайтылып берілген. АҚШ-та 60 миллионға жуық адам сауатсыз, ал 2,5 миллион бала жалпы оқымайды. Өзінің байлығына масаттанған капиталистік осы ел білім дәрежесі жөнінен дүние жүзінде 49-шы орынды алады. ЮНЕСКО деректері бойынша, дүние жүзінде жалпы сауатсыздар енді 824 миллион адамды құрайды. Капиталистік елдердегі білім берудің жайы туралы В. Матяштың «Ауқаттыларға арналған білім» деген мақаласынан мейлінше толығырақ танысуға болады («Агитатор» журналы, 1985, № 12). В. И. Ленинің «оқу керек, оқу керек және оқу керек» деген нұсқауын совет адамдары әрдайым басшылыққа алды, алып келеді. Жаңа қоғамды тек осы заманғы білім негізінде ғана құруға болатындықтан оқу керек, егер осы білімді меңгермесе, коммунизм тек тілек болып қала береді. Біздің қоғамымыздың экономика, мәдениет, білім, ғылым жүйесіндегі, жаңа адамды тәрбиелеудегі орасан зор прогресінде оқу, елдің бірнеше он жыл ішінде «қол арба ғасырынан атом ғасырына» өтуінде оқу, мектеп көрнекі роль атқарады.

Совет адамдары білімі мен мәдениетінің ұдайы өсуі, олардың білімін жаңжақты жетілдіру — КПСС Орталық Комитетінің талдап жасаған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету программасын жүзеге асырудағы басты шарттардың бірі. «Осы заманғы өндіріс, — деп атап көрсетілді «КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдеріне сәйкес кемелденген социализмді жетілдіру және партияның идеологиялық жұмысы» атты Бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияда, — жоғары білімді принципті тұрғыдан жаңа технологиялық білімді меңгерген алғыр қызметкердің инициативасына бағдарланған. Ол ұдайы жаңартылушы материалдық-техникалық құралдарға кәсіптік жағынан да, психологиялық жағынан да даяр болуға тиіс».

Сонымен бірге совет адамдарының жалпы мәдениеті мен саяси саналылығын көтеруде, адамның өзінің жан-жақты үйлесімді дамуында білім маңызды буын болуда.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы совет адамдарын осындай қызметкерлерді, жан-жақты дамыған жандарды қалыптастыруға бағдарлайды. Оқушыларға еңбек тәрбиесін беруді, оларды еңбекке даярлауды, кәсіпті саналы түрде таңдауға даярлауды түбегейлі жақсарту оның өзекті бағыты болып табылады. Сонымен бірге еңбек тәрбиесі адамның өзін жан-жақты дамытуды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, халық шаруашылығының кадрларға деген қажетін қанағаттандыру құралы ретінде көрінуде. Мектептерде оқудың политехникалық бағыты, ал кәсіптік-техникалық училищелерде — жалпы білім даярлығы күшеюде. Балаларды 6 жасынан мектепте оқыту енгізілуде. Мектеп жұмысының негізі — оқу процесін жетілдіру, жалпы білім беретін пәндерді, соның ішінде гуманитарлық пәндерді оқытуды жақсарту бірінші кезекті міндет болып табылады. Компьютерлік сауаттылықты жаппай меңгеру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Үстіміздегі оқу жылынан бастап орта оқу орындарының бәрінде «Информатика және есептеу техникасы негізі» деген курс енгізілуде, совет адамдары сондай-ақ мектеп пәндерін оқытуда электронды есептеу машиналарын пайдалану жөніндегі ауқымды экспериментті өткізу жоспарланған. Сайып келгенде реформа білім берудің бүкіл жүйесін осы заманғы советтік қоғамның қажеттеріне, өмір бүгінде біздің алдымызға ұсынған үлкен міндеттерге сай келетін сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтеруге міндетті.

Реформаны жүзеге асырудағы басты тұлға — мұғалім, жеткіншек ұрпақтың рухани дүниесін қалыптастырушы, қоғамның жұрт сенген өкілі, оған өзінің ең ізгі, ең құнды байлығы — балаларын, өз үмітін, өз болашағын сеніп тапсыруда. Партия мен үкіметтің педагогтардың еңбекақысын арттыру, олардың жемісті жұмыс істеуі үшін қосымша жағдайлар жасау жөнінен қабылдаған шаралары мұғалім беделін одан әрі жоғары көтеруде. Қазақстан мұғалімдерінің 250 мыңдық армиясы да осы қамқорлыққа еңбектегі жоғары қайтарыммен жауап беруде. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бәрі, еңбек кол-

Digitized by Google

лективтері, семья, барлық совет адамдары жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде мұғалімнің сенімді әрі белсенді одақтасы болуға тиіс. «Мектеп ісі әрбір еңбек коллективі, әрбір кәсіпорын, колхоз, мекеме, министрлік пен ведомство, қоғамдық ұйым басшысы үшін, барлық ата-аналар үшін өзінің тол ісі болуға тиіс», — деп атап көрсетіледі жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында.

Еңбек коллективтерінің көпшілігінде мұны жақсы ұғынады, оларда қамқорлықтағы мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер «Бірінші санды цех» ретінде орынды қаралады. Қарағанды металлургия комбинатында, К. Е. Ворошилов атындағы Орал заводында, «Екібастузуголь» өндірістік бірлестігінде, Қостанай облысының «Минск» совхозында және басқа көптеген коллективтерде мектептерге осылай қарайды. Әйтсе де қарама-қайшы сипаттағы фактілер де баршылық. Мұнда оқу орындарымен байланыс аракідік кездесулерге саяды, ал іс жүзінде еңбек коллективтері оқушыларды тәрбиелеуде педагогтарға елеулі көмек көрсетпейді.

Мұндай көзқарасқа шешуші түрде қарсы шығу талап етіледі. «Біз мектеп реформасын бастадық, еліміздің болашағы үшін оның маңызын айтып жеткізу қиын, — деп атап көрсетті М. С. Горбачев жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында. — Ал қазір алға қойылған міндеттерді формальды түрде емес, мазмұнды түрде қолға алу, сөйтіп жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке даярлау сапасын түбегейлі жақсарту талап етіледі».

Осы заманғы ғылыми-техникалық революция ғылыми-техникалық білімнің жедел осуі сияқты шындықты тудырды. Олардың көлемі шамамен әрбір сегіз жылда екі есе көбеюде, ал жыл сайын 7 миллиард бет баспа текстісі информация тасқынына қосылады. Экономистер мынадай тұжырымға ертеде-ақ келді: өндірістік қорларды пайдаланудың ең аз мерзімі 6—10 жыл құрауға тиіс. Ал бұл, өз тарапынан, технологияны сапалық тұрғыдан жетілдіруді, жаңа білімді меңгеруді бейнелейді. А. В. Луначарскийдің кезінде айтқан мынадай сөзі бүгінде жаңа, мейлінше терең мағынаға ие болды: «Білім дегеніміз мектеп ісі ғана емес. Мектеп білім кілтін ғана береді. Бүкіл өмір мектептен тыс білімде. Адам өмір бойы өзінің білімін көтеруге тиіс».

Қазіргі жағдайда кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі жүйелі жұмыс алдыңғы қатарға ұсынылуда. Оның маңызы КПСС Орталық Комитетінде бертінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте айрықша атап көрсетілді. Еңбек өнімділігі, өнім сапасы шешуші дәрежеде білім мен біліктілік деңгейіне тәуелді.

Озық кәсіпорындардың үлгісі осыған иландырады. Мәселен, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында әрбір жетінші қызметкердің жоғары техникалық білімі, әрбір бесінші адамның орта арнаулы білімі бар. Жұмысшылардың бәрі орта мектептерді күндіз немесе сырттай оқып бітірді. Соңғы үш жыл ішінде ғана 209 адам инженер және техник дипломдарын алды. 300-ге жуық жұмысшы мен қызметші жоғары оқу орындары мен техникумдардағы сабақтарын жалғастыруда. Біліктілікті арттыру жөніндегі жұмыс жүйелі жүргізіледі. Комбинат «Әр жас жұмысшыға — орта білім» байқауындағы табыстары үшін» ВЦСПС дипломымен наградталды. Комбинат коллективінің еңбек өнімділігін ұдайы арттыруы түбегейлі заңды, бұл жаңа техника мен озық технологияның негізінде, қызметкерлер шеберлігінің өсуі базасында болып отыр. Әрбір адамның өз білімі мен кәсіптік шеберлігінің тұрақты жетілдірілуіне қол жеткізу маңызды. Мұның жастар үшін айрықша маңызы бар. Кейбір жас адамдардың оқуға селсоқ қарайтынын, оқу тек жеке іс, адамның оқуының немесе оқымауының ешкімге қатысы болмауға тиіс деп есептейтінін көрмеуге болмайды. Мұндай көзқарастың негізсіздігін тиянақты дәлелдеп, білімнің қоғамдық және экономикалық зор мәнін, адамның өзінің қабілеті мен талантын дамытудағы оның ролін көрсету қажет.

Білім күні — жаңа мереке. Сөйтсе де оны өткізудің рәсімі қалыптасты. Ол жер-жерде білім мен мәдениет саласындағы жетістіктеріміздің байқауы ретінде өтеді. Оның қарсаңында «Білім онкүндігі» ұйымдастырылады, оның барысында жастардың, коллективтің барлық мүшелерінің бұдан былайғы оқуы формаларын анықтауына көмек көрсетіледі. Сонымен бірге еңбек коллективтерінің, мектептердің, орта кәсіптік-техникалық училищелердің байланыстары нығаюда. Педагогтар аталады, өндірістен қол үзбей ойдағыдай оқитын жұмысшылар мен қызметшілер, мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде және өндірісте жұмыс жүргізетін тәлімгерлер мадақталады.

Л. ВИЛИКОТСКАЯ,
С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті философия кафедрасының аспиранты.

Digitized by Google

ЖАРЫС ТҰҒЫРЫ

Еліміздегі өндіріс жаңашылдарының—озат жұмысшылардың, колхозшы шаруалардың, инженер-техник қызметкерлердің жаңа техниканы мейлінше меңгеру арқылы еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бұқаралық қозғалысының маңызы өте зор. Отанымыздың экономикалық қуатын арттырудың алғашқы жылдарында, яғни екінші бесжылдықта, 1935 жыл—социалистік жарыстың жаңа кезеңі ретінде туған стахановшы қозғалысы іле-шала етек алып, кең қозғалысқа айналды. Бұл қозғалыс «Центральная-Ирмино» (Донбасс) шахтасында бір сменада 7 тоннаның орнына 102 тонна көмір өндірген забойшы А. Г. Стахановтың есімімен аталды. Сөйтіп, бұл қозғалыс еліміздің түкпір-түкпірін шарлап, ілезде кеңінен таралып кеткені мәлім.

Бұқараның жаңа қорам орнату жолындағы жасампаздық құлшынысынан туған бұл қозғалыс тұңғыш рет дүниеге келген сенбіліктердің, социалистік жарыстың заңды жалғасы болатын. Партиямыз әр кез стахановтық қозғалыстың күші оның бұқаралығында, жеке адамдардың емес, барлық еңбекшілердің мол өнімді еңбегінде екенін атап көрсетіп келеді.

Социалистік жарыс жеке адамдар арасында ғана емес, бүкіл еңбек коллективтері үшін дағдылы іс болды. Олардың жарыстағы озық тәжірибесі ортақ игілікке айналып, жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттыра түсуге үнемі ықпалын тигізді. Үнем мен ұқыптылық, еңбек тәртібін нығайту жолындағы күрес жарыстың түпкі мақсатымен ұштасып келеді.

Бұл атышулы қозғалыс тек қана өнеркәсіп саласында емес, бүкіл халық шаруашылығының әр тарау-тарауын тегіс қамтыды. Ол ауыл шаруашылығы саласында да мықтап орын тепті. Қазақстанда стахановшылар қозғалысына алғаш ұн қатып, тұңғыш туын көтергендер көптеп саналды. Мысалы, көмір өнеркәсібінде — Т. Күзембаев, М. Рахышев, түсті металлургияда — Б. Ықыласов, А. Мұрынбаев, И. Тұрышев, мұнай өнеркәсібінде С. Зурбаев, С. Жанбатыров, темір жол транспортында — М. Қаптағаев, Т. Сәтбаев, ауыл шаруашылығында — С. Оңғарбаева, Н. Досжанова, С. Өтепбергенов сынды озаттар есімі елге кеңінен таралды.

Стахановшылар қозғалысы Ұлы Отан соғысынан бұрынғы жылдары өте-мөте кең өріс алғаны аян. Ал соғыстан кейінгі бейбіт жылдары да кең көлемде өрістей түсті. Экономика мен мәдениеттің үздіксіз өсуі жағдайында социалистік жарыстың жаңа түрлері пайда болды. Кемелденген социалистік қоғамда еңбекшілер арасында коммунистік еңбек екпінділері мен коллективтері атағын жеңіп алу жолындағы бұқаралық қозғалыс мейлінше өрістеп келеді.

Социалистік жарыстың бастамасы сонау азамат соғысы мен шетел интервенциясы кезінде-ақ ұйымдастырылған коммунистік сенбіліктен басталғаны мәлім. В. И. Ленин сенбіліктен еңбекке жаңа коммунистік қатынастың бастамасын, коммунизмнің алғашқы адымын көре білді. «Жұмысшылар мен шаруалар өкіметті билеп тұрған кезде социалистік жарысты ұйымдастыру мемлекеттік міндет болып табылады» деп атап көрсетті В. И. Ленин. (Шығармалар 26 том, 401 бет). Ұлы көсемнің бұл қағидасы мультіксіз іс жүзінде дәлелденіп отырғанын өмірдің өзі көрсетіп келеді.

Стахановшылар қозғалысының егіншілік саласындағы қомақты бір көрінісі аққуріштің атасы атанған Ыбырай Жақаевтың жолын қуған жақаевшылар еді. Жақаевшылар қозғалысы 50-жылдары пайда болып, Қызылорда облысының диқандары арасында кең тарады. Еңбекшілердің саяси саналылығы мен өндірістік белсенділігінің артуына бұл қозғалыс кең жол ашты. Жақаевшылар қозғалысы ауыл шаруашылығында жаңа, қуатты техниканың пайда болуымен, оны толық, шебер игерумен, ауыл еңбеккерлерінің мәдени- техникалық білімнің артуымен, ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені кеңінен қолданумен тікелей байланысты болғаны мәлім.

Бұл қозғалыс қатарында ондаған, жүздеген күрішшілер топтары өсіп жетілді, күріштен мол өнім алушылар көбейді. Сөйтіп, жақаевшы қатары молығып, мол өнім алушылар ілегі шоғырлана түсті. Олардың қастарында Социалистік Еңбек Ері З. Ержанова, Қ. Жүсіпова, Н. Әпрезов, К. Әлшоразов сияқты озаттар болды. Бұлар жыл сайын Жақаев жеңіп алған мол өнім межесінен көрінді. Сондай-ақ кейінгі жылдары жоғарыда аталған жақаевшылармен қатар Ш. Қазанбаева, Ұ. Алтайбаева, Ш. Молдабергенов сияқты озаттар күріштің әр гектарынан 110-120 центнерден өнім жинап, жоғары көрсеткіштерге жетті.

Бұл айтылғандардың бәрі жарыс жаршылары, қозғалыс қозғаушылары тудырған жетістіктер жемісі десек, асыра айтпаған болармыз.

Иә, кең байтақ өлкеміздің өн бойын тегіс шарлаған стахановшы, жақаевшы қозғалыстары өз жемісін беріп келеді. Бұл сияқты қозғалыстар тың игеру аттанысы тұсында өте-мөте өріс алып, кең тыныс тапты. Тың төсінде туындаған жарыстың өзіндік мәні зор қозғалыстар болғаны мәлім. Тындағы берекелі гектардың бетін бері қайтарған, егіннен мол өнім жинаған небір саңлақтар есімі ел арасына мәлім болды. Олар Михаил Довжик, Жансұлтан Демеев, Есілбай Кадыралин, Аманкелді Исақов, Михаил Яровой, Кәмшат Дөненбаева, Нұрғабыл Мәлгаждаров сынды еңбектің ерлері еді.

Digitized by Google

Бұлар тың төскейінде еңбек өнімділігінің үлгісін көрсетіп, техниканы тиімді пайдаланып, астық молшылығын жасаудың асқан ақиық шебері екенін қуаттай білді.

КПСС XXVI съезі партия мен халықтың он бірінші бесжылдыққа және одан кейінгі уақытқа арналған ұзақ мерзімді стратегиясын тереңдетіп, нақтылай түскені мәлім. Елімізде азық-түлік молшылығын жасау жорығы басталғалы да көп уақыт болған жоқ. Міне, осы тұстарда өрби түскен, құлашты кең сермеген социалистік жарыс өз нәтижесін беруде. Коммунистік партияның елімізді индустрияландыру күресі кезеңінде — екінші бесжылдықта социалистік жарыстың жаңа формасы ретінде өмірге келген бұл қозғалыс, міне, елу жылдан бері ескірмей, уақыт өткен сайын кең қанат жайып, жаңа бастамаларға ұласып келеді.

Социалистік жарыстың пәрменділігі екінші тың — мал шаруашылығы майданында да кеңінен арта түскені белгілі. Малшылар арасындағы стахановтық қозғалыс мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен молайту жолындағы жарысты күшейте түсті. Майталман малшылар қозыны көп алу, жүнді мол қырқу жөнінен жоғары көрсеткіштерге жетіп, ерен еңбегімен, зор табыстарымен көрінді. Социалистік жарыс малшылар арасынан екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев, Социалистік Еңбек Ері Жолсейіт Молдасанов, тағы басқа ондаған, жүздеген озаттар өнегесі малшылар игілігіне айналуда.

Мал шаруашылығындағы ірілендірілген шопандар бригадалары еңбектің жаңа үлгілерін көрсетіп, онда шоғырланған комсомол-жастар ілегі жарыс жаршыларының белсенді буынына айналды. Республикамыздың барлық жерінде мал шаруашылығын одан әрі өркендету жолындағы жарыстың қазір жоғары сатыға көтерілген шағы. Қазақстанда қой шаруашылығын өркендету, таяу жылдардың ішінде қой санын 50 миллионға жеткізу жолындағы жарыс өрістеді. Мал мен құс санын көбейтуге, олардың өнімділігін арттыруға арналған жарыс кең қанат жайды.

Жарыс нысанасы — барлық облыстарда түгел мал санын арттыруға қол жеткізу, малды жедел бордақылау мен жайып семіртуді ұйымдастыру, малдың салмағын барынша арттырып, мемлекетке ірі қараны кемінде 400-450 килограмға, ал қойды — кемінде 40 килограмға жеткізіп өткізу. Малшылар қауымы арасындағы мұндай жарыс нәтижесі өз жемісін беруде.

Жарыс барысында туындаған талай бастамалар іске асырылып келеді. Партиямыз күн тәртібіне қойып отырған үнемделген ресурстармен жылына екі күн жұмыс істеу қозғалысы қазір барынша белең алды. Жарыстың тағы да бір тұлғалы түрі — социалистік міндеттемелер қабылдау болып табылады. Партиямыз бен үкіметіміздің шешімдеріне жауап ретінде тұтас коллективтер, жеке адамдар көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдауды дәстүрге айналдырды.

Жыл сайын республика, облыстар, аудандар, жеке коллективтер социалистік міндеттемелер қабылдап, ғылыми-техникалық прогресті одан әрі жеделдету, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту арқылы еңбек өнімділігін еселеп арттыруға күш салуда. Жыл сайын социалистік жарыстың қорытындылары шығарылып, жарыста озып шыққандар құрметпен аталып өтіп, одақ, республика бойынша ауыспалы Қызыл тулармен наградталды. Мұндай құрметке ондаған аудандар, кәсіпорындар, шаруашылық және ұйым коллективтері ие болып жүр. Сөйтіп, озаттар өнегесінің игі ықпалын өміріміздің әр саласынан көрудеміз. Озық коллективтер айлық, тоқсандық, жылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындап, еңбек рапорттарын ұсынады.

Жалпы халықтық жарыс үздіктері, патриоттық бастамалардың жарық жұлдыздары аса құрметке бөленіп, лауреаттар аталып, сыйлықтарға ие болып жүр. Мәселен, өткен жылы еңбекте аса үздік шыққаны үшін социалистік жарыстың бір топ озаттарына Қазақ ССР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілді. Олардың ішінде трактор-егіс бригадасының бригадирі Дүйсенбай Әбдіхалықов (Ақтөбе облысы), жүгері өсірушілер бригадасының бригадирі Жақыпбек Өмірзақов (Шымкент облысы), аға шопан Қуаныш Бердімағамбетов (Қызылорда облысы), аға бақташы Аманжол Кенжеғариев (Гурьев облысы), тағы да басқа озаттар бар.

Республикамыз он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы, бесінші жылына көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Оны ойдағыдай орындаудың бастауы мен резерві — озаттар тәжірибесін барынша тарату, социалистік жарысты онан сайын өрістету. Осыны мақсат тұтқан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне алаңсыз кірісіп отыр.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі жарысы қызу қарқынмен ойдағыдай өтті. Сүйікті Коммунистік партиямыздың алдағы болатын XXVII съезіне лайықты тартулар әзірлеу жолындағы еңбек өрлеуі етек алды. Бұл күндері жарыс туын неғұрлым жоғары ұстау әрбір еңбеккердің ардақты да абыройлы борышына айналды.

Жер-жерде желек қаққан еңбек вахтасы еңбек өнімділігін еселеп арттырып, табыс биігінен көрінуге мезгейді. Жарыс тұғырындағы озаттар сапының күн сайын қатары өсіп, нығайып келеді. Жарыс туының астына топталған еңбекші қауым мерейлі де берекелі табыстарымен еліміздің экономикасын, күш-қуатын онан сайын арттыра беруге сүбелі үлестерін қоса беретіні күмәнсіз.

М. НҰРМАҒАМБЕТОВ.

Digitized by Google

МАСКҮНЕМДІКПЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТЕ БЕРЕЙІК

Совет адамдары партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыюға бағытталған шараларын мақұлдаумен қарсы алды. Осы құбылыспен күресте бұқаралық ықпалдың, тәрбие жұмысы мақсаттылығының күші орасан зор. Бүгін біз республиканың еңбек коллективтерінде, тұрғылықты жер бойынша және тұрғындардың демалысын ұйымдастыруда салауатты өмір салтын, спиртті ішімдіктерді ішуге ымырасыздықпен қарауға тәрбиелеуді насихаттайтын шаралардың қалай өткізіліп жатқаны туралы бірқатар хабарды жариялап отырмыз.

РЕТТІЛІКТІ ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ

Целиноградтың құс шаруашылығы жөніндегі өндірістік бірлестігі — облыстағы озық кәсіпорын. Егер қызметкерлердің бәрі тәртіп пен қоғамдық реттілік талаптарын бұлжытпай сақтаса коллектив табыстары едәуір жоғары болар еді. Тәртіп бұзу оқиғаларының басым көпшілігі спиртті ішімдіктерді ішуге байланысты болады.

Осының бәрін батыл жою қажет — бірлестік еңбеккерлері партия мен үкіметтің маскүнемдікпен және алкоголизммен күресті күшейту туралы шешімдерін талқылай отырып, осындай тұжырымға келді. Олар облыстың барлық еңбек коллективтерін право бұзбай, өмір сүруге және жұмыс істеуге шақырды.

Шаруашылықта бригадалар мен цехтар коллективтерінің жағымсыз құбылыстармен күресте ролін арттыру, жолдастық соттардың, маскүнемдік пен алкоголизм профилактикасы жөніндегі комиссияның, халықтық бақылау тобының қызметін жақсартуды ұйғарды. Право білімдері университеті мен «Адам және право» лекторийі жұмыс істей бастады.

Мәдени-спорт комплексін құру, Мәдениет үйі жанынан мүдделіліктер бойынша: демалыс күні, музыка әуесқойлары, жас семья, поэзия, шахмат әуесқойлары, сурет клубтарын ашу жоспарлануда. Көркемөнер үйірмелері екі ай ішінде 40 адамға көбейді.

Спорт-сауықтыру комплексін салу, жүгірушілер клубын ұйымдастыру ұйғарылды. Сондай-ақ балалар спорт алаңының, екі демалыс аймағының, ғұрыптар үйінің құрылысы жоспарланды. Коллективтік бақша және бау шаруашылықтары дамуда.

Еңбекшілерді маскүнемдікке және басқа да жағымсыз құбылыстарға ымырасыздық көзқарасына тәрбиелеуге ерекше назар аударылуда. Ауызша саяси үгіт активистері еңбек коллективтерінде, тұрғылықты жер бойынша, мектепте және кәсіптік-техникалық училищеде үлкен жұмыстарды өрістетті. Бұқаралық-саяси жұмыстың барлық құралдары советтік өмір салтының принциптерін, белсенді өмір позициясын нығайта түсуде.

М. АЛЕКСЕЕВ.

БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУДА

Территориялық партия ұйымымыздың есебінде 140 коммунист-пенсионер тұрады. Біздің бәріміз партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы шешімдерін талқылауға үлкен жауапкершілікпен қарадық.

Партия жиналысында сөз сөйлей отырып, менің жолдастарым Шымкент қаласының барлық партия, еңбек және соғыс ардагерлерін біздің тұрмысымызды сауықтыру жолындағы бүкілхалықтық күреске белсене қатысуға, тұрғылықты жер бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыруға жақсырақ көмектесуге шақырды.

Бұл үшін бізде мүмкіндіктер аз емес. Партия ұйымымыздың мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Д. А. Ахметов № 6 үй басқармасы жанындағы жолдастық сотты сегіз жылдан бері басқарады. Жолдастық соттың беделі үлкен. Қоғамдық ескерту алған адамдар, әдетте, өзіне, өзінің мінез-құлқына қатаң қарай бастайды. Биыл жолдастық соттың ұсынысы бойынша бірнеше адам алкоголизмнен ықтиярсыз түрде емделуге жіберілді.

Біздің коптеген коммунистеріміз көше және үй комитеттерін басқарады және сөзімен, жеке үлгісімен айналасындағы адамдарға игі ықпал етуде.

Қазір біз маскүнемдік пен алкоголизм профилактикасына ерекше назар аударып отырмыз. Тұрғын үйлер аудандары бойынша мүдделілік жөніндегі клубтарды құруға қол жеткізудеміз, тұрғындарды көркем өнер үйірмелеріне, спорт секцияларына тартуға көмектесеміз, спиртті ішімдіктерді сату ережелерін сақтаудың қоғамдық бақылауына қатысамыз.

Е. ПЛЕСКАЧЕВСКАЯ,
Абай ауданы территориялық партия ұйымының секретары.
Шымкент қаласы.

Digitized by Google

РЕСТОРАНДАҒЫ КЕШ

Бұл ерекше кеш болды. Өскеменнің «Ертіс» ресторанының үлкен залында мерекедегідей әзірленген столдарда жеміс коктейльдері мен шырындар құйылған фужерлер, минералды сулар шөлмектері тұрды, қою шайдың иісі бұрқырайды. Адамдардың көңіл-күйі көтеріңкі, мұның өзі стол басындағы ахуалдан-ақ сезілуде. Вокальды-аспапты ансамбль таныс әуенді ойнады және бүкіл зал оны қостап, «Катюшаны» шырқап кетті.

«Қызықты кездесулер клубы» ұйымдастырған демалыс кеші осылай өтті. Оны Өскеменнің сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындары кәсіподақ және комсомол комитеттері құрды. Клуб ауқымында Орталық мәдениет үйінде, облыстық драма театрында, асханаларда қызықты адамдармен, еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізілді

Бұл жолы кездесу программасы семьялық дәстүрлер мен салттарға арналды. Жүргізуші жиналғандарға ерлі-зайыптыларды таныстырды.

Екатерина Ивановна мен Николай Николаевич Имашбаевтар 33 жыл татутәтті өмір сүріп, жеті баланы тәрбиелеп өсірді. «Біздің үйде қаншама мерекелік кештер, салтанатты күндер болды десеңізші, — деп әңгімелейді олар. — Және ешкім спиртті ішімдіктерді пайдаланған жоқ, балалар ең алдымен үлкендерді сыйлауды үйренді, жақсы дәстүрлерді қабылдады».

Жуырда ғана күміс тойларын атап өткен Пленкиндер семьясымен — аспаз Галина Ильинична мен инженер Александр Дмитриевичпен де таныстық. Кешті ұйымдастырушылар оларға гүл шоқтарын сыйлады.

«Епті папалар», «Папа — кулинар» конкурстары, «Семья бақыты» анкетасы, вальсты әдемі орындауға арналған жүлделер мен ойын-сауық программасының басқа да формалары ресторанға келушілерді жалықтырған жоқ. Жүргізушілер — облыстық драма театрының актерлері — Татьяна Леонидовна мен Георгий Кириллович Тимченколар барша-ны осы заманғы семьяның қалай құрылатыны, оның немен күшті екені туралы еркін ізгі әңгімеге тартты.

Демалыс кеші бір тамшы спиртті ішімдіксіз өтті және онда болған бәрінің пікірі бойынша ол өте жақсы өтті.

А. ДОЦЕНКО,
облыстық «Рудный Алтай» газетінің қызметкері.

Өскемен қаласы.

ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН

Арақ ішкен ақылын ішеді. (Қазақ мақалы).

Мас болмасаң, масқара да болмайсың. (Орыс мақалы).

Суға батып өлгендерден, араққа батып өлгендер көп. (Ағылшын мақалы).

Араққа сәлем берсең, ақылыңмен қоштаса бер. (Грузин мақалы).

Ақ келген жерден ақыл қашады. (Қытай мақалы).

Арақпен басталған той топалаңмен аяқталады. (Жапон мақалы).

* * *

«Шарап ішуші адамның басында төрт түрлі көңіл-күй процесі болады; басында ол өзін тотықұсша сезінеді де көкірегін көтереді, әр қилы әсермен қоразданады, қоқиланады, одан кейін оның мінезі кілт өзгеріп, маймылша ыржалақтап күле береді; содан соң арыстанша айбаттанып менменсиді, мақтанады, өне бойынан бір алапат күш-қайрат сезінеді, ең соңында доңызша батпаққа аунап жатады.

(Бұдан 700 жыл бұрын өмір кешкен араб елінің ғұламасы Абдул Фараж).

* * *

«Жүзім ағашы өзінен үш бұтақ таратады: рахаттану бұтағы, маскүнемдік бұтағы және бетпақтық бұтағы». (ЭПИКТЕТ, грек философы, б э. -I -II).

* * *

«Маскүнемдік дегеніміз барып тұрған алжасқандық, ол бізді барлық қабілетімізден айырады». (СОЛОН, Көне Афиннің көрнекті саяси қайраткері және әлеуметтік реформаторы, б. э. д. VII—VI).

* * *

«Маскүнемнен сұрап көріңізші, ішуін қалай ғана қойдыруға болады екен? Ол үшін мен жауап берейін: мас күйде істеген істерін қайта-қайта есіне түсіріп көрсін». (ПИФАГОР).

* * *

«Гректің атақты абызы Диоген бір күні пирге барғанда, оған шарап ұсынған екен.

Диоген шарапты қолына алады да, жерге төге салады.

Жан-жақтан: есіл шарапты қор қылды-ау деп жазғыра бастайды.

Сонда Диоген:

«Егер, шарапты мен құртпасам, онда ол мені құртар еді», — деп жауап берген екен.

* * *

Келін түсіруді арақпен жуып, тойды үдайы үш күн маскүнемдікке айналдыру — жабайы әдет. Кездесу мен қоштасу, туған күн мен мереке, жаңа қоныс тебу — осының бәрі бізге арақ ішіп, мас болуға сылтау болады. Сайып келгенде біздің тууымыз да, өсуіміз де, қартаюымыз да, ақыры өлуіміз де арақсыз болмайды.

(Орыстың атақты жазушысы Глеб Успенский).

Digitized by Google

Сұраққа жауап

СЕЛОҒА ҚОНЫС АУДАРУ

Мен деревняда туып-өстім, әйтсе де көп жылдан бері қалада тұрамын. Әйеліміз екеуміздің колхозда немесе совхозда тұрақты жұмыс істеуге бару ниетіміз күшейіп келеді. Қаладан селоға қоныс аударатын адамдарға жасалатын жағдайлар мен жеңілдіктер туралы айтсаңыздар| екен.

Г. САДОВЕНКО,
Семей қаласы.

Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті басқармасының бастығы С. ӘБДІҚАСЫМОВ оқырман сұрағына жауап береді.

Қала тұрғыны селоға тұрақты жұмысқа барады... Мұндай жағдай барған сайын жиі кездеседі. Және бұл кездейсоқ емес. Село еңбеккерлерінің өмірінде түбегейлі өзгерістер болуда, селолар мен деревнялардың бейнесі жақсарып келеді. Ауыл шаруашылығындағы еңбек анағұрлым механикаландырыла түсуде, ғылыми-техникалық прогресс таңаптар мен фермаларға кең қадам басты. Сонымен бірге көптеген адамдарды селолық жердегі жұмыс сипаты да, меншікті қосалқы шаруашылық алу мүмкіндігі де қызықтырады. Табиғатқа жақындық — селоға бармақшы адамдар үшін маңызды көрініс.

Оныншы бесжылдық жылдары ішінде ғана Қазақстанның колхоздары мен совхоздарына 25 мыңнан астам семья, оның ішінде ішкі республикалық қоныс аудару есебінен 23 мыңнан астам адам көшті. 100 мыңнан астам адам село коллективтеріне қосылды, олардың ішінде 60 мыңға жуығы еңбекке қабілетті адамдар. Республиканың тың облыстарының, әсіресе Целиноград және Торғай облыстарының шаруашылықтарына адамдар көптеп келуде.

Осы үлкен жұмысқа 1984 жылы қабылданған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жұмысшыларды ұйымдасқан түрде қабылдау және жастарға арналған қоғамдық шақыруды одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысында белгіленген шаралар белсенді ықпал етуде. Қоныс аударатын семьялар ауыл шаруашылығы өндірісімен таныс немесе ауыл шаруашылық кәсібін меңгеруге тілек білдірген жұмысшылар мен қызметшілерден іріктеледі. Селоға қоныс аударатын семьяда 16 жастан 50—55 жасқа дейінгі еңбекке қабілетті кемінде екі адам болуға тиіс, сонымен бірге медициналық комиссиядан өту қажет. Өтініштер облыстық атқару комитеті жанындағы еңбек бөліміне беріледі.

Соңғы жылдары қоныс аударудың мамандарды шаруашылық басшылары қызметіне шақыру сияқты формасы кеңінен таралды. Олардың үлес салмағы 50 проценттен астам құрайды.

Селоға қоныс аударатын адамдар үшін бірқатар жеңілдіктер мен артықшылықтар тағайындалған. СССР Министрлер Советінің 1985 жылы апрельде қабылданған қаулысымен бұл жеңілдіктер қыруар ұлғайтылды. Совхоздар мен колхоздар қоныс аударушылар көшіп келгенше тұрғын үй әзірлеуді қамтамасыз етуге міндетті. Осы мақсаттар үшін мемлекет ағашқа, шатырға, цемент пен басқа да құрылыс материалдарына қор бөледі.

СССР Мемлекеттік банкісі құрылыстың сметалық құны мөлшерінде жеке тұрғын үй құрылысына, ал ірі қара мал сатып алуға сол ауданда тағайындалған сатып алу бағасынан жоғары емес мөлшерде қаржы бөледі.

Кредитті өтеу шарттарына өзгерістер енгізілді. Мысалы, үй құрылысына арналған кредит мемлекеттік бюджет қаржысының есебінен (1300 сом, ал Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғышлақ, Семей және Талдықорған облыстарының тұрғындары үшін 3000 сом) өтеледі. Қоныс аударушы үйді алғаннан кейін алтыншы жылдан бастап 20 жыл ішінде 2300 сом төлейді. Қалған сома құрылыс аяқталғаннан кейін 25 жыл ішінде шаруашылық қаржысы есебінен өтеледі. Жаңадан қоныстанушылар пәтер ақыдан екі жылға босатылады, оларға қолданылып жүрген нормалар бойынша отын мен коммуналдық қызметтер тегін беріледі. Оларға мемлекет есебінен ақшалай жәрдем және тұрғын жерінен қоныс аударған жеріне дейінгі жол шығыны, сондай-ақ мүліктерді тасымалдау құны төленеді.

Сонымен қатар малды да жеңілдік жағдайында алуға болады. Соның барысында қоныс аударушы 400 сомды өтейді, ал жоғарыда аталған облыстарда малды алғаннан кейін үшінші жылдан бастап 5 жыл ішінде 200 сомды өтейді.

Оныншы бесжылдық пен он бірінші

Digitized by Google

бесжылдықтың төрт жылы ішінде республикада қоныс аударушылардың тұрғын үй құрылысына мерзімінен тыс кредиттің 18 миллион сомға жуығы жұмсалды. Осы уақыт ішінде олар жеңілдік жағдайларда 3 мыңға жуық тұрғын үй салып, 15 мыңнан астам ірі қара мал сатып алды.

Семьялардың жоспарлы қоныс аударуы колхоздар мен совхоздардың кадрлармен жасақталуына елеулі көмек көрсетеді және ауыл шаруашылығы өндірісін табысты дамытуға ықпал етеді.

Қоныс аударушылардың басым көпшілігі жұмысқа бірден белсене кірісіп, өндіріс озаттары болуда.

Мәселен, қаладан қоныс аударып, ауыл шаруашылығында бірқатар жыл еңбек еткен Көкшетау облысы, Уәлиханов ауданынан «Сарыадыр» совхозының трактористі Х. Жетпісбаев екпінді еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, Торғай облысының Амантоғай ауданынан, «Горняк» совхозының механизаторы С. Жұмабаев «Еңбектегі Ерлігі» үшін медалімен наградталды, Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданынан «Ленинский» совхозының механизаторы С. Филатов «Ауыл шаруашылығы озаты» құрметті дипломына ие болды. Сондай-ақ еңбегі село коллективтерінде жоғары бағаға ие болған басқа да көптеген еңбеккерлерді атауға болады.

Қызметкерлердің өнеркәсіп орындары мен құрылыстарда жинақтаған тәжірибесі, білімі және біліктілігі коллективтерде жоғары бағаланады.

ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ ЗАЛАЛЫ

Жұмысқа келмей қалғаны үшін әрбір адам материалдық және моральдық тұрғыдан жауап береді. Осының еңбек демалысына қандай ықпал жасайтыны туралы әңгімелесеңіздер екен.

Ш. АБДУЛОВ.
Шымкент қаласы.

Қазақ ССР Юстиция министрлігі право насихаты бөлімінің бас консультанты Р. К. Баймұрзаева осы сұраққа жауап береді.

Қыдырымпаздық еңбек тәртібін өрескел бұзу болып табылады. Қыдырымпаздарды жұмысшы жиналысында талқылайды, сыйлықтан айырады, қабырға газетінде сынайды. Еңбек коллективінің ұйғарымымен оның пәтер алу кезегі кейін шегеріліп, еңбек демалысы қысқы кезеңге ауыстырылуы т. б. мүмкін. Сондай-ақ қоғамдық тәртіп және материалдық ықпал ету шараларына қарамастан еңбек демалысын себепсіз жұмысқа шықпаған күндер есебінен қысқарту міндетті болып табылады.

Осы талап СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің 1983 жылғы 28 июльдегі «Еңбек тәртібін нығайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» қаулысында жазылған. Ол СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1983 жылғы 12 августағы Указымен заңды түрде баянды етілді.


Бұл арада жұмысшының немесе қызметшінің жұмысқа толық бір немесе бірнеше күн бойына келмеуі ғана емес, сондай-ақ жұмыс күні ішінде ұдайы немесе бәрін қосып есептегенде үш сағаттан астам уақыт дәлелсіз себептермен жұмыста болмауы да қыдырымпаздық деп есептелетінін есте сақтаған жөн. Осындай тәртіп бұзғаны үшін еңбек демалысын қысқарту тәртібі ССР Одағы Заңдар негізінің 33 және 34 статьяларында баяндалған.

Еңбек демалысының мөлшері кәсіпорын немесе ұйым әкімшілігінің бұйрығы негізінде және еңбек демалысын қай кезде пайдаланатынына қарамастан, жұмыстан себепсіз қалған еңбек жылы үшін азайтылады.

Жыл сайынғы негізгі еңбек демалысы ғана емес, сондай-ақ қосымша демалыстардың барлық түрі (үздіксіз еңбек стажы, еңбектің зиянды жағдайларына байланысты жұмысы үшін, т. б.) қысқартылады. Бірақ демалыстың ұзақтығы екі жұмыс аптасынан (алты күндік жұмыс аптасының календары бойынша 12 жұмыс күнінен) кем болмауы тиіс. 12 жасқа дейінгі екі және одан да көп баласы бар әйелдерге берілетін қосымша үш күндік демалыстар, сондай-ақ мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындағаны үшін көтермелеу ретінде заңда қарастырылған қосымша демалыстарды қысқартуға болмайды.

Жұмыстан себепсіз қалған қызметкер жұмыстан шыққан жағдайда пайдаланылмаған демалысы үшін төленетін ақша тиісінше азайтылады, бірақ ол жұмыстан шыққанша толық жұмыс жылы бойына істесе, кемінде 12 жұмыс күні үшін төленеді. Егер қызметкер жұмыс жылы аяқталғанға дейін жұмыстан шықса, онда пайдаланылмаған демалысының ақшасы кемінде 12 жұмыс күніне есептеліп, жұмыс істеген уақытына сәйкес төленеді.

Digitized by Google



Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың сырттай семинары

ПӘРМЕНДІ, ТЕГЕУРІНДІ НАСИХАТ

С. ТРОФИМОВА,
Қазақстан Компартиясы Орал облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі

Орал облысының партия ұйымдары атеистік тәрбие беруге комплексті қарым-қатынасты барған сайын белсенді түрде орнықтыра түсуде. Бұл ағымдағы және перспективалы жоспарларды жасауда, оның идеялық-саяси, еңбек, адамгершілік, интернационалдық тәрбиемен, жұмыстың бұқаралық және жеке формаларын пайдаланумен өзара байланысын нығайтуда өз бейнесін табуда. Қазір атеистік жұмысқа кәсіподақ және комсомол ұйымдары, «Білім» қоғамының лекторлары, мәдениет мекемелерінің қызметкерлері, педагогтар мен дәрігерлер нақты қатысуда.

Ғылыми атеизмді насихаттау қыруар жанданды. Әрбір ауданда, кәсіпорында және клубтарда атеистік лекторийлер құрылды. Облыстық газеттердің беттерінде ай сайын облыстық «Атеист» клубының материалдары шығады. «Ғылым, дін, адам» радио журналы жұмыс істейді. «Білім» қоғамының облыстық ұйымы жанынан ғылыми атеизм кабинеті құрылды. Орал қаласында құрылған атеизм музейі тәрбиенің маңызды орталығына айналды. Онда халықтар тарихындағы діннің жағымсыз ролін көрсететін, атеистік тәрбие тәжірибесі ашылатын жүздеген документтер, қызықты экспонаттар жинақталған. Музейде жыл сайын көптеген мың адамдар болады. Мұнда кинолекторий жұмыс істейді, оның сабақтары да әрдайым ықылас туғызады.

Еңбек коллективтерінде 460-қа жуық совет құрылып, жұмыс істейді, әрбір бастауыш партия ұйымында атеистік жұмысты ұйымдастырушы бар. Құрамына облыстық партия комитетінің идеологиялық комиссиясы кірген облыстық совет осы жұмыстардың бәрін үйлестіреді. Қалалық және аудандық атқару комитеттері жанынан құрылған дін туралы заңды сақтау, жаңа әдет-ғұрыптар мен мейрамдарды енгізу жөніндегі ықпал ету комиссиялары белсенді жұмыс істейтін болды.

Бір сөзбен айтқанда, біраз жұмыстар атқарылуда, және мұның өзі оң нәтижелерін беруде. Облыста дін ырымшылдығы, әсіресе, шоқындыру, неке қию мен дұға оқу едәуір азайды.

Практика бұқаралық шаралар діндарлармен жекелей жұмыс жүргізумен тығыз ұштастырылатын, еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша озық қоғамдық пікір қалыптастырылатын жерлерде аса үздік нәтижелерге қол жететінін көрсетіп отыр.

Мұнда үгітші- атеистердің белсенділігі, ал олар бізде 800-ге жуық, артқанын атап өту маңызды, Жымпиты ауданы XXV партсъезд атындағы совхоздың партия ұйымында үгітшілер осылай пәрменді жұмыс істейді. Соның нәтижесінде селода жұмыс істеген діни қауым өзінің дін жолын қуушыларынан айырылып, тарап кетті. Осы жерде М. А. Рудер бастаған мұғалімдер-үгітшілердің белсенді қызметін ерекше атап өткіміз келеді. Олар діндарлардың семьяларында жүйелі түрде болып, діни догмалардың негізсіздігін көрсете отырып, олардың әрқайсысымен ашық әңгімелесті. Үгітшілер сөзі адамдар туралы қамқорлықпен, оларды белсенді қоғамдық өмірге тартумен тұрақты нығайтылады.

«Бұлдырты» совхозы үгіт коллективінің ықпалы туралы да осыны айтуға болады. Үгітшілер — мұғалім Н. П. Люфттің, кітапханашы К. Махметованың және басқалардың белсенді жұмысы арқасында бұл селода да діни қауым өзінің тұрғындарға жасайтын ықпалынан біржола айрылды және өз қызметін доғарды.

Жымпиты, Приурал, Тайпақ, Бөрлі және Қаратөбе аудандарының үгіт коллективтері де тұрғылықты жер бойынша жемісті жұмыс істеп, жақсы нәтижелерге жетуде.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында атап көрсетілгеніндей, өмірмен байланыстың мінсіз жұмыс істейтін механизмі болмайынша, идеологиялық қызметті тиімді жүргізу мүмкін емес. Әйтпесе насихат діттеген нысанаға жетпейді. Еңбекшілердің сөздері мен хаттары, лекторлар мен насихатшыларға берілетін сұрақтар, социологиялық зерттеулер тұтасынан идеологиялық жұмыстағы сияқты атеистік жұмыста да пәрменді және кері байланыс арналары болып табылады.

Соңғы жылдар ішінде діншілдік пен атеистік жұмыс жайын осылай нақты зерттеу Орал мех комбинатының, Клара

Digitized by Google

Цеткин атындағы фабриканың, механикалық, машина жасау және жөндеу заводтарының, «Омега» заводының, сондай-ақ Приурал ауданының кейбір шаруашылықтарының еңбек коллективтерінде жүргізілді. Сонымен бірге Клара Цеткин атындағы фабрикада бұл зерттеулер биыл қайтадан жүргізілді. Бір қуаныштысы сол, бұрынғы өткізілген зерттеуден кейінгі алты жыл ішінде бұл коллективте діншілдік едәуір азайған. Сонымен қатар қобалжулы және діндар адамдарды коллективтің қоғамдық өміріне белсендірек тарту, жекелей жұмыстарды жандандыру және тұрғылықты жер бойынша атеистік насихатты жақсарту қажет екенін зерттеу тағы да көрсетті. Зерттеу нәтижелері, солардың негізінде жасалған ұсыныстар облыстың партия ұйымдарында пайдаланылуда.

Аса тиімді формалар мен әдістерді белсенді іздестіруді жүргізе отырып, облыстың партия комитеттері советтік жаңа дәстүрлер мен ғұрыптарды енгізуге ерекше көңіл бөлуде. Мұнда да біз мәдени-ағарту мекемелерінің ролін көтеруге, әрбір мәдениет үйі мен клубты осы қызметтің орталығына айналдыруға ұмтыламыз. Дария, Переметное селоларының мәдени-спорт комплекстерінің, «Правда» газеті атындағы, «Красный маяк», «Көшім» т. б. совхоздары мәдениет үйлерінің коллективтері мақтауға тұрады. Қазір бізде он неке қию ғұрпының әрбір тоғызы және нәрестеге ат қоюдың үлкен бөлігі салтанатты жағдайда өткізіледі. Бұл үшін 200-дей мәдениет үйі мен клубта арнаулы залдар жабдықталды, 76 селолық Советте «бақыт бөлмелері» ашылды.

Сонымен қатар біз бұл істің одан әрі жетілдіруді талап ететінін жақсы түсінеміз. Кейбір семьялық салтанаттардан мещандық көрінісін аңғаруға болады. Кейбір жерлерде үйлену тойлары мен басқа да тұрмыстық мерекелер біздің өмір салтымызға, мораль нормаларына және халықтық дәстүрлерге қарамастан масайраған отырыстарға, байлықтарын, «керек» адамдармен байланыстарын көрсетуге ұласады. Жаңа үйленгендердің некесін клубта салтанатты жағдайда тіркегеннен кейін оларды шіркеуге апару фактілері де ұшырасады.

Осындай құбылыстарға қарсы қоғамдық пікірді бұрынғыдан да белсендірек тәрбиелеу талап етіледі. Бізде бірқатар жерлерде жігіттер мен қыздардың дінге көзқарасы, советтік ғұрпты енгізу туралы комсомол жиналыстары өтті және олар комсомолецтер мен жастардың сана-сезімінде із қалдырды. Саяси оқу үйі үгітшілерге, саяси хабаршыларға және лекторларға көмек ретінде совет адамдарын тәрбиелеуде тұрмыстық ғұрыптың ролі мен мәнін түсіндіретін талдауды әзірледі. Нақты адрестері бар осындай материалдар баспасөзде жариялануда.

Атеистік жұмыстың өршілдігі, пәрменділігі көбіне идеология активін даярлау дәрежесімен анықталады. Облыстық партия комитеті ең алдымен аудандық буын мен бастауыш партия ұйымдары үшін атеист кадрларын жаппай даярлауға бағыт алып отыр. Мәселен, тұрақты облыстық семинарда үгітшілер мен лекторларды оқыту жолға қойылды, оның сабақтары тоқсан сайын бес аймақта өткізіледі. «Ғылыми атеизм» курсы 291 мектепте оқылатын партиялық оқу жүйесі де жақсырақ пайдаланылатын болды, онда марксизм-ленинизм университетіндегі ғылыми атеизм бөлімшесінде төрт жыл ішінде 300-ден астам атеизм насихатшысы даярланды.

Қазір ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, әңгімелер мен «дөңгелек стол» басындағы кездесулер жиірек өткізілетін болды. Мысалы, «Партия ұйымдарының атеистік тәрбиені күшейту жөніндегі қызметі», «Діндарлармен жүргізілетін жекелей жұмысты жетілдіру жолдары» тақырыптары бойынша «дөңгелек стол» басындағы мәжілістер қызықты өтті. Орал қаласындағы жоғары оқу орындарының қоғамдық кәсіптер факультеттерінде атеистер мектептері құрылды, онда студенттерді методикамен таныстырады, ғылыми атеизм негіздерінің білімдерін тереңдетеді. Алайда кадрлардың бәрі бірдей өз орындарында шебер пайдаланылмайтынын мойындаған жөн. Кейде қажетті білім алған адам белсенді үгіт-насихат жұмысына қосылмайды.

Облыстың партия комитеттері басқа кемшіліктерді де жақсы біледі. Комплексті қарым-қатынас барлық жерде бірдей орныққан жоқ. Жекелеген партия ұйымдары әзірше атеистік тәрбиемен «жалпылама және тұтасынан» айналысады, діндарлармен жекелей жұмыс жүргізуді жолға қойған жоқ.

Сонымен қатар біздің активистер республикалық және одақтық орындарға тәуелді бірқатар мәселелерді алға тартады. Мәселен, ғылыми атеизм жөніндегі әдебиеттер басуды кеңейткен жөн. Ол бізде мүлде жетіспейді. Таңдаулы көркем шығармалар жылдар бойы қайта басылмайды, діни парыз бен дінге табынуды сынау жөніндегі жұмыстар аз. Балалар мен жасөспірімдерге діни тәрбие берудің залалын көрсететін әдебиеттер жеткіліксіз. Атеистік проблематика жөніндегі көркем және деректі кинофильмдер тым аз.

Орал қаласы.

Digitized by Google

ЖЕҢІЛІСКЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ ЖАНҰШЫРҒАН ӘРЕКЕТІМЕН

Егер Бонның ресми адамдарының мәлімдемелеріне сенер болсақ, Германия Федеративтік Республикасында ешқандай реваншизм жоқ. Шынында да солай ма?

Реваншизм француз тілінен аударғанда «кек алу», «жеңілістің есесін қайыру» деген ұғымды білдіреді. Осындай ұғымды қайсыбір түсіндірме сөздіктен, қазіргі және өткен ғасырдың басылымдарынан да табуға болады.

Бүгінде, алайда, реваншизм және реваншистер туралы айтылған кезде осы ұғым ең алдымен Рейнде немесе баварияльқ астана — Мюнхенде осы күнге дейін, қырық жыл өтсе де екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан европалық шекараны қайта қарауға деген үміттерін үзбеген күштердің бас көтеруімен үндеседі.

Мен үшін Германия Федеративтік Республикасында реваншизммен және реваншистермен алғаш көзбе-көз танысу сонау «аденауэрлік кезде» болған еді.

...Кельн, Рейннің оң жағалауы, «силезиялық немістердің» слеті. Жаздың аптаған ыстығы күйдірген, тапталған алаңда — барабанның қатты дүрсілі, қара жалаулар мен реваншистік ұрандардың үлкен әріптері. Басқарушылардың белгісін таққан егде адамдар жасөспірімдердің үлкен бір тобын соңдарынан ілестіріп келеді. Колонна үстінде: «Силезия поляк балаларына емес, бізге тиесілі» деген плакат.

Силезиялық жерлестер көсемі Шеллхауз жүз мың адамдық қалың топтан жоғары тұрған трибунадан былай деп айқайлап жатыр:

— Жуырда немістерге Дюмонның «Поляктар Бреслауда» деген лентасы телевизия бойынша көрсетілді. Бұл сорақылық! Дюмондық қалжың германдық отан үшін қауіпті... Міне, ол суайт сіздердің алдарыңызда.

Топтың ішінен қолында кинокамерасы бар ұзын бойлы ақ құба жігітке балағатты сөздер айтылып жатты:

— Оны құрту керек!

— Коммунистік шошқа! Поляктың иті. Оны өлтіру керек!

Жетіп үлгерген полицейлер ғана гамбургтік кинопублицисті желіккен топтан аман алып қалды...

Осы реваншистік жын-ойнақтың куәгері болғанымнан бері екі он жылдан астам уақыт өтті. Содан бері Рейнде қаншама су ақты, Германия Федеративтік Республикасының айналасында да, оның ішінде де көп нәрсе өзгерді. Бәсеңдік жылдары реваншистік ұйымдардың позициясын өте-мөте күшті әлсіретті. Бүгінде олардың жетекшілері өздерінің отандастарының көпшілігі — басым, абсолютті көпшілігі Европадағы шиеленістің асқынуын емес, оның үстіне әскери жанжалды емес, бүгін де, ертең де бейбіт өмірдің болуын, Совет Одағымен және басқа да социалистік елдермен игі қарым-қатынасты қалайтыны туралы өздеріне есеп бере алмайды емес.

Сондықтан да реваншистер өз идеясымақтарының дағдарысты паегінде отырып, ашу-ызамен, жеңіліске ұшырағандардың жанұшырған әрекетімен қимыл жасайды. Сондықтан да олар империализмнің, ең алдымен американдық аса агрессияшыл күштердің кінәсінен болған халықаралық саяси ахуалдың нашарлауын, тайталастың шиеленісуін шаттана қарсы алды. Реваншизм уағызшылары қазір кемінде үш міндетті шешуге әрекеттенуде. Біріншісі — реванш идеясының қандай жағдайда тұншығып, тұңғиыққа батып кетуіне жол бермеу; екіншісі — осы идеяны Бонның мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігіне айналдыру; үшіншісі — әртүрлі реваншистік жаугершілердің сан жағынан азаюына жол бермей, оны жастармен толықтыру.

Мұның сәті түсуде ме? Реваншистік көкжиектегі соңғы желіктерге қарағанда, бұған белгілі бір дәрежеде қол жетуде. Көптеген өлкелік ұйымдар басшыларының, былайша айтқанда, екі рет жолы болды: оңшыл коалицияның өкімет басына келуіне байланысты реваншистік одақтардың қызметі жандана түсті. Олардың бұдан бір жылдан астам уақыт бұрын басталған алғашқы соққы бере-

Digitized by Google

тін жаңа американдық ядролық құралдардың Германия Федеративтік Республикасы территориясында орналасуы да жігерлендірді.

«Мәңгі кешегілер», реваншистерді дәл осылай атайды, қазір ностальгиялық жиындарды ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Германия Федеративтік Республикасы Совет Одағымен, Герман Демократиялық Республикасымен, Польшамен және Чехословакиямен жасаған шарттарға қарама-қайшы олар социалистік мемлекеттерге территориялық көзалартуды, Герман Демократиялық Республикасын «жұтып» жіберуге, «рейхты 1937 жылғы шекараларда қалпына келтіруге» үміттенеді. Ресми Боннан «немістер қай жерде тұрса да» оларға қамқорлық жасауды, қиылыстардың бәрінде «нағыз» қожайындар «өз үйлеріне» оралуға тиіс екені туралы қайта-қайта айқайлайды.

«Қуылғандар одағының» жетекшісі Герберт Чая өткен күзде Брауншвейгте өз сыбайластарының слетінде неміс талаптарының тізіміне Шығыс Пруссияны, Силезияны, Помераниді, Судетті, Венгриядағы, Трансильваниядағы «швабскодунайлық аймақтарды», «Россиядағы бұрынғы неміс қауымдарын» т. б. енгізу қажет деп мәлімдеді. Слетте болған Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлері Гельмут Коль осы сандырақтардың бәрін ешбір қызармастан-ақ тыңдады!

Бонның ресми топтары қолдап отырған реваншистердің лидерлері «қырғи қабақ соғыстың» қауіпті кезіндегі сияқты бүгінде де социалистік елдерге қарсы қайсыбір зиянкестік әрекеттерге белсене қосылуда. «Силезиядағы немістердің» өлкелік ұйымының бертіндегі публикациясында мынадай директива бар: «Коммунистік режимдерді тұрақсыздандыру жаңа герман және шығыс саясатының мақсаты болуға тиіс».

Бір ғажабы сол, реваншистік белсенділік жиындарының бірі дүние жүзі жұртшылығы Ялта конференциясының қырық жылдығын атап жатқан күндерде өтті, ал Ялта конференциясының шешімімен Европадағы қазіргі бейбіт реттілік негізі қаланған еді.

«Мәңгі кешегілер» сөйтіп, өздерінің өрескел арсыздығын көрсетіп қана қоймай, Совет Армиясының екінші дүние жүзілік соғыс майдандарындағы жеңістері, Европа қалаларының үстінде оқдәрі түтіні қалықтаған сол күндерде-ақ антигитлерлік коалицияға қатысушылардың неміс жерінен көрші елдерге енді ешқандай және ешқашан қауіп төнбеуге тиіс деп ұйғаруы туралы естеліктердің өзі көңілдеріне тым жақпайтын Батыстағы ықпалды күштерге жарамсақтанып бақты.

Ялта мен Потсдам конференциясының келісімдері міне 40 жыл бойы халықаралық қауіпсіздікке адал қызмет етіп келеді. Онда қаланған бейбітшілікті сақтау мәселелеріне деген принципті қатынас 1975 жылғы жалпыевропалық кеңестің Қорытынды актісінде қуаттылуы кездейсоқ емес. Бірақ нақ осының өзі планетада бейбітшілікті нығайту, бәсеңдік, тату көршілік ісі тым ұнамайтын империализм жағындағы күштердің одан сайын ызасын келтіруде.

Ялта шешімдерінің қырық жылдығы юбилейі күндерінде Германия Федеративтік Республикасы қорғаныс министрінің Жапонияға сапарын әзірлеу мақсатында Токиоға келген ХДС/ХСС-тің бундестагтық фракциясының әскери кеңесшісі Г. Позер Хельсинкидегі жалпы европалық кеңесті екінші «Ялта конференциясы» деп атап, осы салыстыруға бүкіл жауынгерлік реваншизмнің зәрін төкті. Алайда кеңесші дәрежесімен шектелсе ештеңе емес қой... Бірақ осыған байланысты батысгермандық «Франкфуртер рундшау» газеті былай деп жазды: «Ялта конференциясына қырық жыл толған нақ сол күндерде Германия Федеративтік Республикасының канцлері реваншистердің силезиялық өрескел әрекетіне араласқан болатын».

Бонндық қисынға таңданбасқа болмайды. «Германия Федеративтік Республикасында ешқандай реваншизм жоқ», — деп үзілді-кесілді мәлімдеді канцлер Г. Коль. Бірақ әлі де «ұлыгерманиялық өткен өмірмен тіршілік етуші оның көптеген отандастарын қайда қоясың! Реваншистер шығаратын 360 газетті қалай аңғармассың, олар бір жарым миллиондық тиражбен жастардың сана-сезімін улауда. Және, ақыр соңында, өткен жылы Бонн үкіметінің, Кольдің сөзіне қарағанда, нақ сол атымен жоқ реваншистерге көмек ретінде бөлген 900 миллион марканы қалай ұмытуға болады?

«Силезиялық өлкелік ұйымының» баспасөз органы — «Шлезиер» газетінде өзін-өзі әшкерелейтін мақаланың жариялануы осындай екіжүзділіктің қисынды пайда болуына айналды. Оның авторы, Томас Финке деген біреу ғажайып нәрсе — бундесвердің совет шекараларына жақындауы туралы қиялданады! Қысылған канцлер мақаланы «адасқан жасөспірімнің аңғал ісі» ретінде көрсетуге асықты. Жасөспірімді ХДС-ке жақын «Юнге унион» жастар ұйымынан шығарып, жазалады. Құрт түскен реваншистік алма жұлынды...

Алайда, баршаға мәлім, алма алмадан алыс түспейді. «Өлкелік ұйым» басшыларының мәлімдемелерінен онша ерекшеленбейтін бонндық кейбір ресми адамдардың пікірлері осы бұрыннан келе жатқан шындыққа көз жеткізуге мүмкіндік береді. Германия Федеративтік Республикасының ішкі істер министрі Ф. Циммерман «қайта қосылу деп аталатын проблема», оның пікірі бойынша, «Германия Федеративтік Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасын ғана емес, сондай-ақ Одер — Нейстің әр жағында орналасқан бұрынғы шығыс герман территорияларын да қамтиды деп тұжырымдады.

Германия Федеративтік Республикасы мен көрші елдерде қалың жұртшылық

Digitized by Google

оқиғаның осылай дамуына шын мәнінде алаңдауда. Парасатты ойлайтын адамдар: реваншизм мен неонацизм сиамдық егіздер болып табылады, оларды аса қатерлі рухани жақындық біріктіреді деген тұжырымның дұрыстығына барған сайын иланууда.

Мысалы, француздың «Нувель обсерватер» журналы былай деп жазады: «Нацистік армиялардың одақтастар күштері алдында тізе бүккеніне 40 жыл өткеннен кейін шекараларды қайта қарауды талап етуге бола ма? Гитлердің қылмысты авантюрасы талқандалғаннан кейін Польшаға қараған рейхтың бұрынғы территорияларын Германияға қайтып беруді талап етуге бола ма? Вроцлав қайтадан Бреслау болсын деуге бола ма? Қайсыбіреулер батыл түрде «иә» деп жауап береді және Германия Федеративтік Республикасында бірнеше айдан бері қатты алаңдатқан осындай науқан өтуде».

Сонымен қатар біз реваншистік топтарда таратылған біздің еліміз немістерге жау ретінде қарайды-мыс деген өтірікті батыл түрде жоққа шығарамыз. Совет адамдары Германия Федеративтік Республикасының әрбір азаматынан реваншисті көрмейді.

Совет Одағы Германия Федеративтік Республикасымен қарым-қатынасты Москвада қол қойылған 1970 жылғы СССР мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Шарт және екі мемлекет арасындағы басқа да келісімдер негізінде құруда. Біздің елімізде осы бағытта қол жеткен совет — батысгерманиялық байланыстар мен өзара тиімді ынтымақтастық дәрежесін бағалайды, олардың дамуы Германия Федеративтік Республикасы мен СССР халықтарының бейбітшілік пен бәсеңдік жағдайында өмір сүруінің өзара және табиғи қажеттігін бейнелейді деп есептейді.

Егер де совет адамдары, басқа да бейбітшіл халықтар сияқты, қазір Бонн саясатындағы милитаристік бағыт және бас көтерген реваншизм туралы ашық айтса, онда әрине, бүкіл батысгерманиялық халықты емес, бонндық бейбітшілік ісіне, бәсеңдікке және ынтымақтастыққа елеулі қатер келтіре алатын мемлекеттің топтары ескеріледі деп айтылып отыр.

СССР-дің Германия Федеративтік Республикасымен қарым-қатынасты Москва шарты және іс жүзіндегі территориялық-саяси шындықты сыйлау, бір-бірінің қауіпсіздігін тиісті дәрежеде ескеру негізінде дамытуға арналған принципті бағыты өмірмен расталған. Осы жағымды процесте қайсыбір реваншистік ауытқушылықтар үшін орын жоқ және болуы да мүмкін емес.

И. МЕЛЬНИКОВ.

Біздің анықтама бөліміміз

Сентябрь айындағы атаулы күндер

1 — **Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні.**

— **Білім күні.**

— Кәсіподақтардың бейбітшілік жолындағы іс-қимыл күні

2 — Вьетнам Демократиялық Республикасы жарияланғанына 40 жыл (1945). 1976 жылдан — Вьетнам Социалистік Республикасы.

— Жапонияның сөзсіз тізе бүккендігі туралы актіге қол қойылғанына 40 жыл (1945). Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталды.

8 — Танкішілер күні

— Журналистердің халықаралық ынтымақ күні.

9 — 1948 — Корей Халық-Демократиялық Республикасы жарияланды.

— 1944 — Болгарияда социалистік революция жеңді. Болгар халқының ұлттық мейрамы — Бостандық күні.

15 — **Орман қызметкерлерінің күні.**

— 1946 — Болгария Халық Республикасы болып жарияланды.

27 — Бүкіл дүние жүзілік туризм күні

29 — **Машина жасаушы күні.**

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-03, 33-80-07,

33-80-56, 33-80-73,

33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор. 11.07.85. Подп. к печати 25.07.85. УГ01350. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 66176 (казахское издание 33629 экз., русское издание — 32547 экз.). Заказ 123. Цена 15 коп.


Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ—ҚАЗАҚСТАН






Теміртау. «Казметаллургстрой» тресінен А. Коструба-ның таңдаулы комсомол-жастар бригадасы бұл күндері іске қосылатын маңызды объекті — Қарағанды металлургия комбинаты ақ қаңылтыр цехының екінші кезегінде жұмыс істейді. Құрылысшылар объектіні 1985 жылғы 25 декабрьге дейін іске қосуға уәде берді.

Алматы. Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік XII фестивалінің эмблемасы Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Алматы мақта-мата комбинатының коллективі шығаруға кіріскен матаның үш түріне көрік берді. Жастардың осы заманғы жазғы киім ансамбльдерін, көйлектерін, жейделерін тігуге болатын айшықты, түрлі-түсті маталар еліміздің жігіттері мен қыздарының көңілінен шығады. Комбинатта осы өнімнің барлығы 250 мың погон метрі шығарылады.

Суретте: тоқымашы Бану Мұқышева жаңа маталарды көрсетуде.





Көптеген мектептерде қазірдің өзінде компьютерлі сауаттылықты оқып-үйрену басталды. Алматы қаласының № 13 орта мектебінің түлектері электронды-есептеу машинасының операторы кәсібін ала бастады.

Суретте: оқушылар программаларды құрастыру үстінде.

Жезқазған. Облыс орталығындағы жаңа аэровокзал алғашқы жолаушыларды қабылдады. Онда жолаушылар үшін барынша қолайлы жағдай жасалған.

ҚазТАГ-тың суреттері.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN—0132—6139

КПСС XXVII СЪЕЗІНЕ РАПОРТҚА—
БІЗДІҢ ЕҢБЕК ЖЕҢІСТЕРІМІЗ!



Қазақстан ҮГІТШІСІ

16
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google



Орал облысы. Киім пішуші, үгітші В. П. Донскова 4,5 жарым жыл ішінде сегіз жылдық жоспарды орындады. Мұның өзі он бірінші бесжылдықта Клара Цеткин атындағы Орал тігін фабрикасындағы ең жоғары көрсеткіш. Қазір кәсіпорынның киім пішушілерінің бәрі Валентина Парфеноваңың әдісі бойынша жұмыс жасайды. Оның еңбегі III дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен аталды, есімі Қазақ ССР-ның Құрмет алтын кітабына жазылды.

Суретте: В. П. ДОНСКОВА.

Суретті түсірген С. САЛЬНИКОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

16

1985

АВГУСТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 16, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

Экономиканы интенсивтендірудің сара бағыты. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың республика партия-шаруашылық активінің жиналысында жасаған баяндамасы 2

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Коваленко. Советтер елінің Негізгі Заңы . 10

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Іске қосылатын құрылыстарға — екпінді қарқын (Қазақстан құрылыстары үгітшілерінің Жамбыл қаласында өткен республикалық кеңесінен) 13

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

С. Қуандықов. Егіс танабындағы емтихан . . 19
Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының «Восход» совхозы партия бюросының егін орағындағы ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысының жоспары 20
А. Кирхгефер. Егін жинаудағы көрнекілік . . 21
В. Дмитровский. Астық қысырабына жол берілмесін 22

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Черепанов. Орман байлығын еселей түсейік . 24
З. Джалилов. Мамандану тиімділігі . . . 26

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ю. Афанасьев. Қазақстан қорықтары . . . 27

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

А. Мұңайтбасова. Лектор сөзі 29
А. Сүлейменов. Үгіт бригадасы салауаттылық Ой салар жолдар 29

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Большаков. «Әділет күрескерлерінің» пішінінде . . . . . : : 3

Digitized by Google

ЭКОНОМИКАНЫ ИНТЕНСИВТЕНДІРУДІҢ САРА БАҒЫТЫ

22 июльде Алматыда республика партия-шаруашылық активінің жиналысы болып, оған облыстық партия комитеттерінің, бірқатар қалалық және аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары, облыстық атқару комитеттерінің председательдері, бір топ бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері, министрліктер мен ведомстволардың, өнеркәсіптің, транспорттың және басқа салалардың ірі кәсіпорындарының, Қазақ ССР Ғылым академиясының, бірқатар ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ғылыми-өндірістік бірлестіктер мен жоғары оқу орындарының басшылары, мамандар, өндіріс озаттары мен жаңашылдары, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Министрлер Советінің жауапты қызметкерлері, бұқаралық информация құралдарының өкілдері қатысты.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас «Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі КПСС Орталық Комитетіндегі кеңестің қорытындылары және республика партия ұйымының міндеттері» туралы баяндама жасады.

Талқыланған мәселе бойынша қарар мен шаралар қабылданды, оларда республиканың халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің кең көлемді программасы белгілеиген.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ СЕКРЕТАРЫ Д. А. ҚОНАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ РЕСПУБЛИКА ПАРТИЯ-ШАРУАШЫЛЫҚ АКТИВІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ

Он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылының қоғамдық-саяси оқиғаларының арасында, деді өзінің баяндамасында Д. А. Қонаев жолдас, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөнінде КПСС Орталық Комитетінде болған кеңес айрықша орын алады. Партияның экономикалық стратегиясын жүзеге асыру үшін оның зор маңызы бар. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың терең де мазмұнды баяндамасында экономикадағы істің жағдайына объективті талдау жасалып, әділ баға берілді, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің, оның материалдық-техникалық базасын түбірінен өзгертудің ғылыми негізделген концепциясы ұсынылды.

Теріс құбылыстарды батыл жою, халық шаруашылығын қысқа мерзімде сапалық жаңа деңгейге шығару, стратегиялық бағыттардың бәрінде тұрақты ілгерілеуді қамтамасыз ету міндеті тұр. Бүгін таңда бұл міндет бірінші дәрежелі саяси, экономикалық және әлеуметтік маңызға ие болып отыр. Демек, кеңесте атап көрсетілгеніндей, оны жүзеге асыру жалпыпартиялық және жалпыхалықтық шұғыл іске айналуға тиіс. Біздің экономикалық саясатымыздың өзекті мәселесін шешуге нақ осындай жаңашыл, шын мәнінде революциялық көзқарас еліміздің қазіргі кезеңдегі даму қажеттеріне, барлық совет адамдарының әл-ауқатын одан әрі арттыру мүдделеріне неғұрлым толық сай келеді.

М. С. Горбачев жолдастың июнь кеңесіндегі баяндамасы, оның Ленинградтағы, Киевтегі, Днепропетровскідегі, Минскідегі сөйлеген сөздері партия мен халықтың жаппай мақұлдауына ие болып, халықаралық зор жаңғырық туғызды.

Партияның ғылыми-техникалық прогресті жеделдету бағытын Қазақстанның коммунистері, барлық еңбекшілері терең түсініп, бірауыздан қолдап отыр. Ол біз үшін нақты практикалық іс-қимылдың жауынгерлік айқын программасына айналды.

Бүгін таңда біз күрделі және ірі ауқымды міндеттерді ойдағыдай шешуге, ғылым мен техниканың ең жаңа

Digitized by Google

жетістіктерін өндіріске енгізуге, экономиканың даму қарқынын арттыруға міндеттіміз. Өздеріңіз білесіздер, бұл бағытта бірталай нәрсе істеліп те жатыр. Бізде Теміртау — Қарағанды, Қаратау— Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Маңғышлақ территориялық-өндірістік комплекстері, ірі-ірі өнеркәсіп тораптары жұмыс істейді.

Павлодар облысында бірегей отын-энергетика комплексі құрылып жатыр. Екібастұзда саладағы аса ірі «Богатырь» разрезінде қуатты роторлық экскаваторларды пайдалана отырып, көмірді тасқынды-циклды әдіспен өндіру отандық практикада тұңғыш рет енгізілді. Мұнда елдегі ең ірі отын электр станциясы салынып, пайдалануға берілді. 1150 киловольттік аса жоғары кернеулі, теңдесі жоқ «Екібастұз — Орталық» электр желісі жасалып жатыр.

Руданы жер астында және ашық әдіспен өндірудің прогресті технологиясын кеңінен енгізуде, түсті, сирек кездесетін және шыңдағыш металдар алудың автогендік және экстракциялық жаңа процестерін жасап, игеруде, руда шикізатын пайдаланудың комплекстілігін арттыруда республиканың түсті металлургиясы алдыңғы орынға ие болып отыр. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында ғана қазір шикізат құрамындағы 20 элементтің 18-і алынады. Павлодар алюминий заводында дүние жүзінде тұңғыш рет принципті жаңа технология бойынша аса таза галлий шығару игерілді.

Геологияның, қара металлургияның, химияның жаңа техника мен озық технологияны игеру мәселелеріндегі табыстары баршаға аян.

«Б» тобының кәсіпорындарында, құрылыста және құрылыс индустриясында, транспорт пен байланыста, қызмет көрсету саласында көптеген техникалық жаңалықтар жасалып, енгізілді. Республикада жыл сайын 20 мыңнан астам рационализаторлық шаралар енгізіледі. 925 цех пен учаске комплексті механикаландырылып, автоматтандырылды, 1150 тасқынды және автоматты линия орнатылды. Сегіз жүзге жуық жаңа бұйым түрлері игеріліп, сериялап шығарыла бастады, олардың 150-ге жуығы — елімізде тұңғыш рет шығарылуда.

Соңғы жылдар ішінде ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресс едәуір жеделдеді. 22 миллион гектар жерде өз республикамызда дүниеге келген егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі енгізілді, егістіктерге аса қуатты техника келді. Ауыл шаруашылық дақылдарының жоғары өнімді сорттары, малдың перспективалы тұқымдары өсіріп шығарылды.

Осының бәрі, сөз жоқ, мемлекеттік жоспарларды ойдағыдай орындауға жәрдемдесті. Бесжылдықтың төрт жылының тапсырмаларынан тыс 765 миллион сомның өнеркәсіп өнімі өткізілді, негізгі өндірістік қорлар үштің біріндей артты. Ұлттық табыстың жылдық орташа көлемі оныншы бесжылдықтағы 18 миллиардтың орнына 20 миллиард сомға жетті. Бесжылдықтың аяғына қарай өнеркәсіп өндірісі 19—20 процент артады. Өткен жылы товарлы өнім өсімінің 84 проценті еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынды. Күрделі қаржының тиімділігі артты, аяқталмаған құрылыс көлемі кеміп келеді. Қуаңшылыққа қарамастан, ауыл шаруашылық өнімінің көптеген түрлерін өндіріп, сатып алу жөніндегі тапсырмалар орындалуда. Әлеуметтік программа дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Сөз жоқ, деп атап өтті баяндамашы, біздің табыстарымыз бұдан да сүбелі болар еді. Өкінішке қарай, көптеген кәсіпорындар, бірлестіктер және тұтас салалар әлі де бұрынғыша жұмыс істеп, өндірісті интенсивтендіруге шұғыл бетбұрыс жасай алмай отыр.

Басты себеп ғылыми-техникалық прогресс барлық жерде бірдей экономиканы жеделдете дамытудың аса маңызды факторына айналмағандығында болып отыр. Мәселен, машина жасауда, құрылыс материалдары өнеркәсібінде, энергетикада, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шымкент облыстарында өндіріс баяу жаңартылуда. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыру және қайта құру қарқыны төмен. Бізде бұл мақсаттарға жұмсалатын шығындар әлемдегі 20 процент болып отыр, ал бірқатар министрліктер мен ведомстволар бойынша тіпті 10 процентten де аспайды.

Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, министрліктердің, ведомстволар мен бірлестіктер басшыларының шығындар құрылымын қайта қарап, техникамен қайта жарақтандыруға жұмсалатын күрделі қаржының үлесін едәуір арттыруы, оларды, кемінде, 50 процентке жеткізуі керек. Бұл орайда әңгіме «осал жерлерді» жамап-жасқау немесе жабдықты жай ғана алмастыру жайында емес, жаңа процестерді енгізіп, қалай да жоғары түпкі нәтижеге жету, шығарылатын өнімнің сапасын айтарлықтай жақсарту жайында болуға тиіс.

Қол еңбегінің үлесін күрт қысқарту қажет. Қазір өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің — әрбір үшіншісі, құрылыс пен ауыл шаруашылығында — әрбір екіншісі, қызмет көрсету саласында — 70 процентten астамы қол еңбегімен шұғылданады.

Сәйте тұра Энергетика және электрлендіру, Жеңіл өнеркәсіп, Балық шаруашылығы, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктерінің, Главалмаатастройдың басшылары өндірісті механикаландыру ісімен нашар айналысады. Жезқазған, Қостанай, Семей, Талдықорған, Торғай облыстарында бұл мәселеге жете мән берілмейді.

Республикада қол еңбегін қысқартудың мақсатты комплексті программасы бар. Алайда июнь кеңесінің талаптарына сәйкес оны мұқият жетілдіру керек. Программа өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың барлығын түгел

Digitized by Google

қамтитын болуы қажет. Бұл маңызды істен ешкім де тыс қалмауға тиіс. Партияның нұсқауы осындай.

КПСС Орталық Комитетіндегі кеңесте, деді бұдан кейін Д. А. Қонаев жолдас, құрылған өндірістік потенциалдың пайдаланылуын батыл жақсарту қажеттігі айрықша күшпен атап көрсетілді. Біз үшін бұл проблеманың ерекше маңызы бар, өйткені республикада жаңа кәсіпорындар көптеп салынып, ең осы заманғы жабдық орнатылуда. Бірақ, бірқатар салаларда енгізілген қуаттарды игеру баяу жүргізіліп жатқаны, жобалы техникалық-экономикалық көрсеткіштерге жылдап қол жетпейтіні құпия емес. Өнеркәсіпте 6 мыңнан астам механикаландырылған және автоматты линиялар орнатылды, бірақ солардың толық қуатымен жұмыс істейтіндері тең жартысынан да кем. Бұл мүлдем жол беруге болмайтын және заман талаптарына сай келмейтін нәрсе.

Жабдықты сатып алу мен пайдалануда мейлінше қатаң тәртіп орнату қажет. Осыған орай баяндамада республика Балық шаруашылығы министрлігінің, Тамақ өнеркәсібі министрлігінің және басқа кейбір министрліктердің атына қатты сын айтылды. Біздің, деді Д. А. Қонаев жолдас, министрлер Саржанов, Тымбаев, Тәкежанов, Казачков, Бейсенов, Жиембаев жолдастардан мейлінше қатаң талап етуге хақымыз бар. Қырсыздық түп-тамырымен жойылуға тиіс екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Өндірістік потенциалдан алынатын қайтарымды арттыру материалдық ресурстарды ұқыпты пайдаланумен етене байланысты. Алайда көптеген салалар мен облыстарда металл, цемент, ағаш, отын үнемдеу жөніндегі тапсырмалар орындалмайды, шикізаттың едәуір артық жұмсалуына жол беріледі. Әсіресе Энергетика және электрлендіру министрлігі, Түсті металлургия министрлігі, Автомобиль транспорты министрлігі жүйесінде, Қара металлургия, құрылыс материалдары және құрылыс индустриясы кәсіпорындарында, сондай-ақ Алматы, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Шымкент облыстарында істің жайы өте нашар.

Мұндай жағдайда міндеттememіздің аса маңызды көрсеткіші — жыл ішінде екі күн үнемделген ресурстармен жұмыс істейміз деген уәдемізді қалай орындамақпыз? Ысырап атаулының бәрін қысқарту, шикізатты комплексті өңдеуді, қайталама ресурстарды кәдеге жаратуды жақсарту жөнінде ойластырылған жұмысты сөз жүзінде емес, іс жүзінде ұйымдастыратын уақыт жетті. КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларын басшылыққа алып, жер-жердің бәрінде отын, шикізат және материалдар жөніндегі қажеттің өсімін едәуір дәрежеде оларды үнемдеу есебінен өтеуге мүмкіндік беретін шараларды жасап, енгізу керек.

Өздеріңізге мәлім, Орталық Комитеттегі кеңесте шығарылатын өнім сапасын жақсарту мәселесі мейлінше өткір қойылды. Бұл тұрғыда бірталай іс тындырылды, бірақ түбегейлі өзгерістерге әлі қол жеткен жоқ.

Стандарттар мен техникалық шарт талаптарына сай келмейтін өнім шығару фактілері, әсіресе жеңіл, жергілікті өнеркәсіп, құрылыс материалдары кәсіпорындарында, Ақтюбинсксельмашта, Семей газ аппаратурасы заводында, Талдықорған қорғасын аккумуляторлар заводында әлі де көп. Міндет ақау жіберушілер және оларға еркіндік беретін жекелеген басшыларды мейлінше қатаң жауапқа тартуда болып отыр. Шығарылатын өнім сапасын арттыру мәселесі бүгін таңда партияның бүкіл экономикалық саясатының өзегіне айналып отырғанын, барлық коммунистер, барлық партия ұйымдары мен еңбек коллективтері үшін бірінші дәрежелі маңызы бар іске айналуға тиіс екенін үнемі есте ұстау қажет.

Экономиканы дамытуға және техникамен қайта жарақтандыруды жеделдетуге күрделі құрылыстағы кемшіліктер теріс ықпал етіп отыр, делінді бұдан кейін баяндамада, өйткені онда маңызды объектілерді салу мерзімдері бұрынғысынша ұзаққа созылып кетуде, оларды іске қосу жоспарлары орындалмауда. Бірқатар салаларда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру мен кеңейту орынсыз ұзаққа созылады, комплексті жүргізілмейді. Жоба-смета ісін ұйымдастыруда олқылық көп. Казсантехпроект, Казгипроцветмет, Востокселькпроект, Алмаатагипротранс институттарында, Су шаруашылығы және мелиорация министрлігінің, Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің, «Казмежколхозстройдың» жобалау ұйымдарында инженерлік қателіктер, жобалау нормаларын бұзу жиі кездеседі. Өкінішке қарай, бұл мәселелерде Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің тиісті ықпалы әлі күнге дейін сезілмей келеді.

Бүгін таңда өмір ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қарай барлық жерде түбегейлі бетбұрыс жасалуын қатты талап етіп отырғанын, деді бұдан кейін Д. А. Қонаев жолдас, мейлінше терең жауапкершілікпен түсіну қажет. Барлық кадрларымыздың назары осыған шоғырлануға тиіс. Әрбір сала бойынша, әрбір коллектив бойынша істің мәнжайын талдап, өндірістің техникалық дәрежесін арттырудың, шығарылатын өнім сапасын шұғыл жақсартудың егжей-тегжейлі шараларын қолдану керек. Баяулық, ырғалып-жырғалу, инициативасыздық атаулының қай-қайсысына да еш жол беруге болмайды.

Ең алдымен біз жаңа техника жоспарлары көбіне моральдық тұрғыда ескірген, тиімділігі шамалы шаралар негізінде жасалып, оның үстіне олардың көпшілігін жүзеге асыру тым ұзаққа созылып жүрген практикадан арылуымыз керек. Түсті металлургия министр-

Digitized by Google

лігінің, Тамақ өнеркәсібі министрлігінің, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің, Су шаруашылығы және мелиорация министрлігінің бірқатар кәсіпорындарында істің жайы нақ осындай. Шын мәніндегі жаңашылдық идеяларды іріктеп алып, өндіріске жеделдете енгізу, еңбек өнімділігін 3—5 есе, тіпті одан да көп арттыратын сапалық тұрғыдан жаңа технология мен техника жасау қажет. Программалы-мақсатты жоспарлауды, әсіресе салааралық және аймақтық проблемалар бойынша жақсарту, жаңа техника жоспарларының теңдестірілу дәрежесін арттыру, оларды бағалау ісіндегі негізгі көрсеткіштер қатарына енгізу қажет. Және әлбетте, жаңа техника жоспарлары мемлекеттік жоспардың барлық бөлімдерінің табиғи бір бөлімі ғана емес, сонымен қатар оның негізі, сүбелі түпкі нәтижелерге жетуді көздейтін бағдары болуға тиіс.

Мұндай жағдайда, деп атап көрсетті баяндамашы, оларды орындауға қалай болса солай қарауға мүлдем жол беруге болмайды. Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің, Ет-сүт өнеркәсібі министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылым мен техниканы дамыту жөнінде белгіленген тапсырмаларды бесжылдықтың басынан бері бірде-бір рет орындамағанына төзе беруге бола ма?

Бұл мәселелерді шешу үшін министрліктердің, ведомстволардың және кәсіпорындардың басшыларына қойылатын талапты күшейту қажет. Жаңа техника жөніндегі тапсырмалардың орындалмауын өндірістік жоспарды орындамау деп қарап, одан тиісті қорытынды шығару керек.

Біздің ғылым ғылыми-техникалық прогресс жолындағы күрестің алдыңғы шебінде болуға тиіс. Бізде республикалық академия бастаған зор ғылыми потенциал бар. Біздің ғалымдарымыз геология, кен ісі, металлургия, химия, радиациялық физика, биология, қолданбалы математика саласында іргелі және қолданбалы зерттеулерді ойдағыдай жүргізуде.

Дегенмен, кейбір жерлерде бұрынғысынша тақырып ұсақтығы басым екенін, кибернетика, өндірісті автоматтандыру, энергия және материал үнемдейтін, қалдықсыз және қалдығы аз технологиялық процестерді талдап жасау саласындағы жаңа бағыттар баяу дамып отырғанын көрмеуге болмайды.

Республика Ғылым академиясы президиумының, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің тақырыптық жоспарларды қайта қарауы, басты бағыттарды және ең алдымен біздің институттарымыз таяу уақытта республика шеңберінен тыс жерлерде де жетекші орынға ие бола алатын бағыттарды анықтап алуы керек.

Жоғары оқу орындарындағы ғылымды да пайдалану тиімділігін арттыру қажет, олардың есебінде бірталай перспективалы ірі шешімдер бар. Проблемалық лабораторияларды одан әрі дамыту, бірқатар жоғары оқу орындарын білікті кадрлармен нығайту мәселесін де ойластыру керек. Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық дәрежесін арттыруға, бақылауды күшейтуге, көбірек практикалық көмек көрсетуге міндетті.

Салалық ғылымда кемшіліктерді тезірек жою керек. Оның мүмкіндіктері әлі де ұтымды пайдаланылмай келеді. Көптеген институттар, жобалау-конструкторлық ұйымдар мен бюролар тиімді жұмыс істемейді.

Мәселен, республика Түсті металлургия министрлігінің орталық жобалау-конструкторлық технологиялық бюросының жұқа қабаттардан кен алуға арналған өздігінен жүретін өте қажетті жабдық жасап жатқанына он жылдай уақыт болды. Алайда осы уақыттың ішінде мұнда жер астындағы жағдайларда тұрақты жұмыс істеп, кеншілердің еңбегін жеңілдете алатын бірде-бір үлгі жасалған жоқ. Тамақ өнеркәсібі министрлігінің орталық жобалау-конструкторлық бюросындағы істің жайы да бұдан мәз емес. Бесжылдықтың басынан бері ол 420 жұмыс орындады, ал өндіріске соның 175-і ғана енгізілді, пайда белгіленгендегіден жеті еседен кем алынды.

Заводтық ғылымның ролін арттыру мәселесін шындап ойластыру керек. Оның артта қалуы — кейбір басшылардың ғылыми-техникалық прогрестің осынау маңызды учаскесіне үстірт қарайтындығының бұлтартпас дәлелі.

Министрліктер мен ведомстволардың басшылары өз бөлімшелерінің жұмыс тақырыбын мұқият қарауға, оларды саланың техникалық дәрежесін арттыру ісіне белсенді түрде қатысуға барынша жақындатуға міндетті. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің жақында қабылданған «Ғылыми қызметкерлердің, өнеркәсіп конструкторлары мен технологтарының еңбегіне ақы төлеуді жетілдіру туралы» қаулысында берілген материалдық және моральдық ынталандыру мүмкіндіктерін осы мақсаттарда кеңінен пайдалану керек.

КПСС Орталық Комитетіндегі кеңесте әділ атап көрсетілгеніндей, ғылымның өндіріспен творчестволық байланысын тереңдете беру керек. Ғылыми-техникалық комплекстер, инженерлік орталықтар, нақты проблемаларды шешу үшін уақытша творчестволық коллективтер құру мәселелерін шешу қажет. Сондайақ тәжірибелік және тәжірибелік-өндірістік сынақтар жүргізу үшін базалық кәсіпорындар ретінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын неғұрлым белсенді пайдалану керек.

Ғылыми-өндірістік бірлестіктер ғылым мен өндіріс интеграциясының сенімді практикада тексерілген формасына айналғаны мәлім. Алайда біздің кейбір министрліктеріміздің басшылары оларды

Digitized by Google

құру жөнінде оншалық инициатива көрсетпейді, ал ондай мүмкіндіктер Геология министрлігінде де, Түсті металлургия министрлігінде де, Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде де, Фосфор өнеркәсібінде де, аграрлық-өнеркәсіптік комплексте де бар. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, министрліктер мен ведомстволардың бұл мәселе бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуді жеделдетуі қажет.

Ғылыми-техникалық прогресс, деді одан әрі Д. А. Қонаев жолдас, бұқараның творчестволық белсенділігіне берік сүйенбейінше, жұмысшылардың, мамандардың жаңашылдық ойымен жанды байланыс жасамайынша мүмкін емес. Республикада бесжылдықтың басынан бері 600 мыңға жуық рационализаторлық ұсыныстар мен жеті мыңнан астам өнертабыстар енгізілді. Оларды енгізуден алынған экономикалық пайда миллиард сомнан асады. Бірақ мұнда да резервтер бар. Кейбір министрліктер мен ведомстволардың басшылары кертартпалық көрсетіп, жаңалықтардан ат-тонын ала қашады. Қазақ республикалық кәсіподақтар советі бұл іспен нашар шұғылданады.

Қазір республикада ғылыми-техникалық прогрестің 2005 жылға дейінгі комплексті программасы әзірленді. Онда біздің экономикалық және әлеуметтік дамуымыздың негізгі бағыттары белгіленген.

Программа бағдарлап отырған басты нәрсе — аса бай табиғат ресурстарын интенсивті игеру, оларды комплексті пайдалану. Еліміздің энергетика программасын жүзеге асыруда республикаға үлкен роль жүктеліп отыр. Орталық және Батыс Қазақстанда отынның ірі қорларын пайдалануға қосу көмір қазудың принципті жаңа технологияларын, мұнай қабаттарының қайтарымын арттырудың тиімді әдістерін жасауды талап етеді. Энергетикада энергия агрегаттарының өлшемдік қуатын арттыру, жоғары кернеулі электр желілерін тарту бағыты алынып отыр.

Кен өндіру кәсіпорындарында ғалымдар мен өндірісшілердің күш-жігерін кен орындарын игерудің жер қойнауында пайдалы қазбалардың ысырап болуын едәуір кемітетін осы заманғы жоғары өнімді әдістерін енгізуге жұмылдыру керек. Руда байытудағы басты нәрсе — технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері бар құрама схемалар негізінде барлық компоненттерді алу коэффициентін арттыру.

Түсті және қара металлургияда қалдығы аз және қалдықсыз технологиялық процестер мен тиісті аппаратура жасап, оларды енгізу ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды бағыты болып қала береді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттарында, Ертіс химия-металлургия және Павлодар алюминий заводтарында бұл бағытта игі тәжірибе бар. Үстіміздегі жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында концентраттарды сұйық ваннада балқытатын қондырғы іске қосылады. Бұл пештердің өнімділігін 20 еседей арттыруға, отын шығынын жеті есе кемітуге, шығатын барлық газдарды толық кәдеге жаратуға және, ақырында, — металлургтердің еңбек жағдайын шұғыл жақсартуға мүмкіндік береді. Мұндай перспективалы процестерді енгізу ауқымын барынша ұлғайту керек.

Күрделі құрылыста техниканы жетілдірудің негізгі бағыттары өндірісті индустрияландыру, оның инженерлік дәрежесін арттыру, осы заманғы материалдар мен конструкцияларды кеңінен пайдалану, жұмыс сапасын шұғыл жақсарту болуға тиіс.

Одан әрі баяндамашы Қазақстанға зор да құрметті орын беріліп отырған Азықтүлік программасын жүзеге асыру мәселелеріне тоқталды. Село еңбеккерлерінің, бүкіл аграрлық-өнеркәсіптік сектордың, ауыл шаруашылық ғылымының аса маңызды міндеті егіншілік пен мал шаруашылығының өнімділігін арттыру болып келді және солай бола бермек. Алдағы уақытта да егіншіліктің аймақтық жүйелерін жасап, жетілдіру, интенсивті технологияларды енгізу, республиканың барлық аймақтары үшін дәндік, жемшөптік және басқа дақылдардың мол өнімді, қуаңшылыққа төзімді жаңа сорттарын өсіріп шығару қажет.

Бізде зор мелиорация программасы бар. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін суармалы жаңа жерлерді әзірлеу және пайдаланылып жүрген суармалы жерлерді жаңғырту қарқынын күшейту, суарудың тиімді әдістерін неғұрлым белсенді енгізу керек. Сортаң жерлерді игеру, оларды ауыл шаруашылық айналымына қосу мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалану қажет.

Селодағы техникалық прогресс өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру дәрежесін одан әрі арттыруды көздейді. Мұнда шаруашылықтарды кең алымды, жоғары өнімді техникамен, сондай-ақ жемшөп дайындау мен әзірлеуге арналған осы заманғы машиналармен жарақтандыруды нысанаға алу керек.

Мал шаруашылығы туралы айтатын болсақ, онда ғалымдардың назары қысқа мерзімде өнімділігі жөнінен генетикалық потенциалы жоғары мал топтарын өсіріп шығаруға, мал ауруларына қарсы күрестің сенімді шараларын әзірлеуге шоғырландырылуға тиіс.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық министрліктері мен ведомстволары шикізат ұқсатудың материалдық-техникалық базасын табанды түрде нығайтуға, өнім сақтаудың осы заманғы құралдары мен әдістерін неғұрлым белсенді енгізуге міндетті.

Транспорт пен байланыс салаларында жүк көп тасылатын темір жол линияларын электрлендіру, қосар жолдар мен тармақ жолдар салу, автоматтандырыл-

Digitized by Google

ған басқару жүйелерін жасау, спутниктік байланыс жүйелерін кеңінен пайдалану жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Халық шаруашылығымыз транспорттың барлық түрлеріне сенімді түрде сүйене алатын болуы үшін не қажеттің бәрін істеу керек.

Партиямыздың сара бағытын шешуде — совет халқының әл-ауқатын арттырып, мәдениетін дамытуда, оған тұрмыстық, сауда, медициналық, коммуналдық қызмет көрсету ісін жақсартуда, деді Д. А. Қонаев жолдас, ірі міндеттер алға қойылып отыр. Бұл жерде халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайту мәселелері ерекше орын алады. Ең бастысы, сол товарлардың түр-түрін көбейтіп, сапасын жақсарту болуға тиіс. Сондықтан да біздің бәріміз бұл учаскелерде нақты нәтижелерге жету үшін табанды түрде күш салуға міндеттіміз.

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету осы процесті басқаруды түбірімен жақсартуды талап етеді. Жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу және бақылау бұрынғысынша осал буын күйінде қалып отыр. Электронды-есептеу техникасының, автоматтандырылған басқару жүйелерінің мүмкіндіктері толық пайдаланылмайды. Информациямен қамсыздандыруда жетімсіздік көп.

Еңбекті ұйымдастыру туралы айта келіп баяндамашы былай деп атап өтті: соңғы кезде әртүрлі желеумен қажетті де, қажетсіз де көптеген аралық буындар құрылды, олардағы қызметкерлер саны қазір орталық аппараттағыдан үш есе көп. Геология және Тамақ өнеркәсібі министрліктерінде әкімшілік-басқару қызметкерлерінің саны 1970 жылмен салыстырғанда бес есе, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінде жеті есе көбейген. Әсіресе Сауда министрлігі ерекше көзге түсіп, онда осы мерзім ішінде басқару қызметкерлерінің саны 20 еседей артқан.

Жеңіл өнеркәсіп, Құрылыс материалдары өнеркәсібі, Тамақ өнеркәсібі министрліктерінде неше түрлі бас басқармалар мен трестер көп-ақ, ал Балық шаруашылығы министрлігінде олардан аяқ алып жүре алмайсың. Алайда олар, біздің мәліметтеріміз бойынша, министрліктердің қызметін қайталаудан, кәсіпорындарға ұсақ-түйек қамқоршылықтан басқа ешқандай практикалық пайда беріп отырған жоқ.

Күрделі құрылысты басқару құрылымы да едәуір жақсартуды талап етеді. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінде бұл құрылым тым көп буындылығымен көзге түсуде. Селолық құрылыс министрлігінде жылдық жұмыс көлемі бір миллион сомнан аспайтын ұсақ құрылыс ұйымдарының саны 40 процентten асады.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің, транспорттың, тұрмыстық және коммуналдық қызметтің басқару құрылымы да жетілдіруге мұқтаж.

Сонымен бірге әңгіме тек қана жарнаманы алмастыру немесе кәсіпорындар мен ұйымдарды жай ғана біріктіре салу туралы емес, басшылықтың формаларын, әдістері мен стилін мейлінше түбегейлі қайта құру туралы болып отыр. Республика Министрлер Советінің бұл мәселені егжей-тегжейлі анықтап, тиісті ұсыныстар енгізуі керек.

Бірлестіктер мен кәсіпорындардың өз құрылымын жақсартуға жіті назар аударылуға тиіс. Республикада ауқымды міндеттерді шеше алатын ірі-ірі өндірістік шаруашылық комплекстері аз емес. Олардың саны барған сайын көбейіп келеді. Бірақ сонымен бірге бірқатар салаларда, әсіресе құрылыс индустриясы, жергілікті өнеркәсіп пен полиграфия өнеркәсібі, орман шаруашылығы саласында, Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетте 15 адамнан жүз адамға дейін ғана жұмыс істейтін бір мыңдай ұсақ кәсіпорындар мен бөлімшелер бар.

Өндірістің шоғырландырылуын күшейту керек. Мұның үстіне басқару ісін қайта құруды экономикалық эксперимент барысында жинақталған тәжірибені ескере отырып, комплексті жүргізу қажет. Оны шаруашылық есепті, экономикалық тұтқалар мен стимулдарды күшейту, барлық деңгейдегі басшылардың праволарын кеңейту, олардың жауапкершілік дәрежесін арттыру ісімен тығыз ұштастыру керек.

Егер біз бүкіл экономикалық жұмысты, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру ісін өрге бастырмасақ, барлық еңбек коллективтерінің ролін арттырмасақ, онда белгіленген мақсатқа жете алмаймыз. Бұл үшін, КПСС Орталық Комитетінің Минск Автомобиль заводы бойынша қабылдаған қаулысында талап етілгеніндей, коллективтердің өндірістік қызметін жақсарту және социалистік жолмен өзін-өзі басқаруын дамыту саласында еңбек коллективтері туралы заң берген праволарды толығырақ пайдалану керек.

Партия барлық совет адамдарын аса ауқымды жаңа, жауапты міндеттерді шешуге жұмылдырып отырған қазіргі сәтте халық шаруашылығына партиялық басшылықтың стилі мен әдістерін түбірімен қайта құру, тікелей кәсіпорындар мен ұйымдарда мекемелер коллективтерінде ұйымдастырушылық және саяси жұмысты күшейту, партиялық ықпалдың бүкіл күшімен творчестволық және инициативалы еңбек ахуалын жасау қажет.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері қайта құруды неғұрлым кейінге ысырғысы келетін, жаңаны сезінуден қалған, тіпті түбегейлі өзгерістерден қорқатын адамдарды ерекше қатаң талап етуге тиіс. Барлық жерде талапшылдық ахуалын орнықтыру, іскерлік пен өзара сынды дамыту, боссөздікті, формализм мен енжарлықты жою керек. Жаңашылдық рухы мен іскерлік көзқарастың бірде-бір буында мәнін жоймауы маңызды.

Digitized by Google

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізуде қазіргі заманғы талаптар дәрежесінде жұмыс істеп, экономиканы дамыту мәселелерін ғылыми-техникалық прогресс тұрғысынан шеше алатын кадрларды іріктеу мен орналастыру маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Біздің басшыларымыздың басым көпшілігі нақ осылай жұмыс істеуге ұмтылады. Бірақ уақытқа ілесе алмайтындар, ғылыми-техникалық прогресс мәселелеріне кезекті бір науқан деп қарайтындар, дұрысын айтқанда, өз ісін білмейтіндер және бар. Мұндай қызметкерлер мықтап ойлануға тиісті. Бүгін таңда біздің олармен жолымыз бір емес.

Партия комитеттері барлық деңгейдегі кадрлардың болып жатқан өзгерістердің мәнін ұғынып, әркімнің тек партия талаптарын біліп қана қоймай, сонымен бірге оларды орындауда өзінің тікелей инициатива, ынсаналылық пен табандылық көрсетуіне көмектесуі керек.

Біздің халық шаруашылығымыздың экономикасын одан әрі өркендету жөніндегі ерекше жауапты міндеттер бүкіл идеологиялық жұмысты жақсартуды талап етеді. Бұқаралық информация құралдары партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі сан қырлы қызметін неғұрлым терең де жанжақты көрсетуге тиіс. Партиялық және комсомолдық оқу, еңбекшілерге экономикалық білім беру жүйелері де осы мақсатты көздеуге тиіс. Ауызша саяси үгіт, лекциялық насихат, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметі алдынан зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Ғылыми-техникалық прогресс проблемалары таным саласынан әрбір совет адамының санасына тезірек көшуі үшін бәрін де істеу қажет.

Сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, халықтық бақылау органдарының ролі мен жауапкершілігін арттыру керек. Олар барлық әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешіміне белсенді ықпал етуге, партия нұсқауларының жүзеге асырылуын үздіксіз қоғамдық бақылауға алуға міндетті.

Қысқасы, КПСС Орталық Комитетіндегі июнь Кеңесінде көрсетілгеніндей, жағдай барлық буында және барлық деңгейде нақты міндеттерді шешуге деген жаңа көзқарасты талап етеді. Мұның үстіне бұл қазір, біз бесжылдықтың соңғы жылының шешуші кезеңіне аяқ басқан кезде, ерекше қажет. Бұл — өте жауапты және қауырт кезең. Ол КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне біздің қандай көрсеткіштермен келетінімізді айқындап береді. Бұл кезеңді, деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас, мен біздің кадрларымыздың кемелдігі, қиыншылықтарды жеңе білетіндігі тексерілетін кезең деп атар едім.

Бірінші жартыжылдықта республика халық шаруашылығы жалпы алғанда жаман жұмыс істеген жоқ. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жоспардағы 2,6 процент орнына 3,5 процент өсті. Құрылыс-монтаж жұмыстарының қарқыны арты. Тұрғын үйлерді және әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерді іске қосу жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды. Аграрлық-өнеркәсіптік комплексте, транспортта, барлық басқа салаларда ілгерілеу бар.

Алайда бірқатар маңызды позициялар бойынша қажетті өзгеріске әзірше қол жетпегенін атап айту керек. Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, Қарағанды және Шымкент облыстарының өнеркәсібі товарлы өнім жөніндегі жарты жылдық жоспарды орындаған жоқ. Өнімнің көптеген түрлерін, соның ішінде қара металдар прокатын, тазартылған мыс, автомобиль шиналарын, цемент, трикотаж сырт киім шығару жөніндегі тапсырмалар орындалмауда.

Өнеркәсіптің июнь айында төмендеп кеткені ерекше алаңдатады, бұл айда өнім өткізу жоспарларын министрліктердің төрттен бірі және тоғыз облыстың өнеркәсібі орындай алмады. Көптеген құрылыс ұйымдары мердігерлік жұмыс көлемін кемітіп жіберді. Семей, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған және Торғай облыстары мемлекетке мал мен құс беру жоспарының орындалмауына жол берді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы бірінші жарты жылдықтағы жұмыс қорытындыларын қарап, мұндай артта қалушылықты жоятын мезгіл жетті деп санайды.

Орталық Комитет әрбір министрліктің, әрбір облыстық комитеттің істің жайына байыпты талдау жасауын, қолда бар резервтерді дереу іске қосуын талап етеді. Орталық Комитет артта қалушылық себептерінің барлық жерде жан-жақты қаралуын, бақылаудың күшейтілуін, мемлекеттік жоспардың сөзсіз орындалуы үшін жауапкершіліктің едәуір арттырылуын талап етеді.

Екінші жарты жылдықтың міндеттері оңай емес. Өнеркәсіпте бір ай ішіндегі орташа өнімділікті кемінде 140 миллион сом ұлғайту қажет. Мұның үстіне өсімнің елеулі бөлігі үш министрліктің: Ет және сүт өнеркәсібі министрлігінің, Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің және Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің үлесіне келеді. Сондықтан министрлер Новиков, Жомартов, Жиембаев жолдастар барлық шикізат ресурстарының толық және ысырапсыз ұқсатылуын ұйымдастыруы керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі (Моторико жолдас) және облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі қарыздың орнын толтыруға міндетті. Қара металлургия, химия және мұнай-химия, машина жасау кәсіпорындары басшыларының да өндірістің айтарлықтай өсімін қамтамасыз етуі қажет.

Құрылысшылар алдында қауырт мін-

Digitized by Google

деттер тұр. Жыл аяғына дейін 5 миллиард сомнан астам күрделі қаржы игеру және 3 миллиард сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын атқару керек. Сонымен бірге М. С. Горбачев жолдастың нұсқауларын басшылыққа ала отырып, отын-энергетика комплексінің, қара және түсті металлургияның, минералдық тыңайтқыштардың, мұнай химиясының, ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың, жеңіл өнеркәсіптің бірінші дәрежелі мемлекеттік маңызы бар өндірістік объектілерінің іске қосылуын қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық құрылыс жоспарлары жалпы ғана емес, әрбір облыс бойынша, әрбір қала мен аудан бойынша сөзсіз орындалуға тиіс.

Селода да көп нәрсе істеу қажет. Ең негізгісі — Отанға астықты көп беру, астық сатып алу жоспарларын орындау. Оңтүстік облыстар егін жинап жатыр. Олардың міндеті — қабылданған социалистік міндеттемелерді орындау. Республиканың солтүстігінде жаппай егін жинау басталатын күн алыс емес. Егін жинайтын техниканы жөндеуді дер кезінде аяқтау, астық қырмандары мен астық қабылдау пункттерін үлгілі әзірлеу керек. Ырғалып-жырғалмай, бригадаларды, звеноларды және агрегаттарды механизатор кадрларымен жасақтау, жақсы, екпінді жұмыс істеу үшін қажетті өндірістік және мәдени-тұрмыстық жағдайлар туғызу керек.

Біздің борышымыз — овощ пен картопты дер кезінде жинап алу, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарындағы халықтың қажеттерін республика шаруашылықтарының өз өндірісі есебінен толық қамтамасыз ету.

Қоғамдық мал шаруашылығын дамытудағы артта қалушылықты жою, мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа, жүн, басқа да барлық өнімдер сатудың жоспарларын орындау үшін не қажеттің бәрін істеу керек. Жемшөп дайындау жөніндегі жұмысты едәуір күшейту, әрбір шаруашылықта жемшөптің жеткілікті қоры жасалуына қол жеткізу қажет.

Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету орындарының жұмысы шұғыл жақсартылуға тиіс. Сауда министрлігінің, Қазақ ССР тұтыну қоғамдары одағының, Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің басшылары барлық жерде пәрменді, жоғары нәтижелі жұмысты ұйымдастыруға міндетті.

Халық шаруашылығын күзгі-қысқы кезеңде тұрақты жұмыс істеуге дер кезінде әзірлеу — зор да шұғыл міндет. Мұнда өткен жылдардағы қателіктер тағы да қайталануда. Атап айтқанда, Екібастұз, Ермак, Целиноград, Қарағанды электр станцияларында қысқа әзірлікте елеулі кемшіліктер бар екені анықталды. Технологиялық жабдықты, өндірістік үйлер мен ғимараттарды, коммуналдық шаруашылық объектілерін жөндеу жұмысы баяу жүргізілуде. Барлық деңгейдегі партия комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдардың, денсаулық сақтау, ағарту және мәдениет мекемелерінің қысқы жағдайларда жұмыс істеуге әзірлігін қарауы керек.

Көріп отырсыздар, жолдастар, біздің күрделі де жауапты міндеттерді шешуіміз керек. Министрліктер мен ведомстволар, партия, совет және шаруашылық органдары өз жұмысының дәрежесін едәуір арттыруға, бұл жағдайда барынша жауапкершілік пен нақтылық көрсетуге, барлық өндірістік буындардың дәлме-дәл, ұйымшыл жұмысын қамтамасыз етуге міндетті. Қазір уақытты оздырмай, әркімнің өз жұмыс орнындағы еңбек үлесін күннен-күнге арттыру, реттілік пен ұйымшылдықты нығайту, маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы барынша белсенді түрде күрес жүргізу, қолда бар экономикалық және әлеуметтік резервтердің бәрін іске қосу маңызды.

Бәрі де басты нәрсеге — жоспарлар мен қабылданған міндеттемелерді орындау, халық шаруашылығын жаңа, он екінші бесжылдықта ойдағыдай жұмыс істеуге жан-жақты әзірлеу ісіне бағындырылуға тиіс.

Партия ұйымдарындағы алдағы есеп беру мен сайлаудың жұмылдырушы ролі алға қойылған міндеттерді шешуге бағытталуға тиіс.

Жиналыстар мен конференцияларда тапсырылған учаске үшін кадрлардың жауапкершілігін арттыру жөнінде байыпты іскерлік әңгіме болуға тиіс. Дөрекілік, қызмет бабын пайдалану фактілеріне, қызметкерлерді іріктеу мен орналастырудағы кемшіліктерге принципті баға беру керек.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың бүкіл комплексінің басты өлшемі — түпкі нәтиже. Бұл орайда тапсырманың орындалуын бақылау мен тексеруді күшейту мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Қабылданған әрбір шешімнің нақты да дәйекті түрде аяғына дейін жеткізілуіне, жақсы бастамалардың қағаз тасқыны астында қалып қоймауына, сансыз кеңестер мен мәжілістерде іссіз кетпеуіне күш салу керек.

Баяндамасының қорытындысында Д. А. Қонаев жолдас былай деді: біздің борышымыз — ғылыми - техникалық прогресті жеделдетуге партиялық ықпалды сан есе күшейту, бұл үшін партиялық жұмыстың барлық формалары мен әдістерін барынша тиімділікпен толық пайдалану. Өз іс-әрекеттерімізді әрдайым жаңа талаптармен салғастырып отырғанда ғана, творчестволық қауырт қимылды күннен-күнге үдете отырып қана партияның ауқымды жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыра аламыз.

Қысқасы, барлық бағыттар бойынша, әрбір учаскеде нақты қауырт жұмыс, ерекше жинақылық, жоғары тәртіп талап етіледі. Тек сонда ғана біз алға ілгерілеуді қамтамасыз етіп, бесжылдықтың қорытындылаушы жылының жоспарын ойдағыдай орындай аламыз, сонда ғана лениндік партиямыздың XXVII съезін лайықты қарсы аламыз.

Digitized by Google

СОВЕТТЕР ЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

СОВЕТ ҚОҒАМЫНЫҢ орасан зор тарихи асуларын баянды еткен СССР-дің жаңа Конституциясының қабылдануының сегізінші жылдығы жақындап келеді. Ол біздің өмірімізге кемелденген социализмнің, жалпы халықтық социалистік мемлекеттің Конституциясы ретінде енді, коммунистік қоғамды орнату оның басты міндеті болып табылады.

Совет адамдары өздерінің Негізгі заңын мақтаныш етеді, оны ұлы асулардың манифесі, іс-қимылдың жауынгерлік программасы ретінде қарайды. Біздің Конституциямыз еліміздің жетістіктерін қорытып, баянды етумен қатар заң актілерінің мақсаттарын, даму перспективаларын, жолдарын көрсетеді. Сондықтан да ол іс жүзіндегі, жұмылдырушы, жұмыс істеуші Конституция деп орынды аталады.

Кемелденген социалистік қоғам, бұл шынайы демократия қоғамы. «СССР-де бүкіл өкімет билігі халықтың қолында», — деп атап көрсетіледі Советтер елі Негізгі заңының 2-статьясында. Бізде еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінің барлық аса маңызды мәселелері жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның кеңінен қатысуымен талқыланып, шешіледі. Совет қоғамының демократизмі СССР-дің саяси негізін құрайтын халық депутаттары Советінің алуан қырлы қызметінде өзінің жарқын көрінісін табады. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың бәрі бірдей олардың бақылауында және есеп береді.

Халық депутаттары Советтерінің барлық мәселелерді шешудегі ролі ұдайы өсуде. «Біз барлық дәрежедегі Советтер өз қолдарындағы праволарды әлдеқайда толығырақ және дәйектірек пайдалануға тиіс екенін үсті-үстіне тағы да атап көрсетеміз, — деп атап өтті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында. — Қоғамдық өмірдің барлық салалары олардың көз алдында болуға тиіс».

Конституция қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер коллективтерінің қоғамның саяси жүйесіндегі ролі мен орнын нақты анықтайды. Еңбек коллективтері совет қоғамында маңызды әлеуметтік функцияларды атқарады. 1983 жылы қабылданған еңбек коллективтері және олардың кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды басқарудағы ролін арттыру туралы СССР Заңы осы жайлы бейнелейді.

Конституцияда КПСС-тің біздің қоғам өміріндегі орны мен мәні туралы айтылған. Маркстік-лениндік іліммен қаруланған Коммунистік партия қоғам дамуының басты перспективасын, СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының бағытын анықтайды, совет халқының ұлы жасампаздық қызметіне басшылық жасайды. Қоғамымыз дамуының осы заманғы кезеңі партияның басшылық ролінің одан әрі өсуімен, оның теориялық, саяси және ұйымдастырушылық қызметінің күшеюімен сипатталады. КПСС демократияны дәйекті жүзеге асырудың басты кепілі болып табылады.

Бізде адамзат тарихында алғаш рет қол жеткен ұлт мәселесін әділетті шешу құрылысымыздың аса түбегейлі демократизмінің жарқын көріністерінің бірі болып табылады. СССР Конституциясында және соның негізінде қабылданған одақтас және автономиялы республикалардың Конституцияларында социалистік интернационализм принциптері заңды түрде баянды етілген, барлық ұлттардың тең праволылығы мен оларға құрметпен қарау, халықтардың туысқандық достығы жүзеге асырылған. Бұл — біздің барлық жетістіктеріміздің қуатты бастауы. Барлық совет адамдары сияқты Қазақстан еңбекшілері өзінің ұлы Отаны — Советтік Социалистік Республикалар Одағының одан әрі гүлдене беруі үшін алдағы уақытта да өзінің барлық күшін, білімі мен жігерін берік жұмсауға ұйғарған.

СССР Конституциясы экономика саласында жалпыхалықтық мемлекет қызметінің негізгі функциясы мен бағытын ашады.

Өндіріс құралдарына қоғамдық меншік кемелденген социализмнің экономикалық системасының негізі болып табылады, социалистік құрылыс мәнін, оның экономикалық және әлеуметтік табиғатын, капитализмнен шешуші артықшылықтарын бейнелейді, еліміздің өндіргіш күштерінің жоспарлы және ширақ дамуының шарты ретінде қызмет етеді.

Совет мемлекеті дүниеге келген алғашқы күнінен бері оны қорғап келеді. В. И. Ленин 1917 жылғы 19 ноябрьдегі «Халыққа» деген үндеуде былай деп жазды: «Жерді, астықты, фабрикаларды, құрал-сайманды, өнімдерді, транспортты көздің қарашығындай сақтап,

---

7 октябрь—СССР Конституциясы күніне

Digitized by Google

қорғаныздар — мұның бәрі қазірден бастап бүтіндей сіздердің, жалпы халықтың дәулеті болады». (В. И. Ленин Шығармалар толық жинағы, 35 том, 72 бет).

СССР Конституциясы еңбекшілердің жаңашылдықты мадақтау, социалистік творчестволық белсенділігіне сүйену, жарысты дамыту, еңбекті әрбір совет адамының бірінші өмірлік қажетіне айналдыруға ықпал ету міндетін заңды түрде жалпыхалықтық мемлекетке жүктейді. Қазір елімізде жер-жерде үстіміздегі жылды және тұтасынан бесжылдықты табысты аяқтау, Ленин партиясының XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы жарыс үдеп келеді. Біздің республикамызда жарысқа төрт миллионнан астам адам қатысуда. Барлық совет адамдарымен бірге қазақстандықтар өздерінің творчестволық талпыныстарын еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетуге, партияның жоғары форумын лайықты қарсы алуға бағыттауда.

Совет адамдары өздерінің социалистік Отанының жетістіктерін мақтаныш етеді. Дегенмен өмір бір жерде тұрмайды ғой, ол жаңа міндеттерді алға тартады. КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы атап көрсеткеніндей, «Бұл ең алдымен — өндірісті ғылыми-техникалық жағынан жаңартып, еңбек өнімділігінің дүние жүзілік ең жоғары дәрежесіне жету. Бұл — қоғамдық қатынастарды, ең алдымен экономикалық қатынастарды жетілдіру. Бұл — адамдардың еңбек, материалдық және рухани жағдайлары саласындағы терең өзгерістер. Бұл — саяси және қоғамдық институттардың бүкіл жүйесін жандандыру, социалистік демократияны, халықтың өзін-өзі басқаруын тереңдету».

Еңбекшілер бүгінде партия ұсынған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету программасын жүзеге асыру жолында орасан зор шабытпен жұмыс істеуде. Озық кәсіпорындардың үлгісі бойынша ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде алдағы он екінші бесжылдықта өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттырудың, қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді пайдаланудың жоспарлары жер-жерде жасалуда.

Социалистік халықтық өкіметтің орасан зор творчестволық күші осыған жетуге белсенді түрде бағытталуда. Бүгінде жер-жерде ұйымдық-экономикалық және әлеуметтік резервтерді іске қосу және ең алдымен, әрбір адамның өз жұмыс орнында адал және толық қайтарыммен еңбек етуі үшін адамзаттық факторды жандандыру, ұйымшылдық пен тәртіпті бірлесіп нығайту — кезек күттірмейтін іс.

СССР КОНСТИТУЦИЯСЫ, деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас, советтік өмір салты артықшылығының, оның асқақ парасатты мақсаттарының, адамның шынайы праволарының иланымды жүзеге асуы болды. Ол азаматтарға саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмір салаларында аса кең праволар мен бостандықтар береді.

Партия мен үкімет Негізгі заңда жазылған барлық праволар кепілдігін жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді табандылықпен арттыруда. Мысалға денсаулық қорғау правосын алайық. Ол мемлекеттік медицина мекемелерінің тармақты жүйесімен көрсетілетін жалпыға ортақ білікті медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Көлемді профилактикалық шаралар жүзеге асырылуда, айналадағы ортаны қорғау күшейді. Үстіміздегі жылдың июль айында СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы «Табиғатты қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану туралы заң талаптарын сақтау туралы» мәселені қарады. Азаматтарды емдеу мен олардың денсаулықтарын нығайтуға арналған мекемелер жүйесі тұрақты кеңеюде, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария дамытылып, жетілдірілуде. Тұрғындарды жыл сайын диспансеризациялауға ауысу денсаулық сақтау ісімізді жаңа дәрежеге көтеретін ірі қадам болып табылады. Қазақ ССР-де төрт жыл ішінде денсаулық сақтау ісін дамытуға бүкіл оныншы бесжылдық жылдарымен салыстырғанда 0,5 миллиард сом қаржы көп жұмсалды. Олар көлемді цифрды — 3,5 миллиард сомға жуық құрады. 1980 жылмен салыстырғанда дәрігерлер саны 10 мың тұрғынға шаққанда 27,4 адамнан 32,4 адамға дейін өсті.

Адам туралы ұдайы қамқорлық — бұл Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің бірінші кезекті қамқорлығы. Капиталистік елдерде жағдай мүлде басқаша. Буржуазиялық демократия, В. И. Ленин атап өткеніндей, бостандық пен теңдікке сөз жүзінде ғана уәде береді. Ал іс жүзінде олар өрескел теңсіздікке, еңбекшілердің болмашы праволарына қысым жасауға бастайды. Жанталаса қаруланууға орасан зор қаржы жұмсай отырып, буржуазиялық үкіметтер жұмысшы табы мен еңбекшілердің басқа да жіктерінің әлеуметтік жеңістеріне шабуылды үдетті.

Мұны АҚШ мысалынан айқын көруге болады, онда «рейганизм» саясаты еңбек адамдарын барған сайын жаңа ауыртпалықтарға ұшыратты. Вашингтон «адам праволарын қорғаушы» ролін үміттенеді. Сонымен бірге АҚШ осы салада заңды міндеттемелер қарастырылған көптеген документтерге қарсы шығып отыр. Мұнда басқаша ойлаушыларды полицейлік құдалау, жуырда Филадельфияда болған бомба тастауға дейін барған әрекеттер, күнделікті іске айналды. Қазір елде 8,5 миллион жұмыссыз адамдар бар, ал 16 жастан 18 жасқа дейінгі жастар арасында жұмыссыздық 24 процентке жетті. Жас негр-

Digitized by Google

жұмыссыздардың саны екі есе көп. Ресми деректерге сәйкес, 35 миллион американдық кедейшілік жағдайында өмір кешуде. Оның үстіне соңғы төрт жыл ішінде АҚШ-та қайыршылар 6 миллион адамға көбейді. Ең бай капиталистік елде 2 миллион адам мүлдем жарамсыз үйлерде тұрады. АҚШ-тың ұлттық ашылығы елдің саяси өмірінің қалтарысына ығыстырылған. Конгрестің жоғары палатасы — сенаттың қазіргі құрамының мүшелері арасында бірде-бір негр немесе испан тілінде сөйлейтін американдық жоқ.

Осы фактілердің бәрі АҚШ-та азаматтардың праволары, басқа да бірқатар капиталистік елдердегідей, нақты тіректері болмағандықтан жүзеге асырылмайтынын бейнелейді.

Азаматтарға кең праволар мен бостандықтарды бере отырып, СССР Конституциясы сонымен қатар оларға нақтылы міндеттер жүктейді. Өйткені адам қоғам, мемлекет, өз отандастары алдындағы міндеттерін орындамайынша тиісті праволар мен бостандықтарды пайдалана алмайтындықтан мұның өзі табиғи нәрсе.

Буржуазиялық насихат азаматтардың праволары және бостандықтарының олардың міндеттерімен ажырамас байланысы туралы идея демократияға қарама-қайшы-мыс деп дәлелдеуге әрекеттенеді. Бірақ осындай тұжырымдаулар халықаралық право ережелеріне кереғар келеді. Праволар мен міндеттер байланысы совет заңында ғана жазылмаған. 1948 жылдың өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының «Адам праволарының жалпыға бірдей декларациясында» былай деп жазылған: «Әрбір адамның азат және толық дамуы мүмкін болатын қоғам алдында оның міндеттері бар».

Тәртіп пен право реттілігін мүлтіксіз сақтау, әрбір азаматтың Конституциялық міндеттерді орындауы — уақыттың өктем талабы. СССР Жоғарғы Советінің жуырда өткен үшінші сессиясында атап көрсетілгеніндей, социалистік заңдылық пен право тәртібін одан әрі нығайту экономика тиімділігі мен халықтың әл-ауқатын арттыруға, демократияны жетілдіруге ықпал етеді.

Әңгімеде КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында зор күшпен атап көрсетілген еңбек тәртібін жан-жақты нығайтудың шешуші мәнін көрсету қажет. «Бүгінде реттілік пен тәртіпті нығайту туралы мәселе айрықша актуальды, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Пленумда жасаған баяндамасында. — Бұл — бүгінгі күннің табанды талабы, совет адамдары оны кең мағынада түсініп, бұған өндірістегі және қызмет көрсету саласындағы, қоғамдық өмірдегі және түрмыстағы, әрбір еңбек ұясындағы, әрбір қаладағы, әрбір селодағы реттілікті қоса қарастыруда. Сондықтан біз елде осындай реттілікті нығайту үшін барлық күшті жұмсаймыз».

КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының талаптары коллективте қалай жүзеге асырылып, әрбір жұмыс орнында берік еңбек тәртібі мен ұйымшылдық орнату үшін не істеу керектігін көрсеткен жөн. Осыған орай совет заңдары бұл үшін коллективтерге үлкен өкілдіктер беретінін және осы өкілдіктердің белсенді түрде пайдаланылуға тиіс екенін атап көрсету маңызды.

СССР Конституциясының 65-статьясында былай делінген: «СССР азаматы басқа адамдардың праволары мен заңды мүдделерін құрметтеуге, қоғамға жат қылықтарға ымырасыз болуға, қоғамдық тәртіптің сақталуына барынша көмектесуге міндетті». Заңдылық пен право реттілігін нығайту жөніндегі жүргізіліп жатқан ұйымдық және тәрбие жұмысы оңды нәтижелер беруде. Республикада қылмыстардың жекелеген түрлерін азайтуға қол жетті, Маңғышлақ, Қостанай, Павлодар және басқа да бірқатар облыстарда право тәртібін бұзушылық қысқарды. Соңғы жылдар ішінде Көкшетау облысының 69 селолық Советі территориясында, Талды-қорған облысының 92 елді мекенінде қылмыс жасау оқиғалары байқалған жоқ.

СОВЕТ АДАМДАРЫ сайып келгенде өзінің праволарының басты кепілі Отанның экономикалық қуаты мен гүлденуі екенін жақсы түсінеді және қоғам мен халық алдындағы өз жауапкершілігін сезінеді. Олар өз Отанына берілгендігін, социалистік жеңістерді жан аямай қорғауға әзір екендігін талай рет дәлелдеді.

Империализм жанталаса қаруландыруды үдетіп жатқан қазіргі күрделі халықаралық жағдайда СССР Конституциясының өз Отанында қорғау, мемлекеттің қорғаныс және экономикалық қуатын нығайту, бейбітшілікті сақтап қалу үшін бәрін жасау туралы талаптарын орындау өте маңызды. Бұл бізде бүкіл халықтың ісі, СССР-дің әрбір азаматының қасиетті парызы болып табылады. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас өзінің Днепропетровскіде сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Партияның Орталық Комитеті біздің бейбітшіл сыртқы саясатымызды совет халқының толық түсініп, мақұлдап отырғанын зор қанағатпен атап өтеді. Бірақ ең бастысы — совет адамдары оны мақұлдап қана қоймай, өз істерімен, өз еңбегімен нығайта түсуде».

Советтік Конституция өмір сүріп, жұмыс істеуде. Совет адамдарының оның талаптарын жақсы білуі жаңа міндеттерді табысты шешуге, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге көмектесуде.

Н. КОВАЛЕНКО,
Қазақ ССР «Білім» қоғамы басқармасы председателінің орынбасары.

Д. А

Digitized by Google



ІСКЕ ҚОСЫЛАТЫН ҚҰРЫЛЫСТАРҒА — ЕКПІНДІ ҚАРҚЫН

Қазақстан құрылыстары үгітшілерінің Жамбыл қаласында өткен республикалық кеңесінен

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында құрылысшылардың ролі жауапты. «Ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі мен экономиканы интенсивтендіру күрделі құрылыстағы істердің жақсартылуын талап етеді, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Ленинград партия ұйымы активінің жиналысында. — Өздеріңіз білесіздер, соңғы уақытта осы саланы дамытудың түбегейлі проблемалары жөнінде бірқатар қаулылар қабылданды. Әңгіме күрделі құрылысты жоспарлауды, ұйымдастыру мен басқаруды жақсарту, жобалау-сметалық істі жетілдіру, құрылыста еңбекке ақы төлеу мен оны ынталандыру жүйесін ұйымдастыру жайында болып отыр. Күрделі құрылыста индустрияландыруды одан әрі дамыту мен еңбек өнімділігін арттыру туралы тағы бір маңызды документ әзірленуде.

Қазір осы қаулылардың орындалуын ұйымдастыру өте маңызды».

Қазақстанның құрылыс-монтаж ұйымдарының коллективтері үстіміздегі жылы бірінші дәрежелі мемлекеттік маңызы бар 50-ге жуық объектіні іске қосуға, 4,4 миллион шаршы метр тұрғын үй алаңын, көптеген мектептерді, бала бақшаларын, ауруханаларды, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы басқа да объектілерді тапсыруға тиіс. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумында жасаған баяндамасында іске қосылатын аса маңызды объектілерді дер кезінде пайдалануға беру үстіміздегі жылдың жоспарлы тапсырмаларын ойдағыдай орындаудың міндетті шарты болып табылатынын атап көрсетті.

Осының бәрі күштер мен ресурстарды барынша шоғырландыруды, құрылыс өндірісінің дәрежесін арттыру, жұмыс графиктерін мүлтіксіз сақтау жөнінен батыл шаралар қабылдауды талап етеді. Коллективтерді олардың алдында тұрған міндеттерді шешуге жұмылдыруда үгіт коллективтері маңызды роль атқаруға міндетті. Жамбыл қаласында өткен республика құрылыстары үгітшілерінің «дөңгелек стол» басындағы кеңесінде олардың құрылыс ұйымдарының жұмысына жасар ықпалын күшейту туралы әңгіме болды. Кеңесті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары **Ю. Е. Котунов** жүргізді.

Кездесуде Жамбыл облыстық партия комитетінің секретары **Г. А. Бибатыровтың** облыс құрылыстарында ауызша саяси үгітті жетілдіру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы баяндамасы тыңдалды. Кеңеске қатысушылар Жамбыл және Қаратау құрылысшылары арасында бұқаралық-саяси жұмыстың жолға қойылуымен танысты. Мұнда олардың алдында Қаратау қалалық партия комитетінің бірінші секретары **П. И. Качесов**, «Джамбулхимстрой» трестінің басқарушысы **Л. С. Дядченко**, осы трестің партия комитетінің секретары **В. С. Маркин** сөз сөйледі.

БРИГАДАЛЫҚ МЕРДІГЕРЛІК БЕЛСЕНДІ ДАМЫТЫЛСЫН

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерінен туындайтын үлкен міндеттерді идеологиялық жағынан қамтамасыз ету, бесжылдықтың қорытындылаушы жылының жоспарлары мен социалистік міндеттемелерін орындау осында өткен әңгіменің басты тақырыбы болды. Үгітшілер өздерінің социалистік жарысты дамытуға, құрылысшыларды тапсырылған іске жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеуге, тәртіп пен ұйымшылдықты нығайтуға қалай көмектесетіндіктері туралы әңгімеледі.

— Бригадалық мердігерлікті табандылықпен енгізбейінше еңбек өнімділігін арттыру, объектілерді пайдалануға беруді жеделдету туралы келелі сөз ету мүмкін емес,—деді «Казметаллургстрой» (Төміртау қаласы) трестінің байырғы бригадирі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы **Ф. Ф. Шварцкопф.** Оның

Digitized by Google



Д. ӘЙКІМБАЕВ.



Н. Л. ПЕНЦАК.



А. АЙТҚҰЛОВ.



А. П. ТОЦКИЙ

бригадасы мердігерлікті 1978 жылы енгізді. Осы уақыт ішінде еңбек өнімділігі 30 проценттей өсті. Өткен жылдың өзінде ғана 9 мың сомның құрылыс материалдары мен конструкциясы үнемделді.

Бригада сабақтас тасқынды мердігерлік инициаторларының бірі болды. Ол жүздеген коллективтердің күшін біріктіріп, сол арқылы қаңылтыр цехы бірінші кезегінің құрылыс мерзімін тездетуге көмектесті. Қазір бұл әдіс цехтың екінші кезегінің құрылысында кеңінен қолданылуда.

— Үгітшілер құрылысшылар мен монтажшылардың бірлескен ұйымшыл жұмысын жолға қоюға, сабақтас тасқынды мердігерлікті белсенді нығайтуға күнделікті көмектесуде. Біздің құрылысқа қатысушылардың ұраны: «Өзара шағым айтудан өзара белсенді көмек көрсетуге ауысайық», — деп әңгімеледі Федор Федорович. — Мен бригаданың бірінші міндеті — іркілістердің болмауы үшін аралас кәсіпшілердің жұмыс ауқымын қамтамасыз ету екенін үнемі түсіндіремін. Сабақтас тасқынды мердігерлікке қатысатын бригада үгітшілерінің кездесулері, жарыс қорытындылары шығарылатын міндеттерді, өзара міндеттемелер белгілейтін еңбек дақпы кештері бригадалардың достық одағын нығайтуға көмектеседі. Құрылыс графиктерін орындау және объектілерді пайдалануға беру барысы көрнекі үгітте күн сайын бейнеленеді. Аралас кәсіпшілер жұмысында қайсыбір іркілістер болған жағдайда оларға біздің үгітшілер барып, әңгімелер өткізеді. Біз шығаратын «молниялар», «дабылдар» жалпы ырғақты сақтауға жақсы көмектесуде. Бізде қалыптасқан қағида бойынша олар жеңінен шаралар сол күні қабылдануға тиіс. Іске қосылатын комплексте үгіт орталығы құрылды. Үгітшілер мен саяси хабаршылардың түсінік жұмыстарын мақсатты және жедел жүргізуіне көмектесетін анықтама-информация орталығы жұмыс істейді.

Сондай-ақ «Каратаухимстрой» тресінің бригадирі **А. Садықов** та мердігерлік жағдайындағы үгіт-бұқаралық жұмыс тәжірибесін алмасты.

— Мердігерлік әдістің артықшылығын бригадада бәрі бірдей бірден түсінген жоқ, — деді Ақжол Садықұлы. — Ал бұл осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын болған еді, сонда бізге «Қаратау» өндірістік бірлестігі ауыр салмақты самосвалдар автобазасының бас корпусын салып, тапсыру ұсынылды. Осы объекті бірлестік үшін ерекше маңызды деуге болады— фосфор шикізатын өндіруді арттыру және химиктердің еліміздің Азық-түлік программасын орындауға қосатын үлесі оның қатарға қосылуына көбірек тәуелді болды. Қаратау-Жамбыл комплексінің еліміздің халық шаруашылығының осы бағалы шикізатқа деген қажетінің 30 процентке жуығын қамтамасыз ететінін еске салайын.

Объектілерде жұмысшылардан көптеген мамандықты талап ететін бірнеше миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын атқару адамдарды қатты алаңдатты. Ал бізде бригадада барлығы 18 адам болатын, оның үстіне олардың көпшілігі стажы аз жастар еді. Сөйтіп маған бригадир және үгітші ретінде баршаға жұмыстың біздің қолымыздан келетінін, демек бұл үшін әрқайсысымыздың еңбекке адал қарап, өзінің техникалық сауаттылығынды арттыру қажет екенін түсіндіруіме тура келді.

Уақыт біздің істі қолға бекер алмағанымызды көрсетті — объекті құрылысын графиктен үш ай озық жүргізіп келеміз. Еңбек өнімділігі үштен біріне жуық, ал жалақы 20 процент өсті. Үстіміздегі жылы бригада үнемделген материалдармен бес күн жұмыс істейді. Тағы бір маңыздысы — адамдар бригадада енді шуағерлікпен жұмыс істейді. Н. Горнашков, Т. Басыров, Н. Қасымбеков және бригаданың басқа да мүшелері тамаша жұмыс істейді, іскер инициатива көрсетеді.

— Дегенмен мердігерлік бүгінде де белсенді үгіт-бұқаралық жұмысты талап етеді, — деп жалғастырды бригадир. — Ең бастысы, істі еңбек нәтижелері әр жұмыс күні сайын көрініп, еңбек ырғағы бәсеңдемейтіндей етіп жолға қою керек. Әңгімелерде осы жайында сөз болады, әрбір табыс «молнияларда», «жауынгерлік листоктарда» аталады.

Сонымен қатар А. Садықовтың басқа бригадаларда да мердігерліктің артықшылықтары туралы түсінік жұмыста-

Digitized by Google

рын жүргізетінін айтқан жөн. Оған трестің партия комитеті берген тапсырма «бригадалық мердігерлікті түсіндіру жөніндегі үгітші» деп аталады. Және ол осы тапсырманы абыроймен орындауда.

Кездесуде «Джамбулхимстрой» трестінің бригадирі, Социалистік Еңбек Ері **П. Т. Гончаров** деп ескерткеніндей, егер құрылысшылардың өздері мердігерлікке жұмыс істесе ғана мердігерлік құрылысшыларға жұмыс істейді деген сөз. Гончаров жолдас әрбір бригадирдің үгіт-бұқаралық жұмысқа күнделікті қатысуы, адамдарды екпінді еңбекке бастай білуі қажеттігі туралы үлкен мұдделілікпен айтты. Онсыз коллективтің нағыз жетекшісі болмайды және бола алмайды. Бұл айқын шындық, бірақ, өкінішке қарай, бригадирлер мен мастерлер, құрылыстардың басқа да командирлері барлық кезде бірдей адамдарды тәрбиелеумен белсенді түрде айналыспайды. Көптеген құрылыстарда бригадалық мердігерлікті идеологиялық жағынан қамтамасыз ету әлі де нашар, адамдар оның артықшылықтары, мердігерлік келісім шарттарының қалай орындалып жатқаны туралы толық хабардар етілмейді. Кейбір коллективтерде материалдық ынталандыру ықпалына иек сүйеп, адамдармен жүйелі тәрбие жұмысын жүргізбейтіні орынды алаңдаушылықпен атап көрсетілді. Бұлай бригадалық мердігерлікті енгізе алмайсың.

Бригадалық мердігерлікті идеологиялық жағынан қамтамасыз ету туралы әңгіме Қаратау кен-химия заводының құрылыс алаңында жалғастырылды, онда Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **И. Х. Афанасиади** басқаратын комплексті бригада жұмысшыларымен кездесу болды.

Құрылыс алаңында құлаш жайған көріністердің барлық детальдары маман-құрылысшының назарынан тыс қалмайтынын айтып жатудың қажеті жоқ. Отызға жуық білікті жұмысшы мен инженер атақты бригаданың жұмыс орындарын жіті қарап шықты. Олардың қойған бағасы бірауызды: «Құрылыстағы реттілік өте тамаша». Иван Харлампиевичтің бригадасы өткен жылы кен-химия заводының бірінші кезекті объектісі — окатыш фабрикасын жабдықтаудың іргетасын қалау жөніндегі өте күрделі де жауапты жұмысты — 1 миллион 583 мың сомның жұмысын орындады. Мұнда жобадан тіпті миллиметрлік ауытқуға да жол берген жоқ. Және жігіттер бір рет те қателескен жоқ. Жұмыстың үздік сапасы барысында бір жұмысшыға шаққанда жылдық өнімділік 32 мың сомға дерлік жетті, мұның өзі орта есеппен облыстың құрылыс коллективтеріндегіден 2,5 есе көп. Үстіміздегі бесжылдықтың жоспары үш жыл және тоғыз ай ішінде орындалды.

Бригаданың «сыры», егер жалпылап айтар болсақ, ұйымдық-техникалық жұмысты партиялық-саяси жұмыспен тығыз ұштастыруда жатыр. И. Х. Афанасиади кездесуде бригаданың инженерлермен жемісті достық одағы жайында әңгімеледі. Жұмыс сапасы мен өндіріс мәдениетін күрт арттыруға мүмкіндік берген алмастырылатын металды опалубка бірлесіп енгізілді. Техникалық ізденіс күн сайын жүргізілуде. Жұмысшылардың 60 процентке жуығы рационализаторлар. Олардың күш-жігері арқасында өткен жылы 223 тонна цемент, 31 текше метрден астам ағаш материалы және 9 тоннадай металл прокаты үнемделді.

Сонымен бірге бригадада саяси хабарландыру жақсы жолға қойылған, әркім өз міндетін, өз әдісін жақсы біледі. Күн сайын «ілездемелерде», «молнияларда», үгітшілердің әңгімелерінде жоғары өнімді жұмыс істейтін адамдар да, қатарға қосылуға тиіс адамдар да аталады. Кәсіптік оқуға, жобалық документацияны оқып үйренуге үлкен көңіл бөлінеді. «Бізде, — дейді құрылысшылар, — адамдардың көпшілігі жұмысты көзді жұмып тұрып орындай алады».

Кездесуде адамдардың көпшілігі осы маңызды мәселені көтергенін, олар барлық жерде бірдей кәсіптік-техникалық оқумен әзірше ойдағыдай айналыспайтынын атап көрсетейік. Кейбір құрылыстарда кадрларды қайта даярлау курстары сирек өткізіледі, жастардың біліктілігін арттыруға аз көңіл бөлінеді. Озық өндірістік тәжірибені насихаттау мен енгізуде экономикалық мектептер нашар роль атқарады. Осының бәрі еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасына теріс ықпал етуде.



В. А. ЖЕЛТУХИН.



Ж. ЕМБЕРГЕНОВ.



П. М. КРАСНОВ.



А. Н. СТИХИЛЯС.

Digitized by Google

ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТЫП, ӘРБІР АДАМНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРАЙЫҚ

Кеңеске қатысушылар еңбекті ұйымдастыруға белсендірек ықпал ету, іркілістермен сөз жүзінде емес, іс жүзінде күресу қажеттігі туралы айтты.

Өндірісте еңбек тәртібі мен ұйымшылдықты одан әрі нығайтуда үлкен резервтер жатыр. Г. А. Бибатырованың баяндамасында мынадай дерек келтірілді. Жыл ішінде облыстың құрылыс ұйымдарында жұмысқа кешігіп келу тең жартысына дейін, қыдырымпаздық 74 процент, іркілістер үштен біріне қысқарды. Маскүнемдік оқиғалары, қоғамға жат басқа да көріністер едәуір азайды.

Осының бәрі — тәрбие жұмысын күшейтудің нәтижелері. Көптеген бригадаларда үгітшілер әрбір смена аяқталғаннан кейін жұмыс уақытының ысырабын талдайды, әрбір адамның қыдырымпаздықтың, жұмысқа кешігіп келушіліктің, қайсыбір тәртіп бұзушылықтың мемлекетке нақты қандай шығын келтіретінін білуіне ұмтылады. Қазір коллективтерде әрбір маскүнемдік оқиғасына қатты көңіл бөледі, бұған бригадалар советтерін, қоғамдық ұйымдарды тартады.

— Тәртіпті нығайтуда бригадалық коллективтің ролін ештеңе алмастыра алмайды, — деді кездесуде «Жайремтяжстрой» тресі № 2 жылжымалы механикаландырылған колоннасының монтажшысы Қ. **Ысқақов.** — Бригададағы реттілік қандай болса, тәртіп те сондай болады. Кемшіліктерді үнсіз қалдырмау, қыдырымпаздықты және басқа да тәртіп бұзушылықты жасырмай, қайта принциптілікпен, жұмысшы принциптілігімен қимыл жасау басты мәселе. Қуаныш осындай принципті көзқарастың Жәйрем комбинатының құрылысында жұмыс істейтін көптеген бригадаларда тәртіпті нығайтуға іс жүзінде қалай көмектескені туралы әңгімеледі.

«Правдада» жарияланған құрылысшылар хатына байланысты жүргізілген жұмыстың адамдар санасында игі із қалдырғаны кездесуде ерекше атап көрсетілді. Оның авторларының бірі — Жамбылдың силикат бұйымдары мен темірбетон конструкциясы заводының бригадирі Ш. Кәрібозов кездесуге қатысып отырды. Кеңеске қатысушылар мұнда түбегейлі өзгеріске қол жеткізе отырып, құрылыс сапасын арттыру туралы нақты әңгімені тұрақты жүргізу қажет екенін атап көрсетті.

Жезқазған шахта проходкалау тресі анықтама-информация орталығының жетекшісі, инженер **Д. Әйкімбаев** ұқыптылыққа тәрбиелеу жөніндегі үгіт-бұқаралық жұмыс тәжірибесімен алмасты. Трест коллективі үстіміздегі жылы 52 тонна цемент, 55 текше метр төбе жабатын ағаш, 512 килограмм бұрғы болатын үнемдеді.

Бригадаларда материалдар жұмсаудың есебін ретке келтіру бәрінен де қиын болды, бұған өндірістік-техникалық және экономикалық службалар қызметкерлері көмектесті. Олар үнемнің бригадалық есебінің формаларын әзірледі. Өнертапқыштар мен рационализаторлардың Бүкілодақтық қоғамы мен ғылыми-техникалық қоғам советтері ұқыптылық бәйқауын ұйымдастырды. Олардың өкілдері, жетекші инженерлер бригадаларда жүйелі түрде болып, еңбек өнімділігін арттыру, материалдарды, энергиялық ресурстарды үнемдеу үшін не істеу керек екені туралы әңгіме өткізеді. Осындай кездесулердің арқайсысында тиімді және күтпеген ұсыныстар міндетті түрде пайда болады. Сонымен қатар олар ортақ күш-жігермен жүзеге асырылуда, —деді Д. Айтқымбаев.

Қашар кен-байыту комбинатының өкілі **Л. В. Табачная** өзінің сөзін бригадалардағы үгіт жұмысында инженер-техник қызметкерлердің атқаратын роліне арнады. Ол жұмыс істейтін автотранспорт цехы жаңа темір рудасы карьерінің құрылысына қатысуда. Мұнда үстіміздегі жылы руда шығарылуға тиіс. Комбинаттың инженер-техник қызметкерлері жұмысшы бригадаларының өндіріс технологиясын жетілдіруіне, жұмыс уақытын, шикізат пен материалдарды пайдалануға мұқият талдау жасауына көмектеседі. Тұтынылатын отын есебін жетілдіру, бос жүрістерді, аялдамаларда автомобиль двигательдерінің жұмысын қысқарту, отын аппаратурасын дұрыс реттеу жөніндегі алғашқы ұсыныстардың жұмысшы-үгітшілерден түскені қуантады.

АДАМДАРМЕН ЖЕКЕ ЖҰМЫСТЫ ЖАҚСАРТАЙЫҚ

Құрылыстағы үгітшілердің жұмысы жауапты, олардың қам-қаракеттері өте көп. Соларды атқару үшін, кездесуде атап көрсетілгеніндей, бұқаралық-саяси жұмысқа шын мәнінде батыл, жауынгерлік сипат беріп, оны анағұрлым интенсивті ету қажет.

Жеке жұмысқа, үгітті әрбір адамға көңіл бөлумен, олардың елеулі қажеттері мен сұранымдарын қанағаттандыру туралы қамқорлықпен тығыз ұштастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Кездесуге қатысушылардың бәрінің жас құрылысшылармен жүргізілетін жұмыс туралы айтып, коллективтің жаңадан келген адамдарға талапкерлікпен және сонымен қатар ықыласпен қарайтыны олардың құрылыстағы жұмысты тезірек меңгеруіне қалай көмектесетіні жайында жарқын мысалдар

Digitized by Google

келтіруі орынды. № 6 «Алмаатасельстрой» тресінің бригадирі **Н. Л. Пенцак,** Макин поршень сақиналары заводы жөндеу-құрылыс цехының мастері **А. Н. Стихиляс,** «Джамбулхимстрой» тресінің бригадирі **П. М. Краснов,** «Прибалхашстрой» тресінің мастері **А. Айнабеков** және басқалар осы жайында айтты. Шығыс Қазақстан облысы «Химстрой» тресінің инженері **Н. Ветлугина** жас жұмысшы Леонид Емельяновтың бірде-бір бригадада ұзақ тұрақтамағаны туралы әңгімеледі. Салдырсалақтығы үшін оны барлық жерде шығарып жіберіп отырған. Осы жігіт тамаша ұйымдастырушы және тәрбиеші А. И. Бабанин басқаратын бригадаға келгенше осылай болған. Бос сенделушілікке жол бермейтін бригада рухының өзі жас адамды қайта тәрбиелеуге көмектесті.

Республикалық комсомол отрядының құрамында Қызылордадан екпінді құрылысқа келген «Экибастузшахтастрой» комбинатының балташы - бетоншысы **К. Ембергенов** өздерінің бригадасында «орташаларды қалай ширатқандары» туралы әңгімеледі. Жылдар бойы орташа нәтижелерді қанағат етіп келген адамдар енді озаттар дәрежесінде жұмыс істейді. Жақсы жолға қойылған моральдық және материалдық ынталандыру, жұмыс қорытындыларын жүйелі түрде талқылау өз ролін атқарды. Үгітшілердің инициативасы бойынша бригадада хронометраждар жүргізілді, олардың қорытындылары туралы «Әрбір жұмыс сағатына — аса жоғары қайтарым» деген бір тақырыпқа біріктірілген әңгімелерде айтылды.

ҮГІТШІЛЕРДІ МАМАНДАНДЫРУ — ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ТИІМДІЛІГІНЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Егер құрылысшылардың тілімен айтар болсақ, үгітшілер қызметінің ауқымы өте кең деуге болады. Және мұнда үгітшілерді мамандандыру таптырмайтын құрал ретінде қызмет атқарады, онда жекелеген активистер өз күшін адамдармен жұмыс істеу бағыттарының біріне шоғырландырады.

— Біз үгітшілерді мамандандырудың пайдалы екеніне баяғыда-ақ көз жеткіздік,— деді «Целиноградтяжстрой» тресі «Проммашстрой» құрылыс басқармасының мастері **П. И. Габриель.**— Бізде үгітшілердің бір тобы социалистік жарысты ұйымдастыруды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге жауап береді, екіншісі — озық тәжірибені насихаттайды, үшіншісі — жас құрылысшылармен айналысады, төртіншісі — тұрғылықты жер бойынша жұмыс жүргізеді, бесіншісі — діндарлармен жұмыс істейді. Ұқыптылыққа тәрбиелеу мәселелеріне мамандануы үгітшілер тобы да бөлініп шықты. Маскүнемдікті тыю жолында өрістеген күрес осы бағытта бірқатар үгітшілерді мамандандыруды талап етті. Олар партия мен үкіметтің осы мәселе жөніндегі шешімдерін түсіндіреді, жеке жұмыстар жүргізеді.

Түрлі мамандық үгітшілерінің қызметі сөз жоқ үндеседі, бірақ ең бастысы — активистер өз күштерін бір бағытқа шоғырландырып, өз коллективінің өмірі мен қызметіне. олардың қызметінің басты мәселелерін шешуге ықпал ету үшін үлкен мүмкіндіктерге ие болды.

Үгітшілер ұқыптылық мәселелері бойынша жүргізетін жұмыстың қайтарымын бізде бәрі де жақсы сезінеді, деп атап өтті П. И. Габриель. Олар әр бригадада жұмыс істейді. Комсомолец Сұлтан Белялиев өткізетін әңгімелерге талай рет қатысуыма тура келді. Ол әрдайым нақты, маңызды әңгіме қозғайды. Өйткені Сұлтан құрылыс экономикасын жақсы меңгерген, әрбір адамды ойландырып, әсер ететін цифрларды атайды. Үгітшілер қырсыздықтың әрбір фактісіне міндетті түрде көңіл бөледі. Нәтиже көп кешіккен жоқ — бізде құрылыстағы реттілік едәуір жақсара түсті. Мамандандыру өте қажет, және біздің трестің партия комитеті үстіміздегі жылы оны толық аяқтауды белгіледі.

Осындай шешімді Жамбыл облысы құрылыстарының партия ұйымдары да қабылдады, қазіргі уақытта онда үгітшілердің 60 проценттен астамы мамандандырумен қамтылған. Бұл — барлық партия ұйымдары үшін жақсы үлгі.

«Чимкентпромстрой» тресі «Промстрой» құрылыс басқармасының комсомол-жастар бригадасының бригадирі А. Айтқұлов жастар жатақханаларындағы үгітшілер тобының жұмысы туралы әңгімеледі:

— Мен үгітші ретінде комсомол ұйымының секретарымен бірге алғаш рет жатақханаға келгенімде келісуге болмайтын көптеген жәйттерді көрдім. Бөлмелер жайсыз, лас, жігіттер сенделіп бос жүр, кейбіреулері масаңдау екен. Жастармен әңгімелерден олардың көпшілігінің жатақханадағы өмірді жақсы жаққа қарай өзгерткілері келетіні, бірақ ұйымдастырушылардың жетіспейтіні анықталды.

Алдымен жатақхана советін қайта сайлау ұйғарылды. Тұрғындардың жалпы жиналысында оған анағұрлым белсенді жігіттер енгізілді. Біздің көмегімізбен олар жастарды ұйымдастырды. Содан кейін мен таңдаулы бөлмеге байқау

Digitized by Google

ұйымдастыруға көмектестім, тақырыптық кештер өткізе бастадық. Жігіттермен, көбіне екі-үш адаммен жеке әңгімелер өткіздім. Мұның өзі менің олармен жақындасуыма көмектесті.

Үгітшілер: бригадир, Социалистік Еңбек Ері К. К. Айтжанов, геодезист, Е. Каштанов, бетоншы М. Исақов, құрылыс басқармамыздың бас механигі Т. Пыжлаков жастар жатақханаларындағы жұмысқа көп күш жұмсайды. Үгітші Дөңес Бекжанов, өзі белсенді физкультурашы, жатақханалар жанынан жүгіру әуесқойларының клубын құрды. Оның белсене қатысуымен тұрғындар спорт қалашығын қайта жабдықтады. В. А. Тимонин шахмат-дойбы клубын ұйымдастырды.

«Чилисайтяжстрой» тресінің инженері **В. А. Желтухин** хабарлағанындай, осы құрылыстың партия ұйымында үгітшілерді еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті бұзуға бейім жекелеген адамдарға, жайсыз семьяларға бекіту өзін жақсы ақтауда. Мораль нормаларынан ауытқушылықтың көпшілігі маскүнемдікпен байланысты, сондықтан да үгітші дәйекті жекелеген жұмыстың, әрбір адам үшін белсенді күрестің олардың зиянды әдеттерден арылып, дұрыс жолға түсуіне қалай көмектесетіні туралы әңгімеледі.

Кездесуге қатысушылар жеке творчестволық жоспарларды талдауға байланысты мәселелерді де үлкен мүдделілікпен талқылады.

— Маған осындай, бір жылға жасалған жоспар күнделікті шаруашылық ағымымен кетпей, күшті ең басты нәрсеге шоғырландыруыма көмектеседі, — деді Солтүстік Қазақстан облысы «Элеватормельстрой» тресі комплексті мердігерлік бригадасының бригадирі **А. П. Тоцкий.** Үгітші өзінің жеке творчестволық жоспарында оз жолдастарының еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасын арттыруына көмектесу үшін не істеу қажет екенін белгіледі.

Коллективтегі еңбек тәртібінің жайы да ескерілді. Үгітші дәнекерлеуші-арматуршы Владимир Криворучконы қамқорлығына алуды ұйғарды. Ол орта кәсіптік - техникалық училищені бітіргеннен кейін бригадаға келген, құрылыс режиміне әлі үйрене қоймаған еді. Жұмысқа шықпай қалу кездері де болды. Үгітші оның үйінде талай рет болды, сөйтіп жас адамның тілін таба білді, қазір Владимир аға жолдастың сенімін ақтауда. Жоспарда үгітшінің идеялық-теориялық дәрежесін арттыру міндеттері де белгіленді.

ҮГІТ КОЛЛЕКТИВТЕРІНЕ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУДЫ ЖЕТІЛДІРЕЙІК

Кездесу бағалы тәжірибені анықтауға көмектесті. Сонымен қатар оған қатысушылар орын алған кемшіліктер, шешілмеген мәселелер туралы алаңдатушылықпен айтты. Мәселен, партия ұйымдары барлық жерде бірдей үгітшілермен дәйекті жұмыс істемейді, оларды семинарларға сирек жинайды, анықтама және методикалық материалдармен нашар қамтамасыз етеді. Тәжірибені жақсырақ қорыту, партия комитеттері мен бюроларының жиналыстары мен мәжілістерінде үгітшілердің есептерін жүйелі қарау қажет.

Қолда бар тәжірибені ескере отырып, үгітшілерді мамандандыруды кейінге қалдырмай, жоспарлы түрде жүзеге асыру талап етіледі. Кездесуде үгітші-универсал өзінің мүмкіндігін сарқа пайдаланды деген пікірлер естілді. Бұқаралық насихаттың осы заманғы құралдары жағдайында біздің адамдар партияның ішкі және сыртқы саясатының барлық мәселелері бойынша кеңінен хабардар. Бұл міндетті лекторлардың, саяси хабаршылардың, саяси баяндамашылардың көп мыңдық отряды да орындайды, Үгітші еңбеккерлердің партия осы кезеңде алға қойған міндеттерді практикалық орындауды ұйымдастыруға көмектесуге міндетті. Сондықтан да үгітші ең алдымен өзіне тапсырылған жұмыстың нақты учаскесінде ұйымдастырушы болуға тиіс. Оның жұмыс бағасы мынадай белгілер бойынша жүргізілуге тиіс: ол артта қалушыны өндіріс озаты немесе тым болмаса орташалар қатарына қосты ма, маскүнемді немесе бұзақыны дырдулы ортадан алып шықты ма және оның мінез-құлқындағы өзгерістерге қол жеткізді ме, діндарға ықпал ете алды ма, бригададағы моральдық ахуал қалай жақсаруда, құрылыста жаңа, озық атаулы қалай пайдаланылуда?

Идеялық-тәрбие жұмысының орталығын тікелей бригадаларға ауыстыру — бүгінгі күннің маңызды талаптары. Бірқатар партия ұйымдарының тәжірибесі бойынша оларда басшылардың, саяси баяндамашылардың әңгімелерін өткізу, әрбір төменгі коллективте творчестволық рухты, резервтерді талмай іздестіруді, кемшіліктерге ымырасыздықты орнықтыруға белсенді көмектесу қажет. Әрбір бригадада жедел көрнекі үгітті жақсы дәрежеге қоюға, оның жауынгер социалистік жарысты ұйымдастыруға ықпалын арттыруға, бригадалық мердігерлік принциптерін орнықтыруға көмектескен жөн. Бесжылдықтың соңына дейін санаулы апталар мен күндер қалды. Бүгінде адамдармен жүргізілетін бүкіл жұмыс әрбір еңбеккердің жыл және тұтасынан бесжылдық тапсырмаларын орындау жолындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталуға тиіс. Барлық жоспарланған объектілер іске қосылуға тиіс. Әрбір құрылысшының бірінші парызы осы болуға тиіс.

Digitized by Google

ЕГІС ТАНАБЫНДАҒЫ ЕМТИХАН

С. ҚУАНДЫҚОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының «Восход» совхозы партия бюросының секретары



Әрбір күн бізді орақ науқанына жақындата түсуде. Коммунистер, совхоздың барлық еңбекшілері қазір, бесжылдықтың қорытындылаушы кезеңінде егін тағдыры үшін ерекше жауапкершілікті жақсы сезінуде. Олар КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа белсене қосылды. Қазақстан Компартиясы Тимирязев аудандық комитеті мақұлдаған аудан еңбеккерлеріне үндеуінде біздің коллективіміз жоғары межелер белгіледі. Биыл 12 мың гектар алқаптың әр гектарынан кемінде 20 центнерден астық жинауды қамтамасыз етуге, астық тапсыру жоспарын асыра орындауға, ал бесжылдық ішінде мемлекет қамбасына 6 жылдық жоспар көлемінде астық құюға тура келеді. Әрбір шартты малға ірі және шырынды жемшөптің кемінде 25 центнер жемшөп өлшемін дайындау белгіленді. Алексей Иванович Степаненконың трактор-егіс бригадасында міндеттемелер бұдан да жоғары, ол гектарына 23-25 центнерден астық алу жолында күресуде.

Біз өткен жылдардағыдай, астықтың кемінде 90 процентін күшті және бағалы сорттармен тапсыруға ұмтылудамыз. Бұл үшін егіншілер бидай өсірудің интенсивті технологиясын кеңінен қолданды. 5 мың гектар алқапқа перспективалы сорттар себілді. Және егіннің казіргі жайы тәуір.

Біздің коллектив егін жинауды 18 күнде аяқтауды ұйғарды. Оларды жүзеге асыру үшін шаруашылық міндеттеріміз бен мүмкіндіктеріміз осындай. Және олар нақты іске асуы үшін партия бюросы совхоз кәсіподақ және комсомол комитеттерімен, дирекциясымен бірлесе отырып, орақ тұсына арналған ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмыстың комплексті жоспарын белгіледі. Егін жинауға әзірлік барысы ашық партия жиналысында талқыланды, оған қатысушылар көптеген маңызды және пайдалы ұсыныстар айтты.

Бастауыш партия ұйымы мүшелерінің жартысынан астамы тікелей егін жинауға қатысатын болады. Орақ конвейерінің бірде-бір учаскесі партиялық және партиялық-комсомол топтарының ықпалынан қалыс қалмайды. Бұл ықпал ең алдымен коммунистердің социалистік жарыстағы жанды үлгісі, олардың белсенді тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Орақты идеологиялық жағынан қамтамасыз етуде ауызша саяси үгіт кадрлары өте зор роль атқарады. Идеологиялық қамту тобының құрамына шаруашылық мамандары, мұғалімдер, мәдени-спорт комплексінің қызметкерлері және басқалар кіреді. Олар әрбір күннің «үлес салмағы» өсуі үшін, ал ол бір мың тоннадан астам астықты құрайды, орақта жоғары қарқынды үнемі сақтайтын болады. Үгіт коллективі тәжірибелі активистермен жасақталды. Оның құрамында үгітшілер: трактор-егіс бригадасының агрономы К. С. Шахметов, механизатор С. И. Дубров, есепші М. А. Шевелев, астық қырманының слесары А. П. Колков және басқалар бар.

Партия бюросы идеология активі үшін семинар-кеңес өткізді, жоспарлар жасады, анықтама-информация орталығында материалдар әзірленді, үгіт машиналары жабдықталды, көрнекі үгіттің тасымалды планшеттерін безендірді. Біз бұқаралық шараларды өткізу уақытын барынша ықшамдадық, олардың нақты сипат алып, жұмыстың жоғары ырғағын сақтауға ықпал етуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз.

Съезд қарсаңындағы әрбір онкүндікті екпінді еңбекпен атаушы адамдарды мейліншe мадақтау үшін социалистік жарыс шарттары жан-жақты ойластырылды. Жарыс қорытындылары күн сайын шығарылады. Мұның барысында біз егін жинауға қатысушылардың тұтасынан аудандағы жағдай, барлық совхоздардағы егін жинау қарқыны, жекелеген бригадалардың, звенолардың, озат механизаторлардың жетістіктері туралы жақсы білуі үшін қамқорлық жасаймыз. Осы мақсатпен аудандық партия комитеті, аудандық баспасөз орталығы бізді күн сайын арнайы бюллетень басылым-

Digitized by Google

дарымен қамтамасыз етеді, аудандық радио торабы егін жинау барысы туралы күн сайын хабар береді. Жеңімпаздар құрметіне еңбек даңқы жалауын салтанатты жағдайда көтеретін боламыз. Құрмет тақтасы безендірілді, ауыспалы вымпелдер тағайындалды, алғыс хаттары мен адрестер әзірленді.

Қорытындыларды шығару барысында совхоздың үгіт бригадасы өнер көрсетеді. Озаттар семьяларына пионерлер тапсыратын хаттар мен суретті телеграммалар семьяларды көтеріңкі көңілге бөлейді. Совхоз басшыларының, аудандық партия комитеті саяси баяндамашыларының ораққа қатысушылар арасында өткізетін әңгімелерінің графигі жасалды.

Партия бюросы қырманда, әрбір бригадада жұмыс сапасы жолындағы күреске ерекше мән беруде. Мамандар, халықтық бақылаушылар, депутат постылары астық бастыру сапасын, орым қалдықтарын жинауды және зябь жыртуды, астықтың сақталуын қадағалайды. Адамдардың технология мәселелерін, өз міндеттерін терең түсінбейінше біздің бұрнағы жылдардағы нәтижелерге қол жеткізе алмайтынымызды атап өткен жөн. Механизаторлармен, жүргізушілермен және басқа да орақка қатысушылардың бәрімен егінді сапалы жинау жөнінен нұсқау кеңестер өткіздік. Олардың әрқайсысы ысырапсыз жұмыс істеуге өзіндік емтихан тапсырды.

Партия ұйымының орақтағы қам-қаракетінің ауқымы өте көп. Әйтсе де біз егін жинауға қатысушыларға тұрмыстық, медициналық және мәдени қызмет көрсетуді бірінші орынға қоямыз. Сондықтан да қазірдің өзінде әрбір жетекшінің адамдарға күнделікті көңіл бөліп, қамқорлық жасауы үшін өзінің жұмыс учаскесін белгіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының «Восход» совхозы партия бюросының егін орағындағы ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысының жоспары

КПСС XXVII съезінің және КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыра отырып, бүкіл ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмыс совхоз еңбеккерлерінің саяси және еңбек белсенділігін одан әрі көтеруге, Азық-түлік программасын мүлтіксіз орындауға, КПСС XXVII съезін, Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға бағытталсын.

1. ҰЙЫМДЫҚ-ПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Ашық партия жиналысында «Партия ұйымы коммунистерінің егін жинауды және ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауды ұйымшылдықпен және сапалы өткізу жөніндегі міндеттері туралы» мәселе талқыланысын.

2. Өндірістік бөлімшелер басшылары мен мамандардың, идеология активінің қатысуымен совхоздың партия комитетінің, дирекциясының және кәсіподақ комитетінің бірлескен мәжілісі өткізілсін, онда төмендегідей мәселелер қаралсын:

— Орақ-85-тің оперативті штабының құрамы туралы;

— коммунистерді егін жинаудың шешуші учаскелеріне орналастыру туралы;

— социалистік жарыс шарттары және коллективтер мен орақка қатысушыларды моральдық және материалдық көтермелеу шаралары туралы;

— Орақ-85-ті идеологияяық жағынан қамтамасыз ету туралы.

3. Астықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша халықтық бақылаушылар мен прожекторшылардың, халық жасақшыларының кеңесі;

— партия, соғыс және еңбек ардагерлерінің егін жинауға қатысуы туралы мәселе талқыланатын шаруашылық ардагерлері советінің мәжілісі;

— совхоздың өндірістік бөлімшелерінде «Еңбек коллективтерінің егін орағы кезінде жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді орындау жөніндегі міндеттері» деген күн тәртібімен жұмысшы жиналыстары өткізілсін;

4. Халықтық бақылаушылардың және прожекторшылардың қатысуымен рейд тексерулері өткізілсін, оның барысында егін жинау техникасы мен автомашиналардың, астық қабылдау қырмандары мен астық тазарту машиналарының жаңа егінді қабылдауға әзірлігі талдансын.

5. Жергілікті елді мекендерде селолық жиындарды әзірлеуге қатысу, оларда азаматтардың егін жинауға қатысуы мәселесі талқыланысын.

6. Совхоздың және қамқорлықтағы жалпы білім беретін мектептердің комсомол ұйымдарына жоғары класс оқушыларының егін жинауға қалай қатысатынын анықтау, орақта көзге түскен балаларды көтермелеу, астық ысырабын болдырмау жөнінен «Дән патрульдерін» құру ұсынылсын.

II. СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Егін жинауда орақ-транспорт комплекстері, звенолар мен барлық механизаторлар, жүргізушілер арасында жұмыстың жоғары қарқыны мен үздік сапасы жолындағы социалистік жарыс өрістетілсін.

2. Әрбір агрегат үшін сменаға арналған

Digitized by Google

тапсырма анықталсын. Жарыс қорытындылары күн сайын шығарылсын, оның барысы бюллетеньдер мен жарыс экрандарында жариялансын, ораққа қатысушылар, жүргізушілер қырман қызметкерлері жарыс қорытындылары туралы жедел хабардар етілсін. Нәтижелерді шығару барысында жұмыс сапасына, астықтың сақталуын қамтамасыз етуге, оның ысырабын болдырмауға ерекше көңіл бөлінсін.

3. Социалистік жарыс жеңімпаздарын мадақтау мақсатында совхоз коллективінің еңбек абыройы кодексі белсендірек пайдаланылсын. Таңдаулы агрегаттар мен экипаждар құрметіне күн сайын Еңбек даңқы жалауы көтерілсін. Оң қанаттыларға қызыл вымпелдер мен алғыс хаттары тапсырылсын. Жарыс жеңімпаздарының семьяларына алғыс хаттары жіберілсін, олардың үйлеріне «молниялар» ілінсін.

4. Еңбек коллективтері арасында егін жинау сапасын өзара тексеру мезгіл-мезгіл жүргізілсін, олардың қорытындылары бойынша жауынгерлік листоктар мен «дабылдар» шығарылсын.

III. БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС

1. Дәнді дақылдар егінін жинау алғашқы бау мерекесінен басталсын.

2. Орақтағы жұмыс қорытындылары жарыстың оң қанаттылары аталатын егін мерекесінде шығарылсын.

3. Орақ кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыс мәселесі бойынша үгітшілердің, саяси хабаршылардың, лекторлардың семинары өткізілсін.

4. Егін орағы кезеңіне арналған лекциялардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың тақырыбы әзірленсін, идеологиялық жұмыс активистері үшін информация-анықтама материалы мен методикалық ұсыныстар әзірленсін.

5. Баспасөз орталығының нақты жұмысы қамтамасыз етілсін, барлық егіс қостарына тарату үшін социалистік жарыс хабаршылары күн сайын әзірленсін.

6. Өнеркәсіп орындарынан егін жинауға жіберілген жұмысшылар арасында жүйелі түсінік жұмыстары жолға қойылсын, осы үшін, сондай-ақ оларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жағдайы үшін жауапкершілік совхоздың партия бюросы секретарының орынбасарына дербес жүктелсін.

7. Үш үгіт машинасы жабдықталсын, олар тиісінше үгітпен безендірілсін.

8. Трактор-егіс бригадаларының егіс қостарында, астық қырмандарында, мәдени-спорт комплексінде көрнекі үгіт жаңартылсын. «КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алайық!», «Адам еңбегімен даңқты», «Егін орағына — жоғары сапа, екпінді қарқын» деген тақырыптық экспозициялар ұлғайтылсын. Егіс қостарына газет-журналдар жүйелі түрде жеткізілсін.

9. Үгіт бригадасы мен көркем өнерпаздар коллективінің егін жинау кезінде өнер көрсету графигі қаралсын.

IV. САУДА, ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Егіс қостарында қажетті товарларды сату ұйымдастырылсын. Өнеркәсіп товарларын сатуға заказдар қабылдау қамтамасыз етілсін.

2. Ораққа қатысушылардың бәрі профилактикалық медициналық байқаудан өткізілсін. Механизаторлар, жүргізушілер, қырман қызметкерлері шағын аптекалармен қамтамасыз етілсін, егіс басында жұмыс істейтін адамдарға жылжымалы медициналық жүйелі қызмет көрсету жолға қойылсын.

3. Ораққа қатысушылардың бәрін үш мәрте қоғамдық тамақтандыру ұйымдастырылсын, тамақты егіс басына, жұмыс орнына жеткізу қамтамасыз етілсін.

ЕГІН ЖИНАУДАҒЫ КӨРНЕКІЛІК

Біздің Камышин ауданының шаруашылықтары соңғы екі жылдың күрделі ауа райы жағдайына қарамастан мемлекетке астық тапсыру жоспарын табысты атқарып шықты. Төрт жыл ішінде элеваторларға 874 мың тонна жоғары сапалы астық жөнелтілді, ал «Бестау», «Бестөбе», Островский атындағы совхоздар өздерінің астық тапсыру жөніндегі бесжылдықтарын аяқтады. Егін жинау мерзімдері едәуір қысқарды, комбайндардың күндік өнімділігі 20 процеттен астам артты.

Биыл диқандар бақылау ретінде бастыруды қолдана отырып, егінді 15-20 календарлық күнде жинап, күшті және бағалы бидайды барынша мол алуға ұйғарды.

Егін жинаудың жоғары қарқыны мен аса қысқа мерзімдері көрнекі үгіттен жоғары жедел ділікті, нақтылықты және мақсаттылықты талап етеді. Оның «молниялар», плакаттар, ұрандар, шақырулар сияқты формалары т. б. алдыңғы қатарға шығуда. Олар жоғары көрсеткіштерге жетуге шақырады, қауырт қарқын мен жұмыстың мұлтіксіз сапасының қажеттігін түсіндіреді.

Партия ұйымдары бригадалар жарысының экрандары мен бюллетеньдерінің, звенолардың еңбек сайысының хабаршыларының бланкілерін алдынала әзірлеуде. Олардың көпшілігі тиісті мөлшерде аудандық баспаханада басылуда. Осының арқасында көрнекі үгітті безендіру едәуір жеделдейді, бұған күш пен құрал анағұрлым аз жұмсалады және сонымен қатар аса жоғары нәтижеге қол жетеді.

Бізде ауданда еңбекшілерді егін жинау жұмыстарының барысы туралы хабардар етудің біршама сындарлы жүйесі қалыптасты. Науқан күндерінде аудандық партия комитеті жанынан жұ-

Digitized by Google

мыс істейтін информация-насихат орталығы таңертеңгі сағат 11-ге дейін шаруашылықтардан өткен тәуліктердегі егін жинау жұмыстарының барысы туралы мәліметтер қабылдайды. Сол күні, сағат 14-тен кешіктірмей аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының қызметкерлері информацияны совхоздарға береді. Онда қолда бар көрнекілік бланкілері тиісті мөлшерде толтырылып, бригадаларға, егіс қостарына жеткізіледі.

Егіс қостары мен қырмандарда көрнекілік жарыстың информация орталықтарында шоғырланған. Оларда аудannың, совхоздың, қайсыбір бригада коллективінің міндеттемелері, олардың орындалуы туралы деректер, озаттар мен артта қалушылар туралы мәліметтер қойылған. Мұнда Құрмет тақталары бар, жеңімпаздар құрметіне жалаулар көтеріледі, құттықтау телеграммалары мен «дабылдар» ілінеді. Демек, телеграммалар мен дабылдар тікелей қатысты адамдарға ғана емес, сондай-ақ басқа да еңбек коллективтеріне жіберіледі. Шаруашылықтар, бригадалар, звенолар, жекелеген өндірісшілер олардың адресаттары болып табылады. Кейде олардың мазмұны жиналыста талқылау қажеттігін тудырады және мұның өзі үлкен жұмылдырушы ықпал етеді.

Аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитеті және аудандық комсомол комитеті алғыс хаттарды күндік, бескүндік тапсырмаларды орындаған совхоздарға және сонымен қатар информация ретінде басқа да шаруашылықтарға жібереді.

Егін жинауда көрнекі үгіттің негізгі мазмұны — бұл озық коллективтердің, таңдаулы өндірісшілердің жетістіктерін көрсету. Сонымен қатар біз орал-

ымсыздықты, астық ысырабын сынайтын басылымдарға көп көңіл бөлеміз, халықтық бақылау мен «комсомол прожекторы» топтарының рейдтік тексерулерінің материалдары жария етіледі. Артта қалушыға, егін жинау ережелерін бұзатын адамдарға моральдық ықпал етудің басқа да формалары пайдаланылуда. Мәселен, артта қалушы қызыл жалаушаның орнына көк жалауша алады.

Қоғамдық ұйымдар жекелеген шаруашылықтарда биылғы науқанда тағы бір жаңалықты енгізді. Комбайншылардың бәріне қызыл жалаушалар беріледі. Жұмыс күнінің соңында норманы орындамаған адам одан айрылады. Кімнің жалаушасы болмаса, соның артта қалғанын бәрі көреді.

«Орақ календары» кеңінен таратылды, оларда сменалық көрсеткіштер, орақ соңына дейін қалған күндер, жиналған және бастырылған астық алаңы, мемлекетке сатылған астық мөлшері белгіленеді.

Орақ қарсаңында шаруашылықтардың партия комитеттері үгітшілерге міндеттемелер мен социалистік жарыс шарттары, әңгімелер үшін жаднамалар, информациялық материалдар, «молниялар», листовкалар бланкілері және жариялылықтың басқа да құралдары салынған папкалар тапсырады.

«Жарыс хабаршылары», «Орақ календары», плакаттар, ұрандар т. б., орналасқан жылжымалы үгіт машиналары кеңінен пайдаланылатын болды. Егіс қостарының бәрінде рекордшы құрметіне жалаушалар бекітілген.

Көрнекі үгітті шебер пайдалану адамдарды екпінді еңбекке жігерлендіреді.

Р. КИРХГЕФЕР,
Қазақстан Компартиясы Камышин аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.
Қостанай облысы.

АСТЫҚ ЫСЫРАБЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

Егін танабына ұлы еңбек, шын мәнінде бүкіл халқымыздың еңбегі жұмсалады, ал мұның өзі оракқа қатысушылардан астық ысырабын болдырмау үшін барлық күш-жігерді жұмылдыруды талап етеді.

Әр түйір дәннің қамбаға түсуі үшін не істеу керек?

Бірінші — орақ техникасын дұрыс, мұқият әзірлеп, баптау. Комбайн конструкторлары егін жинау барысында астықтың ысырабын қысқарту үшін көп нәрсе істеуде. Алайда ысырап әлі де көп. Сапасыз әзірленген және жеткілікті реттелмеген жаткалармен егінді дестеге салу барысында ысырап 3 процентке жетеді, ал комбайндармен дестені жинап, бастыруда, тікелей комбайнмен оруда өсірілген егіннің 6 проценті, барлығы 9 процентке жуығы рәсуа болады.

Сонымен қатар озық шаруашылықтарда астық ысырабы нормативті-ықтимал мөлшерге жеткізілген, яғни екі процентten аспайды.

9 және 2 процент — осы цифрларға ойланып қарайық. Олар астық ысырабын 3,5-4,5 есе (немесе өсірілген егіннің 6-7 проценті) кемітуге болатынын сипаттайды. Біздің республикамызда қосымша 1,2—1,5 миллион тонна астық алуды қамтамасыз ету үшін осының өзіақ жеткілікті. Және осы орасан зор резерв механизаторлардың, науқанға барлық қатысушылардың қолында.

Сонымен егінді дестеге ору барысында қиылған және қиылмаған масақтардың көп мөлшері ысырап болады және дән шашылады, ал кейде ору барысында жалдар қалдырылады. Осының бәрін оңай жоюға болады. Тек жатканы дұрыс реттеу қажет.

Бір шаршы метрде бір масақты қал-

Digitized by Google

дырудың өзі гектарынан шамамен 8-9 килограмға жуық, ал Қазақстанның бүкіл астық танабынан 200-250 мың тонна дәнді кем алуға соқтыратынын есте сақтау маңызды.

Техника саңылауларын мықтап бекіту ысырапқа берік тосқауыл қоюды қамтамасыз етуге тиіс. Дұрыстап бекітілген әр комбайн орақ маусымы ішінде 300 центнерден 500 центнерге дейін астықты сақтауға көмектеседі, мұның өзі 30-45 гектар танаптың егінін жинаумен тең. Комбайндарды бекіту есебінен астық ысырабы әрбір гектарда орта есеппен 40 килограмға кемітілсе, онда тұтасынан республика бойынша қосымша бір миллион тоннадан астам астық жиналады, ал мұның өзі 900-950 мың гектар алаңның өніміне тең болады.

Комбайндарда механизмдер мен олардың жеке бөлшектерінің жалғасқан жерлері, люктер, элеваторлар, шнектер мен бункерлер мықтап бекітілуге тиіс. Масақты және дәнді шнектер мен элеваторларды бекітуге ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Дәннің сабан шөмелегішке түсуіне жол бермеу үшін сабан сілікқіш клавиштері соңғы каскадының үстіне секциялы металл тетік орнатылады, қатты жылдамдықпен ұшқан дәнді тежейді.

Орақ қарсаңында жүргізілген комбайндар саңылауларын бекіту егін жинаудың бүкіл кезеңіне кепілдік бере алмайды. Ол жұмыс процесі үстінде бұзылуы мүмкін, сондықтан да оның жайын тұрақты бақылап отырған жөн.

Егін жинауға арналған техниканы жарысушы шаруашылықтар, ауыл шаруашылығы мен Госкомсельхозтехнадзор органдары мамандарынан құрылған комиссия қабылдауға тиіс. Әрбір машинаның сапалы жұмысқа әзірлігін мұқият тексеру өте-мөте маңызды.

Алғашқы айналымда әрбір комбайнның бекітілуі тексеріледі. Бұл үшін ол төсеніш брезент үстіне әкелініп, 5—10 минут жұмыс істейді, сол уақыт ішінде астық ысырабы мен оның дән шашылатын жері анықталады. Көптеген шаруашылықтарда, әсіресе, тың аудандарында осы операция күн сайын жүргізіледі және тиісті нәтижелер беруде.

Өрт егінге елеулі шығын келтіреді. Мұнда ұсақ-түйек жоқ. Өртке қарсы сақтық шараларының бәрі мұлтіксіз және мұқият сақталуға тиіс. Орақ басталғанға дейін барлық алқаптар төңірегін бес конусты плугпен 2-3 айналымнан жырту қажет, ал комбайндарды өрттен сақтандыру құрал-саймандарымен және өрт сөндіргіштермен жабдықтау керек.

Жолға ерекше қамқорлық жасалуға тиіс, олардағы әрбір шұңқыр — бұл зая кеткен жүздеген килограмм астық деген сөз. Ауа райы жағдайына байланысты астықты жабу туралы дер кезінде қамқорлық жасаған жөн.

В. ДМИТРОВСКИЙ,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі егіншілік бас басқармасы бастығының орынбасары.



Digitized by Google

ОРМАН БАЙЛЫҒЫН ЕСЕЛЕЙ ТҮСЕЙІК

М. ЧЕРЕПАНОВ,
Орман, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің председателі

Орман қызметкерлерінің қызметі көп жақты және алуан түрлі. КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, республика орман шаруашылығы кәсіпорындарының коллективтері орман шаруашылығы қызметі жөніндегі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 25 декабрьге дейін, ал өнеркәсіп өнімін шығару жоспарын 28 декабрьге дейін орындап шығуды ұйғарды. Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі орындарының еңбеккерлері үстіміздегі жылы қосымша 1 миллион сомның өнімін шығару және еңбек өнімділігін 0,4 процент арттыру жөнінен міндеттемелер қабылдады.

Осы міндеттемелерді орындау үшін сенімді база жасалды. Бесжылдықтың төрт жылы ішінде республикада ағаш, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінде өнім шығару 25 проценттен астам, орман шаруашылығында — 9,7 процент өсті. Салада халық тұтынатын товарлар шығару сапасы артуда. Орман шаруашылығы кәсіпорындары 1985 жылдың бірінші жарты жылдығында 2,5 миллион сомның халық тұтынатын товарларын шығара отырып, өнім өткізу жөніндегі жоспарды орындап шықты.

Үстіміздегі жылы Павлодар мебель фабрикасы мен Семей облысы Морозов орман шаруашылығының, Павлодар облыстық орман шаруашылығы басқармасының, «Алматы» және «Кокчетавмебель» өндірістік мебель бірлестіктерінің, Қостанай облысы Семиозер орман шаруашылығы мен Павлодар облысы Бескарағай орман шаруашылығының коллективтері Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыста жеңіп шықты.

Саланың партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары ішкі резервтерді мейлінше толық пайдалану, еңбек тәртібін жан-жақты нығайту, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу жөнінен тұрақты жұмыс жүргізуде. Мәселен, орман индустриясында ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде өндіріс құрылымы мен шикізатты комплексті пайдалану жақсаруда. Шығыс Қазақстан облысының орман шаруашылығы кәсіпорындарында бірқатар техникалық шараларды енгізу 13 мың гектардан астам ағашты кесуден сақтауға көмектесті. Бұқтырма ағаш-жоңқа және Өскемен ағаш-талшық плиталары заводтарының еңбек коллективтері жаңық, творчестволықпен жұмыс істейді, олар жыл сайын 250 мың текше метрден астам төмен сортты және отындық ағашты ұқсата отырып, бесжылдық жылдары ішінде өнім шығаруды 1,5 еседен астам көбейтті. Бұл заводтар республиканың мебель кәсіпорындарын плита материалдарымен негізінен қамтамасыз етті, мұның өзі мебель шығаруды 1980 жылмен салыстырғанда 29 процент ұлғайтуға ықпал етті. Мебель кәсіпорындары өткен жылы 164 миллион сомның, оның ішінде жоспардан тыс 6 миллионнан астам сомның өнімін жасап, өткізді.

Ұлттық мебель мен киіз үйлер жасау жоғары қарқынмен дамып келеді. Үштөбе киіз үй жасау фабрикасы осы заманғы техникамен және аса жаңа технологиямен жарақтанған. Мұнда жыл сайын мебель топтамаларымен толық жабдықталған 16 мыңнан астам киіз үй шығарылады.

Ғылыми-техникалық прогресс жолындағы күрес саланың, ең алдымен «Алматы» өндірістік мебель бірлестігі, Павлодар және Талдықорған мебель фабрикалары сияқты кәсіпорындардың техникалық бейнесін елеулі түрде өзгертті.

Тұтасынан Қазақстан орман шаруашылығының еңбеккерлері орман шаруашылығын жүргізу және орманды қалпына келтіру жөніндегі тапсырмаларды табысты орындауда. Бесжылдық жылдары ішінде осы жұмыстар мемлекеттік мақсаттағы ормандарда 720 мың гектардан астам алқапта жүргізілді. Орман ағаштарын өсіру есебінен оның көлемі 200 мың гектарға ұлғайды, ал ағаш қоры 7 миллион текше метрден астам өсті.

Саланың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары «Югмебель», «Центромебель» және «Киевдрев» бірлестіктері кәсіпорындары коллективтерінің КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған қайталама ағаш шикізатын, ағаш дайындау және ағашты ұқсату қалдықтарын шаруашылық айналымына кеңінен тарту жөніндегі жұмыс тәжірибесін тарату жөніндегі жұмысты күшейтті.

---

15 сентябрь — орман қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

Салада бесжылдықтың төрт жылы ішінде экономикалық тиімділігі 900 мың сомнан асатын 1300 рационализаторлық ұсыныс пен бірқатар жаңалықтар енгізілді. Осының арқасында кәсіпорындарда көптеген «олқылықтар» жойылып, шикізат ұтымды пайдаланылатын болды. Павлодар мебель фабрикасының коллективі еліміз кәсіпорындарының озық тәжірибесін бірінші болып қолданды, ол осы жұмыс үшін СССР Орман, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мен салалық кәсіподақ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туына талай рет ие болды.

Алайда үнем мен ұқыптылық бойынша өнім сапасын жақсарту ісінде бізде резервтер аз емес. Мәселен, республиканың Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарында Сапа белгісі бар бұйымдардың үлес салмағы 39 процент қана құрайды, ал жалпы одақтық дәреже 45 процентке тең. «Чимкентмебель» бірлестігінің, Жамбыл және Петропавл мебель фабрикаларының өнімдеріне өте көп рекламациялар түседі. Ақтөбе, Семей және Қостанай орман шаруашылығы басқармаларында шикізаттың, отынның, басқа да материалдық ресурстардың көп ысырабына жол беріледі. Бірқатар кәсіпорындар өнім беру жөніндегі міндеттемелерін орындамайды. «Казлес» ағаш дайындау бірлестігінің коллективі өз мүмкіндігінен төмен жұмыс істейді, Қарағандының ағаш-жоңқа плиталары заводының өндірістік қуаттары нашар пайдаланылуда.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының, КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңестің шешімдері талқыланған партия және кәсіподақ жиналыстарында осы кемшіліктерді жою туралы өткір әңгіме болды. Ағаш өнеркәсібі мен орман шаруашылығы қызметкерлері әрбір жұмыс орнында жауапкершілік пен тәртіпті арттыруға, қырсыздық пен салдыр-салақтыққа тосқауыл қоюға міндетті.

Он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану туралы заң талаптарын сақтау мәселелері қаралды. Сонымен бірге егісті қорғайтын орман алқаптарын жасаудың төмен қарқыны үшін Қазақстан орман шаруашылығы кәсіпорындарының атына сын айтылды.

Ауыл шаруашылығы үшін осы маңызды істе артта қалушылық елеулі. Егер бесжылдықтың өткен жылдары ішінде егістікті қорғайтын орман алқаптары 25 мың гектарға жуық алаңда жасалса, ал үстіміздегі жылы 11 мың гектарда ғана отырғызылды. Осы жұмыстар көбіне, мысалы, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Торғай облыстарында колхоздар мен совхоздар басшыларының кінәсінен тежелуде, оларда уақытша пайданы көздеу мақсатымен орман алқаптарын жасау үшін орман шаруашылықтарына жер бөлмейді. Орман шаруашылығының өкілдері де жер қорын сақтау жолындағы өз жауапкершіліктерін әрдайым сезіне бермейді, орман алқаптарын жасау жөнінен өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда инициатива мен табандылық көрсетпейді.

Саланың кәсіподақ ұйымдары кемшіліктерді жою үшін социалистік жарыс тұтқаларын мейлінше толық пайдалануға тиіс. Осы жұмыста өндіріс озаттары мен жаңашылдарының жетістіктері артта қалушыларды алға тарту үшін негіз болып табылады. Салада «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» ұранымен жарыс инициаторлары болған «Алматы» бірлестігінен совет кәсіподақтары сыйлығының лауреаты К. Ж. Ахметовтың ағаш шеберлері бригадасының, Шығыс Қазақстан облысы Зырян орман өнеркәсібі шаруашылығынан ағаш тасу машинасының жүргізушісі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. Т. Осининнің, Павлодар мебель фабрикасы тәлімгерлер тобының, Қостанай облысы Семиозер орман шаруашылығы Новонежинка орманшылығының жұмысшылары мен қызметшілерінің жұмыс тәжірибесі кеңінен таратылды.

Жарыстың көш басында келе жатқандар арасында «Казлес» бірлестігінен В. И. Боровиковтың, Семей облысының Морозов орман шаруашылығының К. К. Сағадықовтың ағаш дайындаушылар, Павлодар мебель фабрикасынан Г. А. Гусактың ағаш шеберлері және Семей облысының Канонер орман шаруашылығынан Ж. Төлеуовтың ағаш өңдеушілер бригадаларының коллективтері бар.

Салада республикалық өз мамандығының таңдаулысы конкурстарының жеңімпаздары жақсы танымал. Олардың арасында Қостанай облысы Басажан орман шаруашылығының ағаш тасу машинасының жүргізушісі О. Б. Баймұхамбетов, Шымкент облысы Бадам механикаландырылған орман шаруашылығының трактороршы-машинисі Д. Дүйсенов, Семей облысы Жаңасемей механикаландырылған орман шаруашылығының тоқушысы Г. Османов, осы облыстың Канонер орман шаруашылығының трактороршысы В. Бабрушкин және басқалар бар.

Съезд қарсаңындағы бұл күндерде еңбек коллективтері артта қалушы учаскелердің жұмысын тағы да қайта талдап, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға ұмтылуда.

Digitized by Google

МАМАНДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Толысқан социализм кезеңінде ұлттық және интернационалдық қатынастар ұлттық даму формаларын терiске шығармайды. Ұлттық қатынас мазмұнының байытылуымен қатар интернационалдық қатынас ролі өсуде. Бұл қатынастың мәні — ұлттық қатынас интернационалдық негізде дамуда, интернационалдық үлестің ұлттық қатынаста көбеюінде.

КПСС-тің ұлттық қатынастар саласындағы саясаты барлық совет адамдарының ұлттық және интернационалдық дамуының үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Партия және Совет мемлекеті бұрынғысынша экономикалық саясаттың ұлттық аспектісіне ерекше көңіл бөліп келеді, өйткені барлық ұлттар мен халықтардың ұлттық мүдделері негізгі компоненттерінің бірі экономика болып есептеледі. Демек еліміз халықтарының экономикалық мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету барлық совет ұлттарының даму және жақындасу процестерін басқарудың маңызды қаруы.

КПСС өз қызметінде біртұтас болып ұйымдасқан шаруашылық-экономикалық организм олардың достығы мен ынтымағын дамытудың іргетасы екендігін басшылыққа алады. КПСС-тің XXV, XXVI съездері материалдарында, КПСС Орталық Комитеті пленумдарының қаулыларында талай рет атап көрсетілгеніндей, кемелденген социализм жағдайында СССР-дің барлық аймақтарында өндіргіш күштің дамып, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін социалистік шаруашылықты жүргізудің артықшылықтарымен үйлесімді қабысуы өтуде.

СССР экономикасының басты қасиеттерінің бірі мынада: ол — біртұтас халық шаруашылық комплексі, барлық одақтас республикалар халық шаруашылықтарының органикалық бірлігі. Оларды дамыту және олардың өзара қимылы совет адамының тұрақты өсіп отырған талаптарын қанағаттандыру арқылы жүзеге асырылады.

Біртұтас халық шаруашылық комплексі біздің елімізде экономиканың және ұлттық қатынастардың өзара әрекеті тенденциясын анықтауға мүмкіншілік береді. Коммунистік қоғам құрылысы барысында халық шаруашылығы комплексін дамыту бүкіл совет халқының интернационалдық бірлігінің бұдан кейінгі өсуі жүзеге асырылатын негіз болып есептеледі. Әрбір республиканың экономикасы күн сайын жалпы одақтық экономикалық жүйеге қосылуда. Бұл біртұтас системада ұлттар мен халықтар арасындағы қатынастың көбею тенденциясы тұрақты дамуда. Мәселен, Қазақ ССР жан-жақты экономикалық қатынастар арқылы барлық одақтас республикалармен байланысқан. Ол Орта Азияға көмір, шойын, пресс-автоматтар, астық, ет және көптеген басқа өнімдер береді. Орта Азия республикалары өз тарапынан Қазақстанға табиғи газ, мақта, ауыл шаруашылық машиналарын және басқа өнімдерді жібереді. Социалистік республикалардың ынтымақтастық жүйесі социалистік системаның артықшылықтарын бірлесіп пайдаланудың объективті себептері мен оның тарихи қажеттігінен туды. Жоспарлы негізде біздің республикаларымызды шикізат және материалдармен қамтамасыз ету, өндірістің жаңа салаларын дамыту мүмкін болғандығы олардың арасындағы өнімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болып есептеледі. Бұл советтік республикалар экономикалары дамуының дәрежесін жақындатуға көмектесуде.


Он бірінші бесжылдықта елімізде барлық одақтас республикалардың даму дәрежесін теңестіру мақсатымен олардың экономикасын одан әрі көтеру жүзеге асырылуда. Өндіргіш күштердің өсуімен СССР-де одақтас республикалар арасында еңбек бөлінісінің ең тиімді тәсілі — мамандандыру және кооперация қалыптасуда. Бұл тәсіл бүкіл еліміз мүддесінде әрбір одақтас республиканың табиғат және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану үшін кең мүмкіншілік ашып береді. Мамандандыру бүкіл халық шаруашылығы организмінің қызметін үйлестіруге көмектесуде. Мәселен, Украин ССР — бұл металлургия, химия, машина жасау, азық-түлік өнеркәсібінің экономикалық ауданы; Грузин ССР — электр энергетикасы, химия өнеркәсібі, субтропик дақылдарын өсіру дамыған аудан; т. б.

Мамандандыру жеке республикалар үшін ғана тән емес. Ол біртұтас экономикалық аудандар үшін объективті қажеттілікке айналады. Мәселен, Орта Азия экономикалық ауданы мақта өндіруге, мақта жинайтын машиналар, тоқыма жабдықтарын, электр техникасы жабдықтарын жасауға мамандануда. Республикалар аралық кооперация СССР-дің басқа экономикалық аудандары үшін де тән.

Республикалар арасында жаңа территориялық-өндірістік комплекстің табысты дамуы СССР халықтары арасындағы достық және ынтымақтастық қатынастарын дамытудың материалдық негізі болып есептеледі. Бұл комплекс барлық қажетті жағдай және тиісті ресурстары жеткілікті өнім түрлерін шығаруға көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бұл әрбір одақтас республиканың экономикалық дамуының шамамен бірдей дәрежесінде өндірісті дамытуына және бүкіл өндірісті интенсивтендіру міндетін шешуіне көмектесуде.

З. ДЖАЛИЛОВ.

Digitized by Google



ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ

Жануарлар мен өсімдіктердің әрбір түрі су, ауа, топырақ сияқты табиғат элементтерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан да олардың қайсыбірінің жойылып кетуін табиғатты бұлдіру, біртұтас буындардың әлсіреуі және үзілуі деп қарамауға болмайды.

Өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлерінің азаюы және жойылуы ертеден алдыңғы қатарлы жұртшылықты алаңдатып келеді. Сөйтіп, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің көптеген өкілдерінің жайсыз жағдайына қалың жұртшылықтың, барлық тұрғындардың назарын аудару үшін қызыл кітаптар шығарыла бастады. 1966 жылы халықаралық Қызыл кітап шықты, 1978 жылы СССР-дің және одақтас республикалардың қызыл кітаптары жарық көрді.

Қазақ ССР Қызыл кітабына омыртқалы жануарлардың 87 түрі, оның ішінде сүт қоректілердің 31 түрі, құстардың 43 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 8 түрі және балықтардың 4 түрі енгізілді. Сондай-ақ оған өсімдіктердің 308 түрі кірді. Егер дер кезінде көмек көрсетілмесе, олардың толық жойылып кетуі мүмкін.

Біздің еліміз жануарларға және өсімдіктер дүниесіне ұқыпты қараудың үлгісін көрсетіп келеді. Қабылданған шаралардың арқасында жануарлардың көптеген түрі сақталды және олардың санын кәсіпшілік пайдалануға дейін жеткізілді. Мәселен, үстіміздегі ғасырдың басында Қазақстанның ұшы-қиырсыз даласында қалған небары бірнеше жүз ақ бөкен қазір 1,5—2 миллион басқа жететін көптеген кәсіпшілік табындарын құрайды. Қазір жыл сайын пайдалану үшін 150—200 мың жануар ауланады. Ал кейбіреулер бертінде ғана мамонттың тұстасы—ақ бөкенді мамонттың басына түскен жағдай сияқты құрып бітеді деп есептеді.

Терісі өте бағалы бұлғын да құрып біту шегіне жеткен еді. Енді ол Сібірдің орасан зор алқабында кәсіпшіліктің негізгі объектісіне айналды. Қазір бұлғынның терісін оның бұдан бұрынғы жылдарда көптеп саналған кезіндей, кейде одан да көп дайындайды.

Өзен құндыздары да жойылып кете жаздады, әйтсе де мамандардың және олардың ерікті көмекшілері — табиғат әуесқойларының қажымас қамқорлығы нәтижесінде олар өздері өскен бұрынғы жерлерінде таралды. Қазір оларды лицензиялар бойынша аулауға рұқсат етілді, дербес қоныстана отырып, құндыздар Қазақстан территориясына тарады, қазір олар Орал өзенінің бойын мекендейді.

Бұландар қайта қалпына келтірілді. Олар Қазақстанға таралып, Орал өзені жағалауындағы ормандарда, республиканың солтүстік облыстарында және Қазақстан Алтайында қоныс тепті. Зоологтар Шығыс Қазақстан облысында енді кәсіпшілік маусымда 75—80 тоннаға дейін бұлан етін дайындауды ұсынды.

Жануарларды қорғаудың бірнеше формасы бар (кәсіпшілікті, аң аулауды тоқтату, қорықтар құру). Дегенмен олардың ең нәтижелісі — қорықтар құру. Жануарлардың көптеген түрі қорықтар территориясында ғана сақталып қалған жоқ, солардың арқасында көбейе түсті. Олар—бизон, тау гориллалары, лемуарлер, ал біздің елімізде амур жолбарысы, құлан, бұхар бұғысы, зубр бар. Сондай-ақ, қорықтар мен табиғат парктері жасалуда. Қазір Совет Одағының территориясында жалпы көлемі 13,9 миллион гектарға жуық 550-ден астам қорық пен ұлттық парк жұмыс істейді.

Жабайы жануарларды құтқарудың жаңа формасы — оларды қолда, ең алдымен зоопарктер мен питомниктерде өсіру барған сайын белсенді түрде дамып келеді. Мәселен, зоопаркте Давид бұғысын, Пржевальский жылқысын, зубрды, Гавай қараша қазын және басқаларын сақтап қалу мүмкін болды. Біздің елімізде қысқа мерзім ішінде зубр, қарақұйрық, марал, тырна, жыртқыш құстар, бұлдырық, ұлар, дуадақ, джек, қаз тектес құстар, құс өсіретін питомниктер құрылды. Алматыда ондатраны қолда өсіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстандық ғалымдар республиканың әртүрлі жер-климат аймақтарында қорықтар жүйесін ұйымдастыру қажеттігін талдап, негіздеді. Қазіргі уақытта олардың жетеуі жұмыс істейді. Олар — Шымкент облысындағы Ақсу-Жабағылы, Алматы облысындағы Алматы, Қостанай облысындағы Наурызым, Қызылорда облысындағы Барса-

1) Қазақ ССР-нің Қызыл кітабы туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Е. Гвоздевтің және биология ғылымының докторы А. Ковшардың «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1983 жылғы 9-шы санында жарияланған «Үгітшіге — Қызыл кітап туралы» деген мақаласынан анағұрлым толығырақ білуге болады.

Digitized by Google

келмес, Целиноград облысындағы Қорғалжын, Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл және Маңғышлақ облысындағы Үстірт қорықтары. Қорықтар барлығы 784 мың гектарға жуық алаңды немесе Қазақстан территориясының 0,28 процентін алып жатыр.

Қорықтарда жануарлардың көптеген түрлері сақталуда, әйтсе де Қызыл кітапқа енгізілген, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларды қорғаудың ерекше мәні бар. Қорықтар және оған іргелес территорияларда жануарлардың 44—50 түрі немесе республиканың Қызыл кітабына енген 87 жануардың 50—55,7 проценті, оның ішінде сүт қоректілердің 16—19 түрі, құстардың 27—29 түрі және бауырымен жорғалаушылардың бірнеше түрі мекендейді.

Қорық қызметкерлері жануарлар дүниесін сақтау үшін қыруар жұмыстар атқарды. Бұл жерде ең алдымен арқардың тағдыры туралы айту қажет. Тым көп аулау салдарынан ол мейлінше азайып, Қызыл кітапқа енгізілді. Қорықтарда оның саны қазір көршілес алқаптарға қарағанда бірнеше есе көп. Ақсу-Жабағылыда қазір 200—300 арқар ұсталады, ал Алматы қорығының (Кіші және Үлкен Қалқан тауларында) бұрынғы шөлейт учаскесінде ол жүзге жуықтайды.

Барсакелмес қорығында қарақұйрықтардың саны едәуір көбейді, ол 2000-нан астамға жетті, ал ұлан-ғайыр жартылай шөлейт және шөлейтті территорияларда олар тым аз ұшырасады. Қапшағай мемлекеттік аңшылық қорық шаруашылығы территориясын жақсы қорғау (бұған Алматы қорығының шөлейт учаскесі кіреді) қарақұйрық санын 2000-ға дейін көбейтуге мүмкіндік берді.

Наурызым мен Қорғалжын қорықтарының, сондай-ақ Қапшағай аңшылық-қорық шаруашылығының қызметкерлері дуадақтардың санын қалпына келтіру жөнінен үлкен жұмыстар атқарды. Қорғалжың және Наурызым қорықтарының су қоймаларында бұйра бірқазан мен қаңқылдақ аққулардың мекені жақсы жағдайда сақталуда.

Марқакөл қорығын құрғаннан кейін Алтай тауының осы бөлігінде бұлғындар мен маралдар қайта пайда болды. Еліктер қыстауға қала бастады, бұландардың келіп жүргені байқалуда, қоңыр аю көбейді. Ақсу-Жабағылы қорығы құрылғаннан кейінгі екі жылдан соң оның территориясында еліктер қоныстанды, қазір осы жануарлар 200-ден асады.

Біздің республикамызда қорықтар жүйесі дами түседі. Кем дегенде барлығы отыз қорық құрылуға тиіс. Қазір Қаратау және Бетпақдала қорықтарын құруға әзірлік жұмыстары аяқталып келеді. Алайда табиғатты қорғаудың табысы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дұрыс жолға қоюға ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің байлықтарына, қорық қазыналарына қаншалықты ұқыпты және парасатты қарауына тәуелді.

Біздің елімізде табиғатты қорғау және оған ұқыпты қарау азаматтардың Конституциялық міндеті болып табылады. Табиғатты қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану туралы заң талаптарын сақтау туралы мәселені талқылаған СССР Жоғарғы Советінің таяудағы үшінші сессиясында еліміздің ұлттық байлығының және совет адамдары денсаулығының аса маңызды бөлігі ретінде табиғат ортасына ұқыпты қараудың орасан зор мәні атап көрсетілді. Қоршаған ортаны қорғау, деп атап көрсетілді сессияда, бұл жалпы мемлекеттік, бүкілхалықтық іс. Қолданылып жүрген заң жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану мәселелерін қатаң белгілейді, Алайда, өкінішке қарай, қорық режимін адамдардың бәрі бірдей сақтамайды.

Табиғат байлығы қазіргі ғана емес, сондай-ақ болашақ ұрпақтың да еншісіне тиетінін адамдардың бәрі есте ұстауға және совет заңы тағайындаған ережелерді бұлжытпай сақтауға тиіс.

Ю. АФАНАСЬЕВ,
биология ғылымының кандидаты,
Қазақ ССР Ғылым академиясы өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі советінің аға ғылыми қызметкері.

Журнал санынан кейін

«ТӘЛІМГЕР БЕДЕЛІ»

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1985 жылғы 10-шы санында жарияланған «Тәлімгер беделі» деген бас мақалада Жезқазған облысының Амангелді атындағы, «Сарыкеңгір», «Қаракеңгір» совхоздарында тәлімгерлер қозғалысына басшылық жасаудың қанағаттанғысыздығына байланысты сын айтылған еді.

Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподақ комитетінің председателі **С. Досанов** редакцияға хабарлағанындай, мақала осы совхоздардың дирекциялары мен кәсіподақ комитеттерінің бірлескен мәжілістерінде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметкерлері Ұлытау аудандық кәсіподақ комитеті мен облыстық кәсіподақ комитеті президиумдарының мәжілістерінде талқыланған. Аталған шаруашылықтарда тәлімгерлер советтері қайта сайланып, тәлімгерлер іріктелген және бекітілген. Озат шопандар К. Әбілғазиев, Д. Лабаков, З. Әбілдин совхоздардың тәлімгерлер советтерінің председательдері болып сайланды.

Облыстық кәсіподақ комитеті шаруашылық органдарымен бірлесіп, жастар тәлімгерлерімен жүргізілетін жұмысты жақсарту, олардың оқуын жетілдіру жөніндегі шаралар жоспарын жасады.

Digitized by Google

МАСҚҰНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

Лектор сөзі

«Білім» қоғамының Абай қалалық ұйымы басқармасы жанынан партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы шешімдерін түсіндіруші лектор тобы құрылды. Оған сот және прокуратура, милиция қызметкерлері, мұғалімдер, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері енеді.

Лекциялар барлық шахталарда және қаланың басқа да кәсіпорындарында өткізілді. «Салауаттылық — өмір нормасы» деген сұрақ-жауап кештері жақсы танымал. Осындай кеш жөндеу-механика заводында өтті. Мұнда халық сотының председателі Е. Н. Кішібаев, қалалық № 1 ауруханаңың бас дәрігері М. Д. Лейкин, адвокат А. А. Янцен еңбекшілердің көптеген сұрақтарына жауап берді. Қаланың прокуроры М. А. Шаяпов, медицина қызметкерлері «Топар» шахтасында әңгіме өткізді.

Шағын коллективтерде: қалалық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының қалпына келтіру және аяқ киім цехтары, қалалық өнеркәсіп комбинатының алкогольсыз ішімдіктер цехы, магазиндер алкогольге қарсы насихат жөніндегі лекциялармен қамтылды.

А. МҰҢАЙТБАСОВА,
«Білім» қоғамының Абай қалалық ұйымының жауапты секретары.
Қарағанды облысы.

Үгіт бригадасы салауаттылық жорығында

Жаңақорған поселкесінің «Арман» клубында сол күні адамдар көп болды. Аудандық мәдениет бөлімі үгіт бригадасының «Маскүнемдікке — тосқауыл» деген программасы баршаның назарын аударды.

Аудандық мәдениет бөлімінің методисі Мәдениет Тотаев республиканың халық ақыны Манап Көкенов өлеңдері мен әндерінің және ауызша халық творчествосының маскүнемдікті сынайтын таңдаулы үлгілері негізінде оған арналған сценарийді жазды.

«Бір отырыстың құны» және «Айыпты жауапқа тартылсын» деген деректі фильмдерден кадрлар сәтті пайдаланылды. Үгіт бригадасына қатысушы С. Елеуов, А. Баймұратов, З. Пуштакова, С. Әлшібеков жергілікті ақындардың сатиралық шумақтарын, өлеңдерін, скетчтерін орындады.

Жаңа программа аудан шаруашылықтарының бәрінде көрсетіледі.

А. СҰЛЕЙМЕНОВ,
Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

ОЙ САЛАР ЖОЛДАР

◆ Бүкіл дүние жүзілік денсаулық қорғау ұйымының (ВОЗ) қорытындысы бойынша алкоголь есірткі деп танылды. Қайсыбір есірткі сияқты оның адамды елітіп, үсті-үстіне ішу тілегін туғызатын қасиеті бар. Алғашында тым шағын мөлшерде ішілетін спирттік ішімдік елеусіз түрде көлемді мөлшерге жетіп, адамды маскүнемдік шалшығына барған сайын тарта береді. ВОЗ номенклатурасы бойынша күн сайын 150 граммнан таза алкогольды қабылдайтын адамды маскүнем деп есептеген жөн. Күніне бір шөлмектен және одан да көп ішетін кісінің: мен ішімдікті орынды мөлшерде ғана қабылдаймын деп мәлімдейтінін кім естімеді дейсің. Ал тым ерескел бірдеме жасағанда ғана: иә, бүгін тым көбірек ішкен екенмін, деп мойындайды.

◆ Алкогольдың қайсыбір мөлшері адам организміне залалсыз емес. Адамда спиртті ішімдіктерді қабылдаудан зардап шекпейтін орган жоқ. Әйтсе де ең әуелі одан адамды адам деп атауға мүмкіндік беретін организм — ми бәрінен гөрі көп әрі ауыр зардап шегеді. Істің мәні мынада: миға алкоголь тым көп жиналады. Егер қанда шоғырланған алкогольді бір өлшем деп қабылдасақ, онда ол бауырда 1,45, жұлында — 1,5, ал мида — 1,75 өлшем құрайды. Мұның өзі қайтымсыз процестерге, ішінара айтқанда, қарттық ақыл кемуі деп аталатын аурудың ерте басталуына соқтырады.

◆ СССР Медицина ғылымдары академиясының академигі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Ф. Г. Углов былай деп жазады: «Адамдардың бәріне ішуге болады, бірақ қашан және қанша мөлшерде қабылдауды білген жөн. Мен, дәрігер ретінде, былай деп айта аламын: өз өмірін 15—20 жылға қысқартып, өзінің ақылой қабілетін ерте кеміткісі келетін, орташа сырқаттану мөлшеріне қарағанда бес-он есе жиі ауыр түрлі сырқаттарға шалдығып, өз балаларының ақыл-ойының кеміс болып, ауру болуын, семья шырқы бұзылып, төңірегіне бақытсыздық ұрығын сепкісі келетін кісілердің ішімдік ішуіне болады».

Digitized by Google

«ӘДІЛЕТ КҮРЕСКЕРЛЕРІНІҢ» ПІШІНІНДЕ

Жуырда Вашингтонда АҚШ-тың Гудзонов институтының «Президенттің басқарудың екінші мерзіміне арналған инициативалары» деген тақырыптағы баяндамасы таратылды. Бұл Рейган әкімшілігі алдағы төрт жылға ұсынған сыртқы және ішкі саясат саласындағы қимыл-әрекеттің өзіндік ауқымды программасы. Осы баяндамада баяндалған жаңалық аз. Өзінің «қырғилық» позицияларымен белгілі институт жанталаса қаруландыруды жалғастыруды, оның ішінде оны космосқа ауыстыруды ұсынады, СССР-мен және басқа да социалистік елдермен тең праволы сауданы дамытуға қарсы шығады. АҚШ-тың гренадалық сценарий бойынша ұлт-азаттық қозғалысын бұдан былай да жаныштауы үшін Кубаға, Никарагуаға қарсы зиянкестік әрекеттерді жанталаса жақтайды.

Дегенмен баяндама әйтеуір жаңа бір элемент бар. Бұл — «Америка үні», «Азаттық» және «Азат Европа» радиостанцияларын, «Интелсат» жүйесін одан әрі жаңғыртуды, сондай-ақ телевизиялық программаларды «спутниктер арқылы тікелей адамдардың үйіне» беру мүмкіндіктеріне қоса осы заманғы техника мен технологияны пайдаланып, социалистік елдер мен социалистік бағдар ұстаушы елдерге қарсы психологиялық соғысты күрт күшейтуге шақыру, Гудзонов институты осындай идеологиялық агрессияны «адамдарды жігерлендіретін батыс байлықтарын», «демократия, бостандық идеяларын» т. б, насихаттау үшін «адам правосы жолындағы күрес» ұранымен жүргізуге кеңес береді.

Вашингтондық «крест жорығына қатысушылар» басқа халықтарды немен «жігерленуді» ұстанатынын, қандай «демократиялық байлықтарды» дәріптейтінін қарап көрейік.

..Ақ үйде Рейганның президенттік алғашқы мерзімінің соңына қарай геноцид қылмыстарының алдын алу және оны жазалау туралы конвенцияға АҚШ баяғыда қол қойғанын, бірақ оны сол күйі бекітпегенін кенет еске түсірді. Сөйтіп президент Рейган өткен жылдың сентябрінде әкімшіліктің конвенцияны бекітуге ұсынуға әзір екені туралы жариялады. Ақ үй мен мемлекеттік департаменттің осы жайлы мәселенің конгрестің күзгі сессиясында қаралуын тіпті де талап етпейтіні кейіннен анықталды.

Конгресс оны күн тәртібіне бәрібір енгізген жоқ. Адам правосын қорғаудан гөрі маңыздырақ істер — Пентагон бюджеті, АҚШ-та кедейлерге жәрдемдесу программаларын қысқарту, қадірменді диктаторлар мен никарагуалық «контрасқа» қалай көмек көрсету туралы айтыстар болды. Бұл оқиға 1985 жылдың көктемінде де қайталанды. Тағы да МХ ракеталары, сол бір «контрас» туралы айтыстар кедергі жасады. «Адам праволарына» өзінің адалдығына ант етіп, әкімшілік басқа, «кезек күттірмейтін» істер шешілісімен оны бекіту туралы мәселеге оралатынына уәде берді.

Сөйтіп, маңызды халықаралық документ АҚШ-та кезекті алыпсатарлық объектісіне айналды.

Бірақ бұл мәселенің бір жағы. Оның басқа, анағұрлым маңызды жағы да бар. Геноцид қылмыстарының алдын алу және сол үшін жазалау туралы Конвенцияға қарсы күресінде қасарысқан сенаттағы қайраткерлер, американдық баспасөз жазғанындай, оны бекіту «АҚШ-тың ішкі істеріне шетелдердің араласуы үшін сылтау болып», «ойдан шығарылған себептерді пайдалана отырып, Америкаңы талқыға салуға» мүмкіндік береді деп қауіптенеді.

Мұнда не ескерілуде? Міне, 1978 жылдың 22 июлі деп белгіленген документ, — «Американдық үндістердің манифесі», Онда былай делінген: «...Біз дүние жүзінің барлық халықтарын Құрама Штаттардың осы территорияның тұрғылықты халқына қатысты адам праволарын сақтауы туралы мәселені президенттің алдына қоюға шақырамыз. **Біздің халқымызға қарсы геноцид саясаты жүргізілуде** (астын сызған мен—**В. Б.**) 1971 жылдан 1975 жылға дейін біздің әйелдердің 24 проценті зорлықпен стерилденді. Американдық саяси және барлау ведомстволары біздің халқымызға қарсы «Коинтелпро» сияқты заңсыз әскери операцияларды басқарды. Осындай акциялардың салдарынан бірқатар басшыларымыз зорлықпен қаза болды. Көптеген американдық түрмелерде тұрғылықты халық патриоттары азап шегуде.

Американдық түрмелерде шын мәнінде осы күнге дейін үндістердің ондаған жетекшілері азап шегуде. 1984 жылдың сентябрінде американдық үндістер қозғалысының жетекшісі Дэнис Бэнкс тағы да қамауға алынды. Оған, Л. Пелтиерге және басқаларға күн сайын өлім қатері төнуде. Өйткені, «Коинтелпро» программасы формальды түрде ғана жойылды.

«Манифест» 1978 жылғы июльде АҚШ конгресінің ресми «Конгрешнл рикорд»

Digitized by Google

хабаршысында жарияланды, сондықтан да бұл жерде американдық заң шығарушылар геноцид туралы Конвенцияның текстін қолдарына алғанда кірпідей жиырылатын «ойдан шығарылған сылтаулар» туралы сөз болып отырған жоқ: кім-кім, ал олар Құрама Штаттардың өзінің ішкі және сыртқы саясатында оның қағидаларының барлығын дерлік бұзатынын жақсы біледі.

Осы Конвенцияның II-статьясында былай делінген: «Қайсыбір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толық немесе ішінара құрту ниетімен жасалатын төмендегідей іс-әрекеттер геноцид деп түсіндіріледі:

а) осындай топтың мүшелерін өлтіру;

в) осындай топ мүшелеріне елеулі жарақаттар салу немесе есінен жаңылыстыру;

г) қайсыбір топ үшін ауыр жағдайды қасақана жасау, ол мұны толық немесе ішінара жоюға бағытталған;

д) осындай топтар арасында бала тууды болдырмауға арналған шаралар;

е) балаларды адамдардың бір тобынан екіншісіне зорлықпен беру.

Этникалық, саяси, діни геноцид — Американың тұрғылықты халқы үшін ғана шындық емес. Дорит пен Джордж Памфридің жуырда шыққан «Гетто және түрмелер. АҚШ-тағы нәсілшілдік пен адам правосы» кітабында американдық мемлекетке — «Американдық үндістер манифесіндегідей», АҚШ-тың басқа да «түсті» ұлттық азшылық, кедейлердің көп миллиондаған армиясы атынан айыптау үкімі шығарылған.

Кітапта келтірілген цифрларды оқи отырып, геноцид туралы Конвенцияның қағидаларын еріксіз еске түсіресің. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы. Негрлер арасындағы жұмыссыздық ақ нәсілді адамдарға қарағанда екі еседен астам жоғары. Негр жастары арасында жұмыссыздар 60 процентten 70 процентке дейін жетеді, қара нәсілді балалардың 42 проценті кедейшілікте өмір кешуде. АҚШ мектептерінде қолданылып жүрген нәсілдік сегрегация салдарынан 17 жасқа дейінгі олардың 40 проценті сауатсыз. АҚШ-тың «түсті» балаларының 14 жасқа дейінгі тең жартысы полимиелиттен, ал 40 проценті қызылшадан қажетті екпе ала алмайды.

АҚШ-тың право қорғау системасы да, сот ісін жүргізу де, түрмелер де ұлттық азшылыққа қарсы террорға қызмет етеді. Негрлер мен олардың әйелдерін ақ нәсілді ерлер мен әйелдерге қарағанда 7 және 11 есе жиірек тұтқынға алады, оларға қарсы сот істері 7 және 12 есе жиірек қозғалады, оларға айыптау үкімдері 8 және 14 есе жиірек шығарылады. 100 мың ақ нәсілді халыққа 65 тұтқыннан келеді. Негр халқының осынша санына 544 тұтқыннан, шыққан тегі (чиканос) испандық-мексикандық американдықтар үшін, ал үндістер үшін 295 тұтқыннан келеді.

Қазір АҚШ-та «түрме дүрмегі» деп аталатын, бұл елде түрмелердің орасан зор программалық құрылысын осылай атайды, қылмысты істерге қарсы күрес пен емес, билеуші топтардың еңбек рыногында жұмыс табылмайтын сол «керексіз халықты», сондай-ақ бүлікшілерді, яғни ең алдымен «түсті» халықтарды, азаматтық право жолындағы күрестің активистері мен прогрессіл ұйымдарға қатысушыларды торға қамауға (мүмкіндігінше ұзақ уақытқа, тіпті өмір бойына) алу ниетімен түсіндіріледі.

Орталық барлау басқармасы, Федералдық тергеу бюросы және Пентагон АҚШ-тың «ғылыми» мекемелерімен бірге 1953 жылдан бастап адамдардың мінез-құлқын «программалау» және олардың ерік-жігері мен психикасына бақылау жасау жөнінен тәжірибе жүргізуде. Миға операция жасауға, оған қоса есірткілер, электрмен естен тандыру, нейрохирургия қолданылды. Пентагон, ішінара айтқанда, рак клеткалары салынған тұтқындарды нейтрон түйіршіктерімен атқылауды жүргізді. АҚШ атом энергиясы жөніндегі комиссияның нұсқауы бойынша 131 тұтқынды рентген сәулесінің жоғары мөлшерімен емдеді. Және бұл жария болған қылмыстың шамалы ғана бөлігі! Геноцид туралы Конвенция айналасында күшейген тартыс қазір АҚШ-ты белең алған саяси пығылдан айқын көрініс табуда. Президенттік сайлаудан кейін болған право күрескерлерінің кезекті шабуылы билеуші топтар үшін жағымсыз мәселелерді заңды түрде тудырды. Адам правосы мен бостандығын қорғау туралы бірде-бір негізгі халықаралық документті неліктен АҚШ әлі күнге дейін бекіткен жоқ? Гренаданы оккупациялап, ақырына дейін жойылмаған сомосалық сілімтіктердің және Орталық барлау басқармасының басқа да агентураларының қолымен Никарагуаға қарсы соғысып, ауғандық душмандарға жәрдем беріп, 3 миллионнан астам кампучиялықтардың өліміне кінәлі полпоттықтарды қолдап, Оңтүстік Африка Республикасындағы апартеидке дем беріп, Израильдің Ливанда жүргізіп жатқан геноцидтік операцияларына, сальвадорлық соғысқұмарларының ойрандық жортуылдарына араласып, практикада бүкіл дүние жүзінде АҚШ-қа жақпаған саяси жетекшілерді өлтіруді, бүліктерді, қастандық іс-әрекеттер мен төңкерістерді ұйымдастырып отырған АҚШ бір мезгілде осы правоның барлық нормаларын аяққа басушы ролін атқара ала ма? Өзінің мемлекеттік саясатын халықаралық терроризм дәрежесіне көтерген ресми Вашингтон «әділет күрескері», «бүкіл дүние жүзінде бостандық пен демократияны» қорғаушы қосынында жалаңаш король ретінде көрінбей қоймайды.

Ақ үйден бүкіл адамзатқа бостандық пен гүлдену, адам праволарын құрметтеу сәулелері түсетін «Жотадағы сәулетті қала» — Құрама Штаттары туралы пікірлерді естіген кезде, Энгельстің «өзі сөзсіз тудыратын теріс құбылыстарға сүйіспеншілік жамылғысын» жабуға әр-

Digitized by Google

дайым тырысатын буржуазияның екіжүзділігі туралы сөздері еске түседі.

Осы «Жотадағы қаладағы» нақты жағдай марксизм-ленинизм классиктерінің буржуазиялық демократияның залалы, адамның праволары мен бостандығының буржуазиялық концепциясының қоғамды социалистік қайта құру жағдайында ғана мүмкін болатын бостандық —адамзат үшін нағыз бостандықпен сыйыспайтындығы туралы тұжырымын жүз процент қуаттайды. Буржуазиялық демократия — байлар үшін демократия, ал американдық мемлекет — буржуазия диктатурасы болып қала береді.

Буржуазиялық баспасөз осы диктатура алдындағы өзінің мәймөңкелеуінде кейде буржуазиялық «бостандықтарды» маркстік талдаудың нақтылығы мен актуальдылығы туралы өзінен-өзі дәлелдейтін фактілерді айтып қояды. Американдық «Форбс мэгэзин» журналы жуырда небары 400 американдықтың ғана 125 миллиард доллар байлықты иеленетінін хабарлады, ал елдің қалған барлық азаматтары өздерінің жинақ есептерінде жалпы 126 миллиард доллар жинай алған. Міне, сәулетті меншікті үйлерде тұратын нақ осы төрт жүз адам бүкіл дүние жүзін билеп-төстеуге үмітгене отырып, Американы басқаруда.

Осы цифрларға ойланып қараңызшы — 400 аса бай адам және ресми статистика бойынша кедейлік дәрежесінен де төмен тұратын 35 миллион американдық, 400 астам бай мен 8 миллион жұмыссыз және кәсіподақтардың мәліметтері бойынша 12 миллион жұмыссыз, 3,5 миллион баспанасыз адам. Және қазіргі вашингтондық «әділет күрескерлері» осы төрт жүз адамның көңілінен шығу үшін кедейлерден әлеуметтік жәрдемнің соңғы түйіріне дейін тартып алу жолында қолдан келгеннің бәрін жасап отырғанын атап өтейік. Міне «Жотадағы сәулетті қала» үшін нағыз ақиқат осы!

Қазір сол жақтан естіліп жатқан «адамның праволары мен бостандықтары» туралы даурықпа жалған азат дүние азаматтарының «миын шаюға» арналған әншейін екіжүзділік қана емес. Рейган әкімшілігі АҚШ мемлекеттік секретарының адам праволары мен гуманитарлық мәселелер жөніндегі көмекшісінің қызметіне тағайындаған әсіре оңшыл қайраткер Э. Абрамс антикоммунизм өзі жетекшілік ететін салада АҚШ саясатының ең басты мазмұны қызметін атқаратынын бүкпесіз мәлімдеді. Және кімде-кім антикоммунизмді уағыздамаса, деп мәлімдейді Абрамс, «сол адам праволары саласында елеулі саясатты жүргізе алмайды».

Абрамс мырза сол арқылы «адам праволары саласындағы американдық саясаттың» идеялар жарысымен ортақ ештеңесі жоқ екенін, империализмнің психологиялық соғысының басты бағыттарының бірі, Рейган әкімшілігі жариялаған коммунизмге қарсы орасан зор «крест жорығының» бір ғана бөлігі екенін айтып қойды. Сонымен қатар бұл саясат Вашингтонның сыртқы саяси арандату әрекеттерін бүркемелеуге қызмет етеді, ал социалистік елдердің ішкі істеріне араласу секілді «адам праволарын қорғаудың» жалған сылтауымен жүзеге асыру модаға айналды.

Осы саясаттың мақсаттарын тұжырымдай отырып, Гудзон институты баяндамасының авторлары тұспалдамай-ақ тура айтады: «дүние жүзінде өздерінің басқарушы позицияларын сақтау мен нығайту (яғни Құрама Штаттары — В. Б.) және АҚШ ұмтылып отырған басшылықты, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету», «Пакс Американ» ұранының осы заманғы редакциясын («американдарша бейбітшілік») баяндама авторлары Рейган әкімшілігіне «дипломатиялық пиғылдарға» қарайламай-ақ тіміскі әрекеттер жүргізуді ұсына отырып, іс-қимылға басшылық ретінде ұсынады.

Бұл АҚШ-тың адам праволарын қорғау саласындағы саясатының біздің планетамызда бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген қауіп-қатердің дәлелі емес пе! Демек адамзатқа өшпенділік идеяларын уағыздап, тарата отырып, бейбітшілікті де, хауіпсіздікті де қамтамасыз етуге болмайтыны айқын.

В. БОЛЬШАКОВ.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-56,
33-80-73, 33-90-01.
33-80-07.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.


Сдано в набор 26.07.85. Подп. к печати 12.08.85. УГ01376. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч. изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66176 (казахское издание — 33629 экз. русское издание 32547 экз. Заказ 123. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ—ҚАЗАҚСТАН



Алматының машина сынау станциясында Герман Демократиялық Республикасында «Нобас» кәсіпорны жасаған 750-ші универсал экскаваторды Қазақстанға тапсыру салтанатты түрде өтті.

Суретте: машинист - оператор П. Шапов пен инженер С. Сәлімбаев экскаватордың символикалық кілті мен дипломын ұстап тұр.

Алматы. Қазақ ССР Ғылым академиясында Жас ғалымдар советі жұмыс істейді, оның қызметі жас ғалымдардың кәсіптік және идеялық-саяси дәрежесін арттыруға бағытталған. Қазір жас ғалымдар маңызды ғылыми-техникалық проблемалар бойынша 24 комплексті программаны орындауға қатысуда. Өткен жылдың өзінде ғана олардың қатысуымен жалпы экономикалық тиімділігі 35 миллионнан астам сомдық 120 жұмыс енгізілді.

Суретте: Жас ғалымдар советінің председателі, химия ғылымының кандидаты Г. Р. Хобдабергенова (оң жақтан екінші) советтің кезекті мәжілісінде.





Алматы. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының археология музейінде біздің дәуірімізге дейінгі V– VI ғасырларда жасалған және Қазақстан территориясындағы көне жоғары мәдениет туралы бейнелейтін «алтын адамның» муляжы қойылған.

ҚазТАГ суреттері.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

ОРНЫНА САЛ!



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN—0132—6139



САПА ҮШІН КҮРЕС!

Қазақстан ҮГІТШІСІ

17
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Алматы кілем фабрикасының озат кілем тоқушысы, Қазақстан Компартиясы қалалық комитетінің мүшесі Г. И. Хромованың есімі Қазақ ССР-нің алтын құрмет кітабына жазылды. Саладағы нормалардан жоғары жұмыс істей отырып, озат кілем тоқушы он бірінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бір жыл бұрын аяқтай білді. Ол қажырлы еңбегі үшін екі Еңбек Даңқы орденімен наградталды.

Суретте: Г. И. Хромова.
Суретті түсірген Е. Шлей (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

17

1985

СЕНТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 17, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

Съезд қарсаңындағы жарысқа — кең өріс . . . 2

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ВАХТАДА

В. Каменева. Өндіріс иесі болайық 4
Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы вахтада 6

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Г. Козлов. КПСС-тің жауынгер отряды 8

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

А. Нагулин. Орақка — екпінді қарқын 11
В. Монаршенко. Үгітшілер — алда 12
Е. Жиембаев. Овощ өсірушілердің маңызды міндеттері 13

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Х. Матаев. Адамдармен жұмыс — алдыңғы қатарда 16

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Э. Әбдірашитов. Машина жасаудың тиімді ролі (29 сентябрь — машина жасаушы күніне) . . 19

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Журов. Мұғалімнің асқақ міндеті 22
М. Тәжин. Әлеуметтік құрылым жетілдірілуде . . 24

КӨРНЕКІ ҮГІТ ПЕН САЯСИ ПЛАКАТТЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ БАЙҚАУЫ

Л. Дмитриев. Еңбек ерлерін мадақтаймыз . . . 26

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

Л. Краснова. Салауатты тұрмыс клубы 28

БЕСЖЫЛДЫҚ КАРТАСЫНДА

В. Ступак. Аса қуатты станция 29

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

П. Васильев. Генералдық демократия 30

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖАРЫСҚА—КЕҢ ӨРІС

Біздің еліміз КПСС XXVII съезіне келе жатыр. Партияның жоғары форумына бүкілхалықтық әзірлік совет қоғамы өмірінің барлық жақтарына тұрақты өскелең ықпал жасауда. «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» ұранымен еңбек вахтасы жер-жерде өтуде. Оларға қатысушылардың күш-жігері бесжылдық тапсырмаларын табысты аяқтауға, мейлінше аз шығын жұмсай отырып, аса үздік нәтижелерге жетуге шоғырландырылуда. «Барлық істердің ішінде бүгін таңдағы ең бірінші кезектегі іс, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Белоруссия Компартиясы Орталық Комитетіндегі кездесуде, — үстіміздегі бесжылдықты ойдағыдай аяқтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау. 1985 жылдың жоспары орындалуға тиіс және де ешбір түзетусіз орындалуға тиіс. Бұл мәселені КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы осылай қойды, ол іс жүзінде солай жүзеге асырылуға тиіс».

Осы шақыру жер-жерде қызу қолдау табуда. Мәселен, Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты Оңтүстік Жезқазған руднигінің Социалистік Еңбек Ері Е. Баймағанбетов басқаратын кеншілер бригадасы съезд құрметіндегі вахтаны екпінді атқаруда. Ол съезд ашылғанға дейін жоспардан тыс 12 мың тонна руда шығарады. Кеншілер жылына он күн үнемделген материалдармен жұмыс істеп, бір күннің жалақысын Бейбітшілік қорына аударады. Міндеттеме ұйымдық-техникалық және тәрбие шараларымен нығайтылған. Мәселен, біліктілікті арттыру, еңбектің озық тәсілдерін оқып-үйрену курстарын жүргізу ұйғарылды. Бригадада еңбек тәртібін бұзушылық жойылған, жабдықтарды қамту өте жақсы жолға қойылған, мұның өзі жұмыс уақытының ысырабына жол бермейді. Коллективте жыл сайын аға жолдастардың белсене қолдауымен жас жұмысшыларды оқытып үйретеді. Басқа бригада коллективтері де КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне сүбелі еңбек тартуларын еселеуде. Олардың 120-дан астам коллективі кемінде он күн үнемделген материалдармен жұмыс істеуге ұйғарды. Партия және кәсіподақ ұйымдары еңбеккерлердің міндеттемелерді жүзеге асыруына көмектесуде.

Екібастұздың «Восточный» разрезінің құрылысында екпінді еңбек онкүндіктері жақсы ұйымдастырылған. Жұмыстың зор көлеміне қарамастан, құрылысқа қатысушылардың бәрі міндеттемелердің қалай орындалып жатқанынан әрдайым хабардар болып отыр. Көрнекі үгіт, үгітшілер мен саяси хабаршылар таңдаулылардың жетістіктері, еңбек қарқынын төмендетпеу үшін осы сәтте қандай міндеттерге назар аудару қажет екені туралы әңгімелейді. Әрбір онкүндіктің қорытындылары бойынша жеңімпаздарды міндетті түрде атайды.

Гурьев мұнай өңдеу заводында екпінді онкүндіктердің жеңімпаздары құрметіне еңбек даңқы жалаулары көтеріледі, еңбекте жоғары нәтижелерге жеткен жұмысшыларға, инженерлер мен техниктерге алғыс хаттары тапсырылады. Көптеген онкүндіктер бойы жүлделі орындарға ие болған коллективтер жеңілдіктері бар туристік жолдамалармен мадақталады. «Молнияларда» еңбек вахталарының нәтижелері туралы әңгімеленеді. Жұмысшы жиналыстарында, саяси хабаршылардың әңгімелерінде осы жайында айтылады. Заводтың микроауданында да көрнекі үгіт безендірілген.

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының В. И. Ленин атындағы колхозы партия комитетінің активистері әрбір онкүндіктің соңына қарай суретті газет шығарады. Олар бірден бірнеше дана әзірленіп, фермаларда, клубтарда, мектептерде ілінеді.

Республиканың басқа да көптеген кәсіпорындары, құрылыстары, совхоздары мен колхоздары коллективтерінде қызықты істер баршылық, ал осыған қарамақайшы сипаттағы фактілерге мүлдем төзуге болмайды. Мәселен, Жамбыл облысы Жамбыл ауданының XXII партсъезд атындағы колхозының республикадағы аса ірі мал шаруашылығы комплексінде жарыс дұрыс жолға қойылмаған. Мұнда үгіт коллективі жұмыс істемейді. Комплекс басшылары көрнекі үгіттің атқаратын қызметін де өздеріншe түсінеді. Барынша жалпылама мазмұндағы айшықты панноны безендіруге қаншама қаржы жұмсаса да, олар жарыс қорытындыларын көрнекі етіп көрсетуді қажет деп есептемейді. Құрмет тақтасы нашар. Ферма қызметкерлерімен әңгіме олардың бригадалық мердігерлік комплексте міндеттемелердің қалай орындалып жатқаны туралы нақты мағлұматы жоқ екенін көрсетті.

Жарысты ұйымдастырудағы, оны идеологиялық жағынан қамтамасыз етудегі осындай қарым-қатынасты батыл жою керек. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының адам факторының ролін жандандыру, әрбір еңбеккердің жауапкершілігі мен инициативасын арттыру қажеттігі туралы қағидала-

Digitized by Google

рын табандылықпен жүзеге асыру талап етіледі. Және мақсатты үгіт-насихат жұмысы, социалистік жарыс осының шешуші шарттарының бірі ретінде қызмет етуде.

Социалистік жарысты еңбекшілердің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жолындағы күресімен мейлінше тығыз байланыстыру, оны идеологиялық жағынан мықтап нығайту — кезек күттірмейтін міндет. Үстіміздегі жылдың июль айында өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі КПСС Орталық Комитетіндегі кеңестің қорытындыларын және республика партия ұйымының міндеттерін талқылаған республика партия-шаруашылық активінің жиналысында бұған бірінші кезекті көңіл бөлінді. «Біздің халық шаруашылығымыздың экономикасын одан әрі өркендету жөніндегі ерекше жауапты міндеттер бүкіл идеологиялық жұмысты жақсартуды талап етеді, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас жиналыста жасаған баяндамасында. — ...Ауызша саяси үгіт, лекциялық насихат, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметі алдынан зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Ғылыми-техникалық прогресс проблемалары таным саласынан әрбір совет адамының санасына тезірек көшуі үшін бәрін де істеу қажет».

КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, алдағы бесжылдыққа тағайындаған бақылау цифрларымен салыстырғанда оның өндірісі мен тиімділігін арттыру жөнінен анағұрлым жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу міндеттемесін қабылдаған Волжск жеңіл автомобильдер жасау жөніндегі бірлестігінің инициативаларын тарату үшін өте көп жұмыс атқару қажет. Республиканың бірқатар кәсіпорындарының коллективтері де қауырт міндеттемелер қабылдады.

Міндет мынада: әрбір коллективтің еңбек тиімділігі мен сапасын арттырудың барлық резервтерін іздестіру және іске қосу жолдарын нақты анықтау. Әрбір адамды халық игілігіне ұқыпты, шаруагерлікпен қарауға тәрбиелеу әрбір активист қызметінің әрдайым бірінші кезекті ісі болуға тиіс. «Үнем тәртібі — біздің байлыққа бастайтын жолымыз, барлық міндеттердің шын мәніндегі өзегі» деген түсінік әрбір совет адамының санасына терең орнығуға тиіс. Бұл бүкіл партияның, бүкіл халықтың ісі», — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі кеңесте. Және бұл жерде біздің бірінші кезекті міндетіміз — әрбір кәсіпорында үстіміздегі жылы екі күн үнемделген материалдармен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау.

Астық үшін қауырт күрес жүргізіп жатқан село еңбеккерлерінде қазір нағыз қызу шақ. Егін жинауды дер кезінде және сапалы өткізу, астық пен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауда автомобиль транспортын тиімді пайдалану жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы шешім республика партия ұйымының үлкен қамқорлығының бір көрінісі болып табылады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ақшалай сыйлықтармен қатар ауыспалы Қызыл Тулары тағайындалды. Аса жоғары нәтижелерге жеткен оракка қатысушыларды наградтау үшін Қазақ республикалық кәсіподақтар советі Совет Одағын аралауға 1000 туристік жолдама бөлді, ал Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті 100 адамды «Спутник» халықаралық жастар бюросының жолдамалары бойынша өз еліне және шетелдерге жіберу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ мадақтаудың басқа да шаралары қарастырылды.

Оракка қатысушылар өздеріне жоғары міндеттемелер қабылдауда, тамаша инициативалар жасауда. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының диқандары «Орақ-85 стахановшысы» атағын алу үшін жарысуда. Кемінде 10 мың центнер астық бастырған комбайншылар, сондай-ақ аса көп астық тасыған жүргізушілер, астықтың жоғары сапасын сақтай отырып, рекордты нәтижелерге жеткен басқа адамдар осы жоғары атаққа ие болады.

Партия алға қойған жаңа күрделі міндеттерді табысты шешу үшін бұқаралық-саяси жұмыстың формалары мен әдістерін батыл жетілдіру, онда іскерлікті, табандылықты белсенді орнықтыру қажет. Кейбір партия комитеттері мен бюроларының үгітшілер мен саяси хабаршыларға дер кезінде нұсқау бермеуімен, олардың еңбекшілерді өндірісті жан-жақты интенсивтендіруге, еңбек тәртібін нығайтуға, маскүнемдік пен басқа да келеңсіз құбылыстарды тыюға жұмылдырудағы ролін жете арттырмауымен келісуге болмайды. Үгітшілерді адамдармен жұмыс жүргізудің белгілі бір бағыттарында мамандандыру мәселелерін белсендірек шешу қажет. Партияның идеялық-тәрбие жұмысының орталығын тікелей бригадаларға және басқа да төменгі буындағы коллективтерге ауыстыру туралы талабын анағұрлым дәйектілікпен жүзеге асырған жөн.

КПСС XXVII съезі ашылатын күнге дейін барған сайын уақыт аз қалуда. Сондықтан да барлық коллективтерде әрбір күн партия жоспарларын жүзеге асыру, қабылданған жоғары социалистік міндеттемелерді орындау жолындағы қайнаған қызу жұмысқа толы болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет.

Digitized by Google



ӨНДІРІС ИЕСІ БОЛАЙЫҚ

В. КАМЕНЕВА,
«Востокмаш» заводының станокшысы, үгітші

Өзің жұмыс істейтін кәсіпорын жоспарларды сенімді орындайтынын, еңбектес жолдастарыңның портреттерін қалалық Құрмет тақтасынан көру — осының бәрі мақтаныш сезімін тудырады.

Заводымыз Жезқазған мен Норильскіде, Рудный мен Курск магнит анамалийінде, Екібастұзда және өрине, біздің облыстың кәсіпорындарында ойдағыдай пайдаланылатын кен жабдықтарын шығарады. Біз өнім беру жоспарларын сенімді орындап келеміз. «Ульба» кен машинасы туралы жылы лебіздерді есту өте қуанышты. Бұл адамдарды шахтаға жеткізуге арналған өзіндік жерасты автобусы, жерасты крандарымыз да, зарядты машиналар да жақсы қызмет етуде. Дегенмен, біз өнім сапасын жақсарту, оны техникалық жағынан жетілдіру үшін мүмкіндіктердің әлі де көп екенін жақсы білеміз. Және осы резервтерді пайдалану өзімізге тәуелді.

Жолдастарымыздың творчестволық ізденістерінің қыруар экономикалық тиімділік беруінің жарқын мысалы мынадай. Бізде жасалатын өздігінен жүретін жерасты машиналары сенімді жұмыс істеді, бірақ оларда мамандану шеңбері тым тар еді, небары бір-екі операцияға шақталған. Өткен жылы перспективалық құру бөлімінің мамандары цех коллективтерімен бірлесіп, аспалы жабдықтары бар машиналар комплексін жасауға кірісті. Сынақтар табысты өтті. Егер мамандандырылған техниканың жалпы салмағы 193 тонна болып, оның өзіндік құны бір миллион сомнан асса, енді комплекс 60 тонна тартады және 380 мың сомға түседі. Материалдарды жұмсау үш есе кеміді, ал еңбек өнімділігі күрт өсті. Алайда бізді мұның өзі де қанағаттандырған жоқ. Завод конструкторлары В. Шилов, В. Комендантов, Н. Муратов, О. Перминова құрастыру цехының озат жұмысшылары В. Бецпен, П. Швецовпен, В. Песняковпен бірлесіп, жабдықтарды дұрыс орналастыру, болаттың әр түрлі сорттарын шебер қолдану есебінен металл шығынын тағы да 1200 килограмға кемітуге қол жеткізді. Тұрақты ізденіс завод коллективінің жылына барлығы 8,5 мың тонна отын, 3,5 мың тонна металл прокатын және 15 тонна жанар-жағар май материалдарын үнемдеуіне көмектесті.

Іске творчестволық көзқарас, тапсырылған іс үшін өзіне жауапкершілік алуға ұмтылу барысында адамдарда өндіріс иесі сезімі көрінуде. Біз партия журналысында завод коммунистерінің КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңестің ұсыныстарын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін талқылаған кезде нақ осы позицияны негізге алдық.

Біз, үгітшілер, алда тұрған істердің маңыздылығын әрбір инженерге, әрбір жұмысшыға жеткіздік. Осы жұмыста тылдың да, ерекше алғы шептің де жоқ екеніне кәміл сенемін. Әрбір жұмыс орнында өз күшіңді жұмсайтын іс табылады. Осы жайында біз, ішінара, рационализация мен өнертапқыштыққа арналған әңгімелерде айттық. Өткен жылы бізде жалпы экономикалық тиімділігі 2 миллион сомдық 240 рационализаторлық ұсыныс енгізілді. Демек бұл шек емес. Өйткені, заводтың көптеген еңбеккерлері осы істен әлі де сырт қалып отыр ғой. Ал жұмысшыларымыздың біліктілігі мен білім дәрежесі әрбір адамның рационализацияға белсене қатысуына мүмкіндік береді. Және соңғы айларда бізде ұсыныстар саны қыруар көбейді.

Мен жұмыс істейтін цех коллективі халық тұтынатын товарлар шығарады. Осы өнімдер көлемі қазірдің өзінде 5 миллион сомнан асты. Бұл алуан түрлі товарлар — елка өшекейлері, балалар велосипедтері және ойыншықтар. Оларды жасауға негізінен өндіріс қалдықтары пайдаланылады. Сондай-ақ біз де резервтерді табандылықпен іздестіреміз. Коммунист А. М. Попов басқаратын біздің бригада жұмыста жоғары қарқынға қол жеткізді — қазір 1986 жылдың август айы есебіне еңбек етудеміз. КПСС XXVII съезі ашылғанға дейін бірінші тоқсанның тапсырмасын орындауға сөз бердік. Наталья Кузнецованың, Күләш Тоқсеитованың, Элла Опфердің жұмыстары қызға түсуде. Олар аралас мамандықтар-

Digitized by Google

ды бірінші болып меңгеріп, жолдастарын соңдарынан ерте білді.

Әйтсе де, біздің коллектив озық болғанымен, өмір маған, үгітші ретінде кейде күрделі міндеттерді алға тартады. Осыдан бірнеше жыл бұрын бізде бригадалық мердігерлікті енгізу барысында экономист Нина Григорьевна Ушивец екеуміздің қаншама уақыт жұмсағанымыз есімде. Еңбекті ұйымдастырудың осы формасын коллективте қайсыбір наразылықпен қарсы алды деп айта алмаймын. Бірақ көрсеткіштер әйтеуір төмендеп кетті. Ал біз оны заводта бірінші болып енгіздік, сондықтан да бәрі бізге өте-мәте жіті қарады. Мен өз жұмысыма, құрбыларымның жұмысына назар аудардым және өзіміздің бұрынғыша жұмыс істейтінімізге, басты көрсеткіш — негізгі өнімді шығаруға немқұрайды қарағанымызға көзім жетті.

Әрбір қызметкермен талай рет әңгімелесуге тура келді. Мерзімді баспасөзді мұқият қадағалап отырдым, шаруашылық есеп туралы материалдарды оқыдым, оларды цехқа әкеліп, жолдастарыма оқуға бердім. Коммунистік еңбек мектебіндегі оқу да көмектесті. Онда біз шаруашылық есеп, рентабельділік, өзіндік құн сияқты ұғымдармен таныстық, еңбек өнімділігінің өсімі неге тәуелді екенін түсіндік. Содан кейін практикаға ауысу оңайға түсті.

Бүгінде нәтижелер айқын. Біздің бәріміз аралас кәсіптерді меңгердік, электр энергиясын, шикізатты үнемдеуге шаруагерлікпен қарай бастадық. Енді материалдардың бірде-бір грамы қалдыққа кетпейді, бірде-бір станок мерзімінен бір сәт ерте қосылмайды.

Тағы бір күрделілеу мәселені алайық. Цехтық жиналыста біздің бәріміз маскүнемдік пен алкоголизмді тыюға бағытталған шараларды бірауыздан қолдадық. Осындай келеңсіз құбылысты жоятын уақыт жетті — әрқайсымыздың пікіріміз осындай болды. Сонымен алғашқы күндер де өтті, кейбіреулердің маскүнемдікті, былайша айтқанда, жалпылама ауқымда айыптағаны анықталды. Туған күнді, еңбек демалысын атап өту айып емес сияқты көрінді. Бірақ мұнымен маскүнемдікті тыя алмайсың. Совет адамдары осы үлкен іске батыл және біржола кірісті және онда босаңдық жасау мүмкін емес. Міне, сондықтан да коллективте әңгімелерді қайта-қайта өткізіп, цифрларды, мысалдарды дәлелге келтіруге тура келеді.

Маған адамдар алуан түрлі, соның ішінде жеке мәселелерімен келеді. Оларды не толғандыратынын өзім аңғаруға ұмтыламын.

Бірде, мәселен, бір әйелдің ойланбай іс жасамауына көмектестім: тұрмыстағы жайсыздықтар үшін заводты тастап, қиындықтардан «дем алғысы» келген екен.

Сол әңгіме екеуміздің де есімізде қалды. Біраз уақыт өтті, ал ол әйел бұрынғыша біздің цехта еңбек етіп жатыр, жұмыс оған ұнағанға ұқсайды.

Мен көптеген жылдар бойы үгітшімін. Ол менің жүрек қалауым. Бірақ мені толғандыратын мәселелер жайында айтпауға болмайды. Біз кейде үгітшілік тапсырманы бөлуге немқұрайды қараймыз. Ауызша үгіт активистерінің тізімінде ғана саналатын адамдарды білемін. Олар тіпті де жаман адамдар емес, бірақ олар әрбір адаммен ортақ тіл таба білмейді, қажетті білімдері жоқ. Осындай жанды, үлкен күш-жігер мен табандылықты талап ететін іске комсомолецтерді, жастарды ойдағыдай тартпаймыз. Басқа да шешілмеген мәселелер аз емес. Мысалы, біздің цехтың үгіт коллективінде үгітшілер арасындағы міндеттер нашар бөлінген, бүгін жастар жатақханасында әңгіме өткізуді тапсырса, ертең үнем мен ұқыптылық жайында әңгіме қозғайсың. Біздің кәсіпорындағы жардайды жақсы меңгеруге тиіс екендігімізде сөз жоқ, әйтсе де мамандану істің мәніне анағұрлым терең үңілуге, белгілі бір мәселелер бойынша біліміңді арттыруға мүмкіндік береді. Біз заводтың микроауданындағы үгіт алаңдарын барлық кезде бірдей шебер пайдалана бермейміз. Осында өткізілетін шаралар көбіне ойын-сауық сипатын ұстайды. Тұрғылықты жер бойынша барынша толғандыратын күнделікті мәселелер жайындағы әңгімені сирек өткіземіз. Адамдар өз ауласын көріктендіру немесе демалысты ұйымдастыру, тәрбие сияқты пайдалы істерге онша тартылмайды. Ал мұның өзі әрбір адамның белсенділігін, ынтызарлығын, өз еңбек коллективінің, бүкіл елдің қам-қарекетіне жауапкершілігін дамытуға көмектесуде.

Өскемен қаласы.

ӘР КҮН ЕКПІНДІ

Лениногор полиметалл комбинатынан В. М. Ерхалевтің байытушылар бригадасы КПСС XXVII съезі атындағы коллектив аталу правосы жолында күресу инициативасын облыста бірінші болып жасады. Бұл үшін металлургтерде барлық жағдай бар. Бригада бесжылдық жоспарды Жеңістің 40 жылдығына дейін аяқтады. Үнемделген материалдық-энергетикалық ресурстармен үш күн жұмыс істеді. Жылдың басынан бері коллектив тапсырманы асыра орындай алмаған бір күн де болған жоқ.

Digitized by Google

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ—

Жаңа межелер

Шығыс Қазақстан облысы еліміздің түсті металлургиясының ірі орталығы болып табылады, ол мұнда полиметалл қойнауы базасында жасалған. Отандық өнеркәсіптің көш бастаушылары қатарында Өскемен қорғасын-мырыш, титан-магний, Лениногор полиметалл комбинаттары бар. Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотын қамтамасыз етудегі қызметі үшін Лениногор полиметалл комбинаты Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

Облыста машина жасау, жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жетекші кәсіпорындары да бар, мұнда аграрлық-өнеркәсіптік комплекс мықтап дамыған.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезіне әзірлік күндерінде еңбек коллективтерінде жетістіктердің жіті байқауы өтуде, өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін іздестіру күшейіп келеді, жаңа межелер белгіленуде.

Өскемен еңбекшілері үстіміздегі жылдың және 1986 жылдың алғашқы екі айының тапсырмасын бірнеше миллион сомға асыра орындауға ұйғарды. Осы бастаманы кенді Алтайдың 300-ге жуық еңбек коллективі қолдады. Жоғары межелерді ойдағыдай алу үшін жақсы негіз жасалды. Облыс өнеркәсіп өнімдерін өткізудің жарты жылдық жоспарын 101,6 процентке орындады. Аграрлық-өнеркәсіп комплексінің кәсіпорындары өнім өткізу жөніндегі тапсырманы асыра орындады.

Партияның экономиканы дамудың интенсивті жолына ауыстыруды жеделдету жөніндегі бағытын бірауыздан мақұлдап, «АвтоВАЗ» бірлестігі коллективінің инициативасын қолдай отырып, облыстың бірқатар кәсіпорындарының еңбекшілері он екінші бесжылдықта ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыру жөнінен міндеттеме қабылдады. Өскеменде қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаттары мен конденсатор заводының коллективтері оларды бірінші болып жасады, мұнда техникалық жағынан қайта жарақтандыру ойдағыдай жүзеге асырылуда, өндірістік процестерді комплексті механикаландырып, автоматтандыру енгізілуде.

Облыстың партия ұйымдары еңбекшілерді жаңа асуларға жетуге, ғылыми-техникалық прогресс қарқынын үдетуге, еңбек тәртібі мен ұйымшылдықты нығайтуға жұмылдыру жөнінен мақсатты жұмысты жүргізіп келеді.

«КПСС XXVII съезіне —27 екпінді онкүндік» — Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі бүгінде осындай ұранмен еңбек етуде. Мұнда биылғы жеті айдың ішінде өнім өндіру 101,1 процент орындалды және еңбек өнімділігі жоспарға қарағанда 3 процент арттырылды.

«АвтоВАЗ» бірлестігі коллективінің бастамасын қолдап, комбинат еңбекшілері он екінші бесжылдықта ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөнінен көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады. 1986—1990 жылдардағы бақылау цифрларымен салыстырғанда товарлы өнім шығару көлемін қыруар көбейту; жоспардан тыс 13 миллион сом кіріс алу белгіленді. Өнімнің бүкіл өсімі жұмысшылар санын көбейтпей-ақ еңбек өнімділігін арттыру есебінен ғана алынады. Түсті металдың кемінде 65 процентті сапаның жоғары категориясымен шығарылатын болады.

Ресурстарды үнемдейтін технологияны енгізу және үнем режимін күшейту есебінен 45 миллион киловатт-сағат электр энергиясы, 305 мың гигакалорий жылу, 7 мың тоннадан астам шартты отын үнемделеді.

Кәсіпорында өндіріс тиімділігін, оның мәдениетін арттыру үшін шаралардың нақты программасы жасалды. Мәселен, күрделі қаржының 90 процентке жуығын өндірісті қалдықсыз технологияға ауыстыруға, суды пайдаланудың тұйық жүйесін жасауға жұмсау белгіленді.

Жентектелген сынықтар


Өскеменде металл өндірісіне арналған металды комплексті ұқсату және шихта әзірлеу жөніндегі жаңа завод алғашқы өнім — жентектелген металл сынықтарын берді. Бүкіл одақтық қайталама қара металл ғылыми-зерттеу және жобалау институты ғалымдарының көмегімен енгізілген металл сынықтарын жентектеу әдісі темір жол вагондарын толық жүктеліммен пайдалануға, оларға деген қажеттілікті үш есе кемітуге көмектесуде.

Жаңа кәсіпорынның тасқынды желісі толық механикаландырылған: электронды логикалық схемамен жабдықталған қуатты жаныштағыш небары екі-үш минут ішінде үйіліп жатқан металл сынықтарын ыңғайлы көлемде жентектейді.

Завод жобалы қуатына шыққаннан кейін республикадағы ірі кәсіпорындардың біріне айналады.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ВАХТАДА



Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында Лениногор полиметалл комбинаты I дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

Қазір мұнда аға ұрпақтың дәстүрлері молайтылуда. Комбинатта зерде вахталары өткізіледі, бригадалар батырлар есімімен аталу правосы үшін күресуде. Көптеген ардагерлер — өндіріс озаттары жастар тәлімгерлері, үгітшілер мен насихатшылар. Кеншілердің, байытушылардың, металлургтердің 90 бригадасы, 4 кен учаскесі, 2 цех бесжылдықты мерзімінен бұрын төрт жарым жыл ішінде орындады.

Суретте: Лениногор қаласының құрметті азаматы, еңбек ардагері, көптеген үкімет наградаларының иегері, қорғасын заводының электр монтері, коммунист Сайдығұмар Құрақметов (ортада) жас балқытушылар арасында.

Суретті түсірген ҚазТАГ.

Озаттар бастамасы

«Өскемен» құс фабрикасының коллективі бүкіл бесжылдық бойы социалистік жарыс саңлақтары арасында келеді. Бесжылдық тапсырма мерзімінен бұрын орындалды, жоспардан тыс бір жарым мың тоннаға жуық өнім өткізілді. Коллектив КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туын екінші жыл қатарынан берік ұстап отыр.

Құс өсіруші-операторлар, коммунистер Т. Бондаренко, Ш. Тоқтағұлова, Л. Лукьянчикова, К. Медиханов съезд қарсаңындағы екпінді вахтада үнемделген шикізатпен он күн, ал үнемделген отын-энергетика ресурстарымен төрт күн жұмыс істеуге инициатива көтерді. Осы бастаманы фабриканың барлық еңбеккерлері қолдады.

Кенді Алтайдағы «Каменка» совхозынан озат комсомолец Анатолий Замаевтың инициативасы бойынша жастар мен студенттердің Москвадағы Бүкілдүниежүзілік XII фестивалiне арналған механизаторлардың техниканы егін жинауға сапалы әрі оперативті әзірлеу жолындағы жарысы өтті.

Жарыс инициаторы фестивальға қатысушы болды. Ол өз комбайнын «өте жақсы» деген бағамен жөндеп, жолдастарына көмектесті. Ал жемшөп дайындауда үш онкүндік бойы оған «Таңдаулы жас механизаторға» вымпелі тапсырылды.

Өткен жылы Анатолий 15 мың центнерден астам астық бастырып, облыста ең таңдаулы көрсеткішке қол жеткізді. Енді ол фестивальдан оралғаннан кейін бірден егін жинауға кірісті.

Суретте: А. Замаев.

Суретті түсірген ҚазТАГ.



Роботты технология

Өскемен приборлар заводының бірінші механика цехында тағы екі роботты технология комплексі орнығуда. Заводтық роботтандыру бюросы В. Н. Бутаковтың жетекшілігімен енгізіп жатқан көмекшілердің арқасында соңғы екі жылда көптеген бұрғышылар кәсіптерін ауыстырды — комплекс операторлары болды.

Жаңа қоныстар

Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша «Востокказсельстрой» тресінің коллективіне Бүкілодақтық социалистік жарыста бірінші орын беріліп, ауыспалы Қызыл ту тапсырылды.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі, товарлы өнім шығару және еңбек өнімділігінің өсімі жөнінен жеті айдың жоспары табысты орындалды.

Digitized by Google

КПСС-тің ЖАУЫНГЕР ОТРЯДЫ

Еліміздегі әрбір атаулы оқиғаны ең алдымен қорытындыларды шығаруға және атқарылған жұмысқа терең талдау жасауға арналған меже ретінде қарсы алудың лениндік өсиетіне адал совет адамдары КПСС XXVII съезіне өзірленуде.

В. И. Ленин кезекті съезд қарсаңында партияның алдына кезек күттірмейтін, қиын жаңа міндеттер қойылған кезде «басымыздан кешірген оқиғалардан қалай тиісті қорытындылар шығару керек екендігіне және біздің көңілімізді барынша аударып отырған қазіргі кездегі және жуық арадағы міндеттерді қалай жақсы орындап шығу керек екендігіне, — нақ осыларға біздің бар назарымыз еріксіз ауады», — деп атап көрсетті (Шығармалар толық жинағы, 43 том, 7—8 бет). Владимир Ильич: «Партия съезіне тексерілген, қайта қаралған, қорытылған **практикалық** тәжірибе әкелу үшін партияның барлық мүшелері күш жұмсасын. Егер біз барлық күшімізді салып, нақ **практикалық** тәжірибені, нақ біздің әрқайсымыздың істегенімізді, істеп бітіргенімізді, қатарымыздағылардың істегендерінен, істеп бітіргендерінен көргендерімізді ұқыптылықпен, ақылға салып, іскерлікпен жинап, тексеріп, қайта қарай білсек, сонда, тек сонда ғана біздің партиямыздың съезі, оның соңынан біздің барлық советтік мекемелеріміз **практикалық** міндетті шеше алады», деп шақырды (Шығармалар толық жинағы, 40 том, 157 бет).

КПСС XXVI съезінен кейінгі жылдар КПСС-тің совет қоғамы өміріндегі жетекші ролінің одан әрі артуымен аталды. «Партия,—деп атап көрсетеді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас, — еліміздің барлық таптарын мен әлеуметтік топтарының, барлық ұлттары мен халықтарының мүдделерін ескеруге, оларды құрыштай берік топтастыруға, халықтың қажыр-қайратын коммунистік жасампаздықтың ортақ ісіне жұмылдыруға қабілетті күштің нақ өзі».

Съездер аралығындағы уақыт бүкіл партия үшін, республика партия ұйымы үшін де тәрбие және шаруашылық қызметінің барлық салаларында партиялық ықпалды күшейтудің жаңа әдістерін іздестіруге толы болды. Қазақстан Компартиясы съезден съезге дейінгі аралықта біздің қоғамымыздың дамуымен бірге өсіп, нығайып және толысып келеді, ол өзінің ұйымдастыру формалары, жұмыс мазмұны осы заманғы талаптарға сәйкес болуына бағытталған үзіліссіз жұмысты жүргізуде.

Партия ұйымдарының басты күш-жігері он бірінші бесжылдық тапсырмаларын орындауға, республиканың жанжақты әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның жалпы одақтық еңбек бөлісіне қосар үлесін арттыруға шоғырландырылған. Бесжылдықтың соңына қарай өнеркәсіп өндірісі 19—20 процент ұлғаяды. Төрт жыл ішінде халық шаруашылығын дамытуға 4 миллиард сом жуық қаржы жұмсалды. 300-ден астам жаңа кәсіпорын, цех және өндіріс іске қосылды. Территориялық-өндірістік ірі комплекстерді құруда ірі қадам жасалды. Жыл сайын 20 мыңнан астам ғылыми-техникалық шара енгізілуде. Үстіміздегі бесжылдықта бұйымдардың 800-ге жуық, оның ішінде — елімізде алғаш рет 150-ге жуық түрін шығару игерілді. Республика еңбекшілері 25 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй, жүздеген мектеп, бала бақша, поликлиника алды. Азық-түлік программасын және Жерді мелиорациялау программасын жүзеге асыру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізілуде. Село еңбеккерлері төрт жыл ішінде өте-мөте күрделі жағдайларда Отан қамбасына үш миллиард пұттан астам астық құйды, картоп және овощ өндіруді ұлғайтты, ет, сүт, жүн және жұмыртқа өндіруді ұдайы арттыруда.

Кейінгі жылдары, әсіресе КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумынан кейін партия ұйымдарының идеялық-тәрбие жұмысы мәселелеріне көңіл болуі қыруар күшейді. Көптеген партия ұйымдарында ол өмірмен, еңбек коллективтері шешетін міндеттермен тығызырақ байланыстырылатын болды.

Партия қатарын қалыптастыру жөніндегі жұмыстың бүкіл жүйесін одан әрі жақсарту үлкен міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Республикалық партия ұйымы бес жыл ішінде 100 мыңнан астам адамға өсті және қазіргі уақытта онда 830 мыңнан астам коммунист бар. Олардың тең жартысы — жұмысшылар, 11 проценті — колхозшылар, 39 проценті — техника, ғылым және творчестволық интеллигенция өкілдері, ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, басқару аппаратының қызметкерлері. Қазақстанның партия ұйымдарында 97 ұлт пен халықтың өкілі қамтылған.

Республикада партияның басты потенциалын құрайтын бастауыш ұйымдарды ұйымдық-саяси жағынан нығайту және жауынгерлігін арттыру үшін көп іс атқарылды. Ең алдымен олардың құры-

Digitized by Google

лымы одан әрі дами түсті. Ол осы заманғы өндіріс пен басқаруды дамытудағы тенденцияларды бейнелейді. 1981—1985 жылдар ішінде Қазақстанда бір жарым мыңнан астам бастауыш партия ұйымы құрылды, сөйтіп олардың саны 22 мыңнан асты. Республикада материалдық өндіріс, ғылым мен мәдениет, қызмет көрсету және басқару салаларында партия комитеті болмаған бірде-бір елеулі учаске жоқ. Қазір бізде 21 мыңнан астам цехтық партия ұйымы бар. Бұл 1966 жылдағыдан екі есе көп. Сондай-ақ партия топтарының жүйесін кеңейту процесі де интенсивті өтуде. Үстіміздегі жылдың басында олардың саны 24 мыңға жуықтады. Мұның өзі өндірістің барлық учаскелеріне партиялық ықпал жасауды күшейтеді. Партиялық жұмыс ауыртпалығының орталығы барған сайын белгіленген жоспарлар тағдыры тікелей шешілетін цехтарға, бригадаларға, звеноларға ауыстырылуда.

Жергілікті басшы партия органдарының ролін одан әрі арттыру да КПСС XXVI және XXVII съездері аралығындағы кезеңге тән. Қазір республикада 19 облыстық, 304 қалалық және аудандық партия комитеті жұмыс істейді. Олардың құрамына 30 мыңнан астам коммунист сайланған. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің мүшелері және мүшелігіне кандидаттары ішінде 14 мыңнан астам жұмысшы мен колхозшы, 10 мыңға жуық әйел бар. Партия аппараты кадрларында елеулі сапалы өзгерістер болды. Қазір партия комитеттері секретарьларының бәрінің жоғары білімі, ал оның ішінде жартысынан астамының — партиялық-саяси білімі бар.

Партия комитеттері аппаратының еңбегін ғылыми ұйымдастыруға, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің праволары мен міндеттерін анағұрлым нақты айыруға, түрлі мәжілістер мен кеңестер санын барынша қысқартуға көбірек назар аудару тамаша көрініс болып табылады. Ұйымдық жұмысты бұқараны тәрбиелеумен тығыз ұштастыра білу, ең алдымен актуальды мәселелерді бастауыш партия ұйымдары арқылы шешу, жұмыста басты, түйінді буынды айыра білу көптеген партия комитеттері үшін қазір бұрынғыдан гөрі көбірек тән.

Барлық дәрежедегі партия комитеттері өз қызметінде демократиялық, коллективтік негіздерді дамыту туралы қамқорлықты қыруар күшейтті. Ішінара айтқанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері пленумдарының ролі мен тиімділігі барған сайын арта түсуде. Мәселен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1980—1985 жылдары өткен пленумдары Азық-түлік программасын шешу, қоғамдық өндірісті интенсивтендіруді одан әрі арттыру, жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіру, басшылық жасау мен басқарудың барлық буындарында тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту, идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысты күшейту жөніндегі міндеттерді белгіледі. Пленумдарда жергілікті партия комитеттерінің ұйымдастыру және саяси қызметі, бастауыш партия ұйымдарының еңбек коллективтері өміріндегі, халық депутаттары Советтерінің коммунистік құрылыстағы ролін арттыру мәселелері, жалпы білім беретін мектеп реформасына байланысты міндеттер және басқа да мәселелер егжей-тегжейлі талданды. Коммунистерді, республиканың барлық еңбекшілерін партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асыруға жұмылдыруда Орталық Комитет пленумдары маңызды роль атқарды.

Қазақстанның партия ұйымы XXVI және XXVII съездер аралығында бұқарамен байланыстардың барлық арналарын тиімдірек пайдаланатын болды. Ең алдымен, осы тура және тікелей байланыс коммунистер арқылы, бастауыш партия ұйымдарының жүйесі, сондай-ақ партия комитеттеріне келген хаттар, бұқаралық информация және насихат құралдары арқылы жүзеге асырылуда. Халық депутаттары Советтерінің, кәсіподақтардың, комсомолдың және басқа да қоғамдық ұйымдардың ролі артуда.

Қазақстандықтар республиканың экономикасында, әлеуметтік өмірінде, мәдениетінде болған терең өзгерістерді орынды мақтаныш етеді. Алайда өмір, оның ширақтығы одан әрі өзгерістер мен қайта құрылымдар қажеттігін, осы сөздің ең кең мағынасында қоғамның жаңа сапалық жағдайына қол жеткізуді талап етеді.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы күрт жеделдетуге шұғыл бетбұрыс жасағанын бейнелейді. Партия ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуден осы міндеттерді шешудің басты тұтқасын көреді. «Біз халық шаруашылығын жаңадан техникалық жағынан қайта құрап, қоғамның материалдық-техникалық базасын сапалық жағынан қайта өзгертуді жүзеге асыруымыз керек, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетіндегі июнь кеңесінде. — Бұл міндетті шешу — кезек күттірмейтін іс, жалпыпартиялық және жалпыхалықтық іс. Ал бұл міндетті мейлінше қысқа тарихи мерзімде шешіп, еліміздің еңбек өнімділігі мен экономиканың тиімділігі жөнінде алға шептерге шығуын қамтамасыз ету керек».

Бұл ең алдымен әрбір қызметкердің — жұмысшыдан министрге дейін — ғылымға және ғылыми-техникалық прогреске деген көзқарасын түбегейлі өзгертуді, экономикалық ойдың осы заманғы стилін қалыптастыруды, шаруашылықты жүргізуге принципті жаңа қарым-қатынасты, барлық учаскелерде тәртіп пен ұйымшылдықты жан-жақты нығайтуды, тапсырылған іс үшін жоғары жауапкершілікті талап етеді. Мұнда пар-

Digitized by Google

тия ұйымдары, әрбір коммунист шешуші сөзді айтады. Олар істі басқаруға, бұқараның күш-жігерін қажетті арнаға бағыттай отырып, оларды соңынан ілестіре білуге тиіс. «Партия барлық совет адамдарын аса ауқымды жаңа, жауапты міндеттерді шешуге жұмылдырып отырған қазіргі сәтте халық шаруашылығына партиялық басшылықтың стилі мен әдістерін түбірімен қайта құру, тікелей кәсіпорындар мен ғылыми мекемелер коллективтерінде ұйымдастырушылық және саяси жұмысты күшейту, партиялық ықпалдың бүкіл күшімен творчестволық және инициативалы еңбек ахуалын жасау қажет», — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас үстімізде жылдың июль айында өткен республика партия-шаруашылық активінің жиналысында.

Қазақстан Компартиясы ұйымдық жағынан мейлінше нығайған, бұқара арасындағы жұмыстың жаңа тәжірибесімен байыған шағында өзінің XVI съезін қарсы алуда. Коммунистердің есеп берусайлау жиналыстарында, конференцияда, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы шақырып отырғанындай, атқарылған істің қорытындылары жалған дәріптеусіз, көпірме сөздерсіз, лениндік үлгіде шығарылуы, оң тәжірибе мысқалдап жиналуы, кемшіліктердің батыл ашып көрсетілуі маңызды. Өткеннің тәжірибесі мен талғамдарынан дұрыс шығарылған қорытынды — бүгінгі және келешектегі міндеттерді табысты шешудің маңызды шарттарының бірі.

Г. КОЗЛОВ,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты.

Шетелдік қонақтардың көзімен

Доен Фыонг, Вьетнам Социалистік Республикасының ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары, Вьетнам Социалистік Республикасының стандарттау және метрология жөніндегі басқармасының председателі:

— Совет Одағы империализммен күресте бізге әрдайым көмек пен қолдау жасады. Біз бейбіт жасампаз еңбекпен айналысып жатқан бүгінде де ол Вьетнам халық шаруашылығы үшін мамандар даярлауға белсене қатысуда.

Достық бір-бірімізді жақсырақ білуімізге көмектесуде, бейбітшілік жолындағы ортақ күресте күшімізді еселей түседі. Мен Алматыда совет-вьетнам достығы қоғамының Қазақ бөлімшесі құрылғанына өте разымын. Оның біздің жан-жақты байланыстарымызды одан әрі нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Біз Совет Одағына үлкен табыстар тілейміз, өйткені ел табыстарының өз халқы үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінің халықтары үшін де маңызы бар.

Лисандро Отеро, Куба жазушылары одағының вице-президенті:

— Қазақстандықтардың коммунистік құрылыста қол жеткен табыстары әсерлі.

Саид Нурул Хасан, Индия Республикасының СССР-дегі Төтенше және Өкілетті елшісі:

— Біз Қазақтың шетелдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі қоғамына үнді-совет достығын нығайту мақсаттарында жүргізіп отырған орасан зор жұмысы үшін өте ризамыз.

Біздің қазақ халқымен байланысымыздың түп-тамыры тарих тереңінде жатыр. Олар Индия тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тіпті тығызырақ бола түсті. 1955 жылы Джавахарлал Неру қызы Индира Гандимен бірге сіздің республикаңыздың астанасы — Алматыда болды. Біздің тұңғыш космонавымыз Ракеш Шарма Байқоңыр космодромынан ұшты. Совет Одағына келетін индиялықтардың бәрі дерлік Қазақстанға баруға ұмтылады. Біздің достығымыз бейбітшілік ісіне қызмет етеді.

Совет республикалары семьясының толық праволы мүшесі бола отырып, Қазақстан Индиямен жан-жақты байланыстар жасайды.

Мери Тичаут, «Мосты к миру» ұйымының ұлттық координаторы (АҚШ):

— Қазақстан мысалы Совет Одағында ұлттық мәдениеттің гүлденуі үшін кең мүмкіндіктердің бар екеніне көзімді жеткізді. Мемлекет халықтың рухани байлықтарын, оның ұлттық дәстүрлерін сақтауға және еселей түсуге қамқорлық жасайды. Мұның өзі ризашылық сезімін туғызады.


Алматыда совет әйелдерінің еңбек және тұрмыс жағдайларымен танысуымызға мүмкіндік туды. Мысалы, мен жұмысшы Раиса Склярованың семьясында қонақта болдым. Оның тамаша пәтері бар. Оның жолдасы мен ұлы, өзі маған өздерінің жоспарлары туралы әңгімеледі. Олар алаңсыз, болашаққа деген үрей жоқ.

Барлық совет әйелдері сияқты біз өз балаларымыздың бақытты болғанын қалаймыз. Өзара түсінісу — бейбітшілікке апаратын көпір.

Хильдинг Хеллемарк, Аллингсос (Швеция) қаласының муниципальдық советінің председателі:

— Швецияда үстіміздегі жылдың күзінде Қазақ ССР-нің қатысуымен өтетін СССР күндері менің отандастарыма сіздердің республикаңызбен танысудың тамаша мүмкіндігін тудырады. Мен Қазақстан аса бай табиғи ресурстарымен және өте қызықты мәдениетімен шведтерде әсер қалдырады деп ойлаймын.

Digitized by Google



ОРАҚҚА — ЕКПІНДІ ҚАРҚЫН

А. НАГУЛИН,

Целиноград облысы Шортанды ауданының С. Сейфуллин атындағы совхозының бірінші орақ-транспорт комплексінің басқарушысы, үгітші

Тыңға тағы да науқан келді. Бізде егін тәуір өсті, оған июль айындағы жаңбыр біршама көмектесті. Дегенмен, оны ала білу, дақандарды үлкен де қиын еңбекке жұмылдыра білу керек. Біздің басты қамқарекетіміз осы жайында. Коммунист А. Сквирский мен комсорг С. Лепехина енетін бригадалық үгіт тобының осы бағыттағы жұмысы екі есе көбейді. Біздің бригадамыздың көктемгі егіс қорытындылары бойынша совхоз жарысында бірінші орын алуы үшін көп еңбек сіңірді. Сонда біз 5 мың гектардан астам танапқа тұқым себуді қолайлы мерзімде өткіздік. Бүгінде олардан кемінде 8 мың тонна жоғары сапалы астық жинауды жоспарлап отырмыз.

Біз техника мен жанар-жағар май материалдарын барынша үнемдей отырып, егінді жинап алуға ұмтылудамыз. КПСС Орталық Комитетіндегі ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі кеңес қорытындыларын талқылау барысында бізде осындай ұйғарым туды. Онда көтерілген мәселелер біздің әрқайсысымызға етене жақын. Біз тәп-тәуір техника аламыз, ал соны барынша толық пайдаланып, ұқыпты сақтай білеміз бе? Мен механизаторлармен осы жайында әңгіме қозғадым. Федор Буденконы мысалға келтірдім. Ол өз трактормен 13 жыл жұмыс істеді. Моторесурстың таусылғаны қашан, сонда да машинасын әлі де ұқыпты ұстайды және ол да бұрынғысынша қызмет етуде.

Орақка әзірлене отырып, біздің рационализаторларымыз комбайндардың ауа тазартқышын жетілдірді. Мұның өзі мотордың жұмыс істеу мерзімін ұзартуға көмектеседі. Біз жаткалардың қабылдау шнектерін де қайтадан жасадық, енді науқан кезінде осы тораптың бізге қолбайлау жасамайтынына нық сенімдіміз. Адамдармен әңгімелеспесең, оларды науқан кезінде творчестволық ойға жетелемесек, біз біршама қымбат жұмыс уақыты мен едәуір астықты рәсуа етер едік.

Егіске шығар алдында әрбір агрегатты мұқият тексердік. Коммунист, аудандық партия комитетінің мүшесі В. Медведев, тәжірибелі механизаторлар Л. Дреер мен В. Гончаренко техниканы тамаша әзірледі. Дәнекерлеуші И. Федотов пен реттеуші М. Цветков комбайншыларға көмекке келуге әрдайым әзір.

Біздің танаптар совхоз поселкесіне жалғасып жатыр, сондықтан да бізде егіс қосы жоқ. Орақка қатысушы әрбір адамның жарыстан әрдайым хабардар болуы үшін біз үгіт машинасын жабдықтадық. Онда егін жинау істері жайында информация шоғырланған. Қызыл матадағы ұрандар егін жинауды жоғары қарқынмен және сапамен өткізуге шақырады, «молния», жарыс жеңімпаздары туралы мәліметтер, жаңа газет-журналдар, радиоқабылдағыш бар. Совхозда тұрмыс жағдайына да қамқорлық жасады. Танапта автодүкендер жұмыс істейді, мұнда әрдайым салқын сусын ішуге болады. Дақандарды қауырт күннен кейін моншаға апарады.

Жарыс шарттары жақсы ойластырылған. Әрбір күннің қорытындылары бойынша жеңімпаз агрегатқа қызыл жалау, бескүндік қорытындылары бойынша звеноға қызыл вымпел, ал комплекске — ауыспалы ту тапсырылады. Оларды тапсыру салтанатты түрде өтеді. Үгіт бригадасы шағын концерт қояды, пионерлер таңдаулы механизаторлардың семьяларына құттықтаулар тапсырады. Адамдар өздеріне көңіл бөліп, жасаған қамқорлықтарға шын жүрегімен үн қатып, бұрынғыдан да жақсы еңбек етуге ұмтылады. Егін жинау агрегаттарының шамы түн жарымына дейін сөнбейді. Менің жолдастарым орақты тамаша көңілкүймен жүргізуде. Және біздің қазақстандық астыққа қосар үлесіміздің сүбелі болатынына толық сенеміз.

Digitized by Google

ҮГІТШІЛЕР — АЛДА

Диқандар үшін орақ олардың шеберлігі, іске деген көзқарасы тексерілетін сын ғана емес. Оның үстіне өзіңнің бүкіл талантың мен күш-жігеріңді өрістетуге, еліміздің істеріне деген өзіңнің тікелей қатыстылығың. ды сезінуге мүмкіндік беретін мереке.

Орал облысы Теректі ауданындағы «Родина» колхозының еңбеккерлері биыл орақ жақсы әзірленді. Комбайндардың бәрі Жәдіс күніне дейін-ақ дайын техникалар санына қойылды. Сондай-ақ тиеу-түсіру техникасы да әзірленді.



Суретте: «Родина» колхозының озат диқаны, үгітші С. Загной.
Суретті түсірген **Н. Марциневский.**

Оракқа қатысушылар туралы көлемді қамқорлық жасалуда. Қолхозда дала қосы өте жақсы жабдықталған, қоғамдық тамақтану жолға қойылған.

Пәрменді социалистік жарыс та адамдар күшін еселей түсуде. Оракқа қатысушылардың өткен күнде қалай жұмыс істегенін ертеңгілікте бәрі біледі. С. Загной, С. Шаповалов, Н. Бәриев, А. Тютюнник басқаларға қарағанда бірінші орынға жиі шығуда. Олар сондай-ақ үгітшілер болып табылады. Ал танаптағы, еңбектегі жеке үлгі таңдаулы үгіт екені мәлім ғой.

В. МОНАРШЕНКО,
«Приуралье» газетінің әдеби қызметкері.
Орал облысы.

Сіздің блокнотыңызға

ЕГІНШІЛІК ТУРАЛЫ

Жері байдың — елі бай.
Диқаншы жерін мақтайды...
Балықшы көлін мақтайды,
Кәсіпқор кенін мақтайды.

Егіннің жайын еккен білер...
Жеріне қарай егін ек...
Қыс азығын жаз жина.

Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.

Жаздың бір күні,
Қыстың мың күнін асырар.

Диқан болсаң,
Жеріңнің басында бол...

Егін ексең тыңға ек,
Онан өнер өнім көп.

Егініне қарай қырманы,
Күтіміне қарай түсімі.

Жақсылап жыртып жеріңді,
Кезінде ексең егіңді,
Аларсың мол өнімді.

Тоқтатсаң жерге қалың қар,
Дей бер жақсы өнім бар.

Жеріңе жақсылық қылғаның —
Тасты дей бер қырманым.

Бейіліңді кеңге сал,
Қырманыңды дөңге сал.

Қырман басы — береке.
Көп жүрген жер, береке.

Жаздың қамын қыс ойла.
Бір ойлама, үш ойла.

Трактор мен комбайн,
Молшылыққа жол дайын.

Диқан болсаң,
Сүдігеріңді сайла.
Шаруа болсаң,
Малың жайын ойла.

ҮНЕМДЕУ ТИІМДІЛІГІ

Біздің халық шаруашылығымыздың қазіргі ауқымы жағдайында отын, шикізат және материалдар шығынын **1 процент** кемітудің өзі ұлттық табысты **7 миллиард** сомдай көбейтуге мүмкіндік береді. Салыстыру үшін осы қаржыларға бірнеше индустриалды алып құрылыс немесе жаңа үйлерде **1.000.000-қа жуық пәтер** салуға болатынын атап өтейік.

Халық шаруашылығының отынға, шикізатқа, материалдарға деген қажетінің **75-80 процент** оларды үнемдеу есебінен қанағаттандырылуға тиіс.

Осы мақсатқа жету жолындағы маңызды қадам: үстіміздегі жылы екі күн үнемделген материалдармен жұмыс істеу. **2 жұмыс күніне** шаққанда материалдық шығындарды үнемдеу халық шаруашылығына **3,5 миллиард** сомнан астам береді.

Digitized by Google

ОВОЩ ӨСІРУШІЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ

Е. ЖИРЕМБАЕВ,
Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрі

Азық-түлік программасында овощ пен картоп өндіруді одан әрі ұлғайту және сапасын арттыру, сондай-ақ өнімнің танаптан магазинге дейінгі жолдағы ысырабын күрт қысқарту есебінен халықты олармен қамтамасыз етуді елеулі түрде жақсарту белгіленді. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі совхоздарының, дайындау ұйымдары мен ұқсату кәсіпорындарының еңбеккерлері осы міндеттерді орындауға өз үлестерін қосуда.

Сала қызметкерлері өткен жылы ғана еңбекшілер дастарханына 950 мың тонна жуық овощ, бақша дақылын, жүзім, жеміс-жидек, 335 мың тонна картоп, 180 миллион шартты қалбыр жеміс-овощ консерві мен 7 мың тонна кондитер тағамдарын, азықтық концентраттар берді.

Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі бүгінде республиканың мемлекеттік секторында бірден-бір дайындаушы қызметін атқарады. Жалпы сатып алу көлемінде оның үлес салмағы ұдайы өсіп келеді. Біздің министрліктің сауда жүйесі арқылы жыл сайын халыққа 200 миллионнан астам сомның өнімі тартылады.

Материалдық-техникалық база нығайды. Төрт жыл ішінде 548 миллион сом күрделі қаржы игерілді және 528 миллион сомның негізгі қоры іске қосылды. 50 гектар теплица комбинаттары, бір мезгілде 91 мың тонна өнім сақталатын овощ-жеміс қоймалары, басқа да бірқатар маңызды объектілер пайдаланылуға берілді.

Қазақстандағы барлық овощ танаптарының төрттен бірі Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің 110 овощ совхозында шоғырланған. Бұл шаруашылықтар республикада өндірілетін жалпы өнімнің 45 процентіне жуығын береді. Павлодар, Қостанай, Көкшетау және Қызылорда облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктерінің шаруашылықтары мемлекетке овощ сату жөнінен төрт жылдың жоспарын орындауды өте күрделі ауа райы жағдайында қамтамасыз етті.

Қостанай облысы «Мичурин» совхозының еңбеккерлері өткен жылы гектарына 342 центнерден овощ жинады. Мұның өзі республика бойынша ашық алаңда алынған ең жоғары шығымдылық. Ол республикалық орташа шығымдылықтан екі еседей асып түседі. Шығыс Қазақстан облысының 32 гектар қысқы теплицасы бар XXIII партсъезд атындағы совхозында жабық егістік анағұрлым үлкен қайтарыммен пайдаланылады. Мұнда әр шаршы метрден 39 килограмнан қияр және 13 килограмнан помидор жинайды. Овощ өнімін көптеп берушілер — Алматы облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігінің «Ленин», Павлодар облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігінің «Черноярр», Көкшетау облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігінің «Оқжетпес» совхоздары тапсырманы жыл сайын асыра орындайды.

Қарағанды облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігі «Мирный» және «Қазақстан» совхоздарының картоп өсірушілері 1984 жылы гектарына 200 центнерден және одан да көп түйнек өсірді.

Көптеген озаттардың жетістіктері жеміс-овощ шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін мол мүмкіндіктердің бар екенін бейнелейді. Мәселен, өткен жылы Талдықорған совхоз-заводының Н. К. Касач басқаратын бөлімшесі 312 гектар алаңның әр гектарынан 398 центнерден овощ, соның ішінде 513 тоннадан пияз, 424 центнерден томат алды. Павлодар облысының «Черноярр» совхозында А. А. Асановтың бригадасы гектарына 182 центнерден картоп өсіріп, жинады. Осы нәтижелер министрлік бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе асады. Ал Шығыс Қазақстан облысының КПСС XXIII съезі атындағы теплица совхозының звено жетекшісі Л. И. Снегиревада қиярдың шығымдылығы олардан 2,5 есе асып түсті: алғашқы айналымда бір шаршы метрден 31 килограмнан алынды. Осындай көрсеткіштер индустриалды технологияны белсенді енгізудің, егіншіліктің жоғары мәдениетінің, суаруды тиімді пайдаланудың нәтижесі.

Аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің барлық қызметкерлерінің жанқиярлық еңбегі арқасында соңғы жылдары республика халқын тамақ өнімдерімен толығырақ қамтамасыз етуге қол жетті. Қазір жер-жерде картоп, капуста, пияз, ащы сарымсақ, тұздалған және маринадталған қияр мен помидор жыл бойына сатылады. Жеміс-овощ консервілері мен концентраттарының түр-түрі көбеюде. Алайда, әсіресе жас овощқа деген сұраным әзірше толық қанағаттандырылмай келеді.

Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің шаруашылықтары бесжылдықтың басынан бері мемлекетке 4 миллион тонна овощ берді, мұның өзі жоспардың 94 процентін ғана құрайды. Бұл жерде, әрине, ауа райының қолайсыз жағдайы да әсер етті. Алайда, министрліктің, бірқатар облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер мен шаруашылықтардың қызметкерлері елеулі олқылықтарға жол беріп, қолда бар резервтерді толығы-

Digitized by Google

нан пайдалана алмады. Бүгінде жеміс-овощ шаруашылықтарының еңбеккерлері өздерінің күш-жігерін кемшіліктерді жоюға, жұмыстың интенсивті әдістерін дер кезінде енгізуге бағыттады. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері де бізді осыған мегзейді. «Колхоздар мен совхоздарда, ұқсатушы кәсіпорындарда,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Пленумдағы баяндамасында, — азық-түлік товарларын өндіруді айтарлықтай арттыру мүмкіндіктері бар. Соларды шаруақорлықпен жұмсап, қолда бар потенциалды тиімді пайдалану қажет».

Біз бірінші кезекте не істеудеміз? Өнім өндіруді ұлғайтудың басты жолы — шығымдылықты арттыру, жерді анағұрлым ұтымды пайдалану. Министрлік пен облыстық бірлестіктер суару мен химияландыру құралдарының тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын программаланған мөлшерде өсіруге ауысу жөніндегі шаралар комплексін жасады. Біз сондай-ақ озық тәжірибені кеңінен таратуға үлкен мән береміз.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумында жасаған баяндамасында қарағандылықтар картоп және овощ шаруашылығын дамытуда жинақтаған тәжірибе жақсы баға алды. Қазір осы облыста республикадағы бүкіл картоп егістігінің бестен бір бөлігі шығырланған, жауындатқыш қондырғыларын шебер пайдаланып, озық агротехниканы қолдана отырып, қарағандылықтар ауа райы қолайсыз болған өткен жылда 5,7 мың гектардың әрқайсысынан орта есеппен 158 центнерден түйнек жинай алды. Біз осы бағалы тәжірибенің барлық картоп өсірушілердің игілігіне айналуына қол жеткізудеміз.

Таяудағы екі жылда астраханьдық әдіс бойынша овощ өсіруді үш-төрт есе көбейту, ал перспективада оны бүкіл егіс алаңында игеру белгіленді.

Өткен жылы Қарағанды және Алматы облыстарының бірқатар шаруашылықтары астраханьдық технология бойынша овощ өсіруге арналған машиналар комплексін сынауды табысты өткізді. Осы технологияның негізі — қолмен отауды қысқартуға мүмкіндік беретін кең қатарлы бір ізді егіс, жерді әрдайым қопсытылған, арамшөптерден тазартылған күйінде сақтау.

Әзірше овощ жаңа технология бойынша 3 мың гектар жерде өсірілуде. Демек мұның өзі қауырт жаз маусымында 4 мың адамды шартты түрде босатуға және 3 мың сомға жуық қаржы үнемдеуге көмектесті.

Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарының шаруашылықтары картоп өсіруді қыруар жақсартты. Үстіміздегі жылы тұтасынан республика бойынша оны өндіру шамамен 15—16 мың тоннаға өседі, деп қазірдің өзінде айтуға болады.

Май айындағы суық овощ өсірушілерге қаншама қиыншылықтар келтірді. Сонда да партия ұйымдарының басшылығымен шаруашылықтар коллективтері олардың салдарын жою жөнінен үлкен жұмыс жүргізді. Қыруар алаңға көшеттер қайтадан отырғызылды. Сол себепті биыл қиярды, помидорды және басқа бірқатар овощты жаппай жинау кеш басталды, соған қарамастан овощ өткен жылға қарағанда шамамен 50 мың тонна көп өндіріледі.

Біздің коллективіміз овощ өсіруді механикаландыруға, қол еңбегін қысқартуға, осының негізінде өнімді арзандатуға бірінші кезекті мән беруде.

Демек прогрестік технологияны кеңінен тарату үшін сериялы КРН—4,2 культиваторларын арнаулы тетіктермен жабдықтау қажет. Олар біздің заявкамыз бойынша Госкомсельхозтехниканың Петропавл жөндеу-механика заводында жасалуда. Және журнал арқылы завод коллективіне осы өте қажетті тетіктерді шығаруды тездетуге өтініш айтқымыз келеді. Құрметті жолдастар, үлкен бастаманың табысы сіздерге көбірек тәуелді.

Пленкалы жабық алаңда ерте пісетін овощ өндіру көлемі ұлғаюда. Алматы облысында биыл 350 гектар, Шымкент облысында — 200 гектар овощ пленкалы жабық алаңда өсірілді. Егіс жұмыстарын жеңілдетуге ұмтыла отырып, Қазақ машина жасау станциясының мамандары төрт операцияны бірдей: овощ дақылдарын себуді, сымнан жартылай шеңбер орнатуды, пленканы керіп, оның іргесіне топырақ салуды орындайтын агрегатты құрастырып, жасады. Машинаның өнімділігі — сменасына бір жарым гектар, демек ол 100 адамның еңбегін алмастырады. Сондай-ақ осы агрегатты Госкомсельхозтехника кәсіпорындарының коллективтері де жасауда.

Өнім жинау кезінде оны тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру және тасымалдау барысында өнім сапасын сақтау үшін біз полиэтилен жәшіктері бар көлемі шағын кассетті контейнерлерді енгізудеміз. Оларды дайындау Алматы облысы «Пригородный» және «Талғар» совхоздарының өнеркәсіп цехтарында жолға қойылды. Қазіргі уақытта шаруашылықтарға 85 мың жәшік және 14 мың контейнер берілді. Жинау платформаларының комплексіне қоса жаңа ыдыс өнім жинау кезінде еңбек өнімділігін 60 процент арттыруға көмектеседі.

Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің бірінші кезекті міндеті — өнімді ұқсатуды, сақтауды және таратуды ұйымдастыру, оның ысырабын күрт қысқарту. Төрт жыл ішінде консерві заводтары мен цехтарының қуаты 26 миллион шартты қалбырға ұлғайды, мұның өзі 1980 жылға қарағанда 10 процент көп. Кәсіпорынды қайта құру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылдың өзінде ғана Сайрам, Түлкібас және Талдықорған консерві заводтарында тәулік-

Digitized by Google

тік қуаты 960 тонна томат-паста өндіретін жаңа жоғары өнімді автоматтандырылған желілер пайдаланылуға берілді. Оның үстіне Түлкібас және Алматы жеміс-консерві заводтарында сыйымдылығы 1 килограмнан 5 килограмға дейінгі қаңылтыр қалбырлар шығару жөніндегі цехтар қайта құрылды. Талдықорған совхоз-заводында консервіленген қияр өндіру жөніндегі тасқынды-механикаландырылған желі іске қосылды.

Партия ұйымдарының басшылығымен еңбек коллективтерінің ұқсатушы кәсіпорындарда технологиялық тәртіпті нығайту, қайталама ресурстарды барынша толық пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруына тура келеді. Консерві саласы өнімді шағын мөлшерде шығаруға, балалар тағамына арналған консерві өндіруді ұлғайтуға барған сайын көбірек бағдар ұстайтын болады.

Онша сұралмайтын өнімдерді өндіруді қысқарту жөнінен шаралар қабылдануда. Мысалы, повидло өндіру күрт қысқарып, көптеп сұралатын джем өндіру үш есе ұлғайтылды. Партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі қаулысына сәйкес күшті шараптар шығару қысқартылып, шырын өндіру ұлғайтылуда.

Сала еңбеккерлері жеміс-овощ өнімдерін дайындауды және сатуды жетілдіру жөнінен мақсатты жұмыстар жүргізуде. Жыл сайын картоп пен овощты тікелей өндірілетін жерлерде қабылдау ұлғайып келеді және қазір жалпы дайындау көлемінің 70 процентіне дейін құрайды. Мұның өзі шаруашылықтарға ғана емес, сондай-ақ өнім өткізу шығындарын екі есе дерлік қысқартқан сауда-дайындау ұйымдарына да пайдалы.

Материалдық--техникалық базаның әлсіздігі өнім дайындауды елеулі түрде тежеуде. Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінде қазір жалпы сыйымдылығы 310 мың тоннаға жететін 451 қойма бар. Бұл қажетті мөлшердің жартысынан да аз. Оның үстіне барлық қоймалардың үштен бірі ғана жасанды тоңазытумен жабдықталған.

Әрине, біз құрылысты аз салмаймыз. Өткен жылдың өзінде ғана республика астанасында сыйымдылығы 20 мың тонналық ірі қазіргі қоймалар, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Павлодар және Ақтөбе облыстарында қоймалар қатарға қосылды. Алайда жағдай барлық жерде бірдей ойдағыдай емес. Мысалы, Орал облысында төрт жыл ішінде бірде-бір қойма салынған жоқ, ал Солтүстік Қазақстан облысында оларды іске қосу жоспары жүзеге асырылмай қалды. Қазір қоймаларды жаңа өнімді қабылдауға дер кезінде әзірлеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет.

Овощ магазиндерінің сауда алаңы әзірше баяу өсуде, республикада олар тым жетіспейді. Төрт жыл ішінде ол 7,6 мың шаршы метр ғана ұлғайды, бұл жоспардағыдан аз. Гурьев, Қызылорда және Орал аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктері овощ сатуға арналған орындарды тіптен салмайды. Қалалық тұрғын үй құрылысына бес проценттік қаржы бөлу есебінен овощ магазиндерін іске қосу кешеуілдеуде. Бесжылдық тапсырмадағы 9,5 мың шаршы метрдің орнына төрт жыл ішінде 1,5 мың шаршы метр алаң ғана пайдаланылуға берілді.

Сауданың прогрессивті формалары тұрғындарды овощпен жақсырақ қамтамасыз етуге ықпал жасауда, біз оларды белсенді енгізіп жатырмыз. Мысалы, өткен жылы өлшеп оралған күйінде 38,2 мың тонна өнім сатылды, өткен жылдармен салыстырғанда үштен бір бөлігіндей көп. Биыл 22 магазинді ыдыс-жабдықтармен жұмыс істеуге ауыстыруды жоспарлап отырмыз.

Республиканың оңтүстік облыстарында апорт пен алмұрттың «орман сұлуы» сортының даңқын қайта жаңғырту жөнінен шаралар жасалып, жүзеге асырылуда. Алматы облысының Жандосов атындағы және Жамбыл облысының «Мерке» совхоздарында ғалымдардың көмегімен жеміс бұталарын отырғызу енгізілді, олар шығымдылығы жоғары сұрыпталған сорттардың көшет материалдарын екі есе ұлғайтуға мүмкіндік береді. Оларды отырғызу қазірдің өзінде көптеген шаруашылықтарда теңіз деңгейінен 900—1400 метр биіктікте өте қолайлы аймақтарда жүзеге асырылуда. Сондай-ақ жүзімді ұзақ уақыт сақтау мен оны жаңа піскен күйінде сатуға және оның шараптық сорттарын қысқартуға негіз қалау үшін оның асхана сорттарын өндіруді ұлғайту жөнінен нақты шаралар белгіленді.

Бесжылдықтың қорытындылаушы жылында жеміс-овощ шаруашылығы еңбеккерлерінің алдына жоғары межелер қойылды. Біздің мемлекетке 800 мың тоннаға жуық картоп, овощ, жеміс-жидек сатуымызға тура келеді. Мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу көлемін ұлғайту қажет.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Бақанас сайлау округінің сайлаушыларымен кездесуде аграрлық-өнеркәсіптік комплекс еңбеккерлерінің алдында «...осы жылдан бастап республика халқының картоп пен овощ жөніндегі қажетін өз күшімізбен толық қанағаттандыру міндеті тұр», — деп көрсетті. Бұдан қазақстандық барлық овощ және картоп өсірушілер өз парызын көреді. Олар жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді орындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Бұл біздің партияның XXVII съезіне еңбек тартуымыз болады.

Көп әрі сапалы өнім берейік — осы ұранмен сала еңбеккерлері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезі құрметіндегі социалистік жарысты өрістетті. Олар бесжылдықтың қорытындылаушы жылына қабылданған социалистік міндеттемені абыроймен орындау үшін бәрін жасауда.

Digitized by Google

АДАМДАРМЕН ЖҰМЫС— АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА



Семей облысының Абай ауданы үстіміздегі бесжылдықта жыл сайын Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып келеді. Ол 1984 жылдың қорытындылары бойынша қой шаруашылығын табысты дамытқаны үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші дәрежелі дипломымен наградталды. Ауданда 1981—1984 жылдары жалпы ауыл шаруашылық өнімінің орташа жылдық көлемі 17,7 процент, жылына орта есеппен ет сатып алу 25 процент және жүн — 14,3 процент көбейді.

Үстіміздегі жылдың март айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы Абай аудандық партия комитетінің әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге ықпал жасауды күшейту жөніндегі ұйымдық-партиялық жұмысының тәжірибесін мақұлдады.

Редакцияның өтініші бойынша Қазақстан Компартиясы Абай аудандық комитетінің бірінші секретары ХАФИЗ МАТАЙҰЛЫ МАТАЕВ ауызша саяси үгіттің еңбекшілерді жоспарлар мен социалистік міндетгемелерді табысты орындауға жұмылдырудағы ролі туралы әңгімелейді.

Партия ұйымдарының, аудандық партия комитетінің күш-жігері ең алдымен әрбір еңбеккермен жүйелі жұмыс істеуге, адамдардың сұранымдары мен қажеттеріне тез үн қатуға, барлық коллективтерді ықпалмен тұрақты қамтуға бағытталған.

Мал өсірушілер арасындағы ауызша саяси үгіт те осыған бағдарланған. Аудандық партия комитетінің жоспарында саяси баяндамашылардың фермалар мен шалғай учаскелер коллективтерінде әңгіме өткізуі, идеялық-тәрбие жұмысын оқып-үйрену, үгіт-насихат активінің оқуы тоқсан сайын белгіленеді. Оны орындау қорытындылары аудандық партия комитеті бюросы мүшелерінің қатысуымен қаралады. Мұның өзі партия ұйымдары секретарьларының, шаруашылық, аудандық мекемелер басшыларының малшылар арасындағы жұмыс үшін жауапкершілігін арттыруға көмектесуде.

Аудандық партия комитеті бюросының мүшелері басқаратын информация-насихат топтарының ролін ештеңемен алмастыруға болмайды. Топ құрамына аудандық мекемелер басшылары, аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестіктерінің мамандары, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен облыстық Советтің депутаттары, «Білім» қоғамының лекторлары енгізіледі. Олар өткізетін әңгімелердің графиктері әрбір топ жыл ішінде он бір совхоздың бәрінде бола алатындай етіп жасалады. Олар түсінік жұмыстарын жүргізумен қатар бастауыш партия ұйымдары мен партия топтарына практикалық көмек көрсетеді. Оларға кіретін басшылар еңбекшілерді өздері басқаратын службалардың жұмысы туралы хабарлайды және сол жерде көптеген мәселелерді шешеді. Әрбір кездесуде ашық пікір алмасылады, адамдар бүгінгі күннің мәселелерін көтереді, кемшіліктердің бетін ашып, іскер ұсыныстар жасайды. Кездесуде көтерілген мәселелердің бәрі бақылауға алынады, ал бір айдан кейін келесі үгіт-насихат тобының мүшелері солар бойынша қабылданған шаралар туралы еңбеккерлерді хабардар етеді.

Малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа анағұрлым белсене қатысатын басшыларды атағым келеді. Олар — аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігі советінің председателі Б. Орынбаев, мал дәрігерлік станцияның бас дәрігері М. Толғанбаев, бас зоотехник С. Рақымбаев, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Г. Әлімжанов, аудандық «Госкомсельхозтехника» бірлестігінің бастығы В. Бегалимов, аудандық автомобиль жолы бөлімінің бастығы К. Оспанов, мал дайындау пунктінің директоры А. Әдібаев, № 2211 жылжымалы механикаландырылған колоннаның бастығы С. Иманғалиев, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ж. Дәрібаев, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы М. Саябаев және басқа жолдастар.

Аудандық партия комитеті басшылардың мал шаруашылығының шалғай учаскелерінде, комсомол-жастар бригадаларында әңгімелер өткізуіне, әр айдың басында шаруашылықтарда өтетін мал-

Digitized by Google

шылар күндеріне қатысуына қол жеткізуде. Осы талаптың қалай орындалып жатқанын бақылау және көмек көрсету үшін басшылар мен мамандар тобы аудандық партия комитетіне әңгімелесуге жүйелі түрде шақырылады. Сонымен бірге, бізде мәжілістер саны қысқарды, басшыларды аудандық партия комитетіне шақыру азайды, сөйтіп олардың адамдармен жұмыс істеу уақыты көбейе түсті.

Шаруашылық партия комитеттері информациялық-насихат топтарының қызметі осылай құрылуда. Ондай топтарды, әдетте, совхоз директорлары басқарады, олардың арасында Ленин орденінің иегері М. Қорғанбаев, Т. Битенов, А. Мұқатаев, Т. Бейсенбаев, Е. Шәріпханов, К. Төлекасымов, А. Мұздыбаев бар.

Басшылардың әңгіме өткізуін ең алдымен артта қалушы коллективтерде ұйымдастырамыз. Осы кездесулерде жұмысты жақсартудың жолдары белгіленеді. Екінші сөзбен айтқанда, біз бұқаралық-саяси жұмысты коллективтердің нақты істерімен барынша тығыз байланыстыруға ұмтыламыз. Және бұл өз ролін атқарды: ауданда артта қалушы коллективтер едәуір азайды. 1981 жылы 20 қой фермасының 14-і жоспарды орындай алмады, ал қазір бәрі де оны ойдағыдай атқарады. Тапсырмаларды орындай алмайтын шопандар бригадаларының саны да тең жартысына қысқарды. Осының өзі-ақ төл алуды қыруар көбейтіп, 1984 жылы жоспардан тыс 32 мың қозы алуға мүмкіндік берді. Өткен жылы шаруашылықтар мемлекетке 13 мың тоннадай ет және 814 тонна жүн өткізді. Қой шаруашылығының рентабельділігі 44 процент құрады. Совхоздар 7,5 миллион сом таза кіріс алды.

Алайда жетістіктер мынадай фактіні көлеңкелей алмайды: шопандар бригадаларының торттен үші жоспарларды әлі де орындамай келеді және артта қалушы коллективтердегі жұмысты барынша күшейту талап етіледі. Мұның өзі әрбір еңбеккерді қамтып, онда творчестволық күш-жігер мен инициативаны қалай ояту туралы қайта-қайта ойлануға жетелейді.

Демек, партия ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруды жақсырақ жетілдіруге ұмтылуда. Оның жеңімпаздары үшін 12 ауыспалы Қызыл ту, вымпелдер, бағалы сыйлықтар тағайындалды. Еңбек сайысының нәтижелері аудандық «Совхоз туы» газеті мен жергілікті радио арқылы жария етіледі. Жеңімпаздар құрметіне аудан орталығы мен шаруашылықтарда еңбек даңқы жалауы көтеріледі. Жарыс қорытындыларын қойды бордақылау мен жайып семіртудің таңдаулы шеберлерінің, қырықтықшылардың аудандық слеттерінде қорытамыз. Олар шаруашылық науқандарының қорытындылары бойынша өткізіледі. Ауызша саяси үгіттің әрбір активисінің социалистік жарысты ұйымдастырудың барлық детальдарын жақсы білуіне қамқорлық жасаймыз. Шаруашылықтардың бәрінде анықтама-информация орталықтары құрылған. Саяси хабаршылар, лекторлар, үгітшілер үшін ай сайын анықтама материалы әзірленеді, оларда таңдаулы қой өсірушілер аталады, артта қалушы коллективтер атап көрсетіледі.

Үгіт коллективтерінің ролін арттырып келеміз. Қазір үгітшілер белгілі бір бағыт: социалистік жарысты ұйымдастыру, озық тәжірибені насихаттау, жас өндірушілермен жұмыс істеу, жаңа ғұрыптар мен дәстүрлерді енгізу т. б. мәселелері бойынша барған сайын көбірек мамандануда. Мамандану активистердің өз коллективтерінің өміріне анағұрлым нақты және жемісті қатысуына, оз жолдастарының істеріне белсендірек ықпал етуіне көмектеседі.

Мысалы, Жданов атындағы совхоздың шопаны, озық тәжірибені енгізу мәселелері бойынша үгітші, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері М. Әмірхановтың озық тәжірибесін енгізу мәселелері жөніндегі өте белсенді қызметі осыған көз жеткізеді. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі жуырда оның тәжірибесін қорытты. Медеу Әмірханұлы қозы алу жөнінен облыс чемпионы болып табылады, соңғы жылдары ол әр жүз саулықтан орта есеппен 162 төлден алып келеді. Әйгілі шопан өз совхозының, сондай-ақ аудан мен облыстың басқа шаруашылықтарының қой өсірушілері арасында өз тәжірибесін еркін алмасады.

Партия ұйымдары жастардың белсенділігін дамытуға өте көп көңіл бөледі. Қазір бізде 29 комсомол-жастар бригадасы бар, олардан 8 коллектив етке өткізілетін тоқтыларды бордақылауға, ал қалғандары — саулықтарды бағуға мамандануда. Осы коллективтердің үлесінсіз ауданда қой шаруашылығын козге елестету мүмкін емес. Олар аудандағы қойлардың алтыдан бір бөлігін қамтиды және өткен жылы аудан бойынша орташа көрсеткішке қарағанда әр жүз саулықтан 9 қозыны артық алды. Бір адамға шаққанда 10-15 мың сомның өнімі өндіріледі. Жастар бригадалары жанынан тәуліктік өнімділігі 16-24 тонналық жемшөп цехтары, автосуарғыштар жұмыс істейді. Жемшөп үлестіру және қораларды тазалау механикаландырылған тәсілмен жүргізіледі.

«Сарыарқа», «Шұғыла», «Тұлпар», «Жас дәурен», «Жас қайрат», «Самал» бригадалары анағұрлым жоғары көрсеткіштерге жетуде. «Бірлік» совхозының Еңбек Даңқы орденінің иегері, аудандық партия комитетінің мүшесі Мұрат Сұлташев тәлімгер болып істейтін «Қарлығаш» комсомол-жастар бригадасында етке өткізілетін 10 мың тоқты бағылады. Осы коллектив орташа тірілей салмағы 50-55 килограмдық 7-8 мың тоқтыны жыл сайын мемлекетке өткізеді. Ал «Қызыл ту» совхозының «Екпін—76» қой бордақылайтын бригадасы (тәлімгері — Ленин орденінің иегері, облыстық партия комитетінің мүшесі Ыбырайым Тәтіханов) 4,5 мың тоқтының әрқайсысын

Digitized by Google

57 килограмдық салмақпен етке тапсырды. Осы бригадалар жыл сайын 10-15 мың сомнан таза кіріс алады.

Озық комсомол-жастар бригадалары базасында тәжірибе алмасу жөнінен семинарлар өткіземіз. Насихатшылар, үгітшілер және саяси хабаршылар еңбектің таңдаулы әдістерін белсенді таратушылар болуда. Зоотехниктер О. Ермеков пен Т. Ақбаев, инженер-механик Р. Жәкішев, агроном Б. Ақмолдин, мұғалімдер С. Байғұрманов, Б. Төлеубаев, С. Нұрғалиев, Е. Әйтімов комсомол-жастар коллективтерінде түсінік жұмыстарын жемісті жүргізеді.

Қой өсіруші комсомол-жастар бригадаларында өзін-өзі басқару дамыған. Тәлімгерлердің тәжірибесі мен практикалық ақыл-кеңестеріне сүйенетін комсомол және кәсіподақ топтарының ұйымдастырушылары еңбек пен бос уақытты ұйымдастырушылар болып табылады. Бригада мүшелері комсомолдық оқу үйірмелерінде өз білімдерін көтереді, сырттай оқиды. 1981—1984 жылдары аудан мектептерінің 900-ге жуық түлегі жастар коллективтерінде жұмыс істеді, олардан 262 адам қазір жоғары және орта оқу орындарының студенттері болып табылады. Комсомол-жастар бригадаларының көптеген түлектері білім алып, ауданда мұғалім, дәрігер, зоотехник, мал дәрігері, инженер болып жұмыс істейді, партия, кәсіподақ, комсомол жұмыстарына, совхоздардың комсомол ұйымдарының секретарьлары қызметіне ұсынылды.

Комсомол-жастар коллективтері — бұл қой шаруашылығын дамытудағы басты резервіміз. Біз осы бригадалар арқылы қой шаруашылығын шоғырландырып, өнеркәсіптік негізге ауыстыруды жүзеге асырып жатырмыз.

Сонымен қатар бригадалар резерві туралы да қамқорлық жасаймыз. Мектеп реформасына сәйкес барлық совхоздардың машина-трактор шеберханалары, аудандық «Госкомсельхозтехника» бірлестігі жанынан машина жүргізу кабинеттері жабдықталды. Өткен жылы құрамында 2200-ге жуық бала жұмыс істеген оқушылардың өндірістік бригадалары мен звенолары 38 мың тонна пішен дайындады, 114 мың сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізді және 32 мың қозыны күтті, сондай-ақ картоп өсірумен айналысты. Биыл жұмыс көлемі ұлғайды.

Мал шаруашылығы коллективтерінің тым бытыраңқы орналасуы жағдайында оларға мәдени қызмет көрсетуге байланысты үлкен қиындықтар туындайды. Бізде осы мәселелер ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспары негізінде шешілуде. Соған сәйкес мәдениспорт комплексі құрылды. Ауданның қой өсірушілеріне 2 мәдениет үйі мен 14 селолық клуб, 45 кітапхана, 3 музей, 17 автоклуб пен 45 кино қондырғы қызмет көрсетеді. Демек, партия ұйымдары автоклубтардың қызметін тұрақты бақылауда ұстайды, оларға әртүрлі көмек көрсетеді және осындай көңіл бөлу өзін ақтауда.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері коммунистерден өз қызметін бағалауға қатал қарауды, жаңа міндеттерді шешуге батыл кірісуді, кемшіліктермен ымыраласпауды талап етеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында аудандық партия комитеті есебінің қаралуы өте көп нәрсеге міндеттейді. Бюро коммунистердің назарын пайдаланылмаған үлкен резервтерге аударды. Партия ұйымдары өнімнің өзіндік құнын кемітуге, әрбір қызметкерді жауапкершілік сезіміне тәрбиелеуге, бригадалық мердігерлікті кеңінен енгізуге бағытталған жұмыстарды күшейтті. Мал шаруашылығында 70-тен астам бригада оған ауысты. Олардың бірқатары базалық болды, мұның өзі мердігерлікті енгізу жөніндегі жұмысты анағұрлым тиянақты жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазір аудан еңбеккерлерінің басты күш-жігері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға бағытталған. Осы атаулы күндер құрметіне жарыса отырып, аудан малшылары бірінші жарты жылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап, елімізге жоспардан тыс жүздеген тонна ет пен жүн берді.

Біз тұратын жерде

Тұрғындар өнегесі

Семей қаласындағы Азаттық көшесіндегі № 50 үйдің қоғамдық советі ауланы жақсылап көгалдандыру жолындағы жарыстың ұйымдастырушысына айналды. Көптеген тұрғындар семьяларымен бірге бос уақыттарында гүл, ағаш отырғызып, оларды суарады. Мәселен, Котовтардың, Подгайновтардың, Ергізбаевтардың, Ыбыраевтардың ізгі ниеттері арқасында гүлзарлар жасалды, ағаштар қаулап өсіп келеді.

Бертінде өткен үй тұрғындарының жиналысында Калинин аудандық атқару комитетінің микроаудандарды көркейтіп, көгалдандыру туралы шақыруы қосталды. Көп балалы Подгайновтар семьясының, сондай-ақ Ж. Сабыровановың, Н. Ешмұхаметованың, Н. Еннердің ұсыныстары бойынша мұнда өз күштерімен үйлердің кіре берістерін, балалардың саяжайларын және орындықтарды жөндеуге ұйғарды. № 9 үй басқармасы жөндеу материалдарымен қамтамасыз етуде. Көрші № 50 «в» үйдің тұрғындары жарысқа шақырылды.

А. КОНОВАЛОВ,
әскери қызметші.

Digitized by Google

МАШИНА ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ РОЛІ

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ғылыми-техникалық прогрестің негізі ретінде машина жасауды жедел дамытуға үлкен мән береді. КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас былай деп атап көрсетті: «Ғылыми-техникалық реболюцияны жүзеге асыруда машина жасау саласы басты, өзекті роль атқарады. Оның өсу қарқынын XII бесжылдықтың өзінде-ақ бір жарым-екі есе арттыру қажет».

КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы кезекті мәжілісінде он екінші бесжылдықта және 2000 жылға дейінгі перспективада машина жасау өнімінің техникалық дәрежесін, сапасын түбегейлі арттыру, машина жасауды дамыту шаралары туралы мәселені қарады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысы қабылданды, онда машина жасау комплексін басым дамыту, өнеркәсіпте еңбек өнімділігін арттыруға қабілетті машиналардың, жабдықтың және приборлардың жаңа буындарын өндіруге тез ауысу үшін қажетті жағдайлар жасау қарастырылуда. Қаулыда 1986—1990 жылдар ішінде машина жасау саласын дамытуға он бірінші бесжылдықта игерілген қаржы мөлшерінен 1,8 есе көп күрделі қаржы жұмсау көзделген. Барлық күрделі қаржының кемінде жартысы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыруға және қайта құруға, негізгі қорлардың белсенді бөлігін жаңартуға жұмсалады. Осы міндеттерді орындау — демек интенсивтендіру, біздің бүкіл экономикамыздың тиімділігін арттыру проблемасын шешу үшін берік негіз қалау деген сөз.


Біздің республика машина жасаушыларының көп мыңдық отряды да қоғамлық өндірісті интенсивтендіру программасына өз үлесін қосуда. Қазіргі уақытта машина жасау және металл өңдеу — бұл Қазақстанның ең жас саласы — өнеркәсіп өндірісінің жалпы республикалық көлемінде бірінші орынға шықты. Жалпы одақтық көлемде өндірілетін бульдозерлердің 20 проценттейі, ауыл шаруашылығы машиналары мен олардың запас бөлшектерінің 10 проценті, тракторлардың 8 проценттен астамы және мал шаруашылығына арналған машиналар мен экскаваторлардың 5 процентке жуығы бізде шығарылады. Қазақстандық таңбасы бар машиналар мен приборлар дүние жүзінің 60-тан астам еліне экспортқа шығарылады. Республикада бүгінде машина жасау өнімдерінің 300-ге жуық түрі мемлекеттік Сапа белгісімен шығарылады.

КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес біздің республикада үстіміздегі бесжылдықта жұмыс істеп тұрған машина жасау кәсіпорындарын кеңейту мен жаңаларын салу жүргізілді. Өскемен арматура заводы, Талдықорған сілтілі аккумулятор заводы, Степногорск подшипник заводы қатарға қосылды. «Казахсельмаш», «Актюбинсксельмаш», «Целиноградсельмаш», Павлодар трактор заводтарын және басқа да бірқатар кәсіпорындарды қайта құру жалғастырылды. Қостанай дизель двигательдері заводының құрылысы басталды. Республикада төрт жыл ішінде машиналардың, жабдықтардың, аппараттардың 500-ге жуық жаңа түрі игерілді. Бұған күрделі деталь прокаты стандарының күрделі детальдерін шығарушы Алматы ауыр машина жасау заводының коллективі маңызды үлес қосты. Мұнда қалдықсыз технологияны дамыту жөнінен де үлкен жұмыстар жүргізілуде. Шымкенттің ұста-пресс жабдықтарын шығару жөніндегі өндірістік бірлестігі металл ұнтақтарынан детальдар жасауға арналған автоматтардың алғашқы партияларын игерді, мұның өзі енді әрбір тонна детальдан 2,5 тонна прокат үнемдеуге мүмкіндік береді.

Республиканың машина жасаушылары азық-түлік программасын жүзеге асыруға белсене қатысуда. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін алымдылық ені 10 метрлі өздігінен жүретін шөп оратын машина, анағұрлым өнімді су көтергіштер, жер жыртатын агрегаттар, культиваторлар шығару басталды. «Целиноградсельмаш» бірлестігінің коллективі эрозияға қарсы техниканың жаңа түрлерін іздестіруді жалғастыруда. Колхоздар мен совхоздарға өте-мөте қажетті жылжымалы май құю станциясын, кірпіш жасау агрегаттарын шығару жолға қойылды. Жыл сайын шопандар семьялары үшін 3 мың жылжымалы вагон-үй жасалады. Таяу уақытта «Целиноградсельмаш», Макин поршень сақиналары, Целиноград шойын құю, «Актюбинсксельмаш» заводтарында егіншілікке, мал шаруашылығына және жемшөп өндірісіне арналған машиналар,

29 сентябрь — машина жасаушы күніне.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

сондай-ақ оларға запас бөлшектер жасау жөніндегі жаңа қуаттар іске қосылады.

Салада жабдықтарды жаңартуға, жаңа техника мен технологияны енгізуге мықтап көңіл бөлінуде. Техникалық жағынан қайта жарақтандыруға бағытталған күрделі қаржылардың үлесі өсуде. Мәселен, Алматы «Поршень», Кентау трансформатор және Көкшетау прибор жасау, кардан біліктері, Шымкенттің «Электр аппарат» және Жамбылдың «Коммунмаш» заводтарын қайта құруға жыл сайын көп қаржылар жұмсалуда. Соның нәтижесінде машина жасауды дамытудың орташа жылдық қарқыны тұтасынан республика өнеркәсібі дәрежесінен қыруар асып түседі. Күрделі машиналар мен приборларды сериялы және жаппай шығару ұлғайды. Саланың халық тұтынатын товарлар өндіруге қосар үлесі де елеулі түрде артуда.

Сонымен қатар машина жасауда кемшіліктер мен шешілмеген мәселелер әлі де аз емес. Семей арматура және Целиноград насос заводтары, Өскеменнің «Казтяжпромарматура» өндірістік бірлестігі, Семей кабель заводы коллективтерінің қанағаттанғысыз жұмысы саланың дамуын тежеуде. Мұнда өндірістік қуаттар баяу игерілуде, өндіріс технологиялары жете бапталмаған, қол еңбегінің үлесі басым, жұмыс уақытының ысырабына жол беріледі. Осы кәсіпорындар өнім беру мерзімін сақтамайды, сапасы төмен бұйымдар шығарады.

Республиканың машина жасау кәсіпорындары кең ауқымды экономикалық экспериментке белсене қосылды. Өткен жылы жаңа жағдайда 9 завод пен бірлестік жұмыс істеді. Олардың бәрі қосымша 2,9 миллион сом кіріс алып, финанс көрсеткіштері бойынша жоспарды орындап шықты. Алайда кейбір коллективтер техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша артта қалуға жол берді. Талдықорған сілтілі аккумулятор заводы мен Қазақ кабель заводы, мәселен, өнім беру жөніндегі шартты міндеттемелерді кешеуілдетіп, оның өзіндік құнының қымбаттауына жол берді, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындай алмады.

Қазір экспериментке республиканың 33 кәсіпорны қатысуда. Олардың өз правалары мен дербестігін кеңейтуді толығынан пайдаланып, барлық параметрлер бойынша табысты нәтижелерге қол жеткізуі маңызды.

Үстіміздегі жылы екі күн үнемделген материалдармен және отынмен жұмыс істеу бастамасы салада қызу қолдау тапты. Осы маңызды міндеттемені Алматы ауыр машина жасау, Талдықорған қорғасын аккумуляторлары, Өскемен конденсатор, «Целиноградсельмаш» және «Казтяжпромарматура» заводтарының коллективтері мерзімінен бұрын орындады. Алайда Орал арматура, Целиноград насос, Кентау трансформатор және басқа да кейбір заводтар мен бірлестіктерде шикізат пен отын ысырабына жол берілді. Оларда қалдықсыз технология да нашар енгізілуде. Жыл соңына дейін қалған уақыт ішінде осы олқылықтардың орнын толтыру қажет.

Интенсивтендіруді адамдар жүзеге асыруда. Осы заманғы өндіріс терең білімі бар, жұмыста творчестволық қарым-қатынасымен, инициативалылығымен және іскерлігімен ерекшеленетін жаңа түрпатты қызметкерлерді қажетсінеді. Біздің республикада іске нағыз жаңашылдық творчестволық қарым-қатынас жасаудың үлгілері аз емес. Тұтас өндірістік коллективтер жоғары тиімді еңбектің үлгілерін көрсетуде. Өткен жылдың қорытындылары бойынша Алматы ауыр машина жасау, Ворошилов атындағы Орал машина жасау және Киров атындағы Петропавл заводтары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республика Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл

Digitized by Google

туларымен наградталып, республикалық Құрмет тақтасына енгізілді.

«В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің коллективі көп жылдар бойы жатық жұмыс істеп келеді. Ол үстіміздегі жылдың өнім өткізу жөніндегі жарты жылдық жоспарын 2 миллион сомға асыра орындады. Мұнда В. Кириченконың, З. Поповаңың, В. Царегородцевтің бригадаларын, құюшы М. Шегебаевты 80-ші жылдардың стахановшылары деп орынды атайды. Алматы ауыр машина жасау заводының 250-ге жуық қызметкері бесжылдық тапсырманы Жеңіс күніне дейін орындады. Мұнда Э. Губерт пен Л. Осиповтың бригадалары, каруселыші А. Гоголев, токарьлар П. Олейников пен О. Васильева, тегістеуші М. Зыков және басқалар үздік көрсеткіштерге жетуде. Петропавл атқару механизмдері заводы озық коллективтер қатарында саналады. № 18 құрастыру цехы (бастығы Л. Ремонтников) «Министрліктің таңдаулы цехы», плат учаскесі (аға мастер В. Шубин «Министрліктің таңдаулы мастері») «таңдаулы учаске», В. Карцевтің бригадасы «таңдаулы бригада» деген құрметті атақтарды жеңіп алды. Кентау экскаватор заводының токары А. Жүнісов пен Өскемен конденсатор заводының пропитчиктер бригадирі Л. Румянцев Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары жоғары атағына ие болды.

Он екінші бесжылдықта Қазақстан машина жасаушылары алдында үлкен міндеттер тұр. Ауыр машина жасау, электр-техника, станок-инструменталды, прибор жасау өнеркәсібі орындарында жаңа қуаттарды іске қосу белгіленуде, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету ең алдымен соларға тәуелді. Машиналар мен жабдықтардың сапасы мен беріктігін арттыру үшін көп күш-жігер жұмсау, олардың таңдаулы дүниежүзілік үлгілерге сай болуына қол жеткізу қажет. Жаңа бесжылдықта біздің республикада саланы дамытуға қазіргіден екі есе көп қаржы бөлу қарастырылуда. Сандық программамен басқарылатын станоктар шығаруға бірінші кезекті коңіл бөлінеді, мұның өзі автоматтандыру дәрежесін одан әрі арттыруды қамтамасыз етеді, халық шаруашылығының басқа салаларында детальдарды құрама өндеуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтар шығару қыруар өседі. Жуырда өткен республика партия-шаруашылық активінің жиналысында Д. А. Қонаев жолдас былай деп атап өтті: «Селодағы техникалық прогресс өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру дәрежесін одан әрі арттыруды көздейді. Мұнда шаруашылықтардың кең алымды, жоғары өнімді техникамен, сондай-ақ жемшөп дайындау мен әзірлеуге арналған осы заманғы машиналармен жарақтандыруды ысанаға алу керек». Он екінші бесжылдықта сортаңды жерлерге арналған техника шығаруға мамандануышы «Қарағандасельмаш» заводы мен егіншілерге тым қажетті күріш жинайтын комбайндар шығаратын «Қзылордарисмаш» заводы іске қосылады. Жемшөп дайындау машиналарын, жоғары өнімді өздігінен жүретін кең алымды шөп шабатын СКП-10 машиналарын, жайылымдарды суландыру жөніндегі жаңа машиналарды, сондай-ақ мал шаруашылығы фермаларына арналған әртүрлі техниканы шығаруды ұлғайту талау болашақта мал шаруашылығында өндірістік процестерді толық механикаландыруға мүмкіндік береді.

Халық тұтынатын товарлар шығару жедел қарқынмен дамиды, олардың сапасы да жақсарады. Көтеріңкі сұраныммен пайдаланылатын товарлар — тасымал стереомагнитолалар, велосипедтер, тұрмыстық электр приборлары, автомобиль құралдары, бау-бақша және спорт құрал-саймандары көбейеді.

Республика машина жасаушылары өздерінің кәсіптік мерекесін қарсы ала отырып, бесжылдықтың қорытындылаушы жылының жоспарын табысты жүзеге асыру, КПСС XXVII съезі құрметіндегі міндеттемелерді орындау жолында күресуде.

Э. ӘБДІРАШИТОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің машина жасау өнеркәсібі бөлімі қосымша бөлімінің бастығы.

Осы жайында әңгімелерде айтыңыз

Инженерлер үлесі өсуде

Алматы мақта-мата комбинаты инженерлері мен техниктерінің көпшілігі жыл сайын дербес творчестволық жоспарларын талдап жасайды. 1984 жылы ғана оларды енгізуден 2 миллион сомға жуық экономикалық тиімділік алынды.

Т. Назхановтың «Народное хозяйство Казахстана» журналының 4-ші санында жарияланған **«Инженерлер — еңбек сайысын ұйымдастырушылар және оған қатысушылар»** деген мақаласында комбинат дирекциясының және партия ұйымының өндірісті интенсивтендіруде, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде инженер-техник қызметкерлер белсенділігін қалай дамытып отырғаны жайлы әңгімеленеді. Комбинатта қоғамдық хабарландыру тобы жұмыс істейді, «Маман күні», «Хабар күні», ғылыми-техникалық әдебиеттер көрмесі жүйелі өткізіледі. Инженерлер мен жұмысшылардың творчестволық достық одағы нығайып келеді.

Digitized by Google

Біз мектеп реформасын бастадық, еліміздің болашағы үшін оның маңызын айтып жеткізу қиын. Ал қазір алға қойылған міндеттерді формальды түрде емес, мазмұнды түрде қолға алу, сөйтіп жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке даярлау сапасын түбегейлі жақсарту талап етіледі.

М. С. Горбачев жолдастың КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында жасаған баяндамасынан.

МҰҒАЛІМНІҢ АСҚАҚ МІНДЕТІ

В. ЖУРОВ,
Ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің председателі

КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларына сәйкес талдап жасалған жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыру мәселелері бүгінде әрбір мұғалімдер коллективі қызметінің өзегі болып отыр. Реформа тәрбиенің басты лениндік принципі — оқуды өнімді еңбекпен ұштастыруды қазіргі жағдайға бейімдеп айқындайды. Ол мектеп алдына оқушыларды еңбекті сүюге және еңбек адамдарын құрметтеуге баулу, оларды өнеркәсіп, ауыл шаруашылық өндірісінің негіздерімен, қызмет көрсету жүйесімен таныстыру, оларда еңбек дағдылары мен біліктілікті қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдауға үйрету міндетін қояды.

Осының бәрі әрбір мұғалімге жоғары талаптар қояды. Совет педагогының асқақ міндеті жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарында нақты тұжырымдалған. «Халық мұғалімі, — деп атап көрсетіледі осы документте, — жас өрімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы — балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкілі. Осы аса ізгі және аса қиын кәсіп бұған өз өмірін арнаған адамнан тұрақты творчествоны, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді».

Педагогтарымыздың басым көпшілігі өзінің ролін, өзінің қызметін нақ осылай түсінеді. Республика мектептерінде мыңдаған жоғары білікті педагогтар еңбек етеді, олар оқушылардың пәнге және білім алуға мүдделілігін оятуға, оларды еңбекті сүюге баулуға, әрбір сабақты қуанышқа, жаңалық ашуға айналдыруға ұмтылады. Гурьев облысы Балықшы ауданының Ломоносов атындағы мектебінің математика мұғалімі А. Д. Дүйсешев, Қостанай қаласындағы № 12 мектептің физика мұғалімі В. С. Бедыч, Алматы облысы Іле ауданының № 3 мектебінің химия мұғалімі Ж. Е. Төржекенова, Жезқазған облысы Никольск қаласының № 27 мектебінің биология мұғалімі К. Тасқынбаева, Өскемен қаласындағы № 25 мектептің биология мұғалімі Г. П. Горбунова, Қызылорда облысы Шиелі ауданының № 150 мектебінің тарих мұғалімі Н. Парманқұлова, Арқалық қаласындағы № 7 мектептің орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі А. Е. Ильгова және басқалар өз жұмысында реформа идеяларын мақсаттылықпен жүзеге асыруда. Талдықорғанда қажырлы еңбегі үшін Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградталған бастауыш кластардың мұғалімі А. И. Сушкованы жақсы біледі. М. А. Ермакова Көкшетау облысы Красноармейск қаласының № 4 мектебінде балалармен отыз жыл жұмыс істеді. Ол республиканың халық ағарту үздігі, есімі облыстық Құрмет тақтасына жазылған.

Осындай мұғалімдер бізде мыңдап саналады. Олардың еңбегі үкімет наградаларымен, Құрмет грамоталарымен аталды. Өткен жылдың өзінде ғана 263 педагогқа СССР халық ағарту үздігі белгісі, ал 1314 адамға Қазақ ССР халық ағарту үздігі белгісі тапсырылды. Орал облысы санаторий мектеп-интернатының ағылшын тілі оқытушысы Г. А. Бисенғалиева мен Алматы қаласындағы № 19 орта мектептің мұғалімі Ю. И. Севостьянова III дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен Қазақстан педагогтары арасында бірінші болып наградталды. Жуырда Қызылорда облысы Шиелі поселкесіндегі № 45 мектептің орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Н. П. Безгина Н. К. Крупская атындағы медальге ие болды.

Республиканың қалалары мен селоларында реформаны жүзеге асыру бары-

6 октябрь — мұғалім күніне

Digitized by Google

сында мектеп ісіне көңіл бөлу айрықша күшейгенін, мұғалімдерге қамқорлық көбірек көрсетіле бастағанын атап өту қуанышты. Көптеген базалық кәсіпорындардың басшылары мектеп реформасының талаптарын орындауға үлкен мемлекеттік мәні бар мәселе ретінде, жоғары партиялық жауапкершілікпен кірісті.

Көптеген мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер және олардың базалық кәсіпорындары оқушылардың кәсіптік даярлығы туралы өзара шарттар жасасумен қатар мектептердің 1990 жылға дейінгі әлеуметтік даму жоспарларын бірлесіп талдады. Осындай жоспарлар, мәселен, Семей облысы Жаңасемей ауданының шаруашылықтарында бар. Оларда оқушыларға таяудағы үш-төрт жыл ішінде ауыл шаруашылығы кәсіптерін меңгеру үшін анағұрлым қолайлы жағдайлар жасау, өндірістік шеберханалар салу қарастырылған. Сондай-ақ мұғалімдердің тұрмыс жағдайы мен демалысын жақсарту жөнінен шаралар белгіленді.

В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Алматының «Қызыл ту» өндірістік бірлестігі, Қостанай облысы Боровской ауданының «Каменск-Уральск» совхозының коллективтері қамқорлықтарындағы мектептердің жұмыс мәселелерін нақты және дер кезінде шешеді. Күні бүгінге дейін республика бойынша оқушылардың өнімді еңбек етуі үшін барлығы 5 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттар көбірек танымал болды. Республикада осындай 166 комбинат бар. Сондай-ақ оқушыларды еңбекке даярлау үшін көптеген орта кәсіптік-техникалық училищелердің базалары анағұрлым кеңінен пайдаланылуда. Қазір жоғары класс оқушыларының 98 проценті жұмыс істейді, балалар еңбек бірлестіктерінде әр түрлі кәсіптерді меңгеруде. Мектеп түлектері бүкіл класымен өнеркәсіп орындары мен құрылыстарға, егіншілік пен фермаларға жұмыс істеуге көптеп баруда.

Мектеп пен өндірістің тығыз ынтымақтастығы — реформаның оқушыларды еңбекке тәрбиелеуді күшейту жөнінен ұсынған міндеттерін сөзсіз орындаудың кепілі. Сонымен қатар балаларды алты жастан бастап оқытуға кезеңмен ауыстыру, мектептерді он бір жылдық оқу мерзіміне ауыстыру ісінде педагогтар коллективтеріне тұрақты көмек көрсету талап етіледі. Бұл жұмыс алдағы жылдың 1 сентябрінен басталып, 1993 жылы аяқталуға тиіс. Ол қосымша оқушы орындарын құру, мұғалім кадрларын даярлау мүмкіндігіне, ата-аналардың талап-тілектері, балалардың даму дәрежесі мен жергілікті жағдай ескеріле отырып жүзеге асырылады. Кәсіподақ комитеттері осы жұмыстың біркелкі орындалуы мен сапасын бақылауға міндетті.

Кәсіподақ комитеттері алдында тұрған тағы бір маңызды міндет — бұл салынып жатқан ағарту объектілеріне қоғамдық бақылау жасау. Көптеген облыстарда мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің әзірше қанағаттанғысыз салынып жатқанымен келісуге болмайды. 1984 жылы оларды іске қосу тұтасынан республика бойынша жоспардың тиісінше 95,2 және 81,8 процентін құрады. Қарқын үстіміздегі жылы да мәз емес.



«Плакат» баспасы.

Реформа педагог кадрларын іріктеп, орналастыруға көтеріңкі талаптар қояды. Бізде мұнда шешілмеген мәселелер аз емес. Бірқатар облыстар мен аудандарда мұғалімдер жетіспейді, ал алдағы оқу жылының өзінде-ақ бастауыш кластарға қосымша 6 мың мұғалім қажет. Соңғы уақытта педагогика институттары мен училищелері мамандар даярлауды ұлғайтты, мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институттары мен жоғары оқу орындары арқылы оқытушылардың көпшілігі өздерінің біліктілігін барған сайын арттыруда. Егер әрбір қала мен ауданда кадрларды орнықтыруға, олардың тұрақтамаушылығын қысқартуға баса назар аударылмаса, бұл шаралардың бәрі тиісті нәтиже бермейді. Ал бізде мұндай олқылықтар баршылық. Олардың себептері көп. Солардың бірі — тұрғын үймен жеткілікті қамтамасыз етілмеу. Егер осы проблема селода ойдағыдай шешіліп жатса, қалаларда, әсіресе, Алматыда, Ақтөбеде, Жамбылда, Талдықорғанда, Шымкентте әзірше тым күрделі күйінде қалып отыр. Кәсіподақ комитеттері халық депутаттары Советтерімен бірлесіп, осы мәселелерді белсенді шешуі, кооперативті құрылысты

Digitized by Google

дамытуға ықпал етуі, селолық мұғалімдерге коммуналдық қызметтің дер кезінде және толық көлемінде көрсетілуін бақылауы қажет.

Реформаның Негізгі бағыттарына сәйкес мұғалімдердің еңбек жағдайы, оларды санаторийлік-курортты қызметпен қамту жылдан-жылға жақсарып келеді. Республикалық кәсіподақ комитеті Қазақ ССР Оқу министрлігімен бірлесіп, 1990 жылға дейін мұғалімдердің білімін жетілдірудің облыстық институттарының көпшілігінде санаторий-профилакторий салу жоспарын жасады. Мемлекет бұған қыруар қаржы бөлді. Қазірдің өзінде олардан 225 орындық үш санаторий-профилакторий Алматыда, Арқалықта және Петропавлда жұмыс істейді.

Жыл сайын Шымкент облысының «Сарыағаш», Қостанайдың «Сосновый бор» және Талдықорған облысының «Жаркент-Арасан» санаторийлері жанынан мектеп қызметкерлерін курсовкалық емдеу ұйымдастырылуда. Соңғы уақытта өздерінің санаторий-профилакторийлері мен демалыс үйлері бар басқалық кәсіпорындар қамқорлықтарындағы мектеп мұғалімдеріне жолдамалар бере бастады. Соның нәтижесінде мұғалімдерді сауықтыру жоспары өткен жылы 140 процентті орындалды. Алайда, осы істе шешілмеген мәселелер көп. Қазақ ССР Оқу министрлігі педагогикалық жоғары оқу орындары мен училищелерде профилакторийлерді салумен және кеңейтумен мүлде айналыспайды, ал бізде бұған деген шұғыл қажеттілік те, мүмкіндіктер де бар.

Мұғалімдер мен оқушыларға медициналық қызмет көрсету де жақсарды. Қазір мектептер, әдеттегідей, жекелеген емдеу мекемелеріне бекітіледі. Мұны бірінші болып Қарағандыда істеді. Мұнда поликлиникаларда педагогтерге арнайы сағаттар мен күндер бөлінген, оларды жаппай диспансеризациялау жүргізіледі. Бұл барлық қалалар мен аудандар үшін жақсы үлгі.

Мектеп реформасының Негізгі бағыттарында мектептер мен басқа да оқу-тәрбие мекемелерінің жұмысына инспекторлық бақылау жасау жүйесін реттеу, әртүрлі нұсқауларды, есептер мен сұраулардың тасқынын күрт қысқарту қажеттігі ерекше атап көрсетілді. Мұның өзі мұғалімдерге творчестволық жұмыс үшін, өз білімін көтеру үшін уақыт табуға, дем алуға мүмкіндіктер береді. Және осы талаптардың бәрін белсенді түрде жүзеге асыру қажет.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін жаңа жетістіктермен қарсы ала отырып, мұғалімдер өздерінің назарын жаңа міндеттер мен шешілмеген мәселелерге шоғырландыруда. Педагогтық шеберлікті, идеялық-теориялық дәрежені жан-жақты арттыру олардың әрқайсысы үшін басты іс болып табылады. Мектеп реформасын табысты жүзеге асырудың, жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуді жаңа сапалы дәрежеге көтерудің шешуші шарты осында жатыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

Совет қоғамының әлеуметтік құрылымын жетілдіре беру мәселесі КПСС XXVI съезінен кейін айрықша маңыз алды, онда қоғамның тапсыз құрылымының қалыптасуы кемелденген социализм тұсында өтетіні туралы қағида баяндалды. Бұл қағида ең алдымен совет қоғамы дамуының табиғи заңдылықтарын оқып-үйренуге негізделген. Әлеуметтік біртектіліктің қалыптасуы кемелденген социализмге тән әлеуметтік ортада негізгі процесс ретінде көрінуде.

Әлеуметтік - территориялық айырмашылықтарды жою тақырыбының өзі кемелденген социализм қоғамының толысу сатыларымен байланысты. Дегенмен әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жою процесінің аяқталуына нақты шек қою дұрыс болмас еді. Мұнда әлеуметтік практикаға, әлеуметтік ақиқатқа сүйенудің шешуші мәні бар.

Еліміздің түрлі қалалары, жекелеген аудандары арасында экономикалық және әлеуметтік даму, мәдениет және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету деңгейінде белгілі бір айырмашылықтар бар екені белгілі. Бұл айырмашылықтар көптеген объективті себептермен, мысалы, тарихи даму ерекшеліктерімен, географиялық жағдайымен, ұлттық дәстүрлерімен, табиғи ресурстарымен т. б. факторлардың жетекші мәні бар екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар ұлттық психология ерекшеліктерінен туындаған өмір жағдайы мен салтындағы территориялық айырмашылықтарды экономикалық шаралармен жоюға болады деп пайымдауға болмайды. Бұл тұрғыдан әртүрлі аймақтардың халқына белсенді идеологиялық ықпал етумен байланысты комплексті жұмыс талап етіледі.

Егер еліміздің европалық бөлігінде еңбек ресурстарына деген қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты мәселелердің маңызы барған сайын арта түссе, Орта Азияда жергілікті село жастарын ауыл шаруашылығынан тыс еңбекке тарту туралы мәселе туындап отыр. Сөйтіп территориялық айырмашылықтар әлеуметтік айырмашылықтардың барлық басқа түрлері — әлеуметтік-таптық, ұлттық, демографиялық, кәсіптік түрлерімен тығыз байланысты.

Қазақстанның жекелеген аудандары бойынша экономикалық табиғи-географиялық жағдайлардың, халықтың қо-

Digitized by Google

ныс ауыстыру дәрежесінің ерекшелігі республикада әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жоюдың аса актуальды міндетін алға қояды. Мысалы, Орталық Қазақстандағы орташа жалақы оңтүстікке қарағанда 1,2 есе жоғары екенін атап өтуге болады.

Жетпісінші жылдар ішінде экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан да аймақтық қатынастарға ықпал еткен ірі өзгерістер болды. Ішінара айтқанда, Қаратау — Жамбыл, Маңғышлақ, Павлодар — Екібастұз территориялық-өндірістік комплекстері жедел дамыды. Республиканың әлеуметтік - экономикалық потенциалы күрт ұлғайды. 1980 жылға дейін жалпы өнім 1970 жылмен салыстырғанда 60 процент, ұлттық табыс 51 процент, халық шаруашылығындағы негізгі қорлар 111 процент, жұмысшылар мен қызметшілердің орташа ақшалай жалақысы 35 процент, мемлекеттік және кооперативтік бөлшек сауданың товар айналымы 140 процент өсті. Сөйтіп, әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жою процесі барлық аудандарда халықтың әл-ауқатын жалпы көтеру негізінде өтті. Өткен он жыл ішінде Қазақстанда халық шаруашылығының материалдық базасы өте-мөте нығайтылды.

Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды жою КПСС пен Совет мемлекеті жүзеге асырып жатқан ірі әлеуметтік программаларды шешумен тығыз байланысты. Жалпыға бірдей орта білім алуға ауысу орта білімді адамдар үлесін барлық аймақтарда көтеруге көмектеседі. Қазірдің өзінде орта білімді адамдар көбейіп келеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында халық шаруашылығында жұмыс істейтін адамдар арасында оның үлесі 9,8 проценттен 21 процентке дейін өсті. Бүгінде еңбек жолын бастаған жастар білімділігімен ерекшеленеді. Орталау білімді адамдар үнемі азайып келеді. Олар — негізінен ересек адамдар.

Кемелденген социализм жағдайында жаппай орта білім алу жолындағы бағыт барлық аймақтар бойынша жүзеге асырылса, ал білім беру саласында негізгі территориялық айырмашылықтар жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде көрініс табады. Соңғылардың ролі оның халық интеллигенциясының қатарын толықтырудың негізгі бастауы болуымен анықталады. Халықтың жоғары білім дәрежесі адамның рухани талғамын қанағаттандыруға қызмет етеді. Екінші жағынан, мамандықты таңдау мүмкіндіктері де қайсыбір дәрежеде білім деңгейіне байланысты болады (бірқатар кәсіптердің жоғары немесе орта арнаулы білімді талап ететіні белгілі). 10000 адамға шаққанда студенттер саны белгілі бір дәрежеде білім алу мүмкіндігінің көрсеткіші бола алады. Егер 1970 жылы Қазақстан облыстарының үшеуінде жоғары оқу орындары мен олардың филиалдары болмаса, 1980 жылы республиканың барлық облыстарында орта арнаулы және жоғары оқу орындары жұмыс істеді. Мұның өзі совет адамдарының өскелең мәдени-ағарту дәрежесімен, барлық аймақтардың жоғары білікті маман кадрларға деген өскелең қажетімен сипатталады.

Сондай-ақ халықтың мәдениет ошақтары қызметін пайдалануын қарастырып көрейік. 1970 жылы Қазақстанның 5 облысының профессионал театрлары болған жоқ. Үстіміздегі он жылдықтың өзінде олардың төртеуінде осындай театрлар құрылды. Тұтасынан республика бойынша 1970 жылы 1000 адамнан 240 адам театрға барса, 1980 жылы 265 адамға жетті. Соның нәтижесінде облыстар бойынша театрға бару жөніндегі алшақтық 10 жыл ішінде 20 процент кеміді.


Территориялық айырмашылықтарды жою жолында музейге бару сияқты мәдени қызмет түрі бойынша да осындай өзгерістер болды. Қазіргі уақытта республиканың барлық облыстарында 57 музей бар. Олар маңызды тәрбиелік, көркем, ғылыми қызметтер атқарады. Олардың әсіресе жастарға тәрбие берудегі ролі орасан зор. Өз өлкеңнің, өз еліңнің нақты тарихын, әдебиетін, ғылымын білу буржуазиялық насихаттың идеологиялық ықпалына қарсы аса жақсы кепілдік болады. 1970—1980 жылдар ішінде Қазақстанда музейге келушілер санының 2 есе өсу фактісі олардың идеялық-тәрбие және мәдени қызмет көрсетуінің жақсара түскенін қуаттайды.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының материалдарында елімізде маман кадрларды шоғырландыруға, информацияны жедел жинап, өңдеуге, партия және мемлекеттік органдар үшін тиісті материалдар әзірлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай әлеуметтік қызмет көрсетудің уақыты жеткені туралы ерекше атап көрсетілді. Мәдениет орындарына басшылық жасауды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің сөзсіз қажеттігі қала дәрежесінде айқын көрінеді. Мәдениет мекемелерінің ерекшелігі олардың белгілі бір территорияға бекітілуінде және белгілі бір елді мекеннің тұрғындарына қызмет көрсетуге міндеттілігінде. Осындай елді мекендердің әрқайсысының шаруашылықтың ерекшеліктерін, әлеуметтік құрылымын, тарихын т. б. анықтайтын өз бейнесі бар. Сондықтан да қаланың нақты ерекшеліктерін зерттемей мәдени құрылыстың тиімділігін анықтау қиын. Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету мәдениетінің даму дәрежесі адамдардың табиғи мінез-құлқына ықпал етеді.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік басқаруда қоғамдық ғылымдар ролі артты. Әлеуметтік-территориялық айырмашылықтарды зерттеу ерекше роль атқарады. Қазақстан сияқты еліміздің ірі аймағында бұл мәселелердің әлеуметтік-экономикалық даму процестерін партиялық және мемлекеттік басқару практикасы үшін белгілі бір маңызы бар екені айқын.

М. ТӘЖИН.

Digitized by Google



Көрнекі үгіт пен саяси плакаттың
Бүкілодақтық байқауы

ЕҢБЕК ЕРЛЕРІН МАДАҚТАЙМЫЗ

Л. ДМИТРИЕВ,
«Экибастузуголь» өндірістік бірлестігінің «Богатырь» разрезі партия комитетінің секретары

«Богатырь» деп аталудың өзі-ақ біздің елімізде ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі бірегей көмір разрезінің алып ауқымын білдіреді. Біздің коллективіміз өз кәсіпорнының жобалық қуатынан — 50 миллион тонна көмірден ертеде-ақ асып түсті. Биыл жоспардан тыс 1,3 миллион тонна көмір жөнелтілді. КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, біз осындай жоғары межені белгіледік.

Партия комитеті көрнекі үгіттің кеншілердің еңбектегі белсенділігін дамытуға жақсырақ көмектесуіне, әр кісінің тапсырылған іске жауапкершілігін арттырып, таңдаулы адамдарды мадақтауына тұрақты қол жеткізіп келеді.

Біздің кеншілеріміз әркез, сменаға келгенде бұрнағы күндерде разрездің, оның учаскелері мен бригадаларының қалай жұмыс істегені, кімнің үздік нәтижелерге жеткені, кімнің ілгері ұмтылуы қажет екені туралы толымды информация ала алады. Адамдар осы мәліметтердің бәрін «Социалистік жарыс экранынан» табады. Мұнда жоспардың бір ай ішінде, жыл басынан бергі және бесжылдық басынан бері орындалу қорытындылары күн сайын көрсетіледі. Онда бірнеше бөлім бар. «Тәуліктік жоспар орындалды!» — бұл туралы жарқырап жанып тұрған қызыл жұлдыз хабарлайды. «Олар бүгін алда» — осындай рубрикамен стендте жоспарды асыра орындаған таңдаулы бригадалар аталады. Озық бригада мен учаске құрметіне еңбек даңқы жалаулары көтеріледі.

Жеңістің 40 жылдығы құрметіндегі еңбек вахтасының қорытындылары жедел шығарылып тұрды, ал қазір «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік», «Стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына — 50 екпінді апта» ұранымен өтіп жатқан жарыс барысы айшықты көрсетілуде.

Разрездің бүкіл коллективі бірлестік кеншілерінің он бірінші бесжылдықта Екібастұз көмірінің миллиардыншы тоннасын өндіру, сондай-ақ разрез пайдаланылуға берілген уақытынан бергі 500 миллионыншы тонна көмірді өндіру жолындағы жарысқа қатысуда. Сонымен қатар жарыс қорытындылары наряд учаскесінде безендірілген «экрандарда» айшықты көрсетіледі.

Біздің кеншілеріміздің бейбітшілік үшін күреске белсене қатысатыны туралы әңгімелейтін, резерв басқармасының кіре берісінде қойылған «Бейбітшілікті қорғау — баршаның және әрбір адамның ісі» деген витрина назар аудартады. Мұнда Бейбітшіліктің советтік қорына тұрақты ақша аударатын адамдардың портреттері орналасқан, ал разрезде ондай адамдар ондап саналады. Құрамында 34 адамы бар № 44 экскаватор бригадасының коллективі ай сайын жалақының 1 процентін Бейбітшілік қорына аударады. «Богатырь» еңбекшілері өткен жыл ішінде барлығы 24 мың сом аударды.

Информациялық жағынан осындай толымды, коллектив өмірімен тығыз байланысты, адамдарға таныс фактілер негізінде құрылған көрнекі үгіт советтік өмір салтын орнықтырады, адамдарды таңдаулы еңбек дәстүрлеріне тәрбиелейді, ұйымдастырады және тәртіпке шақырады.

Разрездің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, басшылары жұмыс уақытын жақсы пайдалану жолында табанды күрес жүргізеді, оның ысырабына жол беретін себептерді жүйелі түрде талдап, жояды. Осы тұрғыдан да көрнекі үгіт едәуір роль атқарады. Қыдырымпаздың неден қағылатыны айқын көрсетіледі, ал біздің коллективте қыдырымпаздық 200—300 сомның ысырабына соқтырады. Бұған ай ішіндегі сыйлық, он үшінші жалақы кіреді. Оның үстіне тәртіп бұзушы жаз кезіндегі демалыстан айрылады. Семьяның пәтер, бала-бақшадан орын алу кезегі кейін шегеріледі. «Берік тәртіп — табыс негізі» стендінің материалдары осы жайында ескертеді. Оған ай сайын право бұзу профилактикасы жөніндегі советтің шешімімен қыдырымпаздардың, семья шырқын бұзушылардың, маскүнемдердің фамилиясы жазылады. Учаскелерде, бригадаларда, сондай-ақ тұрғын үйлер микроаудандарында «Маскүнемдікке — тосқауыл!», «Жұмыс істеуге кім кедергі жасайды» деген қалқандар орнатылған. Олардың материалдары еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті бұзатын адамдарды сынайды,

Digitized by Google

жолдастық соттардың шешімдері туралы хабарлайды.

Соңғы уақытта бізде тәрбие жұмысының ауыртпалығы социалистік тәртіп нормаларынан ауытқу мүмкіндіктерінен сақтандыруға ауыстырылған. Мұнда ең алдымен коммунист, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері С. И. Зубко басқаратын экскаватор бригадасының инициативасын бөліп айтқым келеді, онда бригаданың әрбір мүшесінің еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті сақтауы үшін коллективтік жауапкершілікті енгізуді ұйғарған. Бригадада былай ұйғарды: коллектив мүшесі қыдырымпаздық жасаса немесе қоғамдық реттілікті бұзса, онда бүкіл бригада сыйлықтан толық айрылады. Көп тиражды газетте, қабырға газетінде, радио газеттерде, «молнияларда» үгітшілер мен саяси хабаршылардың күшімен инициатива адамдардың бәріне жеткізілді. Бригадада қалыптасқан тәрбие жұмысының тәжірибесі «Экибастузуголь» өндірістік бірлестігінің ғылыми-техникалық информация үйі шығарған плакатта қорытылды. Қазір кеншілер коллективтерінің көпшілігі С. И. Зубко бригадасының үлгісі бойынша жұмыс істеуде.

Ұрандар мен шақыру сипатындағы паннолар еңбек тәртібін нығайтуға қызмет етуде. Олардың ішінде: «Есіңде сақта! Біздің разрез бір минуттың ішінде 101 тонна көмір береді» деген нақты арнау бар.

Мақсатты жұмыс өз нәтижелерін беруде. Разрез коллективінде бір жыл ішінде қыдырымпаздық салдарынан болатын жұмыс уақытының ысырабы 2 есе дерлік қысқарды. Ұзақ уақыт бойына еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті бұзуға жол бермеген бригадалар мен учаскелер саны көбейді. Көрнекі үгіт идеялық-тәрбие жұмысының басқа формаларымен ұштасқанда оның тиімділігі артады. Айталық, өткен жылдың сентябрінде Г. Киласевтың бригадасы Екібастұздың 900 миллионыншы тонна көмірін қазды. Отынды вагондарға тиеп болған кеншілерді гүл шоқтарымен және жылы құттықтау создерімен қарсы алды. Темір жол составында «Қабылда Отан, 900 миллионыншы тонна Екібастұз көмірін!» деген транспарант желбіреді. Бригадаға сувенир-ескерткіш жазуы бар көмір жентегі тапсырылды. Кәсіпорынға кіре берісте кеншілерді айшықты «молния» қарсы алды.

Разрез коллективінің туған күніне арналған мерекелер де салтанатты және жарқын өтеді. Оларға қамқорлықтағы мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің және кен техникумының оқушылары шақырылады.

Разрез бастығы В. К. Прудников басқаратын көрнекі үгіт жөніндегі совет белсенді жұмыс істейді. Әуесқой суретшілер М. А. Кузнецов, В. Г. Фридрих, фотограф В. А. Шершов безендіру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізуде. Совет әр жылға арналған үгіт-көркем безендірудің жоспарларын жасайды. Онда кәсіпорынды ғана емес, сондай-ақ оларға бекітілген тұрғын үйлер алқаптарын, үгіт алаңдарын, қамқорлықтағы мектепті, аула клубы, право тәртібін қорғаудың тірек пунктін, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін көрнекі безендіру қарастырылған, мұнда қамқорлық жасаушылардың ісмер қолдарымен көп нәрсе жасалған. Біз мұндағы көрнекі үгітті еңбек коллективтеріндегі идеялық-тәрбие жұмысының жалғасы және ажырамас бөлігі ретінде қараймыз. Мәселен, біз өндіріс озаттары тұратын үйлерге «молнияларды» жүйелі түрде ілеміз. Оларда екпінді еңбегі үшін, белсенді қоғамдық қызметі үшін алғыс айтылады. Адамдар осындай көңіл бөлгенге шын жүректен үн қатады, бұл балаларды еңбекті, ата-аналары жұмыс істейтін коллективті сыйлау рухында тәрбиелеуге көмектесетінін атайды.

Разрез қызметкерлері көп жылдар бойы № 7 орта мектепке қамқорлық жасап келеді. Бүгінде оның көптеген тәрбиеленушілері оқуды бітіргеннен кейін біздің коллективке қосылды. Біз де балаларға өз коллективіміздің жетістіктерін, оның адамдарын көрнекі үгіт құралдарымен көрсету үшін күш-жігерімізді аямаймыз. Мектепте оқу кабинеттерін, оның ішінде кәсіптік бағдар кабинетін жабдықтадық. Мұнда қуатты роторлы экскаваторлардың жұмыс істеп тұрған модельдерін көруге болады. Ал разрезімізде «Семья және мектеп» стендісі үнемі жаңартылып отырады. Өндіріс озаттарының портреттерімен қатар олардың балалары — оқу озаттарының, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысушылардың суреттері ілінген Құрмет тақтасы да адамдарға үлкен тәрбиелік ықпал жасайды.

Партия комитеті, көрнекі үгіт жөніндегі совет көрнекі үгітті тұрақты жаңғыртып, әсірлікте ұстауға ұмтылуда. Бұл үшін оны жедел жаңарту, адамдарды баурап алатын нақты мазмұнымен үнемі толықтыру, айшықты формаларды табу қажет. Бұл істе бізге разрез бөлімдері мен службаларының қызметкерлері, оның қоғамдық ұйымдары көмектесуде. Мәселен, «Ғылым мен техника жетістіктері — өндіріске!» стендісін техникалық бөлім қызметкерлері, өнертабысшылар мен рационализаторлардың Бүкілодақтық қоғамы мен ғылыми-техникалық қоғам советтері жүргізеді. «Семья және мектеп» стендісін кәсіподақ және комсомол комитеттері мен семьяға және мектепке ықпал ету советі жүргізеді.

Бұл күндері көрнекі үгіт құралдарының бәрі КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіндегі еңбек вахталарын ұйымдастыруға, бесжылдық тапсырмаларын табысты аяқтауға бағытталған. Жарыс барысы туралы күнделікті информация адамдарды екпінді еңбекке бейімдеуде.

Digitized by Google

САЛАУАТТЫ ТҰРМЫС КЛУБЫ

Жезқазғанда металлургтердің мәдениет сарайы жанынан салауатты тұрмыс клубы өз жұмысын бастады. Оны құру — КПСС Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы» қаулысын жүзеге асырудағы нақты қадам.

Бүгінде біз қоғамға, семьяға, нақты адамға спиртті ішімдік, тіпті оның бір рюмкасының өзі әкелетін залал туралы барынша алаңдаушылықпен айтамыз. Өйткені ол өндірістегі жарақаттанудың, қайғылы оқиғаның, кемтар балалар туудың себептері бола алады.

Спиртті ішімдіксіз өмір сүруге бола ма? Мерекелік стол басына жиналып, уақытты көңілді, қуанышты өткізуге бола ма? Иә, болады. Салауатты тұрмыс клубының мүшелері осылай деп пайымдайды. Олардың арасында металлургтердің мәдениет сарайының, қалалық ЗАГС-тың, наркологиялық диспансердің қызметкерлері және оның бұрынғы емделушілері бар.

Клубтың алғашқы мәжілісінде бірнеше ұйымдық мәселелер талқыланды. Мәселен, оны «Сириус» деп атау ұйғарылды, өйткені бұл аспандағы ең жарық жұлдыз ғой. «Өзің де лаула, өзгелерді де жалындат» деген ұран осыдан шықты. Наркологиялық диспансердің бас дәрігері В. В. Тильман клуб председателі, мәдениет сарайының директоры Т. Е. Кравченко оның орынбасары болып сайланды.

Сондай-ақ мәжілісте таяу уақытқа арналған шаралар жоспары жасалды. Олардың арасында кәсіпорындарда және тұрғылықты жер бойынша алкогольге қарсы насихат, облыс орталығының қонақтарымен, қызықты адамдармен кездесулер, басқа клубтармен бірлескен шаралар, қала сыртына саяхат жасау т. б. бар. Бір сөзбен айтқанда, мұнда әрбір адам өзі қалаған ісін тауып, өзін көрсете алады, әлденені үйреніп, өзгелерді де үйрете алады.

Кез-келген адам жынысына, жасына, айналысатын ісіне қарамастан «Сириус» клубының мүшесі бола алатынын қоса айтайық. Ең бастысы, оған салауатты тұрмыс идеялары жақын болуы, оларды насихаттауға белсене қатысуы, қалыптасқан ішімдік ішу дәстүрлеріне қарсы, салауатты өмір салты үшін күресуі қажет.

Л. КРАСНОВА,
«Джезказганская правда» газеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Дәстүрге айналуда

✦ **Шымкент.** Теміржолшылар кинотеатрында «Салауатты тұрмыс — өмір нормасы» деген кинолекторий ашылды. Оны темір жол ауруханасының дәрігерлері М. А. Койфман, Г. В. Фиш, Н. Сунатов, Ю. П. Броликов жүргізеді. Лекция кезінде тыңдаушыларды маскүнемдікпен күрес проблемасының әртүрлі аспектілерімен таныстыратын хроникалды-деректі фильмдер пайдаланылады.

✦ **Талдықорған.** Үштөбеде жастар кеші өтті. Оның программасын «Баршамыз — салауатты тұрмыс үшін» деген ауызша журнал ашты. Мұнда ауданның халық судьясы М. Н. Нарықбаев, дәрігер-нарколог Г. Г. Гвар, медициналық айықтырғыштың бастығы Б. Р. Бейсенбаев соз сөйледі.

Содан кейін би, викториналар, шахмат пен дойбы ойыны, өлең оқу болды. Жастар кафесі кеште шырындар мен салқын сусындар ғана ұсынды.

✦ **Қызылорда.** Тойдың мол дастарханында қазақша ет, палау, қуырдақ, минералды су, қымыз, шұбат, жеміс шырындары көп болды. Бір тамшы ішімдік болған жоқ. Қызылордаға жолдама бойынша келген инженер-энергетиктер Батыржан Қаракөзов пен Гүлнәр Оспанова тойды салауатты түрде тойлауды ұйғарыпты. Күйеу жігіт пен қалыңдықтың қонақтары жиналған «Қаракөз» кафесінде домбыра, көңілді әндер шырқалды.

✦ **Өскемен.** «Казцветметремонт» тресі Шығыс Қазақстанның мамандандырылған жөндеу-құрылыс басқармасының қызметкерлері үшін көпшілік болып табиғат аясына шығу дәстүрге айналды. Дубыгалинск көлі аймағына осындай кезекті сапарды бәрі спиртті ішімдіксіз өткізуді бірауыздан ұйғарды. Осы шараны ұйымдастырушылар көлемді ойын-сауық программасын қарастырды. Балықшылар конкурсы «Көңілді мәрелер» деген командалық біріншілікпен алмасты, содан кейін «Папам, мамам және мен — ұйымшыл семьямыз» эстафетасы өтті. Мереке ұтылыссыз лотереямен аяқталды.

Digitized by Google

Бесжылдық картасында


АСА ҚУАТТЫ СТАНЦИЯ

Июль айының соңында Екібастұзда «Экибастузская-1150» қосалқы станциясының бірегей отандық жабдықтары комплексті өнеркәсіптік сынақтан өткізілді. Дүниежүзілік практикада алғаш рет өнеркәсіптік тұтынуға арналған аса жоғары кернеулі электр энергиясы алынды. Аналогтары жоқ транспортерлер, реакторлар, ауа ажыратқыштар, разрядтауыштар және басқа да жаңа техника 1.150—1.180 мың вольтты кернеуде сынақтан табысты өтті. Бұдан кейін ең қуатты Екібастұз—Көкшетау ауыспалы токтың электр желісі іске қосуға әзірленуде.

— Осы оқиға қарсаңында екі жылдан астам уақыт бойы құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді, — дейді Екібастұздың шалғай электр желісі бірлестігі электрмен қайта құру комплексінің бас инженері В. Амелин. — Мұнда жабдықтардың көпшілігі бірегей және советтік электр техника өнеркәсібінің соңғы жетістігі болып табылады. Көкшетауға дейінгі 500 километрлік учаске ұзындығы 1.200 километрлік Екібастұз—Урал энергия көпірінің үш буынының біріне ғана айналатыны мәлім. Ол реверс болып жасалуда және Екібастұз территориялық-энергетика комплексінің энергиясын Уралға ғана беріп қоймай, сондай-ақ оны еліміздің Европалық бөлігінен Қазақстанға да жібереді, мұның өзі маневр жасау үшін үлкен мүмкіндіктер береді және еліміздің ірі индустриялды аймағын энергиямен қамтамасыз етудің жоғары сенімділігін қамтамасыз етеді.

Қосалқы станцияда алғаш рет біздің өнеркәсіпте жасалған және әзірше аналогтары жоқ жабдық орнатылды. Мәселен, Запорожье заводы планетадағы аса қуатты, сондай-ақ түсті және қара металды жұмсаудың үлес салмағы бойынша ең үнемді автотрансформаторлар, «Уралэлектротяжмаш» — бірде-бір станцияда жоқ модульды конструкцияның ауа қосылғыштарын берді. Сынақтар олардың жоғары сенімділігін көрсетті. Великие Лукидегі заводта жасаған фарфор табақтар өздерінің көлемі жағынан да, изоляциялық қасиеті жағынан да бірегей. Және көптеген тораптар бойынша осылай.

Қосалқы станцияны іске қосу «Средазмонтаж» және «Экибастузэнергострой» трестерінің ондаған бригадаларынан күш жігер мен шеберлікті талап етті. Қысқа мерзім ішінде 24 миллион сомның күрделі қаржысын игеру, жұмысты қарлы боранда да, үскірік аяздарда да тоқтатпай, ешкім істемеген істі атқару қажет болды. Мысалы, салмағы 60 тоннадан асатын ауа қосылғыштары мен 17 тонналық жіктегіштерді монтаждау едәуір қиындық келтірді. Осының бәрін 30-40 метр биіктікке көтеріп, орнату керек еді. Владимир Перинның, Геннадий Басковтың, Анатолий Дробинның және басқалардың монтажшылар бригадалары жұмыс барысында өздері үшін жаңа операцияларды меңгеріп, қыруар ептілік пен инженерлік тапқырлық көрсете отырып, алға қойылған міндетті табысты атқарып шықты.



Суретте: қосалқы станцияны іске қосар алдында жабдықтарды тексеру.

«Экибастузская-1150» жұмыс істеуде. Бірақ құрылыс және монтаж жұмыстары тоқталған жоқ. Екібастұз территориялық-энергетика комплексін ең алдымен Сібірмен, сосын Камск-Ащинск территориялық-энергетика комплексімен байланыстыратын Екібастұз-Барнауыл — 1150 электр желісі үшін автотрансформаторлар жеткізілді. Осы көпір таяныштары қазірдің өзінде Құлынды даласына тартылуда. Ал құрылысшыларды соған көршілес салынып жатқан Екібастұз — Орталық тұрақты тогының қайта құрылып жатқан қосалқы станциясы күтуде. Еліміздің шығысының аса қуатты энергия магистральдарының құрылысы шешуші кезеңге аяқ басты.

В. СТУПАК.

(«Казахстанская правда»).

Digitized by Google

ГЕНЕРАЛДЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Исламабадтың билеуші топтарында демократия, заңды құрметтеу туралы айтқанды жақсы көреді. Жалпыға бірдей парламент сайлауы туралы әңгімелерді қуана-қуана қозғайды, ал әскери режим 1977 жылдың июлінде өкімет билігін өз қолына алып, оны тез өткізуге уәде берген еді, бірақ оны 1985 жылдың февралінде өткізді. Соның барысында пакистандықтар екі ай бұрын генерал Зия-уль-Хақ жүргізіп отырған өмірді «исламдандыру» саясатына деген өз көзқарастарын білдірген референдум туралы да айтуға құмар-ақ.

Демек, ең алдымен, генералға жалпы демократия, сайлаулар мен референдум не үшін керек болды? Ол 1977 жылдың жазынан бері оны қолданған жоқ және оның билігі сайлаушылар еркімен емес, винтовка арқылы жүргізілуінен ешбір залал шеккен жоқ. Оның үстіне ол әрбір қолайлы сәтте «демократия» идеялары Пакистан халқының кемеңгерлігіне жат «екенін, ислам қазынасына сәйкес келмейтінін» атап көрсетіп отырды.

Дегенмен, Вашингтон Пакистанды Оңтүстік Азиядағы өз саясатының басты таянышы етуге ұйғарып, бұл үшін аса жаңа қару-жарақтар беруге әзір екенін алғаш аңғартқанда-ақ сәйкессіздік туралы ескертулердің бәрі бірден ғайып болды. Алайда Ақ үйде өз клиенттерінің ашықтан-ашық диктатор болып көрінуін қаламады. Тым болмағанда сыпайылық нормасын сақтау, әскери режим төңірегінде демократиялық көрініске ұқсас бірдеңені бетке ұстау қажет еді.

Бұл жерде, әрине, осы сөздің жалпы мағынасында сайлаулар туралы сөз болуы мүмкін емес, өйткені қалай болғанда да биліктен айрылып қалу қиын емес еді. Мейлінше айлалы референдумды ойлап тапты. Өткен жылдың декабрінде пакистандықтарға бір сұрақ ұсынылды: олар әскери өкімет жүргізіп отырған «исламдандыру» бағытын мақұлдай ма? Онымен бір мезгілде Зия-уль-Хақ, былайша айтқанда, өзінің оң жауапты сайлаушылардың оны келесі бес жылға президент қызметінде көруге келіскені деп бағалайтынын мәлімдеді. Сөйтіп, істің мәні — өкімет билігі туралы мәселе діни сипаттағы жамылғы астында қалып қойды.

Зия-уль-Хақтың төңірегіндегілер үміт еткеніндей, дауыс бергендердің басым көпшілігі «иә» деді. Халқының 97 процентін мұсылмандар құрайтын елде басқаша болуы мүмкін деп күтудің қажеті жоқ еді. Сайлау шын мәнінде өтпесе де, Зия-уль-Хақтың бұдан былай өзінің президент болып сайланғанын тұжырымдай алуы үшін формальды негіздер осылай жасалды.

Алайда бір ғана референдумның көмегімен жұртқа көз қылып та демократияны жасай алмайсың. Парламент керек болды. Міне, үстіміздегі жылдың 25 февралінде жоспардың екінші бөлігі—«жалпыға бірдей сайлау» іске кірісті. Жоғары заң шығарушы орган — Маджлис-ишура (Ұлттық ассамблея) сайланды. Әрине, заң шығарушылар әскери өкіметке оппозиция жасамауы үшін барлық шаралар қабылданды. Бұл үшін 1973 жылғы конституцияға тиісті түзетулер енгізілді, ол мұны мүлде өзгертті.

Сайлау партиялық негізде жүргізілмеді. Президенттің № 102 указымен дауысқа түсу кімге рұқсат етілетіні және кімге тиым салынатыны аса дәлдікпен анықталды. Әскери өкіметтің бұйрығына сәйкес 1979 жылы қайта тіркелмеген барлық партиялардың (саяси партиялардың басым көпшілігі) функционерлері, бұрын федеральды және провинциялық министрлер қызметін атқарған адамдар, сондай-ақ Зульфикар Али Бхутто басқарған Пакистан халық партиясының билігі тұсындағы басқа да ресми қызмет адамдары соңғы категорияға жатқызылды. Указда тиым салушы тараулардың көптігі соншалық, тіпті он бір оппозициялық партияны біріктіретін демократияны қалпына келтіру жолындағы бүкіл Қозғалыс дерлік сайлауларға қатысудан шеттетілді.

Осындай жағдайда демократияны қалпына келтіру жолындағы белең алған жалпы ұлттық Қозғалыс Зия-уль-Хақ ойлап шығарған сайлау айла-шарғысына бойкот жариялады. Қозғалыс құрамына кіретін партиялар парламент сайлаулары 1973 жылғы конституция негізінде және З. А. Бхутто үкіметі құлағанға дейін болған ережелер бойынша жүргізілуге тиіс деп бірлесіп мәлімдеді. Әскери жағдайды жою және қоғамдық өмірді демократияландыру сайлаулардың басты алғы шарттары қатарында болуы тиіс екені айрықша атап көрсетілді.

Дегенмен қалай болғанда да, генерал-президенттің ынта-жігерімен Пакистанда жаңа саяси құрылым жасалды, оның барысында барлық демократиялық институттар мықтап жабылды. Басты назар шын мәніндегі демократияландыруды жақтайтын партиялар қызметіне жол бермеуге шоғырландырылды. Азаматтық соттардың орнында әскери трибуналдар өз әрекеттерін жалғастыруда. Премьер-министр тағайындалғанмен, ол принципті шешімдер қабылдаудан шеттетілген, ал февральда сайланған парламент пре-

Digitized by Google

зидент алдын-ала мақұлдамаған заңдарды қабылдай алмайды. Парламенттің (Маджлис-и шура) атауы бойынша осы құрылымды Пакистанда «шурократие» деп атайды. Ол оны жасаушының елдегі жағдайды толық бақылауға алуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік билік пен басқарудың бүкіл тізгінін бір адамның қолына береді. Шынтуайтында, мұндай система пакистандықтарға әбден таныс. Бұрынғы әскери билеушілер 50-60 жылдары халықтың праволарын шектеу және аяққа басу арқылы көптеген түрлі эксперименттер жүргізді. Мұнда «базалық», «басқарушы» «іріктелген» демократиялармен таныс. «Шурократия» — басқа ештеңе емес, диктатураның тағы бір түрі.

Жаңа құрылым пайда болған алғашқы айлардың өзі-ақ басқарудың күнделікті практикалық проблемалары тұрғысынан оның өмірге жанаспайтындығын көрсетті. Президент пен премьер арасындағы міндеттердің қалай бөлінетіні, президент пен заң шығарушы орган арасында қандай қарым-қатынастар болуы тиіс екені, азаматтық үкімет қызметімен бірге әскери жағдайды сақтауға жол беруге бола ма деген мәселелер осы күнге дейін түсініксіз күйінде қалып отыр.

Әлеуметтік салада тұтасынан моральдық, мәдени және басқа да қазыналар системасы ретінде құран мен исламға тұрақты жүгіну «шурократияның» ажырамас белгісіне айналды. Сайлау қарсаңында Зия-уль-Хақ сайлау алдындағы манифесті, не программаны жариялаған жоқ. Ол: «Ислам — біздің дініміз, біздің экономикамыз, біздің басқару системамыз» деп жай ғана мәлімдеді. Халықтың тым діндарлығы жағдайында ислам оның көмегімен бұқараның назарын әскери-полицейлік режим мен конституциялық-демократиялық системаны жақтаушылар арасындағы қарама-қайшылықтан басқа жаққа оңай аударуға болатын тақырып екенін генерал тез аңғарды.

Дін басыларынан өзінің таянышын көретін әскери режим кейде қайсыбір әдетғұрыпты, сектаны, салт-жораны және соған ұқсас бірдеңелерді мұсылман емес деп жариялай отырып, қайсыбір газетке тиым салып, олардың еркеліктері мен орынсыз тілектеріне жол береді. Шариғатты уағыздауда мұсылмандардың көпшілігінен кейбір айырмашылықтары бар біршама шағын — жарты миллион адамдық, бірақ ықпалды Ахмадия мұсылман сектасын құрынға ұшырату бұған жарқын мысал болады. Өкімет сектаның қарсыластары жағында. Тіпті оның «исламға қарсы қызметіне» тиым салушы президент указы шықты, бірақ оның астарында не жатқанынан ешкім ештеңе білмейді.

Зия-уль-Хақ неліктен исламды, шариғаттың принциптері мен заңдарын бірінші орынға қояды, ал оларға адалдықты тұтасынан партиялардың да, жекелеген адамдардың да парасаттылығының өлшемі ретінде ұсынады? Мұның жауабы онша күрделі де емес деп ойлау керек.

Егер генерал оппозицияға сәл нәрседен ығысса, онда оның демократияны қалпына келтіру жолындағы Қозғалыстың басты талабы — өкімет билігін азаматтарға нақты беру туралы мәселені қалай болғанда да шешуіне тура келеді. Жұртшылық күш-жігерін басқа арнаға, айталық, конституцияны және мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін «ислам заңына» сәйкестендіру туралы созылмалы (және мағынасыз) айтысқа бағыттап, одан уақытша болса да құтылуға болады. Осы тұрғыдан, мысалы, Ахмадия сектасы төңірегіндегі жанжал неғұрлым өткір болса, соғұрлым жақсы. Халықтың көпшілігі — сунниттер мен азшылықты құрайтын шииттер арасындағы белгілі қарама-қайшылықтар да нақ осылай пайдаланылады. Құранның қайсыбір қағидаларын түсіндіру бағытындағы діни айтыстар өрши берсін. Ең бастысы — өкімет, саясат туралы мәселені қозғамасын, шалғайда, ұлттық проблемалардың шеткі аймақтарында лаулай берсін.

Пакистандық бұрынғы әскери режимдер де дінді өз саясатының құралы ретінде белсенді пайдаланды. Алайда Зия-уль-Хақ бәрінен де асып түсті. Оның түсінігі бойынша — бұл алуан түрлі проблемаларды шешудің кілті. Парсы шығанағының бай мұсылман елдерінен, ең алдымен Сауд Аравиясынан қыруар қаржы алу және олармен бірлесіп қару-жарақ өндіру жөніндегі кәсіпорындар құру, ішінара айтқанда, осы саясатқа тәуелді.

«Исламдандыру» Пакистанның көрші мемлекеттермен қарым-қатынасына белсенді араласуда. Пакистандық дін басылар елде Индияға деген өшпенділік ахуалын жасауға әрдайым тырысып келді. Олар өз уағыздарында оны «мұсылман-

Тек факті

БІЛІМСІЗДІК

Американ колледждерінде бірінші курстықтардың 95 проценті картадан Вьетнамды қайдан іздеуді білмейді. Солтүстік Каролина университеті студенттерінің 71 проценті Сахара шөлінен оңтүстікке қарай орналасқан бірде-бір елді айта алмайды. Далласта студенттердің 20 проценті глобустан АҚШ-ты көрсет деген өтінішке Бразилияны көрсетеді.

Бертінде ұлттық география қоғамының президенті және «Нэшнл джиографик мэгэзин» журналының бас редакторы Гросвенор Детройтта (Мичиган штаты) сөйлеген сөзінде осы деректерді келтірді.

Digitized by Google

дардың жауы», «жын-шайтандар баспанасы» деп атайды. Әскери режим Пакистанның демократиялық жолмен дамуын жақтаушыларға қарсы күресте дін басыларының қолдауына әрдайым сүйенуге тырысты, демек Индияға қарсы көзқарасты тұтандыруда оларды қолпаштамай тұра алмайды. Оның немен аяқталғанын 1965 және 1971 жылдардағы соғыстардың мысалы көрсетті.

Бұған ұқсас жайлар бүгінде де болуда. Әскери әкімшіліктің әртүрлі дәрежедегі өкілдері Индияға қарсы желікке салынады. Пакистан жағының инициативасы бойынша шекарада атыстар да болып тұрады. Индияға пакистандық барлау агенттерін, экстремистер үшін қару-жарақ жібереді, Пакистан территориясындағы лагерьлерде сикх-сепаратистер диверсиялық-террорлық даярлықтан өтеді, Ауғанстанға қарсы жарияланбаған соғыс дәл осылай, «исламды қорғау» ұранымен пакистандық плацдармнан жүргізілуде. Үйретілген ауғандық контрреволюционер-душмандардың бандылары нақ осы жерден жіберіледі.

Әскери режимнің түбегейлі ұлттық мүдделерге қарама-қайшы келетін бағыты халықтың өрши түскен наразылығын тудыруда. Бұл жайында, ішінара айтқанда, таяуда Атток түрмесінде өтіп жатқан офицерлер тобына жүргізілген процесс дәлел болады. Оларға режимді құлатуға әрекет жасағаны үшін айып тағылды. Бірақ генерал Зия-уль-Хак өзі үшін ең басты қауіптің шарын топтардың қастандық әрекеттерінде ғана емес екенін біледі. Ол — халықтың үдей түскен ашу-ызасында.

П. ВАСИЛЬЕВ.

«ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ» — «АГИТАТОР КАЗАХСТАНА» ЖУРНАЛЫНА 1986 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналына 1986 жылға жазылуды ұмытпаңыздар.

Журнал қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Журналдың бір данасының бөлшек бағасы — 15 тиын, бір жылға жазылу құны 3 сом 60 тиын.

1986 жылғы 1 январьдан үйге жеткізіліп берілетін басқа газеттер мен журналдар сияқты біздің журналға 1985 жылғы 1 ноябрьге дейін жазылуға болады. Осы мерзімнен кейін журналға 1986 жылғы февральда және одан кейінгі айларға жазылу қабылданады.

Журналға «Союзпечать», байланыс бөлімшелері және кәсіпорындардағы, құрылыстағы, совхоздар мен колхоздардағы, мекемелер мен оқу орындарындағы баспасөзді қоғамдық негізде таратушылар арқылы жазылуға болады. Журналдың почта индексі — 75742.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-03, 33-80-07,

33-80-56, 33-80-73,

33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор. 11.08.85. Подп. к печати 23.08.85. УГ01399. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 66176 (казахское издание 33629 экз., русское издание — 32547 экз.). Заказ 125. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН




Целиноград. Галина Аманова мектепті бітіргеннен бері — міне алтыншы жыл М. Мәметова атындағы фабрикада жұмыс істейді. Ол аса еңбексүйгіштігімен, қоғамдық өмірге белсене қатысуымен ерекшеленеді. Озат жұмысшы биыл Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

А. С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтының коллективі өткен жылы жарты ғасырлық мерекесін атап өтті. Өткен жылдар ішінде еліміздегі көне оқу орындарының бірін халық ағартудың 24 мыңнан астам маманы бітірді. Институт мұғалім кадрларын даярлаудағы табыстары үшін «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды.

Қазіргі уақытта оның 7 факультетінде 5 мыңға жуық студент оқиды.



Суретте: доцент Ж. А. Өтешева студенттермен ағылшын тілінің практикалық фонетикасы жөнінен сабақ өткізуде.



Қарағанды. Горбачев атындағы шахта коллективі — «Қарағандауголь» өндірістік бірлестігіндегі озық коллективтердің бірі. Еңбек даңқы музейі еңбекшілерді оның тамаша дәстүрлеріне тәрбиелеуге қызмет етеді. Мұнда есімдері шахта мен Қарағанды көмір бассейнінің еңбек тарихына жазылған пәртия, соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған оннан астам экспозиция бар.

Суретте: шахтерлердің еңбек даңқы музейінде.



Республика облыстары орталықтарының бірі — Талдықорған қаласы жылдан жылға жақсарып, көркейіп келеді. Тұрғын үйлер, мектептер, кинотеатрлар, сауда және тұрмыстық қажетті өтеу кәсіпорындары салынуда.

Суретте: тұрмыстық қажетті өтеу үйі.



Көкшетау облысы. Бурабай қорығы — Қазақстандағы көне қорықтардың бірі. Мұнда киіктер, бұғылар, аюлар, түрлі құстар және жануарлар дүниесінің басқа да өкілдері мемлекеттік қорғауға алынған.

Суретте: Бурабай қорығында.

Суреттерді түсірген ҚазТАГ.

Digitized by Google

Алкоголизм — денсаулықтың, семьяның, қоғамның жауы

Бағасы 15 тиын.



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

ISSN 0132-6139



Казакстан УГІТШІСІ

18
1985

Digitized by Google



«Өнер» баспасы.

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

18 СЕНТЯБРЬ 1985

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1981 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі» № 18, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

1985 жылдың халықшаруашылық жоспары мен социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындау, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөніндегі республика партия ұйымының міндеттері туралы. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың 1985 жылғы 27 августе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында жасаған баяндамасы . . . 2

Мәдениет және спорт мекемелерінің жұмысы жаңа міндеттер дәрежесінде болсын 11

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

В. Коршунов. Октябрьдің жарқын жолымен (7 ноябрь — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 68 жылдығына) 12

С. Сухарев. Комсомол үлесін еселей түсейік (29 октябрь — комсомолдың туған күніне) 15

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Идеология активі оқуда:

Г. Белоносова. Таңдаулы тәжірибе негізінде . . 18

А. Божанова. Өмірмен тығыз байланысты . . . 20

Идеология жұмысының хроникасы 20

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Н. Шульц. Орақтың алдыңғы шебінде 22

Н. Құлғарин. Танап пен ферма өнімділігін арттырайық (13 — ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне) 24

И. Даник. Халық дастарханына (20 октябрь — тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне) 25

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғ. Есамбетов. Жоғары тиімділік жолында . . . 28

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

Л. Невзорова. Көңілді өтті 30

1985 жылғы октябрь-декабрь айларына арналған лекциялардың, әңгімелердің және саяси хабарлардың үлгі тақырыбы 31

Октябрь айындағы атаулы күндер 32

Digitized by Google

1985 ЖЫЛДЫҢ ХАЛЫҚШАРУАШЫЛЫҚ ЖОСПАРЫ МЕН СОЦИАЛИСТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОЙДАҒЫДАЙ ОРЫНДАУ, КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКА ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВ жолдастың
1985 жылғы 27 августе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында жасаған баяндамасы

Жолдастар! Елімізде барлық жерде партия мен халықтың өміріндегі тарихи маңызды оқиға — КПСС XXVII съезіне белсенді әзірлік өрістеді. Барлық совет адамдары сияқты, Қазақстан еңбекшілері лениндік партиямыздың мәртебелі форумын ерекше жоғары еңбек және саяси өрлеу жағдайында қарсы алуға, Отанымызды коммунистік құрылыстың барлық салаларында жаңа табыстармен қуантуға әзірленуде.

Съезге дейін небәрі жарты жыл уақыт қалды. Осынау айтулы оқиғаға жақсы көрсеткіштермен жету үшін бұқара арасындағы бүкіл ұйымдастырушылық және саяси жұмысты одан әрі күшейту, әрбір коммунисті, әрбір еңбеккерді, барлық еңбек коллективтерін бесжылдықтың қорытындылаушы жылының жоспарлары мен социалистік міндеттемелерін мүлтіксіз орындауға жұмылдыру талап етіледі.

Міне сондықтан да біздің бүкіл жұмысымызды терең талдап, орын алған осал тұстарды, кемшіліктер мен олқылықтарды анықтап, оларды жоюдың нақты жолдарын белгілеу мейлінше маңызды.

Сондықтан, деді Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы осы пленумда КПСС XXVII съезіне және Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлікке байланысты мәселелердің бүкіл комплексін қарап, халық шаруашылығының түптүгел барлық салалары бойынша үстіміздегі жылдың мемлекеттік жоспарлары мен тапсырмаларының орындалуына кепілдік беретін шаралар әзірлеу қажет деп тапты. Өйткені, КПСС Орталық Комитетінде 23 августа болған кеңесте бүкіл партияның назары тағы да осыған аударылды.

Үстіміздегі жылдың халықшаруашылық жоспарлары мен социалистік міндеттемелерді орындау алдағы бесжылдықтың жаңа міндеттерін шешу үшін бастапқы база болып табылады. Осыған байланысты, деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас, ауыл шаруашылық жылын ойдағыдай аяқтау, егін жинауды үлгілі өткізу, астық дайындау жөнінде қабылданған социалистік міндеттемелерді орындау мәселелері біздің жұмысымызда алдыңғы шепке шығып отыр.

Бізде, қымбатты жолдастар, қазір бұдан асқан басты да құрметті міндет жоқ. Оны үлгілі орындау Орталық Коми-

---

Баяндама қысқартылған стенограмма бойынша жарияланып отыр.

Digitized by Google

теттің 1985 жылғы апрель Пленумының талаптарына, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың нұсқауларына, еліміздің Азықтүлік программасын орындауға Қазақстанның қосар үлесін еселей түсу міндеттеріне сай келеді.

Өткен жылдардағыдай, делінді одан әрі баяндамада, биыл да ауа райы біз үшін қолайсыз болды. Алайда егіншілер оған қарсы тұра білді, көктемгі тұқым себуді ең қолайлы мерзімде жоғары сапалы өткізді, көлемді алқапта бітік егін өсірді.

Қазақстан диқандары осы бағытты ұстап, оған табандылықпен әзірленді. Біздің миллиондаған еңбеккерлеріміз партия мен үкіметтің тұрақты көмегіне сүйене отырып, осынау ұлы іске өздерінің бүкіл күш-жігерін, шеберлігі мен біліктілігін, өздерінің тәжірибесі мен білімін, тіпті, былайша айтқанда, өздерінің жан-тәнін, жомарт жүрегін салды.

Дәнді дақылдар бізде 25 миллион гектар жерді алып жатыр, мұның 4,6 миллион гектары тұңғыш рет интенсивті технология бойынша өсірілуде.

Оңтүстік облыстар масақты дақылдар жинауды ұйымшылдықпен, қысқа мерзімде ысырапсыз аяқтады. Сонымен бірге Алматы, Жамбыл және Шымкент облыстары мемлекетке астық сату жоспарын орындау жолында күресуде. Ал мұның өзі — жақсы шептер.

Орақ науқаны бітік егін пісіп келе жатқан солтүстікке қарай ойысуда. Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Целиноград және Қарағанды облыстарындағы жемісті ұйымдастырушылық және саяси жұмыс, өскелең тың агротехникасы, егіншілердің қажырлы еңбегі өзінің игі нәтижелерін берді. Сөйтіп, қазір аталған облыстардың шаруашылықтарында қабылданған социалистік міндеттемелерді едәуір артығымен орындауға нақты мүмкіндік бар.

Республиканың астық балансына Орал, Талдықорған, Семей және Ақтөбе облыстары өз үлестерін қосуға тиіс. Олардағы бірқатар шаруашылықтарда егін біршама нашар өсірілді және де бұл тек қуаңшылықтың ғана зардабы емес, сонымен қатар бірқатар шаруашылықтарда егіншілік мәдениетінің төмендігінен болып отыр. Бұған болашақта барынша елеулі назар аудару керек.

Республиканың міндеттемелерін орындауға Қызылорда, Шымкент, Алматы және Талдықорған облыстарының күрішшілері зор үлес қосуға тиіс. Өскелең агротехника биыл кемінде 30 миллион пұт күріш сату жолында, жоспарлы тапсырмаларды едәуір асыра орындау жолында күресу үшін қажетті жағдайлар жасап отыр.

Талдықорған, Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарының жүгері өсірушілері зор жұмыс атқарды. Жүгері алқаптарында бітік егін пісіп келеді. Бұл адамдардың жоғары шеберлігінің, олардың жанқиярлық еңбегінің айғағы. Бұл облыстарда кем дегенде 25 миллион пұт жүгері дәнін дайындау міндетін қою үшін бізде барлық негіз бар.

Жарма және бұршақ-дәнді дақылдар өсіретін облыстарда бұл өнімдердің перспективалары жаман емес.

Сөйтіп, жолдастар, соңғы үш жыл ішінде алғаш рет астық дайындау жөніндегі жоғары социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындаудың, еліміздің азық-түлік ресурсына елеулі үлес қосудың нақты перспективасы жасалып отыр.

Сондықтан, деді Д. А. Қонаев жолдас, республика коммунистерінің бүкіл саяси және ұйымдастырушылық қызметіне, алдымызға партиямыздың Орталық Комитеті, КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы қойып отырған міндеттердің нақты жүзеге асырылуын олардың қамтамасыз ету қабілетіне берілетін жалпы баға біздің осы жауапты сынnан қалай өтетіндігімізге байланысты болмақ.

КПСС Орталық Комитетінің талаптарын басшылыққа ала отырып, Отанды Қазақстанның мол жаңа астығымен қуанту үшін біздің әрқайсымыз мүмкін нәрсенің бәрін жасауға тиіспіз. Еліміз үшін, бүкіл социалистік достық одақ елдері үшін Қазақстанның мол астығы дегеннің не екенін, меніңше, айтып жатудың қажеті бола қоймас.

Енді, жолдастар, барлығы да біздің егін жинау мен дайындау жұмыстарының бүкіл комплексін қалай ұйымшылдықпен өткізе алатындығымызға, өсірілген егіннің бәрін қысқа мерзімде қалай ысырапсыз жинап алатындығымызға байланысты. Бұл үшін республика шаруашылықтарында қажет нәрсенің бәрі — сенімді техника да, жақсы даярланған, іс жүзінде сыналған кадрлар да, тыңның жемісті тәжірибесі де бар.

КПСС Орталық Комитеті астықты ойдағыдай жинап алу үшін бізге айтарлықтай көмек көрсетті. Материалдық-техникалық ресурстар мен еңбек ресурстарын дұрыс пайдалану алға нақты міндет — бүкіл егін жинау конвейерін дәл ұйымдастырып, егін орағы мен астық бастыруды 20—25 сентябрьде аяқтау және сентябрьдің аяғына дейін астық дайындауды толық бітіру міндетін қоюға мүмкіндік береді.

Бұл орайда мынаны ескеру керек: гидрометеорологиялық қызметтің деректеріне қарағанда, республиканың солтүстігінде сентябрьдің үшінші онкүндігінде жаңбыр жауып, оның арты қарға ұласпақ. Мұндай жағдайда ауа райының қолайлы әрбір сағатын тиімді пайдалану, жоғары қарқын мен үздік сапаны қамтамасыз ете отырып, орақ пен астық бастыруды күні-түні жүргізу, уақытты зая кетірмеу, барынша ұйымшылдық көрсетіп, барынша мол қайтарым алу қажет.

Қарқын мен сапа — бүгінгі күннің ұраны міне осы! Жер-жердің бәрінде егін орағының стратегиясы мен тактика-

Digitized by Google

сын айқындап, жұмыстың ғылыми негізделген мінсіз графиктерін жасау және оны мүлтіксіз орындап отыру қажет. Әрбір танап бойынша егін жинаудың нақты әдістерін дұрыс анықтап, егін ору мен астық бастырудың арасында алшақтыққа жол бермей, техниканы шеберлікпен икемді пайдаланған жөн.

Барлық жерде өнімнің ысырабына қарсы қатаң, мен айтар едім, аяусыз күрес жариялануға тиіс. Біздің орасан зор көлемді егіншайымызда тіпті болмашы ысыраптың өзі жинала келе қомақты цифрға айналып кететіні баршаға айқын болса керек. Бұл ретте ысырапқа қарсы күрес — комбайндардың, автомашиналардың барлық саңылауын бітеу, жолдарды жақсылап тегістеу ғана емес екенін ескеру қажет. Бұл, бәрінен бұрын, адамдар арасында жұмыс жүргізу, барлық басшылар мен мамандарды осыған жұмылдыру, астықтың ысырап болуының, бүлінуінің бірде-бір оқиғасына жол бермеу.

Жоғары сапалы астық тапсыру — зор міндет. Бұл үшін қырмандардың тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жер-жердің бәрінде астықты алдын-ала бағалау мен тазартуды жолға қою керек. Астық үшін шайқасқанда біз әрбір облыс бойынша күшті және қатты бидай сорттарын мүмкіндігінше көп дайындауға тиіспіз.

Шаруашылықтардың, аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің, дайындау және транспорт ұйымдарының басшылары астық тасымалын жеделдету үшін қажет нәрсенің бәрін істеп, тұқым және жем қорын дер кезінде құйып алуға мықтап қамқорлық жасағандары жөн.

Егін орағының технологиясын, транспорт-егін жинау отрядтары мен звеноларының, әрбір комбайн мен автомобильдің сағаттық жұмыс графиктерін қатаң сақтап, комбитрейлерлік және порциялық әдістерді, трактор арбалары мен автопоездарды кеңінен пайдалану қажет.

Бір сөзбен айтқанда, танап-қырман-элеватор конвейері толық көлемінде тоқтаусыз және мінсіз істеуге тиіс.

Осыған орай, деп атап көрсетілді баяндамада, Ауыл шаруашылығы, Дайындау, Автомобиль транспорты министрліктерінің, Ауыл шаруашылығын техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеттің басшылары мен мамандарына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Олар өздерінің праволары мен міндеттері дәрежесінде болуға тиіс.

Халық нақылында айтылатынындай, астық — бар байлықтың басы, сондықтан оны жинау мен дайындауда дәлмедәл есеппен, жедел де білгір қимылдау қажет. Бұқара арасында кеңінен ойластырыла жүргізілетін ұйымдастырушылық және саяси жұмыс партия комитеттерінің, жергілікті Советтер атқару комитеттерінің, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының шұғыл міндетіне айналуға тиіс. Оның орталығын тікелей танапқа, қырманға, астық қабылдау пунктіне — егіннің тағдыры шешіліп жатқан жерге қарай көшіру керек.

Күштерді дұрыс орналастырып, шешуші учаскелерге коммунистер мен комсомолецтерді жіберу, барлық бөлімшелерді партиялық ықпалмен қамтып, жұмыстың бүкіл комплексін үлгілі жүргізу, ең бірінші парызды — мемлекетке астық тапсыруды жеделдете орындау жолында пәрменді жарыс өрістету керек.

Отанымыз Қазақстаннан мол астық күтіп отырғанын біз ұмытпауымыз керек. Ал оны беру — біздің борышымыз. Қазақстан еліміздің аса ірі астықты өңірі екенін тағы да қуаттап беруге тиіс. Бұл, қымбатты жолдастар, біздің партия мен халық алдындағы қасиетті міндетіміз. Біз мұны абыроймен орындауға, бұдан бұрын талай рет ең биік шептерге жеткен кезде қандай қажырлылық, табандылық және шеберлік көрсетсек, бұл жолы да дәл солай етуге тиіспіз.

Баяндамашы бұдан кейін техникалық және басқа дақылдар өндіру мәселелеріне тоқталды. Талдықорған, Жамбыл және Алматы облыстарының шаруашылықтарына қант қызылшасын сату жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін зор жауапкершілік жүктеледі. Олар осы саланы олқылықтан өздері алып шығу үшін екі миллион 126 мың тонна қант қызылшасын дайындауға міндеттенді.

Шымкент облысының мақташылары үстіміздегі жылдың міндеттемелерін орындап қана қоймай, шитті мақта дайындау жөніндегі қарызды артығымен өтеуге тиіс. Ондай мүмкіндік биыл бар, сондықтан оны өткізіп алмау керек.

Шығыс Қазақстан, Семей және Павлодар облыстарының шаруашылықтары күнбағыстың майлы тұқымын өндіріп, дайындау жоспарларын орындау жөнінде нәтижелі шаралар қолданғаны жөн.

Халықты картоппен және овощпен жабдықтауды шұғыл жақсарту қажет. Көктемгі аяз овощ плантацияларына елеулі нұқсан келтіргені мәлім. Әйтсе де, қолданылған шаралардың арқасында тәп-тәуір өнім өсірілді.

Ендігі басты міндет — өнім жинауды жақсылап ұйымдастыру, оның тасымалдау мен сақтау кезіндегі ысырабын жою, сауданы жақсылап жолға қою. Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің өз базаларында тәртіп орнататын, картоп пен овощты қысқа сақтауға дер кезінде әзірлейтін, олардың бұзылуына жол бермейтін мезгілі жетті. Жалпы алғанда бұл жүйедегі кадрлардың жауапкершілігін мықтап арттыру керек. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы үлкен жұмыс жүргізуге тиіс.

Барлық қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында жоғары сапалы картоп пен овощтың үзіліссіз сатылуын қамтамасыз ету — біздің ортақ парызымыз. Биыл халықтың картоп жөніндегі қажетін

Digitized by Google

республика шаруашылықтарының өз өндірісі есебінен толық қанағаттандырудың нақты мүмкіндігі туып отыр. Бұл мүмкіндікті барлық жерде жүзеге асыру керек.

Ауыл шаруашылық істері туралы әңгімені одан әрі жалғастырғанда, келесі жылдың егініне әзірліктің маңызын қайта-қайта атап көрсеткен жөн. Тұқым туралы жоғарыда айтылды. Сүдігерді дер кезінде және шапшаң көтеру керек. Егін жинау аяқталған жерлерде бұл жұмыстың қарқыны әлі де төмен екені, топырақты қайырмасыз құралмен өңдеу технологиясының елеулі түрде бұзылатыны жасалған талдаудан көрініп отыр. Кей жерлерде күздік дақылдар себудің қолайлы мерзімдері өтіп кетуде. Бұл жағдайды дереу түзету қажет.

Келесі жылы республикада дәнді дақылдарды интенсивті технология бойынша өсіретін егістік көлемі едәуір ұлғайтылатын болады. Бұл іске күні бұрын мұқият әзірленіп, қажетті жұмыстардың бүкіл комплексін толық, жоғары сапалы өткізу керек. Жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында егіннен бітік өнім алу үшін бүгіннен бастап берік негіз қалау керек.

Қазіргі кезде партия, совет, ауыл шаруашылық органдары КПСС Орталық Комитетінің «Орынбор облыстық партия комитетінің астық өндіру жөніндегі жоспарлар мен социалистік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық жұмысы туралы» қаулысын басшылыққа алуға тиіс. Бұл қаулыдағы нұсқаулардың, деді Д. А. Қонаев жолдас, біздің бүкіл жұмысымызға, біздің барлық облыстарымызға түп-түгел тікелей қатысы бар.

Жолдастар! КПСС Орталық Комитетінің халықты етпен және сүтпен жабдықтауды жақсарту туралы белгілі талаптарына сәйкес мал шаруашылығы саласында зор жұмыс көлемі атқарылуға тиіс.

Өткен жеті айдың ішінде сүт пен жұмыртқа, басқа да кейбір өнім дайындау көлемі тәп-тәуір ұлғайды. Сауын малдың өнімділігі біршама өсті, ірі қараның тәуліктік орташа салмақ қосуы артты.

Мал қыстатудың күрделі жағдайларына қарамастан, Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау және Қостанай облыстарының, 15 ауданның шаруашылықтары, 58 озық совхоз бен колхоз коллективтері ірі көрсеткіштерге жетті, қабылдаған жоғары социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындады, қоғамдық мал шаруашылығының тиімділігін едәуір арттырды.

КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің қаулысы бойынша олар 1984—1985 жылғы қысқы маусымда мал өнімдерін өндіру мен сатуды ұлғайту жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпаздары деп танылды.

Бұл — жақсы. Бірақ жалпы алғанда саланың өсу қарқыны төмен күйінде қалып отыр. Бұл қарқын бізді қанағаттандыра алмайды. Семей облысының шаруашылықтары ет пен сүт берудің, Шығыс Қазақстан, Торғай және Талдықорған облыстары ет дайындаудың, Орал облысы сүт дайындаудың жарты жылдық жоспарларын орындаған жоқ.

Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында бұзау мен қозы өткен жылғы дәрежеден кем алынды. Алматы, Гурьев және Маңғышлақ облыстарының мал фермаларында өлім-жітім көбейіп кетті.

Айталық, Талдықорған облысында ірі қара малдың тәуліктік орташа салмақ қосуы небәрі 216-ақ грамм болып, өткен жылғыдан үштің біріндей төмендеп кетуі, ал Жезқазған облысында — 220 грамм болуы қалыпты жағдай ма? Талдықорған облысында бордақылаудағы шошқалар жүз грамм салмақ қосады. Павлодар облысында бордақылаудағы қойлар 20—30 грамм салмақ қосады.

Жоспар тәртібін өрескел бұзу оқиғалары кездеседі. Семей облысының Аягөз ауданында мемлекетке өткізілген ет «ішкі шаруашылық қажеттер» дейтінге жұмсалған еттен кем соққан. Мұндай фактілерді басқа да облыстардың, көптеген аудандардың өмірінен келтіруге болады, Советтердің атқару комитеттерінің, әкімшілік органдарының, халық бақылаушыларының, бүкіл село активінің бұл жерде қатаң тәртіп орнататын мезгілі жетті.

Республиканың көптеген шаруашылықтарында табынды өз төлі есебінен өсіруді ұйымдастыру, оның өнімділігін арттыру бүгінгі күннің талабына сай емес, зоотехникалық-малдәрігерлік шаралардың жоспары орындалмайды. Жекелеген аудандар, тіпті облыстар сапалық көрсеткіштер жөнінде бұрынғы қол жеткен позициялардан айрылып қалуда. Үстіміздегі жылы Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Целиноград облыстарының шаруашылықтары ірі қара малдың етке өткізілгендегі орташа салмағын 30—50 килограмм кемітіп жіберді.

Бұдан жедел де нәтижелі қорытынды жасау керек. Мал санын қалпына келтіру, ет, сүт, жұмыртқа және жүн дайындау жөніндегі жылдық міндеттемелерді сөзсіз орындау үшін оның өнімділігін арттыру жөнінде шұғыл шаралар қолданған жөн.

Малды жайып семірту және бордақылау үшін қолайлы мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану, мал санын, әсіресе төлдейтін мал санын көбейтуге қол жеткізу қажет. Қой шаруашылығының, шошқа шаруашылығының және құс шаруашылығының резервтерін неғұрлым толық пайдалану, халықтың меншікті қосалқы шаруашылықтарынан басы артық мал өнімін сатып алуды күшейту қажет. Партия, совет және шаруашылық органдарының назары бұған талай рет аударылды. Бірақ барлық жерде бірдей қорытынды жасала қойған жоқ. Үлкен

Digitized by Google

резервтер, былайша айтқанда, көзден таса қалып жатыр.

Мал қыстатуға әзірлік жөніндегі жұмысты кейінге қалдыруға болмайды. Баршаға айдан анық болуға тиісті жәйт мынау: мал шаруашылық өнімін өндіру мен дайындау жөніндегі жоспарлар мен міндеттемелердің тағдыры нақ осы жауапты науқанға мұқият әзірленуге, оны ойдағыдай өткізуге байланысты.

Жемшөп дайындау жайында айрықша айту керек. Нақ осы себептен де біз мал шаруашылығында жыл сайын үлкен қиындықтарға душар болып жүрміз, КПСС Орталық Комитеті бұған біздің назарымызды қайта-қайта аударып отыр. Бұдан дер кезінде қорытынды шығарып, берік, сенімді жемшөп қорын жасау жолында неғұрлым белсенді жұмыс істеу керек. Үстіміздегі жылы республикада жемшөп дайындау қарқыны өткен жылғыдан жоғары. Алайда Семей және Талдықорған облыстарында жемшөп қорын жасау қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұларда, көріп отырғанымыздай, Орталық Комитеттің бюросында осы мәселе жөнінде айтылған сыннан тиісті қорытынды жасалмаған. Ақтөбе, Жезқазған және Гурьев облыстарының шаруашылықтары едәуір артта қалуда. Алматы, Қарағанды және Торғай облыстарында жұмыс қолда бар мүмкіндіктерден төмен деңгейде істелуде.

Жемшөп дайындауды бір сәтте тақ кідіртуге болмайды. Суармалы жерлердің берерін ешбір шашау шығармай, ойлы-қырлы жерлердің шөбін түгел шауып алу, біржылдық шөптерді толық жинау, жай және балауса жемшөп қорын жасау жоспарларын сөзсіз орындау үшін барлық шараларды қолдану керек.

Сүрлемдік дақылдардың биылғы шығымы жақсы. Оларды дер кезінде жинап алу, көкбалаусаны ұраға салу, олардың бұзылуына жол бермеу маңызды. Бұл орайда жоғары сапалы сүрлем әзірлеудің прогресті технологиясын енгізу жөніндегі ғалымдардың ұсыныстарымен батыл қарулану, химиялық консерванттар мен бактериялық ашытқыларды кеңінен қолдану керек.

Республикада суару мүмкіндіктері тым нашар пайдаланылып отыр. Бізде бір миллион гектарға жуық суармалы жерде жемдік дақылдар өсіріледі. Алайда, әсіресе, Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарының шаруашылықтарында тиісті қайтарым жоқ.

Міндет, жолдастар, барынша айқын: біздің шартты түрдегі бір малға есептегенде жай және балауса жемшөптің кемінде 18 центнер жемдік өлшемі болуға тиіс. Бұл — КПСС Орталық Комитетінің нұсқауы. Тек осылай еткенде ғана біз мал қыстатудың қалыпты барысына кепілдік бере аламыз, мал өнімдерін өндіру мен дайындауды ұлғайта аламыз.

Ауыл шаруашылығы, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктері, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі, облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері он екінші бесжылдыққа арнап жемшөп өндірудің перспективалық жоспарларын жасауы, онда жемшөп белогын арттыру проблемасының шешілуіне ерекше назар аударуы керек.

Бұл мәселеде бағыт нақты да айқын болуға тиіс. Бұл — тек ізгі тілек қана емес, объективті қажеттілік екендігін түсінген жөн.

Біздің аграрлық-өнеркәсіптік комплексіміздің барлық салаларының дамуы, делінді одан әрі баяндамада, бүгінде партия мен халықтың ерік-жігерімен жасалған берік экономикалық іргетасқа негізделген. Ендігі әңгіме жинақталған потенциалды тиімді пайдалану, селода ғылыми-техникалық прогресті одан әрі жеделдету туралы болуға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерін, Михаил Сергеевич Горбачев жолдастың нұсқауларын басшылыққа ала отырып, коллективтік мердігерлікті белсенді түрде енгізу, ауыл шаруашылық өндірісінің рентабельділігін арттыру, еңбек өнімділігінің өсімін жеделдету жолында күресу қажет. Барлық жерде ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту, артта қалған шаруашылықтарды озаттар қатарына тарту, үнем мен ұқыптылық тәртібін қатайту мейлінше маңызды.

Мұның бәрі біздің қолымыздан келеді. Және мұнда кадрлар, олардың білгірлік және жауапкершілік дәрежесі ерекше роль атқарады. Соңғы жылдар ішінде селоға экономикалық тұрғыдан сауатты ойлайтын, қазіргі талаптарға сәйкес ауқымды істерді атқара алатын даярлығы бар көптеген жас мамандар келді. Бірақ қайсыбір жерлерде жекелеген басшыларды іріктеп алып, жоғарылатуда әлі де болса принципсіздік, келеңсіздік байқалады.

Кадрлар арасындағы жұмыстың кемшіліктері елеулі олқылықтар мен жолсыздықтарға апарып соқтыратыны белгілі. Міне, сондықтан да Орталық Комитет партия комитеттерінен, бастауыш партия ұйымдарынан партиялық және мемлекеттік тәртіптің бұлжытпай сақталуы үшін, барлық жерде реттілік пен ұйымшылдықтың нығайтылуы үшін басшылар мен мамандардың жауапкершілігін тынымсыз арттыра беруді талап етуге тиіс.

Республика аграрлық - өнеркәсіптік комплексінің құрамына кіретін тамақ, ет және сүт өнеркәсібінде зор жұмыс жүргізу міндеті тұр. Олар Азық-түлік программасын орындауға өздерінің қосар үлестерін ұдайы арттыра беруге тиіс.

Бізде тамақ өнімдерінің түр-түрін көбірек шығару үшін қажет нәрсенің бәрі бар. Республика Тамақ өнеркәсібі министрлігінің, осы саладағы мамандар мен қызметкерлердің борышы — жоғары сапалы нан-тоқаш, макарон және кондитер тағамдарын, өсімдік майын, тамақ концентраттарын, алкогольсіз су-

Digitized by Google

сындар шығаруды ұдайы арттырып отыру.

Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі партияның соңғы шешімдеріне сәйкес әртүрлі шырындар, компоттар, жеміс-овощ консервілерін, әртүрлі тосап пен джем шығаруды едәуір арттыру қажет.

Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі жүйесінде зор жұмыс көлемін атқару міндеті тұр. Әңгіме ет комбинаттары мен тоңазытқыш қуаттарды мал етін жаппай ұқсатуға мүқият әзірлеу, қалдықсыз технологияларды енгізу, қолда бар ет және сүт ресурстарының пайдаланылуын жақсарту, коректік және биологиялық жағынан құндылығы жоғары жаңа өнім шығаруды игеру туралы болып отыр.

Аграрлық - өнеркәсіптік комплекс салалары алдында тұрған міндеттер, негізінен, осындай. Олар — сан тармақты жауапты міндеттер. Оларды орындау үшін бүкіл республика партия ұйымының, селоның барлық коммунистері мен еңбеккерлерінің ерік-жігерін, күш-қайратын барынша шоғырландыру талап етіледі.

Біз, жолдастар, егер барлық жерде халықтың творчестволық инициативасына сүйеніп, партия талап етіп отырғандай, сөз бен іс бірлігінің мызғымас принципін қатаң сақтай отырып, білгірлікпен жұмыс істейтін болсақ, оларды ойдағыдай орындап шығатынымыз сөзсіз.

Одан әрі баяндамашы экономиканың басқа салаларының қызметкерлері алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Республиканың көп салалы өнеркәсібі өрлеу үстінде. Өнеркәсіп өндірісі жөніндегі жеті айдың жоспары асыра орындалды. Көлемнің өсуі жоспардағы 2,9 процентті орнына 3,9 процент болды. Көмір, мұнай мен газ, сары фосфор, минералдық тыңайтқыштар өндіруде, сеялкалар, культиваторлар, халық тұтынатын товарлар шығаруда сүбелі өсім алынды.

Алайда, деп атап көрсетті Д .А. Қонаев жолдас, қол жеткен табыстар бізді қанағаттандыра алмайды. Оның себебі мынада: кейбір кәсіпорындар, тіпті тұтас бір салалар артта қалушылықты жойған жоқ, жұмысты өз мүмкіндіктерінен төмен істейді.

Кокс, қара металдар прокатын, таза мыс, автомобильдер мен ауыл шаруашылық техникасына арналған шиналар, цемент, құрылыс материалдарын өндіру және әзірлеп беру жөніндегі шарттық міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілмей келеді. Мұның өзі республиканың, жалпы еліміздің халық шаруашылығының басқа салаларының дамуына едәуір кері әсерін тигізуде.

Барлық көрсеткіштер бойынша жоспарды орындау үшін жыл аяғына дейін 12 миллиард сомның, яғни ай сайын екі миллиард 400 миллион сомның, ал декабрьде 2,5 миллиардтан астам сомның өнімін шығару керек. Мұндай көлемдер бізде бұған дейін болған емес, олар келер жылдың тапсырмаларына сәйкес келеді. Дегенмен оларды орындауға болатындығы күмән туғызбайды. Оларды орындауға болады және орындалуға тиіс те.

Алайда, өкінішке қарай, күні бүгінге дейін Алматы, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Орал және Шымкент облыстарының өнеркәсібі жұмысты нашар істеп келеді. Оларда артта қалған кәсіпорындардың саны азайған жоқ, шығарылатын бұйым сапасы ала-құла.

Қарағанды облысында Қарағанды металлургия комбинатының басшылары жағдайды түзетеміз деп талай рет сендіргеніне қарамастан, бұрынғысынша, істің жайы, қанағаттанғысыз болып отыр. «Карбид», «Қарағандацемент» бірлестіктері, техникалық резина бұйымдары заводы артта қалуда.

Қалыптасқан жағдай сондай-ақ Жезқазған, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттері тарапынан өнеркәсіпке партиялық басшылықты жақсартуды, Энергетика, Түсті металлургия, Жеңіл өнеркәсіп, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрліктерінің нақты іс-қимылын талап етеді.

Мәселенің басы, жолдастар, барынша ашық: жоспар сөзсіз орындалуға, ал мүмкін болған жерлерде асыра орындалуға тиіс. Біздің ортақ зор міндетіміз — шаруашылықты жақсырақ жүргізу, кешегіден бүгін нәтижелірек еңбек ету.

Осыған байланысты ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері аса шұғыл қойылып отыр. Бұл жайында осыдан бір ай бұрын республикалық партия-шаруашылық активінің жиналысында егжей-тегжейлі айтылған. Әрбір кәсіпорында жаңа техника мен технологияның игерілуін, ғылым жетістіктері мен озық тәжірибенің табанды түрде енгізілуін қамтамасыз ету үшін уақыт уттырмай қажет нәрсенің бәрін жасау керек.

Жұмыс істеп тұрған және іске қосылатын барлық қуаттар дер кезінде игеріліп, толық қуатында жұмыс істеуі үшін батыл күш-жігер жұмсау керек. Өкінішке қарай, Қаратау бірлестігінің, Ертіс полиметалл және Зырян қорғасын комбинаттарының, Мамлют машина жасау заводының және «Алматы «Электробытприбор» заводының, «Актюбхимпласт» бірлестігінің, «Б» тобындағы көптеген кәсіпорындардың басшылары мұны әлі де түсінгісі келмейді. Осының салдарынан біз ондаған миллион сомның өнімдерін кем алып келеміз.

Технологиялық тәртіп кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуінің негізі екені жақсы мәлім. Бұл тәртіптің сақталмауы ақауларға, көп шығындарға, материалдық және еңбек ресурстарының артық жұмсалуына әкеліп соқтырады. Мұның мысалын алыстан іздеп жатудың қажеті жоқ. «Чимкентшина» бірлестігінің жұмыс сапасы төмен, онда бірқалыпты ырғақ жоқ, жоспарлар орындалмайды, осының салдарынан он-

Digitized by Google

даған мың машиналар «тобан аяқ» қалып отыр. Шинашылардың ысырапқорлығы мемлекетке қымбатқа түсуде.

«Джамбулкожобувь», «Жетісу», 1 Май атындағы бірлестіктер бұйымының оннан бірі жарамсыз күйінде шығарылады. Қарғалы шұға комбинаты мен Қостанай мәуіті-шұға комбинатында 50 миллиондай сомның өтімсіз матасы жинақталып қалған. Алайда мұндай былық үшін іс жүзінде ешкім — басшылар да, мамандар да, ақаулы өнім шығарушылардың өздері де дербес жауапқа тартылмай келеді.

Тәртіп бұзушыларға, жалқауларға, қыдырымпаздарға, маскүнемдерге, өз коллективінің намысын қадірлемейтіндердің бірде-біріне кешірім етуге болмайды. Олардың төңірегінде ымырасыздық пен жоғары талапшылық жағдайын туғызу біздің ортақ мүддеміз.

Қазіргі жағдайда үнем мен ұқыптылық жолындағы күрес айрықша маңызды. Партия көрсетіп отырғанындай, үнем тәртібі — халық байлығына бастайтын ең дұрыс, ең сенімді жол екенін әркімнің-ақ санасына жеткізу қажет.

Материал және еңбек ресурстарын үнемдеуге, ұтымды және аса тиімді пайдалануға үйрену — баршаның және әрбір адамның кезек күттірмес міндеті. Мәселе өткір қойылып отыр: бүгінде республиканың әрбір бесінші кәсіпорны үнем жөніндегі міндеттемелерді былай қойғанда белгіленген тапсырмалардың өзін орындай алмай келеді.

Міне сондықтан да ұйымдастырушылық жұмысты кеңірек өрістетіп, материал және еңбек ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылауды күшейткен жөн. Иесіздік оқиғаларының бірде-біріне қатаң партиялық баға берілмей қалмауға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда жаңа бесжылдық жоспарларын ғылыми-техникалық прогресс негізінде мерзімінен бұрын орындау жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Талдықорған қорғасын аккумулятор заводының, Ермак ферросплав заводының, Алматы мақта-мата комбинатының, Тың темір жолының және басқа кәсіпорындардың озық коллективтері жақсы өнеге көрсетіп отыр. Бұл инициатива мейлінше іскерлікпен жер-жердің бәрінде қолдауға лайық.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің міндеті — социалистік міндеттемелердің орындалу барысын жер-жердің бәрінде тексеріп шығу. Онда өнеркәсіп өндірісінің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын аяқтау көзделгені мәлім. Бұл міндеттеме орындалуға тиіс.

Тағы бір мәселе. Бүгін таңда, жылдың қорытындылаушы кезеңінде, өткен жылғы ноябрь-декабрьде орын алғаны сияқты зәредей де іркіліске жол беруге болмайды. Әрбір кәсіпорын мен шаруашылықта, әрбір ұйымда қысқа өзірлікті мықтап өрістету қажет.

Көріп отырсыздар, жолдастар, уақыт көп қалған жоқ, ал атқарылар іс өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да — аз емес. Міне, сондықтан да ырғалып - жырғалушылық, жайбасарлық, тоқмейілсушілік, жайбарақаттық пен бейқамдық көріністерінің қандайына болса да дереу түп-тамырымен тыйым салынуы керек.

Соңғы уақытта транспорттың барлық түрлері неғұрлым ойдағыдай дамып келеді. Теміржолшылар қыста жол берген артта қалушылықтың есесін қайтарып, жеті айдың жоспарын ойдағыдай аяқтады. Алдағы жұмыстың негізі қалануда. Жоспардан тыс бір миллион тоннадан астам көмір, 500 мың тоннадан астам металлургиялық руда шикізаты, 600 мың тоннаға жуық сұйық мұнай тасымалданды.

Автомобильшілер, авиаторлар, өзен флоты мен байланыс кәсіпорындары жоспарлы тапсырмаларды орындауда.

Сонымен бірге, өмір көрсетіп отырғанындай, партия және совет органдары транспорттың, әсіресе темір жол транспортының жұмысын күнделікті бақылауға алып отырғаны жөн. Техникалық құралдардың күтімін ұдайы жақсартып, жылжымалы составтың пайдаланылу тиімділігін арттыру, вагондардың жұмыссыз қарап тұруын қысқарту қажет.

Әңгіме алынған қарқынды сақтау ғана емес, сонымен қатар оны жеңделдете түсу, бүкіл ауыл шаруашылық өнімдерінің, құрылыс материалдарының, басқа да жүктердің уақытылы да сапалы тасылуын қамтамасыз ету және қысқы жағдайда жұмыс істеуге жақсы әзірлену жайында болуға тиіс.

Түйінді проблемалардың бірі — күрделі құрылыс. Бұл салада белгілі бір ілгерілеушілік байқалып отыр. Жеті айдың ішінде 4,4 миллиард сом күрделі қаржы игерілді, бұл — өткен жылдың тиісті мерзіміндегіден 6 процент көп.

Бірінші дәрежелі мемлекеттік маңызы бар бірқатар объектілер: Шымкент мұнай өңдеу, Көкшетау фарфор заводтарының жаңа қуаттары, Қарағанды облысында құс фабрикалары, 75 километр қосар темір жол іске қосылды. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерді іске қосу жөніндегі тапсырма орындалды.

Алайда құрылыстағы істің бәрі бірдей мәз емес. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Селолық құрылыс министрлігі, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Главалмаатастрой, Главриссовхозстрой мердігерлік жұмыс жоспарларын орындамай келеді.

«Экибастузуголь» бірлестігіндегі «Восточный» разрезінің, Қарағанды металлургия комбинатының жаңа қуаттары, Екібастұз — Көкшетау учаскесіндегі ЛЭП-1150 мезгілінде іске қосылмады. Жезқазған кен-металлургия, Жайрем және Качар кен-байыту комбинаттарының, Қаратау бірлесігінің іске қосылатын объектілерінің құрылысы артта

Digitized by Google

қалуда. Қарағанды және Жезқазған облыстарының село құрылысшылары жоспарларын жыл сайын орындамайды.

Павлодар және Маңғышлақ облыстарында тұрғын үй, Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда және Шымкент облыстарында мектептер, Орал облысында кәсіптік-техникалық училищелер салу қанағаттанғысыз. Біз тиісті облыстық атқару комитеттерінен қажетті тәртіп орнатуды талап етуге хақылымыз.

Жылдың аяғына дейін құрылысшылардың зор міндеттер атқаруына тура келеді. Жалпы құны 6,5 миллиард сомның жаңа негізгі қорларын іске қосу, бірінші дәрежелі маңызы бар 34 өндіріс объектісі мен қуаттарының, үш миллион шаршы метрге жуық тұрғын үйлердің, мектептердің, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мәдени-тұрмыстық басқа да объектілердің іске қосылуын қамтамасыз ету қажет.

Орталық Комитет, деді Д. А. Қонаев жолдас, әрбір облыс бойынша, әрбір құрылыс бөлімшесі бойынша жылдық жоспарларды ойдағыдай аяқтаудың айқын программасы белгіленіп, іске қосылатын комплекстер мен объектілерді пайдалануға беру жайы егжей-тегжейлі қаралуын талап етуге тиіс. Мұндай программалардың жүзеге асырылуына күнделікті бақылау жасалуын қамтамасыз ету, олардың сөзсіз орындалуы үшін нақты көмек көрсету, М. С. Горбачев жолдастың күрделі құрылысты күшейту мәселелері жөніндегі нұсқауына іспен жауап беру партия комитеттерінің борышы.

Партияның экономиканы дамытуды жеделдету жөніндегі барлық күш-жігері түптеп келгенде халықтың әл-ауқатын арттыруға, оның өмірінің мәдени жағдайларын жақсартуға бағытталған. Бұл іште сауда мен тұрмыстық қызмет үлкен роль атқарады. Республикада рынокқтың товар ресурстармен толықтырылуы ұдайы артып келеді, көпшілік қолды бірқатар товарлардың зәрулігі жойылуда. Тұрмыстық қызмет көлемі ұлғайтылды, қызмет көрсетудің жаңа түрлері мен формалары игерілді.

Алдағы уақытта да осылай істеу керек. Бірақ сонымен бірге, сауда мен тұрмыс саласында халықтың өскелең талап-тілегін неғұрлым ұтымды қанағаттандыруға қарай түбегейлі бетбұрыс жасау қажет болып отыр. Ондай мүмкіндіктер қазір бар. Соларды толық және шебер жүзеге асыру керек.

Солай бола тұрса да, бізде қызмет көрсету сапасы әлі де төмен. Баға мен нарықтың бұзылуына, дөрекілік пен селқостыққа жол берілуде. Бірқатар жерлерде магазиндер мен тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының жұмыс тәртібі еңбекшілер үшін бұрынғысынша қолайсыз күйінде қалып отыр. Ұрлық, алыпсатарлық, талан-тараж, қоғамдық меншікті бұлдіру фактілері — әлеуметтік зор қырсық.

Осыған байланысты баяндамада миллиондаған сомның ысырап болуы мен талан-таражға түсуіне жол берілген, магазиндердің, базалар мен қоймалардың өртенуі, товарлардың қасақана бүлдірілуі жиілеп кеткен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының жүйесі қатты сыналды. Бұл үшін, деп атап көрсетті баяндамашы, дербес жауапкершілік талап етілуге тиіс.

Сонымен бірге партия комитеттері бұл мәселелермен тікелей шұғылдануға, жүйенің суық қолды адамдардан батыл арылуына көмектесуге, социалистік меншікті ұрлап-қарлау, талан-таражға салу фактілерін, қандай да болсын қулық-сұмдық атаулыны түп-тамырымен жоюға тиіс.

Ауыл шаруашылық өнімінің комиссиялық саудасын үлгілі ұйымдастыру — өмірлік маңызды мәселе. Істі комиссиялық өнімдер сатудың көлемі жыл сайын 10—20 процент артып келе жатқан Целиноград, Көкшетау, Алматы, Қарағанды облыстарындағыдай етіп жүргізу керек.

Гурьев, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған және басқа кейбір облыстарда село халқының басы артық өнімі бұдан кем емес. Бірақ мұндағылар комиссиялық сауданы дамыту ісімен шұғылданбайды, сондықтан оның көлемі жылдан-жылға қысқара түсуде.

Бір сөзбен айтқанда, Сауда министрлігінің, әсіресе Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының, жергілікті Совет атқару комитеттерінің жылдың қорытындылаушы кезеңінде атқарар істері аз емес. Солардың ішіндегі ең бастысы — товар айналымының жоспарларын орындауда жол берілген артта қалушылықты жою.

Тұрғын үй қорын қысқа үлгілі әзірлеу үшін қажет нәрсенің бәрін істеу, бұрынғы жылдардағы олқылықтарға жол бермеу — Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің, оның қызмет көрсету орындары мен ұйымдарының, халық депутаттары жергілікті Советтерінің тікелей міндеті. Біз осы жүйедегі басшылар мен мамандарға бүкіл тұрғын үй қорының қысқы жағдайда қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін тікелей жауапты екенін ескертуге тиіспіз.

Бесжылдықтың қорытындылаушы кезеңіндегі негізгі міндеттеріміз, жолдастар, міне осындай. Бұл, деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас, біздің толып жатқан басқа да міндеттеріміздің негізгілері ғана. Олардың дәйекті де табанды түрде жүзеге асырылуы жаңа бесжылдыққа нық сеніммен қадам басу үшін, жаңа жағдайларда ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, еңбектің тиімділігі мен сапасын, яғни өмірдің сапасын арттыру жөнінде жемісті жұмысты өрістету үшін мүмкіндік туғызады.

Адамдарды үлкен істерге көтеру, перспективаны ашып көрсету, партия мен халық жоспарларында әрбір адам-

Digitized by Google

ның өз орнын табуына көмектесу керек. Ал мұның өзі партиялық басшылық дәрежесінің, әсіресе төменгі буындарда — бригадаларда, цехтарда, сменаларда, фермаларда одан әрі арттырылуына тікелей байланысты.

Партия саясатының жүзеге асырылуы үшін бүкіл жауапкершілік жүктелетін облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері бірінші дәрежелі роль атқарады. Бастауыш, цехтық партия ұйымдарының, партия топтарының жауынгерлігін, әсіресе өтіп жатқан есеп беру және сайлау кезінде, табанды түрде нығайту керек.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі мен КПСС XXVII съезі алдындағы есеп беру-сайлау науқанына нақты, іскерлік көңіл күйі, кемшіліктер төңірегіндегі принципті сын мен өзара сынның арта түскен дәрежесі, талдаудың тереңдігі тән болуға тиіс. Әрбір коммунист өзін партияның саясатын жүргізуші ретінде іс жүзінде сезініп, партияның шешімдері мен директиваларының жүзеге асырылуы үшін тікелей жауапкершілігін айқын түсінетіндей жағдай туғызу қажет.

Зор да жауапты жаңа міндеттерді жүзеге асыруға халық депутаттарының Советтері барынша белсене қатысуға тиіс. Олар өз жұмысын КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы июль Пленумының талаптарына сәйкес жүргізуі, еңбек коллективтерінің өмірі мен істері үшін бүкіл жауапкершілікті өздеріне алуы, совет адамдарына мәдени, сауда, тұрмыстық, медициналық, коммуналдық қызмет көрсету мәселелерін ұдайы бақылап отыруы керек.

Қазақ республикалық кәсіподақтар советінен, салалық кәсіподақ комитеттерінен біз жоғары түпкі нәтижелерге жету жолында шынайы бұқаралық және пәрменді социалистік жарыс өрістету жөнінде неғұрлым белсенді жұмыс күтеміз. Біздің кәсіподақтарымыз енжарлықты жойып, өздеріне ірі істер алуы, оларды шыңдап, жоғары қайтарыммен шешуі керек.

Халықтық бақылаушылардың күш-жігері иесіздік, салдыр-салақтық, тәртіп бұзушылық, қиянат жасаушылық және көзбояушылық фактілеріне қарсы ымырасыз күреске бағытталуға тиіс. Сонымен бірге, әлбетте, анықтамалар жазып, кемшіліктерді тіркеп отыру ғана емес, ең алдымен, — оларды қайткенде де түп-тамырымен жою үшін шаралар қолдану керек.

Партия барлық істер мен бастамаларда Ленин комсомолының көмегіне әрдайым үміт артып отырады. Қазақстанның даңқты комсомолы бұл жолы да біздің ортақ сапымызда, ең алдымен — егін жинау мен астық дайындауда өзінің лайықты орнын табатынына, алға қойылған барлық міндеттерді шешу ісінде өзінің нақты сөзін айтатынына кәміл сенеміз.

Идеологиялық майдан қызметкерлерінің жұмылдырушылық және ұйымдастырушылық қызметі зор. Бүгінгі таңда ол қызмет бұқараның саяси саналылығы мен еңбек белсенділігін арттыруға, біздің экономикамыз бен мәдениетіміздің ойдағыдай дамуын идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге барынша бағытталуға тиіс.

Озық тәжірибені насихаттау, кемшіліктерді принципті тұрғыдан дәлелді сынау, маскүнемдікке қарсы, еңбек пен тұрмысты сауықтыру жолындағы күрес — осының бәрі баспасөзіміздің, телевизия мен радионың басты назарында болуға тиіс. Олардың материалдарына өткір публицистикалық стиль, жоғары партиялық пен пәрменділік тән болуға тиіс. Сөз алға шақыруға тиіс, сөз іске айналуға тиіс.

Жолдастар, күш-жігерді біріктіргенде, өз қатарымызды топтастырғанда, Советтік Қазақстан коммунистерінің, барлық еңбеккерлерінің ерік-жігері мен жасампаздық күш-қайратын бір мақсатқа жұмылдырғанда ғана, деді одан әрі Д. А. Қонаев жолдас, бүгін әңгіме болып отырған орасан зор міндеттерді үлгілі түрде шеше аламыз, партия мен халықтың жоғары сенімін іс жүзінде ақтай аламыз.

Республика партия ұйымы, делінген баяндаманың қорытындысында, уақыт талаптарының деңгейінде болуға, партияның қандай да болсын тапсырмасын ойдағыдай орындауға қабілетті екенін талай рет дәлелдеді. Республиканың коммунистері, барлық еңбеккерлері өздерінің уәдесін абыроймен орындайтынына, Отанды Қазақстанның мол астығымен қуантатынына, халық шаруашылығының барлық салалары бойынша жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететініне, сүйікті Ленин партиясының XXVII съезін лайықты қарсы алатынына күмән жоқ!

Digitized by Google

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ДӘРЕЖЕСІНДЕ БОЛСЫН

Қазақстанда мәдени-ағарту және бұқаралық-физкультура жұмысының алуан түрлі қуатты потенциалы бар. ҚПСС XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асыру барысында идеялық-тәрбие қызметінде, еңбекшілерді, ең алдымен жастарды әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын ойдағыдай орындауға жұмылдыруда оның ролі арта түсті.

23 августа Алматыда болған республика партия-шаруашылық активінің кеңесі ҚПСС Орталық Комитетінің «Клуб мекемелері мен спорт ғимараттарын пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын жүзеге асыру мәселелеріне арналды. Оған облыстық партия комитеттерінің, бірқатар қалалық және аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, облыстық атқару комитеті председательдерінің орынбасарлары, облыстық кәсіподақтар советтерінің, облыстық комсомол комитеттерінің, облыстық мәдениет және кинофикация басқармаларының, облыстық спорт комитеттерінің, көптеген мәдениет және спорт мекемелерінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың, творчестволық одақтардың басшылары, бұқаралық информация құралдарының өкілдері қатысты.

Кеңесті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары О. С. Мирошхин ашты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Қ. Қ. Қазыбаев баяндама жасады.


Кеңесте Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің секретары Ш .Қ. Беркімбаева, Целиноград облысындағы «Еркіншілік» совхозының директоры А. А. Ример, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитет председателі А. С. Ақпаев, Қазақстан Компартиясы Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің секретары Г. Л. Бердюгин, Қазақ ССР Мәдениет министрі Ж. Е. Еркімбеков, Қарағанды металлургия комбинаты директорының орынбасары Т. Т. Тұрғымбаев, Орал облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары М. Х. Батықова, Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданындағы Ленин селолық Советінің председателі А. И. Полищук, Қазақ ССР Оқу министрі Қ. Б. Балахметов, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің секретары С. М. Шалахметова, Қазақстан ЛҚСМ Орталық Комитетінің екінші секретары П. Г. Никитин, СССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитет председателі М. В. Грамов сөз сөйледі.

Мәжілістің қорытындысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары О. С. Мирошхин сөз сөйледі.

Кеңес жұмысына Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары А. И. Чернышев, Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары М. М. Ахметова қатысты.

Кеңес материалдары республикалық және облыстық газеттерде 24 августе жарияланды.

Digitized by Google



ОКТЯБРЬДІҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫМЕН

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ социалистік революциясы планетада әлі ешуақытта болып көрмеген әлеуметтік әділеттік қоғамын құрудың бастамасын тарихта тұңғыш рет қалады. Планетаның алтыдан бір бөлігінде капитализмді құлатып, қанаусыз және езгісіз қоғам орнатудың ұлы тарихи міндетін шешіп, Россияның жұмысшы табы, оның Коммунистік партиясы қазіргі дәуірдің — адамзаттың капитализмнен социализмге өту дәуірінің орталығына айналды. Бұдан 68 жыл бұрын басталған дүниені революциялық жаңарту процесі адамзат қоғамының материалдық және рухани өмірі жақтарын түбегейлі түрде қайта құрып, дүние жүзілік ауқымда әлеуметтік және саяси ілгерілеуді бастады. Октябрь еңбекшілердің азаттығы жолындағы күрескерлердің «социализмге қалай жету жөніндегі» сұрағына анық жауап берді (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 36 том, 51 бет), сөйтіп капитализмге келешегі жоқ система ретінде үкім шығарды. «Біз бұл істі бастадық, — деп жазды В. И. Ленин. — Бұл істі нақ қашан, қай мерзімде, қай ұлттың пролетарлары ақырына дейін жеткізеді дегенге келсек — мәселенің мәні мұнда емес. Мәселенің мәні мынада: сең қозғалды, жол ашылды, бағыт көрсетілді». (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 44 том, 162 бет).

ОКТЯБРЬ бастаған революциялық өзгерістердің кері айналмайтынын тарих қуаттап берді. Планетада енді адамзаттың үштен бірін қамтитын социализмнің дүние жүзілік системасы өмір сүруде. Жер бетінің барлық тұрғындарының оннан бірі тұратын, дүние жүзілік өнеркәсіп өнімдерінің үштен бірі өндірілетін Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдерде ұлттық табыс дүние жүзінің барлық елдері бойынша жиынтық көрсеткіштің 25 процентін құрайды. Мұнда ұлттық табыс 1950 жылдан 1984 жыл аралығында 9 еседей, өнеркәсіп өнімдерін өндіру — 14 еседен астам көбейді, осы тұста дамыған капиталистік елдерде олар тиісінше небары 3,7 және 4,2 есе өсті. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдері мен оның органдарында 1984 жылғы жоғары дәрежедегі Экономикалық кеңестің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі жұмыс өріс алды. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдерінің ғылыми-техникалық прогресінің 15—20 жылға арналған Комплексті программасы бірлесіп талдап жасалуда. Осының бәрі — социалистік елдер халықтарының мүдделеріне, бүкіл адамзаттың мүдделеріне жауап беретін бейбіт даму жоспарлары.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ коммунистік қозғалыс әлеуметтік прогрестің қуатты факторына айналды, оның қатарында дүние жүзінің 95 еліндегі 80 миллионнан астам коммунист бар. Социалистік емес елдердегі жұмысшы табының 460 миллиондық отряды күресінің ауқымы мен маңызы өсіп келеді, оларды Советтер елі, социализмнің басқа елдері еңбекшілерінің тамаша үлгілері жігерлендіруде.

Фашизмді жеңген Ұлы Жеңісіміз, дүние жүзілік социализмнің ролі мен ықпалының күшеюі соғыстан кейінгі тұста өздерінің ұлттық азаттығы жолында күресуші халықтар үшін де принципті тұрғыдан жаңа жағдай жасады. Совет Одағының, бүкіл социалистік достық одақтың қолдауы мен көмегіне сүйеніп, империализмнің отарлық системасының үйінділерінде дүниеге келген 90-нан астам жаңа мемлекеттің халықтары тарихи дербес даму жолына шықты. Империализмнің үстемдік ету жүйесі кері айналмайтындай болып тарылып, планетада бейбітшілік, демократия, әлеуметтік прогресс күштері ұдайы өсіп келеді.

СОВЕТ ОДАҒЫ халықтардың азаттық күресінің шамшырағы және қуатты материалдық сүйеніші екенін парасатты ойлайтын әрбір адам көріп отыр. Біздің елімізде орнатылған кемелденген социализм қоғамының өндіргіш күштерін мықтап өсірді. Егер пролетариат жеңіске жеткен жас республика үшін алғашқы тракторларды жасау, заводтарды электр энергиясымен қамтамасыз ету орасан зор проблема болса, енді бүгінде біз БАМды салу, Қаратопырақсыз аймақты қайта құру, теңдесі жоқ космоста ұзақ ұшу, бірегей газ құбырларын тарту секілді жұмыстарды дүние жүзілік практика бұрын біліп көрмеген мерзімде және қарқында атқара аламыз. Қазір Совет Одағының қуатты, жан-жақты дамыған экономикасы, жұмысшылардың, мамандардың, ғалымдардың білікті кадрлары бар және өндірісті, ғылым мен техниканы

7 ноябрь — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 68 жылдығына

Digitized by Google

дамытудың көптеген бағыттарында сенімді түрде көш бастап келеді. Ғылыми-техникалық прогрестің социалистік қоғамда адамның қажеті мен табиғатына жауап беретін парасатты формада өрістеуі принципті тұрғыдан маңызды.

Экономикалық өсімнің негізінде совет адамдарының материалдық әл-ауқаты артуда. Егер 1965 жылы халықтың небары 4 процентінің табысы айына семья мүшелеріне шаққанда 100 сомнан асса, енді бүгінде халықтың тең жартысынан астамының осындай кірісі бар. Үстіміздегі бесжылдықтың соңына қарай жұмысшылар мен қызметшілердің айлық орташа жалақысы 185 сом, колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу айына 145 сом құрайды. Мемлекет есебінен адамдардың оқуға, денсаулығын қорғауға, тынығуға, әлеуметтік қамсыздандыруға деген қажетін қамтамасыз ететін қоғамдық тұтыну қоры үстіміздегі жылы 140 миллиардтай сомға жетеді. Совет Одағын жаңа қоныстанушылар елі деп орынды атайды. Он бірінші бесжылдықта тағы 554 миллион шаршы метр тұрғын үй іске қосылады, мұның өзі жоспарда белгіленгеннен 24 миллион шаршы метр көп. Бұрынғы бесжылдықтардың бірдебірі тұрғын үй құрылысының мұндай ауқымын білген емес.

Қоғамның әлеуметтік өмірінде түбегейлі өзгерістер болды. Нақ Октябрь Отанында еңбек адамы алғаш рет елдің иесіне, өз тағдырын сомдаушыға айналғанын нақты социализм елі мақтаныш ете алады. Еңбек ету және оны мадақтаудың кепілдік правосы, қоғамның адам туралы қамқорлығы, рухани мәдениетке кеңінен араласу, адамның қасиеті мен правосын сыйлау, еңбекшілердің басқаруға қатысуының ұдайы ұлғаюы социалистік өмір салтының баға жетпес байлығы, ажырамас қасиеті болды. Саяси тұрақтылықтың, әлеуметтік оптимизмнің, келешекке деген сенімнің маңызды бастаулары соларда жатыр.

КОММУНИСТІК құрылыс процесінде КПСС-тің басшылық жасау ролі ұдайы өсіп келеді. Оның түбегейлі революциялық, түбегейлі жаңашылдық рухы КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерінде жарқын түрде білдірілді, ол халық алдына тарихи маңызы зор міндетті — елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету міндетін батыл қойды. Партия біздің бәрімізді материалдық өндіріс жүйесінде де, сондай-ақ қоғамдық қатынастар саласында да қоғамды сапалы тұрғыдан түбегейлі қайта құруға қол жеткізуге, социалистік демократияны одан әрі дамытуға және осының негізінде совет халқының материалдық және рухани тұрмыс дәрежесін сапалық тұрғыдан шұғыл арттыруға шақырады. Ғылыми-техникалық прогресті жан-жақты жеделдету мұнда басты тұтқа болуда.

Өріс алған жан-жақты жұмыста біздің негізгі потенциалымызды — совет адамының творчествосы мен инициативасын пайдалана білуге, әр адамның жоғары өнімді еңбегі үшін барлық жағдайды жасауға айрықша роль берілуде. КПСС материалдық және рухани игіліктерді бөлудегі әлеуметтік әділеттікті нығайту, біздің өміріміздің барлық жүйесінде тәртіпті үнемі сақтау, социалистік өмір салтына, коммунистік моральға жат жағымсыз құбылыстарды, соның ішінде маскүнемдік сияқты сиықсыз құбылысты жою бағытын бұлжытпай жүргізуде.

Коммунистер енді жер-жерде он бірінші бесжылдықтың соңғы жылының тапсырмаларын табысты орындау және он екінші бесжылдықта өндіріс қарқынын шұғыл арттыру резервтерін бір мезгілде іздестіру жұмысын басқарды.

КПСС совет халқын коммунизмге қарай қарышты қозғалыста жаңа межелерге сенімді түрде бастап келеді. Совет адамдары өздерінің үлкен үмітін партия жоспарымен, КПСС-тің алдағы XXVII съезімен байланыстырады. «Коммунистер партиясының борышы, — деп атап көрсетеді М. С. Горбачев жолдас, — осы үмітті ақтау, іске шындап кіріскеніміз-ді көрсету. Халықтың жанды творчествосына сүйеніп, ғылым мен еңбектің одағын нығайта отырып, сөз бен істің арасында алшақтық болмауына жету үшін бізде күш пен ұстамдылық жетеді. Ал мұның өзі саясатта, өмірде —басты нәрсе».

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ ұлттық өшпенділік жұрнақтарын түбірімен жұлып тастап, Советтік Қазақстанның СССР халықтарының туысқандық семьясында социалистік цивилизация шыңдарына шұғыл әрі қарышты шарықтауы үшін жағдай жасады. Октябрь жеңісін, өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қазақ халқы, республика еңбекшілері туысқан халықтармен қол ұстаса отырып, азамат соғысы ұрыстарында, фашизммен қиянкескі шайқаста қорғап қалды.

Бүгінде Қазақстанда өнеркәсіп орындары осы заманғы индустрияның іс жүзінде барлық салаларын, жоғары механикаландырылған ауыл шаруашылығын, дүние жүзіне танымал болған оның ғылымы мен мәдениетін бейнелейді.

Қазақстан еңбекшілерінің еліміз экономикасына, Азық-түлік және Энергетика программасын орындауға қосар үлесі жыл сайын өсіп келеді.

Совет өкіметі жылдары ішінде халықтың жаппай дерлік сауатсыздығынан жалпыға бірдей орта білім алу жолынан өттік. Қазақстан 10 мың тұрғынға келетін студенттер, дәрігерлер саны жөнен Батыстың көптеген өркендеген капиталистік елдерін артта қалдырды.

Республиканың әлеуметтік бейнесі өзгерді. Жұмыс істеуші халықтың құрамындағы жұмысшылар енді 70 процентten астам құрайды, олардың арасында 1 миллионнан астам қазақ бар. Жұмысшы

Digitized by Google

табының білім біліктілігі, еңбек және қоғамдық-саяси белсенділігі мейлінше жоғары бола түсуде. Село еңбеккері, оның кәсіптік даярлығы, әл-ауқаты, рухани мәдениеті танымастай болып өзгерді. Интеллигенция республиканың рухани және қоғамдық өміріне барған сайын елеулі ықпал жасауда.

Республиканың әлеуметтік даму программасы ойдағыдай жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда бір жұмыс күні ішінде құрылыс конвейерінен 300-ге жуық жаңа пәтер, 100 орындық бала бақша шығады, әр екі күнде 600 оқушыға арналған мектеп, бір жұмыс аптасында — 90 төсектік аурухана, күніне 105 адам қабылдайтын поликлиника, 400 орындық клуб беріледі. Жыл соңына қарай товар айналымы 4,2 процент өседі, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мөлшерінің өсімі 6,4 процент құрайды. Қоғамдық тұтыну қорларынан берілетін төлемдер мен жеңілдіктердің мөлшері 7,1 миллиард сомға жетеді.

Біздің республикамыз өзінің бүкіл дамуымен, онда өсе түскен жұмысшылар, колхозшылар, мамандар, ғалымдар кадрлармен түйінді міндетті шешуге —ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері негізінде халық шаруашылығын интенсивтендіруді жеделдетуге лайықты үлес қосуға әзірленген. Қазақстанда жыл сайын 20 мыңнан астам ғылыми-техникалық шара енгізіледі, 925 цех пен учаске комплексті механикаландырылып, автоматтандырылған, 1150 тасқынды автоматты желі орнатылған. Өнімдердің 800-дей жаңа түрін, олардан елімізде алғаш рет 150 түрін игеріп, сериялық шығару басталды. Өнеркәсіптік роботтар мен роботты-технологиялық комплекстерді жасап, пайдалануда тәжірибе жинақталды. Жыл соңына дейін кәсіпорындарда 500-ден астам робот пен манипулятор жұмыс істейтін болады.

Партия ұйымдарының басшылығымен еңбек коллективтері қабылданған міндеттемені орындау жөнінен үлкен жұмыс жүргізуде. «АвтоВАЗ» бірлестігі еңбекшілерінің үлгісі бойынша Талдықорған қорғасынды аккумулятор заводының, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, «Манкентживмаш» заводының, Тың темір жолының және басқа кәсіпорындардың коллективтері он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолында күрес жүргізіп, өздеріне он екінші бесжылдыққа арналған бақылау цифрларынан асып түсуге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде мейлінше жоғары көрсеткіштерге жетуге міндеттеме алуда. Қазақстан он бірінші бесжылдықтың соңғы жылының жоспарын табысты орындауда. Осы кезеңде өтемөте жігерлі әрі жауапкершілікпен жұмыс істеу керек.

«Өз іс-әрекеттерімізді әрдайым жаңа талаптармен салғастырып отырғанда ғана, творчестволық қауырт қимылды күннен-күнге үдете отырып қана партияның ауқымды жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыра аламыз», — деп атап көрсетті Д. А. Қонаев жолдас республика партия-шаруашылық активі жиналысында жасаған баяндамасында.

Бұл күндері жоспарлы тапсырманы орындай алмайтын коллективтер мен қызметкерлер санын батыл түрде қысқарту, социалистік жарысты жолға қоюды жақсарту талап етіледі. Бүкіл ауыл шаруашылық жұмысын дер кезінде аяқтау, мемлекетке астықты, картопты, овощты, мақтаны, қант қызылшасын егіншіліктің басқа өнімдерін барынша көп беру қазақстандықтардың бүкіл ел алдындағы бірінші кезекті парызы. Мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу, малшылардың Бүкілодақтық социалистік жарысы жеңімпаздарының үлгісі бойынша ет, сүт, жүн және ферманың басқа өнімдерін өндіріп, дайындауды молайтуға қол жеткізу өте-мөте маңызды.

СОВЕТ ХАЛҚЫ, социализмнің туысқан елдері, бүкіл прогрессіл бейбітшіл күштер биылғы көктемде Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығын салтанатпен атап өтті. Октябрь және Жеңіс бүгінгі дүниенің бейнесін анықтады.

«Біздің интернационалдық міндеттерімізді шешуге жаңа жолдар іздеу керек» деген лениндік шақыруды басшылыққа алып, КПСС бейбіт қатар өмір сүру принциптерінің толық салтанат құруын қамтамасыз етуге бағытталған зор жұмысты жүргізуде.

Бұл күрес АҚШ пен оның НАТО жөніндегі одақтастарының қалыптасқан әскери-стратегиялық тепе-теңдікті бұзу, «жұлдызды соғысты» әзірлеп, жүргізу жоспарын жүзеге асыруға деген толастамай отырған әрекеттерінің күрделі жағдайында өтуде. Батыс елдерінің әскери бюджеті жыл сайын өсуде. I октябрьде басталған кезекті финанс жылында АҚШ-тың ұлттық бюджетінен Пентагонға 302,5 миллиард доллар бөлінген. Қазіргі американ әкімшілігі бейбітшілік үшін емес, әскери басымдылық елесі үшін бәрін құрбан етуге әзір.

Совет Одағы, социалистік достық одақ елдері бастаған бейбітшіл күштердің ауқымды майданы бейбітшілік жауларының тіміскілеулеріне қарсы тұр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың үстіміздегі жылы мартта Варшава Шартына қатысушы мемлекеттердің партия-мемлекет делегациясы басшыларымен өткен кездесуінде олардың Варшава Шартына қатысушы мемлекеттердің дүние жүзіндегі шиеленісті бәсеңдетуге, ядролық соғыс қатерін аластауға, қарусыздану, ең алдымен ядролық қарусыздану, космосты милитарландыруға жол бермеу саласында пәрменді шаралар қолдануға дәйекті түрде, сындарлы рухта күш салуға ұмтылысы қуатталды. Варшава Шарты Ұйымын социалистік достық одақ елдері-

Digitized by Google

нің бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды аспабы ретінде қарай отырып, Шартқа қатысушы мемлекеттер апрельде оның қолданылу мерзімін 20 жылға ұзартты.

Біздің еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының трибунасынан ғана халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық ісін қамтамасыз етуге бағытталған жүзден астам ұсыныс енгізді. 1982 жылы жарияланған СССР-дің ядролық қаруды бірінші болып қолданбау міндеттемесі күшінде қалып келеді. 1983 жылы енгізілген спутникке қарсы қаруды, басқа мемлекеттер мұндай қадамнан тежелсе, космосқа шығаруға біржақты жарияланған мораторий қолданылуда.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Совет Одағының қайсыбір ядролық жарылыстарды біржақты тәртіппен тоқтататыны туралы мәлімдемесі дүние жүзінде зор ықыласпен қарсы алынды. «...соғыссыз және қарусыз дүние, тату көршілік пен адал ынтымақтастық дүниесі, халықтар арасындағы достық дүниесі, — деді М. С. Горбачев жолдас жастар мен студенттердің Москвадағы бүкіл дүние жүзілік XII фестивалінің ашылуында, — социализм мұрасы, біздің саясатымыздың мақсаты...»

Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Қорытынды актісіне қол қойылғаннан бергі өткен он жыл СССР-дің осы тарихи документ принциптері мен қағидаларын түбегейлі қолдайтынын, біздің еліміздің Қорытынды акті потенциалын Европада және бүкіл дүние жүзінде саяси ахуалды сауықтыру үшін пайдалануға ұмтылатынын дәлелдеді. Әр күн мұны қуаттауда: нақты социализм бейбітшілікті сақтаудың және адамзат цивилизациясының одан арғы прогресін қамтамасыз етудің ұлы тарихи миссиясын орындауда.

В. КОРШУНОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

КОМСОМОЛ ҮЛЕСІН ЕСЕЛЕЙ ТҮСЕЙІК

С. СУХАРЕВ,
Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары

Біздің елімізде комсомолдың туған күні шынайы бүкіл халықтық мерекеге айналды. Демек, жас лениншілдер одағы көптеген ұрпақтардың жігіттері мен қыздарын лениндік мұраттарға, партия мен совет халқының революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне, Ұлы Октябрьдің өшпес ісіне шексіз адалдыққа тәрбиеледі. Және ВЛКСМ-нің құрылуының биылғы, 67 жылдығын республика жастары КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлік белгісімен атап өтуде.

КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және оның жастарға коммунистік тәрбие берудегі ролін арттыру туралы» қаулысын орындай отырып, комсомол ұйымдары жастар тәрбиесі, білім беру мен оқыту ісінің бәрі, В. И. Ленин үйреткеніндей, онда коммунистік моральға тәрбиелеуге ұмтылуда. Бүгінде коммунизмнің жас құрылысшыларының қазіргі ұрпағы кемелденген социализмді жетілдіру жөніндегі жасампаздық қызметке, партия тартатын мемлекеттік және халықаралық мәселелерді шешуге өзінің белсене қатысуы арқылы жоғары саяси толысуын, белсенді өмір позициясын көрсетуде.

«Он бірінші бесжылдыққа — жастардың екпінді еңбегі, білімі, инициативасы мен творчествосы!» деген патриоттық қозғалысты қостай отырып, республиканың 250 мыңға жуық жігіті мен қызы, 3 мыңнан астам комсомол-жастар коллективі он бірінші бесжылдықтың жоспарлы тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындады. Жеңістің 40 жылдығы, стахановтық қозғалыстың 50 жылдығы, Москвада өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүние жүзілік форумы жаңа еңбек жетістіктерімен аталды.

Бейбітшілікті баянды ету, ядролық апатты болдырмау жолындағы күреске өз үлесін қоса отырып, республикамыздың 900 мыңға жуық жігіті мен қызы, 23 мың комсомол-жастар коллективі көтеріңкі социалистік міндеттемелер алды және планета жастарының форумына дейін 1500-ден астам жас еңбеккер он бірінші бесжылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындағандары туралы рапорт тапсырды. Республиканың 5 мың комсомол-жастар коллективі құрметті мүшелерді — революция, соғыс және еңбек ерлерін өз құрамына енгізді, оларға жазылған еңбек ақы Советтік Бейбітшілік қорына аударылуда. Комсомол-жастар сенбіліктерінде, еңбек вахталары мен десанттарында тапқан 3 миллион сом — жігіттер мен қыздардың Бүкіл дүние жүзілік XII фестиваль қорына қосқан үлесі осындай, онда біздің өкілдеріміз Советтік Қазақстанды лайықты етіп көрсетті.

Комсомол ұйымдарында Ленин комсомолының партия съезіне рапортына

29 октябрь —комсомолдың туған күніне.

Digitized by Google

қол қою правосы жолында «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді он күндік» ұранымен өтіп жатқан социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Мыңдаған жігіттер мен қыздар өз міндеттемелерін қайта қарап, көтеріңкі «лениндік тапсырмалар» қабылдады. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары: Семей қаласындағы «Казахкабель» заводының ораушысы Т. Ярощук, Ақтөбе өндірістік трикотаж бірлестігі тоқымашыларының бригадирі Т. Бисенова, «Джамбулкожобувь» бірлестігінің жұмысшысы П. Таран жарыс көшін бастап келеді, олардың еңбек календарында он екінші бесжылдықтың бесінші жылы.

Қостанайдың «Большевичка» тігін фабрикасының тігіншісі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты А. Қалжанова партияның жоғары форумы ашылатын күнге дейін сегіз жарым жылдың тапсырмасын орындауға міндеттенді.

Петропавл станциясы локомотив депосының СССР-дің құрылуының 50 жылдығы атындағы комсомол-жастар колоннасының мүшелері (жетекшісі А. Чесноков, комсомол тобының ұйымдастырушысы М. Сажин) ауыр салмақты составтарды жүргізу , локомотив бригадаларының техникалық дәрежесін арттыру есебінен үстіміздегі жылдың жоспарын 1 декабрьге дейін орындауды белгіледі.

Партияның халық шаруашылығының түрлі салаларына қамқорлық жасау аманатын оның аса маңызды тапсырмасы ретінде қабылдаудамыз. Өткен жылы ғана қоғамдық шақыру бойынша 19 мыңға жуық жігіт пен қыз Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп, мемлекеттік сауда және қоғамдық тамақтану, тұтыну кооперациясы, тұрмыстық қызмет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарына жіберілді.

Екпінді комсомол құрылыстары жастардың азаматтық қалыптасу, еңбек және саяси шынығу мектебіне айналды. Соңғы бір жарым жыл ішінде оларға 5 мыңға жуық жігіт пен қыз жіберілді, олардың әрбір үшіншісі екпінді комсомол отрядтары құрамында келді. Олардың белсене қатысуымен Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясы, Үлкен Алматы каналы салынды, Шілісай фосфорит рудниги-де, Жәйрем кен-байыту комбинатында қуаттар іске қосылды, Қазақстанның мұнай қойнаулары игерілуде. Республика комсомолының өкілдері Байкал-Амур магистралы құрылысында, Батыс Сібір мен Қара топырақсыз аймақты игеруде абыройлы еңбек етуде.

Студенттердің жүз мың адамдық дерлік құрылыс отряды да комсомолдың даңқты істері шежіресіне лайықты үлес қосуда. Олар юбилейлік, 25-ші еңбек семестрінде 138,8 миллион сомның күрделі қаржысын игерді, мұның өзі тапсырманың 130 процентін құрайды, әртүрлі мақсаттағы 2,5 мыңға жуық объект іске қосылды.

Республикалық комсомол ұйымының айрықша қамқорлық жасайтын ісі — балалардың түрлі бұйымдарын шығаруға және өткізуге қамқорлық жасау. «Не жақсының бәрі—балаларға!» ұранымен еңбек ете отырып, жеңіл және тамақ өнеркәсібі орындарының комсомолецтері өткен жылдың өзінде ғана балалар тауарларының 1360 моделін енгізді. «Жастар модасына — жастар көзімен» республикалық конкурсының қорытындылары бойынша былтыр ұсынылған 3 мың киімдер мен маталар үлгісінен 84 үлгінің авторларына лауреаттар атағы берілді.


КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету міндетін қоя отырып, коллективті еңбектің жаңа жоғары тиімді формаларына интенсивті ауысу, тәртіп жайы үшін коллектив басшыларының дербес жауапкершілігін арттыру қажеттігін атап көрсетті. Бүгінде республика халық шаруашылығының барлық салаларында 23 мыңнан астам комсомол-жастар коллективі еңбек етеді, олардың тең жартысы комсомол комитеттерінің белсенді ықпалымен бригадалық мердігерлік әдісі бойынша жұмыс істей бастады.

Жастардың еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қосар үлесі өсіп келеді. 5 мыңнан астам комсомол-жастар коллективі «Он бірінші бесжылдыққа — комсомолдық гектардың барынша мол қайтарымы» деген республикалық байқауға қатысуда.

«Мал шаруашылығы — жастардың екпінді майданы» қозғалысы барған сайын дамуда. Өткен жылы Бүкілодақтық комсомол отрядының құрамында 14 мыңға жуық жігіт пен қыз республиканың мал шаруашылығы фермалары мен комплекстеріне келді. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы қабылдаған артта қалушы совхоздарға, колхоздарға және басқа да аграрлық-өнеркәсіп комплексі кәсіпорындарына қамқорлық жасаудың комплексті программасы алғашқы оң нәтижелерін беруде. Комсомолдық жолдамалармен 6 мыңға жуық жігіт пен қыз, оның ішінде жоғары оқу орындары мен техникумдардың 3,5 мың түлегі осы шаруашылықтарға келді.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында жасаған баяндамасында республика комсомолы әрқашандағыдай биылғы егін жинауда, астық дайындауда өзінің өктем сөзін айтады деп кәміл сенім білдірді. Әр комсомолецтің, әрбір комсомол-жастар коллективінің парызы жоғары сенімді қажырлы еңбекпен, іске деген творчестволық көзқараспен ақтау.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

Жастар мал шаруашылығы комплекстерін, тұрғын үй, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық объектілерді қайта құруға және салуға, рационализаторлық ұсыныстар енгізуге қатысуда. Соның нәтижесінде қамқорлықтағы 13 шаруашылық барлық көрсеткіштер бойынша аудандық орташа дәрежеге көтерілді, ал 26 шаруашылық, оның ішінде Павлодар облысының «Жосалы», Көкшетау облысының «Авангард», Гурьев облысының XXV партсъезд атындағы, Орал облысының Шолохов атындағы совхоздары жылды кіріспен аяқтады.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте жасаған баяндамасында партия экономикалық саясаттың түбегейлі мәселесін шешуде әсіресе жастардан, олардың күш-жігері мен тапқыр ақыл-ойынан, барлық жаңалық пен озық атаулыға құштарлығынан көп нәтиже күтетінін айтты. Қазақстанның комсомол ұйымының мұнда қыруар потенциалы бар. Республиканың ғылыми-техникалық интеллигенциясының жартысына жуығы — бұл отыз жасқа дейінгі жас адамдар. Олардың арасында 5,5 мыңға жуық ғылыми қызметкер, оның ішінде ғылым докторлары мен кандидаттары бар. Олардың күш-жігерін қоғамдық өндіріс тиімділігін арттыруға белсене қатысуға бағыттау — комсомол ұйымдарының маңызды міндеті.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, комсомол комитеттері салалық және салааралық комплексті творчестволық жастар коллективтерін құруға көп көңіл бөледі. Олардың саны республикада 409-ға жетті, олардың ішінде он коллектив 1984 жылы жұмыс қорытындылары бойынша ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен наградталды. Мәселен, «Актюбрентген» өндірістік бірлестігінде комплексті творчестестволық жастар коллективі құрастыру технологиясын жасап, роботты-техникалық комплекстердің базасында балаларға арналған товарлар шығаруды табысты меңгерді.

Ғылыми-техникалық творчество одан әрі дами түсті. Республикада жастардың ғылыми-техникалық творчествосының 6 мыңнан астам клубы, станциясы мен үйірмесі, 3 мыңға жуық қоғамдық және студенттік конструкторлық бюро, жас рационализаторлардың 1,5 мың мектебі жұмыс істейді. Өткен жылдың басынан бері жастардың ғылыми-техникалық творчествосының Бүкілодақтық байқауына 300 мыңнан астам жас өндірісші қатысты, олар экономикалық тиімділігі 16 миллион сомдық 15 мың рационализаторлық ұсыныс жасады. Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде өткен 15 күндік республикалық «НТТМ—84» көрме байқау қорытындысы болды.

Комсомолдың коммунистік құрылыстағы ролі өсуде. Жастарды тәрбиелеуде комсомол ұйымдарының міндеттері күрделілене түсуде. Әрбір еңбеккерді партияның еліміздің даму перспективаларын белгілі дәрежеде анықтай отырып, қазіргі жастардың шеберлігіне, ой тапқырлығына, еңбек энтузиазміне сүйенетінін түсінуге баулу қажет.

Біздің еліміздегі съезд қарсаңындағы кезеңді партия батыл шешімдер мен жігерлі іс-әрекеттер уақыты ретінде анықтады. Жастар ең алдымен өндірісті интенсивтендіруге, біздің Отанымыздың қуатын нығайтуға қосатын өз үлесін еселей түсуге міндетті.

Digitized by Google

ИДЕОЛОГИЯ АКТИВІ ОҚУДА

1 октябрьде еңбекшілердің партиялық және экономикалық білім жүйесінде жаңа оқу жылы басталады. Идеология активі мектептерінің тыңдаушылары да сабаққа кіріседі. Төменде жарияланып отырылған материалдар олардың жұмыс тәжірибесі, жаңа оқу жылына арналған жоспарлар жайында әңгімелейді.



ТАҢДАУЛЫ ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ

Г. БЕЛОНОСОВА,
Алматы қаласының Қазақстан Компартиясы
Алатау аудандық комитстінің секретары

Қайсыбір істің табысты болуы ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысын шебер жүргізуге қабілетті кадрларға шешуші дәрежеде тәуелді. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы мұны тағы да ерекше атап көрсетті.

Бүгінде идеология кадрлары үлкен міндеттерді шешуге тиіс, олардың аса маңызды парызы — еңбекшілердің творчестволық белсенділігін жан-жақты дамытуға, оларды ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге жұмылдыруға, халық шаруашылығын дамудың интенсивті арналарына көшіруге қосар өз үлестерін еселей түсу.

Біздің ауданның партия комитеттері осы жауапты міндеттердің бәрін ескере отырып, үгіт-насихат жұмысы активистерінің оқуын ұйымдастыруда. Бізде аудандық партия комитеті жанынан, сондай-ақ мақта-мата және үй құрылысы комбинаттары, халық шаруашылығы институты партия комитеттерінің жанынан идеология активі мектептері бірнеше жыл қатарынан жемісті жұмыс істейді. Биыл оларда бесінші оқу жылы басталды. Аудандық мектепте үш бөлімше бар, оларда партия ұйымдарының секретарьларының III орынбасары, үгіт коллективтерінің 167 жетекшісі мен саяси хабаршылар топтарының 50 жетекшісі оқуда.

Мектептердің қызметіне бағдар бере отырып, біз әрбір активистің партия саясатын терең анықтауына барлық күшпен ықпал ету, олардың теориялық дәрежесін арттыруына, идеологиялық қызметтің озық формалары мен әдістерін, оның ғылыми негіздерін меңгеруіне көмектесу міндетін әрдайым бірінші кезекке қоямыз.

Еңбек коллективтерінің өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек тәртібін нығайту, үнем мен ұқыптылық жолындағы күресін идеологиялық жағынан қамтамасыз ету мәселелері заңды түрде өзекті орын алады. Өткен оқу жылында аудандық мектептің көптеген тыңдаушылары тиянақты рефераттар әзірледі. Тыңдаушылар Алматы үй құрылысы комбинаты партия комитеті секретарының орынбасары З. И. Айғараеваның әңгімесінен өздері үшін көптеген бағалы нәрселер алды. Ол кәсіпорынның идеология активінің үнем мен ұқыптылық жолындағы қозғалысқа, ғылыми-техникалық прогресс жолындағы күреске қалай қатысатынын ашып көрсетті. Мұнда үгітшілердің жұмысшылардың үнемнің жеке есебін жасауға көмектескенін, содан кейін олардың орындалуын тұрақты бақылап отырғанын айтқан жөн. З. Айғараева оларды талдап жасаудың «технологиясымен» таныстырды, сабақтарда үнем мен ұқыптылық жөніндегі көрнекі үгіттің үлгілерін көрсетті. Қызықты тәжірибеге толы оның рефераты қызу талқылау туғызды. Тыңдаушылар олардың көпшілігін өздеріне жазып алды.

Алматы үй құрылысы комбинатынан мектеп тыңдаушылары Б. К. Әбсәметова мен Д. С. Ильянова, мақта-мата комбинатынан В. И. Ветлугин, «Казмеханобр» институтынан Ю. И. Малахов сабақтарда өздерінің «Екі дүние — екі өмір салты», «Мемлекет — бұл біз», «Халықаралық аренадағы идеологиялық күрестің қазіргі кезеңінің ерекшеліктері» деген тақырыптар бойынша саяси хабарларды қалай өткізгендерін әңгімеледі.

Аудандық мектепте өткен оқу жылы

Digitized by Google

қарсы насихат жұмысының формалары мен әдістерін енгізу мәселелері талқыланған сабақпен аяқталды. Осы сабақта Алматы халық шаруашылығы институты партия комитетінің секретары Б. Р. Мәдішев, Алматы мақта-мата комбинаты саяси оқу кабинетінің меңгерушісі Н. С. Бухарина және басқа жолдастар тәжірибе алмасты. Осындай қызу тәжірибе алмасу әрдайым тыңдаушыларда үлкен мүдделілік туғызады, олардың адамдармен жұмыс істеудің анағұрлым тиімді тәсілдерін талдап жасауына көмектеседі.

Біз сабақтардың идеология активистері күнделікті айналысатын істермен барынша толық ұштастырылуына ұмтыламыз. Бұған оқу процесін ұйымдастырудың өзі де ықпал етеді. Мектептің әрбір бөлімшесіне насихат және үгіт бөлімінің жауапты қызметкерлері бекітілген. Тыңдаушылармен жекелей жұмыс жүргізу үшін анағұрлым білікті консультанттар іріктелді. Аудандық партия комитетінің анықтама-информация орталығы тыңдаушыларды тақырыптар, жекелеген мәселелер, сондай-ақ үгіт-бұқаралық жұмыс методикасы бойынша методикалық талдаулармен жүйелі түрде қамтамасыз етеді. Мәселен, партия ұйымдары секретарьларының орынбасарларына көмек ретінде еңбек коллективтерінде идеологиялық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру жөніндегі құралдар шығарылды. Үгіт коллективтерінің жетекшілеріне көмек ретінде тұрғылықты жер бойынша жұмысты ұйымдастыру, еңбек коллективтерінде атеистік жұмыстың формалары мен әдістері т. б. туралы құрал әзірленді. Саяси хабаршылар да методикалық құралдар алды.

Аудандық мектепте әрбір проблеманың негізгі тақырыптары бойынша сабақ өткізу үшін Алматы жоғары партия мектебінің, халық шаруашылығы және архитектура-құрылыс институттарының оқытушылары шақырылады. Аудандық партия комитетінің, ірі партия ұйымдарының секретарьлары, совет қызметкерлері, шаруашылық басшылары тыңдаушылар алдында үнемі сөз сөйлейді.

Мектепте теориялық сабақтар практикалық сабақтармен алмастырылады. Мәселен, «Партия ұйымының, үгіт коллективінің, саяси хабаршылар тобының идеологиялық жұмысын жоспарлау» тақырыбын оқып-үйрену барысында тыңдаушылар ірі партия комитеттерінде болып, осы мәселелердің іс жүзінде қалай шешіліп жатқанымен танысты.

Тыңдаушыларға практикалық тапсырмалар жүйелі түрде беріледі. Олар рефераттар әзірлейді. Ғылыми-практикалық конференциялар жоғары белсенділік жағдайында өтеді. Олар оқу жылы ішінде «Еңбек коллективінде саяси-тәрбие жұмысына партиялық басшылықты жетілдіру проблемалары», «Партия XXVI съезі, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы қарсы насихат қызметін, буржуазиялық идеологияға, қазіргі кезеңде империалистік мемлекеттердің авантюристік милитаристік саясатына қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы», «Еңбек өнімділігін арттыру негізінде өндіріс тиімділігін өсірудің және жұмыс орындарын комплексті аттестациялау мен рационализациялаудың резервтері», «Ауданның партия ұйымдары үнем режимін күшейту жолындағы күресте» деген тақырыптарға арналды.

Біз тыңдаушылардың жаз кезінде тапсырмаларды орындауын жұмыстың тиімді формасы деп есептейміз. Үгіт коллективтері жетекшілерінің барлық бөлімшелері тыңдаушылары тұрғылықты жер бойынша нақты микроучаскелерге, саяси хабар клубтарына, тұрғылықты жер бойынша жұмыс жүргізуге арналған үгіт аландарына бекітілді. Сондықтан да жаңа оқу жылы олар үшін жаз айларында атқарылған жұмыстар туралы есептен басталады. Оқу орындарындағы саяси хабаршылар топтарының жетекшілері студенттік құрылыс отрядтарындағы, еңбек коллективтеріндегі өздерінің қызметі туралы есеп береді. Әрбір адамның программалық материалды қаншалықты меңгергені, оларды практикада қалай пайдаланатыны, оқудың идеологиялық активке өмірде кездесетін проблемаларда жақсырақ бағдар ұстауына қаншалықты көмектесетіні осы есептерден көрінеді.

Тыңдаушылардың аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінде стажировкадан өтуі де практикалық қызметте оң нәтижелер береді. Стажировкадан өтушілердің ауқымы кеңейді. Егер бұрын стажировкадан партия ұйымдары секретарьларының идеология мәселелері жөніндегі орынбасарлары ғана өтсе, ал өткен жылы партия комитеттерінің идеология комиссияларының мүшелері, қарсы насихат жұмысын ұйымдастырушылар одан алғаш рет өтті.

Үстіміздегі оқу жылы басталар алдында аудандық мектеп советінің мүшелері, аудандық партия комитеті бөлімдерінің қызметкерлері әрбір тыңдаушымен бұқаралық-саяси және экономикалық өмірдің қандай мәселелерінің оларда анағұрлым көп мүдделілік туғызатыны, кәсіпорындарда белгіленген өндірісті техникалық жағынан қайта жарақтандыру жөніндегі шараларды белсендірек жүзеге асыру үшін не істеу қажет екені туралы пайымды әңгімелер жүргізді. Олардың көптеген талап-тілектері үстіміздегі жылғы оқу программасын жасау барысында ескерілді. Ең алдымен өндірісті интенсивтендіруді идеологиялық жағынан қамтамасыз ету, тұрғындардың әртүрлі топтарымен дифференциалды тәрбие жұмысын жүргізу, тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар жоспарланды. Биыл тыңдаушылардың өздігінен білім алу методикасын меңгеруіне, активистердің белгілі бір біліммен шектелмей, үгіт-насихат жұмысының практикалық дағдыларын үйренуіне, оны партия шешімдері талап етіп отырғанындай, барынша іскерлікпен жүргізе білуіне баса назар аударылатын болады.

Digitized by Google

ӨМІРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ



А. БОЖАНОВА,

Қызылорда облысы Қазақстан Компартиясы Тереңөзек аудандық комитетінің секретары

Әр оқу жылының соңында идеология активі мектебі тыңдаушыларымен әңгімелесу үнемі өткізіледі. Оның барысында сабақтардың оларға не бергені, алдағы уақытта қандай проблемаларға көңіл аудару қажет екені туралы сөз болады.

Активистердің оқудың өздерінің адамдармен күнделікті жұмысына көмектесетінін бірауыздан атауы қуанышты. «Осыдан екі жыл бұрын мені үгіт коллективінің жетекшісі етіп тағайындағанда бұл жұмыстың не екенін елестете алмадым, оған қалай кірісудің жолын таппадым. Оқу менің партиялық осы жауапты тапсырманы меңгеруіме көмектесті», — деді XVII партсъезд атындағы совхоздың бас инженері А. Ахметжанов әңгімелесу кезінде.

Шынында да, совхоздың үгіт коллективі өте белсенді жұмыс істейді. Оның қызметін жоспарлау нақты жолға қойылған, үгітшілерді мамандандыру өткізілді. Социалистік міндеттемелерді жыл сайын қыруар асыра орындап келе жатқан шаруашылықтың барлық істеріне олардың қосқан үлесі елеулі. Өткен жылы, мысалы, мемлекет қамбасына 79,5 мың центнер күріш құйды.

Әрбір активисті идеялық-тәрбие жұмысын партияның осы заманғы талаптарының жоғары дәрежесінде жүргізуге, оны өмірмен барынша тығыз байланыстыруға үйрету — біз идеология активі мектебі жұмысының басты міндетін, міне, осыдан көреміз.

Саяси хабаршылар мен үгітшілерді мамандандыруға сәйкес оқу топтарын құру өте көп пайда берді. Мұның өзі жұмыс тәжірибесін жүйелі түрде алмасуды жолға қоюға, оқуды практикамен тығыз байланыстыруға мүмкіндік берді. Аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушылары, тәжірибелі идеология қызметкерлері топтардың жетекшілері болып табылады.

Идеология активистерін партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесімен таныстыру мақсатында практикалық көшпелі сабақтар жүйелі түрде өткізіледі. Өткен жылы осындай сабақтардың бірі Қазақ ССР-нің 50 жылдығы атындағы совхоздың партия ұйымы базасында өткізілді. Баршаны толғандырған «Бригадалық мердігерлік жағдайындағы идеологиялық жұмыс» тақырыбы талқыланды. Зерттелген тәжірибе негізінде мердігерлік бригадаларда жұмыс істейтін үгітшілерге методикалық нұсқаулар жасалды.

«Шіркейлі» совхозының партия ұйымында социалистік жарысты идеологиялық жағынан қамтамасыз ету тәжірибесі, моральдық және материалдық көтермелеуді жолға қою зерттелді. Мұнда үйренетін нәрселер баршылық. Шаруашылық еңбеккерлері мемлекетке күріш пен ет сату жөнінен он бірінші бесжылдық тапсырмасын төрт жыл ішінде орындады, таяуда сүт тапсыру жөніндегі жоспарды аяқтады. Совхоздың күріш өсірушілері, механизаторлары мен мал-

Идеология жұмысының хроникасы

Шевченко. Қоғамдық негіздегі саяси және экономикалық оқу кабинеттерінің облыстық байқау-конкурсы аяқталды. Шевченко қаласы өнеркәсіп орындарының кабинеті (меңгерушісі Н. Т. Козлова) «Саяси оқудың таңдаулы кабинеті» деген ауыспалы вымпелмен наградталды.

Экономикалық білім кабинеттері арасында Маңғышлақ автомобиль басқармасы Жаңа Өзен автотранспорт кәсіпорнының кабинеті (меңгерушісі Л. Г. Фисуненко) таңдаулы деп танылды. Сондайақ Мұнайлы ауданы Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасы партия комитетінің саяси оқу кабинетінің (меңгерушісі А. П. Кошкин) және Маңқыстау ауданы Куйбышев атындағы совхоздың экономикалық білім кабинетінің (меңгерушісі Б. Өтегенова) жақсы жұмысы аталды.

Павлодар. Мұнда совет семьясының апталығы өтті. Оған ондаған мың қалалықтар — ересектер мен балалар қатысты. Апталық шаралары арасында педагогика, медицина, заң білімдерін насихаттау басты орын алды. Кәсіпорындарда, бала бақшаларда, пионер лагерьлерінде, кинотеатрларда дәрігерлер, педагогтар, юристер балалардың денсаулығы, алкогольдың залалы, совет семьясын нығайту, мектеп реформасының проблемалары туралы лекциялар оқып, әңгімелер өткізді.

Үгіт алаңдарында көп балалы семьялармен, еңбек әулеттерімен кездесулер өтті, олар өздерінің өмір тәжірибесімен алмасты. Аспаздар мен кулинарлардың консультациялары, маталарды пішу, киім және сәндеп шаш қою модельдерін көрсету, кондитер тағамдары мен өнер-

Digitized by Google

шылары арасында ондаған өндіріс озаттары бар, олардың алдыңғы қатарында Социалистік Еңбек Ері Б. Мұстафаева, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Б. Синаева және басқалар бар. Совхозда коллективті мердігерлік табысты енгізілуде. Артта қалушыларсыз жұмыс істеу үшін көп іс атқарылды. Тыңдаушылар адамдармен жекелей жұмысты қалай жүргізу, тұрғындардың барлық топтарын ықпалмен қалай қамту керек екенін көрді.

Практикаға әрдайым көңіл бөлу теориялық даярлықтың маңыздылығын көлеңкелемейді. Біз лениндік еңбектерді, партия мен үкімет документтерін оқып-үйренуге аса көбірек мән береміз. Бір ғана мысал келтірейін. «Үгіт коллективтерінің социалистік жарысты жетілдірудегі ролі» тақырыбын оқып-үйрену барысында тыңдаушылар В. И. Ленинның «Жарысты қалай ұйымдастыру керек?», «Ұлы бастама», «Еңбек тәртібі туралы» еңбектерін, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы март және апрель Пленумдарының материалдарын, КПСС Орталық Комитетінің социалистік жарысты жетілдіру туралы қаулыларын оқыды және семинарда сөз сөйледі.

Баяндамалар мен рефераттар әзірлеуге көп көңіл бөлінеді. Олар, әдетте, өз кәсіпорнының немесе ұйымының материалы негізінде жазылады, оларда нақты құбылыстарға талдау жасалуымен қатар коллективте идеялық-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінен ұсыныстар айтылады.

Тыңдаушылардың қоғамдық-саяси практикасын енгізу де оқу процесін жандандыруға ықпал етті. Ғылыми-практикалық конференциялар тыңдаушыларға үлкен пайда береді. Мысалы, «Коммунистік нанымды, белсенді өмір позициясын қалыптастыру — әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің қажетті шарты», «КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының талаптарына сәйкес идеялық-тәрбие жұмысын жетілдіру жолдары» т. б. тақырыптарға арналған конференциялар қызықты, жоғары қайтарыммен өтті.

Біз жаңа оқу жылында тыңдаушылардың назарын анағұрлым маңызды проблемаларды оқып-үйренуге аударамыз. Мысалы, «Аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігі жағдайындағы бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысы» тақырыбы бойынша ғылыми-практикалық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз. Осы тақырыпқа деген ықылас түсінікті. Біздің ауданның партия ұйымдары өздерінің күш-жігерін аграрлық-өнеркәсіптік комплекс бойынша сериктестердің достық одағын нығайтуға әзірше жеткіліксіз бағыттауда, міндеттерді шешуге бірыңғай ведомстволық тұрғыдан қарауға қарсы барлық кезде күреспейді. Сондықтан да әрбір село еңбеккерін ортақ нәтижелерге жету үшін жоғары жауапкершілік сезіміне баулу жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

Адамгершілік тәрбиесі мәселелері, партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шешімдерін жүзеге асыру бірінші кезекте болады. Таяу арада партия ұйымдары бірінің базасында сабақ өткізіп, маскүнемдікпен күрестің іс жүзінде қалай жүргізіліп жатқанын көрсетуді жоспарлап отырмыз.

Тыңдаушылардың көңілінен шыға отырып, біз олардың әңгіме өткізу, адамдармен араласа білу өнерін меңгеруіне көбірек көмектесетін боламыз. Бізде қиындықтар да баршылық. Мысалы, коммунистік тәрбие проблемалары, ауызша әңгіме өткізу методикасы жөніндегі білікті лекторларды табу өте қиын. Біздің облыста олар саусақпен санарлықтай ғана және біздің облыстық «Білім» қоғамы ұйымдарына жасайтын өтініштеріміз кейде жауапсыз қалады. Республикалық газет-журнал беттерінде осы тақырыпқа арналған мақалаларды жиірек көргіміз келеді.

кәсіп товарларының жәрмеңкелері, тұрмысқа қажетті және мәдени мақсаттағы заттарды прокатқа алу ұйымдастырылды.

Талдықорған. «Советтік әдет-ғұрыптар — еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды құралы» деген тақырыпта облыстық ғылыми-практикалық конференция өтті, оған қалалық және аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, қалалық және аудандық атқару комитеттері председательдерінің орынбасарлары, қалалық және аудандық комсомол комитеттерінің секретарьлары, қалалық және аудандық мәдениет, оқу, ЗАГС, кино жүйесі, физкультура және спорт бөлімдерінің меңгерушілері шақырылды. Онда облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары Т. У. Сәрсенбаева баяндама жасады.


Баяндамада да, сөйлеген сөздерде де қызықты тәжірибе адрестері атады.

Ақтөбе. Стахановтық қозғалыстың 50 жылдығы қарсаңында мұнда социалистік жарысты одан әрі жетілдіру мәселелері жөнінен облыстық ғылыми-практикалық конференция болды.

Конференцияға қатысушылардың сөйлеген сөздерінде жарысты жетілдірудің, стахановтық қозғалысты дамытудың, еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысқа басшылық жасаудың, жарысты еңбектің бригадалық формасы жағдайында ұйымдастырудың актуальды мәселелері сөз болды. Конференцияға қатысушылар жұмыс тәжірибесін алмасты.

Штаттан тыс тілшілер мен облыстық газеттердің хабарларынан.

Digitized by Google



Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс

ОРАҚТЫҢ АЛДЫҢҒЫ ШЕБІНДЕ

Н. ШУЛЬЦ,

«Қима» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, үгітші

Орақ қарсаңында трактор-егіс бригадамызда егін жинауды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге арналған аудандық семинарға қатысушылар болып қайтты. Аудан шаруашылықтарының бәрінен келген үгітшілер мен саяси хабаршылар коллективіміздің жұмыс тәжірибесімен, көрнекі үгітпен таныстық, дала қосын, орталық усадьба—«Қима» селосындағы жұмысшылар үйлерін көрді.

Адамдар туралы, әр кісінің толық қайтарыммен еңбек етуі туралы қамқорлық жасағаны үшін коллективіміз атына айтылған мадақтауларды есту қуанышын жасыра алмаймын. Біздің бригадамыз міне, көптеген жылдар бойы тұрақты жұмыс істеп келеді. Ауа райы тым қуаң болған өткен жылдың өзінде біз әр гектардан 9,6 центнерден — көршілерімізге қарағанда екі есе көп астық жинадық. Биыл бізге бекітілген бүкіл 5513 гектарда егін тәуір өсті. Механизаторлар әр гектардан кемінде 15 центнерден астық бастыруға міндеттеме алды, сөйтіп енді өз серттерінен шығуға ұмтылуда. Екпінді, бүкіл жан-дүниесімен жұмыс жасайды.

Ал бүкіл «сыр» ең алдымен мынада: адамдардың еңбек көңіл-күйі бірқалыпты. М. С. Горбачев жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында айтқан солбір «адам факторы» оларды алға жетеледі. Біздің әрқайсымыз өз еңбегіміздің мәнін жақсы түсінеміз және елімізге астықты мүмкіндігінше көп беруге ұмтылудамыз.

Бүкіл идеялық-тәрбие жұмысы қабылданған міндеттемені орындауға бағытталған. Коммунистер инициативасы бойынша егіс қосында көрнекі үгіт безендірілді. Оның бірінші артықшылығы — нақтылығы. Механизаторлар ұрандарға, плакаттарға, молнияға бір қарағанда-ақ немесе социалистік жарыс жөніндегі стенд жанында сәл аялдағанның өзінде-ақ коллективтің қандай өндірістік көрсеткіштер үшін күресетінін, оның неге жеткенін, әлі де не атқаруға тура келетінін бірден біле алады. Көрнекілік әр комбайнның, трактордың жоғары өнімділігіне жету, жанар және жағар май материалдарын үнемдеуге шақырады.

Партия тобымыздың әр мүшесі үгітші болып табылады. Ол сөздерімен де, жеке үлгісімен де басқаларды өз соңдарынан ілестіреді. Біздің озат механизаторымыз Есен Оразалин адамдармен әңгімелерді даурықпа сөздерсіз, тартымды түрде жиі өткізеді. Табысты байқаса мадақтап, қолдайды. Дегенмен кемшіліктерді де көрсетеді.

Менің бригадир ретінде түсінік жұмыстарын жүргізуіме тура келеді. Бескүнгіс ішіндегі қорытындыны шығарғанда сол жерде нақты мәселені қозғайсың: «Ал көрші бригадада бұдан да көбірек жасай алды. Біздегі жағдай бірдей, ал мәтижелер әркелкі. Неліктен?» Адамдарға ойлану, оларды екпінді еңбекке бейімдеу үшін информация беруден үгітші жұмысының басты мағынасын көремін. Сөздің істен ешқашан алшақ кетпеуі өте-мөте маңызды.

Совхоз директоры Олег Борисович Тарковский бригадада жиі болады. Оның адамдармен әңгімелері, саяси хабарлары әрдайым иланымды, нақты фактілерге толы болады. Ол өзінің әр өңгімесін село еңбеккерлері алдында бүгінде тұрған міндеттермен тығыз қабыстырады.

Барлық жаңа, озық істерді батыл алмасып, практикада қолданудан біз еңбек тәрбиесінің негізін көреміз. Біздің бригадамыз егіншілік мәдениеті жоғары коллектив атағын ұстап отырғанын механизаторлар мақтаныш етеді. Диқандардың егіншіліктің топырақ қорғау жүйесін енгізу үшін көп еңбек етуіне тура келді. Бірнеше жыл қатарынан Целиноград ауыл шаруашылығы институтымен достық одақта біз бидайды интенсивті технология бойынша өсірумен айналысып келеміз. Биыл, мәселен, осындай тәсілмен 800 гектар алаң өңделді. Оларда бастырылған астық қалған учаскелерге қарағанда төрттен біріне жоғары.

Коллективіміз бригадалық мердігерлік бойынша үшінші жыл еңбек етеді. Бірыңғай нарядқа жұмыс істеу механизаторлардың еңбек өнімділігін орта есеппен 12 процент көтеруге көмектесті. Техниканың іркілістері азайды. Жанар майдың қыруар үнемі алынды. Адамдардың тапсырылған іс үшін жауапкершілігі артты. Бізде әр адамның үлесі еңбекке қатысу коэффициенті арқылы анықталады. Бригада советі өндірістік басты

Digitized by Google



Орал облысы. «Астықты қысқа мерзімде және ысырапсыз жинаймыз» — Теректі ауданының Мичурин атындағы колхозының еңбеккерлері осындай ұранмен жұмыс істеуде. Екі орақ-транспорт комплексі жабдықтау қызметтерінің бәрімен бірыңғай наряд бойынша еңбек етті. Комбайншылардың бәрі күн сайын тапсырмаларды асыра орындады. Үгітшілер комбайншылар, звенолар мен комплекстер арасындағы егін жинаудың жоғары сапасы жолындағы жарысты кеңінен жария етті.

Колхоз кітапханасының меңгерушісі Зылиқа Молдағалиева астық тағдыры шешіліп жатқан танапқа газет-журналдармен бірге «жауынгерлік листоктар», «молниялар» жеткізді, оларда жарыс қорытындылары күн сайын және бесқүндік сайын шығарылды.

Суретте: З. Молдағалиева орақ озаттары (солдан оңға қарай): звено жетекшілері М. Костюкпен және В. Костюкпен, комбайншылар Н. Головерьмен, С. Әубәкіровпен бірге тұр.

Суретті түсірген Ф. САЛЬНИКОВ (ҚазТАГ).

мәселелердің бәрін талқылап, коллективті шешім қабылдайды.

Қазір егін орағының қызу шағы. Оны жедел аяқтау үшін бригадамыздың комбайншылары егін жинаудың жылдамдатылған әдісін табысты қолданды. Бізге бекітілген 12 комбайнның бәрі тәулігіне кемінде 18 сағат пайдаланылады. Вахталық әдіспен жұмыс істейміз: екі комбайнда үш адамнан бар.

Жаңаша жұмыс істей отырып, комбайншы Виктор Егорович Якоби нормаларын үнемі бір жарым-екі есе асыра орындайды. Басқа көптеген механизаторлар да одан қалыспауда. Уақытты зая жібермей, олар түскі астарын танап басында ішеді, бұл жайлы аспазымыз Анна Николаевна Жежера қамқорлық жасайды, ол термосқа құйылған тамақты тікелей агрегат жанына жеткізеді.

Бүгінде Торғай тыңында әкелерінің үлгілері бойынша көптеген жас механизаторлар жұмыс істейді. Біз, үгітшілер, өз әңгімелерімізде олар жайлы атауды ұмытпаймыз. Еңбек әулеттерін барынша қолдап, семьялық звенолар мен экипаждар жұмысы үшін жағдай жасаймыз.

Бригадада інім Михаил жұмыс істейді. Ал бертінде коллективіміз ұлым Виктормен қоштасты. Дегенмен оны шығарып салу жақсы өтті. Ол басқа бригаданы басқаруға кетті. Виктор дықандық істің «әліппесін» бала кезінде-ақ бастады, тракторды немесе комбайнды жүргізуге рұқсат етуді өтінетін...

Викторды шығарып сала отырып, өзімнің алғашқы тәлімгерім Мартын Кесселді еске алдым. Біз ол кезде шатырларда тұрдық. Ол рақымшыл, сезімтал адам еді. Бізді, жастарды қолдап, өзінің механизаторлық тәжірибесін еркін алмасты. Мен содан бері жастар үшін тәлімгердің қаншалықты маңызды екенін білемін.

Қима селосы, шаруашылықтың басқа елді мекендері құлпырып келеді: көрікті, жайлы үйлер көшелері сап түзеуде. Жаңа мектептер, клубтар, магазиндер тұрғызылуда. Бұл да адамдарды советтік өмір салтының артықшылықтарына көрнекі түрде иландырады.

Өткенді еске түсіріп тұрғандай, бізді, темір жол разъезі жанындағы жер үйлерден тұратын бұрынғы егіс қосымыз сақталған. Біздің дала қосымыз мүлдем басқаша көрінеді. Оның территориясы гүлдермен көмкерілген, ағаштар мен бұталар отырғызылған. Қатқақ жол кірпіш пен бетоннан салынған үйлерге — жатақханаға, асханаға, моншаға апарады. Ең шалғай егіс қосының өзінде біз өзімізді өмірдің алғы шебінде тұрмыз деп сезінеміз. Жаңа газеттерден, журналдардан, радио мен телевизия хабарларынан, саяси хабаршылар әңгімелерінен совет адамдарының КПСС XXVII съезі құрметіндегі еңбек вахтасындағы тамаша істері туралы білеміз. Біз де екпінді еңбек етуге ұмтылудамыз.

Қима ауданы,
Торғай облысы.

Digitized by Google

ТАНАП ПЕН ФЕРМА ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРАЙЫҚ

Н. ҚҰЛҒАРИН,
Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің председателі

Ауыл-село еңбеккерлері КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдерінен, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезіне әзірліктен туындаған жоғары саяси және еңбек өрлеуі жағдайында өздерінің кәсіптік мерекелерін қарсы алуда. Он бірінші бесжылдықтың аяқталар жылында республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің материалдық-техникалық базасы нығайды, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлерін өндіру мен сатып алуды молайтуға қол жетті.

Күрделі ауа райы жағдайына қарамастан тұтасынан малды қыстан шығару ойдағыдай аяқталды. Оның қорытындысы бойынша Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай облыстары, 15 аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік пен 60 шаруашылық Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпаздары болды. Өндірістің 450 озаты республикада таңдаулы деп танылды. Олардың ішінде Көкшетау облысының Уәлиханов ауданындағы «Қайрат» совхозының шопаны Жұматай Бейсенбаев, Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданындағы «Москворецкий» совхозының сауыншысы Анастасия Потанчук, Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданындағы «Айрық» совхозының жылқышысы Рай Мұхамедияров, Орал облысындағы Теректі ауданының Мичурин атындағы колхозының бұзау өсірушісі Евгения Михайлова, Торғай облысындағы Октябрь ауданының «Октябрь» совхозының шошқа өсірушісі Александра Расулова және фермалардың көптеген басқа қызметкерлері бар.

Республикада алғашқы жарты жылдықта өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда сүт өндіру 2 процент, жұмыртқа — 3 процент өсті.

Биылғы көктем ұзаққа созылып, салқын болғанымен егіншілер көктемгі дала жұмыстарын дер кезінде, жоғары сапамен жүргізіп, егістікті жақсы баптап, тұтасынан егінді бітік өсірді. Қазір ауыл-село еңбеккерлері жер-жерде егін жинауда — жылдың басты емтиханын тапсыруда.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп дайындау да ойдағыдай аяқталып келеді. 1 сентябрьге дейін республикада пішен мен пішендеменің жоспарға қарағанда 90 процентке жуығы, шөп ұнының 70 процентейі дайындалды.

КПСС Орталық Комитетіндегі ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңестің талаптарына сәйкес республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінде шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері кеңінен таралып, ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі интенсивтендіруге олардың жасар ықпалы күшеюде.

Қазір республикада жаздық бидайдың 4,6 миллион гектары интенсивті технология бойынша өсіріледі, мұның өзі оның бүкіл егістігінің үштен бірін құрайды. Индустриалды технология бойынша өсірілетін дәндік жүгері, техникалық дақылдар мен картоп егістіктері ұлғайды.

Ғылым мен өндіріс байланысы ұдайы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары түрлі топырақ-климат жағдайлары үшін жүзден астам дақыл, 820 сорт, соның ішінде күздік бидай, жүгері, тары аудандастырылды. Малдың 30-дан астам асыл тұқымы, соның ішінде республикамызда өсірілген жаба жылқысы, солтүстік қазақстандық биязы жүнді қойлар мен оңтүстік қазақстандық меринос, ірі қара малдың етті тұқымдары — қазақтың ақбас сиырлары фермалардың табындарын толықтырды.

Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының өнімдерін өндірудің индустриалды технологиясы кеңінен енгізілуде. Қазір республикада сүт, ірі қара мен шошқа етін өндіру жөнінен жүзден астам комплекс, қой етінің 28 проценті өндірілетін 47 қой шаруашылығы комплекстері жұмыс істейді. Құс фабрикаларында жұмыртқаның 98 проценті және бүкіл құс еті дерлік дайындалады. Комплекстерде еңбек өнімділігі мен өнім сапасы жоғары, ал жемшөп шығыны төмен.

Өмір,күнделікті практика көрсетіп отырғанындай, еңбек белсенділігін арттырудың, адамды тәрбиелеудің социалистік жарыстан асқан аса пәрменді құралы жоқ.

Қазіргі уақытта 2 миллионға жуық село еңбеккері еңбек сайысына қатысуда. 400 мыңдай адам коммунистік еңбек екпіндісі атағына ие болды, ал 2960 бригадаға, учаскеге және бөлімшеге коммунистік еңбек коллективі атағы берілді. Сонымен бірге бұқаралық, кеңінен жариялылық барған сайын жарыска тән сипатқа айналуда.

Республикада «КПСС XXVII съезіне — 27 он күндік» ұранымен өтіп жатқан еңбек вахтасында 315 шаруашылық пен кәсіпорын, 2544 бригада, смена, учаске және 120 мың еңбекші көтеріңкі міндеттеме қабылдады. 270 мыңнан астам совхоз жұмысшысы мен колхозшы, 4565 бригада, смена, учаске, звено, 478 кәсіпорын мен ұйым бесжылдықты Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін аяқтауға міндеттенді, 489 еңбек коллективі мен 47700-ден астам еңбекші арт-

10 октябрь — ауыл шаруашылық қызметкерлері күніне

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

та қалған коллективтер мен қызметкерлерді қамқорлыққа алды.

Шығыс Қазақстан облысындағы Самар ауданының Ленин атындағы колхозының коллективі мемлекетке ет пен сүт сату жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Үстіміздегі жылдың соңына дейін жоспардан тыс 900 тонна сүт және 500 тонна ет сату белгіленді. Осы облыстан КПСС XXIII съезі атындағы теплица совхозында бесжылдық тапсырма овощ тапсыру жөнінен төрт жылда орындалды және бесжылдықтың соңына дейін мемлекетке қосымша 5600 тонна овощ өткізу, ал КПСС XXVII съезі ашылатын күнге дейін ерте пісетін кемінде 240 тонна овощ тапсыру ұйғарылды.

Алматы облысындағы «Алматы» совхозының коллективі мемлекетке бесжылдық тапсырмадан тыс 450 тонна ет, 5500 тонна сүт, 1000 тонна астық сатуға, ал съезд ашылар күнге дейін 1600 тонна сүт және 200 тонна ет өндіріп, осы арқылы алғашқы тоқсанның жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығуды белгіледі. Биыл 2634 совхоз бен колхоз, кәсіпорын мен ұйым коллективі үнемделген ресурстармен екі күн жұмыс істеуге ұйғарды.

Кәсіподақтардың республикалық комитеті Ауыл шаруашылығы және Жеміс-овощ шаруашылығы министрліктерінің коллегияларымен бірлесіп, жемшөпті жоғары сапалы дайындау, егін жинауды дер кезінде және сапалы өткізу, 1985 жылы астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тасымалдауда автомобиль транспортын тиімді пайдалану жолындағы социалистік жарыс шартын талдап жасап, бекітті.

Жарыс қорытындыларын шығару практикасы жақсарып келеді. Бөлімшелер, фермалар, цехтар және учаскелер арасында қорытындылар ай сайын, ал бригадалар мен жұмысшылар арасында апта сайын шығарылады. Семей облысының кәсіподақ комитеттері жарысты ұйымдастыруға тұрақты көңіл бөледі. Мұнда өндіріс озаттарын мадақтауға ғана жыл сайын 15 мың сом бөлінеді, 200 адам тегін туристік жолдамалармен мадақталады, 500 озатқа кезектен тыс автомашина және мотоцикл алу правосы беріледі. Облыста атақты адамдар атындағы жүлделер беру секілді формалар таралды. Шұбартау ауданында, мәселен, әр жүз саулықтан 120 қозыдан алған шопанға «Аудан чемпионы» атағы беріліп, Социалистік Еңбек Ері Ж. Шүлембаев атындағы жүлде тапсырылады.

Республикада егіншіліктің жоғары мәдениеті жолындағы қозғалыс ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді одан әрі молайту жолындағы жарыстың маңызды формасына айналды. Ол тың облыстарында өте-мөте кеңінен дамытылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын тиімді пайдалану жолындағы байқаулар, жер жыртушы механизаторлар, мастер-баптаушылар конкурстары, таңдаулы егіс қосы конкурстары және басқалар осыған бағындырылған. Егін орағы тұсында трактордың, комбайнның, автомашинаның жоғары өнімділігіне жету жолындағы жарыс кеңінен өріс алды.

Селода коллективтік мердігерлік барған сайын берік орнығуда. Республикада бригадалар мен звенолардың өсімдік шаруашылығында 30, мал шаруашылығында 18 проценті еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің жаңа формасы бойынша жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің коллегиясы, кәсіподақтардың республикалық комитетінің президиумы және «Қазақстан ауыл шаруашылығы» — «Сельское хозяйство Казахстана» журналының редакциясы жыл сайын мердігерлікте жұмыс істейтін бригадалар мен звенолардың байқау конкурсын өткізеді. Жеңімпаздарға Құрмет грамоталары мен ақшалай сыйлықтар, тегін туристік жолдамалар тапсырылады.

Кәсіподақ комитеттері жоспар мен міндеттемені жүзеге асыру барысында еңбекті қорғау жөніндегі шараларға айрықша көңіл бөледі. Өткен жылы ғана 32,5 мыңнан астам қызметкердің, соның ішінде 6,6 әйелдің еңбек жағдайлары талаптар мен

Digitized by Google

нормаларға сәйкестендірілді, мұның өзі жоспарланған деңгейден асып түседі.

1984 жылы ауылдар мен селоларда санитарлық-тұрмыстық, емдеу-профилактикалық мекемелерінің құрылысы кеңінен жүргізілді. Душ, жуыну орындарын, әйелдердің жеке гигиенасы бөлмелерін, демалыс бөлмелерін іске қосу, ауруханалардағы төсектерді және асханалардағы орындарды көбейту жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды. Еңбекті қорғау жөнінен 320 кабинет ұйымдастырылды, 27 денсаулық сақтау пункті іске қосылды, мұның өзі жоспардағыдан көп.

Әйтсе де ауыл шаруашылығында жарысты ұйымдастыруда шешілмеген мәселелер баршылық. Ол экономиканың тиімділігін арттыруға, жоғары сапалы өнім өндіруді молайтуға, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге белсенді бағытталуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері бізді осыған бағдарлайды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас апрель Пленумында жасаған баяндамасында атап көрсеткеніндей, «колхоздар мен совхоздардың, ұқсатушы кәсіпорындардың азық-түлік тауарларын өндіруді айтарлықтай арттыруға мүмкіндіктері бар. Оларды шаруақорлықпен жұмсап, қолда бар потенциалды тиімді пайдалану керек».

Қазір бүкіл күшті Отанымызға астықты, овощты, етті, жұмыртқаны, және басқа өнімдерді көп беруге шоғырландыру, жекелеген шаруашылықтардың, аудандардың және облыстардың қарыздарын өтеуі, болашақ егін үшін жақсы негіз қалауы қажет.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында шартты түрдегі бір малға есептегенде жай және балауса жемшөптің кемінде 18 центнер жемдік өлшемін дайындау міндеті қойылды. Бұл — мал қыстатудың қалыпты барысына кепілдік бере алады, мал өнімдерін өндіру мен дайындауды қыруар ұлғайтады.

Бір сөзбен айтқанда, барлық бағыт бойынша, әр учаскеде нақты қауырт жұмыс, жинақылық, жоғары тәртіп талап етіледі. Село еңбеккерлері тек осылай ету арқылы аяқталар жылдың және тұтасынан бесжылдықтың жоспарын табысты орындап, Азық-түлік программасын жүзеге асыруға өз үлесін қосады, лениндік партияның XXVII съезін лайықты қарсы алады.

ХАЛЫҚ ДАСТАРҚАНЫНА

Халықты тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуде тамақ және ет-сүт өнеркәсібі қызметкерлері маңызды роль атқарады. Республикамыздың осы салаларының коллективтері соңғы төрт жарым жыл ішінде жоспарды кондитер, макарон және шұжық тағамдарын, өсімдік майын, консервілер, қант-рафинад, алкотольсіз сусындар, минералдық сулар өндіру жөнінен асыра орындады. Ет, мал майын, сыр, қаймағы алынбаған сүт және басқа өнімдер өндіру молайды. Олардың өсімі негізінен еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынды. Өнімнің түр-түрі көбейіп, оның сапасы жақсарып келеді. Өткен жылы ғана 360 миллионнан астам сомның сапасы жақсартылған азық-түлік тауарлары өндірілді, ал олардың жалпы мөлшердегі үлесі Ет және сүт өнеркәсібі министрлігінде 16 процентке және Тамақ өнеркәсібі министрлігінде 16 процентке және Тамақ өнеркәсібі министрлігінде — 10 процентке жетті. Үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері жаңа тағамдардың 200-ден астам түрін шығару игерілді. Өнімдердің жұрымдылығын арттыру үшін жергілікті және дәстүрлі емес шикізат: емдік шөптер, жеміс ұнтақтары мен сықпасы, белокты толтырушылар мен байытқыштар пайдаланылуда. Тамақ өндірісінде сүт сарысуы кеңінен қолданылуда. Ол қосылған нан дәмді болады, көп уақыт бойы қатпайды. Сонымен бірге мұның өзі ұнның қыруар үнемін береді. Сарысу концентратын кондитер тағамдары рецептурасына қосу олардың биологиялық бағалылығын арттырады. Тамақ пен ет және сүт өнеркәсібі халық шаруашылығының материалды көп жұмсайтын салаларына жатады. Мұнда товарлы өнімнің өзіндік құнының құрылымында шикізаттың үлес салмағы 85 процентке жуық құрайды. Сондықтан үнем мен ұқыптылық, ауыл шаруашылығы шикізатын комплексті пайдалану, пайдалы қоспаларды барынша толық айырып, жинау, жаңа және қосалқы ресурстарды іздестіру азық-түлік тауарларын өндіруді молайтудың, өндіріс тиімділігін арттырудың, айналадағы ортаны қорғаудың ең басты резервтерінің бірі болып табылады.

Осы талап енді барынша жақсы ескерілуде. Мәселен, тамақ кәсіпорындарында прогрестік технология мен жаңа техниканы енгізу, шикізатты жұмсау нормасын қайта қарап, оларды қысқарту есебінен үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері 2200 тонна ұн, 420 тонна өсімдік майы, 200 тонна астық, сондай-ақ 400 мыңнан астам шыны шөлмек және жүздеген мың сомның басқа материалдық ресурстары үнемделді. Қосалқы өнімдерден жемдік және наубайханалық ашытқы, этиль спиртін, глицерин, биопрепарат өндіру ұйымдастырылды. Сондай-ақ көмір қышқылы, эфироэльдигитті және сивушты топтар тазартылады.

Ет-сүт өнеркәсібінде мал шаруашылығы өнімдерін пайдалану жақсарды.

Қаймағы алынған сүтті, май су-

20 октябрь — тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

ын, сүт сарысуын өнеркәсіптік ұқсату мөлшері өсті. Соның нәтижесінде бесжылдықтың басынан бері қосымша өнімдер өндіруге 2 миллион тоннадан астам сүт пен 100 мың тоннадан астам ет өнімдері босатылды. Ет комбинаттарында етті арнаулы ұқсату арқылы оларды сақтаудың прогрестік тәсілі енгізілуде, мұның өзі еттің дегдуден кемуін 20 процент азайтуға көмектеседі және 1 тонна өнімге 3 сом үнемделеді.

Республикамызда тамақ пен ет-сүт өнеркәсібі жедел дамып келеді. Жыл сайын жаңа кәсіпорындар берілуде, жұмыс істеп тұрғандары қайта құрылуда, ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі шаралар кең ауқымда жүзеге асырылуда. Қазір 1300-ден астам жоғары өнімді желі жұмыс істейді, ал 670 цех пен учаске комплексті механикаландыруға ауыстырылды. 1981—1984 жылдары жаңа кәсіпорындар құрылысына, жұмыс істеп тұрғандарын қайта құрып, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға 226 миллион сом бағытталды. Осы тұста жаңа техника мен прогрестік технология жөнінен 1780 шара және 12,3 мың рационализаторлық ұсыныс пен өнертабыс енгізілді, оларды жүзеге асырудан 25 миллиондай сом экономикалық тиімділік алынды.

Бүгінде сала еңбеккерлері КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында және ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте жасаған баяндамаларында ұсынылған үлкен міндеттерді жүзеге асыру жолында табандылықпен жұмыс істеуде. Алматы мен Петропавлдың наубайхана өнеркәсіп орындарының, Өскемен экстрактымай заводының, Қарағанды ет комбинатының және басқа бірқатар кәсіпорындардың коллективтері социалистік жарыс көшін бастап келді, олар көтеріңкі міндеттемені табысты орындауда.

Есімдері республикадан тыс жерлерге мәлім өндіріс озаттары мен жаңашылдары барлық істер мен бастамаларға серпін беруде. Олардың ішінде Социалистік Еңбек Ерлері Жамбыл қант комбинаты слесарьларының бригадирі Н. А. Гребенюков, «Аралсоль» комбинаты тұз комбайнының машинисі А. Сарымсақов, Семей ет-консерві комбинатының мал союшысы Т. Байсқақов, Орал ет комбинатының тері сұрыптаушысы М. Жұлымов, Жамбыл қызылша заводының сауыншысы Е. И. Савинковская, Алматының № 2 заводының мастер-наубайшысы, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. А. Марушкина, Қарағанды кондитер фабрикасының жұмысшысы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Ф. Молостова және басқа көптеген адамдар бар, олардың еңбегі үкімет наградларымен лайықты бағаланды.

Партияның экономиканы интенсивті даму жолына жедел ауыстыру жолындағы бағытын бірауызды қолдап, «АвтоВАЗ» бастамасын қостай отырып, Еңбек Қызыл Ту орденді СССР-дің 60 жылдығы атындағы Қарағанды кондитер фабрикасының, Қостанай сүт өнеркәсібі бірлестігі кәсіпорнының, Ақсу қант заводының коллективтері он екінші бесжылдықтың бақылау тапсырмаларын асыра орындауға инициатива жасады. Мәселен, Қостанай облысы сүт өнеркәсібінің қызметкерлері алдағы бесжылдықта 1,7 миллион сомның майын, сырын және басқа сүт өнімдерін өндіруге, оның өзіндік құнын 300 мың сомға кемітуге ұйғарды. Бұған резервтерді барынша пайдалану есебінен қол жетеді. Әйтсе де қолда бар резервтер барлық жерде бірдей тиімді пайдаланылмайды.

Өндіріс жоспарын үнемі орындамайтын, өндірістік қуаттарды нашар игеретін кәсіпорындар әлі де аз емес. Шикізатты, материалдық және отын-энергетика ресурстарын пайдалануға барлық жерде бірдей жауапкершілікпен қарамайды. Жұмыс уақытының ысырабы әлі де зор. Еңбек және өндірістік тәртіпті бұзуға жол беріледі. Алматы кондитер фабрикасының коллективі жоспарлы тапсырманы ұзақ уақыт бойы орындай алмай келді, ол үстіміздегі бесжылдықта он мың тоннадан астам өнімге қарыздар болып қалды. Петропавл сыра қайнату заводында өндірістік қуаттар қанағаттанғысыз пайдаланылуда, олар Шымкент макарон фабрикасында нашар игерілуде. Павлодардың наубайхана бірлестігінің коллективі облыс тұрғындары алдында көптеп қарыздар. Мұнда соңғы уақытқа дейін өнім сапасын жақсарту жөнінен белсенді жұмыс жүргізілмейді.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумында былай деп атап көрсетті: «Істі әрбір бірлестік пен кәсіпорын артта қалушы цехтар мен учаскелерсіз, әрбір цех — артта қалушы сменалар мен бригадаларсыз жұмыс істейтіндей етіп жолға қою керек. Партияның талабы міне осындай, сондықтан ол біздің барлық кадрларымыз үшін бұлжымас заңға айналуға тиіс».

Бүгінгі басты міндет — халықты жоғары сапалы және түрлі тамақтық өнімдермен тұрақты, үзіліссіз қамтамасыз ету, жаңа егіннің өнімдерін дер кезінде және ысырапсыз ұқсату, өндірістің интенсивті әдістерін барынша табандылықпен енгізу. Қазақстанның тамақ, ет және сүт өнеркәсібінің еңбек коллективтерінің, барлық мамандары мен қызметкерлерінің күш-жігері осы мақсатқа бағындырлуы тиіс.

И. ДАНИК,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

ЖОҒАРЫ ТИІМДІЛІК ЖОЛЫНДА

Ғ. ЕСМАНБЕТОВ,
Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрінің бірінші орынбасары

Автомобиль транспортының артықшылықтары: жолда жүктерді ауыстырмай жеткізу жылдамдығы, қабілеті орасан зор. Үстіміздегі бесжылдықта, белгіленгеніндей, автомобиль тасымалының басым өсуі қамтамасыз етілді, республикада олардың үлесіне жеткізілетін жүктердің жалпы көлемінің төрттен бірі келеді.

Сонымен қатар транспорт шығындарының салдарынан халық шаруашылығында өндірілетін өнімнің қымбаттауын ұмытуға болмайды. Осыған байланысты оның жолда сақталуын қамтамасыз ету және жеткізуді тездету, еңбек шығынын, жанармай және басқа да материалдық ресурстарды қысқарту өте маңызды. Партия біздің алдымызға осындай міндеттерді қойып отыр. Және сала еңбеккерлері оларды жүзеге асыра отырып, ғылым мен техника жетістіктерін, прогрессивті технология мен озық тәжірибені барған сайын кеңінен пайдалануда. Осының арқасында он бірінші бесжылдықтың өткен кезеңі ішінде олар жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша атқарып, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алу құрметіндегі социалистік міндеттемелерді табысты орындауда.

Ғылыми-техникалық прогресс сала қызметінің алуан түрлі жақтарын қамтуда. Мәселен, 1700-ден астам кәсіпорын мен жүк жөнелтуші ұйым, барлық ірі темір жол станциялары, өзен порттары мен пристаньдар орталықтандырылған қызметке ауыстырылды. Басқарудың автоматтандырылған жүйелері құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарының көпшілігіне қызмет көрсетуде, мұнай өнімдерін, металл прокатын, және өнеркәсіп товарларын жеткізуде, егін жинау кезінде қырмандардан дайындау пункттеріне астық тасымалдауда табысты жұмыс істеуде. Жүктерді контейнерлеу және пакеттеу тасымалдың жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Бұл үшін ведомстволарға қарасты кәсіпорындарда жүк көтергіштігі 3-5 тонналық 12 мың арнаулы универсалды контейнер жасалды, мыңнан астам автомобиль өздігінен жүк тиеуші крандармен және жүк көтергіш қораптармен жабдықталды. Осындай жолмен контейнерлі тасымал көлемі 5 есе және пакетті тасымал 2,5 есе ұлғайды.

Автопоездармен тасымал көлемін одан әрі ұлғайтуда жүк автопаркінің жұмыс тиімділігін арттырудың басты резервтері жатыр. Министрліктің ауыр салмақты автомобиль тіркемелерін шығару, ал олардың соңғы жылдар ішінде 23 мыңнан астамы жасалды, сондай-ақ тіркеме паркін қолдану саласын одан әрі кеңейту жөнінен қабылдаған шаралары автопоездар орындайтын жүк айналымының үлес салмағын транспорт жұмысының жалпы көлемінің 64 процентіне дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Автомобильшілер егін жинауда әрдайым үлкен жігермен жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы да орақ науқаннан көп бұрын әрбір автомобиль кәсіпорынында еңбек достық одағы мен бригадалық мердігерлік шарттары негізінде ауыл шаруашылығы және дайындау ұйымдарымен іскер өзара қарым-қатынасты нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Совхоздармен және колхоздармен бірлесіп, орақ-транспорт комплекстерін құру жоспарлары жасалды, қолда бар барлық автомобиль тіркемелері мен трактор арбаларын барынша толық пайдалану мәселелері шешілді.

Астықты, сүрлем балаусасын, қант қызылшасын танаптан қырмандарға және қоймаларға тасымалдаудың комбитрейлерлі және үлесті жүйелері өте кеңінен таралды. Олар автомобильдердің өнімділігін үш есе арттыруға, оларға деген қажеттілікті едәуір қысқартуға, тасымалдың өзіндік құнын 30 процент кемітуге, комбайндардың өнімділігін 15-20 процент арттыруға мүмкіндік берді.

Үстіміздегі бесжылдықта жұмыс істеп тұрған жолаушылар автомобиль кәсіпорындарының өндірістік-техникалық базасы қыруар нығайды. Целиноградта, Теміртауда, Екібастұзда, Павлодарда, Талдықорғанда, Жітіқарада, Лисаковте, Арқалықта ірі автобус парктері, Шымкентте такси паркі және басқа да кәсіпорындар пайдалануға берілді. 130 автомобиль станциясы мен 16 автобус вокзалы, оның ішінде Алматыда аса ірі автобус вокзалы салынды, сондай-ақ онда автобус тасымалын диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылды, мұндай жүйелер Қарағанды мен Өскемен қалалары үшін жасалуда.

Соңғы жылдар ішінде 700-ге жуық жаңа автобус маршруты ашылды. 230 се-

27 октябрь — автомобиль транспорты қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

лолық елді мекенге қосымша тұрақты қозғалыс ұйымдастырылды. Бүгінде күн сайын автобустармен 9 миллион адам тасымалданады.

Социалистік жарыс барысында барлық жаңа, озық атаулы дүниеге келуде. Жүргізушілер арасында Социалистік Еңбек Ерлері В. П. Щербаков, Т. К. Қазбеков, Н. И. Киреев, З. С. Бесбаев, СССР Жоғарғы Советінің депутаты А. У. Юнусов, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары П. Н. Агапов, К. Т. Самарханов, Г. А. Черепанов, А. Е. Есмағанбетов, А. Д. Пішенбаев және басқалар өздерін өз ісінің тамаша шеберлері, жастар тәлімгерлері ретінде көрсетуде. Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дипломанты, Алматының № 1 автомобиль жөндеу бірлестігінің технологы В. Н. Соболев, саланың таңдаулы рационализаторлары, Павлодар жүк автомобиль басқармасы Ленинск транспорт-пайдалану кәсіпорнының бас механигі З. О. Тауш және Лисаков жолаушылар автомобилі кәсіпорнының слесары М. К. Нұрманов, Алматының № 2 жолаушылар автобусы паркінің фрезершісі Л. С. Киткин және басқалар өндіріс тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосуда.

Бүгінде сала еңбеккерлері алдында жаңа, анағұрлым күрделі міндеттер қойылып отыр. КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте М. С. Горбачев жолдас айтқанындай, енді әңгіме халық шаруашылығының өсу қарқынын жай ғана арттыру туралы ғана емес, біздің дамуымыздың жаңа сапасы, стратегиялық маңызды бағыттарда тезірек ілгері басу жайында болып отыр. Демек, автомобильшілердің де үлкен жұмыстарды атқаруына тура келеді.

Бізде интенсивті даму жолына ауысу үшін негіздер баршылық. Үстіміздегі бесжылдықта жаңа техниканы, прогрессивті технологияны енгізу, өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру жоспарлары бойынша экономикалық тиімділігі 20 миллион сомнан асатын 300-ге жуық шара жүзеге асырылды, экономикалық тиімділігі 19 миллион сомнан астам 47 мыңнан астам рационализаторлық ұсыныс пен 500 өнертабысы енгізілді. 300-ден астам комплексті-механикаландырылған желі, рессорларды, тораптар мен агрегаттарды жөндеу және ауыстыру жөніндегі постылар мен учаскелер, өндірістік процестерді механикаландырудың тұтасынан бірқатар басқа құралдары мен комплекстері монтаждалды.

8 автомобиль басқармасында жылжымалы составқа, ең алдымен КамАЗ автомобильдеріне орталықтандырылған техникалық қызмет көрсету жөнінен кәсіпорындар құрылды. Он екінші бесжылдықта олар облыс орталықтарының бәрінде жұмыс істейтін болады. 200 автомобиль кәсіпорнында техникалық қызметті орталықтан басқарудың жүйесі енгізілді, ал Павлодар жүк және басқа да бірқатар автомобиль басқармаларында ол облыстар дәрежесінде жұмыс істейді, мұның өзі жөндеуші жұмысшылардың еңбек өнімділігін 15-20 процент, парктің техникалық әзірлігін 10-13 процент арттыруға, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге жұмсалатын шығындарды 7-8 процент кемітуге мүмкіндік берді.

Жоғары өнімді гараж жабдықтарын механикаландыру, құру және енгізу дәрежесін арттыруға бағдар ұсталды. Биылғы жылдың өзінде оның 2500-ден астам өлшемін шығару белгіленді. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу процестерін басқару және қозғалыс қауіпсіздігіне, атмосфераның ластануын кемітуге ықпал ететін агрегаттар мен тораптардың техникалық жайын тексеру үшін диагностика құралдарын пайдалану кеңейтілуде.

Министрлікте ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөнінен комиссия құрылды. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстар комплексі, сондай-ақ 1990 жылға дейін нәтижелерді игеру және оларды өндіріске кеңінен енгізу жөніндегі жұмыстар жоспарланған салалық ғылыми-техникалық программалар жасалып, бекітілді.

Үстіміздегі жылдың басында салада «Казавтотранстехника» ғылыми-өндірістік бірлестігі ашылды, мұның өзі ғылыми зерттеулерді, конструкторлық жұмыстарды, талдаулар мен озық тәжірибені дайындау мен орталықтан сала кәсіпорындарында енгізуді қамтитын бірыңғай технологиялық жүйені қалыптастыруға көмектесті.

Тікелей автомобиль автотранспорты кәсіпорындарында май құю станцияларын салу есебінен энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, автомобильдердің өнімсіз жүрісін қысқарту осы жұмыс бағыттарының бірі болды. Алматы, Шымкент, Жамбыл, Орал және Қостанай облыстарында автомобиль паркінің біраз бөлігі қысымды және сұйытылған газға ауыстырылды. Ал бір мың автомобильдің сұйытылған табиғи газды пайдалануы ғана жылына орта есеппен 10 мың тоннаға дейін бензин үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ отын үнемдейтін технологияны енгізу жөніндегі шаралар қабылдануда.

Біздің жұмысымыздың нәтижелерін сын көзбен бағалай отырып, өз қызметін жаңаша, бүгінгі күн талабы рухында баяу құратын кәсіпорындардың коллективтері әлі де бар екенін айтқан жөн. Олар бұрынғыша жұмыс істейді, қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді пайдаланбайды. Мұнда ғылыми-техникалық прогресс экономиканы дамытудың аса маңызды факторына айналмаған.

Міндет мынада: саланың автотранспорттың барлық буындарында басқаруды жақсарту, коллективтерді өндірісті жеделдетуге батылырақ бағдарлай беру, даму қарқынын арттыру, жалпы пайдаланудағы автотранспорттың барлық жүйесінің жұмыс тиімділігін үйлесімді арттыруға қол жеткізу.

Digitized by Google

КӨҢІЛДІ ӨТТІ

Шүбәланушілердің кекесінді мысқылдарын, ішімдіктердің көмегімен көңіл көтеруге әдеттенгендердің күмәнді көзқарастарын алдын-ала аңғардық. Бірден айтайын, кез келген тойдағыдай, сауықсайран да, ән де, би де болды, және алкогольды ішімдіктері көл-көсір тойда ұшыраспайтын және ұшырасуы тиіс емес нәрсенің бәрі болды. Өйткені столға қойылған шөлмектер емес, масайрау сәтіндегі көңіл-күй емес, жас адамдардың бірін-бірі тауып, олардың алғашқы ортақ семьялық мерекесі —тойға байланысты шынайы қуанышы нағыз сауықсайранның арқауы болды.

Облыстық «Рассвет» химиялық тазалау бірлестігі кадрлар бөлімінің қызметкері Ирина Кузнецова мен № 1 автотранспорт кәсіпорнының жүргізушісі Виктор Кондратенко үйлену салтанатының айыпкерлері болды. Жастар үйінде некені салтанатты түрде тіркеу өтті. Жастар гүл ұстаған адамдар арасымен кілем төсеніш арқылы өтіп, некені тіркеу залына көтерілді. Мендельсонның той маршы шырқалуда. Талдықорған қалалық ЗАГС бюросының меңгерушісі Ш. Б. Әбілтаева некені салтанатты түрде тіркеуде. Жастар өздерінің семьялық одағын қол қойып бекіткеннен кейін залда Совет Одағы мен Қазақ ССР-нің гимндері салтанатты түрде шырқалды. Содан кейін жастарды халық депутаттары қалалық Советінің депутаты А. Г. Попов құттықтап, неке туралы куәлік тапсырды. Партия, соғыс және еңбек ардагері Е. А. Әбдірахманов, «Рассвет» химиялық тазалау бірлестігі жергілікті комитетінің председателі Р. А. Эллерт құттықтау сөз сөйледі.

Жастардың қасына ата-аналары, достары келді. Олар бірінен кейін бірі қызу құттықтап, бақытты өмір сүрулеріне тілектестік білдіруде.

— Мен күйеу мен қалыңдықты бала кездерінен білемін, — деді өз құттықтауында Ушинский атындағы орта мектептің мұғалімі Т. А. Косарева, — олар менің шәкірттерім болды. Олар жайында тек қана жақсы сөз айта аламын. Сендердің өз балаларыңды да біздің мектепке әкелулеріңе тілектеспін.

Жастарға алғашқы тарту—вальс ұсынылды. Алғашқы вальсты екеуі биледі.

Фойеде буфет орналасқан, оған әртүрлі шырындар, сулар, кондитер тағамдары қойылған. Дәстүрлі шампан тығындары төбеге атылған жоқ, рюмкалар сылдыры болған жоқ, оның есесіне туғандар мен жақындардың шынайы құттықтау сөздері, қуаныштары күлкілері естілді.

Жас жұбайлар шеруі Даңқ обелискісіне бет алды. Жастар оның тұғырына гүл шоқтарын қойды. Содан кейін қаланы аралады, сосын бәрі той салтанаты өтетін «Березка» кафесіне беттеді.

Жастарды асқақ әнмен қарсы алды. Ата-аналары жастарға дәм-тұз ұсынды. Залдың ортасында «Тату-тәтті өмір сүріңдер» деген дәстүрлі плакат, қабырғаларда «Семья махаббатын кім сақтайды? Әрине, ене» деген әзіл-шыныаралас жазулар.

Тойда өзінің атрибуттары мен символдары болды, жасырып қайтеміз, жастарды ұмытып, ішіп алған қонақтардың масайраған стол басында отыруы көбіне ескерілмеген ғой. Мысалы, күйеу мен қалыңдыққа әзіл түрінде жазылған аманаттар тапсырылды. Дипломдар мен медальдар жастардың ата-аналарына тапсырылды. Жастарға таза бұлақ суы мен күшті сусын-қымыз құйылған хрусталь фужерлер ұсынылды.

Осындай әдеттегіден тыс той қалай өтті? Бұған әрине, оған қатысушылардың өздері бәрінен де жақсы жауап береді.

Күйеу жігіттің атасы И. Г. Кондратенко:

— Мен өз жұбайыммен 61 жыл өмір сүрдім. Мен Гавриловкада тұңғыш колхозды ұйымдастырушылардың қатарында болдым. Тойларда спиртті ішімдік мөлшері қазірдегідей болмағаны есімде. Ұлдарымды да үйлендірдім. Онда да ішімдік ішу болған жоқ. Және мен өз немеремнің тойында да спиртті ішімдіктің болмағанына өте қуаныштымын. Ең бастысы, жастар бірін-бірі жақсы көріп, олардың дені сау балалар тууы басты мәселе ғой. Біз қолымызда бар не жақсыны шарапқа батыру үшін емес, жаңа өмір, Отан соғысы кезінде Отанымыздың тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрестік.

Күйеу жолдас, селолық құрылыс комбинатының қалыптаушысы П. Корент:

— Алкогольсыз той — бұл, әрине, жаңалық. Әйтсе де мен осы дәстүр берік орнығады деп ойлаймын. Бізге спиртсіз де көңілді. Нақ жастардың өздері бүкіл ойын-сауықтың ортасында болды. Және құттықтау сөздері олардың адрестеріне мас көңілден емес, шын жүректен айтылды. Спиртті ішімдіктердің тым көп болуынан той дастарханында ұшырасатын әдепсіздіктер байқалған жоқ.

Л. НЕВЗОРОВА.
(Талдықорған облыстық «Заря» коммунизма» газеті).

Digitized by Google

1985 жылғы октябрь—декабрь айларына арналған лекциялардың, әңгімелердің және саяси хабарлардың үлгі тақырыбы

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алайық.

Қазақстан съезден съезге дейін.

Коллективтің КПСС XXVII съезіне, Қазақстан Компартиясының XVI съезіне тапсыратын еңбек рапортына сенің қосар жеке үлесің.

Еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуын жеделдету — бірінші кезекті мәні бар міндет.

Халықтың әл-ауқатын арттыру — КПСС қызметінің жоғары мәні.

Ұлы Октябрь туы астында (Ұлы Октябрь социалистік революциясының 68 жылдығына).

Нақты социализмнің Негізгі Заңы (7 октябрь — СССР Конституциясы күніне).

Ерікті елдердің мызғымас одағы (30 декабрь — СССР-дің құрылған күніне).

Есеп берулер мен сайлаулар — партия ұйымдарының коммунистердің авангардтық ролін арттыру, совет қоғамы өмірінің барлық жақтарына партиялық ықпалды күшейту жөніндегі жұмысының маңызды кезеңі.

Идеялық иланым — еліміздің алдында тұрған міндеттерді шешуде адам факторының ролін арттыру негізі.

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шоқан Уәлиханов — көрнекті қазақ ағартушысы, ғалым (туғанына 150 жыл толуына).

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету — өмір талабы.

Қазақстан халық шаруашылығын интенсивтендіру программасы ғылыми-техникалық, ұйымдық, саяси жағынан қамтамасыз етілсін.

Социалистік жарыс — ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің пәрменді құралы.

«АвтоВАЗ» бірлестігінің бастамасын республика еңбек коллективтерінің қолдауы — өндіріс өсімі резервтерін жаппай іздестірудің тиімді бағыты.

Артта қалушы кәсіпорындарға, учаскелерге баса назар аударайық.

Советтік марка құрметі үшін күрес — республиканың әрбір еңбек коллективінің, әрбір еңбекшінің ісі.

Біздің коллективте 1985 жылы үнемделген ресурстармен екі күн жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелерді орындау жолында не атқарылды?

Революциялық технологияны енгізу— еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолы.

Біздің кәсіпорында еңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландыру, қол еңбегін қысқарту жоспары қалай орындалуда?

Республика өнертапқыштары мен рационализаторларының қоғамдық еңбек өнімділігін арттыруға қосар үлесі.

Кадрлардың біліктілігін арттыру — жоғары тиімді автоматтандырылған өндірістің бірінші кезекті талабы.

Астықты сақтау — мемлекеттік маңызы бар үлкен іс.

Мал қыстату — селодағы екпінді майдан.

Жоғары сапалы құрылыстың экономикалық және әлеуметтік мәні.

Республикада он екінші бесжылдықты табысты сеpеден бастаудың ажырамас шарты — іске қосылатын барлық объектілерді мерзімінде тапсыру.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Газеттің біздің өміріміздегі ролі.

Клуб мекемелері мен спорт ғимараттарының тұрғындардың демалысын ұйымдастырудағы орны.

Жаңа оқу жылы — мектеп реформасын жүзеге асырудағы маңызды кезең.

Біздің еңбек коллективіміз жұмысшы табының жас ізбасарларын қалай қарсы алуда?

Бригадада қалыптасатын адамгершілік ахуал.

Коллективтегі жұртшылық пікірінің барлық күшін «Салауатты тұрмыс — өмір нормасы» принципін орнықтыруға жұмылдырайық.

Балалар мен жасөспірімдерде алкогольге терең жиіркенішпен қарауды тәрбиелеу — әрбір ересек адамның парызы.

Мерекелік дастархан — қарым-қатынас жасау қуанышы ма немесе масайраған сауық-сайран ба?

Жастардың музыкалық талғамын қалыптастыру.

Шын мәніндегі сын және анонимдік жала жабу.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

КПСС-тің сыртқы саяси бағытының инициативасы, мақсаттылығы.

СССР-дің ядролық жарылысқа мораторийі — ядролық соғыс қаупін болдырмау жолындағы күрестегі маңызды практикалық қадам.

Социалистік достық одақ елдерінің жан-жақты ынтымақтастығын тереңдету — нақты социализмнің объективті заңдылығы.

Digitized by Google

Империализм тарапынан әскери қауіптің ұлғаюы және еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту қажеттігі.

Женева —екі бағыт, екі көзқарас.

СССР мен Францияның қарым-қатынасы — Европадағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың маңызды факторы.

Никарагуа — американ империализміне тойтарыс берудің алғы шебінде.

АҚШ-тың агрессияшыл сыртқы саяси бағыты — әскери-өнеркәсіптік комплекстің заказы.

Ауғандық контрреволюцияны кім жарақтандырып, жігерлендіріп отыр?

Жапондық милитаризм АҚШ-тың психологиялық доктринасының жетегінде.

Таяу Шығыс — империализмнің іс жүзіндегі «бөлшекте де билей бер» саясаты.

Біздің анықтама бөліміміз

Октябрь айындағы атаулы күндер

— 1949 — Қытай Халық Республикасы жарияланды.

— Нигерияның тәуелсіздігі жарияланғанына 25 жыл (1960).

2 — СССР Жоғарғы Советі Президиумының мемлекеттік еңбек резервтерін құру туралы Указ қабылдағанына 45 жыл (1940).

— Бұдан 65 жыл бұрын (1920) В. И. Ленин РКСМ-ның Бүкіл россиялық III съезінде «Жастар одақтарының міндеттері» туралы сөз сөйледі.

3 — Кәсіподақтардың Бүкіл дүние жүзілік федерациясы құрылғанына 40 жыл (1945).

— Совет ақыны С. А. Есениннің туғанына 90 жыл (1895—1925).

4 — 1957 — СССР-де Жердің әлемдегі тұңғыш жасанды спутнигі ойдағыдай ұшырылды. Космосты игеру дәуірі басталды.

— Совет барлаушысы, Совет Одағының Батыры Рихард Зоргенің туғанына 90 жыл (1895—1944).

— Орыс географы, этнографы, публицист және фольклоршы Г. Н. Потениннің туғанына 150 жыл (1835—1920).

6 — **Мұғалім күні.**

7 — **СССР Конституциясы күні.**

8 — АҚШ Коммунистік партиясының Бас секретары Гэс Холл 75 жаста (1910).

— Корея Еңбек партиясы құрылғанына 40 жыл (1945).

13 — **Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні.**

20 — Октябрьдегі Бүкіл россиялық саяси стачканың басталғанына 80 жыл (1905).

— **Тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні.**

24 — Бұдан 40 жыл бұрын (1945) Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставы күшіне енді.

— Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық күні.

— Бұдан 50 жыл бұрын (1935) М. И. Калинин Алматы облысындағы Калинин атындағы колхозға Жерді мәңгі пайдалануға беру туралы мемлекеттік актіні тапсырды.

27 — **Автомобиль транспорты қызметкерлерінің күні.**

— Қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 50 жыл (1935).

29 — **Комсомолдың туған күні.**

31 — 1918 — РСФСР Халық Комиссарлар Советі еңбекшілерді әлеуметтік қамсыздандыру туралы Ережені бекітті.

— Профессионал революционер, большевиктік партияның қайраткері Н. Э. Бауманның қаза тапқанына 80 жыл (1873—1905).

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы, М. Горький көшесі, № 50 үй. Телефондар: 33-80-03, 33-80-07, 33-80-56, 33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВ, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.


Сдано в набор 26.08.85 г. Подп. к печати 12.09.85. УГ00141. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч. изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66160 (казахское издание — 33625 экз. русское издание 32535 экз.). Заказ 126. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ҰҚЫПТЫ ДА ҮНЕМШІЛ БОЛА БІЛСЕК, ОТАНЫМЫЗДЫҢ ДӘУЛЕТІ АРТА БЕРЕДІ



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.


ҚҰРЫЛЫСҚА, ЦЕХҚА ЖӘНЕ ТАНАПҚА ЖОЛДАМАНЫ МЕКТЕПТЕ АЛАМЫЗ



Digitized by Google

«Плакат» баспасы.

ISSN—0132—6139



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА—
ҮНЕМ РЕЖИМІ!


Қазақстан ҮГІТШІСІ

19
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Жезқазған облысы. Ақтоғай ауданы «Қоңырат» совхозының аға шопаны, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сейітқали Сейілхановтың есімі облыста жақсы танымал. Атақты мал өсіруші өзінің бай тәжірибесін жас шопандармен алмасады, оны таңдаулы тәлімгерлердің бірі деп атайды.

Суретте: С. Сейілханов «Жамшы» совхозының аға шопаны, коммунист Баржақсы Тілеуқұловамен бірге тұр.

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

19 | 1985 | ОКТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 19, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

Аграрлық-өнеркәсіптік өндіріс интенсивті дамытылсын. М. С. Горбачевтің 1985 жылғы 7 сентябрьде Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзі . . 2

Еңбек ерлігінің өшпес дәстүрлері. М. С. Горбачевтің 1985 жылы 20 октябрьде стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде сөйлеген сөзі 10

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

К. Әбдешев. Жаңашылдар жолымен 16

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

М. Қалматаев. Реттілік пен тәртіп үшін . . . 18

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Өндірісті интенсивтендірудің сара бағытында лектор не атқара алады? 20
Н. Спиридонова. Идеология активі мектебі . . 23
М. Кожухаров. Екінші мамандық 24
Идеология жұмысының хроникасы 25

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Елеусізов. Көрнекті ғалым және ағартушы-демократ 26

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Батура. Қайталама ресурстар — халық шаруашылығы айналымына 28

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Б. Бардин. Перспективалы сала 30
Ноябрь айындағы атаулы күндер 32

Digitized by Google

АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІС ИНТЕНСИВТІ ДАМЫТЫЛСЫН

М. С. ГОРБАЧЕВТІҢ 1985 ЖЫЛҒЫ 7 СЕНТЯБРЬДЕ ЦЕЛИНОГРАД ҚАЛАСЫНДА ПАРТИЯ-ШАРУАШЫЛЫҚ АКТИВІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Целиноградтағы бүгінгі кездесуге, деді М. С. Горбачев, біз Қазақстан облыстарының, Сібір мен Урал өлкелері мен облыстарының партия және совет органдарының басшыларын, селолық аудандық партия комитеттері секретарларының, колхоз председательдері мен совхоз директорларының, аграршы-ғалымдардың үлкен тобын шақырдық. Әңгіме партиялық және шаруашылық істер туралы болмақ.

1985 жылғы апрель Пленумынан кейін КПСС XXVII съезіне тікелей әзірлік кезеңі басталды. Елімізде қауырт жұмыс жүріп жатыр. Ол барлық еңбек коллективтерін, совет қоғамы өмірінің барлық салаларын қамтиды. Біздің бүгінгі күннің көптеген маңызды да күрделі міндеттерін, сондай-ақ болашаққа арналған міндеттерді қатар шешуімізге тура келіп отыр.

Партия ұйымдарында есеп беру-сайлау науқаны күннен күнге күш алып келеді. Ол КПСС өмірінде әрдайым ірі оқиға болып келген, ал жаңа міндеттерді, алдағы съезді ескере келгенде есеп беру мен сайлаудың маңызы өлшеусіз арта түседі. Олардың партиялық принциптілік, сындарлы сын мен өзара сын, коммунистердің халық алдындағы жоғары жауапкершілігі рухында өтуі маңызды.

Орталық Комитет есеп беру-сайлау науқанынан партия ұйымдары ұйымдық және идеялық жағынан нығайып, белсенді іс-қимыл жасауына бөгет жасап келген нәрсенің бәрінен арылып, еңбек коллективтерін елдің алдына қойылған міндеттерді шешу ісіне жігерлендіруге, ұйымдастыруға және өз сондарынан ертуге қабілетті болып шығады деп есептейді. Мұның өзі көбіне-көп коммунистер партия ұйымдарының басшы органдарына кімдерді сайлайтынына және ең алдымен — бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттері секретарларының құрамына қарап анықталатын болады.

КПСС XXVII съезі партия Программасының жаңа редакциясы мен еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдыққа және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарын қабылдайтын болады. Бұл документтерді әзірлеу аяқталып келеді, Пленумда қаралғаннан кейін олар талқылау үшін жарияланады. Партия мен мемлекеттің басшы органдарын ғана емес, сондай-ақ барлық коммунистерді, барлық еңбекшілерді қатыстыра отырып, документтерді әзірлеуге осылай келу, біздің үміттенуіміз бойынша, съезге бүкіл партияның, бүкіл халықтың тәжірибесімен байытылып, ғылыми негізделген ұсыныстар беруімізге мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге бір тілек айтқым келеді: Программа мен Негізгі бағыттарды съездің қабылдауын әсте де күтіп отырмаған жөн. Қазірдің өзінде-ақ уақыт рухына сай белсенді іс-қимыл жасау керек. Басты бағдарлар айқындалды, сондықтан қиыншылықтардан тайсалмай, өзіміздің практикалық іс-қимылдарымызды апрель Пленумының нұсқауларымен, Орталық Комитеттің одан кейінгі шешімдерімен салғастыра отырып, табанды түрде ілгері жүру керек. Біздің өмір сүріп отырған уақытымыз және алдымызға қойылған міндеттер біздің белгіленген саяси бағытты жүзеге асыру ісінде әрі бекем, әрі батыл және кемеңгер болуымызды талап етеді.

Біздің жұмысымызға қойылатын аса маңызды талаптардың бірі — перспек-

Digitized by Google

тивалық міндеттердің шешімін ағымдағы міндеттермен ұштастыра білу. Перспективаны белгілеу, әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын қою орасан зор маңызды. Бірақ сонымен бірге тіпті ең қызықты жоспарлар, ең тамаша перспективалар, егер олар практикалық жұмыспен, тиімді шешімдерді ізденумен баянды етілмесе, ешнәрсеге тұрмайтынын айқын ұғынған жөн. Бұл өзінше бір маниловшылдық болып шығады.

М. С. Горбачев он бірінші бесжылдықтың соңғы жылын ойдағыдай аяқтау жөніндегі бүгін таңдағы жұмыстың орасан зор маңызын атап көрсетті. Бұл болашаққа негіз қалау үшін де, жаңа бесжылдықты жақсы бастау үшін де маңызды. Экономикаға, совет қоғамының дамуына көбірек серпін беру үшін біз оны бетбұрысты бесжылдық еткіміз келеді.

Әрбір еңбек коллективі өзінің резервтерін, биылғы жоспарлы тапсырмалардың деңгейіне шығу үшін не істелуге тиісті екенін жақсы біледі. Ал өнеркәсіпте, күрделі құрылыста, транспортта, тұрмыстық қызмет пен сауда саласында әлі де көп нәрсе істеуге тура келеді. Әсіресе ауыл шаруашылығының міндеттері туралы айырықша айтқым келеді. Барлық қиындықтарды ескерген күнде де біз биыл астықты өткен жылға қарағанда көбірек алуға, егіншіліктің басқа да өнімдерін, атап айтқанда, жемшөп өндіруді арттыруға үміт арта аламыз. Мал шаруашылығы өнімдерін дайарлау жоспарларын орындаудың нақты мүмкіндіктері бар.

Қазір егін үшін күрестің шешуші кезеңі туды. Азық-түліктік, сондай-ақ жемдік астық жөніндегі қажеттерді қанағаттандыру көбіне-көп Қазақстанның, Сібір және Урал өлкелері мен облыстарының үлесіне қарай айқындалатын болады. Осыны ескере отырып, КПСС Орталық Комитеті мен үкімет оларға зор көмек көрсетті. Ендігі іс сіздерге байланысты, жолдастар. Біз Қазақстанның, Сібір мен Урал облыстарының партия ұйымдары, еңбекшілері егін жинауды зор жігермен және білгірлікпен өткізеді, мемлекеттің астық ресурстарына зор үлес қосып, елімізді қуантады деп сенеміз.

Тегінде, Тюменьде отын-энергетикалық комплекстегі істің жайын қарағаннан кейін іле-шала, бүгін біз азық-түлік мәселелерін талқылауымызда бейнелі мән болса керек. Мұның қай-қайсынсыз да тиімді экономика болмақ емес, халықтың әл-ауқатын, елдің экономикалық және қорғаныстық қуатын арттыру міндеттерін ойдағыдай шешу мүмкін емес.

Сенімді азық-түлік базасын жасау — жалпыпартиялық, жалпыхалықтық міндет. Орталық Комитеттің апрель Пленумы бұл жөнінде мынадай нақты да принципті нұсқау берді: Азық-түлік программасын жүзеге асыру — шұғыл іс, ол ерекше назар аударуды талап етеді.

Ауыл шаруашылығының, бүкіл аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің жайкүйіне талдау жасау үшін КПСС Орталық Комитетінің 1982 жылғы май Пленумы бастапқы негіз болып табылады, деп ойлаймыз. Содан бері үш жылдан сәл астам уақыт өтті. Біз Азық-түлік программасын қабылдап, аграрлық-өнеркәсіптік комплексті дамытудың толғағы жеткен проблемалары бойынша бірқатар ірі-ірі шешімдер қабылдап дұрыс істегенімізді уақыт көрсетті. Партия әзірлеген шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс барлық бағыттар бойынша жүріп жатыр. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау саласы түбегейлі жаңғыртылуда. Минералдық тыңайтқыштар өндіру жөніндегі көрсеткіштер тапсырмаларға тақалып қалды. Мелиорацияланған жер қоры елеулі түрде ұлғайды.

Селоны әлеуметтік жағынан өзгерту жөніндегі жұмыстардың орасан зор ауқымдылығын ерекше атап өткім келеді. Тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысы, жол салу көлемі кеңейді. Осының бәрі селода кадрларды тұрақтандыру үшін қолайлы жағдайлар жасады. Өнім сатып алудың жоғарылатылған бағасы және оларға қосылған үстеме негізінде колхоздар мен совхоздардың экономикалық жағдайын жақсарту жөнінде ірі-ірі шаралардың жүзеге асырылуы олардың экономикалық ахуалына және шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қолайлы ықпал етуде. Шаруашылық есеп пен коллективтік мердігерліктің енгізілуі адамдардың іске көзқарасына, еңбектің нәтижелеріне игілікті әсерін тигізуде.

Егер май Пленумынан кейінгі жұмысымыздың қысқаша жалпы қорытындысын шығарар болсақ, біз дұрыс бағытты таңдап алдық, көп нәрсені үйрендік және қазірдің өзінде қыруар іс тындырдық деуге болады.

Еліміз бойынша тұтас алғанда аграрлық-өнеркәсіптік комплексті дамыту проблемасына көзқарастың елеулі өзгергені де маңызды. Ауыл шаруашылығын және онымен байланысты салаларды дамыту мәселелері бүкіл халықтық міндет ретінде қаралуда, ал селоның заказдарына, оның мұқтаждары мен қажеттеріне айрықша назар аударылып, бірінші кезекте орындалуда.

Мынадай орынды сұрақ туады: осының барлығы колхоздар мен совхоздардың, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстегі басқа да кәсіпорындардың, ұйымдардың қызмет нәтижесіне қандай әсер етті, тұтас алғанда қоғам қандай ұтысқа ие болды?

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміне келетін болсақ, 1983—1984 жылдардың жиынтық мәліметтері оны өндіру бесжылдықтың алдыңғы екі жылымен салыстырғанда 22 миллиард сом, немесе 9 процент көбейгенін көрсетеді. Астықтың, картоптың, қант қызылшасының, овощ пен жемістің түсімі артты. Бұл жылдарда еттің орташа жылдық

Digitized by Google

өнімі 9 процент, сүт — 8 процент, жұмыртқа — 6 процент өсті. Биылғы жыл жоспарының орындалуын есептегенде мал шаруашылығы өнімдерін дайындау 1982 жылғы дәрежемен салыстырғанда ет жөнінен (тірідей салмағымен) — 2,5 миллион тонна, сүт жөнінен — 9,2 миллион тонна және жұмыртқа жөнінен — 3,5 миллиард дана өсетін болады.

Бұл жылдар ішінде залал шегетін шаруашылықтар саны едәуір азайды, ал колхоз-совхоз өндірісіндегі рентабельділік дәрежесі тұтас алғанда өсті. Колхоздар мен совхоздардың таза пайдасы 1983 жылы азғана кемдігімен 24 миллиард сомға, рентабельділік дәрежесі — 22 проценттей мөлшерге жетті. Ауа райы едәуір қолайсыз болған 1984 жылдың қорытындысы бойынша бұл пайда 20 миллиард сомға жуық, өндірістің рентабельділігі — 18 процент болды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің өсуі жан басына тағам өнімдерін тұтынудан да көрінді. Биыл бұл жан басына шаққанда ет пен балық жөнінен — 78 килограмм, оның ішінде балық жөнінен — 17,7 килограмм, сүт жөнінен — 318 килограмм, жұмыртқа жөнінен — 260 дана, нан жөнінен — 134 килограмм, картоп жөнінен — 110 килограмм, овощ және бақша дақылдары жөнінен — 106 килограмм, жеміс пен жидек жөнінен — 46 килограмм, қант жөнінен — 45 килограмдай болады.

Мұны қалай бағалауға болады? Біз тағамның жалпы калориялығы жөнінен дүние жүзіндегі ең дамыған елдер деңгейінде тұрмыз. Ет пен жеміс жөнінен бізде жан басына шаққанда тұтынымыз әзірше кейбір елдердегіден төмен және тамақтанудың белгіленген жұрымды нормасынан біршама кем. Осы тұрғыдан алғанда Азық-түлік программасын орындаудағы ең қиын буын — ет өндіру. Бұдан біз артта қалып келеміз.

Басқа өнімдерге — сүтке, жұмыртқаға, балыққа, қантқа, овощқа, картопқа келетін болсақ, — бұлардың жан басына тұтыну деңгейі көптеген елдердегіден төмен емес, ал кейбір түрлері жөнінен жоғары. Ол Азық-түлік программасында белгіленген мөлшерге сәйкес немесе жақын тұр. Халықтың нан мен нан-тоқаш тағамдары жөніндегі қажеті өнім түрлері бойынша молынан қамтамасыз етілуде.

Сөйтсе де халықты азық-түлік тағамдарымен қамтамасыз ету проблемасы әлі толық шешілген жоқ. Олардың кейбіріне деген сұранымсұранымнан асып түсіп отыр. Мұның өзі бізде ақшалай кіріс азық-түлік тағамдарын өндіруден шапшаңырақ өсіп отырғанына байланысты. Сонымен бірге негізгі өнімдерді өндіруге жұмсалатын шығындар өсіп отырғанымен, олардың мемлекеттік бағасы жиырма жыл бойы іс жүзінде тұрақты күйінде қалуда. Мәселен, біздің магазиндерде ет жұмсалған шығындардан екі-үш есе арзан бағамен сатылады. Қазір бұл айырма мемлекеттен бөлінетін қаржының есебінен өтелуде, ол ет жөнінен жылына 20 миллиард сомдай болады. Көріп отырсыздар, қыруар сома.

Негізгі азық-түлік тағамдарын бізде халықтың барлық топтары сатып ала алатыны — біздің үлкен жетістігіміз. Бірақ, осыны атап өте отырып, көптеген совет адамдарын мазалайтын мәселе жайында да айтпасқа болмайды. Орталық Комитетке еңбекшілерден барған сайын көптеген хаттар түсіп, онда жұмысшылар мен шаруалардың астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге жұмсайтын еңбегін құрметтемеушілік жайында мәселе көтеріледі.

«Астық дегеніміз — тіршілік емес пе, — деп жазады Красноярск өлкесінің Маганск поселкесінен Иванов және Мангалов жолдастар, — ол біздің байлығымыз, Отанымыздың күш-қуаты ғой. Ал осы нанға кейде қандай тағылық қылық жасалады десеңізші! Бұл проблемамен мықтап айналысатын уақыт жетті».

Екінші бір хат. «Бізде аштық жоқ, — деп жазады москвалық Суханова жолдас. — Тағам қалдығын салатын бактарда ақ нанның тұтас батондары жатады, қоғамдық тамақтандыру орындарындағы тағам қалдықтарымен малды шайлатуға болады».

Мұндай хаттар көп-ақ. Тегінде, жолдастар, бұл жерде еңбек коллективтерінде де, орталық органдарда да ойланатын нәрселер болса керек. Турасын айтайық, әрбір семьяда да баршылық. Нанға, басқа да азық-түлік тағамдарына көзқарасты батыл өзгерту — біздің ортақ қамқорлығымыз.

Алайда, азық-түлік проблемасын шешудегі басты бағыт — ауыл шаруашылығын, жалпы аграрлық-өнеркәсіптік комплексті одан әрі дамыту жөніндегі партияның, бүкіл халықтың қажырлы жұмысы екені айдан анық.

Сонымен бірге өскелең материалдық-техникалық және экономикалық мүмкіндіктер көптеген облыстарда, өлкелер мен республикаларда әлі де нашар пайдаланылып отырғанының мысалдары аз емес. Табыс көзін бітік егін мен малдың жоғары өнімділігінен іздемей, шаруашылықты үнемді жүргізуден іздемей, бюджет қаржысы мен банк кредиттерін алудан іздейтін қызметкерлер әлі күнге дейін кездеседі.

Жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтар ауыл шаруашылығына, ең алдымен егіншілікке неғұрлым тұрақтылық сипат беру жөніндегі шаралардың нәтижелілігіне мықтап әсер етті. Бүгін мен тағы да атап көрсеткім келеді: ауа райын біз өзгерте алмаймыз. Жол біреу — нақты, кей-кейде күрделі жағдайларда егіннен мол өнім алудың неғұрлым тиімді тәсілдері мен әдістерін табу керек. Бұл біздің аграрлық-өнеркәсіптік комплекстегі жұмысымыздың өзекті проблемасы.

Ол Сібір және Урал өлкелері мен

Digitized by Google

облыстары үшін, Қазақстан үшін ерекше маңызды. Егіншіліктің тұрақсыздығы мұндағы колхоздар мен совхоздар қызметінің нәтижелеріне қатты әсер етуде. Бесжылдықтың төрт жылында Қазақстанда өнімнің көптеген түрлері бойынша жоспарлы тапсырмалар орындалған жоқ. Мемлекетке астық сату жөнінен республика көп қарыздар болып қалды. Кейбір сапалық көрсеткіштер нашарлап, бірқатар аудандарда егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігі төмендеп кетті.

Соңғы жылдары РСФСР-дің Урал мен Сібірдегі көптеген облыстарында астық өндіру мен оны мемлекетке сату жоспарлары үнемі орындалмай келеді. Алтай және Краснояр өлкелерінің, Новосибир, Орынбор, Қорған, Челябі облыстарының колхоздары мен совхоздары төрт жыл ішінде астық сату жөнінен көп қарызға батты. Олар сүт пен еттің де көп мөлшерін кем берді.

Астық өндіру мен сатып алу жөніндегі жоспарлардың орындалмауы елдің қажеттерін қанағаттандыруда қиындық туғызуда. Мұның өзі бізді оны сыртқа әкелуге, едәуір валюталық ресурстарды жұмсауға мәжбүр етеді. Біз өз қажеттерімізді толық қанағаттандыру үшін астық өндіруді одан әрі ұлғайту міндетін қойып отырмыз. Еліміздің астық өндіруші республикаларының, өлкелері мен облыстарының колхоздары мен совхоздары, партия, совет, шаруашылық органдары өздерінің практикалық жұмысында осыны басшылыққа алулары керек.

Нақтылап айтқанда мұның мәнісі не? Егер ең бастысын айтар болсақ, ауа райының кез-келген қолайсыз жылында еліміз кем дегенде 200 миллион тонна астық, ал қалыпты жағдайларда 250 миллион тонна және одан да көп астық алуына қол жеткізу керек. Мұның өзі, мен айтар едім, біздің егіншіліктің таяу жылдардағы стратегиялық міндеті!

Бірақ астық проблемасы — оның түсімін молайту ғана емес, сонымен бірге оны ұтымды пайдалану да. Біз жемшөп өндірудегі кемістіктің есесін жемге пайдаланылатын астық көлемін ұлғайту арқылы толтыра алмаймыз. Бұл жарамсыз, жол беруге болмайтын практика. Ал көптеген аудандарда ол терең тамыр жайған. Проблеманың өте маңызды екенін түсіне отырып, оны шешу жолдарын іздестіру керек. Бұл жөнінен белгілі сабақтар алынды: 1983—1984 жылдары жай және балауса жемшөп дайындаудың жоспары толық және сонымен бірге асыра орындалды. Мұның өзі аралас жемді аз көлемде пайдалана отырып мал өнімін өндіруде нәтүрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасады. Сондықтан колхоздар мен совхоздар астық өндірумен қалай айналысса, жемшөп өндірумен де солай айналысуға тиіс. Басқаша емес, нақ солай айналысуға тиіс — мұның өзі, былайша айтқанда, бір медальдің екі жақ беті. Ғылымның осы заманғы жетістіктерін және колхоздар мен совхоздарда жинақталған тәжірибені пайдалану негізінде жемшөп дақылдарының шығымдылығы жолында да, жемшөп сапасын арттыру жолында да күресу керек.

Мен тіпті сапа проблемасы біз үшін қазір бірінші орынға қойылуға тиіс, дер едім. Бақылау зерттеуі мынаны көрсетіп отыр: жемшөп сапасының төмендігінен еліміздің көптеген аймақтарында жұрымды заттар 20 проценттен 30 процентке дейін жоғалтылады. Сондай-ақ кейбір жерлерде жемшөп белогының тапшылығын жою жөніндегі жұмыстың нашарлығы нәтижесінде де жемдік астық артық жұмсалуда. Көптеген шаруашылықтарда қазір мұны түсініп, белок проблемасын шешуді белсенді түрде қолға ала бастады, ал кейбіреулер мемлекеттік ресурстардан көмек алуға үміт артады. Бұлардың біріншісін қолдап, басқаларының масылдық пиғылын батыл айыптау керек.

Қазір, жаңа бесжылдыққа жоспарлар жасалып жатқан кезде, әрбір колхоз бен совхозда, әрбір ауданда, барлық облыстарда, өлкелер мен республикаларда ет ресурстарын ұлғайтумен байланысты проблемалардың жақсылап ойластырылғаны өте маңызды. Бұл мәні басым міндет. Он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылында ет өндірудің өсімі 1980 жылмен салыстырғанда сойыстық салмағымен 2 миллион тонна мөлшерінде күтіліп отыр. Азық-түлік программасының көрсеткіштеріне жету үшін біз он екінші бесжылдықта оны екі есе ұлғайтуымыз қажет.

Жалпы алғанда, астық, жемшөп, ет, сүт және басқа өнімдер өндіру жөніндегі міндеттер алдағы бесжылдықта қауырт жұмыс тұрғанын көрсетеді. Мұны аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлері және, ең алдымен, біздің басшы кадрларымыз жақсылап түсінуге тиіс.

Мынадай сұрақ туады: белгіленген шепке қалай жетуге болады, бізде ол үшін қажетті жағдайлар бар ма? Қызыл сөз үшін емес, осы сұрақтың мәні бойынша жауап қайтара келіп, Орталық Комитеттің атынан ондай мүмкіндіктер және ондай жағдайлар бізде қазір бар деп айқын мәлімдегім келеді. Ал мыңдаған колхоздар мен совхоздардың, бірқатар өлкелер мен облыстардың Орталық Комитеттің май Пленумынан кейінгі жылдар ішіндегі жұмысы бұған көз жеткізеді.

Қазір біздің алдымызда бірінші кезекті міндет — ауыл шаруашылығының, жалпы алғанда аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің қарамағындағы барлық мүмкіндіктің жоғары қайтарымын қамтамасыз ету міндеті тұр. Қор қайтарымының дәрежесі селода әлі де төмен күйінде қалып отыр. Қорған облысында колхоздар мен совхоздардың өндірістік қорлары Орталық Комитеттің май Пленумынан кейінгі екі жылдың ішінде 13 процентке жуық өскен де, ал жалпы

Digitized by Google

өнімнің көлемі 12 процент кеміп кеткен. Қостанай облысында да осындай көрініс, онда негізгі өндірістік қорлардың аталған кезең ішіндегі өсімі 14 процент болған, ал өнім өндіру қысқарған. Россия Федерациясының, Украинаның, Қазақстанның, Өзбекстанның бірқатар облыстарында қормен қамтамасыз етілу дәрежесі айтарлықтай артқанына қарамастан, ауыл шаруашылық өнімі көлемінің кемуіне жол берілген.

Селода біздің алдымызда тұрған практикалық міндеттердің бүкіл тізбегін шешу үшін қолға алынуға тиісті негізгі буын — колхоздардың, совхоздардың, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстегі барлық кәсіпорындардың өндірісін және қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру, жоғары өнімді, пәрменді жұмыстың қазірде жинақталған тәжірибесін кеңінен пайдалану. Мұнда барлық іс қосымша күрделі қаржыға емес, басшы кадрлардың, партия, совет және шаруашылық органдарының қызметіне байланысты болмақ.

Бірқатар практикалық мәселелерге біршама толығырақ тоқталғым келеді.

Бірінші — прогресті жаңа технологияларға, материалдық ресурстарды пайдаланудың неғұрлым тиімді формаларына батылырақ көшу, оларды ең алдымен неғұрлым зор қайтарым бере алатын бағыттарға және сондай жерлерге шоғырландыру керек. Біз алдағы бесжылдық тұсында дәнді дақылдарды интенсивті технологиялар негізінде өсіруге басым маңыз беруіміз қажет.

Үстіміздегі жылы бидай егістігінің 17 миллион гектары және бүкіл дәндік жүгері интенсивті технологиялар бойынша өсірілуде. Ауа райының барлық қолайсыздықтарына қарамастан, бұл танаптарда егіннен сүбелі өсім алынуда. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛ-дің мәліметтеріне қарағанда, шаруашылықтар көптеген алқаптарда гектарына 40—50 центнерден астық алуда — бұл жай технология кезеңдегіден 15—20 центнер артық.

Жаңа технологиялар барған сайын неғұрлым берік позицияға ие болуда. 1986 жылдың егісінде, жер-жерден келіп түсіп жатқан ұсыныстарға қарағанда, 31 миллион гектардан астам алқаптың дәнді дақылдары интенсивті технологиялар бойынша егіледі. Оның ішінде жүгері 4 миллион гектардай жерге өсіріледі. Таяу болашақта, жақсы алғы дақылдар барын ескере отырып, біз мұндай технологияларды кемінде 60 миллион гектар алқапта қолдана аламыз. Егіннен кепілді түрде жоғары өнім алу үшін, астық өндірісіне қажетті тұрақтылық сипат беру үшін тыңайтқыштарды, техниканы, басқа да ресурстарды ең алдымен нақ осында шоғырландыру керек.

Алайда, мәселе тек мұнда ғана емес. Біз бүгін ғалымдармен қысқаша кездесу өткіздік. Бұл әңгіменің қорытындыларынан мынадай түйін жасауға болады: қазіргі кезеңде танаптағы технологиялық тәртіптің сақталуы — ең басты мәселе. Мысалы, болат немесе шойын балқыту кезінде қандай технологиялық тәртіп қажет болса, ауыл шаруашылығында да дәл сондай технологиялық тәртіп қажет: сәл қателессең, металдың сапасы басқаша болып шығады. Егін танабында міне, біз жұмыстың осындай кезеңіне таяндық. Интенсивті технологиялар жағдайында неғұрлым зор тиімділік алу үшін білікті кадрлар болуы қажет. Біз олардың жақсы кәсіптік даярлығына барлық жерде бірдей қол жеткізген жоқпыз.

Бізде көптеген адамдар былайша жұмыс істеуге дағдыланып алған: тұқым себеді, не өссе — соны жинап алады. Бар қам-қарекеті осымен тынады. Ал интенсивті технологиялар жағдайында жұмысты бұлайша істеуге болмайды. Дақылдарды өсіру кезінде диқанның нәзік те сауатты жұмысы қажет. Міне, сондықтан да кадрларды үйрету керек, терең білім болмайынша іс ілгері баспайды. Егіннен жоғары және тұрақты өнім алудың сенімді жолы, жолдастар, міне осында. Жалпы нұсқаулар мен ұрандардың заманы өткен. Партия комитеттері осынау орасан маңызды істі өздерінің күнделікті бақылауында ұстап, ғылым мен озық практикаға сүйене отырып, интенсивті технологияларды өндіріске барынша енгізе беруге тиіс.

Екінші. Көптеген жерлерде егіншіліктің ғылыми негізделген жүйелерінің мүмкіндіктері әлі де болса жеткіліксіз пайдаланылады. Мұндай жүйелер әрбір аймақ үшін, шын мәнінде, әрбір шаруашылық үшін қазірдің өзінде бар. Бұл жердің өнімділігін арттырудың маңызды факторы. Егіншілік жүйесінің кез-келген элементін жете бағаламау егін өнімі жолындағы күрестің бүкіл циклін бұлдіретінін, ал кейде тіпті жұмсалған еңбек пен қаржыны мүлде зая кетіретінін есте ұстау керек. Пар жөнінде айрықша айтқым келеді. Дәлірек айтсақ, парға көзқарас туралы. Осыдан бірнеше жыл бұрын: пар қажет пе, жоқ па? — деген мәселе төңірегінде қызу пікір таласы болғанын еске түсіріңіздерші. Сайып келгенде ғылым және ғылымның мәліметтеріне сүйенген көзқарас жеңіп шықты. Қазір бізде 22 миллион гектарға жуық пар бар. Қазақстанның, Сібір мен Уралдың негізгі астықты аудандарында пар алқабы егістіктің 15—20 процентін алады.

Терентий Семенович Мальцев, өзі бүгін осында қатысып отыр, орайы келгенде пар туралы маған әр кезде еске салып, бұл істі ақырына дейін жеткізу керектігін айтатын: егер Сібір мен Қазақстанның тың жерлері жағдайында пар 20 проценттен кем болса, онда оның мүлде болмағаны жақсы, дейтін.

Біз қазір осы деңгейге жеттік немесе жетуге жақындап қалдық. Бірақ нәтижелер мейлінше ала-құла, сондықтан олар ой сарабынан өткізуді талап етеді. Қуаңшылықты жылдары жақсы әзірленіп, дұрыс өңделген пар егістікте

Digitized by Google

рі парсыз жерге егілген алғы дақылдардың нәтижесімен салыстырғанда шығымдылықты екі-үш есе арттыратындығының көптеген мысалдарын келтіруге болады. Бұл әсіресе ауыр жылдарда ерекше көрінеді. Және бұл алқаптарда астық сапасы басқа егістіктерге қарағанда едәуір тәуір. Бірақ істің жайы барлық жерде мұндай емес. Тіпті Омбы, Саратов, Орынбор, Целиноград облыстары, Алтай өлкесі сияқты астық өндіретін ірі өңірлерде пар көлемінің ұлғайтылуы әзірше астықтың жалпы өнімінің тиісті өсімін қамтамасыз етпей отыр.

Мәселе неде? Мәселе — парға арнап жер бөлінгенмен пар төңірегінде нағыз жұмыстың жоқтығында. Бұл жаңа мәселе емес, біз ол жайында талай рет айтқанбыз. Кейде пар дер кезінде көтерілмейді, кейде ол ұқсатылмайды, сөйтіп оны арам шөп басып кетеді. Ал біздің аудандық және облыстық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктеріміз қайда, біздің мамандарымыз, аймақтық ғылыми-зерттеу институттарымыз қайда? Ал ең бастысы, жолдастар, осының бәріне агроном тегінде қалай жайбарақат қарап отыра алады? Жер — оның төл ісі, оның маман ретіндегі, егін алқабының әміршісі ретіндегі абыройы мен ар-ожданының ісі емес пе?

Үшінші. Біздің елдің нақты жағдайында, оның құрғақшылық жиі қайталанатын анық континенттік климатында мелиорацияланған, және ең алдымен суармалы жер болмайынша ауыл шаруашылық өндірісін тұрақты жүргізуді қамтамасыз етуге болмайтыны біздің бәрімізге де айқын нәрсе.

Біз ауыл шаруашылығын мелиорациялаудың ғаламат программасын жүзеге асыра отырып, үлкен жолдан өттік. Мелиорация жұмыстарының ауқымы қазірдің өзінде жасалып, қабылданған жоспарлар негізінде одан әрі ұлғайтыла бермек. Біздің бұл дәйекті жолымыз өткен жылы КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумында тағы да қуатталған болатын.

Дегенмен де бүгін таңда бірінші кезектегі міндет мелиорацияланған жерлерді ұлғайту емес, бұларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде болып отыр. Бұл жерлерден алынған өнім біздің жұмсаған шығынымызға да, жақсартылған жерлердің нақты мүмкіндіктеріне де сай келмейді. Ауыл шаруашылығы, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктері, ВАСХНИЛ істің шын мәнінде осы қолайсыздықты тіркеп қана отыр. Бұл мәселе жөніндегі тапсырмалар жеткілікті, алайда аталған ұйымдардың басшылары партияның Орталық Комитеті мен үкіметтің шешімдерін орындау үшін партиялық жауапкершілік көрсеткен жоқ.

Кейде: суармалы жер болса жетеді, егін өзінен-өзі шығады, — деген пайымдауларды естуге болады. Байқайсыздар ма, бұл кәдімгі барып тұрған экстенсившілердің пайымдауын еске түсіреді. Басқаны айтпайық, ал суармалы жерлерді пайдалану мәселесінде бетімен жіберушілікке тіпті де жол беруге болмайды. Суармалы және мелиорацияланған жерлерде дақылдарды жағалай интенсивті технологиялармен өсіруді бірінші кезекте қамтамасыз ету керек. Және де мелиорацияланған жерлердің жағдайын түбірімен өзгерту жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды ойластырған жөн. Бөлінген күрделі қаржыны ең алдымен нақ осында жұмсау қажет. КПСС Орталық Комитеті мен үкіметтің талабы міне осындай, ол мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Төртінші. Мал шаруашылығының проблемалары жайында. Белгілі бір күш-жігерге қарамастан, ғылыми-техникалық прогресс әзірше бұл салаға дұрыстап жанаспағанын мойындаған жөн. Көптеген басшы қызметкерлер, мамандар әлі де болса ет, сүт және басқа өнімдер өндіруді молайту проблемасын экстенсивті факторлар есебінен шешуге тырысуда.

Осыдан бірнеше жыл бұрын біз негізгі бағыт малдың санын өсіру емес, қайта оның сапасын жақсартып, өнімділігін арттыру екенін ұсынғанда, көп адамдар мұны түсінбей, тіпті қынжыла қабылдаған еді. Бірақ мұндай көзқарас өзін толық ақтайтынын өмір көрсетті. Басқаша болуы мүмкін де емес. Мұны озық шаруашылықтардың тәжірибесі дәлелдеген. Соңғы екі-үш жылда, елде сиыр мен басқа ірі қараның саны іс жүзінде көбеймей, ал сиыр тіпті біршама азайған жағдайда, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындаудың шұғыл болмағанмен, ұдайы өсіп отырғаны байқалады.

Біз бұдан былайғы жерде де назарды мал санын көбейтуге шоғырландырмай, — өйткені мұндай жағдайда жаңа фермалар салуға және күтуші қызметкерлерге көптеген шығын шығаруға тура келер еді, — қайта өндірістің интенсивті әдістерін батыл енгізуге көбірек аударуымыз керек. Тегінде, егер жемшөп өндірісі озық қарқынмен дамытылатын болса, малдың санын да көбейту керек болатын аудандар және тіпті облыстар бар да, табылатын да шығар. Бірақ негізгі назарды мал шаруашылығын интенсивтендіруге аударған жөн.

Егер әрбір ірі қара малдың етке тапсырғандағы салмағын тым болмағанда 50 килограмм арттырсақ, біз сол малдың өзінен тірідей салмағы бойынша бір жарым миллион тонна үстеме ет аламыз. Бұл малдың санын көбейту есебінен осындай үстеме алудан анағұрлым арзан және үнемді болады, өйтпеген жағдайда малдың санын 5 миллион бас шамасында көбейту керек болар еді.

Біздің сауындық мал шаруашылығымыз да көзқарасты өзгертуге мұқтаж болып отыр. Селекциялық-асылдандыру жұмысы, жаңа технологиялар, жем-

Digitized by Google

мен теңдестіре азықтандыру нәтижесінде ашылатын мүмкіндіктерді пәрмеңдірек қолға алып іске асыру керек. Бұл жоғары өнімділіктің басты бөлшектері. Егер бүгінде біз қолда бар табынның әр сиырынан орта есеппен 3 мың килограмнан сүт алсақ, сүтті қоярға жеріміз болмас еді.

Мал шаруашылығын интенсивтендіру, мал мен құстың өнімділігін арттыру мәселелері Сібірдің облыстары мен өлкелері үшін, Қазақстан үшін актуальды іс. Сондықтан бұған мұқият назар аударған жөн.

Бұдан кейін М. С. Горбачев ауыл шаруашылық өнімін сақтау мен ұқсатуды жақсарту проблемасына тоқталып, оны он екінші бесжылдық үшін аса маңызды міндет ретінде сипаттады. Осыған байланысты өнімді сақтау мен ұқсатудың материалдық-техникалық базасын жасау үшін жауап беретін орталық ведомстволарды да, осы міндетті шешу үшін ресурстар іздестіруге тиісті жергілікті партия және совет органдарын да сынға алып, ол аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің үшінші өрісінің салаларын, әсіресе азық-түлік машиналарын жасаудың озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті.

Бұл мәселе өзге министрліктердің де қатысуынсыз шешілмейді. Жергілікті партия және совет органдары осынау аса маңызды мемлекеттік міндетті жүзеге асыруға күш сала түсуі, сөйтіп тамақ, ет және сүт өнеркәсібі орындарын, овощ базаларын жаңғырту мен қайта құру, тоңазытқыш жабдықтарды өндіру мен монтаждау жөнінде жергілікті жерлерде нақты не істеу қажеттігін және не істеуге болатынын анықтауы керек.

Біздің әңгімемізді пайдаланып, түгелдей, жолдастар, сіздерге байланысты мәселелер бар екенін атап өткім келеді. Орасан зор өнеркәсіп потенциалы, ондаған құрылыс трестері бар ірі қалаларға, облыстық және өлкелік орталықтарға жеміс-овощ өнімін сақтап, өткізу үшін қажетті қуаттар құру шынымен-ақ проблема болып табыла ма? Маған Целиноградта танап-магазин циклы жақсы жолға қойылды дегенді айтты. Бұл — үлкен іс. Ал енді мұндай іс істелмей отырған жерлерде — нәтиже қиыншылықтардың салдары емес, маңызды іске енжар қараудың салдары. Мұны басқаша бағалауға болмайды, өйткені әңгіме адамдардың күнделікті қажеті жайында, халықтың материалдық әл-ауқатын арттыру жайында болып отыр.

Құрылыс министрліктері өнеркәсіптің тамақ салаларында объектілерді салу мен қайта құру жоспарын кейінге қарай сырғытпауына назар аударғым келеді. Құрылысшылар осы әңгімеден қорытынды шығарар деп үміттенеміз.

Тағы бір мәселе. Біз ауыл шаруашылығында және онымен байланысты салаларда жүргізіп жатқан технологиялық және ұйымдық қайта құру біздің ғылыми-зерттеу мекемелеріміздің мүмкіндіктерін жүзеге асыруда да жаңа көзқарастарды талап етеді. Әлбетте, ауыл шаруашылық ғылымы бірталай іс тындырды және тындырып та жатыр. Бұл жұрттың бәріне мәлім. Бірақ бүгін таңда біз қол жеткен табысқа қанағаттана алмаймыз.

Орталық Комитет ғылымның өзін интенсивтендіру міндетін қойып отыр. Әңгіме оны селодағы прогресті жеделдетудің шын мәніндегі тездеткішіне айналдыру жайында болып отыр. Және де бұл жерде мәселе ғылыми-зерттеулердің деңгейі мен нәтижелілігін түбегейлі түрде арттыруда.

Қазір біз ғылыми-техникалық прогрестің өзекті бағыттарын, биология мен биотехнологияның актуальды проблемалары жөніндегі іргелі жұмыстарды дамытуды неғұрлым тиянақты түрде қолға алатын кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Жуырда бұл мәселе Саяси Бюро да талқыланып, көлемді қаулы қабылданды. Ғалымдардың жұмыстарынан көрініп отырғанындай, осы саладағы жетістіктер аса маңызды биологиялық процестердің интенсивтілігін шұғыл арттыра алады.

Ғылымдағы прогресті бағыттар, осы заманғы методологиялық және методикалық тәсілдер селекциялық жұмыс үшін зор мүмкіндіктер ашады. Генетикалық және клеткалық инженерияны қолдану өсімдік шаруашылығында кеселдерге төзімді, қуаңшылық пен қысқа аса шыдамды, әрбір аймақтың табиғат жағдайларына бейімделген сорттар алуды едәуір жылдамдатады. Мұның сондай-ақ мал мен құстың жаңа, неғұрлым өнімді тұқымдарын алуға да қатысы бар.

Ауыл шаруашылығын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету проблемалары қазір білімнің әртүрлі салаларындағы ғалымдардың кеңінен қатысуын қажет етеді. Сондықтан бұл жерде мен СССР Ғылым академиясына сөз арнап, оның ВАСХНИЛ-мен және аграрлық-өнеркәсіптік саланың басқа да ғылыми мекемелерімен арадағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейте беруін тілер едім. Іргелі ғылымды аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ғылыми мекемелерімен терең интеграциялауда аграрлық ғылымның деңгейін және оның ауыл шаруашылық өндірісіне ықпал ету тиімділігін арттырудың үлкен резерві жатыр.

Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізуге көбірек қамқорлық жасау керек. Бұл жерде оның формалары әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ тәжірибе көрсеткеніндей, олардың ішінде ең ұтымдысы ғылыми-өндірістік бірлестік болып табылады. Мұны қазірдің өзінде көптеген жылғы практика тексеріп, дәлелдеп отыр.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекс саласындағы міндеттерді барынша жедел жүзеге асыру қажеттігін түсінуде біздің бәріміз бір пікірдеміз, деді одан әрі М. С. Горбачев. Бұл үшін үлкен ұй-

Digitized by Google

ымдастырушылық және саяси жұмыс талап етілетіні жөнінде де біздің бәріміз бірауызды екендігімізге мен күмәнданбаймын. Ал оны қайткенде нәтижелі жүзеге асыру керек деген сұраққа апрель Пленумының шешімдері, КПСС Орталық Комитетінде болған ғылыми-техникалық прогресс проблемалары жөніндегі кеңестің материалдары және партияның басқа да документтері жауап береді. Осы документтерде баяндалған идеяларды, нұсқаулар мен қағидаларды табанды да дәйекті жүзеге асыру керек.

Еліміздің аграрлық секторында инициативалы жұмыс қажет. Мұның барлық кадрларға — партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ кадрларына қатысы бар. Бұл партияның барлық буындарына қатысты.

Партия ұйымдарының инициативалы, терең ойластырылған жұмысы өндірістің тереңде жатқан резервтерін көтеруге, селода жасалған өндірістік-экономикалық потенциал мен кадрлар потенциалынан жоғары қайтарым алынуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазір нақ осыған баса назар аудару керек. Осыған байланысты біздің селолық аудандық партия комитеттерінің ролі туралы айтқым келеді. Олардың саны қазір 3200, олар 49 мыңнан астам колхоз, совхоз партия ұйымдарын біріктіреді. Селода қазір алты жарым миллион коммунист бар. Бұл біздің партия құрамының үштен бірінен астамы. Мұндай күшпен, мұндай авангардпен өндірістік тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да шын мәнінде ұлы істер тындыруға болады. Партияның Орталық Комитеті партиямыздың осы аса маңызды буынының қызметін жоғары бағалайды, партия комитеттерінің партияның саяси бағытын жүзеге асыруға және, атап айтқанда, Азық-түлік программасын орындауға қосып отырған үлесін бағалайды.

Сонымен бірге бірқатар ескертпелер де айту қажет. Орталық Комитет бөлімдерінің бірқатар облыстық партия ұйымдарының қызметін зерттеуі мынаны көрсетті: көптеген аудандық партия комитеттері жұмысын баяу қайта құруда, партия комитеті — саяси басшылық органы екенін кейде ұмытып кетеді.

Кейбір партия комитеттері теріс стильге түсіп кетеді. Кейде партия комитеттерінің жұмыс формалары мен әдістерін шаруашылық органынан айыру қиын. Идеологиялық жұмыстың дәрежесін арттыруға барлық жерде бірдей көңіл бөлінбейді.

Кадрлар арасындағы жұмыс — селолық аудандық партия комитеттері үшін өткір мәселе. Колхоздар мен совхоздардың басшылары — біздің кадрларымыздың шын мәніндегі алтын қоры. Председательдік және директорлық қиын жұмысты жоғары бағалап, оның беделін көтеру, сөйтіп әрбір ауданда, әрбір облыста, өлкеде, республикада шаруашылық басшылары кадрларының тұрақты корпусын жасақтап нығайту керек.

Сөзінің соңында М. С. Горбачев былай деді:

Партияның кезекті съезінің қарсаңында, жаңа бесжылдықтың алдында болған осындай кеңес-әңгіме осы ірі ауыл шаруашылық аймағы үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл еліміз, біздің бүкіл халқымыз үшін айрықша маңызға ие болады. Қазақстанда, Сібірде, Уралда үстіміздегі жылы мемлекетке астық сатудың жоспарларын ойдағыдай орындап, еліміздің азық-түлік ресурстарына сүбелі үлес қосуға барлық жағдай бар. Бұл партияның кезекті XXVII съезіне жақсы тарту болмақ. **(Ұзақ қол шапалақтау).**

Digitized by Google

ЕҢБЕК ЕРЛІГІНІҢ ӨШПЕС ДӘСТҮРЛЕРІ

М. С. ГОРБАЧЕВТІҢ 1985 жылы 20 октябрьде стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде сойлеген сезі

Қымбатты жолдастар!

Партияның Орталық Комитеті атынан жұмысшы адамның қаһармандығын, абыройы мен ерлігін бейнелеген қозғалыстың бастауында тұрған ардагер-стахановшылар, сіздерді, еңбек ерлігінің өшпес дәстүрлерін лайықты жалғастырып отырған өндіріс озаттары мен жаңашылдары, сіздерді шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Біздің бұл кездесуімізге жақсы себеп бар. Еңбек құштарлығының стахановтық ұшқыны еңбекшілердің сан миллиондаған қозғалысын лаулатқан кезден бері жарты ғасыр өтті. Егер біз сол жылдардың жүрек тебірентерлік оқиғаларын еске түсіріп қана қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеттерін шешу үшін социалистік жарыстың жұмылдырғыш мүмкіндіктерін қайткен күнде жақсырақ пайдалануға болатындығы туралы ақылдассақ, сол дұрыс болар деп ойлаймын.

Стахановшылар қозғалысының маңызы орасан зор және тұрақты. В. И. Ленин алғашқы коммунистік сенбіліктердің тәжірибесінен-ақ данышпандықпен көре білген жасампаздық бастама бұл қозғалыстан айқын көрінді. Ол мұны: «...еңбек өнімділігін дамытудағы, жаңа еңбек тәртібіне көшудегі, шаруашылық пен өмірдің социалистік жағдайларын жасаудағы жұмысшылардың саналы және ерікті бастамасы», — деген болатын.

Біздің бетбұрыс кезеңіміздің міндеттеріне соншалықты үндес келетін қандай терең де ауқымды сипаттама, жолдастар!

Стахановшылар қозғалысы естен кетпес жылдары дүниеге келді. Жас Совет мемлекеті уақыттан озып, индустрияландыруды үрдіс қарқынмен жүзеге асырып жатты. Еңбектің тиімділігін жедел арттырып, оны ұйымдастырудың жаңа формаларын табу, техникалық жағынан қайта құру, өндірістің материалдық базасын жаңарту арқылы жасалған мүмкіндіктерді толығырақ пайдалану міндеті тұрды.

Стахановшылар қозғалысы Максим Горький бұқаралық күш-жігердің отты дүмпуі деп атаған еңбекке жаңа көзқарасты паш етті. Жас елдің, оның жұмысшы табы мен шаруаларының жасампаз күштері бұрқырап көрінді. Бұл, әрине, кенеттен болған жоқ. Бұл жаңа қоғамдық қатынастар орнығуының бүкіл барысымен, партияның мақсаткерлік жұмысымен әзірленді.

Содан бері көптеген жылдар өтті. Бірақ біз бүгін таңда да стахановшылар қозғалысын бастаушылардың есімдерін сүйсініп, мақтанышпен атаймыз. Кімнің есімін атасақ та жарқын, талантты, бітімі ерекше тұлғаны көреміз. Және солардың бәрі — шахта забойшылары Алексей Стаханов пен Никита Изотов, ұста Александр Бусыгин, шахтаның партия ұйымдастырушысы Константин Петров, болат балқытушы Макар Мазай, фрезерші Иван Гудов, паровоз машинисі Петр Кривонос, етік қалыптаушы Николай Сметанин, тоқымашы Евдокия және Мария Виноградовалар, комбайншы Константин Борин, трактористі Паша Ангелина мен Прасковья Ковардак, қызылша өсіруші Мария Демченко мен

Digitized by Google

Марина Гнатенко және басқа көптеген адамдар — халықтың қайнаған ортасынан шыққан болатын.

«Стахановшы», «стахановша» — бұл сөздер инициативаның символы, озат атаулы жолындағы, ескірген, заманы өткен нәрселерге қарсы күрестің символы. Стахановшылар қозғалысы — тек әлеуметтік құбылыс қана емес, сонымен бірге жаңа қоғам адамының рухани сұлулығын ашып берген парасаттық құбылыс. Бұл қозғалыстың бастаушылары еліміздің нағыз қаһармандары болды. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция, жастар соларға теңелді, солардан үйренді, солардың соңынан ерді.

Мен мұны айтқанда, тарихты еске түсіру үшін ғана айтып тұрғаным жоқ. Осы залда отырған ардагер-стахановшылар мен бүгінгі күннің еңбек озаттарына қарасаң, уақыт кезеңдерінің табиғи байланысы туралы, социалистік дәстүрлердің эстафетасы туралы ойлайсың. Өткен жарты ғасыр ішінде техника да, адамдар да өзгерді. Бірақ стахановшылар қозғалысының дәстүрлері ұмытылған жоқ. Алғашқы ізашар — стахановшылар жаңашылдығының қайсар рухы, олардың техниканың бар мүмкіндігін сарқа пайдалануға ұмтылысы, заманы өткен нормаларды, тіпті психологиялық әдет-ғұрыптарды да бұзуға батылдығы біздің кезеңімізге өте-мөте жақын.

Бүгін таңда партия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, барлық істе тәртіп пен реттілікті табанды түрде нығайтуға бағыт алып отыр. Экономикаға неғұрлым серпінділік беру, оны интенсивтендіру арнасына көшіру, өндіріс тиімділігінің барынша өсуін қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл бағыт еңбекшілердің ой-арманы мен көңіл-күйін толық дәрежесінде ескереді, ал дәлірек айтсақ, бейнелейді.

Біздің таяудағы және одан әріректегі перспективаға арналған жоспарларымызды, саясатымызды КПСС XXVII съезі түбегейлі айқындап береді. Ал енді халық шаруашылық комплексінің он екінші бесжылдықта және үшінші мың жылдықтың басына дейін қалай дамуға тиіс екенін біз негізінен қазірдің өзінде білеміз. Шешуші буын қай жерде екенін және ең алдымен қандай тұтқаларға басу қажет екенін көріп отырмыз. Үш бесжылдықтың ішінде өнеркәсіп потенциалының өсімі Совет өкіметінің бұған дейінгі барлық жылдары ішінде жасалған көлемге теңелуін қамтамасыз ету міндеті тұр. Сонымен бірге бұған экономиканы интенсивтендіру арқылы қол жеткізу керек — мәселенің түйіні міне осында.

Мұндай қарқынды өмірдің өзі талап етіп отыр. Бұл қарқынды совет адамдарының әл-ауқатын арттыру, еліміздің қорғаныс қабілетін мемлекетіміздің және оның одақтастарының хауіпсіздігіне сөзсіз кепілдік беретін дәрежеде ұстау қажеттігі талап етіп отыр. Қысқасы, лениндік бағытпен жүре отырып, біз жауапты тарихи таңдау жасауға тиіс болдық, ал партия мұндай таңдауды жасады. Әлеуметтік-экономикалық прогресті елеулі түрде жеделдету арқылы қоғамның сапалық жаңа деңгейіне жету керек. Міне, біз осы жолмен жүреміз, бұлжымастан, дәйекті түрде жүреміз. Қазір ең басты назар белгіленген шараларды іс жүзіне асыруға, нақты істерге, барлық адамдардың — мейлі ол жұмысшы, колхозшы, маман, ғалым болсын, кәсіпорынның немесе саланың басшысы болсын — күнделікті күрделі жұмысына шоғырландырылуға тиіс.

Таяуда мен Батыс Сібірдің мұнайлы-газды ауданында және Қазақстанның тың жерінде болып қайттым. Жұмысшылармен және мамандармен арадағы әңгімелер байсалды да ашық болды. Олардан шығатын негізгі қорытынды мынау: советтік жұмысшы мен шаруа, инженер мен ғалым елдің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін өзінің жауапкершілігін терең сезінеді. Жай ғана ілгерілеу емес, қайта ғылыми-техникалық прогрестің бүкіл майданы шебінде шын шабуылдың, экономиканы дамытуда шұғыл бетбұрыс жасаудың қажеттігі туғанын айқын түсінушілік әбден көрініп тұр.

Осынау жаңа жағдайда адамдардың белсенділігі, олардың өзгерістерге деген жанды ынтасы едәуір арта түсуде. Олар проблемалардың жаңашылдық шешімдерін, социалистік жарысты ұйымдастырудың неғұрлым пәрменді формаларын іздестіруде. Мұның айғағы — еңбекшілердің соңғы уақытта туған бұқаралық инициативалары.

Мәселен, Москва мен Ленинград кәсіпорындарының коллективтері өндіріс көлемінің бүкіл өсімін техникалық прогресс, жабдықты барынша пайдалану есебінен алу үшін күресуде. Украинаның машина жасаушылары XII бесжылдықта өнім өндіру көлемінің бүкіл өсімін қара металдар прокатын тұтынуды ұлғайтпастан, жұмыс істеушілер санын көбейтпей-ақ қамтамасыз етуге міндеттенді. Липецкінің, Нижний Тагильдің және Череповецтің металлургтері қуаттарды, қайталама ресурстарды жақсы пайдалану және шығарылатын өнім сапасын арттыру жолымен жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Жұмыс орындарын аттестациялауды жетілдіру және ұтымды ету негізінде бірталай кәсіпорындар жоғары түпкі нәтижелерге жетуде. Үстіміздегі жылы кем дегенде екі күн үнемделген материалдармен жұмыс істеуді ұйғарған еңбек коллективтерінің инициативасы барлық жерде қолдау тапты.

Жеңіл автомобильдерді өндіру жөніндегі Волга бірлестігінің КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған маңызды инициативасы жайында ерекше айтқым келеді. Оның мәнісі мынада: коллектив өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыру жөнінде нақты ұсыныстар жасады, бұл ұсыныстар министрліктің XII бесжыл-

Digitized by Google

дыққа арнап белгілеген бақылау цифрларынан едәуір асып түседі. Еңбек өнімділігін едәуір арттыру, әрбір автомобильге жұмсалатын металл шығынын, отын шығынын кеміту ұйғарылды. Оның үстіне жаңа үлгідегі автомобильдердің кепілдік берілетін жүріс мөлшерін бір жарым есе ұзарту ұйғарылды. Коллектив өз ұсыныстарын мемлекеттік қоспарға енгізуді өтінді.

Волга автомобиль заводындағы жедел қарқын едәуір дәрежеде тындырымды шаруашылық есеп тәжірибесіне — кәсіпорыннан әрбір бригадаға, әрбір жұмыс орнына дейінгі шаруашылық есеп тәжірибесіне «суарылғанын» атап өтуге болады. Бұл барлық резервтерді халық шаруашылығына қызмет еткізуге шақырған партияның үндеуіне лайықты жауап, іске шаруақорлық көзқарастың үлгісі.

Көріп отырмыз, озық коллективтер бүгін таңда ең алдымен жұмыстың сапалық көрсеткіштерін бағдар етуде. Бұл — жаңа техника мен технологияны игеру, ресурстарды үнемдеу, шарттық міндеттемелерді сөзсіз орындау, өндіріс тиімділігін арттыру. Әлбетте, мен жарыстың жекелеген ерекшеліктерін ғана айтып отырмын — ал оның тәжірибесі өмірдің өзі сияқты бай да сан алуан.

Және, әрине, қызметкердің өзі өндірістің иесі ретінде қалыптасуының, оның осы заманғы міндеттердің ауқымына және сонылығына бейімделуінің зор маңызы бар. Өйткені жарыс — еңбекшілер творчествосын өрістетудің аса маңызды өрісі, совет адамының өзін-өзі орнықтыруы мен биіктей түсуінің, оның қабілетінің, дарынының, азаматтық қадір-қасиетінің анықталуы мен жұртшылыққа танылуының негізгі тәсілдерінің бірі.

Қысқасы, біздің ісіміз ілгері басты, алғашқы нәтижелер бар. Бірақ бұл зор жұмыстың бастамасы ғана. Алда дәйекті түрде мүлтіксіз шешілуге тиіс ауқымы орасан зор міндеттер тұр. Олар өмірдің барлық салаларына қатысты, басқарудың барлық буындарынан аса жоғары жауапкершілікті талап етеді. Біз шаруашылық кадрларын партия ұсынған жаңа көзқарастар мен талаптар рухында қайта бағдарлау барысын алдағы уақытта да табанды және дәйекті түрде жүзеге асыра береміз.

Бірақ істің табысты болуы, жолдастар, сайып келгенде еңбек коллективтерінде — бірлестіктер мен кәсіпорындарда, цехтар мен бригадаларда, жұмыс орындарында шешіледі. Және де ол әрбір еңбеккердің күш-жігерімен, ақыл-ойымен, мен айтар едім, жан-жүрегімен, абырой-намысымен және ар-ожданымен шешіледі. Ортақ игілікке адал жұмыс істеу, тәртіпті қатаң сақтау, жауапкершілік пен инициатива көрсету, мемлекет мүдделеріне өзінің жеке мүдделеріндей қамқорлық жасау — міне, шындығында, әрбір адамнан осылар талап етіледі.

Осы мақсат үшін барлық экономикалық және әлеуметтік тұтқаларды, барлық материалдық және моральдық стимулдарды іске қосу қажет. Сонымен бірге ешқандай ақшамен өлшеуге болмайтын мұндай көтермелеудің маңыздылығына ерекше назар аударғым келеді. Өткен жылдардың және бүгінгі күндердің практикасы жұмысшылар мен колхозшылардың, мамандар мен ғалымдардың — Отан даңқын молайтып жатқандардың бәрінің абыройлы еңбегін дер кезінде байқаудың, оны қолдап, көтермелеудің соншалықты маңыздылығын көрсетті.

Алда келе жатқандарға кейде оңай да соқпайды. Былайша айтқанда, олардың желі үнемі оңынан тұра бермейді: бекіп қалған дәстүрлерді бұзуға, кертартпалық пен түсінбеушілікті жоюға тура келеді. Бірақ әрбір жаңашыл — еліміздің даңқы мен мақтанышы, социалистік қоғамның ұлы игілігі. Мұндай адамдарды қолдау керек. Олардың есімі мен ісін бүкіл ел, әрбір еңбек коллективі білуге тиіс.

Инициативалы, жоғары өнімді еңбекті барынша көтермелей отырып, сонымен бірге, былайша айтқанда, жұмысты жүрдім-бардым істейтіндерден, еңбек тәртібі мен технологиялық тәртіпті бұзатындардан, ақау «айдайтындардан» қатаң сұрау керек. Орталық Комитетке келіп түскен хаттарда еңбекшілер адал еңбек еткісі келмейтіндерге қарсы неғұрлым пәрменді праволық, материалдық, әкімшілік және басқа шаралар қолдануды ұсынады. Осылай еткен әділетті болады. Дәл солай істеу керек. Шаруашылықты жүргізудің жаңа механизмі де осыған бағытталған, ал оған кәсіпорындар мен салалардың барған сайын көпшілігі көшуде.

Орталық Комитет жұмысшы табы, шаруалар, инженер-техник кадрлар, қызметшілер, интеллигенция творчестволық белсенділік көрсетеді, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету нақты іске айналуы үшін, совет адамдарының өмірі материалдық және рухани жағынан бұрынғыдан да бай, толыққанды, мазмұнды болуы үшін күш-жігерін аямайды деп сенеді.

Жолдастар! В. И. Ленин «Бұқара дереу іске кірісу **үшін оның жарысын да, талапкерлігін** де туғыза» білуді **төтенше** маңызды іс деп санады. Бүгінде социалистік жарысқа іс жүзінде барлық еңбекшілер қатысуда. Бірақ, еңбек бәсекесінің қайтарымы әрдайым тиісті дәрежеде болып жүрген жоқ деп ойлаймын. Бұл жерде себептер әртүрлі. Негізгі себептердің бірі — жарыстың формасы мен әдісі экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінің сипатына тіпті де толық сай келмейді. Көптеген коллективтерде социалистік жарыс, экономиканы интенсивті арнаға көшіру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, шаруашылық механизмін қайта құру, еңбекті ұйымдастырудың коллективтік формаларын кеңінен енгізу жөніндегі жұ-

Digitized by Google

мыстарға берік те терең байланыстырылмай, өз бетімен жүріп жатады.

Мұндай жағдайды түбірімен өзгерту керек. Ал енді біз резервтерді ашуды, қолымызда бар нәрсеның бәрін барынша толық пайдалануды қолға алған екенбіз, — онда, кәне, жарыстың өзіне де осы позициядан тың көзбен қарайық. Жалпы алғанда оны өзірше басым мақсаттарға: еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға, ресурстарды үнемдеуге неғұрлым айқын бағдарлау жетіспей жатыр.

Қарқын, сапа, ұқыптылық, ұйымшылдық — бүгінгі күннің басты ұрандары міне осылар.

Біздің кездесуімізді пайдаланып, өнім сапасын батыл жақсарту қажеттігі жайында тағы да айтқым келеді. Бұл тұтас бір мәселелердің — экономиканың, саясаттың, моральдың біріккен торабы. Өнім сапасының төмендігі — халық игілігін де, адам еңбегін де талан-таражға салып, тікелей рәсуа етудің нақ өзі. Мәселен, көпшілік қолды товарларды алып қарайық. Біздің космос корабльдерін, атомоходтарды жақсы жасай тұрып, осы заманғы тұрмыс техникасын, аяқ киімді, киімді көбінесе ақаумен шығаратындығымызға қайран қалатын сатып алушыны түсінуге болады. Ал мұның өзі материалдық қана емес, сонымен қатар моральдық-саяси да нұқсан келтіреді.

Мұның неге бұлай болып жүргендігінің құпиясы жоқ. Басты себептердің бірі — өнім сапасы үшін сұраудың аздығы, технологиялық тәртіптің нашарлығы. Міне бұл жерде көп нәрсе еңбек коллективтерінің өздеріне байланысты. Біз жұмысшылар мен колхозшылар, ғалымдар мен мамандар, инженер-техник қызметкерлер, шаруашылық басшылары бүкіл отандық өнім дүние жүзіндегі осындай таңдаулы өнімдерден кем соқпайтын болуы немесе олардан асып түсуі үшін күресті өрістететініне сенеміз.

Сапа туралы айтқанда мен әсте де сан көрсеткіштері өз маңызын жойды дегелі тұрғаным жоқ. Астықты, овощты, етті көбірек өндіру, көмір мен мұнайды көп беру, халық тұтынатын товарларды көп шығару бүгін де қажет. Бірқатар салаларда өнім өндіруді молайту алдағы уақытта да еңбек жарысының маңызды көрсеткіші болмақ. Бірақ басқа бір нәрсе де айқын: біз, айталық, энергетика және шикізат ресурстарын өндіруді шексіз арттыра бере алмаймыз. Металдың, мұнайдың, тыңайтқыштың әрбір тоннасын, электр энергиясының әрбір киловатын, ағаштың әрбір текше метрін шаруақорлықпен пайдаланып үйрену керек.

Міне сондықтан да еңбек, материал және финанс ресурстарын үнемдеу, оларды ұтымды пайдалану жолында да жарыс жүргізілуге тиіс. Мен бұл тақырыпта бұған дейін де айтқанмын, бірақ, істің жақсылыққа қарай өзгеруі баяу екенін ескере отырып, тағы да атап көрсеткім келеді: үнем, ұқыптылық, жинақталған өндірістік потенциалды ұтымды пайдалану — біздің ең жақын резервіміз, халық шаруашылығының тиімділігін арттырудың шешуші шарты.

Бұл бағыттағы әрбір нақты қадамды бағалау, ысырапқорлық үшін қатаң сұрау керек. Әйтпесе, мынадай да жағдай болады: қарасаң, цехта немесе заводтың ауласында үнем мен ұқыптылыққа шақыратын плакаттар ілулі тұрады, ал заводтың территориясында металл сынықтары, мерзімінде орнатылмаған жабдықтар жайрап жатады. Сөйтіп: ұран мен сөз —бір басқа да, ал істің жайы мүлде басқаша болып шығады.

Жолдастар! Қоғамның алдында тұрған міндеттерді шешуде кәсіптік одақтардың роліне баға жеткізу қиын. Олардың қызметіндегі ең қасиетті парыз — еңбекшілердің әлеуметтік және мәдени мұқтаждарына, еңбек және тұрмыс, демалу және тынығу жағдайына үстіүстіне қамқорлық жасау. Бірақ ең жоғары еңбек өнімділігі жолындағы, өндірістегі тәртіп пен ұйымшылдық жолындағы жүйелі де табанды жұмыстан тыс бұл міндеттерді ойдағыдай шешуге болмайды. Игілікті жасаудың тиімді жұмыстан басқа жолы жоқ. Сондықтан өнімділікті арттыру арқылы еңбекшілердің мүддесін қорғау — кәсіптік одақтардың, барлық өндірістік коллективтердің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Осы мақсаттарға еңбек коллективтері туралы заң қазіргіден гөрі белсендірек пайдаланылуға тиіс. Өміріміздің барлық проблемалары солардан айнадағыдай айқын көрінеді. Еңбек коллективтерінде жоспарлар жүзеге асырылады, жаңа идеялар тексеруден өтеді, кадрлар қалыптасады. Үстірт көзбен «жоғарыдан қарамай», төменгі буындардағы жағдайды үңіле зерттеп, есепке алу, мысалы, бригадалық шаруашылық есепті пәрмендірек енгізуге көмектеседі. Нақ сол шаруашылық есепті. Бізде бригадалар көп-ақ, ал шаруашылық есеп негізінде, айталық, өнеркәсіпте әзірше солардың бестен бір бөлігі ғана жұмыс істейді.

Бригадада әрбір адам көз алдында болады, мұны сіздер жақсы білесіздер, онда әркімнің бірлескен еңбекке қатысу дәрежесін коллектив мүшелерінің өздері бағалайды. Мұнда жалақы жөнінде де, көтермелеудің материалдық және моральдық басқа формаларында да әлеуметтік әділдік принциптері толығырақ жүзеге асырылады. Мұнда жылпостық жасап, басқаның көлеңкесіне тығылу қиынға соғады, міндеттеменің өндірістің түпкі нәтижелерімен байланысы айқынырақ көрініп тұрады.

Сондықтан коллективтерде резервтерді күнбе-күн мұқият іздестіру, айтылып жүргеніндей, «бойлап» та, «ендеп» те жүргізілетін талапшылдық жағдайын туғызу едәуір дәрежеде кәсіподақтарға байланысты. Алайда көбіне-көп кәсіподақ комитеті барлық іске қатысуын қатысады, бірақ күш салатын басты нүктелерін айқындай алмай жүр-ау де-

Digitized by Google

ген әсер туады. Осының салдарынан, жарысты ұйымдастыруда жиі кездесетініндей, бірталай жігер «қағазға», шараларды «ойлап тауып», «орайын келтіруге» жұмсалады.

Формализм — бұқараның төл творчествосы ретіндегі жарыстың қас жауы. Міндеттемелердің кейде «көшірме қағазбен» жазылып, қатысушыларға тек қол қоюға ғана берілетіні құпия емес. Жарыс көрсеткіштері кәсіпорынның, саланың ерекшеліктерін ескермей белгіленеді. Ал жарысқа қатысушылардың жеке міндеттемелерін алып қарайықшы. Жалпы алғанда мұның өзі тәуір нәрсе. Бірақ жұмысшының, инженердің шынтуайтқа келгенде өзінің тікелей қызметтік міндеттерін көшіріп жазып, оларды орындауға уәде беруінің қажеті қанша? Бұл жарыс идеясының өзін бұрмалау ғой.

Мынадай мәселені де ойластыру керек: жарыстар мен бастамалардың түр-түрі тым көп емес пе? Бұл әрдайым жақсы бола бермейді. Жарыстың аса құнды жағы — жоғары нәтижелерге жету, озық өндірістік тәжірибенің, еңбектің жаңашыл тәсілдері мен әдістерінің дүниеге келуі. Ал егер толып жатқан бастамаларды беретін нақты қайтарымымен салыстырсақ, олардың барлығы бірдей жете ойластырылмаған деген тұжырымға келмеске болмайды.

Кәсіподақ және шаруашылық органдарының жұмысын нақ осы бағытта күшейту керек деп санаймын. Нақты істерді даңғаза ұрандар ұсынумен, ал жанды жұмысты — ойдан шығарылған сан түрлі шаралар өткізумен алмастыруға болмайды.

Толғағы жеткен басқа да мәселелер бар, олар — жарысты ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін, міндеттемелерді экономикалық жағынан негіздеу, олардың қауырттығы үшін жауапкершілік туралы, жеңімпаздарды ынталандырудағы теңгермешілікті жою туралы, озаттың беделін көтеру туралы мәселелер. Табыстардың да, олқылықтардың да дәл өлшемдері қажет. Кездесуге қатысушылар осы және басқа мәселелер бойынша өз пікірін білдірер деп ойлаймын.

Бүгін маскүнемдікке қарсы күрес секілді күрделі проблемаға да тоқталуға рұқсат етіңіздер. Наразылар да болғанымен, қолданылған шараларды еңбекшілер қызу қолдады, үміттендіретін нәтижелер қазірдің өзінде көрініп отыр. Арақ-шарап ішімдіктерін тұтыну қысқарды. Жүрт маскүнемдікке неғұрлым ымырасыз қарайтын болды, қалалар мен селолардың көшелерінде де, өндірісте де тәртіп күшейді. Сіздерге айтайын, жарақаттану оқиғалары соңғы үш айда күрт қысқарды. Мұның өзі мыңдаған адамдардың денсаулығын сақтауға мүмкіндік берді, ал денсаулықтан қымбат ештеңе болуы мүмкін емес.

Демек, зор істің текке басталмағаны. Белгіленген шараларды мүлтіксіз жүзеге асыратын боламыз. Ішкілік қолдануды қоғамымызда өмір нормасы ретінде енгізу жөнінде алдымызда ұзақ уақыт, табанды жұмыс тұрғанын біз жақсы түсінеміз. Біздің төзіміміз жетеді. Мұның үстіне осындай бағытты жүргізуде КПСС Орталық Комитеті бүкіл халықтың қолдауына, қоғамдық пікірдің көмелдігі мен күшіне сүйенеді.

Жолдастар! Стахановшылар қозғалысының ерекше бір белгісі бар: ол жастар ортасында туды. Оған ұйтқы болғандар 30 жастан аспаған адамдар еді. Бұл заңды да, өйткені қандай да болсын бірде-бір ауқымды тарихи міндет жастардың белсенді, жан-жақты жұмыла қатысуынсыз шешіле алмайды. Қоғамымыздың алдында тұрған ұлағайыр жаңашылдық міндеттерді шешу үшін жас ұрпақтың күш-жігерін толық пайдалану бүгін таңда да бұрын-соңды болмаған дәрежеде маңызды.

Кейде қазіргі жастардың азамат болып баяу қалыптасатыны жайында айтылады. Аға ұрпақ арасындағы кей адамдар осыған байланысты күңкілдеп жүреді. Бірақ кеңінен толғап айтсақ, онда біз қазіргі совет жастарына риза бола аламыз. Біздің жігіттеріміз бен қыздарымыз— индустрияландыру жылдарында еңбек өнімділігінің сол кезде құлақ естімеген рекордтарын жасаған, қаһарлы соғыс жылдарында шабуылға бірінші болып көтеріліп, амбразураны кеудесімен жапқан, әуе және танк шайқастарында таран жасаған адамдардың балалары мен немерелері. Олар тың көтерген, Приполярье тундрасы мен Сібір тайгасында мұнай мен газ өндірген адамдардың балалары мен немерелері. Олар сіздер мен біздердің балаларымыз бен немерелеріміз, олар бүгін де еңбектің, Отанға қызмет ету мен адалдықтың асқан жоғары үлгілерін көрсетіп жүрген біздің серіктес-жолдастарымыз. БАМ-ды салып, жаңа қалалар тұрғызып, астық өсіріп, Отан шептерін қорғау қызметін адал атқарып жүрген солар.

Социалистік және коммунистік құрылысқа совет жастарының қосқан үлесін партия, халық жоғары бағалайды. Жастарымызға біз барлық істе сенеміз, оларға өздерін өздері танытудың, өндірістік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында өз қабілеттерін көрсетудің кең мүмкіндіктері ашылуына қамқорлық жасап отырамыз.

Егер партия комитеттері, шаруашылық органдары комсомолмен бірлесіп жаңашыл жас жұмысшылардың, инженерлердің, ғалымдардың күш-жігері мен таланттылығын, жаңа атаулыға ынталылығын, келеңсіздік пен кертартпалықты қабылдамайтындығын, кінәратсыз намысшылдығын неғұрлым толық пайдаланудың жолдары мен формаларын табатын болса, одан біздің социалистік ісіміз тек ұтып шығатын болады. Соның ішінде жарыс арқылы да ұтады. Өндірістегі, ғылымдағы, басқарудағы, мәдениеттегі басқарушы рольдерге перспективалы мамандарды дер кезінде

Digitized by Google

ұсынып отырған жөн. Бұл өзін-өзі әрқашан да ақтайды.

Тегінде, сіздер, телевизиядан «Мұны сіз де істей аласыз» деген сериялы хабарлардың бірін көрген боларсыздар. Онда өзінің қолымен жеңіл автомобиль жасаған шеберлер жайында әңгіме болды. Машиналардың көптеген моделі көрсетілді, сонда олардың бірі ерекше көзге түсіп еді. Оны Ленинградтың екі жас жұмысшысы — кешкі институтта оқитын Дмитрий Парфенов пен кеме приборларын жасау техникумын бітірген Геннадий Хаинов жасаған. Жиырма бес жастағы осы жігіттер үш жылдың ішінде ешқандай бейімделмеген жағдайда автомобильдің қолтума конструкциясын жасап шығарды. Сөйтіп олар өздерінің жоғары техникалық сауаттылығын, ой сонылығын көрсетті. Қазір осы білгір шеберлерге арнаулы лаборатория бөлініп, дұрыс істелді ғой деп ойлаймын, енді олар мұнда өздерінің жұмысын жалғастыра алатын болады.

Жастардың техникалық творчествосы үшін біздің барлық мүмкін болған әдістерді қолданып өріс ашуымыз қажеттігін атап көрсету үшін бұл мысалға әдейі тоқталып отырмын. Жастардың творчестволық потенциалын қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын жедел-детуге байланысты міндеттерді шешуге бағыттау үшін осындай өріс ашып қана қоймай, сонымен қатар барлық қажетті жағдайды жасау керек. Қазір бұл мәселе бойынша ұсыныс әзірленуде, ол партияның Орталық Комитетінде қаралатын болады.

Осыдан бір жыл бұрын КПСС Орталық Комитеті «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулы қабылдаған. Ол партия және комсомол ұйымдарында іскерлікпен талқыланды және, сөз жоқ, комсомол өмірінің жандануына, практикалық жанды істермен неғұрлым толыса түсуіне жәрдемдесті. Көкейтесті міндеттерге ынта-ықылас күшейді, формализм азайды. Бірақ алда бұдан әлдеқайда көп іс тындыру керек.

Әңгіме не туралы болып отыр? Комсомолдың коммунизмге үйрену, завод пен егіс даласында, класс пен лабораторияда — күн сайын үйрену, күнделікті жұмысты коммунистік перспективамен ұштастыра білу жөніндегі Ленинның өсиетін табанды түрде жүзеге асыру туралы. Жастардың ықыласын аударатын, оларды толғандыратын және қам-қарекетке бөлейтін нәрсенің бәрі — комсомолдың ісі. Оның жұмысының стилі мен әдістері жанды, қызықты сипатта, мәні жағынан да, формасы жағынан да соны және жастарға лайық болуға, әлі де көп күш пен қаржы жұмсалып отырған әсіре ұйымшылдықтан, науқаншылдықтан, алуан түрлі жылтырақтан ада болуға тиіс.

Жолдастар! Еліміздің өмірінде ерекше жауапты кезең басталды. Үстіміздегі жыл мен жалпы бесжылдық жоспарларының тағдыры шешіліп жатыр. Партияның кезекті съезіне әзірлік кең қанат жоюда, партия ұйымдарының, еңбек коллективтерінің өмірі мен қызметінің тынысын, бүкіл қоғамдық ахуалды айқындап отырған да міне осы.

Бүгін, партия тындырылған істі тұжырымдап, болашаққа арналған бағытты анықтап жатқан кезде, ең көкейтесті мәселелер жөніндегі сіздердің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды білу — бізге өте маңызды. Орталық Комитет жұмысшылардың, колхозшылардың, мамандардың, ғалымдардың үніне үнемі мұқият құлақ асып, өз саясатын бұқараның тәжірибесімен салғастырады. Басқаша болуы мүмкін де емес: партияның ісі — халықтың ісі.

Партия қоғам алдында тұрған проблемалардың ойдағыдай шешілетініне сенеді. Сенетін себебі, оның айқын іс-қимыл программасы бар және ол халықтың творчестволық күшіне, жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның ұйымшылдығы мен тәртібіне, жоғары саяси және кәсіптік мәдениетіне сүйенеді. Партия бағытын жүзеге асыру біздің Отанымызды қазіргіден де ауқатты және құдіретті, совет адамдарының өмірін — қазіргіден де жақсы, біздің дамуымызды — қазіргіден де серпінді етеді.

Осы үшін, өзіміздің ұлы мұраттарымыз үшін өмір сүруге, еңбек етуге, күресуге әбден болады! **(Ұзақ қол шапалақтау).**

Digitized by Google

ЖАҢАШЫЛДАР ЖОЛЫМЕН



К. ӘБДЕШЕВ,
Зеленый ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы комсомол-жастардың трактор-егіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, Орал облыстық партия комитеті бюросының мүшесі, КПСС XXVI съезінің делегаты, үгітші

Комсомол-жастар бригадамыздың характері қалыптасты, сенімді қол таңбасы бар. Біз егін жинауда аудандық жарыста талай жыл жеңімпаздар болдық. Биылғы науқанда өзіміздің жоғары шеберлігімізді қуаттадық. Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындадық, мемлекетке 40 мың центнерден астам дәнді дақыл тапсырдық, сосын өткен жылдардағы кемістіктердің орнын толтырдық: сентябрьде бесжылдық тапсырмасын аяқтағанымыз туралы рапорт бердік. Осы жылдар ішінде Отан қамбасына 195 мың центнерге жуық астық құйылды.

Біз іске деген творчестволық көзқарастан, жастарымыздың барлық жаңа, озық істерді өте жедел қабылдау қабілетінен күш аламыз. Сондықтан бізде бригадалық мердігерлік те орнықты, енді еңбекті ұйымдастырудың прогрестік формасын бірінші болып байқауға ұмтылдық.

Мердігерлікке ауысу барысында партия және комсомол топтары ұйымдық жұмыстарды жүргізді. Коллективтің жетекшісі және үгітші ретінде маған озық тәжірибені егжей-тегжейлі зерттеу тапсырылды. Біздің облысымызда егіншілікте бригадалық мердігерлікті енгізу инициаторы, өз жолдасым Социалистік Еңбек Ері, Каменка ауданындағы «Красный маяк» совхозының бригадирі Мақаш Жүсіповпен бірнеше рет кездестім. Осы коллективтің үлгісі бойынша бригаданың әр мүшесіне техниканы бекіттік, сөйтіп дербес жауапкершілікті арттырдық. Сосын негізгі және жөндеу жұмыстарын ескеру арқылы бригадалық ішкі мамандануға ауыстық. Биылғы орақта, мәселен, бізде ұсақ техникалық ақаулардан іркілістер іс жүзінде болған жоқ. Әр адам бригада советінде тапсырылған іс үшін есеп беріп, ол үшін материалдық және моральдық жағынан жауапкер болды, көбірек инициатива көрсете бастады. Мәселен, рационализаторлар тәлімгері Бақтыгерей Бисеналиевпен бірлесіп, комсомол тобының ұйымдастырушысы Алексей Бабенко мен Бақтығали Есенов жаңа учаскелерге ауысар алдында комбайндардың кейбір тораптарын қалпына келтіруде көп еңбек етті.

Бригада коммунистері коллективте жауынгерлік көңіл-күйді қалыптастыруға орақ қарсаңында көп көңіл бөлді. Үгітшілер мен саяси хабаршылар механизаторлармен әңгімелер өткізді, тәлімгерлер өз қамқорлығындағы жастармен бірге танапқа шығып, комбайн саңылауларының бекітілуін қайта-қайта тексерді.

Биыл бізде сайыс өте пәрменді болды. Комсомолецтердің инициативасы бойынша жас коммунист Петр Изымов басқаратын № 2 бригаданы жарысқа шақырдық. Танаптарымыз іргелес жатыр, қорытындыларды дереу шығарып отырдық. Колхоз комсомол ұйымының секретары Вера Солохина әр бескүндікте сайысушылар нәтижелерін хабарлап, жеңімпаздарға вымпелдер тапсырды.

Көрнекі үгітке жауапты үгітші, жас коммунист Владимир Бондаренко егіс қосын безендіру жайлы қамқорлық жасады. Әр адам жұмыс ауқымы туралы білді, егін жинаудың алғашқы күнінен-ақ жарыс экраны көркемделді, дәстүр бойынша «Жауынгерлік листоктар», «Молниялар» шығарылды. Жастардың табыстары айрықша аталды. Сағидолла Ермеков, Болат Исмағұлов, Құрман Әбдешев алғаш 1000 центнерден астық бастырғанда олардың құрметіне еңбек дақпы жалауы егіс қосында көтерілді. Олардың үйлеріне алғыс айтылған хаттар жолданды. Бұл күні коллективте мереке болды. Бригада партия тобының ұйымдастырушысы Иван Иванович Кольвик жас механизаторларды алғашқы жеңістерімен құттықтады, осында, коллективтің жалпы жиналысында олардың комбайндарына алғашқы алқызыл жұлдыздар салынды.

Біздің коллективіміз — жақсы тәрбиеші. Ардагер, алғашқы тың игеруші, Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері, Хамит Ерболатұлы Ермеков бұл тұрғыдан

Digitized by Google

өте көп нәрсе жасайды. Ол Зеленый селолық кәсіптік-техникалық училищесімен көптен бері тығыз байланыс жасайды. Онда бізге практикаға жіберілетін жігіттермен бірнеше рет кездесіп, оларға коллективтің істері мен жоспарлары, алдағы орақтың қиындықтары туралы айтты. Демек бізге даярланған, коллектив қам-қаракетімен таныс адамдар келеді. Комбайншы Виктор Александрович Степанцовқа, әр кездегідей, оның қызы, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының сырттан оқитын студенті Елена көмектесті. Зеленый селолық кәсіптік-техникалық училищесінің оқушысы Сағидолла Ермеков те әкесімен бірге жұмыс жасайды. Ал бригадада оқушы кезінен өзімізбілетін Құрман Байғалиев бұл жолы кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен кейін алғашқы орақты дербес өткізді. Коллективтің тең жартысынан астамы бір кезде жастайынан диқандық шеберлік әліппесіне қанығып, еңбек жолын осылай бастаған еді.

Әрине, жұмыстағы жатықтылық, жауынгерлік көңіл-күй түпкі нәтижелерге оңды әсер етуде. Дегенмен коллектив жетістігінің анағұрлым сүбелі болуы мүмкін еді. Біз, мәселен, биыл бидай егілген танапты, ал мұның өзі 1300 гектар, интенсивті технология бойынша өндеуге өзір едік. Бригадамызда жоғары қарқын алып, интенсивті технологияға барынша жедел ауысып, шығымдылықты гектарына 20—22 центнерге дейін көтеруге ұмтылдық. Ал ол біздің танаптарымызда өзірше гектарына 14—15 центнер құрайды. Әйтсе де бізде материалдық-техникалық өскелең мүмкіндіктер толық пайдаланылмайды, ауданымызда озық әдісті енгізу «Сельхозхимия» мен «Сельхозтехника» бөлімшелері жұмысының әлсіздігінен тежелуде. Олар тыңайтқышты жүйелі түрде бермейді, техника жөндеуде оралымсыз: кейде олардың ақауларын шеберханада түзетуге тура келеді. Целиноград қаласында өткен партия-шаруашылық активінің кеңесінде нақ осындай практика туралы сөз қозғалды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас жаңа техниканы енгізу туралы айтып, былай деп атап көрсетті: «Егіннен кепілді түрде жоғары өнім алу үшін, астық өндірісіне қажетті тұрақтылық сипат беру үшін тыңайтқыштарды, техниканы, басқа да ресурстарды ең алдымен нақ осында шоғырландыру керек». Демек механизаторлардың, мамандардың, егін тағдырына, жер құнарлығын арттыруға қатысты адамдардың бәрінің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс.

ОЗЫҚ КОЛЛЕКТИВТЕР АТАЛДЫ

1984 жылғы **«Коллективтік мердігерлік негізінде түпкі жоғары нәтижелерге жетейік»** деген байқау-конкурстың қорытындылары шығарылды. Оны «Қазақстан ауыл шаруашылығы» — «Сельское хозяйство Казахстана» журналының редакциясы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және Жеміс-овощ шаруашылығы министрліктері ұйымдастырған еді.

30 коллектив жеңімпаздар деп танылды. Олардың ішінде Семей облысынан О. Бегатовтың, Ақтөбе облысынан А. Ваймердің, Алматы облысынан В. Поповтың, Павлодар облысынан В. Песоцкийдің, Шымкент облысынан Ю. Қайымбетов пен Г. Ибрагимовтың т. б. бригадалары бар. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен, Москва қаласының Измайлово туристік комплексіне сапар жасау үшін жолдамамен наградталды.

Байқау нәтижелері «Қазақстан ауыл шаруашылығы» — «Сельское хозяйство Казахстана» журналының үстіміздегі жылғы бесінші санында жарияланды. Журнал беттерінен таңдаулы мердігерлік бригадалар мен звенолардың көрсеткіштерін табуға болады. Село еңбеккерлерінің ықыласын аударатын цифрлар мен фактілер топтамасы берілген.

Мердігерлік бригадалар мен звенолардың республикалық байқау-конкурсы жалғасуда. Шарт бұрынғы күйінде қалады. Оның қорытындысы үстіміздегі жылдың нәтижелері бойынша шығарылады.

Ұқыпты бол!

Елімізде алынған егіншілік өнімдерінің небары

1

процентін сақтау қосымша

— 2 миллион тоннаға жуық астықты,
100 мың тоннадай мақтаны,
270 мың тоннадан астам овощты қамтамасыз етеді.

Digitized by Google

РЕТТІЛІК ПЕН ТӘРТІП ҮШІН

М. ҚАЛМАТАЕВ,
Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі саяси бөлімінің бастығы

В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылған, революция шайқастарының от-жалынында дүниеге келген совет милициясы — Ұлы Октябрь құрдасы. Ішкі істер органдарының қалыптасуына жалынды большевик Ф. Э. Дзержинский үлкен үлес қосты. М. И. Калинин, М. В. Фрунзе, К. Е. Ворошилов, Г. И. Петровский, В. В. Куйбышев, А. Джапаридзе және партия мен Совет мемлекетінің басқа да қайраткерлері революциялық реттіліктің алғашқы отрядтарын, жұмысшы-шаруа милициясын ұйымдастырушылар болды.

Ішкі істер халық комиссариатының 1917 жылғы 28 октябрьдегі (10 ноябрьдегі) «Жұмысшы милициясы туралы» қаулысында совет милициясы қызметінің, міндеттері мен функцияларының принциптері анықталды. Идеялылық, халықтық, демократизм, социалистік заңдылықтың лениндік принциптерін қатаң сақтау, қызмет парызын орындау үстіндегі табандылық пен ерлік — Совет мемлекеті тарихының барлық кезеңдерінде көрінген оның ерекше қасиеттері осындай.

Өзінің жолын ауыр жиырмасыншы жылдары бастап, Советтік Қазақстан милициясы еңбекшілермен қоян-қолтық-таса отырып, революция жауларына — ақ гвардияшыларға, басмашыларға, алашордашыл бандыларға қарсы күресті. Оның алғашқы ұйымдастырушылары Ә. Жанкелдиннің, Т. Рысқұловтың, Ә. Әйтиевтің, П. Виноградовтың, Т. Бокиннің, М. Масанчидің және басқа көптеген адамдардың даңқты еңбек және қаһармандық істері халық жадынан өшпейді. Б. Баратбаев, В. С. Кунавин, Б. В. Дикопольский, В. Булатов, Н. Д. Стасий және жұмысшы-шаруа милициясының басқа қаһармандары Совет өкіметінің жауларымен күресте қызмет үстінде қаза тапты. Олардың есімдері өз бөлімшелерінің тізімдеріне мәңгі енгізілді, көптеген қалалар мен поселкелердің көшелері олардың атымен аталды. Азамат және Ұлы Отан соғысының қатал сындары кезінде, еңбек бесжылдықтары жылдарында милиция қызметкерлері өздерін шынайы патриоттар ретінде көрсете білді.

Партия өндірісті ұдайы интенсивтендіру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, ұйымшылдықты, тәртіп пен реттілікті жер-жерде нығайту бағытын жүзеге асырып жатқан бұл күндерде республика ішкі істер органдарының бүкіл жұмысы КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және июль Пленумдарының шешімдерін орындауға, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алуға бағытталған.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдете отырып, басқа шаралармен қатар материалдық және рухани игіліктерді бөлудегі әлеуметтік әділеттілікті нығайту, еңбексіз табыс табу жолдарын жабу қажеттігі атап көрсетілді. «Партия социалистік өмір салтына, біздің коммунистік моральға жат барлық келеңсіз құбылыстарға қарсы, — деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Пленумда жасаған баяндамасында, — алдағы уақытта да мейлінше батыл күрес жүргізе береді». Республика ішкі істер органдары да осы үлкен жұмысқа белсене кірісті.

Соңғы уақытта жұмыс стилін жетілдіру жөнінен бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Социалистік меншікке қол сұғушылықпен, парақорлықпен және алыпсатарлықпен күрес күшейді.

Басқару бөлімшелері қыруар қысқарды және олардың есебінен милицияның оперативті буындары: қылмысты істі іздестіру, социалистік меншікті талан-таражға салумен күрес бөлімдері, қоғамдық тәртіпті қорғау службалары нығайтылды.

Қылмысты істерді іздестіру бөлімінің қызметкерлері сақтандыру, қылмысты анықтап, ашу, айыптылардың жазадан құтыла алмауын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста жоғары кәсіптік шеберлік пен өте жақсы білгірліктерін көрсетуде. Бұлар — Алматы қалалық ішкі істер басқармасынан К. А. Қасымханов, Ақтөбе қаласындағы Фрунзе аудандық ішкі істер бөлімінен Ю. А. Горбань, Жезқазған облысының Ақтоғай аудандық ішкі істер бөлімінен С. Ш. Сыздықов, Теміртау қаласының Гагарин аудандық ішкі істер бөлімінен Л. А. Фролов және басқа көптеген адамдар.

Милицияның ең үлкен және халыққа жақын отряды — учаскелік инспекторлар құрамы елеулі түрде нығайтылды. Олардың жұмысы былай құрылған: олар уақыттарының көпшілігін тікелей өз учаскелерінде өткізеді және халық жасақтарымен, жұртшылықпен, еңбек коллективтерімен тығыз қарым-

10 ноябрь — совет милициясы күніне.

Digitized by Google

қатынаста право бұзушылық себептерін жоюға қол жеткізуде.

Шемонайха аудандық ішкі істер бөлімінен Волчанко селолық Советінің депутаты, коммунист Н. И. Цыкунов Шығыс Қазақстан облысында бірқатар жылдар бойы таңдаулы учаскелік инспектор болып табылады. Ол активке сүйене отырып, маскүнемдікпен ымырасыз күрес жүргізеді, спирттік ішімдікті ішудің әрбір оқиғасына дереу үн қатады.

Министрліктің службалары, ішкі істер органдары мен бөлімшелері маскүнемдік пен алкоголизмді батыл әрі дәйекті түрде тыю мақсатымен өз жұмысының формасы мен әдістерін табандылықпен қайта құруда. Спирттік ішімдіктерді ішу фактілеріне белсенді түрде тиым салына бастады. Патруль-пост службасы күшейтілді, оның техникалық жарақтануы мен жинақылығы жақсартылды.

КПСС Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы» қаулысында «Бұл жұмысқа шынайы бұқаралық, бүкілхалықтық сипат беру, әрбір еңбек коллективінде маскүнемдікке, еңбек тәртібі мен реттілікті қандай болсын бұзушылыққа ымырасыздық жағдайын туғызу қажеттігі» атап көрсетілді.

Тұрғындар арасындағы түсінік жұмыстарының дәрежесі айтарлықтай арты. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі басшыларының, партиялық-саяси жұмыс аппаратының, ішкі істер басқармаларының, салалық службалардың, қалалық және аудандық органдардың басшыларының совет заңдарын түсіндіру, милиция қызметін насихаттау, тұрғындарды оған тарту мәселелері жөнінен еңбекшілермен кездесулері жоспарлы түрде өткізіле бастады. Өткен жылы 400-ден астам осындай кездесу өткізілді, оларға заводтар мен фабрикалардың 46 мыңнан астам жұмысшысы, ауыл шаруашылығы еңбеккері, интеллигенция өкілдері қатысты.

Халық жасақтарының белсенділігі айтарлықтай арты. Республикада 19 мыңға жуық халық жасағы өз қатарына право реттілігінің 700 мыңнан астам қоғамдық сақшысын біріктіруде. Олар біздің қоғамымызда салауатты адамгершілік ахуалды қалыптастыруға көмектесуде. Мәселен, Ф. Э. Дзержинский атындағы ерікті халық жасақтары мен оперативті комсомол жасағының рейдтері кезінде Алматы қаласының Ленин ауданында спирттік ішімдіктер саудасы ережесін бұзушыларды, арақ сатушыларды, самогон қайнатушыларды анықтады. Милиция қызметкерлерімен бірге кезекшілікке шыға отырып, жасақшылар аулаларда, балалар мекемелері және басқа қоғамдық орындарда спиртті ішімдіктерді ішу оқиғаларына батыл түрде тиым салады.

Қоғамдық реттілікті қорғауға және өздерінің азаматтық парызын орындауға үлгілі қарағаны үшін Ленин ауданының халық жасақшыларына 12 рет қатарынан бірінші орын беріліп, қалалық партия комитеті мен халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылды.

Маңғышлақ пластикалық масса заводының, Прикаспий құрылыс басқармасының, Павлодар алюминий заводының ерікті халық жасақшылары алкоголизмге қарсы профилактикалық шараларды мақсатты жүргізеді. «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінде право бұзушылықты профилактикалау жөніндегі советтер өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Олардың қызметіндегі басты нәрсе — адамдармен жеке жұмысты жолға қою.

Милицияның жұртшылықпен, еңбек коллективтерімен байланысы нығайып келеді. Ішкі істер органдары коммунистер, комсомолецтер және еңбекшілердің аса саналы өкілдері есебінен, өндіріс озаттарымен, белсенді жұртшылықпен толығуда. Мәселен, И. Смирнов армиядағы әскери қызметін өтегеннен кейін Целиноградта патруль-милиционер болды. Аса қауіпті қарулы қылмыскерді ұстау кезінде көрсеткен батылдығы мен ержүректік әрекеті үшін ол Қызыл Жұлдыз орденіне және ВЛКСМ Орталық Комитетінің жоғары наградасы — «Жауынгерлік ерлік» белгісіне ие болды.

СССР Ішкі істер министрлігінің Алматыдағы арнаулы милиция орта мектебін кадрлар ордасы деп толық правомен атайды. Қарағандының жоғары милиция мектебі аса білікті кадрлар даярлайды.

Партиялық-саяси, тәрбие және мәдени-ағарту жұмыстарына басшылық жасауда, адамдар құрамының қызмет парызын үлгілі орындау жолындағы жауапкершілігін арттыруда саяси органдар маңызды роль атқарады. Партия және совет органдарының басшылығымен, жұртшылықтың белсенді қолдау жасауы арқылы ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыс пен күресте, қоғамдық реттілікті қорғауда оңды нәтижелерге жетті. Республикада үстіміздегі жыл ішінде право бұзушылықтың көптеген түрлері, сондай-ақ жекелеген ауыр қылмыстар азайды.

Атқарылған іс аз емес, бірақ бәрі бірдей орындалған жоқ. Милиция органдарының жұмысында олқылықтар, кемшіліктер әлі де бар. Право бұзушылықтан сақтандыруда және оған тиым салуда адамдар құрамының жауынгерлік қабілетін, белсенділігін одан әрі арттыра беру қажет.

Совет милициясы қатарында қызмет ету — жоғары абырой, сонымен бірге бұл айрықша жауапкершілік, ол социалистік қоғамға, заңға, еңбек адамын түбегейлі сыйлауға қызмет етуге сүйенеді. Ішкі істер органдарының бүкіл адамдар құрамы партияның XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, социалистік право реттілігі мен заңдылық сақшысында өз қырағылығын нығайтуда.

Digitized by Google



ӨНДІРІСТІ ИНТЕНСИВТЕНДІРУДІҢ САРА БАҒЫТЫНДА ЛЕКТОР НЕ АТҚАРА АЛАДЫ?

Баспасөзде хабарланғанындай, Петропавлда «Лекциялық насихаттың республика халық шаруашылығын интенсивтендірудің міндеттерін шешудегі ролі» деген тақырыпта республикалық семинар-кеңес болды. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары А. Н. ПЕНЧУК «Өндірісті интенсивтендіруді лекциялық насихатпен қамтамасыз ету практикасы туралы» баяндама жасады. КПСС Орталық Комитетінің лекторы В. Д. ГРИБОВ, экономика ғылымының кандидаты С. Д. ПРИМБЕТОВ, экономика ғылымының докторы Е. И. ЗАКШЕВСКИЙ, СССР-дің экономикалық дамуы, республика халық шаруашылығын дамудың интенсивті арнасына ауыстыру, Қазақстанның аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің даму перспективаларының актуальды проблемалары бойынша лекциялар оқыды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті лекторлар тобының жетекшісі В. В. САМОЙЛЕНКО республика халық шаруашылығын дамытудың міндеттерін шешудегі лекциялық насихаттың ролі туралы әңгімеледі. Семинарға қатысушылар облыс кәсіпорындары мен ұйымдарының коллективтерінде лекциялық жұмыстың жолға қойылуымен танысты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің лекторлар тобы мен «Білім» қоғамы республикалық ұйымының басқармасы «дөңгелек стол» басында мәжіліс өткізді, оған партия комитеттері мен «Білім» қоғамының лекторлары, партия қызметкерлері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, республикалық министрліктер мен ведомстволардың басшылары мен мамандары қатысты. Партия жүзеге асырып жатқан ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктерін кеңінен енгізу негізінде халық шаруашылығын интенсивтендіруді жеделдетуге арналған бағытын идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған лекциялық жұмысты жетілдіру жолдары жан-жақты талқыланды.

Ғылыми-техникалық насихатты өрістету жөніндегі жұмысты бір күнге де кешіктіруге болмайтыны кездесуде атап көрсетілді. Осы тақырыптарға арналған лекциялар бүгін, қазір қажет. Олар әрбір жұмысшының, инженердің техниктің партия алға қойған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жоспарларын практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда өз орнын түсінуіне көмектесуге міндетті. «Біздің халық шаруашылығымыздың экономикасын одан әрі өркендету жөніндегі ерекше жауапты міндеттер бүкіл идеологиялық жұмысты жақсартуды талап етеді, — деп атап көрсетілген КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңес қорытындыларын және республикалық партия ұйымының міндеттерін талқылаған республика партия-шаруашылық активінің жиналысында жасаған баяндамасында, — Бұқаралық информация құралдары партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі сан қырлы қызметін неғұрлым терең де жан-жақты көрсетуге тиіс. Партиялық және комсомолдық оқу, еңбекшілерге экономикалық білім беру жүйелері де осы мақсатты көздеуге тиіс. Ауызша саяси үгіт, лекциялық насихат, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметі алдынан зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Ғылыми-техникалық прогресс проблемалары таным саласынан әрбір совет адамының санасына тезірек көшуі үшін бәрін де істеу қажет».

Бүгінде бүкіл идеологиялық қызметтегі сияқты лекциялық насихаттың да тығыз түйісуін, осы сара бағытта әрбір еңбек коллективінің күш-жігерін шыңдап нығайту үшін өндірісті интенсивтендірудің нақтылы проблемаларын шешумен қамтамасыз ету өте маңызды. Мұнда лекторлардың Азық-түлік және Энергетика программаларын орындауды идеологиялық қамтамасыз етуге, территориялық-өндірістік комплекстерге қамқорлық жасауға қатысу тәжірибесін толығырақ пайдалану қажет. Кездесуде Жамбыл облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі **Т. Уәйісбаев** лекторлардың Жамбыл қаласының Центральный ауданында жасалған қол және ауыр дене еңбегін қысқарту программасын жүзеге асыруға қатысуы туралы әңгімеледі. Мұнда үш жыл ішінде осындай операциялардан 1 мыңға жуық жұмысшы ауыстырылып, 350 адам өндірістен

Digitized by Google

шартты түрде бөсатылды. Программаны жасау барысының өзінде-ақ лекторларға «әлеуметтік аманат» тапсырылғанын атап өткен маңызды және мұның өзі олардың жұмысының нәтижелілігін барынша қамтамасыз етті. Орал қаласының лекторлары мақсатты жұмыс істеуде, онда қазіргі уақытта «Жеделдік» программасының тиімділігін арттырудың комплексті мақсатты программасы жүзеге асырылуда. Орал облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі **Э. Ғ. Ғаббасов** осы жайында айтты.

«Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі бас инженерінің орынбасары, «Білім» қоғамы облыстық ұйымы президиумының мүшесі **А. И. Василенко** лекциялық насихатты жоспарлау мен оны өндірістік коллективтің өндірісті интенсивтендіру жөніндегі жұмысымен тығыз байланыстыру тәжірибесін алмасты. Мұнда тақырыптық жоспарларды жасауға және оларды жүзеге асыруға жетекші мамандар, бірлестіктің бас инженері Е. Е. Резенфельд бастаған ғылыми-техникалық қоғам советі қатысады. Олардың қатысуымен ғылыми-техникалық және экономикалық білімдерді насихаттаудың комплексті жоспары әзірленді және мұның өзі әрбір цех коллективі шешіп жатқан міндеттерді ескеру арқылы жасалды. Партия комитеті мен «Білім» қоғамының лекторлары коллектив үшін өзекті проблемаларды түсіндіруге белсене қатысады, мұнда топырақтың қыртысын аудармай өңдеуге арналған машиналар мен құрал-саймандар комплексін жасау, металды және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану, жұмыс орындарын аттестациялау т. б осындай проблемалар болып табылады. «Білім» қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық ұйымының референті **А. В. Хомич** мұнда еңбек коллективтерінде оқу үшін экономиканы интенсивтендірудің актуальды проблемалары бойынша лекциялардың 23 циклы әзірленгені туралы әңгімеледі, оларды оқуға кәсіпорын, сондай-ақ облыстық, қалалық және аудандық мекемелер мамандарының, инженерлерінің үлкен тобы тартылған. «Білім» қоғамы Павлодар облыстық ұйымының жауапты секретары **Н. М. Рычков** лекторлардың Екібастұз отын-энергетика комплексінің құрылысшылары мен оны пайдаланушылары арасындағы түсінік жұмыстарына белсене қатысатыны туралы айтты. Мұнда осы үлкен іске жақсы даярланған кадрлар тартылған. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі **М. Ф. Косых** лекторлардың Азық-түлік программасын және озық ауыл шаруашылығы тәжірибесін жүзеге асыруға қатысуы туралы әңгімеледі. Аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары мамандарының үлкен тобының қатысуымен село еңбеккерлері үшін өндірісті интенсивтендіру проблемалары бойынша лекциялар оқылады, ғылым және озық тәжірибе күндері жүйелі өткізіледі.

Кездесуде атап көрсетілгеніндей, осы және басқа да пайдалы бастамаларды жер-жерде пайдалану және дамыта беру қажет. Насихат жұмысындағы сылбырлықты, ырғалып-жырғалуды белсенді жойған жөн, ал «Білім» қоғамының кейбір ұйымдарында мұны әзірше ұшыратуға тура келді. Республика халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресті жеделдету программасын насихаттауды жер-жерде өрістету керек.

Кездесуде экономикалық тақырыптарға арналған лекциялардың қандай болуы қажет екені туралы мәселелер де қызу талқыланды. Олардың кейбіреуі цифрларға, статистикалық есептерге, қосалқы фактілерге толы болатыны және сол себепті де аудиторияның оны ауыр қабылдайтыны атап көрсетілді. Өндіріс тиімділігін арттыру, оны осы заманғы техникалық базаға ауыстырудың нақты жолдарын, еңбек коллективтерінің белсенді ролін көрсету, осыған орай қалыптасып жатқан тәжірибені насихаттау лекцияда басты мәселе болуға тиіс. Әрбір өңгіменің қарсы насихаттық бағыты туралы тұрақты қамқорлық жасап, өшпенді насихаттың жорамалдарын әшкерелеу, біздің қоғамымыздың жоғары қазыналарын орнықтыру қажет. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы алға қойған үлкен міндеттерді шешуде адам факторының ролін, әрбір адамның жоғары мәдениетінің, білімінің, тәртібі мен ұйымшылдығының мәнін анағұрлым терең ашу қажеттігі атап көрсетілді.

Лекторийлердің, лекциялар циклдарының, халық университеттерінің жүйесін дамытпайынша экономика, ғылыми-техникалық прогресс туралы білім жүйесін беру мүмкін емес. Кездесуде Қазақ ССР «Білім» қоғамы басқармасы жанындағы озық және өндірістік тәжірибе мен ғылыми-техникалық прогресті насихаттау жөніндегі секция бюросы председателінің орынбасары, В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтының кафедра меңгерушісі **А. М. Бейсебаев** осы жайында иланымды өңгімеледі. Қазір республикада осындай 700-ден астам университет бар. Олар Зырян қорғасын, Лениногор полиметалл және Қарағанды металлургия комбинаттарында, «Карагандауголь» өндірістік бірлестігінде және тұтасынан басқа да бірқатар кәсіпорындарда ғылыми-техникалық насихаттың түбегейлі орталықтарына айналды. Сабақтарда коллективтер қызметінде туындаған мәселелер қаралады, лекцияларды оқу үшін ғалымдар шақырылады. Сабақтар мен мамандар жұмысшылардың іске деген қарым-қатынасына елеулі ықпал жасайды. Бейсебаев жолдас мынадай мысал келтірді. Институт лабораторияларының бірінің жетекшісі компьютерлер қосымша шығындардан басқа ештеңе бермейді дегенді желеу етіп, зерттеу жұмыстары барысында оларды пайдаланудан мүлде бас тартып келген. Дегенмен осы заманғы электронды-есептеу техникасын пайдалану жөніндегі курсты

Digitized by Google

өткеннен кейін оның позициясы мүлде өзгерді. Ол тіпті электронды-есептеу машинасын орнатуға асықтыра бастады.

Университеттердің маңызды екені айқын, алайда олар кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың бәрінде бірдей жұмыс істемейді. Олар, мысалы, республиканың материалдық-техникалық жабдықтау жүйесінің ұйымдарында жоқ, ал олардың қызметкерлері өндірісті интенсивтендіруді жеделдетуде маңызды роль атқаруға міндетті. Кездесуде республикалық министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің, сондай-ақ жетекші ғылыми-зерттеу және жоғары оқу орындары коллективтерінің ғылыми-техникалық және экономикалық білім халық университеттерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға ұсыныс айтылды. Мұның өзі олардың жұмыс деңгейін қыруар көтеруге мүмкіндік беріп, еңбек коллективтерінің өндірісті жаңғырту, оның тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысына орасан зор ықпал етер еді.

Алға қойылған міндеттерді шешуде табысқа жету, деп атап көрсетілді кездесуде, лектор кадрлармен жұмыс істеуге, насихаттық жұмысқа жаңа күштерді тартуға көбірек тәуелді. Осыған орай «Білім» қоғамы Алматы облыстық ұйымының жауапты секретары **А. Г. Набокова** қызықты тәжірибе алмасты. Астаналық облыста 67 жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институтының коллективі өндірістік коллективтермен байланыс орнатты. Олардың қызметкерлері лекциялар оқиды, тақырыптық лекторийлерге, ғылыми-практикалық конференцияларға, «ғылыми-техникалық прогресс күндеріне», «тәртіп күндеріне», басқа да насихаттық шараларға қатысады. Қалыптасқан достық одақ өте көп нәрсе береді. Ғалымдар өздерін өндіріс коллективтерінде уақытша қонақ ретінде сезінбейді, қайта оның өміріне шындап араласып, өз алдарында тұрған проблемаларға терең қанығады. Соның нәтижесінде олардың әңгімелері маңыздылығымен, коллектив өмірімен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді.

Сондай-ақ Қарағанды және Шымкент облыстық партия комитеттері лекторлары топтарының жетекшілері **В. Н. Каминский мен А. Ш. Қарамұратова,** Алматы қаласындағы Білім» қоғамы Фрунзе аудандық ұйымының жауапты секретары **А. А. Насырова осындай** достық одақтың тиімділігі жайында айтты. Сонымен қатар көптеген жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер коллективтерінің, республикалық және облыстық мекемелер қызметкерлерінің өндірісшілер арасындағы насихат жұмысына әлі де сылбыр қатысатыны туралы пікірлер ашық айтылды. Сондықтан да әрбір маманның күшін лекциялық насихатта пайдалану мүмкіндіктерін нақты қарау, қалалар, аудандар, ал қажет болған жерінде облыстар арасында лекторлардың тәжірибе алмасуын жолға қою керек.

Оқылатын лекциялардың каталогтары игі қызмет ете алады. Ақтөбе облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі **Н. А. Абдуллаев** кездесуде оларды құрастыру практикасы жайында әңгімеледі. Бірыңғай каталогтың арқасында «Білім» қоғамының әрбір бастауыш ұйымының облыстағы барлық лектор күштерін кеңінен пайдалануға, тақырыптық лекторийлерде, халық университеттерінде, насихаттың басқа да барлық көпшілік формаларында сабақтардың мазмұнын едәуір байытуға мүмкіндіктері бар.

Кездесуде өндіріс озаттары мен жаңашылдарының насихатқа кеңінен қатысу қажеттігі ерекше атап көрсетілді. Бұл түсінікті де. Өйткені жоғары өнімді еңбектің әдістері туралы жұмысшылардың өздерінен артық ешкім де жақсы әңгімелей алмайды ғой. Қостанай облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі **Т. К. Нұртазинов** облыс кәсіпорорындарында, құрылыстарында, совхоздары мен колхоздарында құрамына 200-ден астам озат жұмысшы енген ғылыми-техникалық, экономикалық білімдерді, сондай-ақ озық тәжірибені насихаттау жөнінен лекторлар топтары құрылғанын хабарлады. Олардың әңгімелері, әдеттегідей, еңбектің, жұмыс орындарын ұтымды пайдаланудың нақты тәсілдерін көрсетумен сүйемелденеді.

Бүгінгі жағдайда лекторларға көмек көрсетуді күшейту мәселелері жаңаша қойылып отыр. Бір жағынан, оларға экономикалық анағұрлым тиянақты білім, оны интенсивтендірудің нақты жолдары, осы істегі таңдаулы тәжірибе талап етіледі. Ал, екінші жағынан, анағұрлым түбегейлі методикалық даярлық қажет. Кадрларды жүйелі оқыту, оларды өндірістің жоғары тиімділігі үшін күрес барысында жинақталған таңдаулы тәжірибе туралы тұрақты хабардар ету қажеттігі осыдан туындайды. Бұл іс әзірше барлық жерде бірдей атқарылып жатқан жоқ. Мәселен, Қызылорда педагогика институтының оқытушысы **Т. Тақтағанов** лекторлардың қарсы насихат бағытындағы материалдарды жетімсіз алатыны, ал «Білім» қоғамының республикалық және облыстық ұйымдары қазақ тіліндегі методикалық және анықтама-информациялық құралдарды аз шығаратыны туралы үлкен алаңдаушылықпен айтты.

Лекторлармен жұмыста ғылыми-методикалық советтердің, лекциялық насихатты ұйымдастырушылардың ролін көтеру талап етіледі. Бұл істе астаналық облыс бағдар қызметін атқара алады. Облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі «Білім» қоғамы ұйымымен бірлесіп, лекциялық насихатты ұйымдастырушылар үшін тұрақты семинар ұйымдастырды, мұның өзі лекциялық насихаттың барлық жақтарын жетілдіру ісінде олардың ролін елеулі түрде арттыруға көмектесті. Сондай-ақ лекциялық насихатты ұйымдастырушы, Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комби-

Digitized by Google

наты байыту фабрикасының бас энергетигі **В. Н. Бойконың** хабары ықыласпен тыңдалды. Мұнда әрбір цехта лекциялық насихатты ұйымдастырушылар жұмыс істейді. Олар лекциялық насихат жоспарларын жасау барысында өз коллективі мүшелерінің тілектері мен сұрақтарын ескеруге, оны коллективтің басты міндеттерін шешуге бағыттауға көмектеседі.

«Білім» қоғамы ұйымдарының ғылыми-техникалық қоғамдармен, Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының советімен, өндірісті интенсивтендіру мәселелерін шешуге міндетті басқа да барлық ұйымдармен байланысы мейлінше тығыз болуға тиіс.

«Дөңгелек стол» басындағы кездесуде мезгілі жеткен үлкен мәселелерді жанжақты талқылау, сөз жоқ, лекторлар коллективтерінің республика еңбекшілерінің партия жоспарларын жүзеге асыру жолындағы күрестегі ролін күшейтуге қызмет етеді.

ИДЕОЛОГИЯ АКТИВІНІҢ МЕКТЕБІ

Жезқазған облыстық партия комитеті жанынан облыстық идеология активі мектебі үш жыл бойына белсенді жұмыс істеп келеді Онда қалалық және аудандық идеология активі мектептерінің жетекшілері, сондай-ақ партия ұйымдары секретарьларының идеялық-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары секциясының жетекшілері, үгіт коллективтерінің және барлық төрт бағыт бойынша саяси хабаршылар топтарының жетекшілері оқиды. Оқу жоспары тыңдаушылардың талап-тілектері ескеріле отырып жасалды және қалалық, аудандық партия комитеттері жанынан жұмыс істейтін идеология активі мектептерінде талқыланатын тақырыптарды оқып үйренуді қарастырады.

Алғашқы сабақта тыңдаушылар қалалық және аудандық мектептерде жұмыс істейтін барлық бөлімшелер бойынша бір жылға арналған оқудың үлгі жоспарын алады. Жұмысты осылай жолға қою қалалар мен аудандарда идеология активі мектептерінің қызметін үйлестіруге мүмкіндік береді. Бірақ бұл қалалық және аудандық партия комитеттерінің инициативасын тежемейді. Соңғылары жергілікті ерекшелікті ескереді және соған сәйкес мектептердің оқу жоспары мен практикалық жұмысын ұйымдастыруға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Әдетте, әрбір сабақ идеология активінің барлық топтары үшін партияның сыртқы және ішкі саясаты, экономикалық, қоғамдық өмір туралы лекциядан басталады. Олар нұсқау сипатын ұстайды, облыс партия ұйымдарының қызметімен таныстырады.

Содан кейін сабақтар секциялар бойынша өтеді. Бізде олар жетеу: қалалық және аудандық идеология активі мектептерінің, партия ұйымдары секретарьларының идеялық-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының, үгіт коллективтері жетекшілері мен төрт бағыт бойынша саяси хабаршылар топтары жетекшілерінің секциялары бар.

Секциялардың бәрін облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің қызметкерлері басқарады. Оларда сабақ өткізуге партия қызметкерлері, қоғамдық ғылымдар оқытушылары қатарынан білікті насихатшылар тартылады. Сонымен қатар тыңдаушылардың өздері де әрбір сабақта хабарламалар жасайды. Мұнда қалалық және аудандық мектептердегі идеология активінің тиісті отрядымен жүргізілетін жұмысты жолға қою практикасы талданады, ал секция жетекшілеріне олардың қызметін жақсарту жолдары ұсынылады.

Озық тәжірибені оқып-үйренуге және енгізуге көп көңіл бөлінеді. Мыс балқыту заводы, байыту фабрикасы партия комитеттерінің базасында көшпелі сабақтар, тақырыптық экскурсиялар, партия қызметкерлерімен кездесулер өткізіледі, саяси хабарлар мен лекцияларға қатысып, кейіннен оларды талдайды.

Тыңдаушылар әр тоқсанда баяндамалардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың үлгі тақырыбын және саяси оқу үйі әзірлеген методикалық ұсыныстарды алады.

Бастапқыда сабақтар екі айда бір рет өтетін, бірақ біз кейін шалғай елді мекендері көп облысымыз жағдайында мұның өзі тиімсіз деген тұжырымға келдік. Үстіміздегі жылы біз тоқсанына бір рет оқуға көштік.

Облыстық идеология активі мектебіндегі оқу аудандық және қалалық мектептерде оқу-тәрбие процесін жетілдіруге көмектесуде. Никольск қалалық және Жаңаарқа аудандық партия комитеттері мектептердің жұмысын қызықты етіп құруда.

— Идеология активі мектебін құруға байланысты,— дейді Жаңарқа аудандық мамандырылған шаруашылық бірлестігінің партия ұйымы саяси хабаршылар тобының жетекшісі Г. Тутеев,— бізде үгітшілер мен саяси хабаршылардың қызметі айрықша жанданды. Осы мектептің сабақтарында бізге тұрғындардан түсетін сұрақтарға жауаптар да аламыз.

КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, партия комитеттері ауызша саяси үгіт кадрларының күш-жігерінің еңбек коллективтерін он бірінші бесжылдық жоспарларын және съезд қарсаңындағы социалистік міндеттемелерді орындауға жұмылдыруға жанжақты ықпал етуден өздерінің міндетін көреді.

Н. СПИРИДОНОВА,
Қазақстан Компартиясы Жезқазған облыстық комитеті саяси оқу үйінің консультанты

Digitized by Google

ЕКІНШІ МАМАНДЫҚ

Еліміз жоғары оқу орындары қоғамдық кәсіптер факультеттерінің Бүкілодақтық байқау-конкурсында Абай атындағы Қазақ педагогика институты қоғамдық кәсіптер халық университеті бірінші орын алды.

Біздің жоғары оқу орнымызда қоғамдық кәсіптердің халық университеті ширек ғасырдан астам жұмыс істейді, оның лекторлық шеберлік және ұйымдық-бұқаралық жұмыс факультеттері бар. Қазір оларда 3 мыңнан астам адам оқиды — бұл барлық студенттердің 70 процентен астамы. Жігіттер мен қыздар КПСС тарихы, философия, атеизм, халықаралық қатынастар, право білімі, бейнелеу өнері бөлімдерінде мақсатты түрде оқиды.

Лекторлық шеберлік факультетін бітіргендер тұрғындар арасында лекциялар мен баяндамалар оқуға право алып, «Білім» қоғамының мүшелері болады. Осы факультеттің 14 бөлімінде 800-ден астам адам оқиды.

Ұйымдық-бұқаралық жұмыс факультетінде 22 бөлім бар. Мұнда комсомол және кәсіподақ жұмыстарын, әскери-патриоттық, интернационалдық тәрбиені, кітапхана ісін ұйымдастырушылар, көркемдеуші-суретшілер, спорт-бұқаралық, санитарлық-ағарту жұмыстары жөніндегі нұсқаушылар даярлықтан өтеді.

Біз сабақтардың түрлі формаларын: лекциялар мен баяндамаларды, семинарлар мен практикалық сабақтарды, конференцияларды, пікір таластарды, экскурсияларды пайдаланамыз.

Тыңдаушыларды практикалық тұрғыдан даярлауға көп орын беріледі. Олар өз топтарында, жатақханаларда, құрылыс отрядтарында, мектептерде, пионерлер лагерьлерінде лекциялар оқып, әңгімелер өткізеді, жоғары оқу орнының идеология жұмысы активистерінің көрнекі үгітті безендіруіне, қабырға газеттерін шығаруына, конференциялар, пікір таластар өткізуіне, кештер мен кездесулер ұйымдастыруларына көмектеседі. Студенттер өткен оқу жылында мыңнан астам лекция оқып, 900-ден астам әңгіме өткізді, ондаған концерт қойды, кабинеттер мен лабораторияларды жабдықтауға жәрдемдесті, селолық мектептер үшін үш кітапхана топтастырды.

Жастарға интернационалдық тәрбие беруге айрықша көңіл бөлінеді. Мәселен, «Жастық империализмді айыптайды» деген конференция өткізілді, онда тарих ғылымының докторы З. Қайықбаев, ақын Ф. Оңғарсынова және басқалар сөз сөйледі.

Университет қызметіне институт басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері белсене қатысады. Бұлар — профессорлар К. А. Қасымов, Ц. Л. Фридман, А. И. Купчишин, О. С. Сексенбаев, К. Б. Бегалиев, А. С. Гончаренко және басқалар. Республика мен еліміздің көрнекті ғалымдары, мәдениет пен өнер қызметкерлері жиі сөз сөйлейді.

Біз Москваның, Ленинградтың, Иркутскінің, Архангельскінің, Ереванның, Грозныйдың жоғары оқу орындарының халық университеттерімен және қоғамдық кәсіптер факультеттерімен, сондай-ақ Вьетнам, Болгария, ГДР студенттерімен байланыс жасаймыз.

Біздің университетіміз Бүкілодақтық «Білім» қоғамының Құрмет кітабына жазылды, СССР халық шаруашылығы жетістіктеріндегі экспозициялар бірнеше рет оның жұмысына арналды. Өткен оқу жылында Бүкілодақтық байқау-конкурсының жеңісінен кейін ол СССР Оқу министрлігінің, ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің дипломымен наградталды.

Университеттегі сабақ оқу процесіне белсенді ықпал жасайды, тәртіпті, ұйымшылдықты жақсартуда. Оқу озаттарының бәрі оның тыңдаушылары болып табылады. Екінші кәсіпті ала отырып, жігіттер мен қыздар өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттырады, ұйымдық жұмыс дағдыларын алады.

Университеттің тыңдаушылары жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін де бізбен тығыз байланыс жасап отырады. Мәселен, 1973 жылғы түлегіміз О. Насонов мұғалім болып жұмыс істеді, армияда қызмет етті, комсомол қызметкері болды, енді партия жұмысында. Ол қоғамдық кәсіптер университетінде белсенді оқыды. Мұнда алған білімі, оның мойындауына қарағанда, жұмысына көмектесті. Талдықорған облысында И. Шаповалов пен С. Лазгиев педагог болып жұмыс істейді. Олар да оқытушылармен хат алысып тұрады, қоғамдық жұмысқа қалай қатысатындары туралы әңгімелейді. Халық университетіндегі оқыған жылдар олардың көпшілігіне белсенділіктің қуатты серпінін береді.

М. КОЖУХАРОВ,
Абай атындағы Қазақ педагогика институты халық университетінің ректоры.

Digitized by Google

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ



Алматы. Қазақстан астанасында кәсіподақтардың бейбітшілік жолындағы қимыл-әрекетінің халықаралық күнінде соғысқа қарсы бүкаралық митингі өтті. Олар мектептерде жаңа оқу жылы қарсаңында болды. Митингілерде қазақстандықтардың империалистік соғыс өртін тұтандырушылардың тіміскілеулеріне қарсы күресте топтасуға деген жалынды үні, балаларға бейбітшілікті сақтауға шақыруы асқақ естілді. Митингілерде сөз сөйлеген жұмысшылар, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, студенттер, оқушылар СССР-дің бейбітшілікті баянды ету ісіндегі дәйекті күш-жігерін жоғары бағалады.

Суретте: Алматы мақтамата комбинатында өткен митингі.

Суретті түсіргендер В. ЗИНИН мен Ю. БЕККЕР (ҚазТАГ).

* * *

Ақтөбе. Мұнда «КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөнінен әлеуметтік-экономикалық және тәрбие міндеттерін шешуде көрнекі үгіттің ықпалын күшейту» тақырыбында көрнекі үгітті ұйымдастырушылардың семинар-кеңесі болды. Онда сондай-ақ қалаларды, елді мекендерді, микроаудандарды, комплексті безендіру, маскүнемдік пен алкоголизмді тыюда, еңбек тәртібін нығайтуда көрнекі үгітті пайдалану мәселелері қаралды.

Көкшетау. Степняк қаласында жаңа дәстүр — көше мерекелерін өткізу қалыптасты. Алғашқы мереке В. И. Ленин атындағы көшеге келді. Оның қалыптасу тарихы мен осында орналасқан қаланың көне кәсіпорны — Степняк жөндеу-механика заводы туралы оның бұрынғы директоры, соғыс және еңбек ардагері В. Л. Никитин әңгімеледі. Сондай-ақ қалалық поликлиника партия ұйымының секретары Е. И. Нартова, жұмысшы кооперативі магазинінің сатушысы, комсомолец Л. Байсұлтанова, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы В. А. Клеменьков сөз сөйледі.

Қалалық атқару комитетінің шешімімен Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» орденінің иегері, № 1 мектептің директоры В. Сверковаға, соғыс және еңбек ардагерлері А. Б. Баянжановқа, А. Г. Соловьевке Ленин көшесінің құрметті азаматы атағы берілді.

Ісмерлердің, гүл өсірушілердің, кондитерлердің конкурсы өткізілді, концерт қойылды.

Павлодар. «Аврора» кинотеатрының коллективі Қазақстан кино жүйесі коллективтерінің КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдеріне сәйкес кино құралдары арқылы идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастыру жолындағы республикалық байқау-конкурсының қорытындысы бойынша бірінші орын алып, автомашинамен мадақталды. Осы коллектив стахановтық қозғалыстың 50 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Өскемен. Қалалық партия комитетінде қала кәсіпорындары мен мекемелерінің көрнекі үгітті ұйымдастырушыларының семинары болды.

«Саяси плакат — еңбекшілерге идеялық-саяси тәрбие беру құралы» тақырыбы бойынша практикалық сабақ өткізілді, онда қаланың әуесқой және профессионал суретшілерінің аса сәтті жұмыстары көрсетілді. Көркемдеу-өндірістік шеберхана суретшісі В. Подгородецкий Ұлы Октябрь социалистік революциясының 68 жылдығына орай қала кәсіпорындары мен көшелерін безендіру жөнінен ұсыныстар берді.

Семинарға қатысушылар көркемдеуші суретшілердің қалалық мектебін ашуға тілек білдірді.

Digitized by Google

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫ-ДЕМОКРАТ



Суретте: Ш. Ш. Уәлиханов.

Қазақтың ғұлама ғалымы және ағартушы-демократы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов революцияға дейінгі Қазақстан интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі болып табылады. Қазақстанда XIX ғасырда ғылыми-қоғамдық пікірдің дамуында ол жетекші орын алады.

Өзінің азғана, отыз жылдық, әйтсе де алуан қырлы, тәсқынды ғұмырында Ш. Уәлиханов география, тарих, этнография және экономика секілді ғылым салаларына елеулі үлес қосып, тамаша саяхатшы, фольклоршы, суреттер мен акварелдердің авторы ретінде мәлім болды. География және тарих-этнография зерттеулері саласындағы үлкен қызметі үшін ол 22 жасында орыс география қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Профессор Н. И. Веселовский оның шығармаларына алғы сөзде жас ғалымның ерте қайтыс болуына өкініш білдіре отырып, былай деп жазды: «Шоқан Уәлиханов Шығыс тану әлемінің аспанынан құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өте шықты. Орыс ориенталистері бірауыздан оны таңғажайып құбылыс деп қарады, одан түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды ұлы жаңалықтар ашады деп үміт күтіп еді».

Ш. Уәлиханов 1835 жылы ноябрьде Құсмұрын бекінісінде (қазіргі Қостанай облысындағы темір жол станциясы) Құсмұрын округы аға сұлтанның семьясында дүниеге келді. Бастауыш білімді осында меншікті қазақ мектебінде алды, ал 1847 жылы Омбы қадет корпусына оқуға түсіп, 1853 жылы оны атты әскер корнеті атағымен бітіріп шықты. Ауқатты тапқа жататынына, патша армиясының поручигі ретінде лауазымды қызметіне қарамастан Ш. Уәлиханов өзінің қоғамдық-саяси көзқарастары бойынша ағартушы-демократ ретінде қалыптасты. Ал В. И. Ленинның анықтауы бойынша, крепостнойлық правоға және оның экономикалық, әлеуметтік және юридикалық салалардағы барлық туындыларына деген нағыз дұшпандық көзқарас, ағарту ісін, өзін-өзі басқаруды, бостандықты, тұрмыстың европалық формаларын, халық бұқарасының, әсіресе шаруалардың мүдделерін қорғау ағартушылыққа тән қасиеттер болды.

Ағартушылықтың осы қасиеттерінің бәрін Ш. Уәлиханов қызметінен де табамыз, ол ағарту ісін тарату, ғылымды, өз халқының мәдениеті мен әлеуметтік прогресін дамыту жолында күресті. Ол қазақтың басқа ағартушы-демократтары А. Құнанбаев пен Ы. Алтынсарин сияқты, халық бұқарасының мүддесін қорғап, жақтады. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени мешеулігіне күйзелді, мұндай күйден шығу жолдарын іздестірді. Қазақстанның Россия құрамына ерікті түрде ену фактісін дұрыс бағалап, қазақ қоғамының мешеу феодалдық экономикасының мейлінше озық россиялық экономикаға тартылуы ғана Қазақстанда өндіргіштік күштердің дамуымен қатар халықтың сондай-ақ әлеуметтік және рухани жағынан түлеуіне көмектесе алады деп есептеді. Туысқан халықтар достығының тарихи түп-тамырын көрсетіп, ғалым-интернационалист былай деп жазды: «Оның үстіне біз... орыстармен тарихи жағынан және тіпті қандас туыстықпен байланысқанбыз».

Ш. Уәлиханов философиялық терең мағынасы бар көптеген бірегей пікірлер айтты. Ішінара айтқанда, ол дүниенің материалдығын мойындады және табиғаттың көптеген құбылыстарын осы позиция тұрғысынан түсіндірді. «Мұхаммед дінімен жеке өшпенділікте» бола отырып, озық ойшыл дінге және діни наным дарға қарсы күрес жүргізді.

Ш. Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастары күшейе түскен тәптық күрес, Қазақстанның Россияға ерікті түрде қосылуының аяқталуы сияқты көрнекі та-

Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына.

Digitized by Google

рихи процестің ықпалымен қазақ қоғамындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың одан әрі ыдырауы жағдайында қалыптасты. Кадет корпусында оқыған жылдарда жас Шоқанда азаттық, интернационалдық сезімдерді оятуға класс инспекторы И. В. Ждан-Пушкин, оқытушы Н. Ф. Костылецкий, Омбыда тұратын декабрист Анненковтың қызы Ольга Ивановаңың, Д. И. Менделеевтің қарындасы Е. И. Капустинаның және басқалардың үйлерінде кездескен озық ойлы адамдар ықпал жасады. Ұлы орыс жазушысы Ф. М. Достоевскиймен достық мейлінше жемісті болды, онымен 18 жасар жігіт Семейде танысты, кейінірек Омбы мен Петербургте кездесті. Орыс революционер-демократтары, әсіресе Н. Г. Чернышевский Ш. Уәлихановтың демократиялық көзқарастарының қалыптасуына шешуші ықпал жасады.

Шоқан балалық шағынан білімге жалынды құмарлығымен ерекшеленді, білімін еркін алмасты. Мәселен, орыс, неміс және француз тілдерін тез меңгеріп, Тургеневтің, Толстойдың, Гейненің шығармаларын қазақ тіліне аудара бастады. Олардың идеялық нанымдарымен кадет корпусында оқыған жолдасы болашақ шығыс танушы ғалым Г. Потанині таныстырды.

Озық ойшылдың идеялық-саяси толысуы ғылыми-зерттеу қызметі процесінде қалыптасты. Ол осы жұмысты кадет корпусын бітірісімен бірден бастады. Ол Қашғарияға (Шығыс Түркістан) сапарын жасағанда 20 жаска енді ғана толған еді. Ол небары бес ай ішінде география, экономика, тарих және этнография, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастар тұрғысынан европалық ғалымдарға мүлдем беймәлім деректерді жинады. Ал үш жылдан кейін оның мақалалары орыс басылымдарында жарияланды, аударылып, ағылшын баспасөзінде жарияланды. Ол осы материалдар негізінде «Алты шаһардың яғни қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұқараның) шығыстағы алты қаланың жайы» еңбегін жазды. Ол қырғыздың «Манас» эпосының варианттарының алғашқы жазбаларын жасады, бала кезінде жинаған қазақтың Едіге, Қозыкөрпеш-Баянсұлу аңыздарының варианттарына талдау жасады.

1859 жылы күзде Петербургке сапары кезінде Уәлиханов орыстың ірі ғалымдары П. П. Семенов-Тянь-Шанскиймен, В. М. Ламанскиймен, Ф. Р. Остен-Сәкенмен, Е. Н. Ковалевскиймен, А. А. Татариновпен және басқалармен өзінің байланыстарын нығайтты. Университетте лекциялар курсын зор ықыласпен тыңдады. Оның мұнда оқыған лекциялары студенттердің, ғалымдардың, әдебиетшілердің және дипломаттардың назарын аударды.

Орыстың революцияшыл демократтарының экономикалық шығармаларымен танысу Ш. Уәлихановтың Қазақстанның және Орта Азияның басқа феодалдық мемлекеттерінің шаруашылық өміріне өзіндік формада экономикалық талдау жасап, көшпелі халықтың шаруашылық-тарын жүргізу формалары мен әдістері мәселелері бойынша практикалық кеңестер беруіне көмектесті. Мәселен, жайылымдық территория ықшамдалған кезде мал шаруашылығын ұйымдастыруда болған өзгерістерді ескеріп, ол көшпелілерді «жердің шағын бөлігінен барынша көп пайда алу керек» деп шақырды. Оның идеясы шын мәнінде қазақтың мал шаруашылығын мейлінше прогресті жолға — дамудың интенсивті жолына ауыстыруға бағытталды. Демек, ол көшпенділер арасында егіншілік отырықшы, егін салушы халықтардағыдай кеңінен дамуға тиіс деп есептеді.

Қазақ халқы арасында ағартушылық пен ғылыми білімді тарату жолында күресе отырып, Ш. Уәлиханов алғашқы шаралар ретінде мұсылман мектептерінің орнына зиялылар мектебін ашуды, соның ішінде орысша сауаттылыққа үйретуді ұсынды. Ол отарлық өкіметтен қазақ халқының бірінші кезекті қажеттерін қанағаттандыра алатын экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізуді талап етті.

Қоғамның таптық құрамын зерттей отырып, Уәлиханов ең алдымен қоғамның үстем және қанаушы топтары арасындағы өзара қатынасқа көп көңіл бөлді. Шығыс Түркістанның түрлі жіктерінің теңсіздік қоғамдық жағдайын атай отырып, ол былай деп жазды: «Алғашқы екі жік (яғни чиновниктер мен дін басылары — **М. Е.**) алымнан босатылған, ал соңғылары (еңбекшілер — **М. Е.**) салық ауыртпалығымен жаныштаған және жоғары таптар қатты қысым жасаған».

1865 жылы апрельде ұзаққа созылған науқастан кейін Ш. Уәлиханов қайтыс болды, ол Алтынемел почта станциясы маңында жерленді (Қазіргі Талдықорған облысы Кербұлақ ауданының территориясындағы Ш. Уалиханов атындағы колхоз). Еліміз халықтарының көрнекті қайраткерлерінің «халықтар алауыздықты ұмытып, ұлы семьяға бірігетін» жарқын болашаққа ұмтылыстағы тарихи қызметін атай отырып, КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас орыс халқының ұлы өкілдерімен бірге Шоқан Уәлихановтың есімі украин Тарас Шевченко мен Иван Франконың, белорус Ипполит Богданович пен Янко Купаланың, грузин Акаки Церетелидің, азербайжан Мирзо Ахундовтың, өзбек Хаким-Заде Хамзаның, қазақ Абай Құнанбаевтың, армян Ованес Туманяннның, латыш Ян Райнистің, басқа көптеген адамдардың есімдері сияқты тарихқа мәңгі енді деп жазды.

М. ЕЛЕУСІЗОВ,
Алматы жоғары партия мектебі саяси экономия кафедрасының меңгерушісі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор.

Digitized by Google

Экономика мәселелері

ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАР — ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЙНАЛЫМЫНА

Қайталама ресурстарды пайдалану проблемасы бүгінде өндірістік коллективтер алдында тікесінен тұр. Халық шаруашылығын интенсивтендіруге бағыт алынған біздің күндерімізде оларды тиімді пайдалану экономиканың дамуын қамтамасыз етудің аса маңызды бастауына айналуда. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында атап көрсетілгеніндей, ресурстардың барлық түрін нағыз шаруагерлікпен, ұқыпты пайдаланбайынша шаруашылықты ұтымды жүргізу туралы, халық шаруашылығының тиімділігін арттыру туралы ешқандай әңгіме болуы мүмкін емес. Сонымен қатар СССР Жоғарғы Советінің III сессиясында зор күшпен атап көрсетілгеніндей, табиғат қорғауды күшейтудің сөзсіз шарты да осында.

КПСС Орталық Комитеті 1984 жылғы декабрьде қабылдаған «Халық шаруашылығында қайталама материалдық ресурстарды пайдаланудағы елеулі кемшіліктер туралы» қаулы қайталама материалдық ресурстарды белсенді халық шаруашылығы айналымына барынша тарту міндетін қойып отыр. Мамандар осы ресурстардың елімізде қайта ұқсатылатын шикізаттың жалпы көлемінің үштен бірін құрай алатынын есептеді. Бірақ әзірше олардың үлесі 3 процентten аспайды.

Дегенмен осы бағыттағы жұмыс, тәжірибе көрсеткеніндей, материалдық қаржылардың үлкен үнемін береді. Мысалы, қара металл сынағынан болат балқыту барысында өндіріс шығындары руданы балқытуға қарағанда 20 есе төмен. Халық шаруашылығы ауқымында бұл 2,5 миллиард сомға жуық үнемді қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ болат пен шойын қорыту барысында бастапқы шикізатты қайталама шикізатпен алмастыру әрбір мың тонна дайын өнімге шаққанда энергияның 70 процентін, судың 40-60 процентін, табиғи ресурстардың 90—100 процентке дейінін үнемдеуге және бір мезгілде су мен ауаның ластануын 40—60 процентке кемітуге мүмкіндік береді.

Біздің республика халық шаруашылығы салаларының басым көпшілігінде қалдығы аз және қалдықсыз технология енгізілуде. Қайталама ресурстар комплексті пайдаланылуда. Түсті металлургия кәсіпорындарын қалдықсыз технологияға ауыстыру, балансты рудаларды, жатып қалған қалдықтар мен ілеспе өнімдерді өндіріске тарту жүзеге асырылуда. Мысалы, өткен жылы Лениногор полиметалл комбинатында қорғасын өндірісінің шлактарын қайта ұқсату жөніндегі вельцкомплекстің екінші кезегі іске қосылды. Мұнда мырыш кектерін пайдалану технологиясы игерілді. Қарсақбай металлургия заводының таяуда іске-қосылған бірінші кезегі шлак үйінділерін қайта ұқсатуға толығынан шақталған.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінде үстіміздегі жылы цемент клинкерін күйдіру барысында 200 мың тоннаға жуық пиритті тұқылдар пайдаланылды. Өткен жылдың өзінде ғана цемент, құрылыс кірпішін, минералды мақта және басқа да өнімдерді алуға 790 мың тонна фосфор және 920 мың тонна домна шлагы жұмсалды.

Жеңіл өнеркәсіп орындарының көпшілік қолды тоқаралар учаскесінде жылына 10.100 мың метрден астам ватин шығарылады, 4 тігін кәсіпорнында маталар қиындыларынан үйде жұмыс істеу ұйымдастырылды. Былғары аяқ киім өнеркәсібі өндірісінің қалдықтарынан тері шелісінің желімі мен желатин алады.

Тамақ өнеркәсібі салаларының бәрінде дерлік ауыл шаруашылығы шикізатын комплексті қайта ұқсату жүзеге асырылуда. Өткен жылдың өзінде ғана нан заводтары 125 мың тоннадан астам сүт сарысуын пайдаланды. Өскемен май-экстракция заводында мал шаруашылығында ірі жемшөп ретінде пайдалану үшін липидтермен байытылған түйіршіктелген шемішке қауызын өндіру технологиясын жасау жалғастырылуда. Қазір осындай цех жобалануда.

Жергілікті өнеркәсіп орындарында 1984 жылы өндіріс қалдықтарынан 38 миллион сомның өнімі өндірілді. Мысалы, Қостанай облыстық жергілікті өнеркәсібінде шұға комбинаты мен химиялық талшық заводының қалдықтары негізінде тоқылмайтын материалдар өндірісі ұйымдастырылды. Семей тұрмыстық химия заводы кабель пластикаты қалдықтарынан көпшілік қолды тоқаралар шығаруды игерді.

Ағаш жоңқасы мен ағаш талшығы плиталары, ағаш қалдықтарынан технологиялық жоңқалар барған сайын көп дайындалуда. Автомобиль жолдары құрылысы мен жөндеу ісінде стандартты тас пен байланыстырғыш материалдар Жамбыл «Химпром» бірлестігінің шлак қиыршықтарымен, Жітіқара кен-байы-

Digitized by Google

ту комбинатының асбест қалдықтарымен алмастырылады.

Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатында руда байыту қалдықтары мен електен өткізілген ұсақ тастар карьерлерде темір жол төсеуде қолданылуда. Мұнда сондай-ақ Қостанай облысы кәсіпорындарына берілетін қиыршық тастар өндіру ұйымдастырылды.

Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ республикалық тұтыну одағының дайындау қызметі жақсарды. 1984 жыл ішінде олардың ұйымдары 152 мың тоннадан астам қайталама шикізат жинады, мұның өзі бұрнағы жылмен салыстырғанда 5,7 процент көп.

Қайталама ресурстарды анағұрлым кеңінен қолдану халық шаруашылығына қыруар пайда келтіреді. Алайда осы жұмыс дәрежесі міндеттер мен қолда бар мүмкіндіктерге әлі де сай емес.

Демек, кәсіпорындардың жаңаларын салу, жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру және жаңғырту барысында өндіріс процесінде қалыптасатын қайталама шикізатты қайта ұқсату жөніндегі арнаулы қуаттарды жасау қарастырылмайды. Қалдықтарды зерттеу, оларды паспорттау, ұтымды пайдалану бағытын іздестіру жөніндегі жұмыстар жете жүргізілмейді. Зерттеулер мен талданған технологиялық процестер интенсивті түрде жеткілікті түрде енгізілмейді, қолда бар қуаттар толық пайдаланылмайды.

Мысалы, республика түсті металлургиясының қатты қалдықтарының небәры 7 проценті пайдаланылады. Ал олардың басым көпшілігінде қыруар түсті, шашыранды және асыл металдар бар ғой.

Республикада осы кемшіліктерді жою жөнінен шаралар қабылдануда. Егер кәсіпорындар бұрын шикізаттың көптеген түрлерін өз қалауларынша ғана ұқсатса, енді үстіміздегі жылдың өзінде қайталама шикізатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік жоспармен өндіріс пен тұтыну қалдықтарының 50 түрін пайдалану, сондай-ақ өнімнің 61 түрін дайындау, оның ішінде қайталама шикізатты пайдалану арқылы халық тұтынатын товарлар шығару жөніндегі міндеттер анықталды. Сонымен асбест пен фосфогипс қалдықтары, түсті металлургия, домна өндірісі шлактары, электрлі термофосфор, тоқыма қалдықтары мен ескі заттар, жүзім сығындылары, мақта шитінің қауызы, ашығы тұнбалары және басқалар анағұрлым кең ауқымда пайдаланылатын болады.

Үстіміздегі жылдың соңына қарай қайта ұқсатылатын және ұқсатусыз пайдаланылатын қалдықтар көлемі 1983 жылмен салыстырғанда 4 есе көбеюге тиіс. Мысалы, республика кәсіпорындарында ағаш материалдарын пайдаланудың қалдықсыз технологиясын енгізу жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда. Орман шаруашылығы министрлігі кәсіпорындарының алдына ағаш қалдықтарын пайдалануды 68 проценттен 71 процентке дейін көтеру, 8 мың тонна витаминді жапырақ ұнын шығару, сондай-ақ ағаш қалдықтарынан 1 миллион сомның халық тұтынатын товарларын өндіру міндеті қойылды.

Фосфор және домна өндірісінің түйіршіктелген шлактарын, күлді және күлшлакты, пиритті тұқылдарды, асбест-цемент және асбест қалдықтарын кеңінен қолдану базасында жыл соңына дейін 6,9 миллион тонна цемент, 235 миллион кірпіш, 156 мың текше метр минералды мақта және халық шаруашылығына қажетті басқа да өнімдер шығару жоспарланды.

Қарағанды металлургия комбинатында конверторлы шлактардан фосфат ұндарының тәжірибелік партиясын тыңайтқыш ретінде пайдалану жөніндегі сынақтар жалғастырылуда, шлактан қиыршық тас өндіру жөніндегі домна цехының ұнтақтау-сұрыптау комплексін қайта құру аяқталады.

Қайталама шикізатты жинау мен қолдануға байланысты проблемаларды шешу халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің белсене қатысуын талап етеді. Олар шикізатты ұтымсыз пайдалануға жол беретін, қайталама ресурстар ескерілмейтін, шикізаттты комплексті қайта ұқсату туралы қамқорлық жасалмайтын кәсіпорындардағы жағдайды түзеу үшін жауапкершілікті көтеруге міндетті.

Он екінші бесжылдыққа және перспективаға арналған жоспарды жасау барысында қайталама ресурстарды пайдалануды жер-жерде ұлғайтуды қарастыру және осының есебінен өнімге материалдың және энергияның көп жұмсалуын кемітуді қамтамасыз ету қажет. Қайталама ресурстарды ұқсату жөніндегі кәсіпорындар мен цехтар құрылысын жеделдеткен жөн. Ермақтың күл-керамикалық қабырға материалдары және Жезқазған керамика материалдары заводтарының құрылысы өте баяу жүргізілуде.

«Шебер» («Умелые руки») магазинінің болашағы зор. Магазин жуырда Алматыда ашылып, бірден жақсы атқа ие болды. Мұнда кеңірдек мақпал, паролон, кілем және мех қиындыларын, шыны пластикасының қалдықтарын және халыққа өте қажетті товарлар мен басқа да көптеген шикізат материалдарын арзанға алуға болады.

Барлық еңбек коллективтерінің назарын қайталама шикізатты қолдану ең алдымен халықтың әл-ауқатын одан әрі арттырумен өте тығыз байланысты болғандықтан осы проблеманың әлеуметтік перспективаларына аудару маңызды. Әрбір жұмыс орнында материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану және қалдықтардың қайталама ұқсатуға берілуі туралы қамқорлық жасалуына қол жеткізу қажет.

В. БАТУРА,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қайталама ресурстарды пайдалану жөніндегі бөлімінің бастығы.

Digitized by Google

Сұраққа жауап

ПЕРСПЕКТИВАЛЫ САЛА

Қазақстан Компартиясының XV съезінде республикада жылқы шаруашылығын дамытуға көңіл бөлуді арттыру міндеті қойылды. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде осы салада қандай өзгерістер болғанын білгім келеді.

Н. МАМЫРАЕВ,
Көкшетау қаласы.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жылқы және түйе шаруашылығы бөлімінің бастығы Б. В. Бардин оқырман сұрағына жауап береді.

Автомобильді және транспорттың басқа да түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты көлік өзінің бастапқы маңызын біртіндеп жоғалтты, сонымен қатар жылқы шаруашылығын дамытуға деген қажеттілік азайды. Сонда да осы сала халық шаруашылығы үшін маңызды сала күйінде қалып келеді.

Соңғы екі жыл ішінде ғана Қазақстанда жылқының саны 154 мыңнан астам көбейді. Біздің республикамыз жоғары класты асыл тұқымды және бәйге аттарын, ет пен қымыз беруші болып табылады. Жылқы мал шаруашылығы үшін де таптырмайтын көлік болып табылады, кез келген ауа райы жағдайында онымен шатқалдар мен тау бөктерлерінде орналасқан, жолы ауыр мыңдаған отарларды аралауға болады.

Бізде ат спортының ұлттық және классикалық түрлері табысты дамуда. Қазақстандықтар Бүкілодақтық ат спорты жарыстарында РСФСР-ден кейін ұдайы екінші орынды алып отыр.

1960 жылдан бері Қазақстан халықаралық аукциондарға қатысып келеді. Луговой және Дегерес жылқы заводтары өсіретін ақалтеке тұқымының жылқылары шетелдерде үлкен сұранаммен падаланылады.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жылқы шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар туралы» және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1981 жылы қабылдаған оны жүзеге асыру туралы қаулылары осы саланың халық шаруашылығы үшін маңыздылығы туралы дәлел болады.

Он бірінші бесжылдықта асыл тұқымды жылқылардың сапасы жақсарды. Соңғы екі жыл ішінде республикада 6 жылқы заводы, оның ішінде жылқылардың жабы және күшім қазақы тұқымдарын, салт мінетін және спорт жылқысын өсіру, ет пен сүт өндіру мақсатында 3 завод және жылқы шаруашылығы дамыған аймақтарда колхоздар мен совхоздарда 6 асыл тұқымды жылқы фермасы құрылды.

Малды ұдайы толықтыру тұрақты ұлғайып келеді. Бесжылдықтың төрт жылы ішінде мал санын көбейту жөніндегі тапсырма 106 процент орындалды, ал осы кезең ішінде оның өсімі 12 процент құрады.

Жыл сайын әр жүз биеден орта есеппен 70 құлыннан алынады. Бірақ мұның өзі, әрине, жеткіліксіз. Таңдаулы жылқышылар: Көкшетау облысы Уәлиханов ауданының «Золотая нива» совхозынан Б. Әмриновке және Семей облысы Ақсуат ауданының Амангелді атындағы совхозынан К. Демеубаевқа теңелу керек, олар оныншы бесжылдықтың қорытындылары бойынша жылқы шаруашылығын дамытуда орасан зор жетістіктерге жеткені үшін Социалистік Еңбек Ерлері атағына ие болды. Олар әр жүз биеден үнемі 85—90 құлыннан алып, олардың толық сақталуына қол жеткізуде.

Әр 100 биеден 85 құлыннан алатын Ақтөбе облысының, 82 құлыннан алатын Гурьев, 81-құлыннан алатын Орал, 75 құлыннан алатын Жезқазған және Маңғышлақ облыстарының жылқышыларында үлкен тәжірибе жинақталды.

Саланы мамандандыру мен шоғырландыруды жақсарту, жылқы шаруашылығы өнімдерін өндіруді өнеркәсіптік негізге көшіру, материалдық-техникалық базаны нығайту жөнінен жұмыстар жүргізілуде.

Алайда бірқатар шаруашылықтарда жылқы үйірлерін толықтыру дәрежесі әлі де төмен, малдың шығыны көп, жылқыларды жайып семірту мен бордақылау үшін резервтер нашар пайдаланылады. Өндірістік объектілердің құрылысы әлі де баяу қарқынмен жүргізілуде, берік жемшөп базасы жасалмаған. Шөлейт және жартылай шөлейтті аймақтарда көптеген жайылымдар суландырылмаған.

Өзінің тарихи қалыптасқан дәстүрлері бар еттік жылқы шаруашылығы дала және жартылай шөлейт аймақтардың табиғи жайылымдарын пайдалану негізінде дамуда. Мұнда мамандандырылған жылқы шаруашылығы, жылқыларды бордақылау және қымыз өндіру жө-

Digitized by Google

Ішіндегі мамандандырылған ірі фермалар, жылқылардың жоғары өнімді тұқымдарын өсіру жөніндегі асыл тұқымды мал шаруашылықтары жүйесі кеңейді.

1984 жылы республиканың совхоздары мен колхоздарында 34,9 мың тонна жылқы еті мен 3,5 мың тонна қымыз өндірілді. Алайда қымызға деген сұраным әлі де толық қанағаттандырылған жоқ. Оның себептері — сауындық жылқы шаруашылығын өнеркәсіптік негізге баяу көшіруде және жылқы үйірлері үшін жемшөп базасының жеткіліксіздігінде. Биелерді сауу мен қымыз дайындауға арналған қондырғылар мен апараттарды көптеп шығару не республикада, не елімізде әзірше жолға қойылмағандықтан оларды механикаландыру нашар енгізілуде. Үстіміздегі жылдан бастап оларды біздің республикамыздың Госкомсельхозтехника кәсіпорындарында шығару белгіленді.

Жылқы шаруашылығын басқа мақсаттар үшін де дамыту керек. Мысалы, көлікті әрбір шаруашылықта пайдалану: ойлы-қырлы жерлерде шөп шабу, жемшөпті фермаға және басқа да шағын жүктерді шамалы қашықтыққа жеткізу, трактор айналып жүре алмайтын ұсақ учаскелерде жер жырту, алып техниканы босқа айдамай, қымбатқа түсетін жанар майды т. б. ұсақ-түйекке жұмсамай, балаларды мектепке тасымалдау экономикалық жағынан пайдалы. Сондай-ақ меншікті шаруашылықтарда да ат бұрынғыша жақсы көмекші бола алады.

Алматы облысы Талғар ауданының Ленин орденді «Алматы» және «Панфилов» совхоздары жылқыларды ауыл шаруашылық және тасымал жұмыстарында ұтымды пайдаланудың үлгісі болып табылады. Мұнда ойлы-қырлы жерлерде жемшөп дайындау, оларды фермаларға тасу, сондай-ақ танаптарға көң мен көшеттер жеткізу көлікпен аткарылады. Осындай жұмыстарда күніне «МТЗ-80» тракторын пайдалану 16 сомға, ал қос ат жегілген арбаны пайдалану небары 6 сомға түсетінін экономистер есептеп шығарды. Осы шаруашылықтарда жылқылардың желісті орлов және орыс тұқымдарын өсіру жөніндегі асыл тұқымды фермалар жұмыс көліктерін дамыту негізі болып табылады. Бұл фермалардың жылқылары республикалық және Бүкілодақтық бәйге жарыстарында талай рет жеңімпаздар болды. Ат спорты секцияларында жылқыға деген сүйіспеншілікті балалық шақтан баулиды. Мұнда бірде-бір мереке бұқаралық ат спорты жарыстарынсыз өтпейді.

Қазір республикада озық технология элементтерін енгізу есебінен мал шаруашылығының осы маңызды саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда. Саланы өнеркәсіптік негізге көшіру, мамандандыру мен шоғырландыруды күшейту, шаруашылықтардың материалдық - техникалық базасын нығайту қарастырылуда. Айғырлар мен құлындар үшін жергілікті материалдардан қоралар салынуда. Қымыз өндіру мен жылқыларды семірту жөнінен барлығы 86 механикаландырылған ферма құрылады. Жасанды жайылымдар жасау және табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту және оларды суландыру есебінен жемшөп базасы нығайтылады.

Жылқышылардың мәдени-тұрмыстық жағдайы едәуір жақсарады. Олар үшін қазіргі тұрғын үйлері, моншалары, сауда орындары және басқа да мәдени-тұрмыстық объектілері бар бригада қостары жасалуда.

Журнал сынынан кейін

«СТАХАНОВТЫҚ ҚАРҚЫН»

«Қарағандауголь» өндірістік бірлестігі «Северная» шахтасының проходкашылар бригадирі М. Курников осындай тақырыппен «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының бесінші санында жарияланған мақаласында комсомолецтер мен жастардың «Қол еңбегін механизмдерге жүктейік» қозғалысына нашар басшылық жасағаны үшін шахталардың комсомол комитеттерін сынаған еді.

Қарағанды облыстық комсомол комитетінің секретары С. Қасымов өзінің редакцияға жауабында сынның орынды айтылғанын хабарлайды. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының және КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңестің талаптарына сәйкес қазіргі уақытта облыстық комсомол комитеті жас жаңашылдардың инициативаларын жанжақты дамыту жөніндегі шаралар жоспарын жасады. «Шағын» механикаландыру жөніндегі штабтар Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы және ғылыми-техникалық қоғам ұйымдарымен бірлесіп, «олқы жерлердің», қол және ауыр дене еңбегін механикаландырудың тізімін жасады. «Комсомол прожекторының» штабтары «Жоба — дайындау — енгізу» тізбегі бойынша бақылауды жолға қойды.

КПСС XXVII съезіне арналған жастардың ғылыми-техникалық творчествосының облыстық көрмесіне әзірлік жүргізілуде. Шағын механикаландыру құралдарын енгізу жөніндегі жұмысты жақсы жолға қоюға бағытталған социалистік жарысқа басшылық жасау жақсарды.

Digitized by Google

НОЯБРЬ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

Біздің анықтама бөліміміз

7 — Ұлы Октябрь социалистік революциясына 68 жыл.

8 — 1917 — Советтердің Бүкілроссиялық II съезі бүкіл өкімет билігі түгелдей Советтердің қолына өткенін жариялады. Съезд бітім, жер туралы декреттер қабылдады, тұңғыш Совет үкіметін — В. И. Ленин бастаған Халық Комиссарлар Советін құрды.

— Кронштадта матростар мен солдаттар көтерілісі басталғанына 80 жыл (1905).

9 — Петербургте тұңғыш жария большевиктік газет — «Новая жизнь» газетінің алғашқы саны шыққанына 80 жыл (1905).

10 — Демократияшыл жастардың бүкіл дүние жүзілік федерациясының құрылғанына 40 жыл (1945).

— Совет милициясы күні.

— Бүкіл дүниежүзілік жастар күні.

— Ауыл шаруашылық өндірісінің жаңашылы Т. С. Мальцевтің туғанына 90 жыл (1895).

11 — Ангола Халық Республикасы жарияланғанына 10 жыл (1975).

14 — Москвада стахановшылардың Бүкілодақтық алғашқы кеңесі ашылғанына 50 жыл (1935).

16 — Варшавада бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік II конгресі ашылғанына 35 жыл (1950). Бүкіл Дүниежүзілік Бейбітшілік Советі құрылды.

17 — Бұдан 15 жыл бұрын (1970) тарихта тұңғыш рет Жерден басқарылатын «Луноход-1» — өздігінен жүретін автоматты аппараты Айға жеткізілді.

— Бұдан 80 жыл бұрын (1905) В. И. Ленин «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советтері» мақаласын жазып бітірді.

— Студенттердің халықаралық күні.

19 — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қайраткері М. И. Калининнің туғанына 110 жыл (1875—1946).

— Ракета әскерлері мен артиллерия күні.

24 — Севастопольде матростар мен солдаттардың қарулы көтерілісі басталғанына 80 жыл (1905).

25 — «Құрмет Белгісі» орденінің белгіленгеніне 50 жыл (1935).

26 — Бұдан 80 жыл бұрын (1905) «Новая жизнь» газетінің 12-санында В. И. Лениннің «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген мақаласы жарияланды.

23 — Фридрих Энгельстің туғанына 165 жыл (1820—1895).

29 — Бұдан 40 жыл бұрын (1945) Югославия Федерациялық Халық Республикасы (қазір Югославия Социалистік Федерациялық Республикасы) жарияланды. Югославияның ұлттық мерекесі.

— 1944 — Албания фашистік оккупанттардан азат етілді. Албанияның азаттық күні.

30 — Бұдан 90 жыл бұрын, 1895 жылы ноябрьде Петербургте В. И. Лениннің инициативасы бойынша «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» құрылды.

— Биыл ноябрьде қазақ ағартушысы-демократы, тарихшы, этнограф және фольклоршы Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толады (1835—1865).

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор. 11.09.85. Подп. к печати 27.09.85. УГ05452. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 66064 (казахское издание 33595 экз., русское издание — 33469 экз.). Заказ 127. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ЖАСАҚШЫЛАР ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУМЕН КҮШТІ, СОНДЫҚТАН ДА ХАЛЫҚ ЖАСАҚШЫЛАРЫ АТАЛАДЫ



Digitized by Google

«Плакат» баспасы



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN—0132—6139



Қазақстан ұғітшісі

20
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ



ЭНЕРГЕТИКА ПРОГРАММАСЫН ТОЛЫҚ ОРЫНДАЙМЫЗ!

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

20

1985 ОКТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі» № 20, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

Адамгершілік пен дене тәрбиесіне — күнделікті қамқорлық 2

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

Н. Дубовицкая. Жасампаздық қуанышы . . . 4
Қостанай облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 6

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Д. Жұмағұлова. Сенімді көмекшілеріміз . . . 8

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Үгітшілер үлесі өсуде 10
Н. Дудкин. Фермадағы қысқа өзірлік . . . 13
С. Қалиев. Белсенділік осылай туды 16
Мал қыстату науқанына арналған баяндамалардың, саяси хабарлардың және әңгімелердің үлгі тақырыбы 16

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Қожанов. Энергетиктердің жетекші ролі (22 декабрь — энергетик күніне) 18
С. Свиденко. Ұнтақты металлургия тиімділігі 20
В. Сухова. Үйлердің қысқа өзірлігі 21

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

И. Баютов, Т. Язынина. Балаларды аяландар . 23
Р. Келлер. «Салауаттылық — өмір нормасы» . 24

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Д. Альберт. Бірлесе көтерген жүк жеңіл . . . 25

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Мұсайбеков. Ізгі ниет 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Гольденберг. Израильға барушылар мен одан безінушілер немесе оларды алдаушылардың күйреуі 29

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Л. Скрипченко. Ұмытылмас сәт 31
Журнал оқырмандарының пікірлері 31

Digitized by Google

АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНЕ — КҮНДЕЛІКТІ ҚАМҚОРЛЫҚ

Коммунистік тәрбие ісіне комплексті көзқарастың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын адамгершілік және дене тәрбиесін жетілдірмейінше жанжақты дамыған адамды қалыптастыру мүмкін емес. Партия мен үкіметтің үстіміздегі жылы маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы қаулылар қабылдауына орай совет қоғамы өмірінде оның ролі өлшеусіз өсіп келеді. Осы сиықсыз құбылысты жоюға, адамдардың өмір салтын сауықтыруға бағытталған ірі әлеуметтік-саяси, экономикалық, адамгершілік, медициналық және басқа шаралар арасында мәдени-ағарту, физкультура-бұқаралық жұмысқа үлкен орын берілуде. Үстіміздегі жылы 23 августа Алматыда өткен республика партия-шаруашылық активінің кеңесі КПСС Орталық Комитетінің «Клуб мекемелері мен спорт ғимараттарын пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын жүзеге асыру мәселелеріне арналды, онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары К. Қ. Қазыбаев баяндама жасады.

Кеңесте атап көрсетілгеніндей, республикамыздың халық арасында мәдени-сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін зор мүмкіншіліктері бар. Қалалар мен селоларда 9112 мәдениет сарайы, мәдениет үйі мен клуб, 16700 киноқондырғы, ширек миллиардтан астам кітап қоры бар. 20 мың кітапхана жұмыс істейді. Сондай-ақ 118 мәдениет және демалыс паркі, 76 мемлекеттік және ведомстволық музей, 140 стадион, 106 жүзу бассейні, 5 мың спорт залы, ондаған мың спорт алаңы, аула клубы, жабдықталған су айдындары мен бассейндері, шаңғы жолдары мен туристік маршруттар, хоккей корттары, футбол алаңдары және басқа ғимараттар қазақстандықтардың белсенді демалуына берілген.

Осы мекемелер мен ғимараттардың базасында мәдени-спорт комплекстерін құруға орай олардың идеялық-тәрбие және сауықтыру жұмыстарының дәрежесі айтарлықтай артты, ал комплекстердің саны өсіп келеді. Бүгінде республиканың әрбір алтыншы тұрғыны көркемөнерпаздық творчествоға белсене қатысатындығы есептелінген. Екі миллионнан астам адам күн сайын стадиондар мен спорт алаңдарына келеді.

Келтірілген цифрлар ауқымды. Әйтсе де олар мәдениет пен спорт ошақтарының барлық жерде бірдей адамдардың өмір салтына белсенді ықпал жасау орталықтарына айналдырылғанын білдірмейді. Мәдениет және спорт сарайлары мен үйлерінің залдары, кітапханалар, бассейндер, үгіт-спорт және балалардың ойын алаңдары көбіне толық көлемінде пайдаланылмайды, бос тұрады.

«Ішкілік қолданбауды қоғамымызда өмір нормасы ретінде енгізу жөнінде алдымызда ұзақ уақыт, табанды жұмыс тұрғанын біз жақсы түсінеміз, — деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде.— Біздің төзіміміз жетеді. Мұның үстіне осындай бағытты жүргізуде КПСС Орталық Комитеті бүкіл халықтың қолдауына, қоғамдық пікірдің кемелдігі мен күшіне сүйенеді».

Осы сан-салалы қызмет жүйелі болуға тиіс. Мұнда ауызша саяси үгіт активистерінің ролін ештеңемен алмастыруға болмайды. Үгітшілер, жастар тәлімгерлері, саяси хабаршылар күн сайын өз коллективтерінің ортасында болып, адамдармен, тұрғылықты жерде олардың семьяларымен араласып, осы адамдардың қоғамдық-саяси белсенділігі, өмір салты, денсаулығы, таланты мен қабілеті, бос уақыттағы әуесқойлық істері жайлы өте жақсы хабардар болып отырады. Нақ сондықтан жұмыстас қайсыбір жолдасының әуесқойлық творчествомен немесе дене тәрбиесінің қай түрімен айналысуы жақсы екені туралы мейліше сәтті кеңес бере алады. Кеңес берумен қатар жеке үлгімен баулу, кештердің, концерттердің, ГТО нормаларын тапсырудың және басқа өткізілетін шаралардың тұрақты ұйымдастырушылары әрі оларға қатысушылар болуға тиіс.

Бұл бағытта, мәселен, Алматы мақта-мата комбинаты партия комитетінің ауызша саяси үгіт активистері өндірісте және тұрғылықты жер бойынша көлемді жұмыс жүргізеді. Сонымен республика астанасының бірінші микроауданындағы № 14 қоғамдық-саяси совет кәсіпорнының бас директоры Е. Ф. Голубкиннің басқаруымен № 97 және 111 орта мектептермен, балалардың «Орленок» клубымен, мәдениет сарайымен, үгіт алаңымен, балалар-жасөспірімдердің спорт мектебімен тығыз қатынаста жұмыс істейді. Мәдениет және мораль мәселелері жөніндегі саяси хабаршылар: ұқсату фабрикасының мастері Э. С. Қалиева, оқу-өндірістік комбинаттың нұсқаушысы Т. Н. Гировка, үгітшілер: ұқсату фабрикасы жөндеу-механика цехының мастері М. Ж. Бөрібаев, № 1 иіру-тоқу фабрикасы түту цехының аға мастері Е. А. Хлопина және басқа көптеген адамдар өткізілетін мәдени-бұқаралық шаралардың, спорт комплекстерін көркейтіп, олардың жабдықтарын жетілдіру жөніндегі жұмыстардың инициаторлары және белсенді

Digitized by Google

қатысушылары болып табылады. Целиноградтың «Казахсельмаш» заводында партия комитеті мен оның идеология активі еңбекшілерге, оқушы жастарға және балаларға идеялық-адамгершілік және дене тәрбиесін беру мақсатында бос уақытты пайдалану туралы барынша көп қамқорлық жасайды. Жұмысшылардың және базалық № 14 орта кәсіптік-техникалық училище оқушыларының жатақханаларында бұқаралық-саяси жұмыс жүйелі жүргізіледі. Өндіріс озаттары мен жаңашылдары жас жеткіншектердің тәлімгерлері, мәдени-бұқаралық және физкультура-спорт шараларының ұйымдастырушылары және оларға қатысушылар болып табылады.

Қазақ ауыл шаруашылық машиналарын жасаушылардың микрорауданында үгіт алаңы мен спорт комплексі жұмыс істейді. Олар кәсіпорынның көптеген активистерінің қатысуы арқылы салынып, көрнекі үгіт құралдарымен көркемделген. Білім күні қамқорлықтағы № 6 мектептің, балалар-жасөспірімдердің физкультура-спорт клубының балаларымен бірге мұнда партия, кәсіподақ және комсомол комитеттерінің басқаруымен машина жасаушыларды атады. Стахановтық қозғалысты жалғастырушылардың сөйлеген сөздері, бесжылдықты мерзімінен бұрын орындаған озаттарды, бірінші класс оқушыларын атау, жас спортшылардың өнері, заводтық спорт комитеті ұйымдастырған кәсіпорын мен № 14 орта кәсіптік-техникалық училище волейболшылары арасындағы жолдастық кездесу бәрінің жадында сақталды.

Партия комитеттерінің тұрғындар арасында мәдени-ағарту және физкультура-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда депутаттармен тығыз байланыс жасауы қажет. Мәселен, Қаскеленде, Ұзынағашта парктердің күтімсіз болуы мұнда ешкімді толғандырмайды. Жамбыл қаласындағы Завод ауданының депутаттарының инициативасы бойынша аса үлкен төртінші микрорауданда бос жатқан жерге футбол алаңдары, турниктері және басқа шағын спорт жайлары бар денсаулық аймағы құрылғанын көріп отырмыз. Олардың үлгісі бойынша мұндай спорт комплекстерін енді химия өнеркәсібі өндірістік бірлестігінің, фосфор және суперфосфат заводтарының, № 1 және № 2 монтаж басқармаларының коллективтері басқа кварталдарды да жабдықтады,

Энтузиастарды іздестіріп, олардың қабілетін байқап, қажетті арнаға бағыттау, олардың инициативасын қолдау өте-мөте маңызды. Мәселен, Павлодардың № 39 орта мектебінде ән пәнінің мұғалімі С. К. Волошанин өзінің табандылығы, іске деген творчестволық көзқарасы арқасында түрлі жастағы адамдар хорын, фольклорлық топты, балалардың опера театрын құра білді, олар ата-аналары, еңбек коллективтері, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері алдында өнер көрсетулерімен әйгілі.

Солтүстік Қазақстан облысының «Ленин» совхозында республикадағы алғашқы мәдени-спорт комплекстерінің бірі құрылған еді. Мұнда партия, кәсіподақ және комсомол комитеттері дирекциямен бірлесіп, кадрларды іскер іріктейді, олар жайлы қамқорлық жасайды, олардың қызметіне бағыт береді. Мәдени-ағарту және физкультура-сауықтыру жұмысы совхоз коллективінің жоғары еңбек белсенділігіне ықпал жасап, оның мемлекеттік жоспар мен социалистік міндеттемені ойдағыдай орындауына көмектесуде.

Сонымен бірге КПСС Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысын орындаудың барысы туралы» қаулысында атап көрсетілгеніндей, көптеген совет органдары, кәсіподақ, комсомол ұйымдары толыққанды еңбекшілер демалысын ұйымдастыруда әлі де тиісті белсенділік көрсетпей отыр. «Қалалар мен елді мекендерде, — деп атап көрсетілген документте, — демалыс және мереке күндерінде еңбекшілердің демалысын ұйымдастырудың арнаулы жоспарларын әзірлеп, жүзеге асыру қажет деп табылды. Бос уақытты коллектив және семья болып өткізу формаларына барынша қолдау көрсетілсін».

Республика партия ұйымдары алдына таяудағы екі жыл ішінде мәдени-спорт комплекстерін құруды аяқтап, олардың жұмысын бір жүйеге келтіру міндеті қойылды. Жастар тәрбиесіне айрықша көңіл бөлу қажет. Сондай-ақ өткізілетін шаралардың атеистік бағытын күшейту маңызды. Партия және комсомол ұйымдары, еңбек коллективтері, мәдениет және спорт қызметкерлері, соғыс пен еңбек ардагерлері бірлескен күш-жігер арқылы мектептерде, жоғары оқу орындарында, техникумдарда, кәсіптік-техникалық училищелерде жеткіншек ұрпақты совет халқының даңқты дәстүрлеріне тәрбиелеуді өскелең міндеттер деңгейіне көтеруге тиіс. Әрбір клубтың, әрбір стадионның, деп атап көрсетілді кеңесте, өзіндік жастар орталығына, жігіттер мен қыздардың мінез-құлқы мен санасына белсенді ықпал жасау, қоғамға жат көріністерге қарсы күрес жүргізу, империалистік насихаттың идеологиялық тіміскі әрекеттеріне қарсы қимыл жасау базасына айналуы ең алдымен соларға байланысты.

Республикамызда жаңа ғұрыптар мен дәстүрлерді тұрмысқа енгізу, салауатты өмір салтын орнықтыру жөніндегі озық тәжірибенің көптеген адрестерін атауға болады. Бұлар — Кентау және Гурьев қалалық партия комитеттері. Қарағанды металлургия және Лениногор полиметалл комбинаттарының партия комитеттері т. б. Енді осы тәжірибені таратып, молайта түсу қажет.

Digitized by Google

ЖАСАМПАЗДЫҚ ҚУАНЫШЫ



Н. ДУБОВИЦКАЯ,
Качар кен-байыту комбинаты темір жол цехының аспапшы-слесары, социалистік жарысты ұйымдастырушы үгітші

Біз тұратын поселкенің орны осыдан он жыл бұрын дала еді. Бүгінде біздің коллектив ҚПСС XXVI съезінің «Қачар кен-байыту комбинатында темір рудасын өндіретін қуаттар іске қосылсын» деген нұсқауын орындағаны туралы рапорт беруге әзірленуде. Біз қазір комбинаттың бірінші кезегін 15 декабрьге дейін іске қосу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз.

Біздің кәсіпорын жайында мағлұмат болуы үшін мынаны айтайын: карьер ауқымының жерасты қоймаларында жатқан жалпы қор миллиард тоннадан астам цифрмен бағаланады. Орта есеппен 39 процент темір бар бағалы руда оның негізгі бөлігін құрайды. Кенді ашық әдіспен қазу ұйғарылды. 1976 жылы құрылысы басталғаннан бері 112 миллион текше метр күрделі жыныстар шығарылды.

Біздің поселкеміз өсіп келеді. Онда енді екі мектеп, мәдениет үйі, 4 кітапхана, 5 бала бақша, поликлиника, рудник жұмысшыларына арналған әкімшілік-тұрмыстық үйлер бар. Биыл тұрмыстық үйдің, нан заводының құрылысы басталды.

Біздің бүкіл коллектив «ҚПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» ұранымен еңбек етуде. Бұрғылау, руданың алғашқы шөмішін тиеу және тасымалдау правосы жолындағы жарыс кеңінен өрістеді. Күн сайын комбинаттың еңбек календарында көптен күткен алғашқы шөміш руданы алғанға дейін неше күн қалғаны белгіленеді. В. Я. Квирингтың машинистер, автотранспорт цехынан А. В. Хитричтың жүргізушілер бригадасы, автокран машинисі А. Б. Қойлыбаев және басқа да жұмысшылар өте қауырт міндеттемелер қабылдады. Олар еңбек өнімділігін 5-6 процент арттыруды ұйғарды.

Біз бүкіл коллективтің осы межеге шығуы қуаттарды тездетіп іске қосуға мүмкіндік беретінін, біздің комбинатқа әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қыруар қаржы беретінін адамдардың түсінуі үшін нақты цифрлар келтірдік. Соның нәтижесінде қазір бригадалардың көпшілігі еңбек өнімділігін арттыру жөнінен жоғары міндеттемелер қабылдады. Және қазір ең бастысы — белгіленген міндеттерді толық орындау.

Мен әрбір онкүндіктің жарыс қорытындыларын шығаруға көмектесемін, өз жолдастарыма екпінді, стахановша жұмыс істейтін адамдарды атаймын. Өз әңгімелерімде III дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен наградталған рудниктің экскаватор машинистерінің бригадирі В. П. Накоряковтың, бұрғылау станогының машинисі Б. К. Құманбаевтың, біздің цехтан жол монтерлерінің бригадирі К. К. Олжабаевтың, БелАЗ — 549 технологиялық автомобиль жүргізушілерінің бригадирі И. Б. Франктың, темір жол цехы қуат агрегаты экипажының бригадирі В. Ф. Бекктың еңбекте жоғары қайтарымға ненің есебінен қол жеткізгенін көрсетемін. Олар екпінді онкүндіктер қорытындылары бойынша бірінші орындарға талай рет ие болды. М. П. Меньшенин басқаратын экскаватор бригадасы да баршаға жақсы үлгі көрсетуде. Ол ста-

Digitized by Google

хановтық қозғалыстың 50 жылдығы құрметіне 20 мың текше метр кен жынысын шығарды, 30 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді, еңбек өнімділігін 2 процент арттыруға және өзіндік құнды жарты процент кемітуге қол жеткізді. Стандартсыз жабдықтар мен металл конструкцияларын жасаумен айналысатын В. В. Кривобоктың бригадасы өзінің бесжылдық тапсырмасын стахановтық қозғалыс юбилейіне дейін аяқтады. Сондай-ақ Г. А. Горшковтың, В. П. Россохтың бригадалары да тамаша еңбек етуде.

«ҚПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» социалистік жарысының қорытындыларын онкүндік сайын шығару жаңа озаттардың жаңа есімдерін анықтауға көмектесуде. Алайда міндеттемелерді әзірше бәрі бірдей орындап жатқан жоқ. Сондықтан да мен артта қалушылармен әңгіме жүргізем, резервтерді іздестіре білетін жұмысшыларды үлгі етемін. Үгітшілер — бесжылдық екпінділері Г. Н. Изотов, В. Н. Гренинг, А. Г. Киношевский, И. В. Ионенко, А. К. Қазов және басқалар өздерінің күш-жігерлерін осыған бағыттауда. Көптеген үгітшілер комбинаттың Құрмет тақтасына енгізілді. СССР Қара металлургия министрлігінің үздіктері болып табылады.

Дегенмен бізде, үгітшілерде пайдаланылмаған резервтер әлі де көп. ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың апрель Пленумында: «Идеологиялық жұмыстың өмірмен барынша тығыз байланысты болуы үшін әлі бәрі бірдей істелген жоқ» деп айтқан сөздерін өз жұмысымызға толық жатқызамыз. Біз бүгінде өзіміздің басты парызымызды ең алдымен комбинат еңбеккерлерін оны дер кезінде іске қосуға жұмылдырудан көреміз. Бұл біздің ҚПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне еңбек тартуымыз болады.

Әңгімелерде осы жайлы айтыңыздар

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢНІҢ БАСТЫ ҰРАНДАРЫ

«Партийная жизнь Казахстана» журналының 8-санында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары О. С. Мирошхиннің «Партия қатарларының байқауы» деген мақаласы жарияланған, ол партия ұйымдарындағы есеп беру және сайлау жиналыстарына арналған. Онда екі бесжылдық межесінде КПСС XXVII съезіне әзірліктің маңызды кезеңі ретінде партияның барлық буындарын қамтитын биылғы есеп беру-сайлау науқанының өзіндік ерекшелігі аталады.

«Қазіргі кезеңнің съезд алдындағы жиналыстарымыздың, партияның XXVII съезіне бүкіл әзірліктің өзегіне айналдыруымыз қажет болатын басты ұрандары, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында жасаған баяндамасында, — творчестволық еңбек, сөз бен істің бірлігі, инициатива мен жауапкершілік, өзіңе де, жолдастарыңа да талапшылдық». Осыған орай ауызша саяси үгіт активистерінің міндеті — өз коллективін, әр еңбеккерді он бірінші бесжылдыққа және оның қорытындылаушы жылына қабылданған мемлекеттік жоспар мен социалистік міндеттемені сөзсіз орындауға, он екінші бесжылдықта жеделдетілген еңбек қарқынын алу үшін жақсы негіз жасауға бағдарлау.

Үгітшілер, саяси хабаршылар, тәлімгерлер жұмыстас жолдастарының жаңа бесжылдыққа арналған міндеттемелерді талдап жасауына практикалық кеңестерімен көмектесуге, еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін насихаттауға, жоғары еңбек өнімділігіне жету үшін еңбек коллективі туралы заңда берілген праволарды толығынан қалай пайдалануға болатынын түсіндіруге міндетті.

Коллективтердің назарын еңбек тәртібін нығайтуға, маскүнемдік пен алкоголизмді тыюға шоғырландыру, әр еңбеккердің өз жұмыс орнында адал ниетпен, күштің толық қайтарымымен еңбек етіп, халық қазынасына ұқыпты қарауына қол жеткізу қажет.

Мақалада озық кәсіпорындар коллективтері — Талдықорғанның қорғасынды және сілтілі аккумуляторлар, Алматының төменгі вольтті аппаратура заводтары, сондай-ақ Семей облысындағы Абай ауданының шаруашылықтары мысал ретінде келтіріледі, олардың партия ұйымдарының еңбекшілерді мемлекеттік жоспар мен социалистік міндеттемені орындауға жұмылдыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі кеңінен таратуға тұрады.

Digitized by Google

Қостанай облысын өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы жоғары дамыған өлке деп орынды атайды. Темір, асбест, боксит рудасын өндіру жөніндегі республикадағы аса ірі рудниктер осында орналасқан. Соколов-Сарыбай, Лисаков, Жітіқара кенбайыту комбинаттары, Қостанай мәуіті-шұға комбинаты, химиялық талшық заводы, «Большевичка» фабрикасы және басқа да кәсіпорындар өз өнімдерін еліміздің көптеген аймақтарына және экспортқа шығарады.

Облыста бесжылдықтың басынан бері тапсырмадан тыс 50 миллион сомның дерлік өнеркәсіп өнімі өткізілді. Халық тұтынатын тоғарлар өндіру көлемі 40 процент өсті. Осы тұста 100-ден астам жаңа кәсіпорын, ірі цехтар мен учаскелер іске қосылды. Қалалар мен селолардың еңбекшілері 2 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ондаған объекті алды.

Қостанайлықтар он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылында өнеркәсіп өнімін өткізу жөніндегі жоспарды 29 декабрьге орындап, еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1 процент арттыруға және өзіндік құнды 0,5 процент кемітуге, 2 күн үнемделген материалдармен және энергиямен жұмыс істеуге ұйғарды. «АвтоВАЗ-дың» үлгісі бойынша Қостанай сүт өнеркәсібі бірлестігі мен басқа да бірқатар кәсіпорындар он екінші бесжылдыққа көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады.

Күрделі ауа райы жағдайына қарамастан, облыс егіншілері биыл жақсы егін өсірді. 1100 мың гектарда жаздық бидай интенсивті технология бойынша өсірілді, қатты және бағалы сортты бидай өндіруге баса көңіл бөлінді. Қостанайлық малшылар сүт, ет, жұмыртқа және жүн өндіру жөнінен бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын аяқтауға міндеттенді.

КПСС XXVII съезі құрметіндегі социалистік жарыс өрістей түсуде.

Кеншілер жарысуда

«КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» — В. И. Ленин атындағы Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының еңбек коллективтері осындай ұранмен жарысуда. Кәсіпорындағы байырғы Соколов руднигінің кеншілері жоғары нәтижелерге жетуде. Бөлімшелердің қызыл мүйістерінде арнайы жабдықталған стендтерде еңбек сайысының барысы кеңінен баяндалады. Мысалы, Н. В. Васильев басқаратын № 1 кен өндіру учаскесінің коллективіне 3 онкүндік қатарынан бірінші орын берілді. Мұнда В. Г. Жигайлоның, О. Ф. Прицкаудың және С. Н. Белыйдың экскаватор бригадалары анағұрлым жоғары өнімділікке қол жеткізді.

Соколовтықтар кен жыныстарын тиеп, жөнелту жөніндегі бесжылдық программасын бір ай бұрын орындау, партияның жоғары форумы ашылар күнге дейін қосымша бір миллион тонна руда беру жолында күресуде. Домналар үшін үнемделген ресурстармен көптеген шикізат шығарылатын болады.

Тапсырмаға қосымша

Қостанай өндірістік сүт өнеркәсібі бірлестігінің коллективі КПСС XXVII съезі ашылғанға дейін екі айдың жоспарына қосымша 370 мың сомның өнімін өндіруді ұйғарды.

«АвтоВАЗ» коллективінің инициативасын қолдай отырып, бірлестік еңбекшілері ғылыми-техникалық прогресті жеделдету және соның негізінде халық тұтынатын жоғары сапалы тоғарлар шығаруды ұлғайту жөнінен он екінші бесжылдыққа көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады. 1986—1990 жылдары бақылау цифрларынан тыс 1,6 миллионнан астам сомға май, сыр және басқа да сүт тағамдарын өндіру, өнімнің өзіндік құнын 0,2 процент кеміту және 300 мың сом кіріс алу белгіленді. Өнімнің жаңа үш түрі игеріледі. Еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмадан 0,5 процент асып түсіп, осының есебінен өнім өндірудің бүкіл өсімін қамтамасыз етеді.

Өндіріс тиімділігін арттыру негізінде жинақталған қаржы өндірісті қайта құруға және техникалық жағынан жарақтандыруға жұмсалады, мұның өзі негізгі қорлардың үштен бірін жаңартуға және қол еңбегінің үлесін 5 процент қысқартуға мүмкіндік береді.

Қалдықсыз және ресурс үнемдейтін технологияны енгізу жолымен 1550 гигакалорий жылу энергиясы, 365 мың киловатт-сағат электр энергиясы және 1600 тонна шартты отын үнемделеді.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА

Ломоносов атындағы совхоздан тың ардагері, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Компартиясы Боровской аудандық комитеті бюросының мүшесі А. Татаренко басқаратын мердігерлік бригада биыл бидайды аса бітік өсірді. Оған бекітілген 4,8 мың гектар алаңның әр гектарынан 24 центнерден, ал егін интенсивті әдіспен өсірілген 2 мың гектар танаптың әр гектарынан 30 центнерден астық жиналды. Жақсы жолға қойылған социалистік жарыс, коллективтегі бұқаралық-саяси жұмыс табысқа ықпал етті.

Суретте: мастер-баптаушы, бригаданың комсомол тобының ұйымдастырушысы, үгітші А. Лазарь (ортада) механизаторлармен бірге тұр.

Суретті түсірген ҚазТАГ.



Идеялар аукционы

Облыста идеялар аукциондары әдетке айналуда. Олардың соңғыларының бірі тоқымашылардың Мәдениет сарайында өтті. Мәуіті-шұға комбинатының әкімшілігі «сатып алушы», ал инженерлер, слесарьлар, мастерлердің көмекшілері «сатушылар» болды. «Правда» газеті осы жайында былай деп жазды:

«Комбинат дирекциясы аукционға дейінгі екі ай ішінде жаңашылдарға өндірістің «осал» жерлерін жоюға көмектесуді ұсынды. Жюри кеңестері анағұрлым көп мүдделілік туғызған отыз адамды іріктеп алды. Аукционда өз жобасын немесе ұйғарымын қорғауға бес минут берілді».

В. Дымовский басқаратын бас энергетик бөлімінің рационализаторлар тобына бірінші орын берілді. Ол жаңа қосалқы станциялардың құрылысын күтпей-ақ қуаттарды қайта бөлуді, демек жаңа жабдықтар мен станоктарды бір мезгілде іске қосуды ұсынды. Мұның барысында шығындар аз жұмсалады. Қайта бөлу қосалқы станциялар құрылысының мәселесі шешілгенше бір-бір жарым жыл уақыт ұтуға мүмкіндік береді.

Тоқыма өндірісінің жас мастері А. Клыбанский өнімді тоқыма станоктарынан көрші цехтарға жеткізу жөніндегі проблемаларды талдап жасағаны үшін сыйлыққа ие болды.

Жюри «сатып алудың» жоғары процентін атап өтті. Отыз ұсыныстың үшеуі ғана қабылданбады.

Стахановтық эстафета

Бүгінде Қостанай облысында заводтар мен фабрикалардың, танаптар мен фермалардың көптеген еңбеккерлерін сексенінші жылдардың стахановшылары деп орынды атауға болады. 84 кәсіпорын, 1155 учаске, смена мен бригада, 50 мыңға жуық жұмысшы бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын, 1 июльге дейін аяқтады. Олардың қатарында Краснооктябрьск боксит рудасы басқармасы Қозырев руднигінің, сүт тапсыру жөнінен бесжылдықты орындаған «Қазахстанец» және Б. Майлин атындағы совхоздар, ет тапсыру жөніндегі бесжылдықты орындаған Н. Г. Козлов атындағы, «Целинный», «Қойбагар» совхоздарының коллективтері бар. «Кустанайасбест» комбинатынан Б. М. Шауықбаевтың экскаваторшылар бригадасы, кондитер фабрикасынан З. К. Ковальдың бригадасы алдағы бесжылдық есебіне еңбек етуде.

Үнемделген ресурстармен

Қостанай аяқ киім фабрикасының коллективі үнемделген шикізатпен және басқа да ресурстармен екі күн жұмыс істеді. Мұнда жыл басынан бері 58 мың сомның негізгі және қосалқы материалдарын үнемдеді.

Материалдарды ұтымды пішу нәтижесінде 460 мың шаршы дециметр хромды былғары товары, 170 мың дециметр ұлтан резинасы және басқа да көптеген шикізаттардың сүбелі үстемесі алынды. Сонымен қатар ұқыптылық арқасында 50 мың киловатт-сағатқа жуық электр энергиясы, 75 мың гигакалорий жылу энергиясы үнемделді.

Цехтарда көрнекі жерлерде үнем мен ұқыптылық жөніндегі стендтер орнатылған. Әрбір бөлімшенің, әрбір қызметкердің жаппай экономикалық оқу мектептері жетекшілерінің көмегімен жасалған жеке үнем есептері бар.

Digitized by Google

СЕНІМДІ КӨМЕКШІЛЕРІМІЗ



Д. ЖҰМАҒҰЛОВА,
Жезқазған облысы Қазақстан Компартиясы Ақтоғай аудандық комитетінің секретары

Совет мұғалімін белсенді қоғамдық қызметтен тыс елестету мүмкін емес. Партия одан әрдайым идеология майданының жауынгерін, оның саясатын белсенді жүзеге асырушыны көрді, көреді.

Ауданда мектеп ісі реформасын жүзеге асыру жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде. Оны орындау туралы мәселе аудандық партия комитетінің пленумында қаралды. «Жәмші» совхозы партия комитетінің оқушыларға коммунистік тәрбие беруде мектептің, семьяның және жұртшылықтың байланысын нығайту жөніндегі тәжірибесі қорытылды. 1984 жылы ғана совхоздарда шаруашылық тәсілмен 3 мектеп және мектеп жанындағы интернат салынды. Қазір тағы 5 мектеп тұрғызылуда. Биыл алты жасар балаларды оқыту үшін совхоздар 16 класс бөлмесін салады. Мектептердің бәрі оқудың кабинеттік жүйесіне ауыстырылды, 9 — 10 класс оқушылары тиянақты еңбек даярлығынан өтеді. Тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын, мал шаруашылығы негіздерін және мал фермаларын механикаландыруды, автомобильді оқып үйрену негізгі бағыт болып табылады. Орта және сегіз жылдық мектептердің бәрінің тәжірибелік учаскелері мен оқу шеберханалары, кәсіптік бағдар кабинеттері бар, шаруашылықтарда еңбек және демалыс лагерьлері жұмыс істейді.

«Қоңырат» совхозының аға шопаны, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. Сейілханов, «Жәмші» совхозының ардагері, Ленин және Октябрь Революциясы ордендерінің иегері С. Көпбаев, «Ақтоғай» совхозы шопандарының комсомол-жастар бригадасының тәлімгері, III дәрежелі Даңқ орденінің иегері К. Тұяқбаев, «Кеңшоқы» совхозы шопандарының комсомол-жастар бригадасының тәлімгері, Халықтар Достығы орденінің иегері С. Жұматаев және басқа озат еңбеккерлер оқушыларды тәрбиелеуде үлкен көмек көрсетеді.

Мақсатты тәрбие жұмысының арқасында жыл сайын мектепті бітіргендерден жүзге жуық оқушы өз шаруашылықтарында жұмыс істеуге қалады.

Ауданда 500-ден астам мұғалім жұмыс істейді. Әрбір төртінші педагог партия мүшесі немесе мүшелікке кандидат.

Бізде мұғалімдерді саяси хабарландыруға бірінші кезекті мән беріледі. Мектептердегі бірыңғай саяси күндер мен ашық хат күндері саяси хабардың тұрақты қайнары болып табылады. Біздің селоларымыздың бәрінде партия ұйымдары секретарьларының советтері жұмыс істейді, олар түрлі коллективтерде қызмет ететін коммунистер қызметін үйлестіруге көмектеседі. Советтерді совхоздар партия ұйымдарының секретарьлары басқарады. Осының арқасында мұғалімдерді шаруашылық өмірі туралы жақсылап хабарландырудың, оларды совхоз коллективтерінің істеріне, селоның қоғамдық өміріне белсене қатысуына мейлінше кеңінен тарту сәті түсуде.

Партия ұйымдары секретарьларының тұрақты семинарларын да және партия ұйымдары секретарьларының орынбасарлары оқитын идеология активінің аудандық мектебін де хабарландыру үшін белсенді пайдаланамыз.

Соңғы жылдары саяси оқуды жолға қою қыруар жақсарды. Бізде ғылыми коммунизм мектептерінде 450 педагог оқиды. Аудандық партия комитетінің саяси оқу кабинетінің методикалық советі жанынан мұғалімдердің марксистік-лениндік білімі жөнінен секция жұмыс істейді. Оның мүшелері ұсыныстар, анықтама материалдарын әзірлеуге, таңдаулы насихатшылардың тәжірибесін байытуға, ашық сабақтар өткізуге көмектеседі.

Теориялық жақсы даярлық, қоғамдық өмір мәселелерінен хабардарлық — осының бәрі мұғалімдерді аудан еңбеккерлері арасындағы идеялық-тәрбие жұмысына қатысуға кеңінен тарту үшін қолайлы жағдай жасауда. Бізде қазір мұғалімдердің көпшілігінің осындай тапсырмалары бар. Олардан 51 адам партиялық оқу насихатшысы, 111 адам — «Білім» қоғамының лекторы, 28 адам — үгітші және 78 адам — саяси хабаршы.

Сәуле сегіз жылдық мектебінің директоры А. Мұқатаев «Қоңырат» совхозының № 1 фермасында саяси мектепке алты жылдан астам жетекшілік етеді. Ол ферма қызметкерлерінің саналылығы мен еңбек белсенділігін арттыру үшін көп нәрсе жасады. Оның тыңдаушыларының бәрі екпінді жұмыс жасайды.

Digitized by Google

Еңбек сегіз жылдық мектебінің директоры К. Иазков марксизм-ленинизм негізі мектебінде сабақты қызықты әрі мазмұнды жүргізеді. Оның насихатшылық стажы 30 жылдан асады. Совхоз еңбеккерлері онымен кездесуді әрдайым асыға күтеді, оның сөздеріне үн қатады. Мұғалімдер-насихатшылар С. Құсманов, А. Тойшыкенов, Ш. Бәкірова, Н. Шегіров және басқалар өздерінің партиялық тапсырмасына адал ниетпен қарайды.

Лекторлар: Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегерлері А. Кенжебеков пен А. Балтабеков, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі А. Сейдахметов аудан еңбеккерлері арасында жоғары беделге бөленген. Олар үшін лекциялық насихатқа қатысу түбегейлі қалаулы іске айналды.

Мұғалімдердің көпшілігі тікелей фермаларда, бөлімшелерде және бригадаларда түсінік жұмыстарын жүргізеді. Қаратал орта мектебі мен «Қаратал» совхозы партия комитетінің бірлескен жұмыс практикасынан мысал келтірейін. Мұнда мұғалімдер-саяси хабаршылар жалпы саяси мәселелер мен мәдениет және коммунистік тәрбие мәселелерін түсіндіруге мамандануда. Мұғалімдер К. Таханов пен Р. Аждарова осы тапсырманы көп жылдар бойы атқаруда.

Мұғалімдер үгіт коллективтері жұмысына да белсене қатысуда. Оқытушы Т. Қабылов, Ақтоғай аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің № 1 фермасында үгіт коллективіне жетекшілік етеді. Ол және басқа мұғалім-үгітшілер көрнекі үгітті жаңартуға көмектеседі, бұқаралық шараларды ұйымдастырады. Олар жаңа жыл қарсаңында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындау жоспарын мерзімінен бұрын аяқтауға арналған кешті әзірлеуге жәрдемдесті.

Партия ұйымдары тұрғылықты жер бойынша жұмыста да жаңа тәсілдерді іздестіруде. Мәселен, Нүркен Әбдіров атындағы орта мектеп коллективі үгіт алаңында соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесуді ұйымдастыруға көмектесті. Олардың белсене қатысуы арқылы «Денсаулық — ел байлығы» деген кеш және басқа шаралар әзірленді. Мұғалімдер А. Айтбаев, М. Тәтібекова, А. Кенжина және басқалар үгіт алаңында лекциялар оқып, әңгімелер өткізеді.

Біздің еңбеккерлеріміз күнделікті өмірде де интеллигенцияның озық әрі көпсанды бөлігі ретінде мұғалімдерге тең еледі. Мұғалім — мәдениеттіліктің үлгісі, қоғамның белсенді мүшесі, барлық таңдаулы дәстүрлер мен ғұрыптарды ұстаушы деген пікір адамдар сана-сезімінде берік орнықты. Әрине, аудан мұғалімдері жалпы советтік жаңа ғұрыптарды өмірге енгізудің инициаторлары болуда. Мәселен, «Жәмші» совхозының № 1 фермасы поселкесінде жұмыс істейтін Калинин сегіз жылдық мектебінің педагогтары Шопан Бөлекбай Әбуов пен оның зайыбы Шекердің күміс тойларын өткізуге көмектесті. Ал олар он бала тәрбиелеген.

350-ден астам педагог көркемөнерге қатысады. К. Әбдірахманов, К. Рахымбекова, А. Тәжібаева «Тоқырауын толқыны» фольклорлық халық ансамблі коллективінің құрамында Венгер Халық Республикасында Совет Одағы күндеріне қатысты. Сарытерек орта мектебінің мұғалімі А. Тойшыкенов ақындардың облыстық айтысында аудан намысын бірнеше мәрте қорғады, ал өткен жылы облыс атынан халық әншілерінің республикалық сайысына қатысты.

Ауданда мектептер мен еңбек коллективтерінің байланысы барған сайын нығайып келеді. Бірлесіп өткізілетін шаралар дәстүрге айналды. Жеңіс мерекесі қарсаңында Совет Одағының Батыры, біздің жерлесіміз К. Нұржановқа арналған кеш қызықты өтті. Оны «Қоңырат» совхозы мен батыр есімімен аталатын орта мектеп қызметкерлері әзірледі. Мерекеге батырдың туысқандары, оның қарулас жолдастары, соғыс және еңбек ардагерлері шақырылды. Мектеп пен совхоздың көркемөнерге қатысушылары жауынгерлік өмірден көріністер көрсетті.

Аудандық партия ұйымы үгіт-насихат кадрларының жұмыс тәжірибесін қорытып, таратуға, оларды моральдық және материалдық жағынан мадақтауға зор маңыз береді. Олар жыл сайын грамоталармен, мадақтау жолдамаларымен, ескерткіш сыйлықтармен наградталады. Мәселен, Қызыл арай орта мектебінің мұғалімі, партиялық оқу насихатшысы Т. Ораэалин насихат жұмысына қатысқаны үшін Лениндік Құрмет грамотасымен және стодға қоятын медальмен наградталды. Мұғалімдер С. Кептербаевқа, С. Нығметолинге және М. Әзімбаевқа облыстық партия комитетінің грамоталары тапсырылды. С. Құсмановтың, А. Мұқатаевтың, С. Нығметолиннің үгіт-насихаттық жұмыс тәжірибесін қорытындылайтын буклеттер шығарылды. «Жәмші» және «Ақтоғай» совхоздары партия комитеттерінің қоғамдық негіздегі саяси оқу кабинеттерінің тәжірибесі мақұлданды, оларға мұғалімдер Б. Әбдірахманова мен М. Шегіров жетекшілік етеді.

Ең алдымен 56 мұғалімнің ордендермен және медальдармен наградталуы педагогтар еңбегінің жоғары бағасының жарқын көрінісі болып табылады. Педагогтардың бәрі пәтерлермен қамтамасыз етілген. Бір ғажабы сол, мұғалімдердің 90 проценті — ауданның орта мектептерінің түлектері.

Біз педагогтар арасында сұрауды жүйелі жүргіземіз, олардың кәсіптік қызметті қоғамдық жұмыспен мейлінше жемісті қабыстыруына не кедергі жасайтынын анықтаймыз. Мұғалімдердің қоғамдық өмірге белсене қатысуы, аудан еңбеккерлерімен тұрақты араласу олардың басым көпшілігі үшін өмірлік қажетке айналғанын атап көрсетуі орынды.

Digitized by Google

Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс

ҮГІТШІЛЕР ҮЛЕСІ ӨСУДЕ

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтың Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінде қойылған міндеттер Көкшетау облысы Красноармейск ауданы «Октябрь» совхозы ауызша саяси үгіт активистерінің назарында тұр.

«Партия ұйымдарының инициативалы, терең ойластырылған жұмысы өндірістің тереңде жатқан резервтерін көтеруге, селода жасалған өндірістік-экономикалық потенциал мен кадрлар потенциалынан жоғары қайтарым алынуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазір нақ осыған баса назар аудару керек», — деп атап көрсетті М. С. Горбачев жолдас кеңесте сөйлеген сөзінде. «Октябрь» совхозы үгіт коллективінің мүшелері осы созлерді іс-қимылдың жауынгерлік программасы ретінде қабылдады.

Егін жинаудың аяқталар күндерінде, қоғамдық малды қолда ұстауға ауыстыру кезінде озық шаруашылықтың ауызша саяси үгіт активистері — диқандар, малшылар, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері — еңбек коллективтерінде партия ұсынған ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіру жөніндегі міндеттерді түсіндірді, резервтерді мейлінше толық пайдалану, әр жұмыс орнында жауапкершілікті арттыру, тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту туралы әңгімелер өткізді.

Бүгінгі күн нәтижелері осы жұмыстағы есеп нүктесі болды, әр адам перспективаны аңғара білуге, ілгері қарай жылжуға кедергі жасайтын кемшіліктерді көруге ұмтылды.

— Біз нақ осы қауырт кезеңде жауапты міндетті талқылау жөніндегі үгіт жұмысын күшейттік. Демек қазір әр еңбеккер келешекте біздің шешуімізге тура келетін проблемаларды ойластыруда. Кейбір учаскелердегі ағаттықтарымыз, оралымсыздықтарымыз оларға өте-мөте жақсы көрінеді, — деді совхоз партия комитетінің секретары **Ф. Ф. Дмитриенко.**

«Октябрь» совхозы — аса рентабельді шаруашылық: мұнда бесжылдықтың төрт жылы ішінде таза кіріс 8 миллион сомға жуық құрады. Үстіміздегі жылы 2 миллион сомдық кіріс алудың барлық мүмкіншіліктері баршылық. Мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспары өткен жылдың өзінде, сүт тапсыру жөнінен — Жеңістің 40 жылдығына дейін, ал шаруашылықтың негізгі өнімі — ет сату жөнінен стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дейін орындалды. Үстіміздегі жылдың барлық тапсырмалары мерзімінен бұрын атқарылды. Мал қыстатуға жемшөптің екі жылдық қоры жасалды.

Шаруашылықта коммунистер барлық даңқты істердің авангардында келеді. Өндірістің негізгі учаскелерінде жұмыс істейтін 112 КПСС мүшесінен 80 адам жеке бесжылдықтарын орындап шықты.

Әлбетте, шаруашылықтың үлкен топтасқан коллективіне тән қасиет — еңбеккерлердің бәрінің бірдей тұрақты жұмыс істеуі. Мәселен, социалистік жарыс жеңімпаздары мен басқа сауыншылар арасында жыл ішінде сүт саудағы айырмашылық небары 15-20 килограмм болды. Диқандардың, жемшөп дайындаушылардың, шошқа өсірушілердің... нәтижелері бірдей.

Совхоз партия ұйымының резервтерді іздестірудегі жұмылдырушылық ролі зор. Аграрлық-өнеркәсіптік өндірісті дамыту жөнінен партия ұсынған міндеттер талқыланған үгіт коллективі жиналысында мәселе былай қойылды: **шаруашылықтың материалдық - техникалық және экономикалық мүмкіншіліктерін толық пайдалану ғана ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері: астық, ет, сүт өндіруді біржарым — екі есе көбейтуге көмектесе алады.**

Осы жауапты міндеттерді жүзеге асыру жолдары алуан қырлы. Үгіт коллективінің мүшелері алдағы үлкен жұмыстағы өз орындарын бірден анықтады.

Digitized by Google

БҮКІЛ ЕГІСТІК ИНТЕНСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯҒА АУЫСТЫРЫЛСЫН

Шаруашылықтың астық танабы 8 мың гектар құрайды. Биыл интенсивті технология бойынша 4515 гектар өңделді. Орташа шығымдылық гектарына жоспардағы 13 центнердің орнына 14,6 центнер болды. Коллективтің пікірі: **бүкіл дәнді дақылдарды интенсивті технология бойынша өңдеп, гектарына 20-24 центнер шығымдылыққа жетуге болады.**

В. И. ШЕГЕДА, № 7 трактор-егіс бригадасының механизаторы, Социалистік Еңбек Ері, совхоз ардагері:

—Біз мейлінше жоғары түсім ала аламыз. Дегенмен бұл үшін өз ісіңнің шебері болу керек. Техниканы және астық өсірудің бүкіл процесін жақсы білу қажет. М. С. Горбачев былай деп атап көрсетті: «Дақылдарды өсіру кезінде диқанның нәзік те сауатты жұмысы қажет. Міне, сондықтан да кадрларды үйрету керек, терең білім болмайынша іс ілгері баспайды». Мұнда да жастарға көп көңіл бөлу керек. Бізде, мәселен, 20 жастан 25 жасқа дейінгі 50-ге жуық жігіт жұмыс істейді. Әрқайсысына тәлімгер бекітілген, бәрі механизаторлық жалпыға бірдей оқу курстарында оқиды. Биыл біз Евгений Мантельдің, Витас Язукевичустың жұмысы туралы жақсы лебіздер айттық. Жігіттер армия қатарынан бертінде оралып, оракта бірден ерекше көзге түсті. Әрқайсысы 10 мың центнерден астық бастырды. Әйтсе де интенсивті технология көп нәрсені талап етеді.

Жастар ғана емес, сондай-ақ байырғы механизаторлар да тыңайтқышты енгізу мерзімі мен ережесін әрдайым ескере бермейді, астықты өсірудің әр тәсілін сақтап отырмайды. Сондықтан егін салу күндеріндегі ағаттықтар шығымдылыққа кері әсер етеді. Дирекция мен партия комитетінің совхозда еңбектің озық тәсілдері мектебін құру туралы ұйғарымын орынды деп есептеймін. Менің жасым 60-тан асты, сонда да өз шәкірттеріммен бірге партаға отырамын: үйренерлік істер баршылық.

Партия комитеті бізді сәтсіздіктерден тағылым алуға үйретеді. Мәселен, өткен жылы Виктор Иванович Лукьяненконың озық мердігерлік бригадасы совхоз алдында қарыздар болып қала жаздады. Істің мәнін жете білмейтін адамдар жаңа әдістің келешегі жоқтығы туралы әңгіме қозғады. Дегенмен партия комитетінде осы сәтсіздіктердің түп тамыры ашылды: еңбекке қатысу коэффицентін қолдана білмеу, соның салдарынан бригадаға босатылған қаржылар орынсыз жұмсалды. Ауыр тағылым, әйтсе де мердігерлікке ауысу барысында ол бізге қандай көмектесті десеңізші. Мен бригадада цифрлар келтіре отырып, әңгіме өткіздім, адамдарды әркімнің мердігерліктегі еңбегін нақты, принципті тұрғыдан бағалауға бағдарладым. Біз биыл да жұмысты осындай тиянақты талдайтын боламыз. Іске осылай қарау арқылы бүкіл алаңда интенсивті технологияны енгізіп, гектарына 20 центнерден өнім ала аламыз.

ТАЯУДАҒЫ МАҚСАТ—3000 КИЛОГРАМДЫҚ МЕЖЕ

Сауын мал табынында 605 сиыр бар. Мұнда әр сиырдан жемшөп жеткілікті болғанымен жылына орта есеппен 2600 килограмнан сүт сауылды. Сауыншылардың бірде-біреуі 3 мың килограмдық межеге жете алмады. Бүкіл сүт негізінен екінші сортпен тапсырылады. Коллективтің пікірі: **біріншi кезекті міндет — әр сиырдан жоғары сапалы 3 мың килограмнан сүт алу.**

Ю. Е. МҰҚАНОВ, товарлы-сүт фермасының бригадирі, мамандығы жағынан зоотехник:

— Біздің фермамыз тапсырманы тұрақты атқарып келеді, әйтсе де жоспардан тыс сүбелі үлеспен мақтана алмаймыз. Адамдар ұмтылмайды деп айта алмаймын. Селомызда жеке бесжылдықтарын мерзімінен бұрын орындаған коммунистер: сауыншы А. И. Кандыбаға, А. Г. Романоваға, бақташы М. С. Виноградовқа, бұзау өсірушілер П. Е. Черникке, Г. Т. Гроцқа теңеледі. Дегенмен мейлінше жоғары көрсеткіштерге жетуге болады. Целиноград қаласында өткен кеңесте олар атап көрсетілді: «Селекциялық-асылдандыру жұмысы, жаңа техно-

Digitized by Google

логиялар, жеммен теңдестіре азықтандыру нәтижесінде ашылатын мүмкіндіктерді пәрмендірек қолға алып, іске асыру керек».

Біздің сауын мал табынымыз қыруар жаңартуды талап етеді. Дегенмен ішкі мүмкіншіліктер баршылық. Бізде, мәселен, мердігерлікке ауысу барысында жемшөп цехтары мен фермалар түпкі нәтижелерге жетуде ортақ мүдделермен байланысты емес еді. Жемшөп цехтарының жұмысы жемшөптің сапасымен емес, оның мөлшерімен анықталды. Өз коллективімде әңгіме өткізгенде оған жемшөп цехы қызметкерлерін де шақырдым. Бірлесе отырып мынадай ұйғарымға келдік: біріншіден, М. С. Виноградов өз инициативасы бойынша жұмыстың осы күрделі учаскесіне ауысты, екіншіден, жемшөпті сапалы әзірлеу, сондай-ақ оны үнемдеп жұмсау үшін өзара жауапкершілік шарттары талдап жасалды. Жаңаша жұмыс істеудің алғашқы аптасы біздің ұйғарымымыздың дұрыстығын қуаттады. Сосын біз еңбекті ұйымдастыруға түзетулер енгізуді бекіту туралы ұсынысты дирекцияға жолдадық.

Жұмысшылар инициатива көрсете алатындай жағдайды коллективте туғызу өте маңызды деп есептеймін. Бұл еңбек коллективтері туралы заң қағидаларына толығынан сай келеді. Әйтсе де біздің оларды әрдайым толық көлемінде пайдаланбауымыз өкінішті-ақ. Қазір малшылар алдында тұрған міндеттер іске деген нақ осындай творчестволық қатынасты талап етеді.

ЕҢБЕК РЕЗЕРВТЕРІ ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Шаруашылықта селоны әлеуметтік жағынан қайта құру жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде. Жыл сайын совхоз еңбеккерлері үшін 20 пәтер тапсырылады, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер құрылысы жүргізілуде. Кадрлардың тұрақтамаушылығы деген іс жүзінде жоқ. Сонымен бірге село тұрғындарының, әсіресе әйелдердің жұмыс бастылығы тұрғысынан елеулі проблема туындады. Қазіргі уақытта 40-қа жуық адам тек маусымдық жұмыстарға қатысады. Коллектив пікірі: **совхозда халық тұтынатын товарлар өндіру жөнінен цех ұйымдастыру.**

Е. Д. СИБАШ, кітапханашы, 20 жылдай үгітшінің партиялық тапсырмасын орындайды:

— Менің адамдардың сұранысын, қажетін, көңіл-күйін білуіме жақсы мүмкіндік бар. Өйткені, менің бүкіл өмірім совхозбен байланысты, күйеуім мен ұлым осында механизаторлар болып жұмыс істейді. Оның үстіне селода кітапхана — адамдар кітап алу үшін ғана емес, сондай-ақ кеңес алу үшін келетін орын. Маған үгітші ретінде түрлі мәселелермен келеді. Адамдармен әңгімелесіп, олардың сұрақтарына жауап бере отырып, олардың селомыздағы әлеуметтік өзгерістерден туындаған азаматтық, кәсіптік өсуі елеулі екенін көремін.

Бізде жаңа қоныстану тойлары жиі болады. Клуб, бала бақша бар, тұрмыстық қызмет көрсету жақсы. Адамдар мұндай қамқорлыққа әрдайым екпінді еңбекпен, жоғары белсенділікпен жауап береді. Мәселен, үй шаруашылығындағы әйелдердің көпшілігі егін жинауға көмектесумен қатар өндірісте тұрақты жұмыс істеуге, қоғамға пайда келтіруге ертеде-ақ тілек білдірді. Осындай мәселелерді олар маған да айтты. Идеология жұмысы активистерінің мұндай тілектерді ескермеуіне болмайды деп есептеймін. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында атап көрсетілгеніндей, адамға, оның еңбегіне, демалысына, материалдық игілігіне қатысты мәселелердің бәрінде аса мұқият болу қажет. Біз алғашында әйелдер советінің мәжілісінде осы мәселені талқылап, партия комитетіне өтініш жасадық. Міне, бертінде халық тұтынатын товарлар цехын құру туралы шешім қабылданды: бұл үшін мүмкіншіліктер баршылық. Енді біздердің, активистердің жаңа коллективтерді топтастырып, шаруашылықтың жауынгер буыны етуімізге тура келеді.

...«Октябрь совхозы үгіт коллективінің бұл күндері шешіп жатқан мәселелері алуан түрлі. Олар совхоз өндірісінің дәрежесін арттыруға, әр гектардан, әр учаскеден көп қайтарым алуға бағытталған. Бұл жұмыстағы басты мәселе— адамдарды жаңа асуларға жетуге бейімдеу. Партия ұсынған ауыл шаруашылығын интенсивтендіру жөніндегі міндеттер село еңбеккерлерінің белсенділігін арттырудың қуатты стимулына айналды. Қазір «Октябрь» совхозы идеология жұмысының активистері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін жақсы нәтижелермен қарсы алып, алдағы бесжылдықта екпінді жұмыс істеу үшін негіз қалау жолында бәрін жасауға ұмтыла отырып, нақ осы бағытта қимыл-әрекет жасауда.

Көкшетау облысы.

Digitized by Google

ФЕРМАДАҒЫ ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Озаттарға теңелейік

Целиноград облысы «Еркіншілік» совхозының мал шаруашылығы қалашығында қызу шақ: малдар жайлы базаларға қойылуда (мұнда соңғы жылдары жаңадан бес сиыр қорасы салынды), барлық механизмдер іске қосылуда. Жоғары сапамен әзірленген жем графикке сай осында жеткізілетін болады. Адамдар мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу жолындағы социалистік жарысқа белсене қосылды, ал оған коммунистер жетекшілік етуде. Плакаттар мен ұрандар адамдардың бәрін тағайындалған тапсырманы табысты орындауға, жұмыс уақытын үнемдеуге, жемшөпті және басқа ресурстарды үнемдеуге шақырады.

Жауапты науқанға кіріскен барлық фермалардың коллективтері қазір осындай қам-қаракет үстінде. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде мал шаруашылығын интенсивтендіруге баса көңіл бөлу керектігі туралы айтқан қондырмалары олар үшін жұмыстың нақты программасы қызметін атқаруда. Етті және сауын мал шаруашылығы да көзқарасты өзгертуге мұқтаж болып отыр. Селекциялық-асылдандыру жұмысы, жаңа технологиялар, жеммен теңдестіре азықтандыру нәтижесінде ашылатын мүмкіндіктерді пәрмеңдірек қолға алып, іске асыру керек. Биыл республика шаруашылықтарында мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу үшін көп нәрсе жасалды: 20 миллион тонна пішен мен пішендеме дайындалды, 25 миллион тоннадай сұрлем салынды, мұның өзі өткен жылға қарағанда көп, жаңа жемшөп цехтары мен кухнялары көбейді, комплексті механикаландырылған жаңа мал қоралары берілді.

Мал қыстату көп күш-жігерді талап етеді, оның үстіне сауыншылар мен бақташылардың, шопандар мен жылқышылардың, шошқа және құс өсірушілердің он бірінші бесжылдықты аса жақсы нәтижелермен аяқтап, он екінші бесжылдықты кәміл сеніммен бастауы керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XVIII пленумында атап көрсетілгеніндей, мал санын көбейту мен оның өнімділігін арттыруға, ет, сүт, жұмыртқа және жүн дайындау жөніндегі жылдық жоспарды сөзсіз орындауға қол жеткізген жөн. Бұл тұрғыдан өткен мал қыстату қорытындысы бойынша Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыста жеңіп шыққан шаруашылықтар, аудандар және облыстар үлгі бола алады. Олардың тәжірибесін жер-жерде таратып, енгізу керек.

Республикаға танымал Солтүстік Қазақстан облысының «Қарағанды» совхозы өткен мал қыстату барысында елімізге 1351 тонна ет пен 2139 тонна жоғары сапалы сүт берді, мұның өзі тапсырмадан қыруар асып түседі. Табысқа жеңіл жағдайда қол жеткен жоқ. «Сельская жизнь» газеті үстіміздегі жылғы 24 июльде осы шаруашылық жайлы әңгімеледі.

Қатты қуаңшылық болудан «Қарағанды» совхозының жемшөп тапшылығы жағдайында жауапты науқанға кірісуіне тура келді. Ал мұндағы фермаларда 4,4 мың ірі қара, 12 мыңнан астам шошқа, 350 жылқы бар. Әйтсе де барлық жағынан теңестірілген жеммен бүкіл мал қамтамасыз етілді.

Шаруашылықтың партия комитеті, басшылары мен мамандары еңбекті ұйымдастыруды жетілдіруге, малшылар арасындағы тәрбие жұмысын күшейтуге көп көңіл бөледі. Шаруашылықта сүт өндірісінде, ірі қара мен шошқа бордақылауда ішкі шаруашылық есеп толық енгізілген. Ол коллективті мердігерлікті тиімді қолданумен қабыстырылады. Жаңа жағдайда жұмыс істейтін бөлімшелер бүкіл өнімнің төрттен үшін өндіреді.

Осы шаруашылықта әртүрлі, аса белокты жемшөп дайындалған, өйткені жемшөптік дақылдар егістігінде беде, эспарцет, түйе бұршақ, арпабас егістіктері бар. Бұршақты дақылдардың біршама тәуір түсімі астықты жемдік мақсатқа жұмсауды барынша азайтты. Рацион арпа-бұршақ қоспаларымен, түрлі жемшөппен, сондай-ақ тамыр түйнектермен байытылады (әр сиырға 2,2 тоннадан қызылша қоры жасалған). Ал рапс егістігі малға қара күзге дейін жетеді. Мұнда қолда бар жемді ұқыпты жұмсау есебінен ет пен сүтті көп ала біледі. Малдың барлық түліктері олардың биологиялық ерекшеліктеріне сай келетін рационмен қамтамасыз етілуде. Оның үстіне олар малға әзірленген күйінде — жемшөп қоспалары мен түйіршіктері түрінде ғана беріледі. Шаруашылықта жемшөп цехтары жыл бойы жұмыс істейді. Ал мал типті қоңыржай қораларда ұсталады, оларда еңбекті көп керек ететін процестердің бәрі механикаландырылған.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Бескөл, Шығыс Қазақстан облысындағы Шемонайха, Целиноград облысындағы Макин, Семей облысындағы Абай және басқа аудандардың шаруашылықтары мемлекетке өнімді көп мөлшерде сатады. Барлық фермалар, комплекстер мен құс фабрикалары коллективтерінің озаттар алған межелерге жетуге ұмтылуы керек. Жер-жерде және қысқы жағдайда мал шаруашылығын дамытудың интенсивті факторларына баса көңіл бөлу қажет. Мұның өзі қазір фермалардың еңбеккерлері алдағы мал

Digitized by Google

қыстату тұсына қабылдап жатқан социалистік міндеттемелерде көрініс табуға тиіс. Олардың қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді толығырақ ескеруіне, дәлме-дәлдіктегі межелерді белгілеуіне, оларды жүзеге асыру жолындағы жарысқа қосылуына үгітшілер мен саяси хабаршылар көмектесуге тиіс.

Жемшөп ұқыпты пайдаланылсын

Қазір әр шаруашылық пен әр ферма бойынша қолдағы жемшөп ресурстары мәлім. Оларды үнемдеп пайдалану және малдың өнімділігін өсіруді сөзсіз қамтамасыз етуді ескеру арқылы рацион жасалуға тиіс. Оларда ірі қараға, басқа мал түліктеріне күн сайын пішенді, сұрлем мен сабанды қанша беру керектігін қарастырудың бұрынғы практикасын енді қолдануға болмайды. Иә, әртүрлі жемді жеке-жеке үлестіруді жалпы қолданбау керек, өйткені бұл олардың 10 проценттен 30 процентке дейін рәсуа болуына соқтырады. Олардан барлық элементтер бойынша теңестірілген жемшөп дайындау қарастырылуға тиіс.

Қарағанды, Целиноград, Жезқазған және Торғай облыстарының шаруашылықтарында малдың қыруар бөлігі мұндай жемшөпті жетімсіз қабылдауымен ымыраласуға болмайды. Оларда ірі жемшөптің жартысына жуығы ұқсатылмаған күйінде малға беріледі. Ал мұның өзі олардың артық жұмсалуына, өнімнің кем алынуына соқтырады.

Орал облысының «Правда» газеті атындағы совхозында істің жайы басқаша. Мұнда жем цехының жұмысшылары малшылармен бірлесіп ұқсатылған жемнің 100 проценттік жаратылуына қол жеткізуде. Сондықтан қазақтың ақбас сиырлары төлдерінің 1 центнер салмақ қосуына небары 9,2 центнер жемшөп өлшемі жұмсалады.

Республика шаруашылықтарында жемшөпті ұқсатудың түрлі әдістері қолданылады. Мәселен, Алматы облысы Сарыбұлақ аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде қоймалжың жемшөп қоспасын пайдалануға ауысты. Ол 115 градусқа дейінгі температурада қайнатылады, мұның барысында ауыр қорытылатын қоспалар жақсы ұқсатылады.

Дайын жем қоспасында углевод 2 есе көбейеді, сіңімді протеин мен қант та соншалықты көп болады. Мал жұғымды қоймалжың жемді қорытуға онша көп күш жұмсамайды, мұның өзі салмақтың артуына ықпал жасайды.

Бір центнер толық бағалы жемшөп өлшемі дегеніміз не? Оның есебінен 80 килограмға жуық сүт немесе 10—12 килограмм ет алуға болады.

Танаптан бүкіл сабанды, мекенді жинап, овощ, техникалық дақылдар қалдықтарын жемшөп мақсатына пайдалану керек, мұның өзі рационды толықтыруға көмектеседі. Жемшөпті мал қыстауларына, әсіресе шалғай қыстауларға дер кезінде жеткізу қажет. Бұл тұрғыдан Жамбыл, Алматы, Жезқазған облыстары әзірше баяулық байқатуда, мұның өзі жауын-шашынды күндері ферманы жемшөппен жабдықтауды қиындата түседі.



«Плакат» баспасы.

Сондай-ақ қазір кәсіпорындардың, ұйымдардың, тұрғындардың қосалқы шаруашылықтарындағы малды толық бағалы рационмен қамтамасыз ету өте маңызды.

Озық әдістер енгізілсін

Шаруашылықтардың көпшілігінде қысқы жағдайда өнімді өнеркәсіптік негізде өндіреді. Мәселен, Целиноград облысының Шортанды ауданында ірі қара фермаларын комплексті механикаландыру дәрежесі 94 процентке, Маринов ауданының шошқа фермаларында — 74, Ерейментау ауданының қой совхоздарында — 47 процентке жетті. Іскер пайдалану барысында осы техника еңбек өнімділігін айтарлықтай арттырып, шығынды кемітуге көмектеседі.

Әйтсе де комплексті механикаландыру Торғай облысы Жанкелдин ауданының шаруашылықтарында, Қызылорда және Семей облыстарының шошқа фермаларында баяу енгізілуде. Көптеген совхоздар мен колхоздарда оларды пайдалану тиімділігі төмен. Машиналардың және механизмдердің көмегімен сүт, ет өндіру, мал бордақылау технологиясын жетілдіру талап етіледі. Бұл тұрғыдан Казгоскомсельхозтехника ұйымдары, қалалар мен аудан орталықтарының қамқорлық жасаушы өнеркәсіп орындары совхоздар мен колхоздарға көп көмек көрсетуге тиіс. Әйтсе де Сель-

Digitized by Google

хозтехниканың аудандық бірлестіктері тарапынан ферма жабдықтарын қамту сапасы әлі де елеулі реніш тудырады.

Олар бұл тұрғыдан жалғыз емес. Энергиямен жабдықтауда іркілістер жиі болады, соның салдарынан электрлі сауын агрегаттары, жем цехтары, жарық беру жүйесі тоқтап қалады, мұның өзі өнімді кем алуға соқтырады. Совхоздар мен колхоздарды электр энергиясымен қамтамасыз ету керек.

Фермалар мен комплекстерде түрлі машиналар мен механизмдер қосымша іске қосылатын қысқы уақытта отын-энергетика ресурстарын үнемдеу туралы айрықша қамқорлық жасау керек. Мәселен, Қостанай ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы үшінші бөлімшесінің малшылары үнемделген ресурстармен биыл үш күн жұмыс істеу мақсатын алға қойды. Олар бұған жетті де, сөйтіп 0,7 тонна дизель отыны мен 1500 киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді.

Совхоздар мен колхоздарда көбейіп келе жатқан мал үшін салынып жатқан қораларды іске қосуды жеделдету, жұмыс істеп тұрғандарында малды ұстау мен өнім өндірудің прогрестік әдістерін тиімді қолдану үшін оларды дер кезінде қайта құру керек. Дегенмен мұндағы жағдай соншалықты мәз емес. Мәселен, республиканың Селолық құрылыс министрлігінің бөлімшелері Орал облысының «Ростошин» совхозында шошқа комплексінің, көптеген басқа да объектілердің құрылысын ұзаққа созып жіберді.

Серіктестік міндеттемелерді сақтау туралы айтқанда ет және сүт өнеркәсібі орындарының совхоздармен және колхоздармен тікелей байланыс жасауға әлі тым баяу ауысатынына тоқталмауға болмайды. Республика Дайындау министрлігінің шаруашылықтарға беретін құрама жемінің сапасын қыруар жақсарту талап етіледі.

Еңбекті ұйымдастыру жетілдірілсін

Еңбекті коллективті мердігерлік принципте ұйымдастыру бұған бәрінен көбірек жауап береді. Мәселен, оны енгізуге орай Павлодар облысының Тельман атындағы колхозының фермаларында шаруашылықты жүргізу дәрежесі өсті, мұнда малшылар жаңа жағдайда жұмыс істей отырып, сүт өндірудің, табынды толықтырудың тасқынды-цехтық технологиясын қолдана біледі, бұзауларды шашпаларда өсіреді. Олар тапсырманы асыра орындап, бірінші сортты және арзан сүт алады, жылына 6 мың центнер қара мал етін өндіреді және 1 миллион сомнан астам кіріс алады.

Фермада еңбекті тиімді ұйымдастыру дегеніміз адамдарды дұрыс орналастыру, оларды түпкі жоғары нәтижелерге жетуге моральдық және материалдық жағынан ынталандыру, жоғары өнімді жұмыс пен парасатты демалыс үшін қажетті жағдай жасау деген сөз. Селолық партия ұйымдары, идеология активі совхоздардың, колхоздардың және аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің жетекшілерімен және мамандарымен бірлесіп, ең алдымен нақ осы жайлы қамқорлық жасауға міндетті.

Малшыларды екпінді іске жұмылдыра отырып, олардың өздері екі сменалық жұмысты, шаруашылық есепті енгізуде, ұқыптылық режимін күшейтуде, жоспарлы, технологиялық және еңбек тәртібін қатаң сақтауда, жағымсыз құбылыстарды жоюда инициатива көрсете алатындай моральдық-психологиялық ахуал жасау керек.

Осы шаруашылықтың тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, фермада әркім өз міндеттерін, социалистік жарыс шарттарын, нормалар мен расценкаларды, өндіріс жоспарын асыра орындағаны, өнімнің жоғары сапасы, жем мен энергия ресурстарын үнемдегені үшін қарастырылған қосымша ақыны (соның ішінде заттай) нақты білуге тиіс.

Малшылардың жауапты науқанда уақытты үнемдеуі назардан қалыс қалмауы үшін тиісінше мәдени-тұрмыстық, сауда-медициналық қызмет көрсету фермаларда адамдардың жақсы көңіл-күйіне ықпал етуге тиіс. Фермаларда асханалар мен буфеттер, тұрмыстық бөлмелер жұмыс істеуге тиіс.

Шалғай жайылымдық мал шаруашылығы қызметкерлері туралы айрықша қамқорлық жасау талап етіледі. Оларға тұрмыс және жоғары өнімді еңбек үшін барынша қолайлы жағдай жасау керек.

Мал қыстату сондай-ақ салада жұмыс істейтін үгітшілер мен саяси хабаршыларды сынақтан өткізеді. Олар озық тәжірибені таратуға, малшы күндерінің әрқайсысын өткізуге, «жауынгерлік листоктар» мен «молнияларды» дереу шығаруға, бұқаралық-саяси қызметтің формалары мен әдістерін жетілдіруге белсене қатысуға міндетті.

Мал қыстатуды табысты өткізу жолында күресе отырып, республиканың мал өсірушілері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің құрметіне екпінді вахтаны атқаруда. Фермалар мен комплекстердің партия топтары мен бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары аяқталды, әсіресе мал қолға қарайтын тұста ет, сүт және басқа өнімдер өндіру мен дайындауды одан әрі молайту жөніндегі шаралар белгіленген. Енді барлық кадрлардың мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу жолындағы жауапкершілігін көтеру, мал шаруашылығының шешуші учаскелерінде коммунистердің авангардтық ролін арттыру, инициативаны қолдап, дамыта беру, «Артта қалушыларсыз жұмыс істейік!» ұраны жер-жерде нормаға айналуына қол жеткізу маңызды.

Н. ДУДКИН.

Digitized by Google



БЕЛСЕНДІЛІК ОСЫЛАЙ ТУАДЫ

С. ҚАЛИЕВ,
Орал облысы Жымпиты ауданы «Жетікөл» совхозының зоотехнигі, үгітші

Біздің совхоз 1984 жылдың қорытындылары бойынша қой мен ешкінің санын көбейтіп, қой етін, жүн мен қаракөл өндіріп, дайындауды арттырғаны үшін республикалық социалистік жарыстың жеңімпазы болып танылды. Коллективке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақ комитетінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Дипломы тапсырылды.

Біздің совхозда 40 мыңнан астам қой, 1,5 мыңнан астам ірі қара және бір мыңға жуық жылқы бар. Олар 50-ден астам жерде орналастырылған.

Мал шаруашылығы орындарының территориялық қашықтығы бұқаралық-саяси шараларды өткізуде белгілі бір қиындықтар туғызады. Дегенмен, осыған қарамастан, бірде-бір малшы үгіт коллективтері мен саяси хабаршылардың назарынан қалыс қалмайды.

Малшылар арасындағы түсінік жұмыстарына совхоздың барлық мамандары белсене қатысады. Шаруашылықтың бас зоотехнигі Т. Әбілқайыров, бас мал дәрігері Т. Жүнісов, № 1 ферма басқарушы-

Мал қыстату науқанына арналған баяндамалардың, саяси хабарлардың және әңгімелердің үлгі тақырыбы

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің 1985 жылғы 7 сентябрьде Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзі — аграрлық-өнеркәсіп комплексінің барлық қызметкерлерінің, бүкіл совет халқының іс-қимылының жаңғырлық программасы.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне — әрбір фермадағы, әрбір өндірістік учаскедегі екпінді еңбек.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, он бірінші бесжылдық жоспарлары мен міндеттемелерін табысты орындау жолындағы жарысты кеңінен өрістетейік.

Партия елімізде он екінші бесжылдықта ет өндіруді екі есе молайту жөнінен ұсынған міндетті шешуге біздің коллективтің, әр малшының қосар үлесі.

СССР-дің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға әркімнің қосатын үлесі ұлғайтылсын.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыру — стратегиялық міндет.

Мал шаруашылығын дамыту интенсивті арнаға ауыстырылсын. Мал шаруашылығының жоғары өнімділігін құрайтын басты нәрсе — селекциялық, асылдандыру жұмысын жақсарту, жаңа технологияны енгізу, жеммен теңдестіре азықтандыру.

Қор қайтарымы дәрежесі арттырылсын.

Фермаларда өндірістік процестерді механикаландыру жоғары қарқынмен жүргізілсін.

Құнарлы жемнің аз мөлшерімен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде мейлінше жоғары нәтижелерге жету қамтамасыз етілсін.

Малдың тапсыру салмағы арттырылсын.

Еңбек пен технологиялық тәртіпті қатаң сақтау—табыс негізі.

Коллективті мердігерлікке ауысу — мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтудың кепілі.

Өндіріс озаттарының, мал қыстатуды табысты өткізу жолындағы Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыс жеңімпаздарының тәжірибесі кеңінен таратылсын.

Ғалымдардың мал шаруашылығының барлық саласын дамытуға, оны интенсивтендіруге қосар үлесі үдетілсін.

Жұмыс режимін, малдарды азықтандыру графигін қатаң сақтау — өндіріс тиімділігін арттыру жолы.

Социалистік міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау — фермалардың әр қызметкерінің абыройлы ісі.

Мал шаруашылығы өніміне — жоғары сапа.

Малшылардың жоғары кластығы — жаңа өндірістік жетістіктердің бұлжымас шарты.

Digitized by Google

сы Е. Есендияров мазмұнды әңгімелер мен саяси хабарлар өткізеді. Жетікөл орта мектебінің мұғалімдері — малшылардың жиі келетін қонақтары.

Совхозда таңдаулыларды атау үшін жиналысты немесе басқа бір қолайлы сәтті күтпейді. Малшы жоспарды немесе қабылданған міндеттемені орындаса болды — оны коллектив алдында құттықтап, озатқа жылы лебіз білдіру үшін басшылар, партком мүшелері, үгітшілер осында келеді. Шаруашылықта аса көп төл алуға қол жеткізген аға шопандар Ұ. Алпысов, К. Нұрғалиев, С. Менешов, Д. Құбашев, Ш. Ермекқалиев осылай аталды. Оларға алғыс хаттар, ескерткіш адресаттары мен бағалы сыйлықтар тапсырылды, олардың құрметіне еңбек даңқы жалаулары көтерілді. Бізде бірде-бір адал еңбеккер өзін ескерілмеген, ұмыт қалған адам ретінде сезінбейді деп сеніммен айтуға болады.

Саяси хабаршылар мен үгітшілер өндіріс жаңашылдарының, еңбек ардагерлерінің тәжірибесі туралы әңгімелейді. Соның нәтижесінде жеңіл-желпі еңбек ету мүмкін емес жағдай туады. Ал бұл, өз кезегінде, тұтасынан малшылар жұмысының нәтижелеріне оң ықпал жасайды. Шаруашылық жыл сайын кез келген жағдайда жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді орындап келеді.

Біздің фермада аға шопан Ұ. Алпысов, бухгалтер Р. Сағынаева, мал дәрігерлік техник Ж. Зинуллин, аға малшы Е. Әлімбетов өздерінің үгітшілік міндеттерін белсенді орындауда. Жыл сайын әр жүз саулықтан 160—180-нен қозы алатын аға шопан Ұзақбай Алпысбаевты ерекше атағым келеді. Ол Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, совхоздың партия комитетінің мүшесі, өзінің жеке үлгісімен жолдастарын соңынан ертіп, олармен тәжірибесін аянбай алмасады.

Шопандар КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Тұтасынан коллектив әр жүз саулықтан 110 қозыдан алу үшін күресуде. Үгітшілердің бүкіл жұмысы белгіленген міндеттерді орындауға бағытталған.

Үлкендердің тәжірибесі мен білімі — жас ұрпаққа.

Комсомол ұйымдарының мал фермаларына қамқорлығы дамытылсын.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беруді жетілдіру — фермаларды білікті кадрлармен нығайтудың маңызды құралы.

Барлық резервтерді коллективті және жеке міндеттемелерді табысты орындауға жұмсайық.

Мал шаруашылығының тұрақтылығын арттыру және одан әрі дамыту жолдары.

Ресурстарға — жемшөпке, электр энергиясына, құрал-саймандарға ұқыпты қарау — өнімнің өзіндік құнын кеміту жолындағы күрестің маңызды бағыты.

Жемшөптің әрбір грамын аса тиімділікпен пайдаланайық.

Жемшөп цехтарының нақты жұмысы — бұл сүт сауыну, малдың салмақ қосуын ұлғайтудың ірі резерві.

Жемшөпті жер-жерде ұқсату — оларды үнемдеу жолы.

Теңгермелі рациондар мен азықтандырудың нақты графигі — малдың жоғары қондылығының негізі.

Әрбір фермада малдың қондылығын арттыруға ықпал ететін микро және макроқоспалар кеңінен пайдаланылсын.

Өндіріс іркілістерін қысқарту, еңбек өнімділігін арттыру, ферма өнімдерінің өзіндік құнын кеміту — әрбір малшының күнделікті міндеті.

Бұзауды суықта өсіру әдісі — олардың аман сақталуының және жоғары қондылығының кепілі.

Фермалар мен комплекстерге — үлгілі мал дәрігерлік қызмет пен санитарлық мәдениет.

Қысқы жайылымдарды тиімді пайдаланайық.

Әрбір фермада, әрбір учаскеде машиналардың, механизмдер мен жабдықтардың жоғары өнімді пайдаланылуы қамтамасыз етілсін.

Малшылардың қысқы оқуына — жоғары ұйымшылдық пен нәтижелілік.

Әрбір ферма мен комплексте — комсомол-жастар бригадалары.

Коммунистер — фермаларда екпінді жұмысты ұйымдастырушылар.

Шаруашылықтардың, Сельхозтехника кәсіпорындарының инженерлік қызметінің міндеті — фермаларға, комплекстерге және шалғай учаскелерге қызмет көрсету дәрежесін тұрақты арттыру.

Аудандық аграрлық-өнеркәсіп бірлестігінің мамандары — мал қыстатуды табысты өткізуді ұйымдастырушылар.

Құрама жем, микробиология және химия өнеркәсібі еңбеккерлерінің міндеті — малдың қыстан қонды шығуын қамтамасыз ету.

Қосалқы және меншікті шаруашылықтарға тұрақты көңіл бөлінсін.

Ферма, комплекс, шалғай учаскелер қызметкерлеріне — үлгілі сауда, мәдени және медицина қызметі.

Ет-сүт өнеркәсібі коллективтерінің парызы — фермалардың барлық өнімін дер кезінде қабылдау және сапалы ұқсату.

Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындайық.

Digitized by Google

ЭНЕРГЕТИКТЕРДІҢ ЖЕТЕКШІ РОЛІ

А. ҚОЖАНОВ,

электр станциялары мен электр-техника өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы Қазақ республикалық комитетінің председателі

Қазіргі жағдайда энергетика КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арнап талдап жасаған бағытты жүзеге асыруда жетекші роль атқарады.

«Тегінде, Тюменьде отын-энергетикалық комплекстегі істің жайын қарағаннан кейін іле-шала, бүгін біз азық-түлік мәселелерін талқылауымызда бейнелі мән болса керек, — деді КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас 1985 жылғы 7 сентябрьде Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінде. — Мұның қай-қайсынсыз да тиімді экономика болмақ емес, халықтың әл-ауқатын, елдің қорғаныстық қуатын арттыру міндеттерін ойдағыдай шешу мүмкін емес».

Сала еңбеккерлері программаны практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда үлкен де даңқты жолдан өтті, ал программаның мәні В. И. Ленинің «Коммунизм дегеніміз — бұл Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген кемеңгерлік формуласында білдірілген. Қазақстан энергетиктерінің де осы орасан зор программаны шешуге қосар үлесі ауқымды. Бүгінде Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясының әр блогы кезінде бүкіл ДнепроГЭС өндіргендегідей мөлшерде электр энергиясын береді. Екібастұздың № 2 мемлекеттік аймақтық электр станциясының құрылысы жүргізілуде. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік аймақтық электр станциясы қаланды, Екібастұздың № 3 мемлекеттік аймақтық электр станциясының құрылысына әзірлік жүргізілуде. Екібастұз отын-энергетика комплексінің құрылысының ауқымы мен экономикалық тиімділігі жөнінен дүние жүзілік практикада теңдесі жоқ. Оны іске қосуға орай еліміздің бүкіл халық шаруашылығын энергиямен сенімді жабдықтау айтарлықтай артады.

Екібастұз — Орталық және Екібастұз — Урал аса қуатты электр желісі еліміздің Бірыңғай энергетика жүйесінің маңызды буындарына айналады Үстіміздегі жылы 1150 киловольттық желіде (Екібастұз — Урал) Екібастұз — Көкшетау учаскесі іске қосылды, ал қазір осы желі бойынша Қостанай қосалқы станциясында жабдықтарды монтаждау аяқталып келеді.

Қуаты 1 миллион 350 мың киловольттық Шульба су электр стәнциясы республикадағы ірі құрылыс болып табылады. Ол арзан электр энергиясын өндірудің үстіне Ертісте кеме жүзу, балық шаруашылығын дамыту үшін жағдайды түбірімен жақсартуға көмектеседі. Семей, Павлодар және Омбы облыстарында 1 миллион гектар суармалы шалғынды кепілді түрде суаруды қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі саланың барлық еңбек коллективтерінің белсене қатысуы арқылы он екінші бесжылдықта ғылыми-техникалық прогресс базасында бүкіл жүйе жұмысының тиімділігін арттыруға арналған «Интенсификация-90» программасын талдап жасады.

Тұрақты жұмыс істеп тұрған станциялардың қуаттарын пайдалану жақсарып келеді. Үстіміздегі жылы Қазақстанның энергетика жүйесінің орташа жүктелімі 10 процент көбейтілді, орнатылған қуаттарды пайдалану коэффициенті 3 процент өсті. Республика энергетикасының көш бастаушылары — КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туын үстіміздегі бесжылдық бойына берік ұстап отырған Жамбыл мемлекеттік аймақтық электр станциясы, сондай-ақ Ермак мемлекеттік аймақтық электр станциясы, Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясы, Павлодардың жылу-электр орталығы жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Республиканың электр станцияларында өндірісте еңбек жағдайын жақсарту және айналадағы ортаны сауықтыру жөнінен жұмыс жүргізілуде. Ауа бассейні мен су қоймаларын қорғау жөніндегі шаралар комплексі талдап жасалып, жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары жергілікті жерлерде білікті кадрларды орнықтыру жөнінен біраз жұмыс атқарылды. Энергетиктер-

---

22 декабрь — энергетик күніне

Digitized by Google

дің тұрмыс және тұрғын үй жағдайлары жақсаруда. Жыл сайын 100 мың шаршы метрден астам үй тұрғызылады, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері салынуда. Тікелей сала кәсіпорындарында 50-ден астам денсаулық сақтау пункті мен 5 поликлиника жұмыс жасайды. Жыл сайын 8 санаторий-профилакторийде 10 мыңнан астам жұмысшы мен қызметші өздерінің денсаулықтарын түзейді. Тағы 4 профилакторий салынуда. Өткен жазда саланың пионер лагерлерінде 12 мыңнан астам бала тынықты.

Көптеген мың жұмысшы өндірістен қол үзбей өздерінің біліктілігін үнемі арттыруда. Республиканың 4 жоғары оқу орны, 5 ірі техникумы сала үшін инженерлер мен орта буын мамандар даярлайды.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілерді ұқыптылыққа, материалдық және адам ресурстарына шаруагерлікпен қарауға тәрбиелеумен күнделікті айналысады. Салада еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің бригадалық формасы жержерде енгізілуде. Мәселен, Ермак мемлекеттік аймақтық электр станциясында ең алдымен жөндеу бригадалары мердігерлікке ауысты, соның арқасында енді станция тұрақты әрі ырғақты жұмыс жасайды.

Ермак мемлекеттік аймақтық электр станциясы коллективінің саламызда КПСС XXVII съезі құрметіндегі жарыс инициаторы болуы тартымды. Мұнда жабдықтарды қысқы жағдайдағы жұмысқа өзірлеуді 12 ноябрьге дейін аяқтау ұйғарылды. Күрделі жөндеу тұсында тораптарды қайта құру есебінен № 2 блоктың жұмыс қуаты 60 мегават көбейтіледі және өткен жылға қарағанда орнатылған қуаттың коэффициенті 1,4 процент артады. Коллектив съезд ашылар күнге дейін электр энергиясын өндіру жөнінен февраль айының жоспарын орындауға міндеттенді.

Бізде жүздеген еңбек әулеттері жарыста үлгі көрсетуде. Алматының № 1 жылу-электр орталығы үйінің алғашқы тасын қалаған В. М. Исаков осында қазан цехы сменасының жетекшісіне дейін өсті. Ол Ленин және Октябрь Революциясы ордендерімен және «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды. Енді жылу электр орталығында онымен қатар екі ұлы жұмыс істейді. Осында Хайрушиндердің семьялық әулеті қажырлы еңбек етуде. Семья басшысы — электр цехы сменасының бастығы Ғазиз Халиұлы Октябрь Революциясы орденімен наградталған.

Жаңашылдар мен белсенді тәлімгерлер — Жамбыл мемлекеттік аймақтық электр станциясы энергетика блоктарының машинисі А. В. Зеленскийдің, Ақтөбенің Батыс өндірістік-пайдалану учаскесіндегі жоғары вольтті электр желілерін жөндеу жөніндегі электр монтері Б. Б. Ахметовтың, Павлодардың № 2 жылу-электр орталығы турбинасының машинисі А. И. Громовтың, Өскемен жылу-электр орталығының отын беру моторисі Е. К. Мұхамадиевтың және басқа көптеген адамдардың есімдері салада баршаға мәлім.

«Алтайэнергоспецремонт» тресінен Г. И. Чечулин басқаратын комплексті бригада, Рудныйдың жылу-электр орталығынан А. Д. Костюковтың бригадасы, Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясынан Г. В. Седовтың бригадасы, Павлодардың № 2 жылу электр орталығында В. В. Рябов басқаратын автоматика мен технологиялық тетіктерді жөндеу жөніндегі комсомол-жастар коллективі отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жолындағы жарыста аса жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысқа саланың 119 кәсіпорны қатысады, оларда 64 мыңнан астам адам жұмыс істейді. 19 кәсіпорынға, 590 цех пен учаскеге, 1535 смена мен бригадаға коммунистік еңбек коллективі атағы берілді. 40,5 мыңнан астам адам коммунистік еңбек екпіндісі атағына ие болды, ал оны алу үшін тағы 57600 адам күресуде.

Энергетиктер мен энергетика құрылысшылары біраз жұмыс атқарды. Дегенмен аса күрделі міндеттерді шешуіне тура келеді. Ең алдымен халық шаруашылығын энергиямен сенімді жабдықтауды арттыру, оның жоғары сапасын қамтамасыз ету, отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жолындағы күресті күшейту қажет. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында жасаған баяндамасында айтқанындай, баршаның және әр адамның кезек күттірмейтін міндеті — үнемдеуді, материалдық және еңбек ресурстарын ұтымды әрі тиімді пайдалануы үйрену.

Кәсіподақ ұйымдары партия нұсқауын басшылыққа алып, еңбек коллективтерін бесжылдыққа және оның қорытындылаушы жылына арналған жоспар мен қабылданған міндеттемелер орындауға, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алуға жұмылдыруда. «Игілікті жасаудың тиімді жұмыстан басқа жолы жоқ, — деді М. С. Горбачев жолдас стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде. — Сондықтан өнімділікті арттыру арқылы еңбекшілердің мүддесін қорғау — кәсіптік одақтардың, барлық өндірістік коллективтердің аса маңызды міндеттерінің бірі». Бұл үшін социалистік жарысты үнемі дамыта беру, озық коллективтердің тәжірибесін енгізуге қол жеткізу, резервтерді іздестіруде энергетиктердің творчестволық белсенділігін мадақтау, тәртіп пен ұйымшылдықты үнемі нығайта беру қажет.

Digitized by Google

ҰНТАҚТЫ МЕТАЛЛУРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

Экономистердің есептеулеріне қарағанда, қазір планетамызда станоктар мен машиналарда, инженерлік құрылыстар мен транспорт құралдарында 3 миллиард тоннадан астам түрлі металл қолданылады. Демек әр адамға шамамен 1 тонна металдан келеді. Соған қарамастан металл жетіспейді. Оның себебі — балқытуға қарағанда тұтынудың мейлінше жедел өсуінде. Ең бастысы — олардың ұтымсыз пайдаланылуында және көп ысырап болуында. Мәселен, машина жасау өнеркәсібінде 10 миллион тоннаға жуық металл жоңқасы қалдыққа кетеді. Машиналар детальдары мен тораптарының тоттануынан және тозуынан көп металл рәсуа болады.

Не жасау керек? Мүмкін, металл балқытуды одан әрі арттыру қажет шығар? Әйтсе де мұның өзі шексіз жалғаса бермейді, өйткені руда қоры сарқылмай тұра алмайды. Егер біздің елімізде жыл сайын болат шығаруды 3—4 процентке үдетсе, онда ғасырдың соңына қарай 250 миллион тоннадай болат балқытылатын болады. Қосымша әр миллион тонна 1 миллиард сомға дейін шығынды талап ететінін ескере отырып, металлургия өнеркәсібін дамытудың экстенсивті жолы мемлекетке қаншаға түсетінін есептеу қиын емес.

Әрине, руда мен бастапқы шикізаттың ұдайы өсе түскен тапшылығы жағдайында бүгінде домналардың, мартендердің, конверторлардың, электрлі балқыту пештерінің саны мен көлемін ұлғайта беру жетімсіз. Сондықтан металды ұқыпты жұмсаумен қатар экология талаптарын сақтайтын және тым қымбат бастапқы шикізатты ғана емес, сондай-ақ өнеркәсіп қалдықтарын пайдалануға сүйенетін прогрестік технологиялық процестерге көбірек көңіл бөлу қажет.

Ұнтақты металлургия аталған талаптарға толық көлемінде жауап береді. Жедел дамып келе жатқан осы прогрестік сала түрлі ұнтақтар өндіруді, композициялық материалдар жасауды, ұнтақтардан бұйымдар мен дайындамалар әзірлеуді, тозған бөлшектерді қалпына келтіруді және түрлі ұнтақтармен бұркуді қамтиды.

Ол балқыту, құю, құймаларды прокаттау секілді дәстүрлі процестерді қолданбауға, ал механикалық өңдеуді барынша азайтуға немесе мүлдем жоюға көмектеседі. Мұның барысында бірегей қасиеттері бар материалдар мен бұйымдар алынады. Үйреншікті әдістермен осы сапаға қол жеткізу үлкен қиыншылықтарға соқтырады, экономикалық жағынан тиімсіз немесе практикалық тұрғыдан мүлдем мүмкін емес. Ұнтақтарды әзірлеу процесінде балқымаларды кристалдандырудың жоғары жылдамдығы, зиянды қоспалардың әсерін шұғыл кемітуі, оның үстіне әртүрлі деңгейде бұрқу және түрлі механикалық қоспаларды жасау есебінен дәстүрлі металдар мен қорытпалардың физикалық-механикалық және химиялық қоспаларын айтарлықтай жақсарту осы әдістің даусыз артықшылығы болып табылады.

Сондай-ақ айналадағы ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және машина жасау жоңқалары, прокаттық қалдықтар мен түрлі қоқыстар түріндегі өндіріс қалдықтарын ұқсату проблемасы да бір мезгілде шешілуде. Технологиялық процестерді автоматтандыру мүмкіндіктерінің арқасында еңбек өнімділігін арттыру, ысырапты азайту, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуі үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Ішінара айтқанда, өндірістің жаңа тәсілі барысында металл шығыны 2—3 есе кемиді, бұйымдарды жасауда еңбектің керексінуі 5—20 есе азаяды, тапшы материалдардың әр тоннасын алмастыру барысында нақты үнем 1,2—2,1 мың сомға көбейеді, көптеген металл жонатын станоктар, прокат стандары, созылымдылық машиналары, сондай-ақ әрине, білікті жұмысшылар босайды.

Индустриалдық жағынан дамыған елдерде ұнтақты металлургияға көп көңіл бөлінуде. Совет Одағы дүние жүзінде жетекші орын алады. Темір ұнтақтарының ғана өндірісінің дүние жүзілік қуаты жылына 200 мың тоннадан асады, демек оларды өндірудегі өсімнің жылдық қарқыны 8—15 процент құрайды.

КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес біздің елімізде жалпы одақтық ірі комплексті ғылыми-техникалық программалардың бірі — «ұнтақты металлургия, композициялық материалдар және ұнтақты бұрку» талдап жасалып, ойдағыдай жүзеге асырылуда. Оның аукымында түрлі министрліктердің жетекші ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдары мен кәсіпорындары өзара қимыл-әрекет жасайды. Үстіміздегі бесжылдықта Европадағы ірі Украинаның Броварский заводында, Ростов облысындағы Сулинский металлургия комбинатында, «Тулачермет» ғылыми-өндірістік бірлестігінде, Белоруссияның және Арменияның бірқатар кәсіпорындарында ұнтақтар өндіру жөніндегі үлкен қуаттар іске қосылды.

Бұл іске біздің республикамыз да өз үлесін қосуда. Орта Азия аймағындағы ұнтақты металлургияның ғылыми орталығы — Қазақ ССР Ғылым академиясының Еңбек Қызыл Ту орденді металлургия және байыту институты Алматыда орналасқан, ол Қазақстан мен Орта Азия республикаларының 50-ден ас-

Digitized by Google

Там түрлі ұйымдары-орындаушыларының күш-жігерін үйлестіріп біріктіреді.

Біздің республикамызда қорғасыннан, прокатты қалдықтан және жоңқа қалдықтарынан ұнтақ өндіріледі. Бірқатар кәсіпорындарда ұнтақты металлургия учаскелері құрылды. Алматының «XX лет Октября» және Петропавлдың атқару механизмдері заводтары соларға жатады. Металлургия ұнтақтары электродтар мен басқа бұйымдар жасау, болатты қышқылдандыру, заттың бетін жабу, тозған бөлшектерді қалпына келтіру үшін пайдаланылады. Шымкенттің «Электроаппарат», Алматының «Электробытприбор», «Актюбсельмаш» заводтарында, Целиноградтың эрозияға қарсы техника жөніндегі өндірістің бірлестігінде ұнтақты бұйымдар кеңінен қолданылады. Оның үстіне Алматының № 1 автомобиль жөндеу бірлестігінде, Қарағандының жөндеу-механика заводында, Павлодар алюминий заводында, Жезқазған кен-металлургия комбинатында, Тайыншда жөндеу бірлестігінде, Қарағанды металлургия комбинатында заттардың бетін бүрку және тозған бөлшектерді қалпына келтіру үшін ұнтақты металлургия әдісімен қаруланды.

Осының бәрі, әйтсе де, мүлдем жетімсіз. Сондықтан республикада прогрестік саланы барынша дамытуға бағытталған түрлі шаралар жүргізілуде. Металл жоңқалары қалдықтарынан, прокат қабыршықтарынан, рудалы шикізаттардан, ерітінділерден, қоқыстардан ұнтақ алудың жоғары тиімді технологиялық процестері жедел жасалып, өнеркәсіптік жағдайда игерілуде. Қара және түсті металлургияның жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарында ұнтақтар және олардан бұйымдар өндіру жөніндегі цехтар мен учаскелер салу уақыт талабы болып табылады. Басқа республикалардың тәжірибесі бейнелеп отырғанындай, техникалық-экономикалық жағынан мұқият негіздеу барысында мұндай бөлімшелерді аз шығынмен және жедел өтелетіндей етіп іске қосуға болады.

КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте еліміздің өнеркәсіп қызметкерлері мен ғалымдары алдына үлкен міндеттер қойылды. «Қазіргі ең бастысы, — деп кеңесте атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас, — орталықта да, жергілікті жерлерде де өндіріс тиімділігін және өнім сапасын арттырудың, қоғамдық қажеттерді неғұрлым қанағаттандырудың барлық резервтерін іздеп тауып, іске қосу болып отыр.

Әрбір кәсіпорынның, саланың бүкіл халық шаруашылығының интенсивті даму жолына қайта бағдарлануының өмірлік қажеттілігін біздің барлық кадрларымыз түсінуге тиіс». Революциялық ілгерілеусіз — барынша жоғары тиімділік беретін прогрестік технологиялық жүйелерді өндіріске кеңінен енгізуге ауыспайынша — ғылыми-техникалық прогресті мықтап жеделдету мүмкін емес. Ұнтақты металлургия осындай жүйелердің бірі болып табылады.

В. СВИДЕНКО,
Орта Азия аймағы ұнтақты металлургия ғылыми орталығы жетекшісінің орынбасары.
Алматы қаласы.

ҮЙЛЕРДІҢ ҚЫСҚА ӘЗІРЛІГІ

◆ Бүкіл еліміздегідей, біздің республикамызда тұрғын үйлер құрылысы ұдайы көбейіп келеді. Он бірінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде ғана осы заманғы индустриалды технология бойынша салынған 25 миллион шаршы метр жайлы тұрғын үй пайдалануға тапсырылды.

◆ Совет мемлекеті адамдар үшін жақсы жағдай туғызу туралы үлкен қамқорлық жасап келеді. Мәселен, еліміздің қалалық тұрғын үй қоры толығынан электрлендірілген, 90 проценті — жылумен, 70 проценті — ыстық сумен, 80 проценті — тұрмыстық газбен қамтамасыз етілген. Халықтың жан басына шаққанда ыстық суды жұмсау тәулігіне орта есеппен 100 литр құрайды, мұның өзі батыс елдеріне Қарағанда шамамен 1,5 есе көп. Советтік тұтынушы электр және жылу энергиясын дүние жүзіндегі ең арзан баға бойынша алады. Селолық семьяның өзі меншікті үйді жылытуға табысының 1,4—1,5 процентін жұмсайды.

◆ Партия мен үкіметтің еліміз халықтарының тұрмысын жақсарту жөнінде қабылдап жатқан шаралары әрбір совет адамын электр энергиясын тұтынудың жоғары мәдениетін көрсетуге, алатын игіліктерге ұқыптылықпен қарауға міндеттейді. Қаланың әрбір тұрғыны жылына орта есеппен 302 киловатт-сағат электр энергиясын жұмсайды. Егер республикамызда оны тұтынуды небары 1 процент кемітсе, онда мұның өзі халық шаруашылығында қосымша 30 миллионға жуық киловатт-сағатты пайдалануға мүмкіндік берер еді.

◆ Тұрғын үйлерді жобалау барысында оларды мықтап қымтау, жылудың рәсуа болуын кеміту, анықталған резервтерді пайдалану шаралары қарастырылады. Мәселен, жылы желдеткіш шатырлары бар үйлер аса перспектива-

Digitized by Google

лы бола түсуде. Соңғысы ауаны тарту ретінде пайдаланады, оның желдеткіш каналы арқылы пәтерден шығарылатын ауа беріледі. Осының арқасында, ішінара айтқанда, соңғы қабаттағы үйлердегі ауа - жылу режимі жақсаруда. Сонымен бірге үйді жылытуға арналған шығын 4—8 процент кемиді.

◆ Полистирольды пенопласт пайдалану арқылы үш қабатты қабырғалық панелдерден үйлер салу тұрғын үйлерді мықтап қымтаудың аса жаңа тәсілі болып табылады, оларда жылудың алмасу коэффициенті екі еседен астам көбейген. Осы материалдарды қолдану қазірдің өзінде басталды. Он екінші бесжылдықтың соңына қарай олардан еліміздің барлық қалаларында салынып жатқан үйлердің 60 проценті тұрғызылатын болады. Жалпы көлемі 30—35 миллион шаршы метр құрайды. Ал мұндай тұрғын үйдегі әр шаршы метр алаңды жылыту үшін жылына орта есеппен әдеттегіге қарағанда 10 килограмм шартты отын кем талап етіледі.

◆ Әйтсе де құрылыс барысында тиімді жаңалықтарды кеңінен қолданудың өзінде үйді күтіп ұстау, соның ішінде оны қысқа әзірлеу қажет. Мәселен, үстіміздегі жылы республикада халық депутаттары Советтерінің қарауындағы тұрғын үйлерді жөндеуге 23,5 миллион сомға жуық қаржы жұмсалды. Республиканың Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі сондай-ақ үйлерді жылыту жөнінен арнаулы жұмыстарды жүргізуде.

◆ Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары тұрғын үй қорының қысқа әзірлік сапасын арттыруда. Демек Петропавл қаласында № 7 үй басқармасының коллективі оны бірінші болып аяқтады. Мұнда жылу жүйесі дер кезінде әрі сапалы тексеріліп, жөнделді. Шатырлар, подъездердің есіктері, подвалдар, терезелер ретке келтірілді, ал подвалдар мен шатырлар мықтап қымталды. Осы істердің бәріне тұрғындар да белсене қатысуда. Әр үйге оның қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі туралы паспорт тапсырылуда.

◆ Павлодарда жергілікті Советтердің қаржысына облыстық коммуналдық шаруашылықтың мықты базасы жасалды. Бірнеше цех жөндеу жұмыстарымен қатар детальдар мен приборларды қалпына келтірумен айналысады. Жаңашылдар бұрандаларды, бойлерлерді, радиаторларды қалпына келтіруді үйренді. Көптеген тапшы запас бөлшектер — крандар, патрубкалар, бөлшектер, шаю бачоктарын өндіру қаланың өнеркәсіп орындарында жолға қойылды.

Тұрғын үй заңында атап көрсетілгеніндей, пәтер жалдаушы ең алдымен тұрғын үйдің сақталуы туралы қамқорлық жасауға міндетті. Олар жыл сайын ағымдағы жөндеулерді жүргізуге, соның ішінде мерзімінен бұрын жарамсыз болған сантехникалық жабдықтарды алмастыруға, бүкіл үйдің жабдықтарына ұқыпты қарауға тиіс. Олардың парызы — қысқы суық кезең басталғанға дейін-ақ өзі үшін бірқалыпты температураны қамтамасыз етумен қатар жылу-энергетика ресурстарын үнемдеп жұмсауға ықпал ету үшін үйлерді дер кезінде мықтап бекіту.

◆ Мұның барысында мынаны білу керек:

— Егер бір бөлмелі пәтердің терезелері мықтап қымталса, ауаның температурасы 1,5—2 градус артады.

— Егер подъездегі есіктер жабылмайтын болса, алаңы 30 шаршы метрлік пәтерді бірқалыпты жылыту үшін жылу шығынын 2 есе көбейту қажет. Мәселен, Алматы қысы жағдайында осыған орай жылыту маусымында қосымша 2,5 тонна шартты отын талап етіледі.

— Радиатордан ыстық суды алушы тұрғындар үлкен залал келтіреді. Мұның өзі жылу жүйесіндегі гидравликалық режимнің бұзылуына, пәтерлердегі температураның төмендеуіне соқтырады. Қажетті қысымды сақтау үшін химиялық тұрғыдан тазартылған су беруді шұғыл көбейтуге, қажетті температураны қамтамасыз ету үшін қосымша отын шығындауға тура келеді.

◆ Тұрғын үй туралы коллективтік қамқорлық үлкен тиімділік береді. Республикада «Үлгілі ұсталатын үй», «Таңдаулы подъезд» қозғалысы «Біздің үйіміз — оны өзіміз сақтаймыз» ұранымен күш алып келеді. Осы жарысқа, мәселен, Алматы қаласындағы Әуезов аудандық тұрғын үй шаруашылығы өндірістік трестінің № 17 тұрғын үй-пайдалану басқармасының екінші микроауданының тұрғындары белсене қатысады, олар республикалық жарыста жетекші орындардың бірін алып отыр. № 3 үйдің үй комитетінің председателі, Алматы ауыр машина жасау заводының топтаушысы В. Е. Рогина, Алатау аудандық әскери комиссариатының қызметшісі В. Б. Боданцоев пен пенсионер С. А. Хусайнова, активистер — халық шаруашылығы институтының оқытушысы А. К. Әлпейісов, пенсионер Т. Н. Ручкина және басқа көптеген адамдар пәтерлерді, подъездерді күтіп ұстау, жабдықтардың тазалығы мен реттілігін, сақталуын қадағалау жөніндегі көптеген пайдалы істердің инициаторлары болып табылады.

Әзірлеген В. СУХОВА.

Digitized by Google

БАЛАЛАРДЫ АЯЛАҢДАР

Маскүнемдікке — берік тосқауыл

Адам денсаулығының бастаулары — дене тәрбиесі де, адамгершілік тәрбиесі де семьяда басталады. КПСС Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы» қаулысында еңбекшілердің және олардың семья мүшелерінің тұрмысын жақсартуға арналған осы жұмыстың зор маңызы айрықша жолмен атап көрсетілуі түбегейлі заңды,

Жас адамның салауатты өмір салтын сақтауы немесе сақтамауы семьядағы жағдайға, оның дәстүріне, мәдениетіне шешуші дәрежеде тәуелді. Социологиялық зерттеулер көрсеткеніндей, алкогольді көп ішетін адамдардың 96,3 проценті алғаш оған 15 жасқа дейін-ақ тартылған, ал олардың үштен бірі алкогольдің дәмін 17 жасқа жетпей білген. **Мұнда ата-аналарға да үлкен жауапкершілік жүктеледі.**

Ішімдік ішу әдеттері мен дәстүрлері балаларды алкогольге баулудың алғашқы басты себептері болып табылады. Осы мақала авторларының бірінің бертінде поезда болған мынадай көріністің куәгері болуына тура келді. Өзін тың совхоздарының бірінің бас инженерімін деп атаған жас әке 5 жасар ұлына сыра берді. Бала: «Ішкім келмейді, ол ащы екен», деп бас тартты. Әкесі баласына бұл үшін ұрсып тастады. Вагондағы көршілері өз серіктесіне ескерту жасауға әрекеттенгенде ол шын мәнінде таңырқап қалды: «Бұл арақ емес, сыра ғой. Ештеңе болмайды, баланың денсаулығы тек жақсара түседі».

Міне, көбіне осылай, ешқандай бүкпесіз өз балаларымызды сыра ішуге баулимыз, ал кейіннен оның өзі-ақ әкесінсіз тетелестерінің ортасында шарап пен арақ ішетін болады. Иә, сыраның өзі соншалықты залалсыз ба? Ол кеселді ықпал жасайды. Баланың мас болуымен қатар онда ауыр алкогольдік уланудың басталуы мүмкін. Бала спирттік ішімдіктің дәмін тым ерте білсе, оның дене, психологиялық және адамгершілік дамуында теріс құбылыстар солғұрлым анық көрінеді.

Бұл жерде көрнекті совет педагогы А. С. Макаренконың кезінде ата-аналарға айтқан сақтандыру сөзін келтірген орынды: «Сіздің семьяңызда және сіздің басшылығыңызбен болашақ азамат, болашақ қайраткер және күрескер өсіп келеді. Егер сіз әлденені жаңылыстырып. нашар адамды тәрбиелесеңіз бұдан сіз ғана емес, сондай-ақ бүкіл елімізге, көптеген адамдарға қайғылы болады. Бұл мәселеден аулақ болмаңыз, оны қосалқы іс деп есептемеңіз».

Бұл сақтандыру бүгінде де актуальды. Ата-аналар өз балаларының денсаулығы мықты, бақытты, творчестволық еңбекке икемді, өзінің жеке мүддесін қоғамдық мүддемен қабыстыруға қабілетті болып өсуіне ұмтылмайтын семья іс жүзінде дерлік жоқ. Алайда мұны бәрі бірдей жасай білмейді, бәрінде бірдей ерік-жігер мен төзімділік, көрегендік пен ұстамдылық жеткілікті бола бермейді.

Көптеген зерттеушілер бірауыздан атап көрсеткеніндей, алкоголизмнің қалыптасуы көбіне-көп оны қай жастан іше бастағанына тәуелді. Бала алғаш тым ерте спиртті ішімдіктерге әуестеніп, кейіннен оны жүйелі түрде іше бастаса, алкогольдік сырқаттың қалыптасу кезеңі солғұрлым қысқа болады. **Балалар мен жасөспірімдердің алкогольдік ішімдікті ішуіне жол бермеу** жас ұрпақ арасында алкогольге қарсы бүкіл жұмыстың негізі болып табылады. Істің мәні мынада: үшінші-төртінші кластың өзінде балалардың өмірге деген өзіндік көзқарасы, бейімділігі, әдеті қалыптаса бастайды. Олардың жағымсыз құбылыстарды ұстамауы маңызды. Мұнда ата-ананың жеке үлгісі шешуші роль атқарады. Осы жайлы айтқанда А. С. Макаренконың пікіріне тағы назар аудармауға болмайды. Ол былай деп атап көрсетті: «Сіздің өзіңіздің мінез-құлқыңыз — ең басты нәрсе. Сіз баламен сөйлесу, оны үйрету немесе оған зеку арқылы ғана оны тәрбиелеймін деп ойламаңыз. Сіз оны өмірінің әр сәтінде, тіпті өзіңіз үйде жоқ кезде де тәрбиелейсіз. Сіз қалай киінесіз, басқа адамдармен қалай сөйлесесіз, басқа адамдар туралы не айтасыз, сіз қалай қуанасыз немесе ренжисіз, достарыңызбен немесе қастарыңызбен қалай араласасыз, қалай күлесіз, газетті қалай оқисыз — осының бәрінің бала үшін үлкен мәні бар. Егер үйде сіз дөрекі, мақтаншақ болсаңыз, немесе ішімдікке салынсаңыз, одан бетер сіз ананы қорласаңыз, онда сіздің бала тәрбиесі туралы ойлауыңыздың керегі жоқ: сіз осы мінездеріңіз арқылы балаларды тәрбиелейсіз, нашар тәрбиелейсіз, ешбір аса жақсы кеңестер мен әдістер сізге көмектесе алмайды».

Маскүнемдік семья шырқын бұзады. Ол қайғыға ұшыратады, балалардың денсаулығына және келешегіне залал келтіреді. Егер әке үйге мас болып келіп, төбелес шығарса, балағаттаса, балалар ұрыс-керістің құрбаны болса, онда олар бірқалыпты оқып, өмір сүре алмайды, ұйқылары қанбайды, үнемі үрей үстінде жүреді, ашуланшақ, қорқақ, енжар болып өседі. Семьяда ананың ішімдік ішуі одан да жаман. Ананың аялы алақанын сезбеген бала ананың мінез-құлқынан моральдық жағынан құлдырау мысалын көреді. Мұндай ата-аналардың балаларының зарлы мойындауларын оқу қандай қиын. Облыстық

Digitized by Google

«Огни Мангышлака» газетінде жарияланған хаттардың бірі мынадай:

«Менің әкем бар. Әйтсе де кейде оның болғанынан болмағаны жақсы сияқты көрінеді, — деп жазады 16 жасар Таня. — Оның алдында әрдайым сезінетінім жалғыз нәрсе — үрей. Кішкентай кезімде оның үйге келуінен қорқатынмын. Өйткені ол келісімен пәтердің астаңкестені шығарылатын. Мұндай жағдайда стол асты менің жалғыз баспанама айналатын. Есейген қазіргі уақытта да онымен көшеде кездесуден қорқамын, оның менің атымды атауынан қорқамын, өйткені жұрттың бәрі менің әкем — маскүнем екенін көреді ғой. Жаңа таныстардан қорқамын, өйткені «Сенің ата-аналарың кім?» деген сұраққа өтірік жауап беруге тура келеді.

Төңірегімізде біздің семьямызға ұқсас семьялардың болмауы үшін неліктен ешнәрсе жасауға болмайды деп жиі ойлаймын. Барлық балалардың ата-аналары ғана емес, ең жақсы, аса таңдаулы жанашырлары — ата-аналары бар ғой».

Иә, қыз өте орынды сұрақ қояды. Балалар ата-аналарын іріктеп алмайды, әйтсе де олардың өздерін әлпештейтін, адамгершілік қасиетін сыйлайтын әкесі мен анасының болуына қақысы бар ғой.

Ата-аналардың ажырасуы балалар тәрбиесіне теріс ықпал жасайды. Орта есеппен тәртіп бұзушы жасөспірімдердің 30—44 проценті әкесі не шешесі жоқ балалар.

Бала тәрбиесі үшін семьяның орасан зор мүмкіншіліктері бар. Ата-аналардың жеке үлгісімен, қолайлы ахуал жасаумен қатар олардың **балаларды еңбекке, қоғамдық-пайдалы істерге белсенді түрде тартуы** қажет. Мәселен, әкесі мен баласының техникалық творчествоға, өз ауласын көркейту жөніндегі жұмысқа, басқа да игі істерге қатысуының тәрбиелік мәні түсінікті. Семья мүшелерінің жалпы парасатты демалысы, физкультура-сауықтыру шараларына қатысуы жеткіншек ұрпаққа сондай игі ықпал жасайды. Партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю мәселелері жөніндегі шешімдерінде семьялық демалыс қажеттерін ескеретін қызмет көрсету формаларын дамыту көзделген.

Семьяда болып жатқан оқиғалардың бәріне еңбек коллективтері **немқұрайды қарай алмайды.** Оның тікелей міндеті — ата-аналардың балаларды тәрбиелеуіне үнемі көмектесу, бұл үшін олардың жауапкершілігін арттыра беру. Осыған орай Лисаков кен-байыту комбинатында қызықты тәжірибе қалыптасты. Мұнда семьядағы тәрбие мәселесі жұмысшылар жиналысының талқылауына ұсынылады. Семьяға және мектепке арналған стендтер цехтарда безендірілген. Цех, учаске басшыларының, мастерлердің семьяларда болуы еңбекшілердің өздерін де, олардың балаларын да тәрбиелеу үшін көп нәрсе береді. Семьялық демалыс формалары пәрменді дамытылуда. Жыл сайын совет семьясы мерекесі өткізіледі. Қамқорлықтағы мектептермен бірлесіп, **педагогикалық білімдердің халық университеттері** құрылды. Осының бәрі жеткіншек ұрпақ тәрбиесі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыра түседі.

Алкогольге қарсы тәрбиеде семьяның ролі туралы айтқанда СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Маскүнемдікке қарсы күресті күшейту туралы» Указы ата-аналар үшін жауапкершіліктің нақты шараларын қарастыратынын ескерту қажет. Онда былай делінген: «Кәмелетке толмағандарды мас болуға жеткізген ата-аналар немесе басқа адамдар, егер бұл қылық өзінің сипаты жөнінен қылмысты жауапкершілікке жатпаса, 50 сомнан 100 сомға дейін мөлшердегі айып түрінде әкімшілік жазаға тартылады».

Жасөспірімдер мен жігіттердің алкогольдік ішімдіктерді ішу, олардың алкогольге жастайынан үйір болу оқиғалары елеулі алаңдаушылық пен дабыл тудырады. Жазушы В. Розов: «Правда» газетінің беттерінде мұны өте-мөте жақсы бейнеледі: «Мен дабыл қағамын. Олар біздің балаларымыз, олар — ең асыл қазынамыз, олар — біздің болашағымыз. Алаңсыз балалық шақ, парасатсыз жастық шақ — тамаша болумен қатар сонша лықты хауіпті жас кезеңі». Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес болашақ коммунистік қоғам адамын тәрбиелеумен аса тығыз байланысты.

И. БАЮТОВ,
СССР-дің 50 жылдығы атындағы Қостанай педагогика институты педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

Т. ЯЗЫНИНА,
дәрігер-нарколог, Алматы мемлекеттік медицина институты психиатрия кафедрасының ординаторы.

«САЛАУАТТЫЛЫҚ—ӨМІР НОРМАСЫ»

— осындай девизбен Қарағандының кеншілер мәдениет сарайында алкогольге қарсы насихат айлығы өткізілді.

Осы айлық программасына сәйкес ұйымдастырылған кештердің бірі Жаңа Қарағанды машина жасау заводы жұмысшыларының жатақханаларында болды. Аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік аға инспекторы В. Аристов право қорғау органдарының маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі жұмысы туралы айтты. Кітапхана қызметкерлері «Аяушылық жасауға болмайтын кесел» деген кітап көрмесін әзірледі. Сондай-ақ кеш программасында «Поиск» халық театры әуесқой артистерінің «Өнер айыптайды» деген ойыны қойылды.

Р. КЕЛЛЕР.

Digitized by Google

БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Крупская атындағы колхоздың саяси хабаршылары әр жұмада бригада, звено, ферма коллективтеріне барады. Олар еңбеккерлерге партия саясатын түсіндіреді, оларды аса маңызды оқиғалармен таныстырады, келелі еңбек істеріне шақырады.

Саяси хабаршылар тобында колхоздың кәсіподақ комитетінің председателі З. Муфтахминов, зоотехник М. Мұсатаев, бас экономист В. Филиппов және басқа да басшылар мен мамандар бар. Мұғалімдер мәдени өмір және коммунистік тәрбие мәселелерін түсіндіруге көмектеседі. Селолық Совет председателінің орынбасары В. А. Файт көп жылдардан бері саяси хабарды жүргізіп келеді.



В. А. Файт

Виктор Александрович өзінің еңбек жолын 1958 жылы біздің колхозда орта мектепті бітіргеннен кейін бастады. Қатардағы колхозшы болып жұмыс істеді, астық, қант қызылшасын өсірді, одан кейін армия қатарында болды, институтты бітірді. 1978 жылы халық депутаттары Крупская селолық Советі председателінің орынбасары болып сайланды.

Виктор Александрович еліміздің ішкі саяси өмірі мәселелері бойынша әңгіме өткізеді. Бай тәжірибе, колхозшылармен тұрақты байланыс, тиянақты білім — осының бәрі оның түсінік жұмыстарын қызықты, тартымды жүргізуіне көмектесуде.

Саяси хабаршы әңгімелерінің тақырыптары алуан түрлі. Олардың бірқатары мынадай; «Азық-түлік программасын жүзеге асыруда қарқынды үдете түсейік», «Табыс кілті — әрбір адамның инициативасын дамытуда, ұйымшылдықты, тәртіп пен реттілікті нығайтуда», «Біздің мемлекетіміздің күші — партия мен халықтың мызғымас бірлігінде», «Халық игілігі — партияның басты мақсаты», «КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алайық».

Саяси хабаршы материалды колхоз коллективінің, селоның өмірімен міндетті түрде байланыстырады. Адамдар да оның әңгімелеріне қызу үн қатады. Виктор Александрович үшінші бригадада әңгіме өткізе отырып, осы коллективте әлі де көптеген резервтердің пайдаланылмай отырғанын нақты мысалдар арқылы көрсетті. Бригада өткен жылы бітік егін өсірді — гектарына орта есеппен күздік бидайдан 50,3 центнерден, қант қызылшасынан 350 центнерден, соядан 25 центнерден өнім алды. Көпжылдық шөптер 112 центнер өнім берді.

— Нәтижелер тәуір, бірақ олардан олқылықтарды да, пайдаланылмаған мүмкіндіктерді де көре білуі қажет, — деді саяси хабаршы. — Бүгінде партия бізді осыған шақырады. Озаттардың және «орташалар» деп есептелетін адамдардың қалай жұмыс істейтінін қарап көрелік.

Саяси хабаршы әр адамға таныс фактілерді келтірді. Николай Алексеевич Янкиннің звеносы гектарына 112 центнерден жүгері дәнін алды, ал бригадада осы дақылдың шығымдылығы орта есеппен 68 центнер құрайды. Алшақтық екі есеге жуық... Істің мәні неде?... Және әңгіме өткізуші осы алшақтықтың себебі жерге, тапсырылған іске әртүрлі қарым-қатынаста екенін көрсетті.

Ол екі қызылша өсіруші звеноның жұмысын да салыстырды. Матвей Матвеевич Лихлеидің звеносы гектарына 412 центнерден тәтті түйнек алса, Вилли Оттович Минцтың звеносы сондай жерден және сондай жағдайда 135 центнерден ғана өнім жинады.

Білікті экономист ретінде В. А. Файт мұның не себептен екенін бірден түсіндіре алатын еді, әйтсе де ол қайсыбір іркілістердің себептерін адамдардың өздері атауы пайдалы болады деп дұрыс пайымдады. Міне енді бір колхозшы, одан кейін екіншісі көтерілді. Және әңгіме неғұрлым ұзаққа созылған сайын ол «инициатива», «тәртіп», «жауапкершілік» сияқты ұрымдарға солғұрлым көбірек сүйенеді. Осы қасиеттердің коллективтің табысты жұмысы үшін қаншалықты маңызды екеніне адамдар илана түсті.

В. А. Файт өзге активистермен бірге село еңбеккерлерінің белсенділігін дамыту үшін көп іс атқарды. Саяси хабаршы мелиорацияланған жердің қайтарымын арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөледі. Біздің колхоздағы суармалы алқап

Digitized by Google

көлемді — 6,4 мың гектар. Оны мердігерлікпен жұмыс істейтін коллективтер өңдейді. 1984 жылы әрбір суармалы гектар шаруашылық бойынша орта есеппен 746 сом ақшалай кіріс берді. Соңғы бір жылдың ішінде ғана суармалы егіншіліктің жалпы өнім көлемі 1,1 миллион сомға көбейді. Мұның өзі ең алдымен шаруашылығымыздың жоғары рентабельділігін анықтады. Алайда шешілмеген проблемалар әлі де көп. Ішкі шаруашылық магистраль жүйесінің ұзындығы 150 километрден астам құрайды, оның бәрі топырақты арнада жасалған, содан барып мұның өзі ылғалдың көп ысырап болуына әкеп соқтыруда. Сондықтан да біздің шаруашылық үшін бүкіл суландыру жүйесін қайта құру өте-мөте қажет-ақ.

Осы жайында әңгімелей отырып, саяси хабаршы су ысырабының алдын алып, істі шаруагерлікпен жүргізудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

В. А. Файт халық депутаттары Советтерінің сайлауына әзірлік күндерінде көп жұмыс атқарды. Адамдар оның селолық Совет депутаттарының село, еңбек коллективтері өмірінің алуан түрлі саласына қалай ықпал ететіні туралы әңгімесін ықыласпен тыңдады. Ал оның айтар әңгімесі баршылық. Өткенде сайланған селолық Совет депутаттарына тапсырылған 70 аманаттың бәрі де дер кезінде орындалды. Аманаттар бойынша мәдениет сарайы, 15 үй, шалғай мал жайылымдарында тұрғын үйлері мен моншалары бар алты мал қорасы, сүт блогы салынды. Бірнеше көшеге асфальт төселді, жастардың белсене қатысуымен би алаңы жабдықталды.

Демек В. А. Файт әрбір әңгімесін селолық Совет жұмысы, аманаттардың, кезектегі шешімдердің орындалуы туралы хабармен аяқтайды. Сонымен бірге ол соларды жүзеге асыруда жұртшылықтың қандай көмегі қажет екені туралы міндетті түрде ескертеді.

Басқа да саяси хабаршылар сияқты Виктор Александрович аудиторияларда әңгіме өткізумен шектелмейді. Оның жекелеген колхозшылармен әңгімелесіп тұрғанын жиі көруге болады. Адамдар оған беделді адам ретінде әртүрлі мәселелермен келеді. Олар саяси хабаршының қиын мәселелерден жалтармайтынын, өтінішке үн қататынын жақсы біледі.

Кездесулердің бірінде, мәселен, тыңдаушылар село тұрғындарының ауыл шаруашылығы өнімдерінің артығын тапсыруға байланысты туындайтын қиыншылықтарға назар аударды. Ескерту ескерілді, біраз уақыттан кейін магазин ашылды, енді село тұрғындары ол арқылы меншікті шаруашылықтарынан алынған өнімді өткізеді.

Соғыс ардагерлері де Виктор Александровичке алғыс айтады. Кезекті саяси хабар кезінде тыңдаушылардың бірі соғысқа қатысқандардың меншікті үйлерін жөндеуде оларға қалай көмектесуді ойластыру қажет екенін ескертті. Саяси хабаршы бұл мәселені көңіліне түйді. Содан соң селолық Совет пен колхоз басқармасында осы жайында әңгіме болды. Сөйтіп бірлескен күш-жігерімен ардагерлерге қажетті көмек көрсетілді.

Виктор Александрович коллективтерде болғанда партия, комсомол және жұмысшы жиналыстарының соңғы рет қашан өткені, онда кімнің қандай мәселелер көтергенін, енгізілген ұсыныстардың қалай жүзеге асырылып жатқанын міндетті түрде сұрайды. Оны көрнекі үгіт те, қабырға газеті де, өндіріс учаскелеріндегі реттілік те толғандырады. Осында депутаттармен де кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, коллективке оның істеріне мүдделі адам келеді.

Ауызша саяси үгіт кадрларын аттестациялау барысында партия комитеті колхозшылардың саяси хабаршылар, үгітшілер әңгімесін қалай қабылдайтыны туралы олардың арасында сұрау жүргізді.


«Маған Виктор Александровичтің қайсыбір қорытындылар жасап қана қоймай, «Істің шындығына бәріміз бірге жетіп көрейік!», «Ал бұған сіздің өзіңіз қалай қарайсыз?» деп тыңдаушыларға жиі ой салатыны ұнайды». «Осындай адамды әрқашан тыңдап, онымен ашық әңгімелескің келеді» — өз пікірін білдірді суарушы Виталий Мирешков В. А. Файт туралы.

Ал колхозшы, селодағы өте сыйлы Виктор Карлович Шрайбор былай деді: «Саяси хабаршы Файтпен кездесуден кейін бұрынғыдан да жақсы жұмыс істеу тілегі туындайды».

Бағалар жоғары және олар өз жүрегінің бүкіл жалынын адамдармен жұмыс істеуге жұмсайтын коммунистің үлкен ықпалы туралы бейнелейді. Ауызша саяси үгіттің басқа активистерінің де колхоз істеріне жасайтын ықпалы орасан зор. Біздің коллективтің бесжылдық тапсырмаларын табысты орындап, КПСС XXVII съезін екпінді еңбек істерімен қарсы алуында үгітшілер мен саяси хабаршылар үлесі аз емес. Өткен жылы колхоз мемлекетке 5300 тонна астық сатты, мұның өзі тапсырмадағыдан 2000 тонна көп. Астық жөнінен бесжылдық төрт жыл ішінде аяқталды. Қант қызылшасын, соя, ет пен сүт сату жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды. Біз үстіміздегі жылда да алдымызға үлкен міндеттер қойдық. Мысалы, дәнді дақылдар шығымдылығын гектарына жоспардағы 33 центнердің орнына 45 центнерге, дәндік жүгерінің 60 центнерге (жоспар бойынша 35 центнер) жеткізу ұйғарылды. Әр сауын сиырдан алынатын сүт 400 килограмм көбейіп, 3200 килограмға жетеді.

Д. АЛЬБЕРТ,
Крупская атындағы колхоз партия комитетінің секретары.
Талдықорған облысы,
Талдықорған ауданы.

Digitized by Google



ІЗГІ НИЕТ

Жасампаздық процесінің, коммунистік құрылыс жолымен ойдағыдай алға басудың ең маңызды шарты жер бетіндегі баянды бейбітшілік болып табылады. Соғысқа қарсы, бейбітшілік үшін күресті Совет өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ бастаған біздің еліміз барлық жылдар бойына оны үздіксіз және бұлжытпай жүргізіп келеді. В. И. Ленин жариялаған қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптері халықаралық қатынастардың нығаюына қол жеткізуде.

Совет халқы Октябрь жеңістерін, социалистік құрылысты фашизммен кескілескен шайқаста сақтап қалды. Әлемге совет халқының жаңа ерлігін — қайта өрлеу ерлігін танытқан соғыстан кейінгі бесжылдықтар совет қоғамының өміріне, мемлекетіміздің тарихына айтулы кезең болып енді.

Тарихи күрес пен даңқты жеңістер жолындағы әрбір қадам шын мәнісіндегі жаңашылдық ізденістер болды. Тұңғыш рет социализмге жол сала отырып, Коммунистік партия совет халқын ұлы қайта құрылымдардың кең жолына шығарды.

Біздің мемлекетіміз қол жеткізген табыстар ғаламат. Адамзат тарихындағы ең жойқын, ең қырғын соғыстан кейінгі 40 жылда СССР әлемнің осы заманғы ең индустриалды елдерінің алдыңғы қатарына шықты.

Отанның экономикалық және қорғаныс қуатын арттыра отырып, совет халқы туысқан социалистік елдермен берік ынтымақтастықта дүниежүзілік революциялық процестің тереңдеуіне, бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің нығаюына өзінің лайықты үлесін қосып келеді.

КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумында сыртқы саясат мәселелеріне зор көңіл бөлінді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас: «Совет Одағы біздің қоғамдық құрылысымызбен, біздің моралімізбен және дүниетанымымызбен айқындалатын бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік бағытты берік ұстана беретіндігін үсті-үстіне қайталап мәлімдейді», — деп атап көрсетті.

Партия советтік өмір салтын, социализмнің іргелі байлықтарын білгірлікпен және творчестволықпен насихаттауға, қоғамдық практикадағы жаңалық атаулының бәрін орнықтыруға, социалистік өмір салтына тән коллективизм мен жолдастықты айқын ашып көрсетуге шақырады.

Өмір салты айнасы арқылы қайсыбір мемлекеттің артықшылықтары мен кемшіліктері барған сайын айқын көрінуде. Мәселен, соғысқа деген ынталы әлеуметтік топтардың жоқтығы сияқты социализмнің белгісін алайық. Бейбітшілікті жақтаған сыртқы саяси бағыттың сабақтастығы социализмнің табиғатымен айқындалған, оны КПСС пен Совет мемлекеті халықаралық аренада дәйектілікпен жүзеге асыруда.

Құтырынған менмендік, басқа адамның адамгершілігін аяққа басу арқылы өзін таныту идеясы үстемдік ететін қоғамға шын мәніндегі коллектившілдік идеясын білдіретін жаңа дүние қарсы тұр. Бізде әр адам қабілетіне, ұлтына немесе нәсіліне қарамастан жоғары бағаланады. Социалистік өмір салтының адамгершілік сипаты совет адамдарының бүгінгі күннің ең басты проблемасы — соғыс пен бейбітшілік мәселесіне көзқарасынан айқын көрінеді.

Жыл сайын 75 миллионнан астам совет адамдары бейбітшілік қорына қатысады. КПСС саясатын қолдай, қуаттай отырып, олар өздерінің қаржыларын, сыйлықтарын бейбітшілікті нығайту ісіне аударады. Және де адамның қай мөлшерде үлес қосқандығы соншалықты маңызды емес. Ең бастысы — бейбітшілік қорының қызметіне саналы және ерікті түрде қатысу болып табылады.

СССР-де Бейбітшілік қоры 60-жылдары қалыптаса бастады және бейбітшілік үшін, империалистік соғыс саясатына қарсы күресті қолдап, еңбекшілердің беретін қаржысынан құралатын Советтік бейбітшілік қоры 1961 жылғы 27 апрельде құрылды.

Бейбітшілік қорының қаржылары бейбітшілік жолында, империализмге қарсы, бостандық пен тәуелсіздік және әлеуметтік прогресс үшін күрескен халықтарға көмекке беріледі. Бейбітшілік қорына көрсетілетін көмек империализмге қарсы халықтардың ұлт-азаттық күресін қолдау жөніндегі советтік қоғамдық ұйымдардың басқа да бейбіт инициативаларымен тығыз байланысты.

Олардың түрлері сан алуан. Бірқатар жерлерде бейбітшілік күндері мен вахталарын өткізу, ал тапқан ақшаларын осы қорға қосу жаңа дәстүрге айналды. Алматы мақта-мата комбинатының, «Жетісу» өндірістік аяқ киім бірлестігінің, «ХХ лет Октября» заводының, Талғар ауданындағы «Алматы» колхозының, Балқаш ауданындағы «Қарой» совхозының және басқа көптеген кә-

Digitized by Google

сіпорындардың жұмысшылары мен қызметкерлері сенбіліктер мен жексенбіліктерде тапқан қаржыларын ұдайы бейбітшілік қорына аударады.

Талғар ауданының тұрғыны, Социалистік Еңбек Ері И. А. Ибрайымова бейбітшілік қорына 1000 сом өткізді, ал Еңбекшіқазақ ауданынан А. Я. Бауэр, Қаскелең қаласынан Г. Д. Дүйсенбинов сияқты азаматтар бейбітшілік қорының белсенді активистері болып саналады.

Осыншалықты адал ниет көптеген совет адамдарына тән қасиет. Мұның өзі советтік бейбітшілік қорына түсер қаржы тасқынының ешқашан сарқылмайтынын көрсетеді. Алматы биокомбинатының жұмысшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Владимир Алексеевич Петыхин 1975 жылдан бері жыл сайын Жеңіс күні 100—150 сом аударады, Социалистік Еңбек Ері, одақтық дәрежедегі пенсионер, Ұлы Отан соғысының ардагері М. Байларова бейбітшілік қорына бір айлық пенсиясын аударды.

Өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстары үшін алынған қаржылар, арнайы спектакльдер мен көркем өнерпаздардың кештерінен, концерттерінен түскен ақшалар Бейбітшілік қорына аударылады. Көптеген жазушылар мен ақындар өздерінің шығармаларының қаламақыларын бейбітшілік қорына жолдайды.

Міне, бұл күндері КПСС XXVII съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған комсомолецтер мен жастар өз бригадаларына Ұлы Отан соғысында қаза болған ерлерді еңгізіп, коллективтің құрметті мүшесіне жазылған қаржыны бейбітшілік қорына аударды. Мәселен, «XX лет Октября» заводының 60 бригадасының коллективі өзінің құрамына Мәншүк Мәметованы, Москва түбінде қаза болған батыр панфиловшыларды еңгізді, олар мереке қарсаңында зерде вахтасында екпінді еңбек етті. Алматы үй құрылысы комбинатының С. Бектасов басқаратын қалыптаушылар бригадасы ай сайын Совет Одағының Батыры, панфиловшы Василий Клочковтың жеке есебіне жоспардан тыс өнім жазады. «Ұлы Жеңістің 40 жылдығына — 10 екпінді ай, 40 екпінді апта» деген облыстық еңбек вахтасына тұрғандар майдан мен тыл ерлерінің есебіне 28 мың сомнан астам қаржы аударды.

Көптеген заводтардың коллективтерінде еңбек озаттары Отан үшін шайқастарда қаза тапқан қазақстандық Совет Одағының Батырларын өз құрамдарына мүше етіп жазып қойды. Мәселен, 250-ге жуық бұрынғы майдангер еңбек ететін С. М. Киров атындағы машина жасау заводында озық бригадалар өз құрамдарына қаза болған 22 Совет Одағының Батырларын қосты. Олар үшін жұмысшылар еңбек нормасын орындап, тапқан ақшаларынан 150 мың сомға жуық қаржыны Москва қаласында салынып жатқан Жеңіс ескерткішінің құрылысына аударады.

Бейбітшілікті сақтау ісіне біздің еліміздің комсомолецтері мен жастары елеулі үлес қосады. Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік XII фестивалін өткізу бейбітшілік үшін күресте Ленин комсомолы жүргізіп жатқан үлкен жұмыстың бір бөлігі болып табылды.

Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік XII фестивалеіне арналған екпінді вахтаға 150 мыңнан астам жігіттер мен қыздар, 2385 комсомол-жастар коллективтері тұрды. Олардың ішінде Талғар ауданындағы «Луч Востока», Мичурин атындағы колхоздардың, «Алматакультбытстрой» трестінің комсомолецтері мен жастары бар. Ал, «Алматажилстрой» трестің № 15 құрылыс-монтаж басқармасының А. Калашников басқаратын комсомол-жастар бригадасының коллективі еңбек ақысының бір процентін фестиваль қорына аударды. Ал студенттер мен жоғары класс оқушылары сенбіліктер мен жексенбіліктерде тапқан 80 мың сомнан астам қаржысын фестиваль қорына аударды. Облыс пен қалалар жастарынан оған барлығы 310 мың сом, ішінара алғанда Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университеті студенттерінен 8 мың сом, Алматы халық шаруашылығы институтынан — 2 мың сом, Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар институтынан — бір мың сом аударылды.

«Бүкіл дүниежүзілік XII фестивальге дайындық» — 1 Май атындағы өндірістік тігін бірлестігі комсомол-жастар бригадаларындағы жиналыстардың тақырыбы осылай аталды. Комсомолецтер мен жастар фестиваль құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Бірлестіктің 10 бригадасы өз қатарына Совет Одағының Батырларын қосты.

Жеңіс күніне он бірінші бесжылдықтың тапсырмасын 120 өндіріс озаты орындап шықты.


Қазақ ССР Ғылым академиясының, Қазақ қой шаруашылығы технологиясы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары және Талғар ауыл шаруашылығы техникумының студенттері Жеңістің 40 жылдығына арналған лекциялық насихат айлығын өткізіп, одан түскен қаржыны бейбітшілік қорына берді.

Бұл ұйымдардың бастамасын Алматы мен облыстың лекторлары қызу қолдап, 3 мың сомдай қаржы аударды.

Шындығында, іргетасы советтік өмір салты болып табылатын социалистік өмір салтының өзі КПСС XXVI съезінің мінбесінен естілген және 80 жылдарға Бейбітшіл күштер программасы болып енген бейбіт инициативалар халықаралық жағдайдың жақсаруына айқындаушы игі ықпалын тигізіп, барлық бейбітшіл күштер планетаның барлық адал ниетті адамдары үшін бағыт-бағдар қызметін атқаратындығын күн сайын дәлелдеп отыр.

Ж. МҰСАЙБЕКОВ,
тарих ғылымының қандидаты.

Digitized by Google



ИЗРАИЛЬҒА БАРУШЫЛАР МЕН ОДАН БЕЗІНУШІЛЕР НЕМЕСЕ ОЛАРДЫ АЛДАУШЫЛАРДЫҢ КҮЙРЕУІ

Бүкіл дүние жүзіндегі еврейлердің көпшілігін Израильге жинауға ниеттенген сионизм лидерлері жұмақ өмірдің ғажайып елестерімен оларды алдап әкелуде. «Израильде, — деп мәлімдейді сионистік насихат, — бәрі: тамақ та, киім де, демократия да бар». Ендеше қазір еврейлер осында келгеннен гөрі арман еткен жерді неге көбірек тастап кетіп жатыр?

ӘҢГІМЕНІ израильдықтардың «ұйымшыл семьясында» белең алған өрескел әлеуметтік теңсіздіктен бастайық. Әлеуметтік пирамиданың төбе тобында саны жағынан тым аз, бірақ аса құдіретті байлардың тобы тұр. Өзіне «ұшып жүретін сарай» салған миллионер Ш. Эйзенбергты мысалға алайық. Ол «Боинг-707-де» жұмыс кабинетін, мәжіліс залын, бірнеше ұйықтайтын бөлме жабдықтады, еденге кілемдер төсеп, қабырғаны былғарымен қаптады. «Сарайдың» әжетханасы мен жуынатын бөлмесі алтынмен жалатылған. Басқа шонжарларды осының бәрімен таң қалдыра отырып, миллионер өзінің әуедегі резиденциясымен қоштасуды ұйғарды. Неге? Айту қиын. «Боинг» оның «көкейтесті сұранымдарын» енді қанағаттандырмауы, оған басқа — би залы мен оранжереясы, жалатылған алтын емес, нағыз алтынның өзі бар самолеттің қажет болуы ықтимал.

Осындай сән-салтанаттың қасында әсіресе израильдықтардың қалың бұқарасының мүшкіл жағдайы өте-мөте айқын көрінеді. Елде жұмыссыздық барған сайын өткір сезілуде: қазір 150 мыңнан астам адам кәсіпорындар мен мекемелер қақпасының сыртында қалған. Тағамдардың, бірінші қажетті заттардың бағасы және коммуналдық қызмет ақысы тым шұғыл өсуде. Мәселен, Израиль үкіметі 1 июльде жариялаған «төтенше экономикалық шаралар» программасына сәйкес нанның бағасы бірден 75 процент, сүт тағамдары — 65, ет — 45 процент өсті. Күріш пен кофе, сигарет пен сіреңке 30 процент қымбаттады. Пәтер құны 17 процент, ал бала бақшаға ақы төлеу — 25 процент өсті. Тіпті жай судың өзі 82 процент қымбаттады!

Осы «төтенше экономикалық шараларды» енгізгенге дейін Перес-Шамирдің қазіргі коалициялық үкіметі өзі өткеріп отырған қатал дағдарыстан Израиль экономикасын «құтқару программасын» үш рет қабылдады. Және осы программалардың әрқайсысы барған сайын ел еңбекшілерін белдіктерін қоса тартуға мәжбүр ете отырып, ең алдымен әлеуметтік қажеттер қаржысын, бюджетті үнемі қысқартты. Ал әскери шығындар бұрын қандай болса, сол күйінде қалды. Бүгінде олар елдің бүкіл бюджетінің үштен екісінен астамын жалмайды. Ол түсінікті де: агрессияшыл экспансионистік саясатты жүргізу үшін Тель-Авивке қаржы керек және қаржы керек. Израильдің 70-ші жылдардың басынан бері көрші араб мемлекеттеріне қарсы әскери акциялары 20 миллиард долларға түскенін айтсақ та жеткілікті!

Енді түрлі елдердегі экономистер Израильдің сыртқы қарызының нақты мөлшерінің өзін анықтауға қиналады — әртүрлі деректерде 22 және 30 миллиард доллар аралығындағы цифрлар келтіріледі. Демек бұл халықтың жан басына шаққанда дүние жүзіндегі ең ірі қарыз екеніне ешкім күмәнданбайды. Израильдің «Бэнк Гапоалим» президентінің өзі «Израильде қалыптасқан жағдайдағыдай аналог қазіргі дүниеде жоқ» екенін мойындады.

Израиль салық салу дәрежесі жөнінен де дүниежүзілік ең жоғары белгіге — 1984 жылдың соңында — ол жалақының 55—60 процентіне және инфляцияның өсуі бойынша мың проценттік деңгейге жетті. Және мұның өзі американ империализмінің Таяу Шығыстағы вассалына көмекке таршылық жасамаған жағдайда болып отыр. Егер АҚШ-тың Израильге беретін көмегі осыған дейін жыл сайын шамамен 5 миллиард доллар құраса, ал 1986 жылы оған 4 миллиард долларға жуық бөлу жоспарланған. Алайда Израильдің билеп-төстеушілері өздерін бәрібір ескерілмей қалғанбыз деп есептейді. Сионистік «Джерузалем пост-тың» есептеуі бойынша, Израильдің мұхиттың арғы бетіндегі аға серіктесіне көрсеткен қызметі үшін «әділ» баға жылына 100 миллиардқа жуық болуға тиіс. Газеттің «қызмет көрсету» деп нені тұспалдап отырғанын білмейміз. Бірақ бір нәрсе айқын: АҚШ Израильге Таяу Шығыстағы американдық «стратегиялық мүдделерді» қамтамасыз ету міндетін жүктеді, соны орындай отырып, Тель-Авив кез келген қылмыстарға барады, өз халқының мүдделерін де шын мәнінде құрбан етеді. Елді қатал экономикалық дағдарысқа ұшыратқан сионистік идеология мен агрессияшыл саясат Израиль қоғамын қайсыбір адамгершілік байлықтарынан айырылуға, рухани жағынан тоналуға және соның салдары

Digitized by Google

ретінде барған сайын ұлғайып келе жатқан қылмысқа бастап отыр. Израильде жыл сайын ширек миллион қылмыс тіркеледі, бірақ 150 мыңға жуық қылмыс жасалады, полиция олар жайлы хабарламайды. Үстіміздегі он жылдықтың басынан бері қылмыс жасау жылына 7 процент өсуде, демек осыған орай анағұрлым ауыр қылмыстар: кісі өлтірушілік — 40 процент, ұрлық пен тонаушылық — 50 процент көбеюде.

АЛДАНЫП, Израильге келген мыңдаған адамдардың, олардың ғана емес, сондай-ақ елдің көптеген байырғы тұрғындарының босып кеткеніне таңдануға болмайды. 1984 жылдың соңына қарай Израильді 700 мыңдай адам (ал еврей халқының бәрі 1,5 миллион адамға әзер жетеді) тастап кетті. Сионизмді әшкерелеуге де бейім емес американдық «Ньюсуик» журналы осыған байланысты өз мақалаларының бірін «Израильден безіну» деп атады. Бұл — нақ сол безіну. Көне еврейлердің Египеттен «арман еткен жерге» мифтік оралуы емес, жүздеген мың адамдардың «құдай сыйлаған жұмақ мейрамдарынан» шын мәніндегі алысырақ безінуі. Безінушілер арасында иммигранттарды алдап торға түсірумен және Израильде оларды «орналастырумен» айналысатын «Сохнут» — Еврей агенттігі» қызметкерлері де барған сайын жиі ұшырасуда.

Фактілер мынадай. «Сохнуттың» жастар бөлімі Чикагода қоныс тепкен қашқындарды Израильге оралуға көндіру үшін өзінің өкілі М. Гилоны сонда жіберді. Оның оларды қалай және қаншалықты иландырғанын біз білмейміз. Оның есесіне басқасы мәлім. Қайта оралуды Гилоның өзі ұмытып кетті. Содан соң сондай тапсырмамен Р. Мерли жіберілді. Оның да нәтижесі нақ сондай. Олардың соңынан Чикагоға сонда қоныс тепкен «ордимдердің» (сионистер «арман еткен жерді» тастап кеткендерді солай атайды) намысын оятуға берік бел байлаған М. Сагиев Чикагоға барды. Израиль өзінің тағы бір «жалынды патриотынан» айрылды. Ақырында «Сохнут» Г. Тененбаумды осындай жортуылға жарақтандырды. Чикаголық «ордимдер» ол арқылы қатарын тағы толықтырғанын түсіндірудің қажеті жоқ.

«Сион жөніндегі сарынышы» өздері тастап бара жатқан мемлекеттің шекарасынан өтуге ғана жететін еврей топтары да бар. Біздің баспасөз өзінің мекендеген елінен кететін еврей тегінен шыққан адамдардың 80 проценті Израильде емес, басқа мемлекеттерде қоныс тепкенді артық көретінін хабарлады.

Сионистер басқарып отырған мемлекетті сондай бір ғажайып бояумен бейнелейді, егер оған сенер болсақ, онда дүниеде осы «нағыз арман еткен» жерден анағұрлым ізгі ниетті, еліктіргіш және бейбіт мүйіс жоқ, «Бүгінгі Израиль» деген шақыру-журналының дәлелдемелері қылаң беріп қалады. Ұлты еврей совет азаматтарын бағыттан адастыру жөніндегі жаппай сионистік науқан басталған кезден бері 15 жылға жуық уақыт өтті. Нәтижесі қандай? СССР-ден келген «репатрианттар» арасында, деп ашық айтады осы басылым, Израильде әзірше пайдаланылмай отырған жоғары білімі мен мамандығы бар адамдар аз емес». Оның үстіне «мұнда бәсекеден қорқады және «орыстардың» көпшілігі «қарапайым жұмысшылар болып істейді және өздерін жұмыстан шығарып жібереді деп қауіптене отырып, жоғары білімі бар екенін жасырады». Журнал бұрынғы совет еврейлері үшін «рухани азық» жайында ешқандай қамқорлық жасамайды деуге болмайды (ол орыс тілінде бекерге басылмайды ғой). Сионистік рупор олардың «еврей мәдениетіндегі кемшіліктердің орнын міне қандай «көз тартатын тұрақшылдықпен толтырады: «Дінді кітаптың қөзқарасынша сегіздің біріне немесе төрттен үшіне еврей болу мүмкін емес. Ешқандай бөлшектеудің қажеті жоқ. Еврейлер мен еврей емес халықтар ғана бар».

Біз де бөлшектерге қатысты осындай операцияларға қарсымыз. Әрине сионистік әуенге сәйкес келмесе де, үзілді-кесілді қарсымыз. Өйткені, бертінде ғана кімнің қан тамырында «жарамсыз» қанның қанша үлесі бар екенін тақуалық дәлдікпен анықтай отырып, «нәсілдік тазалықты» немесе адамдардың «таза еместігін» кімнің есептеп шығарғанын өте жақсы есімізде ұстаймыз. Және қаны «толық таза емес» немесе «бұзылған» адамдар тағдырын да ұмытқан жоқпыз. «Арийлік тазалыққа байланысты аналогияға ишараның өз кезегінде сионистерді ашу-ызаға әкеп соқтыратынын білеміз. Бірақ не істейсің — бөлшектеу туралы әңгімені қозғаған біз емес, манипуляторлар. Кімнің болсын «Нәсілдік стерилгендігін» қорғаса да олар өздерінің адамы. Израильде белең алған нәсілшілдіктің өзінің өткірлігімен арабтарға ғана емес, терісі қоңырқайлау, «сыпайылау» еврейлерге қарсы бағытталғанын еске салған артық емес. Сондықтан нәсілшілдер де, нәсілдік еместер де бар. Және бұл жерде бәрі айқын: ешқандай бөлшектеу жоқ.

БІРДЕ Израильде румын тілінде шығатын «Виаца ноастре» газеті «қасиетті жердің тұрғындарының тізімін мифтік таурат патриархтарынан нақты қазіргі израильдықтарға дейін барлық тұрғындары жазылған мәңгілік «үй кітабына» ұқсатты. Енді міне, «абстрактылы «үй кітабында» тіркелген жаңа есімдер аз, өткендегіден едәуір аз» деп ызаланады.

Осы шағымдардың бәріне Израильдің саяси қайраткерлерінің бірі Я. Цабанның сөзімен жауап берген жақсы: «Ел соңғы жылдары экономика саласында және қоғамдық өмірде өткеріп отырған құлдыраушылық «Біз батпаққа белшемізден батып отырмыз» деген сөздермен ғана білдіруге болатын ортақ жағдайға әкеп соқты».

М. ГОЛЬДЕНБЕРГ,
философия ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

ҰМЫТЫЛМАС СӘТ

Үстіміздегі жылдың орағы аяқталды. Совхоз-техникумымыздың еңбеккерлері тұтасынан егінді жақсы өсіріп, оны қысқа мерзімде әрі жоғары сапамен жинап алды. Тәжірибелі механизаторлар Э. Швиндт, Н. Трегуб, Э. және А. Кригерлер, А. Марцефей мен В. Штрассер басқарған орақ-транспорт комплекстері астық алқабында өте жақсы еңбек етті.

Техникум оқушылары егін жинауда шаруашылыққа жүйелі көмек көрсетті. Н. Подковенко және басқа бірқатар жігіттер мен қыздар ересек механизаторлардай күрделі агрегаттарды басқарды.

Социалистік жарыстың жариялылығы, дұрыс жолға қойылған мәдени-тұрмыстық қызмет, адамдар арасында кеңінен өріс алған бұқаралық-саяси жұмыс орақта екпінді жұмысқа әсер етті. Сондай-ақ алғашқы бау мерекесі дикқандарды жауынгерлік көңіл-күйге бейімдеді, ал мереке бізде дәстүрге айналды.

Комбайншылар танапқа шығар алдында селоның шетіне жиналды. Шаруашылық басшылары бәрінің жұмыста табысқа жетуіне тілектестік білдірді. Бұл егін жинауға алғаш қатысушы жігіттер мен қыздарға сөз арнап, еңбек ардагері Н. А. Трегуб былай деді:

— Енді бұл сіздердің танаптарыңыз Сіздерді, жігіттер ол күтіп тұр. Сіздер ұстамдылық, табандылық, жауапкершілік сезімін көрсетуге тиіссіздер. Егінді дер кезінде және ысырапсыз жинап алу үшін күш-жігерлеріңізді аямаңыздар!

Жас механизаторлар өзінің озық коллективінің абыройын сақтауға, техникаға және жерге шаруагерлікпен қарауға уәде берді.

Сосын ардагерлер А. Кригер мен А. Спивак жастарға алқызыл лентамен буылған алғашқы бауды ұсынды, ал совхоздың мәдени-ағарту қызметкерлері орақка қатысушылардың бәріне гүл шоқтарын және жаңа егіннің астығынан пісірілген нанды тапсырды. Салтанаттан кейін іле комбайншылар егінді орып бастыруға кірісті. Қажырлы еңбекке шабыттандырған мерекенің осы тебіреністі сәттері олардың жадында ұзақ сақталды.

Л. СКРИПЧЕНКО,
Шығыс Қазақстан совхоз-техникумы партия комитетінің секретары.

ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ

Петропавлда «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы оқырмандарының конференциясы болды. Оны Солтүстік Қазақстан облыстық саяси оқу үйінің меңгерушісі **М. С. Сандыбаев** ашты. Журналдың бас редакторы **В. А. Парамонов** редакция коллективінің жұмысы мен жоспарлары туралы айтты.

Конференцияға қатысушылар атап көрсеткеніндей, журнал мақалалары олардың еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жетілдіруіне көмектесуде. Сонымен бірге нақты ескертпелер мен ұсыныстар айтылды.

— Журналдан өз әріптестеріміз-үгітшілердің мақалаларын зор ықыласпен оқимыз, — деді В. В. Куйбышев атындағы завод үгіт коллективінің жетекшісі **В. Н. Воронков.** — Редакцияның КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің құрметіне социалистік жарысты өрістетуде үгіт коллективтерінің ролін көрсетуге ұмтылуы орынды. Республиканың түрлі облыстарындағы съезд қарсаңындағы жарысқа арналған хабарлар топтамалары мазмұнды. Әйтсе де мақалалардың бәрінен бірдей тағылым аларлық тәжірибені ұшырата алмайсың. Өкінішке қарай, журнал беттерінде мазмұны жағынан соншалықты терең емес материалдар көрініп қалады. Редакция коллективіне бригадалық мердігерлік жағдайында бұқаралық-саяси жұмыс тәжірибесін, еңбек тәртібін нығайту, маскүнемдікке және басқа жағымсыз құбылыстарға тиым салу жолындағы күресте үгітшілер ролін ашатын мақалаларды көбірек жариялауға кеңес бергіміз келеді.

«Петропавловсксельстрой» тресі партқомының секретары **Ж. Л. Лұқпанов** үнем мен ұқыптылық, ғылыми-техни-

Digitized by Google

халық прогресті жеделдету жолындағы тәжірибе баяндалатын баспасөз мақалаларын ауызша саяси үгіт активистерінің мұқият қадағалайтыны жайлы әңгімеледі. Республиканың таңдаулы коллективтерінің экономиканы интенсивтендіру жөніндегі жұмыс практикасын қорытындылайтын мақалаларды, деп атап өтті Жолдас Лұқпанұлы «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының беттерінде жүйелі жариялау керек. Осы пікірді дамыта отырып, Петропавл ет комбинаты партия комитеті секретарының орынбасары **Р. И. Почтарь** журналдың «Экономика мәселелері» бөлімін кеңейтуді, онда кәсіптік мерекелерге арналған мақалалар жариялаумен шектелмеуді ұсынды. Активистерге, деді конференцияда атқару механизмдері заводынан саяси хабаршы **Л. Н. Мезенцева,** ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде өндірістік коллективтердің ролі, адам факторының мәні, экономиканы интенсивтендіруді арттыру жолдары т. б. секілді проблемалар бойынша материалдар беру керек. Қазақстанның халық шаруашылығының барлық салалары еңбекшілерінің еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуын жеделдету жолындағы күреске қосып жатқан үлесін бейнелейтін цифрлар мен фактілерді жиі жариялаған жөн.

Петропавл атқару механизмдері заводы партия комитеті секретарының орынбасары **А. И. Лебедев** көрнекі үгіттің таңдаулы үлгілерін жүйелі жариялауды, мақалаларды диаграммалармен, таблицалармен нығайтуды ұсынды. Мұндай материалдар ауызша сөз сөйлеу, кәсіпорындарды үгіт-көркем безендіру барысында әдетте тиімді пайдаланылады.

«Комсомолка» фабрикасы комсомолдық саяси оқу жүйесінің насихатшысы **Н. Я. Рязанова** редакцияның жастармен жұмыс істейтін активистер қажетін жақсы ескеруі жайлы пікір айтты. Демек жастар аудиториясы — республикадағы аса үлкен аудитория. В. В. Куйбышев атындағы заводтың саяси хабаршысы **С. Г. Шиль** «Маскүнемдікке — берік тосқауыл» рубрикасымен жарияланатын материалдар жайлы оңды пікір айтты, мәдени-спорт комплекстерінің тәжірибесі, бос уақытты парасатты ұйымдастыру, тұрғылықты жер бойынша тәрбие жұмысы ашылатын материалдар әзірлеуге көбірек көңіл бөлуді ұсынды. Республика баспаларында шығарылатын жаңа кітаптарға журнал беттерінде жүйелі орын беру талап етіледі.

Облыстық кітапхананың директоры В. Ф. Кашемирова редакцияның өтініші бойынша оқырмандардың түрлі категорияларынан кімдердің кітапханада журналды аса жиі пайдаланатынына талдау жасауды өтінді. Талдау көрсеткеніндей, біздің белсенді оқырмандарымыздың арасында бұқаралық-саяси жұмыс активистерімен қатар педагогтар, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, оқушы жастар, еңбек ардагерлері бар екен, олардың сұранымын толық ескеру қажет.

Конференцияға қатысушылар журналдың оқырмандарға әрдайым дер кезінде келмейтініне назар аударды.

Саяси оқу кабинетінің меңгерушісі **А. Я. Синицкая,** Петропавлдың № 2 жылу-электр орталығының үгітшісі **А. М. Зеленов,** «Петропавловскстрой» тресі партия комитетінің секретарының орынбасары **В. И. Данилова,** саяси оқу үйі кітапханасының меңгерушісі **Г. И. Синигетова** пайдалы кеңестер айтты.

Редакция конференцияға қатысушыларға орынды ескертпелері мен кеңестері үшін алғыс айтады. Олар редакцияның перспективалық және ағымдағы жоспарларын жасау барысында ескеріледі.

480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВ, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 26.09.85 г. Подп. к печати 11.10.85 г. УГ01451. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч. изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66064. (казахское издание — 33595 экз., русское издание 33469 экз.). Заказ 128. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.


Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН

Теміртау. Қарағанды металлургия комбинатында пайдаланылуға берілген, Совет Одағындағы аса ірі ақ қаңылтыр цехының бірінші кезегі жобалық қуатына шықты. Соның нәтижесінде елімізде консерві өнеркәсібі үшін өте жұқа металл қаңылтырын шығару бір жарым есе көбейді. Бригадалық мердігерлікті, ғылым мен техника жетістіктерін енгізу прокатшылардың жоғары өнімді еңбегіне ықпал етті.

Суретте: Қаңылтырды толассыз прокаткалаудың алты плетті станы.





Алматы. Қазақ ССР Ғылым академиясы ядролық физика институтының коллективі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге белсене қатысуда. Мұнда ядролық энергияны тікелей электр сәулесі энергиясына айналдыру, автоматтандыру және ғылыми приборлар жасау, республиканың және еліміздің халық шаруашылығында ядролық-физикалық тәсілдер мен радиоактивті сәулелерді пайдалану жөніндегі жұмыстар табысты жүргізілуде.

Соңғы жылдардың өзінде ғана еліміздің әртүрлі кәсіпорындарымен шаруашылық шарттары бойынша 10 миллионға жуық сомның жұмысы орындалып, экономикалық тиімділігі 15 миллионнан астам сомның ғылыми-зерттеу талдаулары енгізілді.

Институтта құрылып жатқан ғылыми приборлар жасау, медициналық мақсаттағы изотоптар алу, машиналар, механизмдер детальдарын лазермен өңдеу мен шыңдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатудың радиациялы технологиясы жөніндегі орталықтар ғалымдардың ғылыми зерттеулерін халық шаруашылығы қажеттері мен проблемаларына жақындатуға көмектеседі.

Суретте: атомдық зерттеу реакторының жалпы көрінісі.



Көкшетау облысы. Щучье элеваторына жаңа егіннің астығы құйылуда. Аудан шаруашылықтарының бәрінен жасақталған қызыл керуен оны бірінші жеткізді. Жалаулармен және транспараттармен безендірілген керуенді Щучьенің № 2585 автоколоннасынан жүк сыйымдылығы мол автопоездар жүргізушісі, КПСС XXV съезінің делегаты, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері Н. П. Плясунов бастады.

Суретте: Щучье элеваторына келе жатқан «қызыл керуен».

Суреттерді түсіргендер: **И. Будневич, В. Петухов, С. Мағзұмов** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ
БҮКІЛ КҮШ-ЖІГЕРМЕН ҮДЕТЕ БЕРУ —
БІЗДІҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТІ МІНДЕТІМІЗ!




Digitized by Google

«Плакат» баспасы.

ISSN 0132—6139

СЕНІҢ ЕҢБЕГІҢНІҢ НӘТИЖЕСІ-
ОРТАҚ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



Қазақстан ҮГІТШІСІ

21
1985

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



1984 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыста қол жеткен үздік еңбек жетістіктері үшін Л. И. Витковскийге СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Леонид Иванович — тәжірибелі маман және жастардың тәлімгері. Ол 38 адамды құрылысшы мамандығына үйретті, олардың тәртеуі бригадир болды. Ол басқаратын комплексті бригада «Южэлеватормельстрой» тресінде таңдаулылардың бірінен саналады. Ол Жоламан элеваторының, Қапшағай және Шамалған құрама жем заводтарының және басқа да объектілердің құрылысында жоғары шеберлік пен екпінді қарқын көрсетті. Бірыңғай нарядпен жұмыс істей отырып, озық коллектив жоспарды үнемі 120—130 процент орындайды, бір жылдың ішінде ғана жұмыстардың өзіндік құнын жоспардан тыс 100 мыңнан астам сомға кемітуге қол жеткізді, 6,8 тонна металл, 4 тонна цемент және 4,6 текше метр ағаш материалын үнемдеді.

Суретте: Л. И. Витковский (ортада) мен бригада мүшелері (солдан оңға қарай) В. Д. Коваленко, Д. Ж. Молдабаев және Г. В. Клиперт құрылыс алаңында.

Суретті түсірген Ю. БЕККЕР (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

21

1985

НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

НОМЕРДЕ:

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің 1985 жылғы 15 октябрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумында жасаған баяндамасы 2

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

Ұ. Расқалиева. Инициатива көмектесуде . . 8
Орал облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 10

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

А. Плахина. Уақыт талабына ілесейік . . . 12
Павлодарлықтар үндеуі 14

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Совет адамдары үшін 15
Б. Жұмашев. Озық тәжірибе насихатталуда. . 16
Идеология жұмысының хроникасы 18

ТӘЖІРБИЕ, БАСТАМА

А. Клюев. Ажырамас бірлікте 19

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

В. Григорьев, А. Панфилов. Империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция . . . 22

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н. Ларин. Нанға ұқыпты болайық 24

АТЕИСТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ СЫРТТАЙ СЕМИНАРЫ

М. Көкенов. Көпке ортақ тәжірибе 26

ТӘЛІМГЕР ТРИБУНАСЫ

Н. Самокишин. Творчестволықпен жұмыс істесек 28
С. Харченко. Шәкірттер үлгі алуда 29

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Моисеев. Қауесет таратушы «әуендер». АҚШ-тың дамушы елдерге қарсы радио соғысы 30

1931 қылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы «Қазақстан үгітшісі», № 21. 1985 ж.

Digitized by Google

1985 жылғы 15 октябрьде Москвада КПСС Орталық Комитетінің Пленумы болды. Ол Совет Одағы Коммунистік партиясы Программасының жаңа редакциясының жобасы туралы, КПСС Уставындағы өзгерістер туралы және СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдар мен 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы туралы мәселелерді қарады.

Пленумда КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев баяндама жасады.

Талқыланған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. ГОРБАЧЕВТІҢ баяндамасы

Жолдастар!

Біз КПСС Программасы жаңа редакциясының, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдыққа және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының, сондай-ақ КПСС Уставындағы өзгерістердің жобаларын қарағалы отырмыз.

Бұл орасан зор саяси маңызы бар документтер. Бұл документтерде өңгіме тарихтың қазіргі, мейлінше күрделі де жауапты кезеңіндегі — көп ретте — ішкі тұрғыдан алғанда да, сондай-ақ халықаралық тұрғыдан алғанда да — бетбұрыстық сипаты бар кезеңдегі — біздің программалық мақсаттарымыз жайында, партияның сара бағытының, оның экономикалық стратегиясының өзекті мәселелері, бұқара арасындағы жұмыстың формалары мен әдістері жайында болып отыр.

Өздеріңіз білесіздер, КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы, ал содан кейін ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі кеңес қалыптасқан жағдайға егжей-тегжейлі талдау жасап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің және осының негізінде — совет қоғамының сапалық жаңа жағдайына жетудің кеңейтілген концепциясын ұсынып, негіздеді. Істің түйіні осында, біздің проблемаларымыздың бүкіл мәні осында.

Бүгінде партиямыз жеделдету концепциясымен халықтың алдына шығып отыр, ол осы концепциямен кезекті XXVII съезге келе жатыр. Бұл — КПСС Орталық Комитетінің осы Пленумының талқылауына енгізіліп отырған үш документтің үшеуінің де өзегі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету совет адамдарының бейбіттшілік жағдайындағы материалдық және рухани жағынан бай, әлеуметтік жағынан серпінді өмірін қамтамасыз етуге, социалистік құрылыс арқылы бейнеленіп отырған тарихи жаңа тұрпатты цивилизацияның мүмкіндіктері мен артықшылықтарын бұрынғыдан да толығырақ және жарқынырақ ашып беруге тиіс.

Ең алдымен XXVI съездің тапсырмасына сәйкес өзірленген КПСС Программасының жаңа редакциясы туралы. Оны жасау үстіндегі байсалды, егжей-тегжейлі жұмыс процесінде өткен жолдың қорытындыларын ой елегінен өткізуге, еліміздің бұдан былайғы дамуының перспективаларын анықтауға байланысты теориялық, сондай-ақ саяси сипаты бар күрделі мәселелер туындап отырды.

Соңғы ширек ғасырда, біздің елде объективті сипаты бар елеулі экономикалық және әлеуметтік өзгерістер болды, біз мұны көріп те отырмыз. Ол өзгерістер терең талдауды, ағымдағы және ұзақ мерзімді мақсаттарды дәлдей түсуді, оларға жетудің жолдарын, сондай-ақ партияның ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық қызметінің жаңа әдістерін анықтауды талап етті. Программада халықаралық жағдай да дәлденген нұсқауларды талап етті. Таптық, әлеуметтік тұрғыдан да, сондай-ақ бейбітшілік принципін мемлекетаралық, барлық халықаралық қатынастардың жалпыға бірдей нормасы ретінде орнықтыру жолындағы күрес төңірегінде де болып жатқан күштердің орналасуындағы өзгерістердің жаңаша түсінігін белгілеу қажет болды.

Басқаша айтқанда, атқарылған, жүзеге асырылған істердің қорытындысын ғана шығарып қоймай, сонымен қатар адам мүддесін және жер бетіндегі бейбітшіліктің мүддесін көздейтін іс-қимылдың

Digitized by Google

негізделген айқын программасын белгілеу талап етілді.

Осыған байланысты сіздердің назарларыңызды не нәрсеге аударғым келер еді?

Ең алдымен КПСС-тің іргелі теориялық және саяси нұсқауларының сабақтастығына аударғым келеді. Біз бұған принципті маңыз береміз. Партияның үшінші Программасының негізгі мазмұнының дұрыстығын өмір қуаттады. Оны орындай отырып, еліміз коммунистік құрылыстың барлық бағыттарында алға қарай көп ілгеріледі. Үшінші программаның негізгі теориялық және саяси қағидалары оның жаңа редакциясында да сақталады.

Теория мен партияның программалық нұсқауларын дамытудағы сабақтастық туралы мәселе — оның теориялық принциптілігі мен дәйектілігі, оның марксизм-ленинизмге адалдығы туралы мәселе. Егер КПСС өзінің теориялық тұжырымдары мен саяси бағаларына тиісті жауапкершілікпен қарамаған болса, ол дүниежүзілік коммунистік қозғалыста сеніалықты жоғары деңгейге және совет халқының сеніалықты сеніміне ие бола алмас еді.

Сонымен бірге теориядағы дәйектілік пен сабақтастық, оны творчестволықпен дамытуды, тарихи тәжірибеге сәйкес принципті қағидалармен байытуды сөзсіз қажет етеді. Бұл өбден табиғи нәрсе. Қазір біз социализмді жетілдірудің, өзіміздің программалық мақсатымыз — коммунизмге жетудің жолдарын неғұрлым жақсырақ, неғұрлым дәлірек білеміз. Сөз жоқ, осының бәрі партияның басты теориялық және саяси документінде өз бейнесін табуға тиіс болды және тапты да.

Программаның мазмұнын байытып, дамыта отырып, біз сонымен бірге оның уақыт сынына төтеп бере алмаған тұжырымдарын сын көзімен қайтадан ой елегінен өткіздік. Бұл біздің партиямыздың дәстүрлеріне сай келеді. Лениннің атап өткеніндей, жекелеген программалық «пункттер мен тұжырымдарды сынау жанды партияның қандайында болсын толығынан заңды және қажетті нәрсе».

Бүкіл осы жұмыста біз партия Программасын құрудың лениндік принциптерін басшылыққа алдық. Ол іс жүзіндегі процестің дәлме-дәл тұжырымы болуға, негізгі көзқарастарды, саяси міндеттерді айқын баяндауға, басы артық тәптіштеуден, негізсіз қиялдан, сондай-ақ, кітаби ақылгөйліктен, анықтамаға құмарлықтан ада болуға тиіс. Программа—партияның не нәрсеге күш салатыны және оның не үшін күресетіні туралы айқын да дәлме-дәл мәлімдеме.

Орталық Комитеттің Саяси Бюросы ұсынылып отырған документ жалпы алғанда осы талаптарға сай келеді деп санайды. Ол маркстік-лениндік теорияға, ел ішінде және дүниежүзілік аренада болып жатқан процестерді реалистік тұрғыдан талдауға негізделген, елдің дамуының коммунистік перспективасына сүйене отырып, партия, Совет мемлекеті, бүкіл халық жұмысының стратегиялық бағыттарының кеңейтілген айқын сипаттамасын береді.

Партияның қазіргі редакциядағы үшінші Программасы — социализмді жоспарлы түрде жан-жақты жетілдірудің, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жедетдету негізінде совет қоғамының коммунизмге қарай одан әрі ілгері жылжуының программасы. Бұл бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолындағы күрес программасы.

Біз біртұтас коммунистік формацияның екі фазасы арасында аса елеулі шек жоқ және болуға тиіс емес деген ұғымды басшылыққа ала отырып, коммунизмге қарай берік бағыт ұстап отырмыз. Социализмге соқпай коммунизмнің жоғары фазасына тікелей өту мүмкін емес, сол сияқты социализмді дербес формация деп түсіну де дұрыс емес. Социализмнің коммунизмге ұласуы қоғам дамуының объективті заңдарымен анықталады. Тым ілгері жүгіріп кетудің, қоғамның материалдық және рухани кемелдік дәрежесін ескермей, коммунистік принциптерді енгізудің кез келген әрекеттері, тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, сәтсіздікке ұшырайды. Бірақ толғағы жеткен өзгерістерді жүзеге асыруда, жаңа міндеттерді шешуде баяулыққа да жол беруге болмайды.

Программаның жаңа редакциясында адамзат прогресінің капитализмнен басым түсетін сатысы ретіндегі социализмнің тарихи жетістіктері мен артықшылықтарының сипаттамасы байытылған, программаны жүзеге асыру нәтижесінде экономикалық, әлеуметтік, саяси салаларда, рухани өмірде қоғамымыздың қолы жетуге тиісті шамалар көрсетілген. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жедетелдету арқылы — совет қоғамының сапалық жаңа жағдайына қол жеткізу — партияның қазіргі бағытының мән-мағнасын көрсететін формула осындай.

Программа қоғамның дамуында экономика шешуші роль атқарады деген ұғымды басшылыққа алады. Партияның экономикалық стратегиясы, ғылыми-техникалық революцияны одан әрі тереңдетуді көздей отырып белгіленген. Ол шын мәнінде тарихи ауқымды өзгерістерге — халық шаруашылығын техникалық жағынан жаңадан қайта құруды, оны дамудың интенсивті арналарына көшіруді жүзеге асыруға, совет экономикасын ұйымдастыру мен тиімділіктің ең жоғары деңгейіне шығаруға бағытталған. Ал осының бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін жасалады.

Әлеуметтік салаға едәуір көбірек назар аударылды. Біздің партияның саясаты әлеуметтік тұрғыдан күшті болуға

Digitized by Google

тиіс, ол адам өмірінің бүкіл ауқымын— оның еңбегі мен тұрмысынан, денсаулық және демалыс жағдайларынан бастап әлеуметтік-таптық және ұлттық қатынастарға дейін түгел қамтитын болуға тиіс. Әлеуметтік мәселелерге, ғылымға және мәдениетке - назар аудару қажеттігі туралы айта келіп, Ленин былай деп жазды: «Бұл ең жақсы саясат болмақ, бұл мейлінше үнемді түрдегі шаруақорлық болмақ. Бұлай етпеген күнде біз, бірнеше жүз миллионды үнемдейміз деп жүріп, көп нәрседен айырылуымыз мүмкін, ал бұл айырылғанымыздың орнын ешқандай миллиардтар толтыра алмайды».

Біздің әлеуметтік салаға көзқарасымыз жобада нақ осы тұрғыдан айқындалған. Әлеуметтік саясатты партия елдің экономикалық дамуын жеделдетудің, бұқараның еңбектегі және қоғамдық-саяси белсенділігін көтерудің қуатты құралы деп, қоғамның саяси тұрақтылығының, жаңа адамды қалыптастырудың, социалистік өмір салтын баянды етудің маңызды факторы деп қарайды.

Біз жобаның совет қоғамының саяси системасын дамыту, халықтың социалистік өзін-өзі басқаруын барған сайын неғұрлым толық жүзеге асыру туралы қағидаларына принципті мән береміз.

Былай деп, жолдастар, барлық күшпен атап көрсеткім келеді: социалистік демократияны барынша кеңейтіп, тереңдетпейінше, яғни барлық еңбекшілердің, олардың коллективтері мен ұйымдарының мемлекеттік және қоғамдық өмірдің мәселелерін шешуге күнбе-күн, белсенді де пәрменді қатысуы үшін жағдайлар жасамайынша, біз ойдағыдай ілгері баса алмаймыз. Бұқараның инициативасы, күш-жігері, жаңды творчестводы, олардың жаңа қоғам жасау міндеттеріне саналы да мұдделі көзқарасы — Ленин социализмнің күш қуаты мен өміршеңдігінің аса маңызды қайнар көзі міне осында деп білді.

Біз өндіріс, мәдениет, басқару саласында аса күрделі міндеттерді шешуді қолға алып отырған бүгінгі таңда шын мәніндегі халықтық өкіметті кеңінен өрістету бұрынғыдан да зор маңызға ие болады. Жариялылықты кеңейтудегі, төменнен бақылауды күшейтудегі, барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметінде демократиялық негіздерді тереңдетудегі әрбір нақты қадам бағалы. Қысқасы, біз социализмнің демократиялық табиғатын, оның бұқара творчестводосынан нәр алатын өмірлік қажеттігін барынша толық пайдалануымыз керек.

Идеологиялық жұмыс саласындағы программалық нұсқаулар да әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетумен айырғысыз байланысты. Саяси ағартуды, идеялық ықпалды еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге, мемлекетті, өндірістік және қоғамдық істерді басқаруға барған сайын кең көлемде қатысуымен біріктіре отырып, адамдарды марксизм-ленинизм идеяларында тәрбиелеу, шыншыл сөзбен және нақты іспен тәрбиелеу керек. Жақсы ойластырылып, айырғысыз бірлікте алынған экономикалық стратегия, күшті әлеуметтік саясат және ысаналы идеялық тәрбие жұмысы арқылы ғана адам факторын жандандыруға болады, ал онсыз алға қойылған міндеттердің бірде-бірі шешіле алмайды. Бүгін таңда мәселе нақ осылай қойылып отыр.

Программаның жаңа редакциясында дүниежүзілік дамудың негізгі тенденциялары да жеткілікті түрде толық көрініс тапқан. Бұл — нақты социализм позицияларының одан әрі нығаюы, оның беделі мен ықпалының өсуі, өмірді әділетті бастауларға негіздеп жаңартуды жақтайтын халық бұқарасы ролінің артуы; бұл — дүние жүзіндегі оң өзгерістерге империализмнің реакциашыл, агрессиялық күштері тарапынан қарсы қимылдың үдеуі; бұл — социализм елдерін, халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалысты, ондаған жас тәуелсіз мемлекеттерді, соғысқа қарсы кең көлемді демократиялық қозғалыстарды біріктіріп отырған бейбітшілік потенциалының нығаюы. Біздің дәуірімізде дүниежүзілік дамудың жалпы бағытын айқындайтын да нақ осылардың өзара қимылы.

Аса ірі капиталистік державалардың саясатында өте хауіпті бұрылыс пайда болғанын бәріміз де көріп отырмыз. Уақыт ағымы, империализмнің, әсіресе американ империализмінің практикалық әрекеттері, бұл саясаттың мәнін барған сайын айқын әйгілеп отыр: ол — социализмнен әскери басымдыққа жету негізінде әлеуметтік қарымта қайтару, прогрессшіл, азаттық қозғалыстарын күшпен басып-жаншу, халықаралық шиеленісті, халықты жаппай қырып-жоятын қарудың жаңа түрлерін үсті-үстіне жасай беруді, космосты милитарландыруды ақтайтындай деңгейде ұстау.

Осының салдарынан халықаралық даму жанталаса қарулануға тосқауыл қою, соғысқа қарай ойысуды тоқтату бағытында мейлінше жауапты шешімдер қабылдамайынша өтуге болмастай шепке жетті. Адамзаттың өмір сүруінің өзіне қатер төндіретін хауіпті процестер бақылаудан шығып кетпесін десек, бұл шешімдерді кейінге қалдыруға болмайды. Милитаризм мен соғыс күштерін ауыздықтау, баянды бейбітшілік пен сенімді хауіпсіздікті қамтамасыз ету — қазіргі заманның түбегейлі проблемасы.

Дүниежүзілік аренада іс-қимыл жасайтын әлеуметтік, саяси күштер орасан көп болғандықтан, өмірлік маңызы бар проблемаларды шешудің жаңа жолдарын іздестіру дұрыс саяси бағыт белгілеу үшін олардың кей-кейде үйлеспейтін, тіпті қақтығысып қалатын мүдделерін реалистік тұрғыдан ескеріп отыруды талап етеді. Орталық Комитет Саяси Бю-

Digitized by Google

росының есептеуінше, Программаның жаңа редакциясы бұл үшін жақсы бағдарлар береді.

Ол біздің жер бетінде бейбітшілікті орнықтыру, әлеуметтік прогресс және халықтардың ұлттық азаттығы жөніндегі концепциямыздың біртұтас көрінісі болып табылады, онда саясаттың іргелі негіздері, мен айтар едім, оның мызғымас күйінде қала беретін басты тіректері тұжырымдалған. Сонымен бірге Программа партиямыздың халықаралық істер жөніндегі көзқарасының өрістілігін, оның жағдайдың өзгеруін дер кезінде ескере алатын, шындықтың бетіне тура қарайтын, болып жатқан оқиғаларға әділ баға беріп, кезеңнің талаптарына икемді ынғай білдіретін қабілетін көрсетеді.

Біз өзіміздің халықаралық саясатымыздың мақсаттары туралы, оларға жетудің жолдары туралы ашық айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда біздің саясатымызды алдын ала әбден болжауға болады, онда жұмбақты және күмәнді нәрселер жоқ. Бұл қарама-қарсы екі системаның бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік идеясына негізделген саясат. Біз қайшылықтарға толы ғасырымызда дүние жүзінің тағдыры үшін өз жауапкершілігін түсінетін мемлекеттер мен партияларға тек тұрақты және сенімді саясат қана лайық екенін басшылыққа аламыз.

Прогрессшіл күштер Программадан олардың күресімен біздің айнымас ынтымағымыздың, олардың көзқарастары мен позицияларын біздің құрметтейтініміздің, олардың бірлігін нығайту үшін жәрдемдесуге ұмтылатындығымыздың бейнесін көре алады; бұл өзі — нақты социалистік дүниенің, жұмысшы және коммунистік, ұлт-азаттық қозғалысының, реакция мен агрессияға қарсы, бейбітшілік пен прогресс жолындағы барлық қозғалыстардың бүкіл нәрлі арқауын қамтитын сан алуандықтың диалектикалық бірлігі.

Енді Негізгі бағыттардың жобасы туралы. Ол былайша айтқанда КПСС Программасының қағидаларына материалдық мазмұн беруге, ол қағидаларды Программаны жүзеге асырудың он екінші бесжылдық және 2000 жылға дейінгі дәуір сынды жауапты кезеңге сәйкестендіре нақты жоспарлы тапсырмалар тіліне аударуға тиіс.

Зор жұмыс жүргізілді, бірақ ол оңай, жеп-жеңіл атқарылған жоқ. Мұның өзі біздікіндей ауқымы орасан зор экономиканы дамытудың ғылыми негізделген перспективасын әзірлеудің оңай іс еместігінен ғана емес. Бұл әсіресе, оның алдына сапалық жаңа міндеттер қойылып отырғандығынан еді. Халық шаруашылығының қарқынына, пропорциясына және тиімділігіне ықпал ететін — және де түрліше ықпал ететін объективті факторлардың бүкіл жиынтығын ескеру керек болды.

Біз кадрларымыздың барлығының бірдей үйреншікті дағдыдан, ескі схемалардан, шаруашылықты экстенсивті әдіспен жүргізуге әуестіктен әлі де арылып болмағандығынан туындаған өзге де проблемаларға тап болдық. Жаңа жағдайда жұмыс істеуге, онекінші бесжылдықта интенсивтілік пен сапаға бастайтын түбегейлі бетбұрыстың негізін қалауға психологиялық жағынан жұрттың бәрі бірдей әзір болмай шықты. Мұндай пиғылдарды жоюға және, былайша айтқанда, қимыл үстінде, Негізгі бағыттарды әзірлеу жұмысы толық қарқынмен жүріп жатқан кезде жоюға тура келді. Бұл жерде резервтерді іздестіруге және бесжылдыққа арнап қауырт тапсырмалар әзірлеуге еңбек коллективтерін қатыстыру, республикалық, өлкелік және облыстық ұйымдардан бастап бастауыш ұйымдарға дейін — партия ұйымдарының белсенді позициясы зор роль атқарды.

Нәтижесінде көп нәрсені түзете алдық, сөйтіп бүгін талқыланып отырған жоба, Орталық Комитет Саяси Бюросының есептеуі бойынша, экономикалық өсуді жеделдету, сонымен бірге халықтың әл-ауқатын арттыру, экономикалық потенциалды нығайту және Отанымыздың қорғаныс қуатын тиісті дәрежеде ұстау сияқты стратегиялық міндеттерді шешу жөніндегі партияның программалық талаптарына негізінен сай келеді.

Айрықша мәнді бір факт: жаңа бесжылдықта ұлттық табыстың және материалдық өндірістің барлық салалары өнімінің үстеме өсімдері тұңғыш рет түгелдей еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынатын болады. Материал жұмсауды едәуір кеміту бағытында бесжылдыққа белгіленіп отырған шаралар үнемдеуді халық шаруашылығының қосымша материалдық ресурстар жөніндегі қажеттерін қанағаттандырудың шешуші көзіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру, күрделі қаржыны халық шаруашылығы дамуының басым бағыттарына шоғырландыру өткен кезге қарағанда неғұрлым жігерлі түрде жүзеге асырылатын болады. Басты назар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыруға және қайта құруға аударылады. Машина жасау, химия, электрон және электротехника өнеркәсібі жедел қарқынмен дамытылады. Машиналар мен жабдықтың ең жаңа үлгілерін шығару және прогресті материалдар мен технологияларды қолдану кеңейтіледі.

Бір сөзбен айтқанда, он екінші бесжылдықта тиімділік жағына қарай елеулі өзгеріс жасаудың негізі қаланады. Бірақ бұл бағытта түбегейлі бетбұрыс жасалуы үшін күш-жігерді бәсеңсітуге болмайды. Керісінше, оны еселей түсу қажет. Және мұнда да жоспарлау мен басқаруды, шаруашылық жүргізу әдістерін жетілдіру, істі ұйымдастыруды жақсарту, барлық учаскелерде тәртіп

Digitized by Google

пен жауапкершілікті нығайту, бұқараның творчестволық инициативасын барынша дамыту бірінші дәрежелі маңызға ие болады.

Үшінші мың жылдыққа таман белгіленген шептерге қол жетуі тиімділікке қарай бетбұрыстың қаншалықты тезірек аяқталуына, халық шаруашылығын техникалық жағынан жаңадан қайта құрудың жүзеге асырылуына байланысты болмақ. Алдағы он бес жылда аумағы жағынан шамамен Совет өкіметінің бұған дейінгі барлық жылдары ішінде жинақталған потенциалға тең келетіндей экономикалық потенциал жасау, ұлттық табыс пен өнеркәсіп өндірісінің көлемін екі есеге жуық арттыру көзделіп отыр. Еңбек өнімділігі 2,3—2,5 есе артады.

Мұның өзі адамдардың қажетін қанағаттандыруға жұмсалатын ресурстар көлемін екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Менің ойымша, ұсынылып отырған документ оның әлеуметтік программасының жүзеге асырылуы таяудағы үш бесжылдықта совет адамдарының тұрмыс дәрежесін сапалық жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік туғызады деп айту үшін бізге толық негіз береді.

Ішкі және халықаралық саясатта шешілетін міндеттердің ауқымдылығы, тереңдігі мен күрделілігі партиялық басшылық дәрежесіне жоғары жаңа талаптар қояды, партиялық жұмыстың барлық жақтарына жаңаша қарауды қажет етеді. Әлбетте, осының бәрі партияның негізгі заңы, біздің өміріміздің партиялық кодексі — КПСС Уставында көрініс табуға тиіс.

Уставтағы ұсынылып отырған өзгерістердің принципті мәні неде?

Егер тұжырып айтар болсақ, бұл, бір жағынан, ішкі партиялық демократияны одан әрі кеңейту, коммунистердің, партияның барлық ұйымдарының және ең алдымен бастауыш ұйымдардың инициативасы мен белсенділігін дамыту, ал екінші жағынан, ортақ істерді шешу жолындағы олардың жауапкершілігін арттыру. Ішкі партиялық өмір неғұрлым алуан түрлі, мазмұнды болған сайын, барлық өзекті мәселелерді — партия қатарына қабылдаудан бастап кадр саясатына дейінгі мәселелерді шешуде демократизм неғұрлым терең болған сайын партияның барлық қоғамдық процестерге тигізетін ықпалы да соншалық күшті әрі тиімді болмақ.

Уставта мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға партиялық басшылықтың негізгі принциптері де осы арнада дәлденеді. Солардың әрқайсысы өз міндеттерін толық көлемінде жүзеге асыруға тиіс, ал олардың қызметіне партиялық басшылық айқын-анық саяси сипатта болып, барлық буындарда және барлық деңгейлерде халықтың социалистік өзін-өзі басқаруын одан әрі дамытуға белсене көмектесуге тиіс. Ұсынылып отырған өзгерістер партия мүшесінің беделін, атағы мен маңызын, оның саяси жауынгер және бұқараның ұйымдастырушысы ретіндегі ролін, партияның сара бағыты мен директиваларын жүзеге асыру жолындағы жауапкершілігін арттыруға қызмет етеді.

Түтас алғанда, Уставқа енгізуге ұсынылып отырған өзгерістер оны өмір талаптарына сәйкес жаңа тұжырымдармен байытады, демократиялық централизмнің сыннан өткен принциптері негізінде партияны ұйымдық жағынан нығайтуға, еліміздің алдында тұрған жаңа міндеттер жағдайында КПСС-тің басшылық ролін арттыруға көмектесетін болады.

Жолдастар! Кеше Программа комиссиясының мәжілісі болды, енді ол партия Программасының жаңа редакциясының жобасын ұсынып отыр. Жобаны Пленумда талқылауымыз іскерлік тұрғыдан өткізіліп, жемісті болар деп ойлаймын. Бұл сөздер Негізгі бағыттардың жобасы мен КПСС Уставындағы ұсынылып отырған өзгерістерге де түгелдей қатысты.

Орталық Комитет Пленумының ұсынылған документтерді қабылдауы КПСС XXVII съезіне әзірліктің өте жауапты кезеңін — экономика мен саясаттың аса маңызды мәселелері бойынша партияның халықпен тікелей келелі кеңесу кезеңін ашып береді.

Саяси Бюро бұл документтерді жариялап, партия жиналыстарында, аудандық, қалалық, облыстық және өлкелік конференцияларда, одақтас республикалар Компартияларының съездерінде кеңінен талқылауды, ал Негізгі бағыттардың жобасын сонымен қатар еңбек коллективтеріндегі, оқу орындарындағы, әскер бөлімдеріндегі және қоғам ұйымдарындағы жиналыстарда қарауды ұсынады. Советтер, кәсіподақтар мен комсомол өз сөзін айтуға тиіс. Сан миллиондаған совет адамдарының — коммунистер мен партияда жоқтардың — жалпыпартиялық, жалпыхалықтық талқылауға қатысуы партияның болашаққа арналған бағытын жақсылап салғастыруға, барлық таптардың, халықтың барлық топтарының еркін, мүддесі мен қажетін толығырақ ескеруге мүмкіндік береді.

Талқылау процесінде біз қамтамасыз етуге тиісті ең басты нәрсе — іскерлік және нақты практикалық міндеттерді шешуге бағытталған нысаналылық. Жиналыстар мен дискуссиялардың даңғаза және әсіре ұйымдастырусыз, мазмұнды өтуіне күш салу қажет. Оларға басшы партия, мемлекет және шаруашылық кадрлары мейлінше белсеніп, тікелей қатысуға міндетті.

Еңбек коллективі, оның бастауыш ұйымдары—учаске мен бригада, ферма мен лаборатория съезд қарсаңындағы документтерді оқып-үйрену және түсіндіру жөніндегі бүкіл жұмыстың орталығына айналуға тиіс. Мұнда біздің істеріміз жайында, орасан зор резервтерді іске қосу, ресурстарды үнемді пайдала-

Digitized by Google

ну, орын алып отырған кемшіліктерді жою жайында, озық тәжірибені тарату жайында дәйекті әңгіме өрістету керек. Әрбір совет адамы партияның программалық мақсаттары мен міндеттерін, оның ішкі және сыртқы саясатының мәнісін жақсы түсініп, өзінің күнделікті жұмысын солармен байланыстыра білетін болуына күш салу маңызды.

Басқаша айтқанда, талқылауға әуел бастан жасампаздық-творчестволық сипат беру керек. Біздің дамуымыздың өзекті мәселелеріне жаңашылдықпен қарау, заманы өткен, ілгері жылжуға бөгет жасайтын нәрсенің бәрін батыл жою жөніндегі Орталық Комитеттің бағыты еңбекшілердің шексіз қолдауына ие болып отыр. Біз бүкіл халықтың ерік-жігері мен творчествосына сүйеніп, бұл бағытты алдағы уақытта да дәйекті түрде жүргізе береміз.

Съезд қарсаңындағы документтер пікірлер, ұсыныстар, хаттар тасқынын туғызатыны сөзсіз. Мемлекеттік маңызы зор пікірлермен қатар нақты мәселелер де қойылады, партия, совет, шаруашылық органдарының жұмысы жөнінде сын-ескертпелер айтылады. Бірде-бір пайдалы ой, бірде-бір ұсыныс назардан тыс қалмауға тиіс. Документтерді талқылау кезінде өздерінің сын-ескертпелері естілгенін, олардың ұсыныстары бойынша тиісті шаралар қолданылып жатқанын еңбекшілердің біліп отыруы маңызды. Біз үшін бұл принципті мәселе.

Нетізгі бағыттарды әзірлеу жұмысының тәжірибесін пайдалана отырып, оларды талқылаумен бір мезгілде бесжылдық жоспар жасауды қолға алған жөн болар еді. Мұның өзі оны съезден кейін көп кешіктірмей қарап, бекітуге мүмкіндік береді.

Съезге әзірліктің қорытындылаушы кезеңі бұқаралық информация және насихат құралдарына жоғары талаптар қояды. Олар бүкілхалықтық талқылаудың трибунасына айналуға, бұқараның идеяларын, пікірлерін, тәжірибесін жинақтауға, жоғары еңбек және идеялық— адамгершілік көңіл күйін қалыптастыруға тиіс, мұнсыз қандай да болсын жоспарларды жүзеге асыру мүмкін емес.

Жолдастар! Жасалған жоспарлар қаншалықты шабыттандырғыш болғанымен, белгіленген шептерге жоғары өнімді, қауырт еңбекпен ғана жетуге болады. Әрбір совет адамының, әрбір еңбек коллективінің, әрбір партия ұйымының нақты істері қазір ерекше қажет. Бұрынғыдан да белсенді қимылдар кезеңі туды, бүгін таңдағы басты мәселе осы, Партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдары бүкіл потенциалды, біздің барлық ресурстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, ең алдымен адам факторын алда тұрған міндеттерді дәйекті түрде орындау ісіне жұмылдыруға міндетті.

Біз мұндай жұмысты бастадық. Маңызды шешімдер қабылданды, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық салаларда ірі-ірі шаралар жүзеге асырылуда. Бұдан былай да белгіленген саяси бағыт рухында қимылдау, белгіленген бағытты мүлтіксіз жүргізу керек. Барлық істе тәртіп пен реттілікті нығайта отырып, моральдық және материалдық стимулдарды белсене пайдалана отырып, бұқараның инициативасы мен творчествосына барған сайын кең өріс аша отырып, ілгері қарай жылжу қарқынын бұдан былай да арттыра беру маңызды.

Бүкіл ұйымдастырушылық, саяси және шаруашылық күш-жігері, еңбек коллективтерінің бүкіл қажыр-қайраты үстіміздегі жылды да, жалпы бесжылдықты да ең жақсы нәтижелермен аяқтау, лениндік партиямыздың XXVII съезін лайықты қарсы алу ісіне жұмылдырылуға тиіс. Қазір бұл — ең шұғыл — әрі практикалық, әрі саяси міндет.

Тарихи тәжірибе мынаны көз жеткізе дәлелдейді: халықтың бақыты жайындағы ең асқақ арман, тіпті кемеңгер адамның бәсінен шықса да, егер миллиондардың ақыл-ойы мен жан-жүрегін баурап алмайтын болса, ол тек ізгі арман күйінде ғана қалады. Халық бұқарасының игілігі болған озық идеялар прогрестің қуатты қозғаушы күшіне айналады.

Лениндік партияның саясаты, оның ақыл-ойы мен ар-ожданы халықтың түсінігін, оның ой-ниетін, арман-тілегі мен үмітін дұрыс білдіреді. Сондықтан біз партия өзін арнаған коммунизмнің ұлы ісі жеңіп шығатынына кәміл сенеміз.

(Баяндама зор ықыласпен тыңдалып, ұзақ қол шапалақтан қарсы алынды).

Digitized by Google

ИНИЦИАТИВА КӨМЕКТЕСУДЕ



Ұ. РАСҚАЛИЕВА,
**Орал мех комбинатының тігіншісі,
КПСС XXVI съезінің делегаты, үгітші**

Біздің мех комбинатымыздың бұйымдарын халық үлкен сұраныспен пайдаланады. Бізде жыл сайын 30 жаңа үлгіге дейін игеріледі. Жуырда Алматыда өткен республикалық көтерме сауда-жәрмеңкеде мех пальтолар мен ерлер бешпеттерінің жоғары баға алғаны үлкеи қуаныш болды, оларға конструкторлардан бастап тігіншілерге дейін бүкіл комбинат коллективі қыруар еңбек жұмсады.

Алайда біздің өнімдеріміз сатып алушыларды толық қанағаттандырады деп айтуға әзірше болмайды: бұйымдар сапасына, үлгілерге реніштер айтылады. Біз өз жұмысымызға жоғары талапкершілік тұрғысынан қараймыз. Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасында жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын өндіруді барынша ұлғайту, түр-түрін көбейтіп, сапасын арттыру қарастырылған. Осыған қол жеткізу үшін өте көп әрі табанды еңбек ету қажет.

Қазір комбинатта технологиялық желіні қайта құру процесі жүріп жатыр. Оның біздің әрқайсымызға қатысы бар. Бертінде кәсіпорынымыз үгітшілерінің бәрі коллективтерде ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде он екінші бесжылдыққа көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдаған Волга автомобильшілерінің бастамасы бізде қалай қосталып отырғаны туралы әңгімелер өткізді. Комбинатымыздың даму перспективалары, оны техникалық жағынан қайта жарақтандыру туралы көптеген сұрақтар қойылды. Оларға жауап бере отырып, таяу уақытта бізге көмекке келетін машиналар жайында толық әңгімеледім. Алайда, техника қаншалықты жетілдірілгенмен оның жұмысы адамның оны қалай басқаратынына тәуелді екенін атап көрсеттім. Мысалға тігінші-моторист, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. Г. Бәкішеваны алайық. Оның бүкіл сменасы, былайша айтқанда, тіпті минут бойынша кестеленген. Жұмыс орны әрдайым алдын-ала әзірленеді. Сондықтан да ол бірде-бір артық қимыл жасамайды. Марфуға Ғабдірәсілқызы станоктарды жетік біледі, оларды әртүрлі режимдерде пайдалана алады және осының арқасында қызмет көрсету аймағын үнемі ұлғайтуда. Комбинатта КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс өрістеген кезде М. Г. Бәкішева бұйымдардың бәрін тек қана жоғары сапамен шығару жолындағы көп станокшылар қозғалысының инициаторы болды.

Творчестволық күш-жігерге толы адамдар бізде аз емес. Мысалы, 110 өндіріс озаты жеке бесжылдық тапсырмаларын орындағандары туралы рапорт тапсырды, 20 жұмысшы алты жылдық норманы атқарып шықты. Ал еңбек ардагері, «Құрмет Белгісі» және III дәрежелі Еңбек Даңқы орденерінің иегері, бояушы В. Г. Бармин, мехты өңдеуші Р. С. Садықова, теріні шелдеуші Н. С. Зигаишин, тері илеуші-пішуші Н. Л. Данилова 1987 жылдың есебіне еңбек етуде.

Бізде нақ осы озаттар үнем мен ұқыптылық жолындағы күресті бастаушылар болды. Жыл басынан бері комбинатта 1800 мың шаршы дециметрге жуық шикізат, 63 мың шаршы

Digitized by Google

дециметр мех жартылай фабрикаты үнемделді.

Үгітшілер де КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы күресте өз орындарын анықтады. Таңдаулылар үлгісі арқылы тәрбиелей отырып, олар адамдардың өз қабілеттерін толығырақ ашуына, творчестволықпен, тиімдірек жұмыс істеуіне ықпал етеді. А. С. Белова, Н. И. Ильина, Л. П. Чернова және басқалар үгіт жұмысын жақсы жүргізуде. Біздің басты назарымыз «Бірде-бір артта қалушы болмасын!» ұранымен өтіп жатқан қозғалысты өрістетуге шоғырланған.

Өкінішке қарай, кәсіпорында өнімділік нормасын орындамайтын, еңбек және өндірістік тәртіпті бұзатын қызметкерлер әлі де бар. Адамдарды қатарға қосып, коллективтерде өзара талапкершілік ахуалын жасау үшін көптеген коммунистеріміз артта қалған учаскелерге баруда. Мысалы, мастер Ғалия Байдоллақызы Рамазанова осылай етті. Бешпеттер мен қолғаптар тігу жөніндегі учаскеде тәжірибелі жұмысшы әйелдердің құрметті демалысқа шығуына байланысты қиын жағдай қалыптасқан кезде тәжірибелі мастер осындағы комсомол-жастар бригадасын басқарды. Ол жаңадан келген жастардың кәсіптік жағынан өсуіне, азамат болып қалыптасуына көп күш жұмсады. Қазір осы коллектив социалистік жарыс көшін бастаушы болып табылады, комбинатта алғашқылардың бірі болып бірыңғай нарядқа ауысты. Ол партия съезінің ашылуына дейін бесжылдықтың алғашқы жылының екі айының жоспарын орындауға міндеттеме алды. Сондай-ақ артта қалушы коллективтерге ауысқан коммунистер Н. Н. Панченко мен Л. Ф. Шарапова да өз коллективтерін озаттар қатарына шығарды.

Біздер, үгітшілер, әңгімелерде осындай мысалдарды жиі келтіреміз. Өйткені іске осындай инициативалы қарым-қатынасты талап ететін өндіріс учаскелері бізде әлі де бар. Мысалы, кәсіпорнымызда қол еңбегінің үлесі көп-ақ. Қолайлы жағдайлар учаскелердің бәрінде бірдей жасалмаған. Әрине, біз алдағы бесжылдыққа белгіленген кәсіпорынды техникалық жағынан қайта жарақтандырудан көп нәрсе күтеміз. Дегенмен бүгінде де біраз нәрсе атқаруға болады. Бұл үшін жұмыс орындарын аттестациялау мен рационализациялауды белсендірек жүргізу, мамандардың өндірісті жетілдірудегі ролін көтеру керек.

Комбинат коллективінің межелері жоғары. Біз КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіне он бірінші бесжылдық тапсырмасын 11 декабрьде — белгіленген мерзімнен 9 күн бұрын орындауға міндеттендік. Ал мұның өзі тұтынушылар жоспардан тыс 1800 мың сомның, оның ішінде 285 мың сомның «Н» индексі бар товарын алады деген сөз. Мұның өзі біздің халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың Комплексті программасын жүзеге асыруға қосар алғашқы үлесіміз болады.

Резервтердің бәрі іске қосылсын

Еліміздің жеңіл өнеркәсібінде өндірістің 1% өсімі қосымша

16 мың тоннадан астам мақта матасын,
4,5 мың тонна жүн жібін,
7 миллионнан астам аяқ киімді береді.

Digitized by Google

Орал облысы революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне бай. Мұнда осы заманғы озық индустрия құрылған, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс мықтап дами түсті. Оның заводтары мен фабрикаларының өнімдері бүгінде еліміздің көптеген мүйістеріне беріледі, шетелдерге шығарылады. КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес облыста қысқа мерзім ішінде Қарашығанақ газ конденсаты қойнауын игеру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізілді.

Съезд қарсаңындағы екпінді вахтада жұмыс істей отырып, Орал өңірінің еңбекшілері үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде облыста өнеркәсіп өнімінің көлемін өткен жылғы дәрежеге қарағанда 10 процент көбейтті. Жоспардан тыс 6 миллиондай сомның бұйымы шығарылды. Сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру мен өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды.

Облыста К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводы, «Омега» прибор жасау заводы, К. Цеткин атындағы тігін фабрикасы, «Орал» совхозы коллективтері партия форумын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс инициаторлары болды. Мысалы, «Орал» совхозының еңбеккерлері сүт тапсыру жөнінен тоқсандық жоспарды және ет тапсыру жөнінен жарты жылдық жоспарды съезд ашылар күнге дейін орындауды ұйғарды.

Облыста «АвтоВАЗ» коллективінің бастамасы кеңінен қолдау тапты. Жөндеу заводы, «Дорстроймате-риалы» бірлестігі, мех комбинаты, мебель фабрикасы, «Уральскколхозстрой» тресі, «Пятимарский» асыл тұқымды жылқы заводы және басқа да көптеген кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар қызметкерлері алдағы бесжылдыққа жоғары міндеттемелер қабылдады. Орал қаласында ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске белсенді енгізуді, барлық резервтерді барынша толық пайдалануды және осы негізде еңбек өнімділігін күрт арттыруды қамтамасыз етуді қарастыратын «Ускорение» комплексті мақсатты программасы жасалып, белсенді жүзеге асырылуда.

Орал өңірінің егіншілері үстіміздегі жылдың егінін дер кезінде және сапалы жинап алды. Жәнібек, Бөрлі, Теректі, Приурал және Зеленый аудандарының еңбеккерлері мол астыққа анағұрлым үлкен үлес қосты.

ЖАҢА САЛА

«Казахгазпром» бірлестігінің коллективі Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін екінші миллиард текше метр газ өндіруге міндеттенді. Бұл Орал өңірі жаңа саласының тұңғышы — Қарашығанақ газ конденсаты қойнауын игеріп жатқан республикадағы ең жас кәсіпорындардың бірі. Мұнда өткен жылдың өзінде ғана тәжірибе-өнеркәсіптік комплекс іске қосылды. Осы уақыт ішінде коллективтің нақты да жатық жұмысы арқасында бірнеше маңызды асулар алынды. Мысалы, май айында газшылар қойнау игерілген сәттен бері бірінші миллиард текше метр газ өндіргендері туралы рапорт берді. Сентябрьде жобада қарастырылған газ конденсатын өндіру жөніндегі деңгейге мерзімінен бір апта бұрын қол жетті.

Газ өндіру жөніндегі операторлар коммунистер В. Ф. Соболев, А. Мұхаметқалиев, М. Молчанов, Г. Ш. Кәрімов және басқалар қойнауды игеруге үлкен үлес қосуда. Бұрғылау мастері, Ленин орденінің иегері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Ж. Жарылғасов бригадасының инициативасы бойынша бірлестікте еңбек коллективтерінің КПСС XXVII съезі атындағы коллектив аталу правосы үшін жарысы өрістеді.

ТИЯНАҚТЫ РЕНТАБЕЛЬДІЛІК

Жымпиты ауданының «Правда» газеті атындағы совхозы фермаларының қызметкерлері он бірінші бесжылдықта 18 мыңнан астам бұзау алды. Тапсырмадан тыс ірі қара мал төлінің оннан астам жаңа табыны өсірілді.

Сауын мал табындарының көптеген малшылары өте жақсы жұмыс істеді. Олардың арасында жүз сиырдан 92 бұзаудан алып өсірген мирасқор малшылар Мүкер Жәлитов, Тілеу Сықов, Атабай Құрманов біріншілікті берік ұстап келеді.

Правдалықтар совхоздың мал шаруашылығы комплексінен үлкен қайтарым алуда, сауын мал табындарынан берілетін ірі қара мал төлін өнеркәсіптік бордақылау мен өсіру ұйымдастырылған.

Мал шаруашылығының рентабельділігі жоспарлы деңгейден 1,5 есе асып түседі. Өсімдік шаруашылығы да үлкен кіріс беруде. Үстіміздегі жылы мемлекетке бір жарым миллионнан астам пұт астық тапсырылды.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА

ҮНЕМДЕЛГЕН ОТЫНМЕН

Орал локомотив депосының коллективі облыста алрашқылардың бірі болып үстіміздегі жылы үнемделген отын-энергетика ресурстарымен екі күн жұмыс істеді. Үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде мұнда 1200 тонна дизель отынын үнемдей алды. Жыл соңына дейін тағы да 400 тонна үнемдеу жоспарлануда. Мұның өзі әрбір локомотив бригадасының үнемделген отынмен екі составтан жүргізуіне мүмкіндік береді.



К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводының коллективі Орал қаласындағы № 3 орта мектепке үлкен қамқорлық көмек көрсетеді. Кәсіпорында мектеп цехы ашылды, онда сегізінші класс оқушылары өндірістік практикадан өтеді. Олар тәлімгер-жұмысшылардың көмегімен осы заманғы станоктарда токарьлар мен фрезершілер кәсіптерін меңгереді.

Суретте: завод ардагері, токарь-реттеуші Г. Н. Рыбин өз білімін қыздармен іскер алмасуда.

Суретті түсірген Ф. САЛЬНИКОВ (ҚазТАГ).

КОМСОМОЛ ЖОЛДАМАСЫМЕН

Ақсай құрама жем заводы іске қосылғаннан кейін СССР Дайындау министрлігі жүйесінде осы бағыттағы аса ірі кәсіпорын болады. Қазір мұнда құрылыс жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізілуде. Осы объекті республикалық комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Жуырда оралдық комсомол отряды осында келді. Еріктілер арасында жас инженер С. Ғабдуллин, орта кәсіптік-техникалық училище түлектері Э. Сәрсенова, М. Таштамышева, Л. Смирнов, В. Юртаев және басқалар бар. Олар заводтың бас корпусының монтажын жүргізуде.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЭСТАФЕТАСЫ

Оралда партияның жоғары форумына арналған еңбек және мәдениет эстафетасы өтуде. Оның барысында еңбек коллективтері социалистік міндеттемелерді орындағандары туралы есеп беруде, техникалық творчество көрмесі, көркемөнерпаздар байқауы өтуде.

Жуырда мебель фабрикасы еңбеккерлерінің К. Цеткин атындағы тігін фабрикасы коллективіне эстафета тапсыруы өтті. Осы оқиғаға арналған кеште III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, тігінші В. П. Донскова, мебель фабрикасының озат бригадирі С. А. Второва, басқа да өндіріс озаттары тәжірибе алмасты. Ал осы кәсіпорындар коллективтерінде жұмыс үдей түскен. Мәселен, тігіншілер аса жаңа технологияны енгізу есебінен үстіміздегі жылы еңбек өнімділігін үштен біріне арттыруға міндеттенді, ал мебель фабрикасының коллективі кәсіпорынды қайта құру арқасында өнім шығаруды екі есе ұлғайтты.

ДЕНСАУЛЫҚ КОМПЛЕКСТЕРІ

Ірі қалалық сауықтыру орындарының үлгісімен Калмыково селосында медициналық комплекс құрылды. Аудандық жаңа аурухана осы заманғы жабдықтармен жарақтанған, онда он бес мамандық бойынша дәрігерлер еңбек етеді. Осындай комплекстер үстіміздегі бесжылдықта Жаңақала, Зеленый, Жымпиты және Орал өңірінің басқа да аудандарында салынды.

Digitized by Google

УАҚЫТ ТАЛАБЫНА ІЛЕСЕЙІК



А. ПЛАХИНА,
Алматы облысы Қаскелең ауданының «Каменка» асыл тұқымды мал заводының сауыншысы, Социалистік Еңбек Ері, үгітші

Біздің шаруашылықтан сүт құйылған автомашиналар күн сайын жөнелтіледі. Ондаған мыңдаған алматылықтар біздің өнімімізді алады. Үстіміздегі бесжылдықта шаруашылықта сүт өндіру 12 процент өсті.

Дегенмен, халықтың сүт тағамдарына қажеті әлі де орасан зор екенін жақсы білеміз, және мұның өзі біздің әрқайсысымызды сүт сауууды молайту үшін резервтерді табандылықпен іздестіруге мәжбүр етеді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Целиноградта партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзін малшыларымыз қызу мүдделілікпен қарсы алды.

М. С. Горбачевтің сөзін оқи отырып, мен мал шаруашылығын дамытудағы негізгі бағыт мал санын көбейту емес, мал өнімдері сапасын жақсарту және арттыру туралы сөздерге көңіл бөлдім. Малдың құнарсыз тұқымы көбіне малшылардың күш-жігерін зая кетіретінін өз жұмысымның тәжірибесінен білемін. Қаншама жемшөп сүтке айналмай зая кетеді. Сондықтан да жыл сайын жалпы жоспардың орындалуына қалай да қол жеткізу үшін мал санын өсіруге тура келеді.

Біздің шаруашылық базасында асыл тұқымды мал заводы құрылған «Каменка» совхозындағы түбегейлі қайта құру кезеңін еске түсіремін. Сиырлар сол кезде жылына орта есеппен 3000 килограмм сүт берсе де онда алдымызға сауын малдың құнарлылығын түбегейлі арттыруға қол жеткізу міндетін қойдық.

Біздің мамандардың, бүкіл малшылар коллектнвінің мақсатты және сауатты жұмысы шаруашылықтың бүгінгі бес мың килограмдық сүт сауууға жол ашуына көмектескен түйін болды. Швицкілік селекциялық бұқалармен жақсартылған асыл тұқымды алатау малы қазір «Каменка» заводының мақтанышы, шаруашылық байлығы. Өткен жылы біз әр сауын сиырдан орта есеппен 5195 килограмнан өнім алдық, оның 99 процентін бірінші сортпен тапсырдық. Үстіміздегі жылы осы нәтижеден де асып түсетініміз бәрінен айқын көрініп отыр. Коллективтің жоғары жетістіктеріне өз үлесімді қосып отырғанымды мақтаныш етемін. Өткен жылы өзіме бекітілген 13 сиырдың әрқайсысынан 7958 килограмнан сүт сауууға қол жеткіздім. Қазір сегіз мың килограмдық асуды алуға ұмтылудамын.

Хабардар емес адамға осының бәрі бізге оңай: құнарлы табынды алғандықтан нәтижелердің де жоғары болып көрінуі мүмкін. Бұл, әрине, олай емес.

Малдың жоғары қайтарым беруі үшін оған мұқият күтім жасау, еңбекті жақсы ұйымдастыру, фермалардағы жоғары мәдениеттілік қажет. Онсыз ештеңе шықпайды. Осы жұмыстың бәріне коммунистер басшылық жасады. Біздің фермада партия мүшелері сауыншылар В. С. Дордий, Ш. Мұхамеджарова, Е. Я. Пономарева, малшы Н. Қасымов жеке үлгі-өнегелерімен, іске деген өздерінің қарым-қатынасымен коллективті соңдарынан ерте білді.

Бізде теңдестіре азықтандыруды жолға қою үшін өте көп жұмыс атқа-

Digitized by Google

рылды. Бізде жемшөп цехтары нашар жұмыс істейді деуге болмайды. Бірақ сенімділік, жатықтылық жетіспеді. Партия комитеті осы учаскені коммунистермен, тәжірибелі қызметкерлермен нығайтты. Жемшөп цехтарының жұмысшылары социалистік жарысқа қатыса бастады. Олардың еңбегіне ақы төлеу фермаларда алынатын сүттің мөлшері мен сапасына тәуелді етіп қойылды. Адамдар айтарлықтай ширай түсті. Міне оның нәтижесі мынадай: қазір жемшөп цехтарының сенімді жұмысы, барлық резервтерді толық пайдалану есебінен астықты мал азығына жұмсау 20 процент қысқарды, ал малдың құнарлылығы өсті.

Шаруашылық партия ұйымының еңбекшілерді жоспарлар мен міндеттемелерді табысты орындауға жұмылдыру, тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту жөніндегі жұмыс тәжірибесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында мақұлданды. Осы жоғары баға бізді қол жеткенмен тоқырап қалмай, шаруашылықтың өндірістік қызметінің түйінді мәселелерін бұрынғыша басты назарда ұстауға, адамдарды анағұрлым жоғары асуларға бастауға міндеттейді.

Бізде бригадалық мердігерлік едәуір қиындықпен, сонда да ортақ күш-жігердің, әрбір адамның мүдделілігінің арқасында енгізілуде. Партком мүшесі сауыншы В. А. Кузьменконың партия жиналысында фермаларда осы прогрестік әдістің баяу таратылып жатқаны туралы мәселені өткір қойғаны есімізде.

— Еңбекті ұйымдастырудың жаңа формасы түпкі нәтижеге өзінен-өзі үгіттейді, — деді Валентина Алексеевна, — Фатима Мурадованың овощ өсірушілер звеносын алайық: мердігерлікпен жұмыс істей отырып, осы коллектив бесжылдықты үш жарым жыл ішінде орындады. Мұнда помидорды гектарына 515 центнерден — аудан бойынша екі еседен астам көп алады. Біздің өндірісіміздің бағытын анықтайтын фермаларда мердігерлік туралы енді ғана жүрексіне айта бастады.

Осы жиналыста үстіміздегі жылы коллективтік мердігерлікті барлық өндірістік учаскелерде, бригадалар мен звеноларда енгізу туралы шешім қабылданды. Фермаларда шаруашылық есепті тарату жөніндегі түсінік және ұйымдық жұмыста үгітшілердің атқаратын ролі ерекше атап көрсетілді.

Қабылданған шешімдердің нақты жемістері қазірдің өзінде көрінді: малшылардың барлық коллективтері жаңаша жұмыс істейді. Дегенмен бәрі бірдей соңына дейін жеткізілген жоқ. Мұның жеке жұмыс жоспарында, мысалы, жемшөптің өнімсіз жұмсалуын қысқартуға көмектесетін чек жүйесін енгізу, еңбекке қатысу коэффициентін т. б. қолдану сияқты түсіндіруді талап ететін мәселелер ерекше белгіленген.

Целиноградта өткен кеңес ұсынған міндеттерді талқылай отырып, коммунистер жұмыстағы кемшіліктерді жоюдың нақты жоспарларын белгіледі. Мал шаруашылығында ондай негізгі кемшілік — өнімнің өзіндік құнының жоғары болуы. Шаруашылық сүттің бір тоннасына 288 сом жұмсайды. Біз оның өзіндік құнын кеміту жолдарын белгіледік. Демек, С. Б. Качиев басқаратын № 3 бөлімше фермасының жұмысын талдау жемшөп тасымалдауда, малшыларға сеніп тапсырылған техниканы пайдалануда негізінен өнімсіз шығындарға жол берілетінін көрсетті. Сүттің әрбір грамы тракторларды бос айдау, оларды тиімді пайдаланбау салдарынан қымбаттайды. Механизаторлардың, инженерлік служба басшыларының техниканы пайдалану жолындағы дербес жауапкершілігін арттыру ұйғарылды.

Осы шаралар бүкіл коллективтің нақты және жатық жұмысына қол жеткізуімізге көмектеседі. Бізде еңбек ету үшін жақсы жағдай жасалған. Жуырда жаңа мал шаруашылығы комплексі іске қосылды, онда жуынатын, кір жуатын бөлмелер, медициналық кабинеттер, заттарды химиялық жолмен тазалаудың қабылдау пункттері бар. Осындай қамқорлық жағдайында жұмыс та қызу атқарылады. Комплекске жастар да ықыласпен келуде, бізде кадрлар тапшылығы туралы проблема жоқ.

Уақыт, партия талаптарына ілесу— шаруашылық басшыларының, мамандарының, асыл тұқымды мал заводымыздың еңбеккерлерінің алға қойған міндеті осындай.

Digitized by Google

ПАВЛОДАРЛЫҚТАР ҮНДЕУІ

Әңгімелерде осы жайында айтыңыздар

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Павлодар облысы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің 1985—1986 жылдың қысқы маусымында мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу, мал шаруашылық өнімін өндіру мен дайындауды ұлғайту жөнінде республика совхоздары мен колхоздарының, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс кәсіпорындары мен ұйымдарының барлық еңбеккерлеріне арнаған үндеуін мақұлдады.

Партияның өндірісті интенсивтендіру бағытын, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінде айтқан кеңестері мен нұсқауларын бірауыздан қостай отырып, павлодарлықтар мал шаруашылығы өндірісінің барлық резервтерін барынша толық пайдалануға, саланың ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге ұйғарды. Олар қысқы маусымда кемінде 60 мың тонна ет (тірідей салмақпен), 140 мың тонна сүт, 125 миллион жұмыртқа өндіреді. Мемлекетке 71 мың тонна ет, 137 мың тонна сүт және 113 мың жұмыртқа сату, 1985 жылдың IV тоқсанының және 1986 жылдың бірінші жартысының жоспарларын асыра орындау белгіленді.

Бұл үшін облыста қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Биыл тұңғыш рет 1,8 миллион тоннадан астам жай және 2,6 миллион тонна балғын шөп дайындалды. Малдың жемшөппен қамтамасыз етілуі шартты бір малға шаққанда 20,5 центнер өлшемді жемшөпке жеткізілді немесе өткен жылдың мал қыстатылуы кезіндегіден үштен біріндей көп. Малға жай, балғын шөп негізінен ұқсатылған, ал астықты жем ашытылған түрінде беріледі. Рационда белокты, витаминді және минералды қоспалар, басқа да биологиялық белсенді препараттар, тамақ қалдықтары, сүт және ет өнеркәсібінің ұқсату өнімдері кеңінен пайдаланылатын болады. 60 мың ірі қараны интенсивті бордақылауға қою ұйғарылды. Оның етке өткізудегі орташа салмағын 400, шошқаны — 110 және қойды 39 килограмға жеткізу белгіленді. Ірі қараның орташа тәуліктік салмақ қосуын кемінде 500 грамға жеткізіп, малдың 70 процентін жоғары қондылықпен өткізу жоспарлануда. Қысқы маусымда әр сиырға шаққанда сүт сауу 1320 килограмм құрауға тиіс, бұл өткен мал қыстату кезеңіне қарағанда 50 килограмм көп.

Фермаларда комплексті механикаландыру дәрежесі 80 процентке дейін артады. Сүт фермаларының кемінде тең жартысын тасқынды-цехтық технологияға ауыстыру белгіленді.

Фермаларда үнем мен ұқыптылыққа, өзіндік құнды кемітуге, еңбек өнімділігін арттыруға, бригадалық мердігерлік пен шаруашылық есепті одан әрі енгізуге айрықша назар аударылуда. Бір мыңнан астам коллектив ынтымақ негізінде еңбек етеді, олар мал шаруашылық өнімінің жалпы мөлшерінің кемінде үштен бірін өндіреді.

Бұл күндері аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жөніндегі әріптестер жұмысты жандандыра түсті. Облыстық «Сельхозэнерго» бірлестігінің кәсіпорындары 420 резервтік дизель электр станциясын қыс жағдайында жұмыс істеуге қазірден өзірлеп қойды. «Павлодарэнергоның» аудандық басқармасы мал шаруашылық объектілерін электрмен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыру жөніндегі шаралар комплексін жүзеге асыруда. Облыстық «Сельхозтехника» қызметкерлері ферма жабдықтарына техникалық қызмет көрсету көлемін 10 процент ұлғайтады. Ет, сүт, құрама жем өнеркәсібі орындарының, автомобиль транспорты кәсіпорындарының коллективтері бұл іске сүбелі үлес қосады.

Озық тәжірибені жедел түрде қорытып, таратып отыру, иесіздік пен ысырапқорлыққа қарсы күресті күшейту шаралары қабылданды. Мал шаруашылық бригадаларын кадрлармен жасақтау, тәлімгерлікті дамыту, адамдар үшін тиісті өндірістік және мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінен көбірек қамқорлық жасалуда. Фермаларда малшылар үйлері, қоғамдық тамақтандыру пункттері жабдықталуда. Фермаларға тұрмыс қажетін өтеу, сауда және денсаулық сақтау қызметкерлерінің жүйелі түрде қызмет көрсетуі жолға қойылуда.

Ферма, шаруашылық коллективтері және аудандар арасында жарыс туралы шарттар бекітілді. Павлодарлықтар республика малшыларын, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлерін өздерінен өнеге алуға, қысқы маусымда мал өнімділігін едәуір арттыруға, ет, сүт және басқа өнімдер өндіріп, дайындауды ұлғайтуға, олардың сапасын жақсартуға, 1985 жылды ойдағыдай аяқтап, 1986 жылдың жоспарларын орындауға шақырды. Сөйтіп еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға лайықты үлес қосылады.

Павлодар облысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің үндеуі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің олардың инициативасын мақұлдау туралы шешімі 1985 жылғы 5 октябрьде республикалық және облыстық газеттерде жарияланды.

Digitized by Google

СОВЕТ АДАМДАРЫ ҮШІН

Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасы баспасөзде жарияланды. Ол КПСС XXVI съезінің шешімдеріне сәйкес талдап жасалған және СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогресс негізінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жөнінде партия алға қойған міндетке сәйкес программа халық тұтынатын товарлар өндіруді барынша ұлғайтуды, түр-түрін көбейтіп, сапасын арттыруды және халыққа көрсетілетін қызметті дамытуды көздейді, халық шаруашылығының барлық салаларының күш-жігерін азық-түліктік емес товарлар өндіру мен өткізуді, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы таяудағы және перспективалы міндеттерді шешуге жұмылдырады.

Белгіленген шараларды жүзеге асыру халық тұтынатын товарлар өндіруді және қызмет көрсету саласын сапалық жаңа деңгейге көтеруге, совет адамдарының алуан түрлі қажеттерін толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Азық-түліктік емес товарларды өндірудің көлемі үстіміздегі жылмен салыстырғанда 1990 жылы 1,3 есе, ал 2000 жылы шамамен екі есе көбейеді. Халық матаны, аяқ киімді, мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы товарларды анағұрлым көп алатын болады. Егер қазір 100 семьяға, мәселен, 96 телевизордан келсе, енді келесі бесжылдықтың соңында олар 108, ал 2000 жылға қарай — 135 телевизордан болады. Осы цифрлар тоңазытқыштар түрғысынан 90, 94 және 112, кір жуатын машиналар түрғысынан — 70, 72 және 93, электр шаңсорғыштар жөнінен — 39, 49 және 65 данадан болады. Сапасы жақсартылған жаңа бұйымдарға бірінші кезекті көңіл бөлуге бағдар алынды.

Сауда жедел қарқынмен ілгері басатын болады. Оның коллективтері халыққа қызмет көрсетуді түбірінен жақсартып, шығарылатын өнеркәсіп бұйымдарының түр-түрін қалыптастырып, сапасын арттыруға саланың ықпалын шұғыл күшейтуге, товар алуға кететін уақытты едәуір қысқартатын қызмет көрсетудің прогресті, халыққа қолайлы формаларын белсене енгізуге міндетті. Материалдық-техникалық база одан әрі нығайтылып, жетілдіріле түседі. Он екінші бесжылдықтың соңына қарай мың тұрғынға шаққандағы магазиндердің сауда алаңымен қамтамасыз етілуі қалаларда 200 шаршы метрге дейін және селолық жерде — 210 шаршы метрге дейін жеткізілуге тиіс. 1990 жылға дейін еңбекшілердің жұмыс орны бойынша қоғамдық тамақтандыру қажетін толық қанағаттандыру белгіленді.

Комплексті программада халыққа көрсетілетін ақылы қызметтің барлық түрін дамытуға да сонша келелі көңіл бөлінуде. 2000 жылға қарай олардың көлемі 2 еседен астам, оның ішінде келесі бесжылдықта 1,3—1,4 есе өседі. Дегенмен істің мәні сан көрсеткіштерінде ғана емес. Программада көрсетілетін қызметтің түр-түрін барынша дамыту, адамдар барлық жерде бірдей олардың көтеріңкі сұранымен пайдаланылатынын қабылдай алуы көзделген. Демек, он екінші бесжылдықта халықтың құрылыс материалдарына, санитарлық-техникалық жабдықтарға, бақ үйлеріне, бақша-огород аспаптары мен құралдарына деген сұранымы толығынан қанағаттандырылатын болады. Меншікті қосалқы шаруашылықтар мен бақ учаскелерінде еңбекті механикаландыруға арналған машиналардың түр-түрі — өсімдік шаруашылығында шағын механикаландыру құралдары, ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсатуға арналған түрлі тетіктер топтамасы бар универсалды машиналар, мотошалғылар, топырақты өңдеуге арналған құралдар топтамасы бар шағын көлемді тракторлар, жемшөпті ұқсатуға арналған қондырғылар және басқа машиналар көбейтіледі.

Белгіленіп отырған жоспарлар ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін, осы заманғы технология мен озық тәжірибені кеңінен енгізуге сүйенуде.

Комплексті программада атап көрсетілгеніндей, әрбір одақтас республика тағайындалған тапсырмаларды жүзеге асыруға сүбелі үлес қосуға тиіс. Ол өз территориясында орналасқан кәсіпорындардың бәрін, қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, осы міндеттерді шешуге қатыстыруға тиіс.

Қазақ ССР-інде мыналар белгіленген:

— Қайта құру және техникамен қай-

Digitized by Google

та жарақтандыру есебінен де, жеңіл және жергілікті өнеркәсіп орындарын жаңадан салу есебінен де товарлар шығаратын өндірістік қуаттарды дамыту жеделдетілсін. Республика территориясында орналасқан СССР министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындарында мәдени-тұрмыстық және шаруашылық товарларын шығару ұлғайтылсын. Халықтың киім, аяқ киім, мата және халық тұтынатын басқа да товарлар жөніндегі қажеттерін негізінен республикада шығару есебінен неғұрлым толық қанағаттандыру қамтамасыз етілсін.

— 200 миллион шаршы метр мақтамата және 75 миллион шаршы метр жібек мата шығаратын қуаттар іске қосылсын, шұлық-ұйлық, трикотаж және тігулі бұйымдар, тоқылмаған материалдар шығаратын фабрикалар, 7 аяқ киім фабрикасы, 2 былғары заводы салынсын. 1990 жылы 385 миллион шаршы метр және 2000 жылы 666 миллион шаршы метр мата, тиісінше 135 және 189 миллион дана трикотаж бұйымдары, 37 және 44 миллион пар аяқ киім шығарылсын.

— Әсіресе ірі өнеркәсіп комплекстері құрылып жатқан аудандарда халыққа сауда және тұрмыстық қызмет көрсету, село халқына қызмет көрсетудің жылжымалы формалары озық қарқынмен дамытылсын. Халықты сумен жабдықтау жақсартылсын, канализация жүйелері ұзартылсын. Республика тұрғындарының санаторий-курорттық және туристік-экскурсиялық қызметпен қамтамасыз етілуі арттырылсын, Шымбұлақ шатқалында тау шаңғысы комплексі дамытылсын.

Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасын қабылдау Ленниндік партияның совет халқының игілігі туралы қамқорлығының жаңа жарқын көрінісі болып табылады. Белгіленген программаны жүзеге асыруға қатысушы әр адам оны орындауға өз үлесін қосуға тиіс.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ НАСИХАТТАЛУДА

Б. ЖҰМАШЕВ,
Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің директоры

Республика халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қызметі аяқталар жылдың және тұтасынан бесжылдықтың жоспары мен міндеттемесін мерзімінен бұрын орындау, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу жолында күресуші еңбек коллективтерінің табыстары мен тәжірибесін кеңінен көрсетуге бағытталған. Салалық павильондардың экспозициялары, тақырыптық көрмелер, стендтер республика еңбекшілерінің экономиканы интенсивті арнаға ауыстырудағы, ғылыми-техникалық прогресті тездетудегі творчестволық белсенділігін бейнелейді.

Бас павильон алаңында орналастырылған салааралық мерекелік «Стахановтық қозғалысқа — 50 жыл» тақырыптық көрмесі келушілерде зор ықылас тудыруда. Оның материалдары Қазақстанның алғашқы стахановшыларымен, олардың рекордты көрсеткіштерімен таныстырады.

Жаңашылдық қозғалыстың дәстүрлері бүгінде де сақталған. Республикада социалистік жарысқа 6 миллион еңбекші қатысады. Олардың көпшілігі он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтады. Стахановтық қозғалыстың мүшелді мерекесіне арналған көрмеде «Богатырь разрезінен Б. Мұқышев басқаратын экскаваторшылардың кешенді бригадасының, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының катодшысы П. Қабдиевтың, Шымкенттің ұста-пресс жабдықтары өндірістік бірлестігінің газбен кесушісі А. Чунгаловтың, 1 Май атындағы Алматы өндірістік тігін бірлестігінің тігіншісі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Т. Сафронованың, Қостанай облысы «Александров» совхозының Л. Акулова басқаратын сиырды машинамен сауу операторлары звеносының, Гурьев облысы «Қосшағыл» совхозының аға шопаны Қ. Асқабаевтың және басқа көптеген адамдардың жетістіктерімен және тәжірибесімен танысуға болады.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы шикізатты, материалдарды, отынды және электр энергиясын барынша үнемдеуге, қосалқы ресурстарды өндіріске тартуға мегзеді. Салааралық «Материалдық және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу және ұтымды пайдалану, қалдығы аз және қалдықсыз технологияны талдап жасап, енгізу» деген тақырыптық көрме партияның осы қондырмасы республикада қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы әңгімелейді. Стендтердің бірінде Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Жамбыл мемлекеттік аймақтық электр станциясының тәжірибесі ашылады. Мұнда үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылы ішінде 16 мың тоннаға жуық от-

Digitized by Google

ын үнемделді. Сондай-ақ бұл бағытта Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары елеулі табыстарға жетті. Өткен жыл ғана сала бойынша мың тоннадан астам қара металл мен мың тонна цемент, мың текше метрге жуық ағаш материалын, 5,2 миллион киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеуге көмектескен 173 ғылыми-техникалық шара өндіріске енгізілді.

Республика өнеркәсібінде прогрестік технология кеңінен енгізілуде. Мәселен, Қазақ ССР Ғылым академиясының Металлургия және байыту институтының ғалымдары құрамында алюминийі бар шикізатты өңдеудің технологиясын жасады. Оны енгізу көптеген миллион сомның экономикалық тиімділігін берді. Көрмеде өндіріс қалдықтарын толық ұқсату жөніндегі жұмыс та көрсетілген. Мәселен, Түсті металлургия министрлігінің кәсіпорындарында ілеспе газ іске жаратылады. Бір ғана Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында 1984 жылы осының есебінен 4,2 миллион гигакалорий жылу энергиясы өндірілді. В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтында жасалған вакуумды дистилляция арқылы металл айыруға арналған аппарат металлургия, химия және тамақ кәсіпорындары қызметкерлерінде зор ықылас тудыруда. Экспозицияларда жеңіл, жергілікті, ағаш өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс материалдары индустриясы кәсіпорындарының өндірістік қалдықтарынан жасалған тауарлардың түр-түрі кеңінен қамтылған. Осы көрменің базасында озық тәжірибе мектебінің сабақтары өткізілді, оларда халық шаруашылығының 350-ден астам маманы оқыды.

Сондай-ақ бұл күндері «Ауыл шаруашылығы» павильонында салааралық «Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс» тақырыптық көрмесі қойылған. Онда озық шаруашылықтардың өндірісті механикаландырып, автоматтандыру, жерді мелиорациялау жөніндегі қызметі өзекті орын алады. Ол республикадағы агроөнеркәсіптік комплекске енетін министрліктер мен ведомстволар жинақтаған озық тәжірибені қорытады. Бөлімдердің бірі республика ғалымдарының агроөнеркәсіптік комплексті дамытуға қосып отырған үлесін көрсетеді. Сондай-ақ көрермендер ауыл шаруашылығына арналған кадрларды даярлау барысымен, село еңбеккерлерінің материалдық әл-ауқатының өсуімен танысады. Экспозициялар материалдары бойынша 6 озық тәжірибе мектебінің сабақтары өтті.

Орал облысының «Чапаев» совхозынан Социалистік Еңбек Ері Б. Әбілғазиевтің мал шаруашылығы бригадасының, Солтүстік Қазақстан облысы «Қарағанды» совхозынан В. Совконың егіншілік звеносының және басқа озық коллективтердің үлгісі негізінде жасалған «Ауыл шаруашылығындағы бригадалық мердігерлік» тақырыптық көрмесі еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің жаңа формасына үгіттейді.

Биыл халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі «Механикалық-монтаждау жұмыстарында шағын механизация құралдарын қолдану мен енгізудің» озық тәжірибе мектебінің сабақтары қол еңбегін қысқартудың мақсатты комплексті программасын орындауға бағытталған. Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрі Е. Ежиков-Бабаханов мектепке жетекшілік етті. Оның жұмысына бригадирлер, өндіріс озаттары мен жаңашылдары, монтаждау басқармалары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің бас инженерлері мен механиктері, мамандары қатысты.

Осы мектеп сабақтарына сәйкес «Казпромтехмонтаж» және «Востокметаллургмонтаж» трестері әзірлеген шағын механизация құралдары көрсетілді. Жұмысшылар мен мамандар 150 экспонатпен, олардың ішінде электрлі және пневматикалық бұрғылау мен тегістеу машиналарымен, электрлі және пневматикалық балғалармен, қайшылармен, бұранда бұрағыштармен танысты. Ірі бұрандалы тетіктерді тартуға, сондай-ақ үлкен диаметрлі құбырларды құрастырып, монтаждауға арналған қондырғылар айрықша ықылас туғызды.

«Востокметаллургмонтаж» тресінің құрылыс-монтаж лабораториясының қызметкерлері аспаптарды жасау және жетілдіру тәжірибесін алмасты. Сосын жаңа дәнекерлеу техникасының тетіктерін, түрлі диаметрдегі құбырларды кесуге және дәнекерлеу барысында оның шеттерін алуға арналған түрлі механизмдерді, құбырларды құрастырып, монтаждауға арналған қондырғыларды жұмыс үстінде көрсету ұйымдастырылды.

Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде жыл сайын осындай 120-ға жуық оқу шаралары өткізіледі. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында 68 шара өткізілді, оларға 15 мыңға жуық жұмысшы мен маман қатысты.

«Адам еңбегімен даңқты» деген Бүкілодақтық байқаудың қорытындысы бойынша көрнекі үгіт пен саяси плакаттардың таңдаулы үлгілерінің республикалық көрмесі бүгінде көбірек назарды аударуда.

Біз таяу уақытта РАПО-ны басқару әдістерін жетілдіру және мұнда техникалық құралдардың ролі жөнінен жаңа тақырыптық көрме қоямыз. Бұл Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданының мысалы арқылы ашылады. Экспозицияны республиканың Ауыл шаруашылығы және Байланыс министрліктері әзірледі.

Еңбекшілерде жылжымалы «Рационализация және өнертабыс» деген тақырыптық көрме ауқымды ықылас тудыратыны даусыз, ол бізге ноябрь айында Москвадан, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінен келеді. Оны

2. «Қазақстан үгітшісі», № 21.

Digitized by Google


көрсету осы тақырып бойынша республикалық экспозицияның ашылуына сәйкестендірілген.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезіне арналған салааралық «Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету — уақыт талабы» деген тақырыптық көрме маңызды оқиғаға айналады. Қазір біз оны жасау үстіндеміз.

Сондай-ақ бізде осы көрмелердің базасында озық тәжірибенің түрлі семинарлары мен мектептері өтетінін айтқан жөн.

Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі тақырыптық көрмелер мен өткізілетін шаралар республика экономикасын интенсивтендіруге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, Азық-түлік және Энергетика программаларын жүзеге асыруға ықпал етеді. Сондықтан көрме қызметкерлері олардың жоғары дәрежеде өтіп, бүгінгі күн міндеттеріне жауап беруі үшін бүкіл күшті жұмылдыруда.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ



Алматы. Есік қаласының бас алаңында транспаранттармен, көрнекі үгіттің жылжымалы үлгілерімен безендірілген 42 автоклуб сапқа қойылған. Автоклубтардың қысқы жағдайдағы жұмысқа әзірлігінің облыстық байқауы осылай басталды. Олардың жұмысын жоспарлауға, әдебиеттермен, көрнекі үгітпен жабдықталуына, техникалық жайына айрықша көңіл бөлінді. Талғар ауданының «Горный гигант», «Жетіген» және Еңбекшіқазақ ауданының «Гигант» совхоздарында автоклубтардың өте жақсы әзірленгені, мәдени-ағарту қызметкерлері мен педагогтардың олардың жұмысына белсене қатысатыны аталды.

Суретте: байқау өтуде.

Суретті түсірген Д. БЕДАРОВ.

Қызылорда. Арал ауданы «Жіңішкекұм» совхозының партия комитеті үгітші, үшінші ферманың аға шопаны, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты К. Бердімағамбетовтың есебін тыңдады. Оның адамдармен жұмыста алуан түрлі формаларды пайдаланатыны аталды. Үгітші өзінің әрбір әңгімесін партия алға қойған міндеттермен байланыстырып, маңызды мәселелерді қозғай отырып, шаруашылық өмірінен алынған нақты мысалдарға құрады.

Партия комитеті К. Бердімағамбетовке және басқа да үгітшілерге артта қалушыларды қатарға қосуға ерекше көңіл бөлуді ұсынды.

Павлодар. «Майкаинзолото» руда басқармасында коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі кеңестер дәстүрге айналды. Оны руда басқармасының директоры М. М. Мұхамединов жүргізеді. Кезекті кеңесте Майқайың руднигінің бастығы А. А. Цыганов инженер-техник қызметкерлердің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі жұмысқа қатысуы туралы есеп берді.

Семей. Облыстық партия комитетінің саяси оқу үйінде көрнекі үгіттің облыстық көрмесі болды. Семейдің Калинин ауданына бірінші орын, Аягөз ауданына екінші орын берілді. Таскескен ауданының «Қазақстан» және Көкпекті ауданының «Большевик» совхоздарындағы, «Алтайзолото» басқармасы мен «Семипалатинскцельстрой» тресіндегі көрнекі құралдар аталды.

Гурьев. Балықшы ауданында ғылыми атеизмнің халық университеті бесінші жыл табысты жұмыс істейді. Оның программасы аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімімен және «Білім» қоғамының аудандық ұйымымен бірлесіп жасалды. Университеттегі сабақтарды ауданның таңдаулы насихатшылары мен лекторлары жүргізеді.

Digitized by Google



АЖЫРАМАС БІРЛІКТЕ

ПЕТРОПАВЛДЫҢ С. М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ЗАВОДЫНДА ИДЕЯЛЫҚ-ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ-ҰЙЫМДЫҚ ЖҰМЫС АЖЫРАМАС БІРЛІКТЕ ШЕШІЛУДЕ

Петропавлдың «Құрмет Белгісі» орденді С. М. Киров атындағы заводының директоры Медхат Османұлы Сүтішевтің қам-қаракеті көп-ақ. Кәсіпорында жаңа өнім шығару игерілуде, технология жаңартылуда. Құрылыстың өзіне көп күш жұмсалады. Тұрғын үй және басқа да әлеуметтік проблемалар оңайлықпен шешілмейді. Әйтсе де шаруашылық және техникалық мәселелердің қарбаластығына қарамастан директор коллектив тәрбиесі мәселелерін әрдайым бірінші кезекке қояды. Қалалық партия комитетінде осындай пікір айтылды.

— Ал, егер нақтырақ айтар болсақ,— деп атап көрсетті қалалық партия комитетінің бірінші секретары А. Е. Липовой, — Медхат Османұлының тәрбие жұмысы неден басталып, шаруашылық жұмысы немен аяқталатынын айырып айту қиын. Онда бәрі біртұтас қабысқан. Директор әрбір тоқсанда өткізетін коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі кеңесте болсаңыз бұған көзіңіз жетеді.

Біз қатысқан кеңес цех басшылары мен мамандарының еңбек коллективін социалистік меншікке саналы түрде қарау рухында тәрбиелеуге қатысуына арналды. Завод директорының орынбасары В. М. Мухин кәсіпорында осы бағытта қандай жұмыстар атқарылғаны туралы хабарлады. Енді әрбір бригаданың, көптеген жұмысшылардың жеке үнем есептері бар. Үстіміздегі жылы екі күн бойы үнемделген материалдармен жұмыс істеу жөніндегі міндеттеме орындалуда. Алайда көптеген резервтер әлі де пайдаланылмай келеді. Ақаудың салдарынан қалдыққа кететін бағалы материалдар аз емес.

Кеңесте осы кемшіліктерді қалай да тезірек жою, әрбір адамның өндірістің нағыз иесі болуына қол жеткізу туралы сөз қозғалды. Бұл нақты іскер әңгіме болды. Цех бастықтары В. М. Вассербаумның, Т. И. Заитовтың, Т. К. Қожахметовтың есептері бойынша кеңестер мен ескертулер айтылды. Мысалы, жарық қорытындыларын шығару барысында бригадалар мен жекелеген жұмысшылардың үнем мен ұқыптылық жөніндегі міндеттемелерді қалай орындайтыны әрдайым ескеріле бермейтіні анықталды. Қызметкерлердің бәрі бірдей өз қолдарынан өтетін детальдардың мемлекет пен коллективке қаншаға түсетінін біле бермейді. Бұл жайында цехтарда безендірілген көрнекі үгіттен айтарлықтай ештеңе біле алмайсың. Мынадай жағдай да анықталды: цех бастықтары, мастерлер жеке үнем есептері негізінде жарыстың қалай өтіп жатқанын талдамайды. Бригадалардың тұтынатын материалдар мен электр энергиясының шығынын есептеу мүмкіндігі барлық кезде бірдей бола бермейді, соның салдарынан бригадалық мердігерліктің мәні төмендеуде. Материалдық байлықтарды сақтау және есепке алу, электр энергиясын жұмсау туралы өткір әңгіме болды.

Талқылау қорытындысында барлық буын басшыларының ұқыптылыққа тәрбиелеу жолындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған ұсыныстар коллективті түрде талдап жасалды. Мұның өзі заводтың барлық істеріне игі ықпалын тигізді. Мысалы, өндірістік бригадалардың, инженерлер мен экономистердің достық одағы нығайып келеді. «Ұқыптылық күндері» зор қайтарыммен өткізіледі. Оған дейін көрнекі үгіт әзірленеді, материалдар мен электр энергиясын үнемдеу жолдары көрсетіледі, олардың жұмсалуы өте жіті бақыланады, озат еңбеккерлер тәжірибесі т. б. зерттеледі. Соның нәтижесінде ресурстар 10—15 процент анағұрлым өнімді пайдаланылады. Ал ең бастысы — жұмыстың осындай деңгейі біртіндеп норма ға айналуда. Осы ұқыпты коллектив, жұмысшы атағы жолындағы жарыс та ұйымдастырылды.

Кеңестерде басшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жас өндірісшілерді тәрбиелеудегі ролін күшейту сияқты мәселені талқылау да біршама пайдалы өтті. Жас жұмысшылардың жалпы білім беретін және кәсіптік оқуы жайында ерекше әңгіме болды. Хабарлама жасаған жұмысшы жастар мектебінің директоры Г. С. Чурилова білім алу мен еңбек қайтарымы арасындағы тығыз байланысты көрсететін иланымды фактілер келтірді. Завод комсомолецтері республикада бірінші болып жастардың тұрғын үй комплексін жасау инициативасын көтерді. Оны тұрғызу қазірдің өзінде басталды. Құрылыс индустриясы кәсіпорындарымен достық одақ жолға қойылды — завод жас-

Digitized by Google





Суреттерде: коммунистік тәрбие мәселесі бойынша кеңес өтуде. Мінбеде — завод директоры М. О. Сүтішев.

тары онда кірпіш, темір-бетон конструкциясын шығаруды ұлғайтуға көмек көрсетуге ұйғарды. Шамалы уақыт өткеннен кейін заводқа таяу жерде 100 пәтерлі завод үйі бой көтереді. Әрине директордың қатысуымен өткен кеңесте комсомолецтердің өте қажетті инициативасына қалай көмектесу жайы іскерлікпен талқыланды.

Жуырда кеңесте цех бастықтарының маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі жұмыс туралы есептері талқыланды. Бірқатар коллективтерде осы кеселмен күрестің босаңси бастағаны анықталды. Маскүнемдерге, тәртіп бұзушыларға ымырашылдықпен қарайтын басшылардан қатаң сұралды.

Кеңестерде бір қарағанда өндірістік қам-қаракеттерге қатысы жоқ, әйтсе де оларға іс жүзінде күшті ықпал жасайтын іс-ер жайында да жиі сөз болады. Биылғы көктемде, мысалы, завод басшылары мен мамандарының тұрғылықты жер бойынша бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысын жетілдіруге қандай үлес қоса алатыны жайында әңгіме болды. Оның қарсаңында директор заводтың тұрғын үйлер ауданында болып, заводтың жетекші мамандары, цех бастықтары тұратын үйлердің аулалары мен подъездері қандай жағдайда екенін, мұнда қоғамдық тәртіптің қалай сақталатынын білді. Алайда, жағдай барлық жерде бірдей тиісті дәрежеде емес. Ал басшы, коммунист тұрмыста үлгі көрсетіп, кемшіліктермен ымыраласпауға тиіс.

Талқылау адамдардың бәріне әсер етті. Қазір басшылар тұрғылықты жер бойынша жұмысқа анағұрлым зор ықыласпен қатысады, тұрғын үйлер ауданын көріктендіруде инициатива көрсетеді.

Кеңестің кезекті күн тәртібі төмендегідей тұжырымдалды: «Завод еңбекшілерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі белсенділігін дамыту жолдары». КПСС Орталық Комитетіндегі июнь кеңесінің қорытындылары бойынша белгіленген шараларды орындау жөнінен цехтар мен бөлімдерде қандай жұмыстар атқарылғаны, завод коллективінде творчестволық ойды дамыту үшін одан әрі не істеу керектігі коллективті түрде талданды. Әрбір кездесуден кейін тәрбие, психология және педагогика проблемалары бойынша деректі фильмдер көрсетіледі.

Демек, директордың қатысуымен өтетін кеңестерде алуан түрлі, сонымен бірге бәрі бірдей актуальды мәселелер талқыланады. Олар идеялық-тәрбие жұмысын жақсартуға, еңбек тәртібін нығайтуға, мамандар мен жұмысшылардың белсенділігін арттыруға ықпал етуде.

— Коммунистік тәрбие мәселелері жөніндегі кеңестер партия комитетін алмастыруға әкеп соғады деген пікірді кейде естуге болады, — дейді завод парткомы секретарының орынбасары Светлана Георгиевна Ванькова. — Бұл қате көзқарас. Керісінше, кеңестер партия ұйымының шешімдерін жүзеге асыруға көмектеседі. Олар беретін ең басты нәрсе — бұл цех, бөлім бастықтарының, мастерлердің, барлық мамандардың тәрбие міндеттерін шешудегі, коллективті топтастырудағы, адамдардың инициативасын дамытудағы ролін арттырады. Қазір бізде идеялық-тәрбие жұмысынан қалыс қалған инженерлер жоқ, ал мұның өзі барлық іске—тәрбие ісіне де, шаруашылық ісіне де аса игі ықпалын тигізуде.

Ал мамандардың өздері мынадай пікір айтты:

— Жыл басында мен директордың қатысуымен өтетін кеңесте инженер-техник қызметкерлер мен бригадирлер-

Digitized by Google

дің еңбек тәртібін нығайтуға қалай қатысатыны туралы есеп бердім, — деп әңгімелейді құрастыру цехының бастығы Г. Е. Худяков. — Оның қарсаңында комиссия цехта болды. Оның мүшелері тәрбие жұмысының жайымен мұқият танысты. Біздің ағаттықтарымыз да аталды. Кеңесте айтылған ұсыныстар да бізге өте-мөте көмектесті. Сондықтан да мен үшін де, цехтың барлық мамандары үшін де осының бәрі жақсы мектепке айналды.

Заводтың бас технологы Ю. В. Качалов былай деп атап өтті:

— Директордың қатысуымен өтетін идеологиялық кеңестер бізді жұмыстың лениндік стилінде үйретеді, өз қызметінің тәрбиелік нәтижесін ұғынуға көмектеседі. Олардың аса құндылығы да осында.

— Тәрбие мәселелерін талқылау біздің жас жұмысшылардың аға жолдастардың тәжірибесіне қанығуына мүмкіндік береді, — деп атап көрсетті инженер А. М. Сюракшин.

С. М. Киров атындағы заводта басшылар мен мамандардың коллективті қатысуының басқа да тиімді формалары қалыптасты. Лениндік жұмалар ай сайын өткізіледі, онда заводтың барлық бас мамандары, цех басшылары сөз сөйлейді. Басшылардың үгіт аландарында, заводтықтардың пәтерлерінде өткізетін әңгімелері дәстүрге айналды.

М. О. Сүтішев айына бір рет цехтардың немесе бөлімдердің бірінде ашық қабылдаулар ұйымдастырады, онда еңбекшілердің сұрақтарына жауап береді. Осындай кездесулер үлкен пайда келтіреді, мезгілі жеткен мәселелерді шешуге көмектеседі.

Директордың, сондай-ақ басқа да басшылардың бұқаралық шараларымен ғана шектелмейтіні де өте-мөте құнды. Олар адамдармен араласып, кеңесу үшін әрбір мүмкіндікті пайдаланады. Медхат Османұлы өзінің жұмыс күнін әдетте цехтарды аралаудан бастайды. Станоктың немесе басқару пультінің қасына тоқтап, ол жұмысшыдан, мастерден, инженерден жұмыстың қалай жүріп жатқанын мұдделілікпен сұрастырады.

Егер қажет болса, мерзімі жеткен мәселені сол жерде шешеді.

— Ал басқаша қалай болуы мүмкін?— дейді директор. — Демек бәрін адамдар шешеді ғой. Әрбір адамды екпінді еңбекке бастау, үлкен іске баурау, өз қабілетін ашуына көмектесу — коллективті табыс негіздерінің негізі міне осында.

Сондықтан адамдар да қамқорлық пен ықыласқа адал ниетпен жауап береді.

— Медхат Османұлын қырық жылдан астам уақыттан бері білемін, — дейді еңбек ардагері, механикалық цехтың токары Николай Анисимович Савинов.— Біз он төрт жасар жасөспірім кезімізде қаһарлы соғыс жылдарында С. М. Киров атындағы заводқа келдік. Міне ол ширек ғасырға жуық уақыт директор болып істейді. Оның еңбегі жоғары наградалармен аталды. Ол қыруар іс атқарды, дегенмен оған масаттанбайды. Адамдарға әрдайым жақын тұрады, әрдайым көңіл бөледі, әрқайсысына қол ұшын беруге үнемі әзір тұрады.

Медхат Османұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Тексеру комиссиясының мүшесі және халық депутаттары Петропавл қалалық Советінің депутаты ретінде үлкен жұмыс жүргізеді.

Адамдармен жұмыс істеу нақты жемісін беруде. Қыдырымпаздық азаюда, кадрлардың тұрақтамаушылығы күрт кеміді. Кәсіпорын өнімінің көлемі ұдайы өсуде, бұйым сапасы жақсаруда. Мысалы, соңғы төрт жыл ішінде халық тұтынатын товарлар шығару үш есе ұлғайып, жалпы мөлшері 5 миллион сомға жетті. Үстіміздегі бесжылдықта өнім өсімінің 85 проценті еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынғанын атап өту маңызды. Қазір ол өзінің үшінші буынды «Медео-102» кассетті стереомагнитоланы шығаруға әзірленуде, ол өзінің параметрлері бойынша таңдаулы дүние жүзілік үлгілерге жауап береді.

Осы заманғы жабдықтар жедел қарқынмен енгізілуде, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жүргізілуде. Өткен жылы жаңа технологияны игеру есебінен ғана 800 мың сом экономикалық тиімділік алынды, қызметкерлер санын едәуір қысқартуға қол жетті

Заводта жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, олардың демалысын ұйымдастыруға, көркемөнерді, дене шынықтыру мен спортты дамытуға тұрақты көңіл бөлінеді. Мұнда соңғы жылдар ішінде екі асхана, балалар комбинаты, қосалқы шаруашылықта құс фабрикасы, стадион іске қосылды. Заводтықтардың көмегімен қалалық дискотека салынды. Пионер лагері базасында қыста екі күндік демалыс үйі жұмыс істейді, онда кировтықтардың семьяларымен барып дем алуына болады. Заводтық талапкер көркемөнер коллективтері, ішінара айтқанда «Арай» халық би-ансамблі облыста кеңінен танымал.

Қазір завод коллективі КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіндегі екпінді вахтаны ойдағыдай атқаруда. Партия ұйымының бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысы осыған бағытталған. Мұның өзі әрбір басшы қызметінің өзегі болуда.

А. КЛЮЕВ,
біздің арнаулы тілшіміз.
Петропавл қаласы.

Digitized by Google

ИМПЕРИАЛИЗМ ДӘУІРІНДЕГІ ТҰҢҒЫШ ХАЛЫҚТЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

БІРІНШІ РОССИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ҚЫСҚА ШЕЖІРЕСІ

Совет адамдары, бүкіл прогрессшіл адамзат 1905—1907 жылдарғы тұңғыш россиялық революцияның 80 жылдығын біздің еліміздің, дүниежүзілік коммунистік, жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысының тарихындағы атаулы оқиға ретінде кеңінен атап өтуде. «Бұл революция, — деп атап көрсетіледі ҚПСС Орталық Комитетінің оның 80 жылдығы туралы қаулысында, — жұмысшылар мен шаруалардың, халықтың басқа да топтарының ең қалың бұқарасын саяси өмірге оятты, жаңа тарихи кезеңнің — терең әлеуметтік сілкіністер мен революциялық шайқастар кезеңінің басталғанын көрсетті. Жеңіліске ұшырағанына қарамастан, ол самодержавиелік-помещиктік құрылыстың іргетасын шайқалтты, В. И. Ленинның анықтамасы бойынша Ұлы Октябрьдің «бас репетициясы» болды.

Революцияға біздің өлкеміздің еңбекшілері белсене қатысты, жарияланып отырған маңызды оқиғалар хроникасы ол жайлы бейнелейді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкерлері **В. Григорьев** пен **А. Панфилов** материалды басуға әзірледі.

1905 ЖЫЛ

3 январь. Петербург. Путилов заводы жұмысшыларының ереуілі басталды, оны басқа кәсіпорындардың еңбекшілері қостады.

8 январь. Женева. В. И. Ленин «Петербург стачкасы» мақаласын жазып, онда былай деп атап көрсетті: «Пролетариат бізге революциялық тап күштерін іске жұмылдырудың шын мәніндегі жоғарғы формаларын көрсетіп отыр... Ал пролетариаттың революциялық күштерінің бұл жаңа, ең жоғары дәрежеде іске жұмылдырылуы біздің самодержавиеге қарсы ұрысқа... асқан жеделдікпен жақындатып келеді».

9 январь. Петербург. Патша әскерлері Қысқы сарай жанында жұмысшылардың бейбіт демонстрациясын атты. Бүкіл елдің пролетариаты мен еңбекшілері самодержавиемен күреске көтерілді. Империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция басталды.

Февраль. Большевиктердің шақыруы бойынша Перовск, Түркістан, Шалқар және Орынбор — Ташкент жолының басқа станцияларының теміржолшыларының ереуілі өтті.

Жылдың басы. Петропавл. РСДРП тобы рәсімделді. Оның негізін теміржолшы-большевиктер құрады, олардың көпшілігі осында жұмыс істеген искрашылар үйірмелеріне ертеректе қатысқан еді.

12—27 апрель. Лондон. РСДРП III съезі жұмыс істеді. Съезд партияның басталған революциядағы стратегиясы мен тактикасының маңызды міндеттерін, оларды жүзеге асыру жолдарын анықтады. Съезд шешімі партияның 1905—1907 жылдардағы революция жылдарындағы бүкіл қызметінің негізі болып табылды.

1 май. Қазақстан қалаларының көпшілігінде пролетариаттың халықаралық ынтымақ мерекесі алғаш кеңінен аталды. Верный, Павлодар, Перовск жұмысшылары жиналыстар мен маевкалар өткізді. Оралда көптеген адам қатысқан Бірінші май демонстрациялары болды, Қостанайда маевка аяқталғаннан кейін РСДРП тобы ұйымдық жағынан рәсімделді.

Май. Верный. Перовск. Социал-демократиялық топтар құрылды.

31 июнь. Өскемен уезі. Невск прискісі мен Вознесенский руднигінің жұмысшылары ереуілді бастады, олардың басты талабы — 8 сағаттық жұмыс күнін тағайындау.

Июль. Орал. Теміржолшылар ереуілін диірмен және баспахана жұмысшылары қолдады. Олар жұмыс күнін қысқартуды және жалақыны арттыруды талап етті.

8 август. Перовск. Депо жұмысшылары станция әкімшілігінің зорлық-зомбылығына қарсы бір күндік наразылық ереуілін өткізді.

Жаз. Орал. Социал-демократиялық топ негізінде РСДРП ұйымы құрылды. Оны профессионал революционер Я. А. Мирошхин басқарды.

Digitized by Google

7 октябрь. Москва. Теміржолшылар ереуілі басталды, кейіннен ол Бүкілроссиялық саяси стачкаға ұласты.

7 октябрьден кейін. Әлкеде Орал станциясының теміржолшылары Бүкілроссиялық саяси стачкаға бірінші болып қосылды. 12 октябрьде Орынбор, Ақтөбе, Перовск депосының, Түркістан станциясының, кейіннен Орынбор — Ташкент темір жолының бүкіл желісінің жұмысшылары стачканы қолдады.

13 октябрь. Женева. В. И. Ленин «Бүкілроссиялық саяси стачка» мақаласын жазды, онда атап көрсетілгеніндей, «стачка бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» барлық халықтарын біріктірді. Бұл езгі мен зорлық-зомбылық империясындағы барлық халықтардың пролетарлары енді бостандықтың тұтас бір ұлы армиясы, социализм армиясы қатарына сап түзеуде».

17 октябрь. Петропавл. Партия ұйымының шақыруы бойынша 200 темір жол жұмысшысы ереуіл жариялады. 18 және 19 октябрьде қала кәсіпорындары мен шеберханалары еңбеккерлерінің қолдауы арқылы олар «Самодержавие жойылсын!», «Россиядағы жолдастарымыздың күресіне қолдау жасайық» ұрандарымен саяси демонстрациялар өткізді. Петропавл пролетарийлерінің күресін теміржолшылар құрған стачкалық комитет басқарды.


18—23 октябрь. Перовск. Теміржолшылар мен қала кәсіпорындары жұмысшыларының бірлескен ереуілі өтті. Ереуіл кезінде демонстрациялар мен митингілер болды, оларда большевиктер еңбекшілерге патша манифесінің шынайы мақсатын және самодержавиемен күрестің қажеттігін түсіндірді. Стачканы басу үшін жергілікті өкімет әскер бөлімін шақырды.

20 октябрь. Верный. Жұмысшылар мен қызметшілердің көпшілігі жұмыстарын тоқтатты. Қалада бұқаралық саяси демонстрация өтті. Оған диірмен, жүн жуатын орын, темекі фабрикасы, шарап, сыра қайнату және кірпіш заводтарының жұмысшылары мен қызметшілері, баспашылар, почташылар, телеграфистер, қала кедейлері, оқушылар, қалаға қоныс аударған шаруалар қатысты.

Октябрь. Көкшетау. Қалада маркстік үйірмеге қатысушылар инициативасы бойынша алғаш саяси митингі өткізілді, ол «Самодержавие жойылсын!» ұранымен өтті.

Октябрь. Оралда, облыстың станцияларында мен селоларында РСДРП Орал ұйымының инициативасы бойынша әзірленген «Орал казактарына...» листовка-үндеу кеңінен таратылды. Листовка казактарды «полицейлік бұзақылық қызметтен бас тартуға және революциялық халық жағына шығуға» шақырды.

8 ноябрь. Петербург. В. И. Ленин эмиграциядан жасырын түрде келді. Ол сол



«Плакат» баспасы.

күні Преображенский бейітіндегі «Қанды жексенбі» құрбандықтарының қабірлерінің басына барып қайтты, сосын большевиктердің Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісінде жұмысшы депутаттарының Советіне партияның көзқарасы жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйледі.

16 ноябрь. Ақтөбенің, Перовскінің, Шалқардың, Верныйдың, Қазалының, Көкшетаудың, Петропавлдың, Семейдің, Павлодардың және Өскеменнің байланыс қызметкерлері почта-телеграф қызметкерлерінің Бүкілроссиялық I съезі жариялаған почта-телеграф қызметшілерінің Бүклроссиялық ереуіліне қосылды. Қазақ еңбекшілерінің өкілдері де ереуілге белсене қатысты.

17 ноябрь. Арыс. Депо жұмысшылары мен қызметшілері жұмысты доғарып, ташкенттік әкімшіліктің аюандық қылықтарына — жолдастары — солдаттарды ұруына наразылық ереуілін жариялады.

23—25 ноябрь. Омбы. Покровка болысының ауыл кедейлері патша әкімшілігінің озбырлығы мен қорлауына наразылық білдіріп, демонстрация өткізді. «Сибирская жизнь» газеті былай деп хабарлады: «24—25 ноябрьде облыстық басқарма мен губернатор пәтерінің қарсысындағы алаңға қырғыздардың (қазақтардың) көптеп жиналуы байқалды, мезгіл-мезгіл 1000 адамға дейін жетіп отырды. Осы топ жиналып, Омбы уезінің шаруалар бастығының заңсыз қимыл-әрекеттеріне қарсы ашықтан-ашық наразылық білдірді».

(Жалғасы бар).

Digitized by Google

НАНҒА ҰҚЫПТЫ БОЛАЙЫҚ

Халық даналығы нан туралы соншама игі, терең және асқақ сөздерді Отан жайында ғана айтқан болар. Оны әрбір адам бала кезінен біледі. Әйтсе де нан әрдайым халық байлығын бейнелейтіндіктен, орасан зор әлеуметтік, экономикалық және адамгершілік мәні болғандықтан біз нанның құны, оған ұқыпты қарау қажеттігі туралы қайта-қайта айтамыз.

Адамдарды нанға қастерлеп қарауды тәрбиелеу ісінде басты міндет — әрбір адамның оның жоғары мәнін түсінуіне көмектесу, нақты мысалдар мен фактілер арқылы бұл істе ешқандай ұсақтүйектің жоқ екенін және болмайтынын: танапта жиналмаған масақ та, тасымалдауда шашылып қалған дән де, төмен сапамен пісірілген нан да, тамақ қалдығына тасталған бір сындырым нан да — осының бәрі орны толмас экономикалық әрі адамгершілік шығын әкелетінін көрсету. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдас Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінде нанға және азық-түліктің басқа да өнімдеріне анағұрлым ұқыпты қарау қажеттігіне ерекше тоқталды: «Негізгі азық-түлік тағамдарын бізде халықтың барлық топтары сатып ала алатыны — біздің үлкен жетістігіміз. Бірақ, осыны атап өте отырып көптеген совет адамдарын мазалайтын мәселе жайында да айтпасқа болмайды. Орталық Комитетке еңбекшілерден барған сайын көптеген хаттар түсіп, онда жұмысшылар мен шаруалардың астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге жұмсайтын еңбегін құрметтеушілік жайында мәселе көтеріледі... Тегінде, жолдастар, бұл жерде еңбек коллективтерінде де, орталық органдарда да ойланатын нәрселер болса керек. Турасын айтайық, әрбір семьяда да баршылық. Нанға, басқа да азық-түлік тағамдарына көзқарасты батыл өзерту — біздің ортақ қамқорлығымыз».

Азық-түлік тағамдары арасында нан әрдайым басты орын алды. Совет өкіметінің алғашқы күндерінде-ақ, біздің еліміздің ең қиын кезеңдерінде халықты нанмен қамтамасыз ету партияның басты назарында болды. 1918 жылы Халық Комиссарлар Советі істерінің басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевичтің «Қазір біздің не үшін күресіп жатқанымызды бір сөзбен білдіруге бола ма?» деген сұрағына Владимир Ильич Ленин «Нан!» деп жауап берді. «Бұл тек астық үшін ғана күрес сияқты болып көрінуі мүмкін, — деді В. И. Ленин 1918 жылғы июньде Москва кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттерінің IV конференциясында, — ал шындығында, мұның өзі — социализм жолындағы күрес». (36 том, 485 бет).

Еліміздің көптеген музейлерінде блокададағы Ленинград нанының кіп-кішкентай тілімдері баға жетпес қасиетті нәрсе ретінде осы күнге дейін сақталуда. Сол бір қаһарлы кезеңде нан тіршілікті білдірді. Қазіргі күнде осының бәрі тарих игілігіне айналды. Енді халықтың нан-тоқаш тағамдарына деген сұранымы толық қамтамасыз етілуде. Коммунистік партия халықтың әл-ауқатын арттырудың кең программасын орындай отырып, халықты азық-түлік тағамдарымен қамтамасыз етуді одан әрі жақсарту міндетін бірінші кезекке қояды. СССР-дің Азық-түлік программасында астық өндіруді шапшаң және табанды түрде арттыру ауыл шаруашылығының түйінді проблемасы екені атап көрсетіледі. Азық-түліктік, сондай-ақ жемдік астық жөніндегі қажеттерді қанағаттандыру көбіне-көп Қазақстанның, Сібір және Урал өлкелері мен облыстарының үлесіне қарай айқындалады. Мұның өзі Целиноградта өткен кеңесте тағы да айрықша атап көрсетілді.

Біздің республикамызда күшті, қатты бидайдың жоғары сапалы сорттары өндіріледі. Бүкіл елімізде тың астығын өте жақсы дәмдік және наубайханалық сапасы үшін бағалайды. Күшті және қатты бидай ұны маңызды үстеме ретінде барлық нан-тоқаш тағамдарына қосылады.

Біздің нан тағамдарын тұтынуымыздың артқанын да атап өту маңызды. 15 жылға толмайтын уақыт ішінде оларды ұнға шаққанда жыл сайын мемлекеттік және кооперативтік сауда арқылы сату 3 миллион тоннадан асып, елімізде 38,9 миллион тонна құрайды. 1984 жылы нанды және макарон тағамдарын тұтыну халықтың жан басына шаққанда 135 килограмм құрады, мұның өзі ғылыми негізделген нормаларға толығынан сәйкес келеді. Біздің елімізде жер-жерде халықты нан тағамдарымен үзіліссіз жабдықтау қамтамасыз етілді.

Міне, ондаған жылдар бойына бізде оның бағасы арттырылған жоқ. Ол дүние жүзіндегі ең төмен баға; оның бір килограммы орта есеппен 20 тиын тұрады, ал капиталистік елдерде нанның бағасы басқа азық-түлік тағамдары сияқты үздіксіз өсуде және қыруар соманы құрайды. Мысалы, 1982 жылы

Digitized by Google

АҚШ-та бидай нанының бір килограмы 1,92 доллар болды (1,6 сомға жуық).

Партия мен халықтың еліміздің нан тағамдарымен қамтамасыз етудегі жетістіктерін совет адамдары мақтанып етеді. Алайда нан бағасының арзандығы, оның молшылығы, оны қажетіне қарай алу мүмкіндігі кейбір адамдарда астық өндіру оп-оңай деген елес тудырады. Бұл тіпті де олай емес. Ең алдымен дәнді дақылдар өндіруге арналған барлық техниканы, энергиялық механизмдерді, астық қоймаларын т. б. қамтитын ауыл шаруашылығы мақсатындағы өндірістік негізгі қорлар өткен жылы құн бойынша 144,0 миллиард сом құрады. Бұл өнім өндіруге жұмсалатын қаржының бір бөлігі ғана. Ұн өндіруге өте көп еңбек жұмсалады. Мысалы, осы заманғы ұн тарту комбинатында оны өндіруге арналған технологиялық тізбек 12 километр құрайды және жүздеген адамдардың еңбегін қамтиды.

Халық академигі Г. С. Мальцев нанның құндылығы туралы жақсы айтты: «Магазинде нан бірнеше тиын ғана тұрады, бірақ бұл оны ысырап етуге болады деген ұғымды білдірмейді. Сол үшін қаншама еңбек жұмсалғаны, қанша тер төгілгені жайында әр адам ойлана ма екен? Менің өз басым нан үшін әрдайым жаным ауырады. Осы жайында әрбір адамның, әсіресе жастардың ойланғаны артық болмас еді. Былайша айтқанда, нанның қадір-қасиетін түсінер еді».

Біздің еліміздің астыққа деген сұранымы үнемі өсіп келе жатқанын атап өту керек. Бұл — оны тұтынатын жалғыз наубайхана өнеркәсібі еместігіне байланысты. Мал шаруашылығында жемдік астыққа деген сұраным орасан зор. Өкінішке қарай, астық өндіру және сатып алу жөніндегі жоспарлар еліміздің барлық аймақтарында бірдей орындалмайды. «Мұның өзі бізді оны сыртқа әкелуге, едәуір валюталық ресурстарды жұмсауға мәжбүр етеді», — деп атап көрсетілді Целиноградта өткен кеңесте. Біздің егіншілігіміздің таяу жылдардағы стратегиялық міндеті — ауа райының кез-келген қолайсыз жылында еліміздің көмінде 200 миллион тонна астық, ал қалыпты жағдайда — 250 миллиард тонна және одан да көп астық алуына қол жеткізу. Партия совет халқының алдына осындай міндет қойып отыр.

Үстіміздегі жылдың май айында КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы өзінің мәжілісінде нан және басқа да азық-түлік тағамдарын жұмсаудың тағайындалған тәртібін сақтау үшін қойылатын талапты күшейту жөніндегі мәселені қарады, осы істе тиісті тәртіп орнату жөнінен шаралар белгіледі. Нан ресурстарын ұқыпты жұмсау туралы мәселе август айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының мәжілісінде қаралды, онда сондай-ақ нанды орынсыз жұмсауды жою жөнінен шаралар белгіленді.

Партияның осы талаптарын жүзеге асыруда, адамдарды нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеуде ауызша саяси үгіт активистеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біздің азық-түлік тағамдарына деген көзқарасымыз тұтыну мәдениетін қалыптастырудың үлкен де күрделі проблемасына кіреді, оған КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында елеулі көңіл бөлінді. Қызметтің осы бағыты қысқа мерзімді науқанға айналмауға тиіс, оны еңбек коллективтерінде, халықтың тұрғылықты жері бойынша, мектептерде, адамдардың демалыс орындарында жоспарлы түрде жүргізу керек.


Астықты жұмсау тәртібін нығайтуда нан тағамдарын өндіруді ұтымды ұйымдастыру елеулі роль атқарады. Шағын семьяларда ішінара артық тағамдардың қалдыққа кететіндігінен шағын мөлшердегі нан тағамдарын өндіру туралы мәселе талай рет көтерілді. Қазіргі уақытта наубайхана өнеркәсібінде нан тағамдарын шағын мөлшерде өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік беретін ұйымдық-техникалық шаралар жүзеге асырылуда. Бір ғана мысал келтірейік; өткен жылы елімізде салмағы 50—70 грамдық тоқаштар пісіру 1980 жылғы 120 мың тоннаның орнына 133 мың тоннаға жеткізілді. Алайда тағамдардың түр-түрін көбейту мүмкіндіктерін кәсіпорындардың бәрі бірдей пайдаланбайды. Мәселен, Қарағандының наубайхана өнеркәсібі бірлестігінде жаңа жабдық Қазақстанда алғашқылардың бірі болып орнатылды, бірақ мұнда салмағы 50—70 грамдық тағамдарды өндіру осы күнге дейін жолға қойылған жоқ.

Ақау және нан — сыйыспайтын ұғымдар. Сонда да республиканың көптеген нан заводтарында сапасы төмен өнім шығаруға жол берілуде. Мәселен, өткен жылы Көкшетау облысы Имантау наубайханасы, Куйбышев, Володар нан заводтары өнімдерінің 20 процентten астамы жарамсыз деп табылды. Әрбір кәсіпорында нанға барлық жағынан шаруагерлік көзқараспен қарауға қол жеткізу қажет.

Түрмыста, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында нанды шаруагерлікпен жұмсауға тәрбиелеу біздің алдымызда бұрынғыша өткір тұр. Плакаттар, листовкалар нанды қастерлеуге және ұқыпты қарауға шақырмайтын бірде-бір асхана, нан магазині жоқ дерлік. Нан тағамдарын екінші қайтара пайдалану жөніндегі қыруар пайдалы кеңестер баспасөзде жарияланады.

Осындай жұмыстың өзін жақсы көрсеткен формалары да аз емес. Мысалы, Алматы қаласының № 54 орта мектебінде жыл сайын нанға ұқыпты қарау сабақтары өтеді. Оқушылар соның қарсаңында асханаларда рейдтер өткізіп, өздері әзірлеген нан-тоқаш тағамдарының көрмесін әзірлейді. Соғыс және еңбек ардагерлері балалармен кездесіп, нанның құны, оның жоғары мәні туралы әңгімелейді.

Digitized by Google



Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың сыртқы семинары

КӨПКЕ ОРТАҚ ТӘЖІРИБЕ

Мен ғылыми-атеистік насихат жұмысымен 1945 жылдан бері, яғни 40 жыл бойы шұғылданып келемін. Ол Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталған кезі еді. Ер азаматтардың біразы соғыстан оралмады. Ауылда туған-туысқандарынан айрылмаған семьялар аз емес-ті. Сондықтан болар халықтың дәстүр-салтында ескінің қалдықтары, ислам дінінің кейбір элементтері бой көрсетіп қалатын. Мұндай сиықсыз көріністердің залалы жайлы әңгімелер өткізгенде Жайылма, Шұрық, Асаршық, Майтөбе, Көккесене, Екпінді елді мекендерінің тұрғындары оны қайдан білейік, молдалардың айтқанын істеп жатырмыз ғой десетін. Ондайда мынадай бір шумақ өленді оқып беретінмін.

Мешіттерде мүлгіп тұрып,
Уағыз айтқан молдалар.
Жұрт көзінен жасырынып,
Өзгелерден олжа алар...

Бертін келе бұл тақырыпқа машықтанып, дала қостарында, фермаларда, мектептер мен клубтарда лекция оқып, баяндама жасауды дағдыға айналдырдым. Москвадағы Бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесінде бірнеше рет болдым, 1965 жылы клубтардың Бүкілодақтық үндесуіне қатысуым менің атеистік білімімді толықтырып, ынта-ықыласымды арттыра түсті. Душанбе, Алматы, Түркістан, Қызылорда қалаларында өткен атеистік тәрбиенің актуальды мәселелері бойынша өткен республикааралық мәжілістерге қатысуымның көп пайдасы болды. «Жас совет адамының рухани бейнесі», «Дін және ойлар», «Жан деген бар ма?», «Мәдениеттілік және мораль», «Жастар және ислам», «Ислам діні әдет-ғұрыптарының зиянды ылығы», «Ислам және әйел теңдігі» деген тақырыптарда лекция оқу барысында жоғарыда аталған кеңестердің материалдарын пайдаландым.

Әрине атеистік жұмысты жүргізу барысында тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін әрдайым ескеремін. Оның үстіне діни салттарды орындаушылармен жеке әңгімелесуге тура келеді. Мәселен,

---

Ақтөбе қаласының саяси үгіт активистері мен № 15 үй басқармасы қызметкерлерінің жұмысы назар аудартады. Мұнда микроауданда әрбір семьяда нан тағамдарын жұмсау жолындағы жоғары жауапкершілік ахуалы қалыптасқан, үгіт алаңында осы мақсатта көрнекі үгіт кеңінен пайдаланылады. Мысалы, егер семьяда күн сайын жүз граммнан астам нан қалатын болса, онда ол жылына 36,5 килограмм құрайтыны тұрғындарға хабарланады. Мұның өзі еліміздің ауқымында жыртылып, тұқым себілген 1,3 миллион гектар жердің өніміне тең. Мұнда әңгімелер өткізу үшін мамандар жиі шақырылады, олар кепкен нанды қалай пайдалануға болатыны жайында әңгімелейді, жас семьяларға тағамдарды дұрыс жұмсау жөнінен кеңестер береді.

Осындай жұмыстың жер-жерде жүргізілуі, біздің сөзіміздің әрбір адамға жетуі қажет.

Сонау жиырмасыншы жылдардың аштығын басынан кешірген, соғыс ауыртпалығын көтерген адамдардың нанға қаншалықты құрметпен қарайтынын бәріміз жақсы білеміз. Осы дәстүрді сақтайтын, өз семьяларында нанның нағыз қасиетін түсінуге тәрбиелейтін, қазір өздері ата-ана болған солардың балалары ғой. Сондай-ақ әншейін қырсыздық қана емес, сонымен қатар нанға ұқыпсыз қарайтын адамдармен баршамыз күресуге тиіспіз. Ал мұндай жағдай әлі аз кездеспейді және сирек те емес.

Халықтық бақылау постыларының рейдтері көрсеткеніндей, нан-тоқаш тағамдарымен малды жемдеу оқиғалары әлі де жойылған жоқ. Мысалы, Алматы облысы Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарының бірқатар нан магазиндерінде соңғы уақытқа дейін халыққа нан тағамдарын босату нормалары бұзылып келді. Қоғамдық тамақтану және сауда кәсіпорындары бұрынғыша орынсыз көптеген шығындарға жол беруде. Асханалар, магазиндер ұқыптылықты насихаттау орталығына айналуға тиіс.

«Нан — бұл соғыс күндеріндегі солдат және өте жақсы солдат, ол бейбіт күндерде тамаша саясатшы және дипломат. Адамдар басқа мемлекеттер арасында қайсыбір елдің үлес салмағының қаншалықты орасан зор екенін алтын қоры бойынша ғана емес, сондай-ақ астық бойынша да бағалаған», — деген белгілі совет жазушысы, Социалистік Еңбек Ері М. Алексеев. Астық үшін күрес әрдайым көп күшті талап етеді.

Сондықтан да нанның біздің дастарханымызға қойылғанына дейінгі жолы диқандар қауымы күрескендей, біздің әрқайсымыздың жауапкершілігіміздің жоғары үлесімен ұласатын болсын.

Н. ЛАРИН.

Digitized by Google

кезінде шаруашылықтың бас маманы болған Әбжаппар, теміржолшы, күзетші болып істеген, «көңілді отырыстардан» қалмайтын Пазылбек деген кісілердің пенсияға шыққаннан кейін дінді уағыздап жүргенін байқадық. Олардың өздерінің өткен өмірлерін мысалға келтіре отырып, өрқайсысымен осы тақырыпта талай мәрте әңгімелестік. Діни уағыздарды жастар арасында айту біздің бүгінгі өмірімізге жат екенін ашып айттық. Енді олардың мұндай зиянды әдеттерден безінуінде біздің атеистеріміздің үлесі аз емес.

Тыңдаушылардың көңілді отыруы үшін мен көбіне халықтың мақал-мәтелдерін, фото суреттерді, диафильмдерді, газет-журналдарда жарияланған атеистік тақырыптағы материалдарды, ақындардың сатиралық өлеңдерін пайдаланамын. Мен басқаратын № 1 қызыл отауда халықаралық жағдай, право қорғау, ауыл шаруашылығы, саяси оқиғаларға байланысты материалдар мен көрнекі құралдар көп. Ал атеистік насихатқа байланысты материалдар, көрнекі құралдар жоқтың қасы. Республикамыздағы белгілі атеистер К. Шүленбаев, К. Нурмаганбетов, М. К. Дүйсенов, Х. З. Акназаров, К. Сатыбалдина, Н. Сәрсенбаевтар жазған шағын кітапшалардан басқа пайдаланатын қазақ тілінде жазылған атеистік әдебиеттер тіптен аз.

Біздің ауданда 15 шаруашылық, 80-ге тарта мекеме бар. Көпшілігінде жастардың үйлену тойлары комсомол ұйымдары басшылығымен жаңа дәстүрде өтеді. Бұл мәселелер «Төменарық», «Задарья», «Сунақ-ата», «Красная звезда», «Бірлік», «Талап» совхоздарында ойдағыдай өтіп жүр. Сабан той, жұмысқа қабылдау, жас ұрпаққа салтанатты түрде еңбек эстафетасын тапсыру «Түгіскен», «Бірлік», «Өзгент», Партияның XXIII съезі атындағы совхоздарда қалыптасқан дәстүрге айналған. Жастарды жұмысқа қабылдау, армия қатарына шығарып салу, еңбек демалысына шығару, мерекелік және дәстүрлі еңбек коллективінің күндерін атап өту салтанаты аудандық мәдениет, аудандық медицина бөлімдерінде, жергілікті өндіріс комбинатында, № 1 автобаза коллективінде дағдыға айналдырылды. Міне осыдан келіп ескілік әдет, салт, дәстүрді сақтаушылар жаңаша дәстүр, салт сырына қанып, өмір жаңалығына көбірек бейімделіп келеді.

Бертінге дейін қайтқан адамды жерлеу барысында діни салттарды сақтау, орынсыз шашылу көріністері байқалып қалатын. Енді өлікті соңғы сапарға шығарып салуды көптеген жерде ауыл активтері өз қолдарына алды. Өлік жөнелтілер алдында комиссия құрылады. Олар мұнда барлық шараларды қарастырады. Осы арқылы орынсыз шығынға жол берілмейді.

Қазіргі уақытта атеистік жұмысты жүргізу барысында тыңдаушылардың жас мөлшері, білімі, мамандығы қатты ескеріледі. Өйткені бір тақырыпқа оқылған лекцияны бәрі бірдей қабылдай бермейді. Сондықтан атеистік жұмысты жастар, қарттар, оқушылар ерекшелігін ескере отырып, жеке-жеке жүргіземіз. Және осы жұмысқа мамандарды — медицина қызметкерлерін, химия, физика, тарих, әдебиет пәндерінің мұғалімдерін кеңінен қатыстырамыз. Олар әңгіме барысында түрлі дәлелдер келтіріп, діни уағыздың «кереметтерін» әшкерлейтін анализдер жасайды, діни ғұрыптарды сақтаудың біздің еселі еңбегімізге келтіретін залалын көрсетеді. Мәселен, отыз күндік оразаны қоса есептегенде діни мерекелер жылына 116 күн екен. Оның үстіне күнделікті діни рәсімдерді орындауға 7 сағат уақыт кетеді. Демек мұның өзі қоғамға да, оны орындаушы адамға да қаншама залал келтіреді.

Атеистік тақырыпқа арналған кеш, диспут, конференцияларды жиі өткіземіз. Мәселен, ғылыми-теориялық конференциялар «Талап», «Бірлік», «Красная Звезда» совхоздары мен Жаңақорған поселкесінде өтіп, еңбекшілерге үлкен ой салды.

Бұл іште аудандық партия комитеті жанындағы ғылыми-атеистік секция бізге көп жәрдем беруде. Жиі-жиі семинар-кеңес өткізіп, көмекші материалдармен қамтамасыз етіп отырады.

Насихатшылар, үгітшілер, лекторлар оларды әңгімелеріне арқау етеді. Кейбіреулер атеистік насихатты құдай, пайғамбар жайлы айтылған молдалар сөзіне тойтарыс беру, құраннан дәлел келтіру деп түсінеді. Жалпы, діни әдет-ғұрыптардың қоғам байлығын арттыруға, еңбекшілерді қызу іске жұмылдыруға, мәдениетіміз бен тұрмысымызды ілгерілетуге тигізетін кері әсері бар екендігін ескеру керек. Сондықтан діни нанымдардың теріс құбылыс екенін батыл әшкерелеуге тиіспіз.

Діннің әлеуметтік негізі біздің елімізде әлде қашан жойылған. Дін біздің арамызда өткеннің қалдығы ретінде ғана сақталып отыр. Онымен үзілді-кесілді күрес жүргізу — бүкілхалықтық іс. Әрбір атеистің, коммунистің, жалпы саналы азаматтың борышы мен міндеті — ғылыми атеистік насихаттың ролін көтере беру.

М. КӨКЕНОВ,
Қазақ ССР халық ағыны,
атеист-лектор.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы.

Digitized by Google

ТВОРЧЕСТВОЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕСЕК

В. САМОКИШИН,
Целиноград облысы Атбасар механикалық жөндеу заводы слесарьларының бригадирі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тәлімгер



В. Самокишин.

Соғыстың ауыр кезінде өскен менің ұрпағым өкілдерінде парыз сезімі, ортақ іске қатыстылық күшті дамыған. Алдыңғы шепке бара алмайтынымызды түсіндік — жасымыз жетпеді. Демек шайқасқа аттанған ерлер үшін тылда жұмыс істеу керек болды. Ауыр болды, көбіне білім жетіспеді, әйтсе де рухымыз бәсеңдеген жоқ, жұмысты мүмкіндігінше жақсы әрі қысқа мерзімде орындауға ұмтылдық. Біздің еңбегіміз де ортақ жеңіске қосылатын үлес екенін білдік.

Аспанымыз ашық қазіргі уақытта біздер, тәлімгерлер, тұлектерімізде творчествоға, қайсыбір жағдайдағы іске деген ықыласты дамытуға міндеттіміз. Ғылыми-техникалық прогресс қарқынын арттыру өр өндірісшіден көп қайтарымды талап етеді. Біздің, тәлімгерлердің, жеткіншек ұрпақтың қалыптасуына көмектесіп, оның күш-жігерін қоғам алдында тұрған міндеттерді шешуге бағдарлауымыз қажет. Стахановтық қозғалыс ардагерлерімен, жаңашылдармен және өндіріс озаттарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде осы тәрбие жұмысы үшін жауапкершілік туралы сөз болды.

Николай Сыропятовтың мектептен кейін мотор жөндеу цехымызға келгені есімде. Ол жұмысшы семьясынан шыққан. Оның анасы мен әкесі заводта бірнеше он жыл жұмыс істеді. Николайды токарьдың шәкірті етіп қабылдады. Техникалық жағынан сауатты, сезімтал Виктор Бобровский оның алғашқы тәлімгері болды. Бірде шәкіртінің қалай жұмыс істеп жатқанын көріп, ол іштей наразылық білдірді. Кескіштің төмен түскенін, сықырлайтынын және шапшаңдықтың басқа екенін ол неліктен естімейді екен. Алғашында ұрысқысы келді, бірақ «Оған сенен нашар токарь шығады деп айтсам, жігіттің ренжіп қалуы мүмкін ғой, әзірше жақсы жұмыс істей алмайды. Дегенмен ол біздің ісімізге қабілетті: чертеждерді оқи біледі, норманы орындай алады», деп ойлады.

Шәкіртпен әңгіме бәрібір болды, бірақ жоғары екпінде емес. Тәлімгер металды қалай кесу керектігін көрсетті, оның үстіне әңгімелесіп, біраз желпіндіріп алды. Оның бүкіл жұмысын елеусіз түрде қадағалап отырды. Кейіннен тәлімгер жас жұмысшының профессионал болып, еңбек коллективінде өз орнын табуына көмектесті. Николай норманы 150—165 процент орындай бастады, демек ол «Кировец» двигательдерінің иінді біліктерін тегістейді және осы күрделі өнімді алғаш ұсынғаннан, рекламациясыз тапсырады, ия, жолдастары арасында адал, абыройлы, жұмыс істей біледі. Оны қалалық комсомол комитеті бюросының мүшесі, кейіннен цехтық партия ұйымының секретары етіп сайлады.

Өкінішке қарай, жас жігіттің кәсіпорын табалдырығын аттаған сәттен-ақ ананы алып кел, мынаны апарып таста дегеніне жүгіріп жүретін қол балаға айналу оқиғалары әлі жойылған жоқ. Ал ол нағыз жұмысты күтумен болды ғой. Осыдан барып іске деген немкеттілік туындайды. Уақытына қарай осы жігіттің кәсіптік дағдыны меңгеруі мүмкін, бірақ оның ұшқырлығын қалай қайтарарсың?

Жұмысшы характерінің қалыптасуы тәлімгердің өзінің кіші жолдасын қаншалықты түсініп, оның мүмкіндіктерін игі іске бағытай білуіне көбірек тәуелді деп есептеймін. Біздің жұмысымызды, әлбетте, түпкі нәтиже бойынша бағалайтын уақыт жетті. Егер жігіттер коллективте орнықпаса немесе шынайы жұмысшы бола алмаса, онда тәлімгер-

Digitized by Google

ден мұны сұрау, мүмкін тәрбиешілік правосынан айыру қажет болар. Ал егер шәкірттердің бәрі бірдей қайтарыммен жұмыс істесе, онда моральдық және материалдық мадақтауға еңбегінің сіңгені.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарында жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл біздер, тәлімгерлер үшін де үлкен міндет.

Бірде жасөспірім біздің бригадамызға келіп, жайбарақат түрде: «Мені сіздің тәрбиеңізге жіберді», — деп жариялады. Жігітті тәртіпке шақырумен қатар оның өмірде өз орнын табуына жәрдемдесу керек болды. Ашығын айтайын, маған бұған жету оңай болған жоқ, оның есесіне жігіт қазір социалистік жарыс озаттары қатарында жүр.

Мен ұлым Василийге басқа шәкірттерімдей қарадым. Оған көбірек талаптар қойдым, ол мені ұятқа қалдырған жоқ, үмітімді ақтады. Көптеген шәкірттерім сияқты оның тағдыры қалыптасты. Мектепте, армияда, сосын орта кәсіптік-техникалық училищеде болды. Енді ол менімен бірге бір бригадада еңбек етеді, күнделікті нормасын 140 процент орындайды. Жоғары білікті маман болған осындай 30-дан астам адамды тәрбиеледім. Енді басқалар олардан үлгі алады, оларға теңеледі. Бұлар — Фархат Габайдуллин, Анатолий Анохин, Сергей Белимов және басқалар.

Біздің жұмысымызда творчестволық-сыз, батыл ізденіссіз ілгері баса алмайтынында әр жас жұмысшыға ұрындыруға тырысамын. Осыдан он жыл бұрын шеберхана жағдайында шынжыр табанды трактор двигательдері цилиндр блоктарының головкаларын жөндей бастадым. Мемлекеттік стандарт пен Госкомсельхозтехниканың республикалық басқармасынан келген комиссия күрделі операцияның дәлме-дәлдікте орындалғанын атады. Сосын «Кировецтің» цилиндрінің головкаларын қалпына келтіру тәсілімен көп айналыстым.

Енді мен цилиндр блоктары головкаларын қалпына келтіру жөніндегі бригаданы басқарамын. 7 адамнан тұратын бригадамыз бірыңғай нарядпен жұмыс істейді. Жөкелеген детальдарды қалпына келтіруде еңбек өнімділігін бес есе арттырдық. Өткен жылы 500 мың сомдай ақша үнемдедік, бұйымдарды алғаш ұсынғаннан тапсырдық. «Кировец» двигательдерін құрастырудың тасқынды желісін толық қамтамасыз еттік.

Менің өзім бесжылдықты үш жарым жылда аяқтадым. Рационализаторлық жұмысқа деген ықыласым бұған көмектесті. Қамқорлығымдағылардың да техникалық тұрғыдан ойлай білуін қалаймын.

Мен басқаратын тәлімгерлердің заводтық советінің мәжілістерінде жастарды өз ісіне творчестволықпен қарауға тәрбиелеуді бірінші санды міндет ретінде қоямыз. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында жұмысқа деген нақ осындай көзқарасқа баулу, әр адамның өзінің жұмыс орнында адал ниетпен және толық қайтарыммен еңбек етуіне қол жеткізу қажеттігі туралы айтылды. Біздер, тәлімгерлер, бұл тұрғыдан өте көп нәрсе жасай аламыз. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында жұмысқа деген нақ осындай көзқарасқа баулу, әр адамның өзінің жұмыс орнында адал ниетпен және толық қайтарыммен еңбек етуіне қол жеткізу қажеттігі туралы айтылды. Біздер, тәлімгерлер, бұл тұрғыдан өте көп нәрсе жасай аламыз.

ШӘКІРТТЕР ҮЛГІ АЛУДА

Федоров ауданындағы «Первомайский» совхозының атақты механизаторы, коммунист Николай Никитович Марусич үшін биылғы егін жинау жиырма сегізінші орақ болды. Ол жыл сайын жоғары нәтижелерге тұрақты түрде қол жеткізіп, жарыс көшін бастап келеді. Оның ауа райы қолайсыз жылдардың өзіндегі жұмыс істеу шеберлігіне әр адам қызыға алады.

Ардагер ауданда тәжірибелі диқан ретінде, сондай-ақ белсенді тәлімгер ретінде мәлім. Ол өз шеберлігінің сырларын жастармен еркін алмасады. «Басқаша болуға тиіс емес, — деп есептейді Николай Никитович, — жастар бізді алмастыруға келуде, оларды селодағы аса маңызды кәсіп — диқан кәсібіне сүйіспеншілікке және оған сый-құрметпен қарауға баулу керек».

Көптеген жас механизаторлар Н. Н. Марусичтен үйренді, үйренуде. Олардың арасында оның ұлдары бар. Осында, «Первомайский» совхозында диқан Марусичтердің тұтас әуелті жұмыс жасайды. Сергей, Иван және Александр әке жолын қуды. Сергей мен Иван әкесі сияқты коммунистер болды.

Н. Н. Марусичтің шәкірттері социалистік жарыста жиі жеңімпаздар болуда. Совхозда оның бұрынғы шәкірттері — механизаторлар Владимир мен Сергей Потеряйлолар, Павел Придуха және басқалар туралы зор сый-құрметпен лебіз білдіреді.

Николай Никитович жастарды техниканы жетік білуге, жерге ұқыпты қарауға, күшті дұрыс орналастыра білуге үйретеді. Тәжірибелі тәлімгер шәкірттерін тәрбиелеуге ұмтылатын тағы бір қасиет бар. Бұл — тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімі. Әрдайым жинақы, өзіне талапшыл Н. Н. Марусич тәртіпсіздікке, оралымсыздыққа ымырасыздықпен қарайды. Ол жастарды ұқыпты ие болуға үйретеді.

С. ХАРЧЕНКО,
Қазақстан Компартиясы Қостанай облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

ҚАУЕСЕТ ТАРАТУШЫ «ӘУЕНДЕР».

АҚШ-тың ДАМУШЫ ЕЛДЕРГЕ ҚАРСЫ РАДИО СОҒЫСЫ

Азияның, Африканың және Латын Америкасының көптеген елдерінде бүгінде болып жатқан прогрестi өзгерістерге Құрама Штаттар мықтап мазалануда. Осы аймақты тонаушы американ монополиясының мүдделерін қорғауға ұмтылып, Вашингтон «үшінші дүние» мемлекеттеріне қарсы өршітілген психологиялық соғысты өрістетті. Ол дамушы елдер халықтарына шімірікпестен жала жабады, дербес, тәуелсіз даму үшін оларды «жетілмеген» деп бейнелейді. Олардың бостандық пен демократияға қарай қозғалысын тоқтатуға немесе тым болмағанда тежеуге ұмтылады. АҚШ империализмі осы халықтарды Совет Одағынан және басқа социалистік мемлекеттерден оқшаулауға барлық күшпен ұмтылып, тым құйтырқы құралдарды іске қосады. Олардың бірі — радио соғысы.

АҚ ҮЙДЕ сауатсыз халық әлі де көп болып, арзан транзисторлық қабылдағыштар барған сайын ыңғайлы болып отырған дамушы елдердің миллиондаған тұрғындарының ақыл-ойына эфир арқылы тиімді ықпал жасауға болады деп есептейді.

«Құдыққа тасталған бір шөкім цианисті калиймен, — дейтін гитлерлік генерал Гелен, — деревняның барлық тұрғындарын улауға болады; радио арқылы берілген қисынды өтірікпен миллиондаған адамдарды уландыруға болады». Фашистік генералдың пікірін вашингтондық идеологтар қуана іліп әкетті. Олардың бірі, Генри Киссинджер, АҚШ-тың мемлекеттік секретары болған кезінде Геленнің пікіріне ауызша мынадай көрініс берді: «Жалғыз радио станция бомбардировщиктер эскадрильясына қарағанда көптеген елдер тұрғысынан қысым жасаудың аса тиімді құралы болуы мүмкін».

Бүгінде Вашингтон арсеналында радио соғыс тәсілдері мен көшірмелерінің тұтас топтамасы бар. Олардың бірқатарын атайық.

— американдық, батыстық өмір салтын кеңінен тану;

— социализмді соғысқа және дүние жүзілік үстемдік орнатуға ұмтылушы агрессияшыл күш ретінде көрсету;

— антисоветизм мен антикоммунизм;

— ұлтшылдық пен діни фанатизмді өршіту;

— дамушы елдер өміріндегі нақты және жалған қиыншылықтарды дәлел ету.

Эфирдегі зиянкестік жөніндегі мамандардағы тақырыптардың негізгі түрлері осындай.

АМЕРИКАН тарихшылары АҚШ-тың шетелдерге арналған радио насихатының ресми жылнамасын 1942 жылғы 24 февральдан жүргізеді. Нақ сол кезде «Америка үні» радио станциясы эфирге алғаш шықты. Оның дикторлары хабарларды неміс және итальян тілдерінде оқыды. Кейіннен станция жалған және жартылай жалған, оның үстіне барынша бұрмаланған информацияларды әзірлеп, тарату жөніндегі қуатты фабрикаға айналды. «Америка үні» әсіресе соңғы жылдары, президент Р. Рейганның әкімшілігі тұсында өте жедел дамыды. Қазір осы радио станция 42 тілде аптасына мың сағаттан астам уақыт бойы дүние жүзінің барлық аймақтарына дерлік хабар береді. Бұл Вашингтонға жағымсыз мемлекеттерге қарсы радио соғысында АҚШ-тың насихаттық басты рупоры.

Ақ үйдің қазіргі қожасы президент болмастан көп бұрын «Америка үнін» «американдық насихат соғысын жаңадан жандандыру үшін» жауынгерлік таран ретінде пайдаланбақшы екенін мәлімдеген еді. Өкімет басына келгеннен кейін Рейган әкімшілігі социалистік достық одақ елдері мен дамушы мемлекеттерге қарсы эфирдегі идеологиялық агрессияны шұғыл күшейтті. Ол «Америка үнін» жаңғыртуға, басқа зиянкестік радиостанциялар құруға кірісті.

1981 жылдың соңында-ақ Р. Рейган Кубаға қарсы «Марти радиосы» қуатты станциясын ұйымдастыру жоспары тұрғысынан сөз сөйледі. Әйтсе де Вашингтон Азаттық аралына қарсы радио агрессиясын бұрын да қолданған еді. 1960 жылы Орталық барлау басқармасы Гондурастың карибтік шағын аралдарының бірінде зиянкестік «Сван» радио орталығын жабдықтады. Ол Кубадағы контрреволюциялық агентураға шифрлы нұсқаулар берді, халықты революциялық өкіметке қарсы көтеріліске шақырды. Бұл немен аяқталды? Кочинос шығанағында Куба жеріне басып кірген Орталық барлау басқармасының жалдамалылары талқандалғаннан кейін бірден станция өзінің өмір сүруін доғарды...

Digitized by Google

Міне, бірнеше жылғы дайындықтан кейін үстіміздегі жылы 20 майда «Марти радиосы» Азаттық аралына хабар бере бастады.

«Марти\радиосын» құру туралы шешім қабылдай отырып, Ақ үй «кубалықтарды өз еліндегі оқиғалар туралы хабарландыру» станцияның негізгі міндеті болады деп жариялады. Дегенмен алғашқы хабардан кейін-ақ радио диверсанттардың кубалықтарға айтар ештеңесі жоқ екені анықталды. Өйткені «осы радио үнінің» аралда өз тілшісі жоқ, ал ол хабар беретін Флоридада Кубада болып жатқан оқиғалар жайлы ешқандай мағлұмат жоқ. Мәселен, радио постановкалардың бірінде шаруа жайлы әңгімеленді, оның әйелі қайтыс болған, өйткені ол әйеліне дәрігер таба алмаған. Дегенмен бүгінде Кубада бұл мүлдем мүмкін емес. Азаттық аралы қалаларда ғана емес, сондай-ақ селолық жерлерде де дәрігерлермен жеткілікті қамтамасыз етілген. Қазір Кубада әрбір 445 тұрғынға бір дәрігерден келеді, ал медицина факультеттерінде болашақ 20 мың медик оқиды. Бұл дүние жүзіндегі таңдаулы көрсеткіштердің бірі.

Кубаның ұлттық батырының есімімен қорлау ретінде аталған «Марти радиосына» қоса Кариб теңізінің түрлі араларынан тағы сегіз зиянкестік радио станциясының антеналары Гаванаға бағдарланған. Олардың қызметін Орталық барлау басқармасы басқарады.

Вашингтон Орталық Америкада басты радио соққыны революциялық Никарагуаға қарсы бағыттауда. АҚШ онда зиянкестік идеологиялық акциялардың мұқият ойластырылған программасын жүзеге асырды, сандинистік үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын бұрмалауға, ел халқын революциялық үкіметке қарсы бейімдеуге, оларда қазіргі реттілікке наразылық туғызуға ұмтылады.

АҚШ соңғы жылдары ғана Орталық Америкада бес радио станция құрды, олар сандинистерге қарсы белсенді жұмыс істейді. Тым бертінде «Америка үнінің» қуатты ретрансляторлары Коста-Рика мен Белизде жұмыс істей бастады. Вашингтон осындай ретрансляторларды Гондурас пен Пуэрто-Рикода орнатуды жоспарлауда. «Контрас» топтарының да қысқа толқынды передатчиктері бар. Орталық барлау басқармасы мен Пентагонның адамдары жалдамалыларды олармен көл-көсір жабдықтайды.

Американдық насихатшылардың Никарагуа туралы өтірік және жалақорлық мәлімдемелерін атап шығудың өзі көптеген томды құрар еді. Вашингтон біресе сандинистердің «агрессияшылдығы», енді бірде олардың «адам праволарын» бұзуы туралы жар салады, енді бірде Манагуаны «халықаралық терроризммен» айыптайды. Алайда мұны нақты бірде-бір фактімен қуаттай алмайды. Бұрмалаулар іске қосылады. Бертінде, мәселен, «Америка үні» Сандинистік халық армиясының гондурастық Матагалпо» елді мекеніне шабуыл жасағаны туралы жариялады. Ал шабуыл болмаған еді. «Мұндай жалақорлық айыптаулар, — делінген Никарагуа сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде, — біздің елімізге қарсы үдетілген агрессияны барлық жолдар арқылы ақтауға ұмтылушы Вашингтонның милитаристік ниеттеріне жауап береді».

Келесі ретте Вашингтоннан радио диверсанттар Никарагуада Батыс Европадан келген жүздеген еріктілерге арналған жаттығу лагерін «ұшыратқан». Сандинистер халықаралық байқаушыларды өздеріне шақырды, олар осы «хабардың» жалғандығына өз көздерімен иланды. Ал вашингтондық «радио әуендер» жалығар емес, Никарагуаға қарсы барған сайын жаңа өтіріктерді өзірлеуде.

АЗИЯ аймағында Ақ үйдің өзіндік «сүйікті» нысаналары: Ауғанстан, Үндістан бар. Құрама Штаттар эфирде Ауғанстанға қарсы соғысты осы елдегі Апрель революциясынан кейін бірден дерлік өрістетті. Алғашында американдық барлаудың басшылығымен Пешеварда (Пакистан) қуатты радио станция құрылды. Ауғандықтардың басым бөлігі сауатсыз екенін пайдаланып, Орталық барлау басқармасы арсыздықпен өтірік таратты. 1980 жылы «Америка үні» де Ауғанстанға арналған хабарлар жүргізетіні туралы жариялады.

Бертінде американ конгресінің өкілдер палатасы «Азат Европа» зиянкестік радио станциясының Ауғанстан Демократиялық Республикасына арналған хабар беруін қарастырған заң жобасын мақұлдады. Осы «радио үні», мәлім болғанындай, көп жылдар бойы социализмге, прогресс пен демократияның барлық күштеріне арналған өрескел өтірік пен жалақорлыққа маманануда. Енді Вашингтонда «Азат Европаның» жәрдемімен ауған халқына қарсы психологиялық насихат соғысын өршітуге үміт артуда.

Қазір Ауғанстанға қарсы өшпенділік науқанына барлығы 50-ден астам батыс радио станциясы қосылған. Олардың Ауғанстан Демократиялық Республикасына арналған хабарларының көлемі соңғы бес жыл ішінде 20 есе өсіп, тәулігіне 60 сағаттан астам құрайды.

Осы «үндер» бәрінен гөрі не туралы жар салады? Ауған үкіметінің өтініші бойынша және тиісті шарт негізінде шектеулі совет әскерлерін Ауғанстанға енгізу достас ауған халқына деген біздің көмегіміздің актісі ретінде емес, «интервенция» ретінде ұсынылды, ұсынылуда. Дәлел үшін «фактілер»: мына жерде совет әскерлерінің бейбіт тұрғындарға қарсы уландырғыш заттарды қолдануы және Ауғанстан қарулы күштерімен «қақтығыстар» ...фактілері ойлап шығарылады. Осы «қиялдардың» күлі көкке ұшқанда, жаңа өтіріктер айналымға қосылады. Мәселен, совет және ауған әскерлерінің «мектептерді,

Digitized by Google

ауруханаларды, мешіттерді жоспарлы түрде қираттатыны туралы, ал ауған балаларын «советтік» рухта тәрбиелеу үшін оларды СССР-ге алып кететіні» жайлы қауесеттерді таратады. Іс жүзінде Ауғанстанда қанқұйлы қылмыстардың бәрін Орталық барлау басқармасының аясындағылар — дұшмандар жасайды. Олар жеті жыл ішінде 1814 мектепті, 40-тан астам ауруханаларды, шаруалардың 906 кооперативін жойып, 200-ден астам молла мен улемді, демек олардың бірқатарын тікелей мешіт ішінде өлтірді. Елді мекендерден қашқан қарақшылар өз соңдарында азапталған және атылған адамдардың денелерін қалдырады. Міне, тәсілқой радио диверсанттар оларды совет және ауған солдаттарының құрбандары етіп көрсетуге әрекеттенеді.

Вашингтон радио соғысының солбір былғаныштұ құралдарын Үндістанға қарсы пайдаланады. Үндістанның «Блиц» апталығы хабарлағанындай, АҚШ және Батыстың басқа елдері Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азияда зиянкестік радио станцияларының тұтас жүйесін құру программасын қазір жүзеге асыруда. Орталық барлау басқармасының жұмыс істеп тұрған рупорларына қосымша «Америка үні» ретрансляторы Шри Ланка территориясында салынуда. «Бастырмалата үдетілген психологиялық соғыстың мақсаты,—деп жазады «Блиц»,— аймақ елдерінде, ең алдымен Ауғанстан мен Үндістанда ішкі жағдайды тұрақсыздандыру, олардың халықаралық аренадағы позициясын әлсірету». «Қазір Үндістанға қарсы жұмыс істейтін «радио үні» өзінің басты күш-жігерін осы елде сепаратистік көңіл-күйді өршітуге, сик халқын орталық өкіметке қарсы айдап салуға бағыттайды. Пенджаб штаты тұрғындарын террористік акцияларға арандатады, проблемаларды бейбіт жолмен реттеуге түрлі жолмен кедергі жасауға ұмтылады.

АФРИКАДА тәуелсіз мемлекеттерге қарсы радио соғысты Құрама Штаттар нәсілшіл Оңтүстік Африка Республикасымен тығыз өзара бірлікте жүргізеді. Үшінші зиянкестік радио станциясын бертінде оңтүстік-африкалық Трансвааль провинциясында ашты. Ол испан тілінде хабар береді, оның жалған информацияға толы хабарлары Анголада жұмыс істейтін кубалық мамандарға қарсы бағытталған. «Америка үнінің» ірі ретрансляторы Ботсванда жұмыс істейді.

Ал осы «радио үндердің» бәрі бірге оңтүстік африкалық соғысқұмарлардың Анголадағы және Африканың оңтүстігіндегі басқа елдердегі зұлымдықтарын ақтауға әрекеттенеді, Ангола мен Мозамбик халықтарын террорға ұшыратушы контрреволюциялық бандалардың қарақшыларын «азаттық үшін соғысушы батырлар, азап шегушілер» ретінде көрсетуге ұмтылады. Оңтүстік Африкада, Намибиде азаттық үшін шын мәнінде шайқасушы патриоттарға Вашингтонның радио жалдамалылары «террористер атағын» береді. Құрама Штаттар олардың түсіндіруінде «африкалықтардың досы әрі рақымшысы», Совет Одағы, барлық социалистік елдер —«агрессорлар мен қанаушылар». «Америка үні», мәселен, Анголаға қарсы контрреволюциялық УНИТА тобы өкілінің осы ұйым Маланжде (Ангола) 20 совет және 35 куба кеңесшісін пленге алды-мыс деген хабарынан үзінді келтірді. Оның үстіне осы «оқиға» анголалықтарға СССР-ден және Кубадан келген мамандарға деген жеккөрушілік туғызатындай етіп берілді. Расында УНИТА өкілінің «хабарын» Орталық барлау басқармасы жазған екен, әрине, қарақшылар ешқандай кеңесшіні қолға түсірмеген.

ДАМУШЫ мемлекеттердің прогресшіл топтары эфирді суверенді елдерді тұрақсыздандыру және заңды үкіметтерін құлату мақсатымен олардың ішкі істеріне араласу үшін пайдаланатын Вашингтонның қимыл-әрекетіне наразылық білдіреді. «Үшінші дүниенің мемлекеттерінің» басым көпшілігі радионың радио соғысы арқылы өшпенділік пен сенімсіздікті өршітуші Вашингтонның зұлымдық жоспарларына емес, бейбітшілік, халықаралық өзара ұғынушылық, халықтар прогресі ісіне қызмет етуін батыл жақтайды.

А. МОИСЕЕВ.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-03, 33-80-07,

33-80-56, 33-80-73,

33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕКЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТКЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 11.10.85. Подп. к печати 28.10.85. УГ01490. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,52. Печать высокая. Тираж 66034 (казахское издание — 33582 экз., русское издание 32452 экз. Заказ 129. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН





Алматы. Ионосфера институты — Қазақ ССР Ғылым академиясының ең жас бөлімшесі, ол осыдан екі жыл бұрын ионосфера секторының базасында ұйымдастырылған. Оның ғалымдары жүргізген зерттеу нәтижелері радио толқындарының таралуын болжаумен, жер төңірегіндегі космос кеңістігін зерттеумен айналысатын бірқатар ұйымдар мен ведомстволарда табысты енгізілуде.

Суретте: ионосфера институтының «Орбита» радио полигоны теңіз деңгейінен 2800 метр биіктікте, Іле Алатауы жотасында орналасқан.

Алматы темір жолын электрлендіру басталды. Мұның өзі алғашқы учаскеде — Мойынты-Сарышаған жолында басқа бағыттағы жұмыстар үшін 20-дан астам тепловозды босатуға, жүк поездарының салмағын бір жарым есе ұлғайтуға мүмкіндік берді. Құрылысшылар мен теміржолшылар еңбек жеңісін КПСС XXVII съезіне арнауда.

Суретте: бірінші электровозды жүргізу таңдаулы бригадаға —машинист **В. Быков** пен оның көмекшісі **Н. Сейітовке** сеніп тапсырылды.



Целиноград. Облыс орталығының жастар сарайында «Современник» халық театры, жастар мен студенттердің бүкілдүниежүзілік XII фестиваліне қатысушы «Алмагүл» ансамблі, «Поиск» фотоклубы, «Палитра» бейнелеу клубы жұмыс істейді. Екі мыңнан астам адам спорт түрлері бойынша шеберліктерін арттыруда, бір жарым мыңға жуық адам денсаулық топтарына қатысуда.

Суретте: жүзу бассейнінде сабақ өтуде.



Қостанай облысы. Ломоносов атындағы совхоз коллективі сүт өндірудің бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Қарамай бөлімшесінің еңбеккерлері ортақ жеңіске сүбелі үлес қосты. Машинамен сиыр саууды бірінші класты шебері, осы бөлімше сауыншысы Л. Д. Никитинаның звеносы совхоз сауыншыларының КПСС XXVII съезі құрметіндегі социалистік жарысында алда келеді.

Суретте: машинамен сиыр саууды бірінші класты шеберлері (оңнан солға қарай) Л. Никитина, С. Буленкова, Б. Бекболатова, В. Терещенко.

Суреттерді түсірген ҚазТАГ.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



Digitized by Google

ISSN 0132—6139



30 ДЕКАБРЬ—
СССР-ДІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ

Қазақстан КОММУНИСТІ

22
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Қарағанды. Николай Федорович Сергеев — 20 жылдан астам өмірін шахта құрылысы ісіне арнаған, мирасқор кенші, тәжірибелі тәлімгер. Ол басқаратын проходкалау бригадасы — «Карагандашахтастрой» комбинатының жерасты шахта құрылысы басқармасындағы таңдаулы. Бірыңғай нарядпен жұмыс істей отырып, бұл коллектив жыл сайын 1 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын игереді. Олар комбинатта алғаш рет кен жыныстарын қазуда жоғары өнімді бұрғылау-тиеу машиналарын енгізді. Н. Ф. Сергеев 1984 жылғы Бүкілодақтық социалистік жарыста қол жеткен орасан зор жетістіктері үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Бригада коллективі он бірінші бесжылдық жоспарын стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дейін орындап шықты.

Суретте: Н. Ф. Сергеев.

Суретті түсірген В. Петухов (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

22

1985

НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

«ПРАВДА» газетінің бас мақаласы

Кеше Совет Одағы Коммунистік партиясы Программасы жаңа редакциясының Орталық Комитеттің 1985 жылғы октябрь Пленумы мақұлдаған жобасы жарияланды. КПСС XXVII съезіне әзірліктің жаңа, өте жауапты кезеңі — экономика мен саясаттың аса маңызды мәселелері бойынша партияның халықпен кең көлемде тікелей ақылдасу кезеңі басталды.

Миллиондаған совет адамдарының — коммунистер мен партияда жоқтардың — жобаның жалпыпартиялық, жалпыхалықтық көлемде талқылануына қатысуы партияның коммунизмге бағдар алған өз бағытын жақсылап тексеруіне, қоғамымыздың барлық таптары мен топтарының ерік-жігерін, мүддесі мен қажеттерін жақсырақ ескеруіне мүмкіндік береді. КПСС лениндік дәстүрлерді басшылыққа ала отырып, совет қоғамының тарихындағы қазіргі жауапты, бетбұрыс сәтте коллективтік тәжірибеге сүйеніп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуді жүзеге асыру үшін халықтан ақыл-кеңес сұрайды.

КПСС-тің басты теориялық және саяси документі — партия Программасының жаңа редакциясының жобасы — маркстік-лениндік идеялардың аса бай арсеналы, коммунистердің, совет адамдарының барлық ұрпақтарының тарихи тәжірибесін ғылыми тұрғыдан жинақтаудың қорытындысы. Талқылауға ұсынылған документ партия ұйымдарының, еңбек коллективтерінің, жұртшылықтың қалың топтарының үлкен жұмысының нәтижесі болып табылады. Ол — біздің партиямыздың, біздің социалистік құрылысымыздың шын мәніндегі демократиялық табиғатының жарқын көрінісі.

Партияның өз жұмысында сүйеніп отыратын негізгі теориялық және саяси нұсқауларының сабақтастығы — жобаның ерекше белгісі. Мұндай сабақтастық — партия теориясы мен саясатының принциптілігі мен дәйектілігінің, оның марксизм-ленинизмге адалдығының мәселесі. Сонымен бірге дәйектілік пен сабақтастық партияның теориясын, стратегиясы мен тактикасын творчестволықпен дамытуды, оның қызметінің шешуші бағыттарындағы жаңашылдық ізденісті, үшінші Программа қабылданғаннан бергі өткен ширек ғасыр ішінде болған өзгерістерді ескеруді көздейді.

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасы марксизм-ленинизмнің берік іргетасына, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайына реалистік тұрғыдан талдау жасауға негізделген. Онда партия, Совет мемлекеті, бүкіл халық жұмысының стратегиялық бағыттарының нақты, айқын, кең көлемді сипаттамасы берілген.

КПСС-тің түпкі мақсаты—коммунизм орнату. Ол адамзаттың таңдаулы өкілдері ғасырлар бойы армандаған еңбек адамдарының ең жарқын мұраттары мен ой-арманын білдіреді. Жобада коммунистік формацияның ең жоғары фазасының нобайы сызып көрсетілген.

Коммунизм — өндіріс құрал-жабдықтарына біртұтас жалпыхалықтық меншік, қоғамның барлық мүшелерінің толық әлеуметтік теңдігі болатын тапсыз қоғамдық құрылыс, мұнда адамдардың жан-жақты кемелденуімен бірге ұдайы дамып отыратын ғылым мен техниканың негізінде өндіргіш күштер де өседі, қо-

Digitized by Google

ғамдық байлықтың барлық көздері арналы тасқынға ұласып, «әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — қажетіне қарай» деген ұлы принцип жүзеге асырылады. Коммунизм — еркін де саналы еңбеккерлердің жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамы, мұнда қоғамның өзін-өзі басқаруы орнығады, қоғам игілігіне еңбек ету жұрттың бәрі үшін бірінші кезектегі өмірлік қажеттілікке, саналы мүдделілікке айналады, әркімнің қабілеті халық үшін барынша тиімді түрде пайдаланылатын болады.

Партия өзінің саясатын, экономикалық және әлеуметтік стратегиясын, ұйымдастырушылық және идеологиялық жұмыс міндеттерін коммунистік перспективамен ұдайы салғастырып отырады.

КПСС коммунистік формацияның екі фазасы арасында күрт шекара жоқ және болуы мүмкін еместігін басшылыққа алады. Қоғам дамуының объективті заңдары социализмнің коммунизмге ұласу қажеттігін айқындайды. Бұл жерде пісуі жеткен міндеттерді шешуде шабандыққа жол беруге болмайтыны секілді ілгері озып кетуіне де жол беруге болмайды.

Қазіргі редакциясындағы КПСС-тің үшінші Программасы, — деп атап өтілген жобада, — социализмді жоспарлы түрде және жан-жақты жетілдіру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету негізінде совет қоғамын коммунизмге қарай одан әрі ілгерілету программасы. Бұл бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолындағы күрес программасы.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету концепциясы партияның қазіргі бағытының мәнісін білдіреді. Партия бүгін таңда халық алдында сонымен көрініп отыр, ол кезекті XXVII съезге сонымен келе жатыр.

Бұл концепция Коммунистік партияның, совет халқының қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қызметінің. мақсаттары мен міндеттерін белгілейтін программалық ережелерге негіз етіп алынды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету арқылы — қоғамның сапалық жаңа жағдайына жету — КПСС Программасы жаңа редакциясы жобасының өзекті идеясы осындай.

Экономикалық стратегия саласында бұл — жан-жақты дамыған өндіргіш күштері, толысқан социалистік өндірістік қатынастары, жақсы жолға қойылған шаруашылық механизмі бар, ұйымдастырылуы мен тиімділігі ең жоғары экономикаға көшуді қамтамасыз ету. 2000 жылдың аяғына дейін-ақ елдің өндірістік потенциалын екі есе арттыруға қол жеткізіп, ол сапалық жағынан түбегейлі түрде жаңартылуға тиіс. Бұл өзгерістер ең алдымен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде жүзеге асырылады. Ғылым толық дәрежесінде тікелей өндіргіш күшке айналады.

Әлеуметтік салада бұл — совет адамдарының тұрмыс және еңбек жағдайларын үнемі жақсартып отыру; қоғамдық қатынастардың барлық негізгі салаларында әлеуметтік әділеттілік принципін барған сайын неғұрлым толық жүзеге асыру, таптарды және әлеуметтік топтар мен жіктерді жақындастыру, ой еңбегі мен дене еңбегі, қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою, ұлттық қатынастарды жетілдіру, елдің барлық ұлттары мен халықтарының туысқандық достығын нығайту.

Саяси салада — бұл советтік демократияны жетілдіру, мемлекеттік және қоғамдық өмір мәселелерін шешуге еңбекшілердің, олардың коллективтері мен ұйымдарының күнбе-күн, белсенді және пәрменді қатысуы негізінде халықтың социалистік өзін-өзі басқаруын барған сайын неғұрлым толық жүзеге асыру.

Рухани салада — бұл өз бойында рухани байлықты, моральдық тазалықты және мінсіз дене тәрбиесін ұштастырып, үйлесімді дамыған, қоғамдық өмірде белсенді жеке адамды қалыптастыру. Жобада идеялық-тәрбие жұмысы, халыққа білім беру, ғылым, мәдени құрылыс, әдебиет пен өнер саласында нақты міндеттер алға қойылған.

Жобаның бүкіл мазмұны мынаны көрсетеді: ажырамас байланыста алынған жан-жақты ойластырылған экономикалық стратегия, күшті әлеуметтік саясат және мақсатты идеялық-тәрбие жұмысы арқылы ғана адам факторын жандандыруға болады, алға қойылған міндеттердің бірде-бірін онсыз шешу мүмкін емес. Себебі тарихи мақсаттар ауқымды болған сайын, миллиондардың бұл мақсаттарға жетуге шаруақорлықпен мүдделі түрде, саналы да белсенді қатысуы соншалық маңызды бола түседі.

Программаның жаңа редакциясында дүниежүзілік дамудың негізгі тенденциялары көрініс тауып, қазіргі дәуірдің жан-жақты сипаттамасы берілген. Бұл социалистік революциялар, капитализмнен социализмге және коммунизмге өту, дүниежүзілік екі әлеуметтік-саяси системаның тарихи бәсекесінің дәуірі, ұлт-азаттық революциялар дәуірі және отаршылдықтың күйреу дәуірі, қоғамдық дамудың ең басты қозғаушы күштері — дүниежүзілік социализмнің, жұмысшы және коммунистік қозғалыстың, азаттық алған мемлекеттер халықтарының, бұқаралық демократиялық қозғалыстардың — империализмге, оның агрессия және

Digitized by Google

өзіп-жаншу саясатына қарсы, демократия мен әлеуметтік прогресс жолындағы күресінің дәуірі.

Ленин партиясы Программасының әрбір жолы соғысқа жол бермеуге, жер бетінде бейбітшілікті баянды етуге, қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптерінің салтанат құруына бағытталған. Жобада осы ізгі мақсатқа жетуге бағытталған нақты ұсыныстар жасалған.

Совет коммунистері социалистік елдермен достық байланыстар мен ынтымақтастықты одан әрі дамытып, нығайтуды жақтайды. КПСС басқа да туысқан партиялармен бірге бірлікті нығайтуды, социалистік достық одақтың күш-қуаты мен ықпалын арттыра беруді өзінің интернационалдық борышы деп санайды.

Адамзаттың жақсы болашағының кепілі — әлеуметтік прогресс пен ұлт-азаттық күштерінің берік одағы. Біздің партия азаттық алған халықтардың өсе түсіп келе жатқан ықпалы отаршылдықтың қалдықтарына қарсы, бейбітшілік пен жалпыға бірдей хауіпсіздік жолындағы күрес ісіне барған сайын сәйкес келуін жақтайды.

КПСС — халықаралық коммунистік қозғалыстың құрамдас бөлігі. Дүниежүзілік жұмысшы табы мен оның авангарды алдындағы өзінің тарихи жауапкершілігін терең сезіне отырып, біздің партия ортақ революциялық мұраттарды, пролетарлық интернационализм принциптерін қорғап, маркстік-лениндік ілімнің тазалығы үшін, догматизм мен ревизионизмге, буржуазиялық идеологияның жұмысшы қозғалысына тигізетін кез-келген ықпалына қарсы алдағы уақытта да дәйекті күрес жүргізе береді.

Коммунистік партия, жұмысшы табының, бүкіл халықтың партиясы — біздің қоғамның басшы және бағыт беруші күші, бұқараның тарихи творчествосының дем берушісі және ұйымдастырушысы. Жаңа тарихи жағдайларда оның ролі заңды түрде арта түседі. Партияның саяси және ұйымдастырушылық қызметінің дәрежесіне, әрбір коммунистке барған сайын неғұрлым жоғары талаптар қойылады.

Қоғамға саяси басшылық жасай отырып, КПСС алдағы уақытта да сыннан өткен принциптерді, олардың арасында ең алдымен мүшеліктің, демократиялық централизмнің, коллектившілдіктің, пролетарлық және социалистік интернационализмнің лениндік принциптерін дәйекті түрде қолданып отыратын болады. Өзінің күнделікті жұмысында ол партиялық жұмыста, мемлекетті және шаруашылықты басқарудың барлық салаларында лениндік стильді орнықтырып, өз саясатының ғылыми негізділігін арттырады; бұқараның коллективтік ақыл-ойы мен тәжірибесіне кеңінен сүйеніп, олардың қоғамдық инициативасын дамыта береді. Партия идеялық-теориялық, саяси-тәрбие, ұйымдастырушылық және шаруашылық қызметтің бірлігіне, кез-келген тоқыраушылық пен консерватизмге қарсы ымырасыз күреске, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және идеялық-саяси проблемалардың қазіргі шешімдерін творчестволықпен іздестіруге принципті мән береді.

Партия ұйымдарының алдында қазір партия жиналыстарында, аудандық, қалалық, облыстық және өлкелік конференцияларда, одақтас республикалар Компартияларының съездерінде Программаның жаңа редакциясының жобасын кеңінен талқылау міндеті тұр. Бұқаралық информация құралдары талқылаудың бүкілхалықтық мінбесіне айналуға тиіс. Бұл жауапты саяси науқан. Жобаны талқылау, насихаттау және түсіндіру жұмысы ашық және іскерлік сипатта болып, даңғаза-дабырасыз, ұйымшылдықпен әрі мазмұнды өтуге, совет халқының Коммунистік партияның төңірегіне одан әрі топтасуына, еңбекшілердің социалистік қоғамды жетілдірудің, оның сапалық жаңа жағдайына жетудің міндеттері мен перспективаларын терең түсінуіне көмектесуге тиіс. 1985 жылдың және жалпы бесжылдықтың жоспарын аяқтау жөніндегі практикалық жұмыс, тәртіп пен реттілікті, ғылым мен озық тәжірибе жетістіктерін енгізу, үнем тәртібін күшейту, адал да абыройлы еңбектің беделін арттыру мәселелері басты назарда болуға тиіс.

Партия коммунистерді, барлық еңбекшілерді — жұмысшыларды, колхозшыларды, интеллигенцияны съезд алдындағы осынау аса маңызды документті талқылауға белсене қатысуға шақырады. Бірде-бір пайдалы ой, бірде-бір орынды ұсыныс назардан тыс қалмауға тиіс. Өзінің XXVII съезіне әзірлене отырып, КПСС алға қойылған барлық міндеттер шешіледі, белгіленген шептерге қол жеткізеді деген сенім білдіреді.

(1985 жылғы 27 октябрь).

Digitized by Google



УАҚЫТ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

И. ВОРОНОВ,
Көкшетаудың оттегі-тыныс алу аппаратурасы заводы слесарьларының бригадирі, үгітші

Партияның съезд қарсаңындағы документтері шыққаннан кейін біздің кәсіпорынның үгітшілері, саяси хабаршылары, насихатшылары осы маңызды саяси материалдарды насихаттау мен түсіндіруді жақсы ұйымдастыруды кеңесу үшін партия комитетіне жиналды.

М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумында: «Әрбір совет адамының, әрбір еңбек коллективінің, әрбір партия ұйымының нақты істері қазір ерекше қажет. Бұрынғыдан да белсенді қимылдар кезеңі туды, бүгін таңдағы басты мәселе осы» деген сөздері біздің бәріміз үшін жауынгерлік міндетке айналды.

Біз өз коллективіміздің мүшелерін еңбек өнімділігін арттырудың барлық резервтерін іздестіруге бағдарлауды ұйғардық. Осы тақырыпқа арналған әңгіме біздің бригадамызда да болды. Біз жоғары партия форумына дейін алдағы жылдың бірінші тоқсанының жоспарын орындауға сөз бердік. Әңгімеде қазір біз үшін ең басты мәселе — металл кескіш құралдардың берiктігін еселей түсуге мүмкіндік беретін осы заманғы «Болат» қондырғысын игеру екеніне назар аудардым. Бұл оңай іс емес, өз біліміңді жұмыс барысында жетілдіруге тура келеді. Слесарь А. И. Есіпов «Болатта» жұмыс істеуге бірінші болып рұқсат алды. Сөйтіп жаңа техниканы игеру процесін жеделдету үшін оған жас жұмысшылармен бірнеше сабақ өткізуді және 1 декабрьге дейін жаңа қондырғыны игеруді тапсырдық.

Жауапты сәттерде біз коллективті түрде ақылдасамыз. Бұл бізде «Көп, жақсы, аз шығынмен өнім өндірейік» ұранымен жұмыс істеген жылдар ішінде әдетке айналды. Көп нәрсеге қолымызды жеткізудің сәті түсті. Қазір бригадада 13 адамның орнына 10 адам бар, дегенмен орындалған жұмыстар көлемі үнемі ұлғайып келеді. Біз бесжылдық жоспарды үш жыл және үш ай ішінде аяқтадық, күндік тапсырманы 140—145 процент орындаймыз, айына жоспардағы 250 норма-сағаттың орнына 300—360 норма-сағат өнімділікке жетудеміз. Өткен жылы еңбек өнімділігінің өсімі 19 процент құрады. Биыл осы межеден едәуір асып түсеміз.

Бригадалық мердігерлік күшімізді еселей түсті. Коллективтің әрбір мүшесі учаскеде аралас кәсіптерді меңгерді. Слесарьлар А. М. Горяев, В. А. Франк, М. П. Кныревич заводта сапаның жеке таңбасымен алғашқылардың бірі болып жұмыс істей бастады.

Еңбекті ұйымдастырудың жаңа формасына ауысу бұйымдарды өңдеудің толассыз циклын енгізуімізге көмектесті, коллективтегі моральдық ахуалға елеулі ықпал етті. Енді әр слесарь өзін алмастырушының жұмысы басталғанға дейін құрал-саймандар мен механизмдерді толық әзірлеп қояды.

Үнем мен ұқыптылық жолындағы күресте жолдастарымның белсенділіктерінің артқаны туралы ерекше айтқым келеді. Өткен жылы бұйымдар жасаудың еңбекті көп қажетсінуін кемітуге есебінен 4 мыңнан астам сом үнемделді. Біздің өніміміз жалпы қарапайым, дегенмен оны ештеңемен алмастыра алмайсың: бұл металды серіппе, бірде-бір механизм онсыз жұмыс істей алмайды. Алайда шағын серіппені жасау ба-

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

рысында көп металл үнемдеуге бола ма? Біздің озаттарымыздың тәжірибесі резервтердің аз емес екенін көрсетті. Мысалы, слесарь Владимир Иванович Закревский менің өтінішіммен үлгі серіппе дайындады, ол сменасына жоғары сапада 300 грамға жуық металл үнемдеуге болатынын көрсетті. Бұл аз емес.

Содан кейін әңгімеде жұмысшының осындай нәтижеге неніқ есебінен жеткенін нақты көрсеттім, заводымыздың нобайларды нақты жасамау, жұмыстағы ұқыпсыздық салдарынан қандай залал шегетінін есептедім. Егер коллективіміздің әрбір мүшесі сменасына 10 грамнан металл үнемдесе, онда жылына одан 5 мыңға жуық серіппе дайындауға болады.

Бригадамыз заводта үнемделген материалдармен екі күн жұмыс істеу инициативасын алғашқылардың бірі болып көтерді. Бізді В. С. Лаганганның, Г. П. Гладченконың, Ю. В. Слюсаревтің озат коллективтері қолдады. Осы міндеттеменің орындалу барысын заводтың бригадирлер советі тұрақты бақылайды. Демек мұнда қорытындыларды шығарумен қатар бағалы тәжірбені басқа коллективтерде де пайдалану жөнінен ұсыныстар береді. Мысалы, Юрий Слюсаревтің комсомол-жастар бригадасы бұйымдарға жұмсалатын металл мөлшерін едәуір қысқартуға мүмкіндік беретін жаңалықты енгізді. Комсомолецтер осы жаңалықты талдап жасағаны үшін алған ақшалай сыйлықты Володар балалар үйінің есебіне аударды. Заводтың барлық бригадалары жаңалықты өздерінде ғана енгізіп қоймай, балалар үйіне қамқорлық жасау идеясын да қолдады. Жуырда заводтықтар оларға 3,5 мың сомның спорт жабдықтарын берді.

Үгітші ретінде адамдардың өндірістік қызметте ғана емес, сондайақ қоғамдық істерде де белсенді болуына ұмтыламын. Өзімізде түпкі нәтиже үшін ортақ жауапкершілікті заңға айналдырғаннан бері жігіттер көбірек творчество көрсетіп, завод маркасы үшін қамқорлық жасайтын болды, қоғамдық істерге қатысады. М. П. Қныревич өзін белсенді рационализатор ретінде көрсете білді, У. Ж. Мұқышев заводтың «Трудовой ритм» қабырға газеті редколлегиясының мүшесі болды, А. В. Тулевский ерікті халық жасағы штабына сайланды. Биыл Қызыл ту ауданы «Толбухин» совхозының партия комитеті В. И. Закревский мен У. Ж. Мұқышевті орақтағы екпінді жұмыстары үшін грамоталармен наградтады.

Қазір біздің еңбек коллективтерімізде СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының алдағы бесжылдыққа және 2000 жылғы кезеңге дейін арналған Негізгі бағыттарының жобасын талқылау өтуде. Осы маңызды әңгімеге біздің бригада мүшелері де мүдделілікпен қатысуда. Біз өзіміздің екпінді еңбегімізбен Отанымыздың қуатын нығайтуға лайықты үлес қосатын боламыз.

Digitized by Google

КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ—

Көкшетау облысы — Қазақстанның аса маңызды астықты облыстарының бірі, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ірі орталығы. «КПСС XXVII съезіне —27 екпінді он күндік!» еңбек вахтасында мыңдаған өндіріс озаттары, еңбек коллективтері жоғары жетістіктерімен бесжылдықтың қорытындылаушы жылының социалистік міндеттемелерін орындауға сүбелі үлес қосуда. Село еңбеккерлері биыл Азық-түлік программасын жүзеге асыруда елеулі табыстарға қол жеткізді. Мемлекетке астық, картоп, овощ сату жоспары орындалды. Астық тапсыру жөнінен бесжылдықты табысты орындаған Щучье және Зеренді аудандарының диқандары өз жетістіктерімен қуантты. Орақты ұйымшылдықпен өткізе отырып, Қызыл ту, Куйбышев, Рузаев және басқа да аудандардың диқандары жылдық тапсырманы аяқтады. Сегіз аудан, 102 шаруашылық сүт дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Үстіміздегі жылы облыста миллион гектар алқапта дәнді дақылдар өсірудің интенсивті технологиясы табысты қолданылды. Озық «Златополь», «Червонный» совхоздарында, Зеренді аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде гектарына 20 центнерден астам астық алынды. Партияның ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіруді жеделдету туралы шешімдеріне жауап ретінде село еңбеккерлері прогресті технологияны енгізуді жеделдету, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөнінен шаралар белгіледі.

Съезд қарсаңындағы жарыс өнеркәсіп орындарында да кең өріс алды. Жылдың тоғыз айы ішінде облыс орталығында жоспардан тыс 3,9 миллион сомның өнеркәсіп өнімі өткізілді, 5,6 миллион сомның халық тұтынатын товарлары шығарылды.

«АвтоВАЗ» бірлестігі коллективінің инициативасын қолдай отырып, оттегітыныс алу аппаратурасы және прибор жасау заводтарының еңбекшілері он екінші бесжылдықта ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыру жөніндегі міндеттемелерді облыста бірінші болып қабылдады.

АСТЫҚ ТАНАБЫНДАҒЫ ЖЕҢІС

Щучье ауданының диқандары мемлекетке астық тапсыру жөнінен бесжылдық жоспарды аяқтағандары туралы рапортты облыста бірінші болып тапсырды. Олар Отан қамбасына 600 мың тоннадан астам астық құйды. Егіншіліктің жоғары мәдениеті, интенсивті технологияны енгізу осы жеңістің аса маңызды факторына айналды.

«Златополь», «Үрімқай», «Золотой колос», «Воронов» және басқа да совхоздардың диқандары щучьелiктердің жетістігіне анағұрлым жоғары үлес қосты.

Мол астық жолындағы күресте коммунистер авангардтық роль атқарды. Ауданның озат диқандары — Социалистік Еңбек Ері В. В. Филоненко, Ленин орденінің иегері Н. И. Коваленко, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Б. Б. Нұрышев орақ басталардан бұрын кемінде 10 мың центнерден астық бастыру инициативасын көтеріп, барлық диқандарды стахановтық еңбек үлгілерін көрсетуге шақырды. Олардың бастамасын қостап, ауданның он екі механизаторы орақта он мыңшылар атанды.

ТӘЛІМГЕРЛЕРМЕН БІРГЕ

Көкшетаудың байырғы кәсіпорны — прибор жасау заводы жаңашылдық дәстүрлерімен әйгілі. Жыл басында тәлімгерлер Р. Ш. Шаяхметов, Л. В. Шарафудинова, Т. Андреева және басқалар кәсіпорынның комсомол-жастар коллективтерімен достық одақ туралы шарт жасасты. Ардагерлер жастардың кәсіптік шыңдалуына көмектесуде.


Достық одақ жақсы нәтижелер беруде. А. Кичигиннің комсомол-жастар бригадасы 1986 жылдың май айының есебіне еңбек етуде. Комсомолецтер И. Шепель, Ю. Хазов, Л. Гордиенко жарыста жоғары нәтижелерге жетуде. КПСС XXVII съезі құрметіне жастар коллективтері «Көп, жақсы, аз күшпен өнім өндірейік» қозғалысына қосылды, ал осы қозғалыс бұдан бірнеше жыл бұрын бригадир-тәлімгер В. А. Павленконың инициативасымен олардың өз кәсіпорнында дүниеге келген еді.

СҮТ САУУ МОЛАЮДА

Фермаларда мал қыстату кезеңін ұйымшылдықпен өткізу жолындағы облыстық жарыстың инициаторы Чкалов ауданы «Новый путь» колхозының малшылары мал қыстатуға сенімді кірісті. Мұнда жемшөптің төрт жылдық қоры

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА



Щучьенің № 2585 автоколоннасынан ауыр салмақты автопоездардың озат жүргізушісі, КПСС XXVI съезінің делегаты, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері Н. П. Плясунов бесжылдық ішінде жеті жылдық жоспарды орындады. Үстіміздегі жылы ол 14 мың тоннадан астам астық тасыды.

Суретте: Н. П. Плясунов.




Көкшетау тоқыма-галантерея фабрикасының коллективі Қазақстанның және Орта Азия республикаларының ауыл шаруашылығы, жеңіл және тігін өнеркәсібі орындарына өнім беруді табысты атқаруда. Үстіміздегі жылы мұнда 15 миллион 130 мың сомның ленталы-тоқыма бұйымдарының 70-тен астам түрі шығарылады.

Суретте: фабриканың таңдаулы тоқымашылары (солдан оңға қарай) К. Кенжеболатова, Г. Шәріпова, И. Силих және К. Тарағаева.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ІСТЕРІ

Аудандық мәдениет үйлері, совхоз клубтары жанынан құрылған жүзге жуық үгіт бригадасы, 36 автоклуб облыстың село еңбеккерлеріне қызмет көрсетеді. Егін жинау күндерінде Рузаев, Куйбышев және Ленинград мәдениет үйлері мәдениет қызметкерлерінің әңгімелері нақты, мазмұнды, жедел информацияға толы болды.

Бұл күндері үгіт бригадаларының, автоклубтардың маршруттары мал шаруашылығы фермаларына, шалғай учаскелерге жол тартты. Қызыл ту ауданынан № 2 автоклуб меңгерушісі Н. Бектұрғанова КПСС XXVII съезін, Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға арналған программа әзірледі. Рузаев мәдениет үйінің «Колос» үгіт бригадасы ауданның он бірінші бесжылдықтағы жетістіктеріне арналған әңгімелермен малшыларға аттанды.



Көкшетау ауданының КПСС XXIV съезі атындағы совхозынан комсомолец Талғат Омаров егін жинауға алғаш қатысты, дегенмен күн сайын біржарым нормадан орындай отырып, тәжірибелі диқандармен бірдей жұмыс істеді. Ол совхоз диқандарының еңбек жеңісіне сүбелі үлес қосты: Отан қамбасына 12500 тоннадан астам астық құйылды.

Суретті түсірген С. Мағзұмов (ҚазТАГ).

жасалды, оның үстіне ол көлемі шағын алаңдардан алынды. Колхоздың бас агрономы С. Бресь жемшөп дайындауда прогресті технологияны енгізді.

Бұл күндері колхоз малшылары әр сиырдан 10 килограмнан астам сүт алуда.

Digitized by Google

ЖАҢА МЕЖЕЛЕР

Бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы Советтер елі алдынан орасан зор жаңа перспективалар ашуда. Жоба, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы қазан октябрь Пленумында жасаған баяндамасында, — «экономикалық өсімді жеделдету, сонымен бірге халықтың әл-ауқатын арттыру, экономикалық потенциалды нығайту және Отанымыздың қорғаныс қуатын тиісті дәрежеде ұстау сияқты міндеттерді шешу жөніндегі партияның программалық талаптарына негізінен сай келеді». Он екінші бесжылдық Коммунистік партия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге және осының негізінде қоғамның жаңа сапалық жағдайына қол жеткізуге арналған бағытын практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда маңызды кезең болып табылады.

Жаңа бесжылдықта ұлттық табыстың және материалдық өндірістің барлық салалары өнімінің үстеме өсімдері тұңғыш рет түгелдей еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынатын болады. Үнемдеу халық шаруашылығының қосымша материалдарға деген қажетін қанағаттандырудың шешуші қайнарына айналады. Күрделі қаржы басым бағыттарға шоғырландырылады. Бұл орайда басты назар ең алдымен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыруға және қайта құруға аударылады. Машина жасау, химия, электрон және электротехника өнеркәсібі жедел қарқынмен дамытылады. Машиналардың, жабдықтар мен материалдардың ең жаңа үлгілерін шығару, прогресті технологияларды қолдану ісі қолға алынады.

Еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексінде Советтік Қазақстанның экономикасы оның табиғи құрамдас бөлігі ретінде тұрақты және ширақ дамуда. Республика қуатты экономикалық потенциалды иелене отырып, он екінші бесжылдыққа енуде. Үстіміздегі бесжылдықта республикада экономика мен мәдениеттің барлық салаларында жаңа ірі қадам жасалды. Өндіріс ауқымы өсті, халық шаруашылығының тиімділігін арттыруда, өндірісті интенсивтендіруді жеделдетуде оң тенденциялар белгіленді.

Негізгі бағыттар жобасы республика экономикасын комплексті дамытуды қарастырады, оның өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Алдағы бесжылдықта өндіріс ауқымының өсуімен қатар халықшаруашылығында елеулі құрылымдық ілгерілеулер де болады. Ең алдымен өндіріске қайтадан тартылатын ресурстарды мейлінше ұлғайту арқылы қоғамдық өндіріс пен халықтың тұрмыс дәрежесінің артуына қол жеткізілуге тиіс екенін атап көрсеткен жөн. Республиканың ұлттық табысының, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдері мөлшерінің өсімі еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынуға тиіс.

Жаңа бесжылдықта негізгі қорлардың ұдайы өндірісінде елеулі өзгерістер болатынын атап өту қажет. Күрделі қаржыларды ұлғайту емес, жинақталған өндірістік потенциалды пайдалануды жақсарту шешуші факторға айналуда. Соның нәтижесінде біздің республикамызда алғаш рет материалдық өндіріс саласында ұлттық табыстың күрделі қаржылар көлемінің ұлғаюымен салыстырғанда анағұрлым шапшаң қарқынмен өсуі белгіленуде.

Өндірісті интенсивтендіру экономикалық өсімнің басты факторына айналған қазіргі жағдайда ғылыми-техникалық прогресс мәні бұрынғыдан да арта түседі. Осыған орай республикада ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстар ұлғаяды, мақсатты комплексті ғылыми-техникалық программалар жүзеге асырылады. Бесжылдықта ең алдымен қол еңбегін механикаландыруға және автоматтандыруға, ресурс үнемдейтін техниканы, қалдықсыз және қалдығы аз технологияны енгізуге, өнім сапасын жақсартуға бағытталған ондаған мың шараны жүзеге асыру белгіленуде. Сонымен өнеркәсіпте қол еңбегімен айналысатын жұмысшылардың үлес салмағын 1985 жылғы үштен бірінен 1990 жылғы төрттен біріне дейін қысқарту міндеті қойылуда.

Алдағы он бес жылдың стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруда онекінші бесжылдық аса маңызды роль атқарады. Ол еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының барлық бағыттарында бетбұрыс кезең болуға тиіс.

Онекінші бесжылдықтың басты міндеті — ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндірісті техникамен қайта жарақтандыру және қайта құру, жасалған өндірістік потенциалды интенсивті пайдалану, басқару жүйесін, шаруашылық механизмін жетілдіру негізінде экономиканы дамытудың қарқыны мен тиімді-

Digitized by Google

лігін арттыру және осының негізінде совет халқының әл-ауқатын одан әрі көтеру болып табылады.

Онекінші бесжылдықта алда адамдардың тұрмысын жақсартуға, халық шаруашылығының барлық салаларының серпінді дамуына жетуге және елдің қорғаныстық қабілетін қажетті деңгейде ұстауға байланысты міндеттердің кең ауқымын бір мезгілде шешу міндеті тұр.

СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарынан.

Осы заманғы талаптарға жауап беретін бұйымдардың жаңа түрлерін шығаруды күрт ұлғайтуға бағытталған шаралар белгіленді. Сапаның жоғары категориясымен өнім өндіру едәуір ұлғаяды.

Үлкен әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін республиканың өндірістік потенциалын үдету, материалдық өндірістің барлық салаларын теңгермелі, пропорциялы және ширақ дамыту қарастырылуда. Павлодар-Екібастұз, Қаратау-Жамбыл, Маңғышлақ және басқа да территориялық-өндірістік комплекстерді қалыптастыру қолданылады.

Жалпы қоғамдық өнім көлемінде өнеркәсіп үлесі одан әрі көптеп өсе түседі. Алдағы бесжылдықта оны дамыту негізінен жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарда өнімнің қажетті өсімін қамтамасыз етуге бағдарланған. Негізгі бағыттар жобасында кәсіпорындарды қайта құру және техникалық жағынан қайта жарақтандыру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді интенсивтендіру жөніндегі басқа да ұйымдық-техникалық шараларды жүргізу, сондай-ақ жаңа қуаттарды іске қосу есебінен өнеркәсіп өнімін шығарудың жалпы көлемін бесжылдық ішінде 23—26 процент ұлғайту белгіленуде.

Негізгі бағыттар жобасында республиканың **отын-энергетика комплексін** одан әрі дамытуға айрықша мән берілуде. Республикадағы орасан зор энергетикалық ресурстарды халық шаруашылығы айналымына тарту процесі жеделдейді. Екібастұз бассейнінде көмір өндіру қыруар ұлғаяды. Павлодар облысында Майтөбе көмір қойнауы мен Торғай қоңыр көмір өндіру орнын игеру басталады.

Теңіз мұнай қойнауын игеру жеделдейді. Қарашығанақ газ конденсаты қойнауында құрғақ отын газын, сұйытылған газ, жай күкірт және басқа да өнімдер алу арқылы газды ұқсатуды бастау қарастырылуда.

Электр энергетикасы жедел қарқынмен дамитын болады. Екібастұздың № 2 мемлекеттік аймақтық электр станциясында қуаттарды іске қосу, Екібастұздың № 3 мемлекеттік аймақтық электр станциясы мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік аймақтық электр станциясы құрылысын өрістету, Шульба су электр станциясы құрылысын аяқтау белгіленуде.

Мұнай ұқсату өнеркәсібінде мұнай өңдеу заводтарында жаңа қуаттарды іске қосу есебінен мұнай ұқсатуды жақсарту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Химия өнеркәсібін дамыту фосфоритті шикізаттың басқа да түрлерін комплексті пайдалануға, қайталама материалдар мен қалдықтардан өнім шығаруды молайтуға бағдарланады. Ақтөбе химия заводының, Жамбыл суперфосфат заводының және басқа да кәсіпорындардың қуаттары кеңейеді.

Қара металлургия кәсіпорындарында мамандандыру мен топтастыруды жақсарту, ғылым мен техника жетістіктерін кеңінен енгізу негізінде өндіріс тиімділігін арттыру жөнінен үлкен жұмыстар атқаруға тура келеді. Качар кен-байыту комбинатында темір рудасын және Донской кен-байыту комбинатында хром рудасын өндіру ұлғаяды. Қарағанды металлургия комбинатында қаңылтыр цехының құрылысы және оны жобалық қуатына шығару аяқталады.

Түсті металлургияда руда базасын дамытуды жеделдету, шикізатты комплексті пайдалану дәрежесін арттыру міндеті қойылуда. Жәйрем кен-байыту және Жезқазған кен-металлургия комбинаттарында руда өндіру және қайта өңдеу жөніндегі қуаттар ұлғаяды, Қызылорда облысында Шалқия кен орны игерілетін болады. Жобада Бақыршық кен-байыту комбинатының, Қайрақты вольфрам, Көктіңкөл молибден және Бощыкөл мыс байыту комбинаттарының құрылысы өрістейді. Металлургия заводтары мен байыту фабрикаларын қайта құру және техникалық жағынан қайта жарақтандыру жөніндегі жұмыстардың үлкен көлемі қарастырылуда.

Ғылыми-техникалық прогресс негізі ретінде **машина жасау** өнімдерінің техникалық дәрежесін, сапасын арттыру және машина жасауды дамыту жөнінен шаралар белгіленді. Жабдықтар жұмысының сменалық коэффициенті едәуір артады. Салада қол еңбегімен айналысатын жұмысшылар саны қысқаруға тиіс. Алдағы бесжылдықта шығарылатын машиналардың, жабдықтар мен приборлардың энергиялық үлес салмағын және олардың металдық үлес салмағын қысқарту міндеті қойылды. Осының бәрі 1986 — 1990 жылдары машина жасау мен металл өңдеу өнімдерін шығаруға жұмсалатын шығындарды, өзіндік құнды кемітуді қамтамасыз етуге тиіс.

«Целиноградсельмаш» бірлестігінің, Целиноград шойын құю заводының қуаттары өседі. Өздігінен жүретін кең алымды «Степь» жатқаларын шығару жөніндегі «Карагандасельмаш» заводының бірінші кезегін іске қосу белгіленуде.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінде кәсіпорындардың техникалық дәреже-

Digitized by Google

ғін арттыру жөніндегі ауқымды программаны жүзеге асыру белгіленуде. Семей цемент заводын қайта құру және техникалық жағынан қайта жарақтандыру, құбыр және шифер өндірісінде технологиялық желілерді енгізу қарастырылуда. Линолеум, гипс-картонды тақтайлар, тағы басқа прогресті құрылыс материалдарын шығару жөніндегі бірқатар жаңа кәсіпорындар салу жобалануда.

Алдағы бесжылдықта республика халық шаруашылығының барлық саласында **халық тұтынатын товарлар** шығаруды жан-жақты үдету, олардың түрлерін кеңейту және сапасын жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар жүргізіледі. Осы саладағы бірінші кезекті міндеттер — қуаттарды барынша жүктелімге қою, өндірістің техникалық дәрежесін арттыру, шикізатты комплексті пайдалану және қалдықсыз және қалдығы аз технологияны енгізу есебінен оның ысырабын қысқарту.

Сұраным әзірше толық қанағаттандырылмай келе жатқан товарлар шығаруды ұлғайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Жеңіл өнеркәсіпте жүн және жібек маталар, тоқылмайтын материалдар, трикотаж бұйымдарын, мақта-мата жіптерін, кілем және кілем бұйымдарын шығару басым қарқынмен ұлғаяды. Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған комплексті программасы республикада 1990 жылы 385 миллион шаршы метр мата, 135 миллион дана трикотаж бұйымын, 37 миллион пар аяқ киім шығаруды белгіледі. 200 миллион шаршы метр мақта мата және 75 миллион шаршы метр жібек мата шығару жөніндегі қуаттарды іске қосу, трикотаж, тігін және шұлық-үйық бұйымдарын, тоқылмайтын материалдар шығаратын фабрикалар, жеті аяқ киім фабрикасын, екі былғары заводын іске қосу қарастырылуда.

Тамақ өнеркәсібінде тамақ өнімдерінің түр-түрін және сапасын жақсарту, оларды фабрикалық шағын мөлшерде өлшеп оралған күйінде шығаруды ұлғайту, балалардың және диеталық тағамдар өндіруді арттыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады. Осы салада өндірісті дамытудың негізгі жолы болып табылатын жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтумен және техникалық жағынан қайта жарақтандырумен қатар нан және нан-тоқаш өнімдерін, сүт өнімдерін, кондитер және басқа да тағамдар өндіру жөніндегі жаңа кәсіпорындар құрылысы көзделуде.

Жергілікті өнеркәсіп өнімі айтарлықтай өседі. Бұл салада жергілікті шикізаттан, қайталама материалдық ресурстардан өнім шығаруды ұлғайту, еңбектің үйде атқарылатын формаларын кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асыру белгіленуде.

Азық-түлік программасын жүзеге асыру негізінде алдағы бесжылдықта республиканың **ауыл шаруашылығы** дамуды жаңа сатысына көтерілуге тиіс. Мұнда ең бастысы — астық, қант қызылшасын және егіншіліктің басқа да өнімдерін өндіруді тұрақты арттыруды қамтамасыз ету, жемшөп базасын жанжақты нығайту және осының негізінде мал шаруашылығының өнімділігін елеулі түрде арттыру. Осы мақсаттарда ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіруді жеделдетуге және оны сапалық жағынан қайта құруға бағытталған шаралардың үлкен комплексін жүзеге асыру, ауыл шаруашылығын өзіндегі сияқты республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің құрамына кіретін барлық салалар арасында да кооперацияның анағұрлым жоғары формаларына ауысу белгіленуде.

Негізгі бағыттар жобасында бесжылдықта ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің орташа жылдық көлемін 13—15 процент көбейту, 1990 жылы астық өндіруді 31—33 миллион тоннаға, етті (сойыс салмағымен) 1,4—1,5 миллион тоннаға, сүтті — 5,4—5,5 миллион тоннаға, жұмыртқаны 4,2—4,3 миллиардқа, жүнді кемінде 120 мың тоннаға, жемшөпті — 55—58 миллион тонна жемшөп өлшеміне дейін жеткізу міндеті қойылуда.

Бидайдың жоғары сапалы қатты және күшті сорттарын, сондай-ақ тары мен қарақұмықты өндіруді қыруар молайту қарастырылуда. Мал шаруашылығында етті малды, биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Қой қоралары, ірі қара мал, шошқа өсіру және бордақылау, сүт өндіру жөніндегі комплекстердің, ет және жұмыртқа бағытындағы құс фабрикалары, ауыл шаруашылығы қажеттеріне қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар құрылысының кеңейтілген программасын жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар мал шаруашылығы үйлері мен қораларын қайта құру көлемді мөлшерде жүргізілетін болады.

Республика жағдайында **жерді мелиорациялаудың** ауыл шаруашылығын дамыту үшін бірінші дәрежелі маңызы бар, соңғы жылдары ол кең өріс алды. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумының шешімдерінде осы саланың перспективасына арналған негізгі шаралардың белгіленгені мәлім. Алдағы бесжылдықта Қазақстанда суармалы жерлерді сапалық жағынан жақсарту және 670 мың гектар аланда жұмыс істеп тұрған суару жүйелерін техникалық жағынан жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу, 400 мың гектар суармалы жерді пайдалануға беру жоспарлануда.

Республиканың өндіргіш күштерін дамыту **транспорт пен байланыс** жүйесін жетілдірумен белгілі бір дәрежеде негізделеді. Автомобиль транспорты басым қарқынмен дами береді. Автомобиль парктері көбейеді, гараж және жөндеу шаруашылығы кеңейеді. Қатқақ автомобиль жолдарының жүйесі ұзарады.

И.

Digitized by Google

Темір жол, әуе және өзен транспортының жүк және жолаушылар тасымалы кеңейеді. Жүктерді алысқа тасымалдауды қысқарту, құбырлы транспортты дамыту, тасымал құрылымын қолайлы ету жолымен транспорт байланыстарын рационализациялау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға тура келеді.

Телефон байланысын комплексті автоматтандыру, телевизия мен радио хабарын жетілдіру — бесжылдықтың маңызды міндеті. Қалааралық телефон байланысын автоматтандыру дәрежесі өседі, автоматты телефон станцияларының көлемі едәуір ұлғаяды.

Он екінші бесжылдықта экономиканың әлеуметтік сипаттағы алуан түрлі міндеттерін шешуге, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған бағыты күшейеді. Жан басына шаққандағы **нақты табыстар** көбейеді. Бұл еңбек ақы жөніндегі жалпы мемлекеттік шараларды жүзеге асыру, еңбек өнімділігінің артуымен байланысты қызметкерлердің жалақысын көбейту, сондай-ақ қоғамдық тұтыну қорларын кеңейту есебінен жүзеге асырылады.

Халықтың материалдық тұтыну құрылымының дәрежесі артып, жақсарады. Тұтыну дәрежесін тамақтанудың ғылыми негізделген рациондарына, сондай-ақ ұзақ пайдаланылатын заттармен қамтамасыз етудің тиімді нормаларына жақындату қажет. Халыққа ақылы қызмет көрсетудің жалпы мөлшері 1986—1990 жылдары 34 процент, ал 2000 жылға дейін — 2,4 есе көбеюге тиіс.

Халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—20000 жылдарға арналған комплексті программасы әсіресе ірі өнеркәсіп комплекстері құрылып жатқан аудандарда халыққа сауда және тұрмыстық қызмет көрсетуді, село тұрғындарына қызмет көрсетудің жылжымалы формаларын жедел қарқынмен дамытуды қарастырады. Халықтың өнеркәсіптік сипаттағы қызметке, меншікті транспорт құралдары мен тұрмыстық техникаға қызмет көрсету мен оларды жөндеу жөніндегі сұранымдарын толығырақ қанағаттандыру міндеті қойылып отыр. Бұл үшін заказдарды жоғары сапалы және тез орындауды қамтамасыз ететін ірі мамандандырылған кәсіпорындар салу қарастырылуда.

Тұрғын үй құрылысының үлкен көлемі жүзеге асырылады, коммуналдық шаруашылық одан әрі дами түседі, трамвай және троллейбус желілерінің жүйесі кеңейеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің жүйесі ұлғаяды. Халық шаруашылығының мамандармен қамтамасыз етілуі өседі.

Халыққа медициналық қызмет көрсету неғұрлым жоғары дәрежеге көтеріледі. Республика тұрғындарына санитарлық-курорттық және туристік-экскурсиялық қызмет көрсету ұлғаяды, Шымбұлақ шатқалында тау шаңғысы комплексі дамиды.

Тиімділік жағына түбегейлі бетбұрыс жасау он екінші бесжылдықтың басты ерекшелігі болып табылады.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумында атап көрсетілгеніндей, осы бетбұрыстың болуы үшін күш-жігерді бәсеңсітпеу қажет. Керісінше, оларды үдете түсу керек. Мұнда да шаруашылық жүргізу әдістерін жоспарлау мен басқаруды жетілдірудің, істі ұйымдастыруды жақсартудың, барлық учаскелерде тәртіп пен жауапкершілікті нығайтудың, бұқараның творчестволық инициативасын жан-жақты дамытудың бірінші дәрежелі маңызы бар.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы қазір еңбек коллективтерінде кеңінен талқыланудө. Оны талқылау барысында қоғамдық өндіріс тиімділігі өсімінің резервтерін барынша толық пайдалануға бағытталған көптеген ұсыныстар енгізілуде.

Ж. ИБРАГИМОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығы жоспары құрама бөлімінің бастығы, экономика ғылымының кандидаты.

Ұқыпты бол

Бесжылдыққа жоспарланған

10,6

миллион тонна қара металл прокаты үнемі елімізде кемінде

21

миллиард сом күрделі қаржыны үнемдейді. Осы қаржыға

113

шаршы метр тұрғын үй салуға болады, мұның өзі СССР-дегі құрылыстың жылдық көлеміне тең.

Digitized by Google

ОЗАТТАРДАН ҮЙРЕНУДЕ

● МАҢҒЫШЛАҚТА ӨЗЕНДІК БҰРҒЫШЫЛАР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ФОРМАСЫН ҚОЛДАНДЫ: ОЗЫҚ ЖӘНЕ АРТТА ҚАЛУШЫ БРИГАДАЛАР ВАХТАЛАРЫН АЛМАСТЫ.

Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының Социалистік Еңбек Ері А. П. Еремин басқаратын таңдаулы бригадасы өткен жылы 4701 метр жер қабатын бұрғылады, мұның өзі басқарма бойынша орташа көрсеткіштен 63,4 процент асып түседі.

Озық бригаданың табыстары туралы өте жиі айтылады. Ал артта қалушы коллективтер әдетте тым сирек аталады. Сонымен қатар нақ осы артта қалушылардың кінәсінен басқармада еңбек өнімділігінің өсімі қыруар тежелуде.

Таңдаулы бригаданың озық тәжірибесі бүкіл бұрғышылар коллективінің шын мәнінде игілігіне айналуы үшін сентябрь айында А. П. Ереминнің бригадасы мен ұзақ уақыт бойы жоспарды орындай алмай келе жатқан мастер В. Тақыровтың бригадасы арасында вахталарды және бұрғылау мастерлерінің көмекшілерін алмасу ұйғарылды.

Сентябрь айының басында екі бригаданың бірлескен жиналысы өткізілді. Онда вахталарды алмасу туралы уағдаласты. Басқармада бұйрық шығарылды, ол бойынша бұрғылау мастерінің көмекшісі Е. Е. Москалев пен озық бұрғылау бригадасының бұрғышы М. Қазымағамбетовтың вахтасы артта қалушы бригадаға уақытша ауыстырылды. Ал олардың орнына В. Тақыровтың бригадасынан В. Сидоровтың бұрғышылар вахтасы келді.

Вахталарды алмасу бір ай бойы жалғасты. Озық бригададан келген жұмысшылар скважиналарды бұрғылауда шын мәнінде қалай жұмыс істеу керек екенін көрсетті. Соның нәтижесінде артта қалушы бригада қатарға қосылып, жұмыста күннен күнге жақсы қарқын алып келеді.

Р. ЕСЕНЖАНОВ,
«Маңғышлакнефть» өндірістік бірлестігінің Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы бұрғылау мастерінің көмекшісі.

БЕСЖЫЛДЫҚҚА — ЕКПІНДІ МӘРЕ

Орал. К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводынан партияның XXVI съезінің делегаты Г. Б. Игнатьева басқаратын электр монтажшылар бригадасы өзінің бесжылдық тапсырмасын төрт жылда орындап шықты. Жеңістің 40 жылдығына әзірлік күндерінде озық коллектив өз құрамына Совет Одағының Батыры И. У. Гриньконы енгізіп, зерде вахтасын абыроймен атқарды. Сосын ол 1986 жылдың екі айының өндірістік программасын КПСС XXVII съезінің ашылу күніне дейін аяқтау туралы инициатива көтерді.

Кәсіпорында П. С. Калининнің токарьлар бригадасы, Н. В. Шуренкованың электр-монтажшылар, И. И. Тютюнченконың және Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері В. Г. Рубцовтың слесарь-құрастырушылар, екі Еңбек Даңқы орденінің иегері В. М. Кляус бастаған баптаушылар бригадалары екпінді еңбек етуде.

Өскемен. Титан-магний комбинатында Б. Кобров басқаратын комсомол-жастар бригадасының коллективі КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезі құрметіндегі вахтаны екпінді атқаруда. Пешшілер Н. Уральцев, Б. Жүсіпов, А. Климов және басқалар күндік тапсырманы 120—130 процентке орындады.

Бригада бесжылдықты Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін орындағаны туралы рапорт берді. Творчестволық ізденіс жұмысшылар табысына ықпал етуде. Биыл, мәселен, жас коммунист, жастар мен студенттердің Москвадағы Бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысқан Ю. Фомин екі рационализаторлық ұсыныс берді, мұның өзі бригадада еңбек өнімділігін қыруар көтеруге көмектесті.

Қарағанды. Жарысушы «Карагандаодежда» бірлестігі мен «Салтанат» фабрикасы коллективтерінің кезекті өзара тексеруі болды. Бірлестіктің озат тігіншілері — облыстық партия комитетінің мүшесі Н. Дурандина мен Қарағанды қалалық Советінің депутаты Л. Мұстафаеваның және фабриканың коммунистік еңбек коллективтерінің бригадирлері Л. Рыль мен К. Доскенованың инициативалары бойынша осы кәсіпорындар арасындағы еңбек сайысы өрістеді. Ол еңбекте жоғары нәтижелерге жетуге көмектесуде. Демек, инициаторлардың өздері бесжылдық тапсырманы 7 ноябрьге дейін орындады. Еңбек коллективтері озық тәжірибені жүйелі түрде алмасады, екпінділерді, соғыс және еңбек ардагерлерін атау жөніндегі бірлескен шараларды өткізеді.

Digitized by Google



ИНТЕНСИВТЕНДІРУ — ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫ

Г. ИЗМАЙЛОВ,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары

Астықты, ең алдымен бидайдың күшті және қатты сорттарын өндіруді ұлғайту республикамыздың ауыл шаруашылығын одан әрі дамытудың маңызды міндеті болып табылады. Оны шешудің аса сенімді жолы — дәнді дақылдар өсірудің интенсивті технологиясын кеңінен енгізу.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінде айтылған талаптарға сәйкес осы прогресті әдісті таратып, жетілдіру бірінші кезекті маңыз алуда. «Біз алдағы бесжылдық тұсында дәнді дақылдарды интенсивті технологиялар негізінде өсіруге басым маңыз беруіміз қажет», — деп атап көрсетілді кеңесте. Партия осы технологияларды қолдануды шұғыл ұлғайту, бітік өнім алуға кепілдік жасау, астық өндірісіне қажетті тұрақтылық сипатын беру үшін ең алдымен тыңайтқышты, техниканы, басқа ресурстарды осында шоғырландыру міндетін қойды.

Үстіміздегі жылы республиканың тоғыз облысында масақты дақылдар өсіруді интенсивті технологияға ауыстыру жүзеге асырыла бастады. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында жаздық бидайды бүкіл егістіктің мың жартысында — 500 гектарда, қостанайлық диқандар — 1 миллион 200 мың гектар, көкшетаулық егіншілер — 1 миллион гектар алаңда жаңа әдіс бойынша өсірді. Қазақстанда оның егістігі барлығы 4,6 миллион гектарды — бүкіл алаңның үштен біріне жуығын алып жатыр. Оның үстіне жүздеген мың гектарда тары, күріш, дәндік жүгері өсіру барысында прогрестік әдіс қолданылды.

Мұның барысында жаздық дақылдар егістігін коллективті мердігерлікте жұмыс істейтін бригадалар мен звеноларға бекітуге бірінші кезекті көңіл бөлінуде. Олар бүкіл осы алқаптың төрттен бірінен астамында егін өсіреді.

Жаздық бидайдың бүкіл алаңына бірінші және екінші класты тұқым, ал 248 мың гектарға «Харьков-46», «алмаз», «безенчук-139», «алтайка» қатты сорттары, қалған алаңға «саратов-29», «омск-9», целинная-21» күшті сорттары себілді. Егістікті кеселдерден сақтандыру мақсатында бүкіл тұқым алдын-ала дәрілендірілді.

Жаздық бидай таза пар бойынша бүкіл алаңның жартысынан көбін алғанын атап көрсету маңызды, ал қалғанына ол пардан кейінгі және жақсы алғы дақылдан кейінгі екінші дақылмен себілді.

Агротехникалық картограммаларға сәйкес танаптарға минералдық тыңайтқыш қажетті мөлшерде дер кезінде енгізілді. Оның үстіне жаздық бидайдың 500 мың гектарға жуығы топырақтың қара сұлысына қарсы гербицидтермен өңделді. Минералдық тыңайтқыштар әдеттегідей арнаулы ауыл шаруашылық құралдарымен белгілі бір тереңдікте топыраққа сіңірілді.

Осы шаралардың бәрі шаруашылықтардың көпшілігінің дәнді дақылдарды бітік өсіруіне көмектесті. Мәселен, Целиноград облысының Макин ауданындағы «Ерголь» совхозының диқандары күрделі ауа райы жағдайына қарамастан 12,2 мың гектар интенсивті танаптың әр гектарынан орта есеппен жай танаптарға қарағанда астықты 7 центнер көп жинады. Көкшетау облысының «Златополь», «Қотыркөл», «Зеренді», Солтүстік Қазақстан облысының «Восход», «Заградовка», «Токушин» совхоздарында, Қостанай, Торғай, Шығыс Қазақстан облыстарының көптеген шаруашылықтарында жаңа технология бойынша астықты әр гектарда 5—7 центнер көп өсірді. Көкшетау облысы Ленинград ауданының егіншілері жақсы нәтижелерге жетті, онда бидайдың 70 мың гектар интенсивті танабының әр гектарынан 18—22 центнерден астық жиналды.

Республикада интенсивті технология бойынша астық өндірісінде ғылыми-техникалық прогресті жеделдету үшін тиянақты негіз қаланды. Әйтсе де шаруашылықтардың бәрінде бірдей жұмсалған қаржыдан тиісті қайтарым алынған жоқ. Бұл ең алдымен технологиялық тәртіптің бұзылуымен түсіндіріледі. Демек Көкшетау облысының Арқалық ауданындағы «Лобановский» совхозының егіншілері интенсивті танаптарда арам шөптерді жою жөнінен күрес жүргізбеді. Осының салдарынан олардың қайтарымы төмен болып шықты. Қостанай облысының жекелеген шаруашылықтарында күрделі минералдық тыңайтқыштарды енгізу мөлшерден асып түсті. Мәселен,

Digitized by Google

«Боровской» совхозында пар танаптарына азотты көп енгізді, мұның өзі бидайдың пісіп-жетілу мерзімінің ұзаққа созылу себебі болды. Осы облыстың «Чапаев» және «Өрнек» совхоздары егіншілік мәдениетінің төмендігінен пардан кейінгі дақылдардан гектарына небары 10 центнерден астық алды. Орал облысының Жданов атындағы совхозында да шығымдылық жоғары болған жоқ, онда минералдық тыңайтқыш себер алдында шашылды.

Сондай-ақ 1986 жылдың егініне арналған парға минералдық тыңайтқышты енгізу технологиясы бұзылды. Торғай облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының қызметкерлері минералдық тыңайтқыштарды кемінде 15 сантиметр тереңдікке сіңірудің орнына оларды топырақтың үстіңгі қабатына шашты. Бірқатар көршілес шаруашылықтар да осылай жасады. Орал облысындағы «Ащысай» және Торғай облысындағы «Айдарлы» совхоздарында қара сұлымен күрес жүргізу үшін аса тиімді топырақ гербицидтерін жетімсіз пайдаланды. Агрономдар мен механизаторлардың жаңа технологияны жете білмеуі, жекелеген жағдайларда оны жете бағаламауы салдарынан бірқатар шаруашылықтарда егіншілік мәдениетінің төмендігі осындай ауытқушылық жайлы бейнелейді.

Кейбір совхоздар мен колхоздар дәнді дақылдарды жинау мерзімін ешбір себепсіз ұзаққа созды. Мәселен, Целиноград облысының Алексеев, Атбасар және Целиноград аудандарында орақ барысында елеулі іркілістерге жол берілді. «Одесса» және «Шуйский» совхоздарында күн сайын ақаулардан 10 және одан да көп комбайндар тұрып қалды.

Техниканы дер кезінде және жоғары сапалы әзірлеу, агротехникалық оқу, таңдаулы тәжірибені тиянақты меңгеру, үстіміздегі жылы анықталған барлық «плюстер» мен «минустерді» іскер талдау әр коллективтің, агрономдардың, механизаторлардың, Қазақстанның мол астығы жолындағы күреске қатысушы барлық адамдардың бірінші санды міндеті болып табылады. Осы күндерде-ақ жер-жерде интенсивті технологияға арналған курсты оқып үйрену басталуға тиіс. Сабақтарда таңдаулы диқандарға, ғалымдарға, шаруашылықтардың жетекші мамандарына сөз берілуге тиіс.

Интенсивті технология барысында ұсақ-түйек дегеннің болмайтынын үстіміздегі жыл барынша айқын көрсетті. Қарастырылған агротехникалық тәсілдердің бүкіл комплексін толық әрі мұқият орындау ғана бітік өнімге кепілдік бере алады. М. С. Горбачев Целиноградта партия - шаруашылық активінде сөйлеген сөзінде атап көрсеткеніндей, «қазіргі кезеңде танаптағы технологиялық тәртіптің сақталуы — ең басты мәселе. Мысалы, болат немесе шойын балқыту кезінде қандай технологиялық тәртіп қажет болса, ауыл шаруашылығында да дәл сондай технологиялық тәртіп қажет: сәл қателессең, металдың сапасы басқаша болып шығады».

Білікті кадрлар болғанда ғана осылай жұмыс істеу мүмкін. Қазір оларды даярлауға барынша көңіл бөлу қажет. Интенсивті танаптардың басым бөлігін мердігерлік бригадалар мен звенолардың өңдеуі маңызды. Бітік егіннің басты кепілдіктерінің бірі, жерге жұмсалатын қаржыны тиімді пайдалану осыған тәуелді.

Жоғары сапалы тұқымды дер кезінде құйып алуға және топырақты тиянақты әзірлеуге көп күш-жігер жұмсаған жөн. Интенсивті танапқа тек бірінші класты тұқым жиналуға тиіс.

Келесі жылы интенсивті технология бойынша егістік негізінен парға орналастырылады, ал республикада биыл ол 5,5 миллион гектар құрайды. Демек қазір жердің құнарлығына ықпал жасау керек. Ол ең алдымен парды баптаудың бүкіл технологиялық комплексін дер кезінде және сапалы жүргізуге, минералдық тыңайтқышты дәлме-дәлдікте мөлшерлеуге тәуелді. Ең алдымен фосфорлы тыңайтқыштар үлесін шұрыл молайтқан жөн. Оның үстіне жекелеген пар танабына механикалық өңдеу көлемін қысқарту үшін гербицидтер енгізу қажет. Минералдық тыңайтқыштар ГУН-4, КПГ-2,2 терең қопсытқыш-тыңайтқыш шашқышпен немесе 2КПГ-2,2 тіркемесімен, ал кейбір учаскелерде СЗС-9 және СЗС-2,1 сеялкалармен енгізіледі.

Техника жөндеуді кешеуілдетпей дереу бастаған жөн. Демек, жақсы жөнделіп сақталған, бапталған машиналар мен құралдар болмайынша дала жұмыстарын мерзімінде әрі жоғары сапамен атқару мүмкін емес.

Интенсивті технология өсімдік салаларында барған сайын берік орныгуда. 1986 жылы жаңа әдіс бойынша жаздық бидай 5 миллион гектарда, дәндік жүгері — 135 мың, күріш — 120 мың және тары — 200 мың гектарда өсірілетін болады. Мұның өзі үстіміздегі жылғыдан қыруар көп. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында былай деп атап көрсетті: «Келесі жылы республикада дәнді дақылдарды интенсивті технология бойынша өсіретін егістік көлемі едәуір ұлғайтылатын болады. Бұл іске күні бұрын мұқият әзірленіп, қажетті жұмыстардың бүкіл комплексін толық, жоғары сапалы өткізу керек. Жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында егіннен бітік өнім алу үшін бүгіннен бастап берік негіз қалау керек». Ауыл шаруашылығы коллективтерінің парызы — әр гектар тұрақты шығымдылықпен қайтарым беруі үшін не қажеттің бәрін жасау.

Digitized by Google



НАҚТЫ ПӘРМЕНДІ КӨМЕК

Г. КАЙГОРОДОВА,
Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Компартиясы Зырян қалалық комитетінің секретары

Шаруашылық және мәдени міндеттерді шеше отырып, қалалық партия комитеті ауызша саяси үгіт активистерінің көмегіне үнемі сүйенеді.

Сонымен қатар біз активистерімізден өз жұмыстарының дәрежесін тұрақты арттыруын талап етумен бірге бұл істе оларға тұрақты көмек көрсетуге де ұмтыламыз. Үгітшілермен және саяси хабаршылармен дәстүрлі семинарлар мен нұсқаулар өткізумен қатар бізде оларды хабардар ету мен нұсқау берудің басқа да тиімді формалары практикаға енді.

Активистер, мысалы, қалалық партия комитетінің бюро мүшелері, секретарьлары, бөлім меңгерушілері олармен бастауыш партия ұйымдарында өткізетін кездесулер туралы жақсы лебіз білдіреді. Оларда үгітшілер мен саяси хабаршылар жергілікті өмір мәселелері, қалалық ұйымдар қабылдап жатқан шешімдер жайында маңызды информация алады. Сонымен қатар тұрғындардың әртүрлі топтарымен түсінік жұмысын қалай да жақсырақ құру, қандай міндеттерге ерекше көңіл бөлу керек екені жайында әңгіме болады. Мысалы, «Зыряновстрой» тресі үгітшілерінің қалалық партия комитетінің бірінші секретары Н. Ф. Кузьминмен кездесуінде көптеген мәселелер көтерілді. Шахта басқармасында осындай кездесуді қалалық атқару комитетінің председателі А. Г. Цыганков өткізді. Басшылардың активпен жекелеген мәселелер бойынша да кездесулерін қолданудамыз. Мысалы, бригадалық мердігерлікті енгізу жолдары, еңбек тәртібін нығайту, жастар тәрбиесі т. б. талқыланды.

Басшылармен араласу, көкейтесті проблемаларды бірлесіп талқылау, бірінші жетекшілерден естіген жергілікті өмір туралы хабар — осының бәрі бұқаралық-саяси жұмыс дәрежесінің артуына, активистер беделінің өсуіне ықпал етеді.

Партия ұйымдары қарсы насихат жұмысын жүргізуде активке тұрақты көмек көрсетеді. Осы мәселелер семинарларда жүйелі қаралады. Қалалық партия комитетінің саяси оқу кабинетінде белгілі бір күндерде және сағаттарда анағұрлым жақсы даярланған лекторлар, партия және кәсіподақ қызметкерлері жүргізетін әртүрлі тақырыптар бойынша кеңестер алуға болады. Мұның өзі озық қоғамдық пікірді белсендірек қалыптастыруға, әртүрлі қауесеттерді сейілтуге көмектеседі.

«Сіздің көңіл-күйіңіз» деген қызмет те өзін жақсы жағынан көрсетеді. Цехтарда сұрақтарды жинауға арналған жәшіктер қойылған. Жұмысшылар мен қызметшілер мұнда алуан түрлі ұсыныстар жасап, өз ескертпелері мен кеңестерін айтады. Олар апта сайын кәсіпорындарда және қалалық партия комитетінде талданады. Қабылданған шаралар туралы хабардар ету де жолға қойылды. Мұны кәсіпорын басшылары, саяси хабаршылар мен үгітшілер жасайды. Кәсіпорында шығарылатын «Служба» хабарлайды», «Сіздің көңіл-күйіңіз» бюллетеньдері де жариялылыққа көмектесуде. Осы служба арқасында шешімін тездету мүмкін болған ондаған нақты мәселелерді атауға болады. Өндіріс резервтерін анағұрлым толығырақ пайдалануға бағытталған ұсыныстардың көбірек түсе бастауы қуантады. Демек осы службаны еңбекшілердің өндірістік және қоғамдық істерді басқаруға қатысу формасы ретінде толық негізбен қарауға болады.

Біздер, идеология қызметкерлері үшін, служба мына тұрғыдан құнды: қоғамдық пікірді зерттеуде біздің мүмкіндіктерімізді кеңейтеді, дәл қазіргі сәтте қайсыбір коллективте адамдарды бәрінен де қатты толғандыратын мәселелерді анағұрлым тезірек аңғаруға, оны үгіт-насихат жұмысында ескеруге көмектеседі.

Бізде саяси хабарлардың, лекциялар мен әңгімелердің тақырыбын әзірлеуге ерекше көңіл бөлінеді. Бізде олар ай сайын жасалады және оны қалалық партия комитеті бюросының мүшелері қарайды. Мұның өзі түсінік жұмыстарын қазіргі уақытта қалалық партия ұйымы шешіп жатқан міндеттермен тығызырақ байланыстыруға, оларға шын мәнінде бірінші кезекті маңызы бар тақырыптарды енгізуге көмектесе отырып, өте көп нәрсе береді. Бұл іс бастауыш партия ұйымдарында осындай жолға қойылған.

Қалалық партия комитетінің саяси оқу кабинеті жанынан жұмыс істейтін бұқаралық-саяси жұмыс жөніндегі методикалық советтің ролі өсті. Оның активистері бастауыш партия ұйымдарында бұқаралық-саяси жұмыстың жолға қойылуын талдауға, таңдаулы тәжірибені қорытуға, методикалық талдаулар әзірлеуге көмектеседі. Таяуда совет ет комбинаты коллективінде еңбекшілерді саяси хабарландыру қалай ұйымдастырылғаны туралы мәселені қарады. Мұнда

Digitized by Google

партия бюросы саяси хабаршылар мен үгітшілер қызметіне тиянақты араласпады, оларға көмек көрсетпеді. Тұрғын үйлер ауданында жүргізілетін жұмыс мүлде нашарлап кеткен. Совет мүшелері кемшіліктерді атаумен қатар, оларды жою жөнінен ұсыныстар берді, кәсіпорын үгітшілерінің үгіт алаңдарында бірқатар шараларды өткізуіне көмектесті.

Методикалық совет мүшелері озық тәжірибені қорытып, таратуға көп күш жұмсайды. Мысалы, Зырян қорғасын комбинаты ашық әдіспен қазу жұмыстары руднигінің үгітшісі А. А. Столбченконың жұмыс тәжірибесі зерттелді. Еңбек коллективінде осы беделді адамның пікірімен айрықша есептеседі. Ол комбинатта жиырма жыл еңбек етеді. Жұмысшы жастар мектебін, жол құрылысы институтының кешкі бөлімін бітірді, слесарь шәкіртінен дизель двигательдерін күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі цехтың аға мастеріне дейін өсті.

Қазір Александр Александрович басқаратын коллектив — комбинатта озаттардың бірінен саналады. «Ал бертінде ғана жағдай басқаша еді, — деп әңгімелейді рудник партия бюросының секретары М. С. Останин. — Цех жоспарды да үнемі орындай бермейтін, коллективте тәртіп те шамалы еді. Цех коммунистері еңбек тәртібін бұзушыларға батыл тойтарыс берді. А. А. Столбченконың жеке үлгісінің өзі көптеген істе реттілікті жолға қоюға көмектесті. Оның әңгімелерінің тақырыптары бүгінгі күн міндеттерімен тығыз байланыстырылған, ол адамдармен жеке қарым-қатынас жасай біледі, таңдаулы өндірісшілердің озық еңбек тәсілдерін таратуға көп уақытын жұмсайды.

Коллектив бір ғана жұмыспен өмір сүрмейді ғой. Демалыс күндері жұмысшылар семьяларымен бірге Бұқтырма су қоймасына барады. Цехта спорт командалары да бар. Мұнда қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі кезекшілікке ұйымшылдықпен шығады.

Методикалық советтің ұсынысы бойынша қалалық газетте тамаша үгітші туралы, оның адамдармен жұмыс істеу әдістері туралы әңгімелейтін мақала жарияланды.

Байыту фабрикасы партия ұйымының еңбекшілерді саяси хабардарландыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі де зерттелді. Мұнда 39 үгітші мен 30 саяси хабаршы ауызша саяси үгітке қатысады. Олардың көпшілігі — жоғары және орта арнаулы білімі бар коммунистер. Үгіт коллективін фабриканың бас инженері В. Д. Недадов, саяси хабаршылар төбын — партия ұйымы секретарының орынбасары Р. Е. Прокаева басқарады. Өткізілетін шараларды жедел бақылау мен сапасын жақсарту үшін партия бюросы мүшелерінің әңгімелер мен саяси хабарларға қатысу кестесі жасалды.

Журиал почтасынан

АШЫҚ ХАТ КҮНІ

Біздің ауданда бес жыл ішінде ашық хат күндері барлық селоларда бірнеше реттен өтті. Оларға 4 мыңға жуық село тұрғыны қатысты, әртүрлі сипаттағы 700-ден астам сұрақ қойылды, олардың 500-і қазірдің өзінде шешілді.

Мәселен, «Новобрат» совхозының еңбеккерлері төрт жыл бұрын селоны қайта көркейтуге, сумен қамтамасыз етуді, үйлерді жылытуды, медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға қатысты мәселелерді көтерген болатын.

Енді Новобратское селосы аудандағы жайлы елді мекендердің бірі. Мұнда жыл сайын 20 үй тапсырылады. Құрылыс перспективаны ескеру арқылы жүргізіледі. Совхозда тұрғын үй-коммуналдық қызмет құрылған. Тұрғындардың өздері селоны көркейтуге және көгалдандыруға белсендірек қатысатын болды.

Шалғай Острогорка және Мәдениет селоларынан, «Гвардеец» және «Культура» совхоздарының орталық усадьбаларынан Мариновкаға баратын қатқақ жол құрылысының қажеттігі туралы айтылған хаттар талай рет келді. Қазір жол салынды, осы селолардың аудан орталығымен үздіксіз байланысы қамтамасыз етілді.

«Журавлев» совхозы еңбеккерлерінің ұсыныстары бойынша орталық усадьбада үш қабатты орта мектеп салынды, ол іске қосылғаннан кейін босаған бұрынғы үй сауда орталығы және тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету шеберханалары болып қайта құрылды. Ново-Донецк селосында сегіз жылдық мектеп тапсырылды. Селоларды көріктендіру, көгалдандыру жөнінен көп жұмыстар атқарылды.

Әрине, осы мәселелердің бәрін шешуді ашық хат күндерін өткізумен ғана байланыстыруға болмайды, олардың көпшілігі ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларында болды. Дегенмен осындай шаралардың әртүрлі ведомство басшыларының инициативасын дамытуға ықпал ететінін, аудандық және селолық Советтер депутаттарын қажырлы жұмыс істеуге, сайлаушылар аманаттарын орындауға мәжбүр ететінін атап өту маңызды. Аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті жанынан ашық хат күндерін өткізуді әзірлейтін насихат тобы құрылды. Оған аудандық партия комитетінің секретары Л. М. Неделькина, аудандық атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі А. В. Варламов, ауданның бас дәрігері

Digitized by Google

Осыдан бірнеше жыл бұрын қалалық партия комитеті жанынан бұқаралық-саяси жұмыс кабинеті ашылды. Активистер одан әңгімелердің, лекциялар мен саяси хабарлардың үлгі тақырыптарын, әртүрлі анықтама материалдарын, таңдаулы үгіт коллективтері мен саяси хабаршылар топтарының тәжірибесін, көрнекі үгіт үлгілерін таба алады. Осы материалдардың бәрі әрдайым пайдаланылады — апта сайын кабинетке ондаған адамдар келеді.

Активпен жұмыс өз нәтижелерін беруде. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы бірінші кезекті көңіл бөлген ауызша үгіттің пәрмеңділігі, іскерлігі өсіп келеді. Саяси хабаршылар мен үгітшілер еңбекшілерді өндірісті интенсивтендіру, тәртіпті нығайту, маскүнемдікті тыю және басқа да міндеттерді шешу жолындағы күреске көтеруге белсенді көмектесуде. Қазір КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының шешімдері, ол мақұлдаған документтер олардың қызметінің басты орталығында. Оларды түсіндіре отырып, саяси хабаршылар, үгітшілер, баяндамашылар әрбір еңбекердің партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арналған бағытының ұлы тарихи маңызын және оны жүзеге асыруда өзінің алатын орнын терең түсінуіне бүкіл күш-жігермен ықпал етуде.

Р. А. Әдібаев, халық судьясы С. Н. Пороховский, кәсіпорындар мен ұйымдар басшылары кіреді. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары В. П. Потапенко, халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің председателі Ж. С. Сұлтанов аудан тұрғындарының сұрақтарына жүйелі түрде жауап береді.

Біздің аудандық газет те ашық хат күндерін өткізуден қалыс қалмайды. Біз осы шараларды туралы хабарландыруларды жариялаумен ғана шектелмейміз. Редакцияда тұрғындардан келіп түсетін почта талданады. Газет әрбір күннің материалдары бойынша есеп жариялайды. Біз «Ашық хат күндерінің ізімен» рубрикасын аштық, «Жанашыр достардың ақыл-кеңестері» деген сырттай оқырмандар конференциясын өткіздік. Ол халықтың саяси хабардарлығын күшейтетін, кемшіліктерді жоюға ықпал ететін шараларды өткізуді аудан тұрғындарының мақұлдайтынын көрсетті. Адамдардың белсенділігі де артып келеді, олар мезгілі жеткен мәселелерді көтерумен қатар оларды шешуге де қатысады, сенбіліктер өткізеді, селоны көркейтеді.

Л. СЕДЕЛЬНИКОВ,
«Путь Октября» газетінің редакторы.
Мариновка ауданы,
Целиноград облысы.

Идеология жұмысының хроникасы

Алматы. Мұнда Алматы облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі мен Қазақ ССР кітап әуесқойлары қоғамы басқармасының инициативасы бойынша құрылған «Насихатшы» саяси кітаптар клубы ашылды. Бастауыш партия және комсомол ұйымдарының секретарьлары, насихатшылар, саяси хабаршылар, кітап әуесқойлары клубтары советтерінің председательдері оның мүшелері болды.

Алғашқы сабақ «Ленин кітаптары — коммунизмнің ұлы идеяларының қазынасы» тақырыбына арналды. Онда КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының аға ғылыми қызметкері С. Ф. Буточникова, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты директорының орынбасары Г. Я. Козлов, В. И. Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапханасының СССР-дегі кітапхана ісі тарихы секторының меңгерушісі Л. М. Коваль сөз сөйледі.

Петропавл. Киров атындағы завод жанынан партия, еңбек және соғыс ардагерлерін біріктірген «Қызыл қалампыр» клубы құрылды. Клубта жыл ішінде талай қызықты кездесулер болды, ол ай сайын өткізіледі.

Соңғы мәжіліс жас жеткіншекті жұмысшы абыройына тәрбиелеуге арналды. Оған қатысушылар алдында заводта қаһарлы соғыс кезінен бері жұмыс істеп келе жатқан еңбек ардагерлері А. С. Ширшихова, П. А. Хмельницкий, Б. П. Осипов, А. Н. Остапчук, Т. М. Коваленко сөз сөйледі. Олар жігіттер мен қыздарды жақсы еңбек етуге, шеберліктерін жетілдіруге шақырды. Заводтың комсомол комитеті секретарының орынбасары Л. Ғабділмәлікова 80-ші жылдардың комсомолецтері мен жастарының еңбек жетістіктері туралы әңгімеледі.

Павлодар. Музейлердің ғылыми-ағарту жұмыстарының республикалық байқауында Г. А. Коптева басқаратын Ертіс аудандық музейі бірінші орынға ие болды.

Ертіс музейі 1978 жылы ашылды. Оған жыл сайын бес мыңға жуық адам барады. Мұнда өндіріс озаттарын атайды, комсомол билеттері тапсырылады, пионер қатарына қабылдау, атақты жерлестердің өмірі мен қызметі туралы кештер өткізіледі.

2. «Қазақстан үгітшісі». № 22.

Digitized by Google

ИМПЕРИАЛИЗМ ДӘУІРІНДЕГІ ТҰҢҒЫШ ХАЛЫҚТЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

БІРІНШІ РОССИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ҚЫСҚА ШЕЖІРЕСІ

Ноябрь. Орал. Теміржолшы жұмысшылардың жасырын кәсіпшілік одағы құрылды. Большевиктер Москалев пен Н. И. Ульянов, жұмысшылар А. А. Павлов, Н. А. Покатилов, Н. Смуров оның жетекшілері болды.

Күз. Ақтөбе, Семей. РСДРП топтары құрылды.

9 декабрь. Успенск руднигі. Кеншілер ереуілі басталды. Қазақ және орыс жұмысшыларының жауынгерлік интернационалдық ұйымы — орыс-қазақ одағы оның ұйымдастырушылары болды. «Одақты» құру өлкедегі жұмысшы және интернационалдық-азаттық қозғалысының бірлігін айқын жария етті. «Одақ» жетекшілері П. Н. Топорнин, А. Байшегіров, С. А. Невзоров, И. Қасқабаев стачка қарсаңында кеншілер арасында көлемді идеялық-саяси жұмыс жүргізді. «Капитализммен күресу үшін» одақ жасасқан ереуілге қатысушылардың көзқарасының ортақтығы оның нәтижесі болып табылды. Екі апта бойы дерлік 360 кенші (олардың үштен екісі — қазақтар) пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстап, патша әкімшілігіне, байларға, орыс және шетел капиталистеріне қарсы төтеп берді.

17 декабрьден кейін. РСДРП Орталық Комитетінің мәжілісі болды, ол большевиктердің Москва комитетінің мүшесі М. Н. Лядовтың Москвадағы қарулы көтеріліс барысы туралы баяндамасын тыңдады. Мәжілісте В. И. Ленин сөз сөйлеп, партияның Москва комитетіне қарулы күресті одан әрі ұйымдасқан түрде тоқтату туралы нұсқау беруді ұсынды.

1906 ЖЫЛ

6 январь. Патша указымен Ақмола және Семей облыстарында әскери жағдай енгізілді. Келесі күні Семей облысының әскери губернаторы митингілер мен жиналыстарға тиым салу туралы қаулы шығарды.

Январь. Успенск руднигі кеншілерінің атақты декабрь ереуіліне қатысушы-

Соңы. Басы журналдың 21 санында.

жұмысшы И. Прилевский Ақмола облысы Александров селосының тұрғындары арасында белсенді революциялық үгіт жүргізді. РСДРП Ташкент тобының «Бейбіт тұрғындарға дәмді сөз және халықты қанды жазалау», «Біз ереуіл жасаудамыз!», «Солдат жолдастар!», «Тарих келеке етуде!», «Солдаттар, көтеріліңдер!». «Жаулар және достар туралы қарапайым сөздер» деген листовкалар Верный уезінің Қаскелең станциясында таратылды.

10—15 апрель. Стокгольм. РСДРП IV (Бірігу) съезі жұмыс істеді. В. И. Ленин съезде аграрлық мәселе жөнінен баяндама жасады. Ұлттық социал-демократиялық партиялардың РСДРП-ға қосылуы съездің ірі практикалық ісіне айналды. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, съезд «социал-демократияның оң қанаты мен сол қанатының неғұрлым айқын межеленуіне көп көмек көрсетті».

1 май. Қазақстан еңбекшілері өздерінің пролетарлық мерекесін кеңінен атады. 800 жұмысшы РСДРП Орал комитеті ұйымдастырған маевкаға қатысты. Олардың арасында «Жұмысшыларға үндеу» және большевиктер осының қарсаңында шығарған «Патша үкіметіне сенбеңіздер» листовкасы таратылды. Петропавлдың социал-демократтары демонстрация мен митингі өткізіп, жұмысшылардың 1 Май күнін мерекелеу тарихымен таныстырды. Ағымдағы кезеңді баяндауда реакцияға жан-жақты қарсыласу қажеттігіне баса көңіл бөлінді. Маевкалар Верныйда, Қостанай уезінің Асинкритовка селосында, өлкенің басқа қалалары мен елді мекендерінде өтті.

Июнь. Елде күшейе түскен аграрлық қозғалыс Қазақстанда да үдеді. Ауыл кедейлері бай малын айдап кетіп, қыстауларды өртеді, патша өкіметінің отарлық саясатына ашықтан-ашық қарсылық көрсетті. Қостанай уезінің Меңдіқара болысында кедейлердің ірі бас көтерулері болды. Торғай облысының екінші Бөрті болысынан № 8 ауыл кедейлері меже белгілерін талай рет алып тастап, қоныстандыру басқармасы чиновниктерінің жұмысына түрліше кедергі жасады. Басқа уездердің шаруа-

Digitized by Google

лары да толқыды. Әйтсе де осы бас көтерулердің бәрі бытыраңқы, стихиялы сипат ұстады.

7 июль. Омбы. «Степной голос» газеті жұмыссыз қазақтардың бас көтерулері туралы хабарлады, олар «өздеріне қайсыбір жұмыс беруді» талап етті.

29—31 июль. Саратов. Рязань-Урал темір жолы социал-демократиялық ұйымының конференциясы болды. Оған РСДРП Орал комитетінің өкілі К. А. Чувелев те қатысты, ол 12 ұйымдастырушының 150 партия мүшесінің қызметіне бағыт беретінін, 16 адамның жұмысшылар үйірмелерінде белсенді насихат жүргізетінін хабарлады. Конференция Поволжье партия ұйымдарының РСДРП Орал комитетімен байланысын нығайтуға үлкен ықпал жасады.

28 август. Семей. Полиция Косаревтың кітап магазинін талқандады, жергілікті партия ұйымы ол арқылы К. Маркстың, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің шығармаларын, революциялық басылымдарды тарататын.

29 август. Семей. Жергілікті большевиктердің инициативасы бойынша жалпы қалалық митингі болды. Оған қатысушылар қабылдаған қарар мынадай шақырулармен аяқталды. «Самодержавие жойылсын!», «Социализм жасасын!», «Құрылтай жиналысы жасасын!», «РСДРП жасасын!».

11—15 сентябрь. Омбы. РСДРП-ның Батыс Сібір конференциясы жұмыс істеді. Оған Петропавл ұйымының делегаттары Е. Анучин, И. Крылов, Б. Марконь қатысты. Конференция ашшылық Орталық Комитеті «Партияның көпшілігінің пікірін білдірушіден қалғанын және партияның бірігу съезінің қаулысын бұзатынын» атап көрсетіп, РСДРП-ның кезекті V съезін шақыруды талап етті.

19 сентябрь. Большевиктік жасырын «Пролетарий» газеті — партияның Орталық органы РСДРП Орал ұйымының хабарын жариялады. Онда IV (Бірігу) съезі сайлаған ашшылық Орталық Комитетінің қызметімен келіспейтіндігі білдірілді, ол «Бірігу съезінің қаулысынан алшақ кетумен қатар пролетарлық тактиканы либералдық буржуазия принциптеріне дейін төмендетті».

30 декабрь. Ақмола уезінің Киев селосы. Шаруалар арасындағы революциялық үгіт жүргізгені үшін Успен руднигінің бұрынғы жұмысшысы В. Мартыновский (Мартылого) тұтқындалды.

Жыл соңы. Павлодарда, Көкшетауда, Жаркентте, Қарқаралыда, Ақмолада социал-демократиялық топтар мен үйірмелер құрылды.

1907 ЖЫЛ

Январь—апрель. Орынбор. Большевиктік жария «Урал» газеті шықты. Ол татар тілінде басылды. Газетті профессионал революционер, большевик Х. М. Ямашев редакциялады. Оны Верныйда, Қазалыда, Қостанайда, Перовскіде, Петропавлда, Темірде алып тұрды. РСДРП Орал және Уфа комитетінің белсенді көмегі арқылы басылған «Урал» газеті Шығыс еңбекшілері арасында лениндік идеяларды таратуда елеулі роль атқарды.

Январь. Петропавл. РСДРП ұйымының мүшелері «Мемлекеттік думаға кімді сайлау керек?» деген лениндік листовканы бастырып, ойдағыдай тарату жолға қойды. В. И. Ленин онда дума сайлауында күресуші партияларға сипаттама беріп, олардың мақсаттары мен міндеттерін түсіндірді, еңбекшілерді РСДРП үшін дауыс беруге шақырды.

18 апрель. Қостанай уезі Жаңа Семиозер болысының Ерисковский поселкесі. Революциялық үйірме инициативасы бойынша селолық жиын болды. Оған уезд орталығының өкілдеріне қоса төңіректегі селолардан мыңнан астам шаруа, сондай-ақ Ақбас, Бисеке, Идугин ауылдарынан 70-ке жуық қазақ қатысты. Шаруалар мемлекеттік II думаның депутаты, большевик И. Ф. Головановқа революциялық үйірме мүшелері жазған аманатты бекітуге бірауыздан қаулы етті.*

30 апрель—19 май. Лондон. РСДРП V съезі жұмыс істеді. Съезд маңызды барлық мәселелер бойынша большевиктік қарар қабылдады. Ол РСДРП-ның пролетарлық емес партияларға көзқарас жөніндегі саясатын белгіледі. Съезд жұмысына Ақмола облысы еңбекшілерінен мемлекеттік II думаның депутаты, большевик А. К. Виноградов қатысты.

3 июнь. Петропавл. Большевиктік «Степная жизнь» газетінің алғашқы номері шықты. Партияның көрнекті қайраткері В. В. Куйбышев оның редакторы болды.

3 июнь. Петербург. Мемлекеттік II думаны тарату туралы заң шығарылды. Патша өкіметі думаны қуу арқылы жаппай қудалау саясатына ауысты. Қатал реакция жылдары басталды. Тұңғыш россиялық революция аяқталды. Жеңіліске ұшырағанына қарамастан 1905—1907 жылдардағы революция азаттық қозғалысының дамуына орасан зор ықпал жасады. «1905 жылғы «ұлы репетиция» болмаса, 1917 жылғы Октябрь революциясының жеңуі мүмкін болмас еді», — деп атап көрсетті В. И. Ленин.

* И. Ф. Голованов шаруалардың осы аманаты мен сенімін өте-мөте мақтаныш етті. 1917 жылы 13 мартта, яғни патша өкіметін құлатқаннан кейін екі аптадан соң ол Қостанайға былай деп жазды: «Шалғай Камчаткадан Қостанай облысының барлық азаматтарына өз сәлемімді жолдаймын... Сіздердің бұрынғы депутатыңыз Голованов.

(Известия Кустанайской общественной комиссии, 1913, 13 марта).

Digitized by Google

АБАЙЛА, ҚАСЫҢДА ЖҮР ЖАСӨСПІРІМ

Слава Н.-нің өмірі балалық шағынанақ жайсыз қалыптасты. Ол әкесін мүлдем дерлік білмеді, ал шешесі баланы өз ата-анасының қарауына берді. Егде адамдардың ширақ, ерке немересін қадағалауға шамалары келмеді. Алғаш рет ол үйден 12 жасында қашып кетті... Ал 16 жасында Слава екі рет сотталып үлгерді. Екінші рет оны автомашинаны айдап әкеткені үшін соттады. Үкімде былай делінді: екі жыл еңбек тәрбиесі колониясында болсын, бірақ оны орындау екі жыл кейінге қалдырылсын. Өскеменнің Октябрь ауданының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы Ирина Владимировна Бек кейде тентек жасөспірімді колонияға жіберсек пен пе екен деп те ойлайтын. Инспекция бастығы Галина Михайловна Головачевамен ақылдасты. «Колонияға жіберуге асықпау керек. Ең алдымен құрылыс отрядында жұмыс істесін» — деп ұсыныс жасады.

Солай жасады да. Отрядта болу Славаға игі ықпал етті. Күзде ол кәсіптік-техникалық училищеге түсті. Өзін дұрыс ұстай бастады. Қазір Совет Армиясы қатарында қызмет етуге даярлануда.

Біз осы мысалды кездейсоқ келтіріп отырған жоқпыз. Ересек адамдар «қиын» жасөспірімнің жүрегіне жол таба білген жағдайда оның мінез-құлқын жақсы жаққа қарай өзгертуге болатынын көрнекі көрсетті. Өскеменде жоғарыда аталған инспекцияның қызметкерлері өздерінің тәрбиеленушілерімен жеке тәрбие жұмысын ойластырып жүргізеді. Мұнда түңілісті жағдайлардың өзінде кері шегінбейді.

Дегенмен Славаның тағдырындағы қайғылы қалтарыстар жасөспірімнің теріс жолға түскені үшін жауап беретін адамдардың мінез-құлқын да ашады. Оған ата-аналық парызын ұмытқан әкесі мен шешесі кінәлі. Социологтар жас право бұзушылардың қыруар бөлігінің ата-аналарының біреуі жоқ жайсыз семьялардан шығатынын қуаттайды. Мұны балалардың өздерінің жауаптарынан да айқын көруге болады; сотталған жасөспірімдердің 40 проценті өз бақытсыздықтары үш.н ата-аналарын кінәлайды.

Сонымен қатар мектеп педагогтарының кінәсі де зор. Славаның тергеу ісінен мұғалімдердің бейбастақ, қиқар балаға қолдарын бір-ақ сілтегендерін көруге болады: оны соңғы партаға отырғызған, кластан класқа көшіру үшін үштік бағаларды қоя берген. Оған қойылған ең үлкен талап—класта және мектепте басқаларға бөгет жасамау. Сырттай қарағанда бәрі дұрыс сияқты, алайда өз билігі өзінде, оқуға деген ықыласын ерте жоғалтқан ол мектеп қабырғасынан біртіндеп шеттей берді.

Сондықтан да жасөспірімдердің право бұзуының әрбір оқиғасы нақты оқу орнында да, еңбек коллективінде де, семьяда да тәрбие жұмысын терең талдау үшін арқау болуға тиіс екенін айтқан әбден орынды.

Осы пікір биылғы жазда Алматыда өткен жастар арасындағы профилактикалық жұмысты жақсарту мәселелері жөніндегі республикалық семинар-кеңесте айқын естілді. Оған қатысушылар қызықты тәжірибелердің көптеген адрестерін атады. Мәселен, Павлодар қаласының алтыншы микроауданы жұртшылығының кәмелетке толмаған жасөспірімдердің праволық тәрбиесіне қатысуы оң бағаланды. Мұнда алюминий заводының металлургтері тұрады. Микроаудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің бәрі балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізуге қызмет етеді. Аула клубтары белсенді жұмыс істейді, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі қоғамдық негізде құрылған инспекция оған бағдар береді, оны орта мектептердің бірінің оқу ісінің меңгерушісі Т. Р. Быкова басқарады.

Сонымен қатар мұнда жеке жұмысқа жіті көңіл бөлінеді. Микроауданның қоғамдық советі әрбір жайсыз семьяға және әрбір «қиын» жасөспірімдерге қоғамдық тәрбиешілер бекітілуіне қол жеткізді. Совет мәжілістерінде бірқатар жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының істері қаралды.

Қостанайда да кәмелетке толмаған жасөспірімдерге право тәрбиесін беру жөнінен жақсы қамқорлық жасайды. Мысалы, облыстық ішкі істер басқармасының комсомолецтері мұнда № 10 мектептің «қиын» оқушы балаларын қамқорлыққа алды. Олардың үйлерінде болады, мұғалімдермен әңгімелеседі, балаларды әртүрлі үйірмелерге тартады. Тергеуші А. П. Старцев және басқа бірқатар қызметкерлер комсомолдық тапсырмаға аса жауапкершілікпен қарайды.

Алматы қаласы Совет ауданының кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекциясының қоғамдық тәрбиешілері мен штаттан тыс инспекторлары жеке уақыттарымен санаспай, жасөспірімдермен жұмысты мақсатты жүргізеді. Олар балаларға дербес қамқорлық жасауды жүзеге асырады, профилактикалық рейдтерге қатысады «Казэлеваторстрой» тресінің аға экономисі

Digitized by Google



Қызылорда облысы. Қызылорданың № 7 орта мектебі еңбек пәнінің оқытушысы Б. Қалназаров аса сирек кездесетін көне ою-өрнектерді қалпына келтіру, ағаш пен күріш сабақтарынан өзіндік суреттер салу жөнінен өзін тамаша шебер ретінде көрсете білді. Ол өз шеберлігін балаларға үйретуде. Облыстық пионерлер сарайында ол жүргізетін үйірме «Балалар творчествосы» деген республикалық көрменің дипломанты болды. Ал мұғалімнің өзі СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медаліне ие болды.

Суретте: қала сыртына саяхат жасағаннан кейін әрбір бұта, әрбір түбір барлық жағынан зерттеледі...

Суретті түсірген Г. Кошкинцев (ҚазТАГ).

Г. Б. Боранбаева, Алматының № 1 жөндеу бірлестігінің слесары, коммунист А. П. Колесников жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа көп күш жұмсайды. Мәселен, А. П. Колесников ұрлық жасағаны үшін сотталған, үкімнің орындалу мерзімі кейінге қалдырылған кәмелетке толмаған Игорьдың одан кейінгі тағдырына иігі ықпал жасады. Игорь бұрынғы ортасынан қол үзіп, техникалық ұшқыштар мектебінде оқиды.

Басқа да энтузиастардың есімдерін, сондай-ақ кәмелетке толмаған жасөспірімдер тәрбиесі жөнінен шын мәнінде қамқорлық жасайтын коллективтерді атағымыз келеді. Алайда бұл жұмыс барлық жерде бірдей тиісті дәрежеде жүргізілмейді. Қызылорда облысында осындай жағдай орын алып отыр. Мұнда кейбір аудандық ішкі істер бөлімдерінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекторларды басқа міндеттер мен тапсырмаларды орындауға жиі тартады. Осындай кемшіліктерге Семей және Маңғышлақ облыстарында жол берілуде.

Алматы облысында да соңғы уақытқа дейін жасөспірімдермен тәрбие жұмысы нашар жүргізілді. Мұнда кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі комиссияда қоғамдық тәрбиешілердің резерві жоқ. Еңбек тәрбиесі колониясынан босатылған жасөспірімдерді жұмысқа орналастыруда да қажетті көмек көрсетілген жоқ. Еңбек коллективтерінде осы балаларға қоғамдық бақылау барлық кезде бірдей тағайындалмайды. Соның салдарынан право бұзу оқиғалары қайталанады.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің спиртті ішімдіктерді ішуі айрықша дабыл қақтырады. Болашақ аналардың — қыздардың да спиртті ішімдіктерге үйір болуы ұшырасады.

Маскүнемдіктің қаскөй бұзақылық, ұрлық, тонаушылық сияқты ауыр қылмыстар жасауға ықпал ететіні жақсы мәлім. Партия мен үкіметтің маскүнемдікті тыю жөніндегі шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асыру өскелең ұрпақты тәрбиелеуге тікелей қатысты адамдардың ғана емес, сондай-ақ әрбір саналы азаматтың абыройлы ісі. Оларда жастарды алкоголизмге қарсы тәрбиелеуді аса маңызды міндеттердің бірі деп қарау, жеткіншектерді спиртті ішімдіктерге үйретуге тырысқан кез келген әрекеттерге ымырасыз болу, жастар кештері мен басқа да осындай шараларда ішімдік ішуге жол бермеу, оқушылар арасында, студенттер ортасында, жастар жатақханаларында алкоголь пайдалануды толық тыюға күш салу қажеттігі атап көрсетілді.

Digitized by Google

Совет заңының кәмелетке толмағандарды маскүнемдікке тартқаны үшін қатаң қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігін қарастыратынын түсіндіру қажет. Мысалы, Алматының № 2 такси паркінің қызметкері В. Зенков әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айып төледі, ол үкімнің орындалуы кейінге шегеріліп, сотталған, кәмелетке толмаған А. Красноштановпен бірге шарап ішкен. Алматының № 7 автопаркінің слесары Г. Лобановқа өз ұлын спиртті ішімдікке баулығаны үшін ірі сомаға айып салынды. Оның ұлы мас күйінде қылмыс жасаған. Арқалық қалалық соты арамтамақтық пен кәмелетке толмағандарды жүйелі түрде ішкілікке тартқаны үшін А. Козинаны 3 жыл бас бостандығынан айырды.

Право бұзу профилактикасындағы табыс шешуші дәрежеде жекелей қарым-қатынасқа байланысты. Тәртіп бұзуға бейім әрбір жасөспірімнің қоғамдық тәрбиешісі болуға тиіс. Мысалы, Петропавлдың № 7 кәсіптік-техникалық училищесінің оқушысы Кузнецов кәмелетке толмаған басқа балалармен бірге ұрлық жасағаны үшін бас бостандығынан айрылуға сотталды, үкімнің орындалу мерзімі кейінге шегерілді. Советтік әділ сот адамгершілік қарым-қатынасымен сотталған адамның қайтадан жаңылыс баспай, дұрыс жолға түсуіне көмектесуді ұйғарды. Дегенмен Куйбышев ауданының кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі инспекциясында, кәсіптік-техникалық училищенің өзінде жасөспірімнің тағдырына немқұрайдылықпен қарады. Ешкім оны дербес қамқорлыққа алмады. Соның салдарынан ол тағы да қылмыс жасады.

Әрине, жоғарыда аталған оқиғаға байланысты кінәлі лауазымды адамдар тиісті жазаларын алды. Алайда осының бәрі формализм мен жауапсыздыққа жол бермеу туралы әңгімелейді.

Республикалық семинар-кеңесте жасөспірімдердің мүдделерін, оларда бізге жат құбылыстардың пайда болу себептерін терең зерттеу қажеттігіне көңіл бөлінді. Тұрғын үйлер микроаудандарында өздерін қоярға жер таппай, немен айналысатынын білмей, сенделіп жүрген жас адамдардың топтарын көруге болады. Оларға өктемдік жасап, қоғамға жат қылықтар жасауға итермелейтін жетекшілер табылады.

Балаларды уақытты босқа өткізбеуге үйрету, олардың күш-жігерін пайдалы істерге бағыттау — комсомол комитетінің, басқа да қоғамдық ұйымдардың қолынан толық келеді. Әрбір клуб, мәдениет үйі, спорт ғимараттары жасөспірімдердің мүдделерін жан-жақты дамыту, қажеттерін анағұрлым толық қанағаттандыру туралы қамқорлық жасаумен өмір сүруге тиіс. Бұл қарапайым талап, бірақ өкінішке қарай, ол барлық жерде бірдей орындалмайды. Жуырда Өскемен қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі жүргізген тексеру Ульба ауданында балалардың 18 аула клубының 9-ы тым нашар жұмыс істейтінін анықтады. Осында өткізілетін шаралар жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне тіпті де сәйкес келмейді. Мәдени-ағарту және спорт мекемелерінің қызметкерлері, комсомол комитеттері педагогтарға көмектеспеген.

Жасөспірімдермен профилактикалық жұмысты жүргізе отырып, оларға көбірек сенім арту, дербестік, инициатива көрсету үшін мүмкіндік жасау маңызды. Тәрбие ісінде жаңылыс басқан жасөспірімдердің әртүрлі жарнамаларды ойсыз жапсырғанынан асқан залал жоқ. Кезінде атақты жазушы Э. Сетон-Томсон «жаман жігіттің бар-жоғы жолдан тайған, өзіне бұзақының бет пердесін жамылған, тым батыл бала болатыны жиі кездеседі. Егер оған жол тапсаң, оның осы бет пердені жұлып тастауға көндіруге болады» деп өте дөп айтқан.

Право бұзу профилактикасының басқа да бірқатар маңызды аспектілері бар, олардың арасында еңбек тәрбиесі бірінші орында болуға тиіс, елімізде жүзеге асырылып жатқан жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасы оны түбегейлі жетілдіруге бағыттайды.

Өсіп келе жатқан адам коллективті өнімді еңбек қуанышын неғұрлым ертерек сезінсе, оның адамгершілік, азаматтық қасиеттері елеулі қалтарыссыз және соқпақсыз үйлесімдірек болады. «Қиын» жасөспірімдердің студенттердің құрылыс отрядтарында, еңбек және демалыс лагерьлерінде жұмыс істеуі, жаз кезінде кәсіпорындарда, совхоздар мен колхоздарда, ата-аналарымен, ағаларымен және апайларымен жұмыс істеу, техникалық үйірмелерге қатысуы көп нәрсе береді.


Стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен кездесуде сөйлеген сөзінде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев совет жастарының социалистік және коммунистік құрылысқа қосқан үлесін жоғары бағалады. «Қоғамымыздың алдында тұрған ұлан-ғайыр жаңашылдық міндеттерді шешу үшін,—деп атап көрсетті М. С. Горбачев жолдас, — жас ұрпақтың күш-жігерін толық пайдалану бүгін таңда да бұрын-соңды болмаған дәрежеде маңызды». Әрбір жасөспірім тағдыры үшін күрес бірінші дәрежелі маңыз алуда. Бұл— бүкілхалықтық іс, барлық право қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың парызы.

Халық ертеден-ақ «абыройыңды жастайыңнан сақта» дейді. Әрбір жігіт пен қызды жоғары адамгершілік қасиеттеріне баулу, өз мінез-құлқы үшін жоғары жауапкершілікке тәрбиелеу — бұл олардың болашақ бақыты ғана емес, сондай-ақ өз еліміздің болашағы туралы қамқорлық жасау деген сөз.

Т. ӘБДІХАЛЫҚОВ,
А. ЧЕРЕПАНОВ.

Digitized by Google

Көрнекі үгіт



ПЛАКАТ ЦЕХЫНЫҢ ШЕБЕРЛЕРІНДЕ

Қазақстан плакаты өзінің өрлеу кезеңін өткеруде. Біздің плакатшыларымыздың Бүкілодақтық және аймақтық конкурстар мен байқаулардағы табыстары бұған дәлел болады. Биыл жазда Алматыда өткен плакаттың төртінші республикалық көрмесінің материалдары осы жайлы иланымды әңгімелейді. Ол көрнекі үгіт пен саяси плакаттың Бүкілодақтық байқауы ауқымында өтті. Оған 64 суретші қатысты, түрлері мен жанрлары алуан түрлі 240 жұмыс ұсынылды.

Осы көрмені 1981 жылы өткен көрмемен салыстыра отырып, ең алдымен өздерін сонда алғаш рет көрсеткен жас плакатшылардың бүгінде экспозицияда орталық орын алған жұмыстармен келгенін атап өтейік. Жас авторлар А. Дүзелханов пен Б. Мырзахметовтың жұмыстары творчестволық ізденіс батылдығымен, жоғары орындау мәдениетімен аталды. Олар замандастарымыздың, партия жоспарларын жүзеге асыру жолындағы жалынды күрескерлердің өмірдегі шынайы бейнелерін жасады. Бейбітшілік үшін күрес, халықтар достығы, советтік патриотизм тақырыбы А. Тазиевтің «Нәзіктік», Л. Смирнованың «Ісмерлердің қатерлі ойындары», А. Байсеркеевтің «Ұмытпа», Г. Камышевтың «Россия ұлан-байтақ, бірақ шегінер жер жоқ» плакаттарында лайықты жүзеге асқан.

Плакат цехының байырғы еңбеккерлерінің тәжірибесіне сүйенбейінше жастардың табыстары мүмкін емес еді. Және мұнда, ең алдымен, СССР Суретшілер одағының мүшесі Г. Мамаевтың жұмысын ерекше атауға болады. Осы бір тәжірибелі және мықты шебердің жұмыстары осы заманғы өмір шындығын білдіреді және айқын. Мысалы, ол «Мәдениет ескерткіштерін сақтаңдар» плакаттар сериясы тақырыбының шешімін бейнелі түрде тапқан. Г. Мамаев жастар творчествосына көп көңіл бөле отырып, Қазақстан Суретшілер одағының плакат секциясында үлкен жұмыс жүргізеді.

Көрмеге келушілер сондай-ақ А. Исмамбетов плакаттарының жоғары мәдениетін, көркемдік байлығын және сонылығын атады. Оның поляк-совет достығына арналған «Біздің ортақ үйіміз» жұмысы жуырда Москвада халықаралық конкурста екінші сыйлық алды. А. Исмамбетов «Көз бояушылық пен қосып жазушылық жауапқа тартылсын» плакатында да жоспар орындалды-мыс деген есеп бланкісінде тұрған резиналы «үрленген» қойды бейнелеп, оның тақырыбын ашуға тапқырлықпен, мысқылмен жол ашқан. А. Байсеркеевтің алкогольге қарсы насихатқа арналған «Денсаулық қана емес» жұмысы шын мәнінде үгіт сипатын ұстайды.

Е. Губанованың жұмысында жол қауіпсіздігінің үйреншікті тақырыбы қарапайым әрі тамаша шешім тапқан. Г. Попов үлкен тапқырлықпен жұмыс істейді. Көрмеге қойылған оның жұмыстары ішіндегі ең таңдаулысы—«Тісті дер кезінде емдетіңіздер».

Жалпы Қазақстан плакатының мәдениетін арттыруда республикалық «Өнер» және «Қайнар» баспаларының елеулі роль атқаратынын атап өтпеуге болмайды. Көптеген таңдаулы плакаттар көрмеге авторлық нұсқада емес, полиграфиялық орындалу түрінде ұсынылды. Бұл өз саласына анағұрлым талантты плакатшыларды тартатын өнімді баспасаясаты туралы әңгімелейді.

Плакат өнерінің басқа да жетістіктері жайында айтқан жөн болады. Дегенмен диалектика мынадай — өз кемшіліктерін көріп және жоя отырып, қол жеткенге тоқырамай, одан әрі ілгерілеу, өсе беру.

Үлкен өкінішке қарай, көптеген плакаттарда асығыстық ізі жатыр. Маңызды және қажетті тақырыптар барлық кезде бірдей лайықты шешімін таппайды. Бірқатар беттерде қайсыбір «сыпайы» орташа деңгей орныққан, одан суретші бейнесін, оның жеке қолтаңбасын аңғару қиын. Жер шарын, көгершіндерді, бомбаларды, құс ұяларын, қарындаштарды, қылқаламдарды, палитраларды т. б. бейнелеу бір плакаттан екіншісіне ауыса береді.

«Виват» творчестволық коллективінің (С. Алексеев, Ю. Исаков, В. Васильев, А. Моценок) жұмыстары әртүрлі сезімдер туғызады. Едәуір үміт күттіретін осы жігерлі жас суретшілер тобы көрмеге тақырыбы жөнінен алуан түрлі жұмыстардың көп мөлшерін ұсынды. Олардың орындалу техникасы тамаша. Бірақ мазмұны, ой тереңдігі, сюжет барысының өткірлігі жағынан алып қарасақ, онда авторлар жұмыстардың бәрінде бірдей сәттілікке жете бермейді. Олардың кейбірі шешімді оңай табумен, бейнелеуді қайталаумен шектеледі.

Мұның өзі осы суретшілер тобы көп нәрсе істей алады деген шынайы сенім артудан туындап отыр. Олар «Мұнда таңсәрісі тыныш» спектаклінің жарнамасына әсерлі нақты бейне тапты ғой. Немесе «Мейірімсіз махаббат..» плакатының тақырыбы күтпеген жерден, өткір

Digitized by Google

әзіл-оспақпен шешім тапқан. Осындай тапқырлықтармен жиірек қуанту үшін суретшілердің сапаға залал келтіріп, сан қумай, өзінің әрбір жұмысына анағұрлым талғампаздықпен қарауы қажет.

Мазмұнның көмескілігі плакатқа мүлде жараспайды, бірақ оны жиі ұшыратуға тура келеді. В. Шишкиннің, А. Чеховскийдің, В. Васильевтің плакаттарында көмескілік, екіұштылық байқалады. Көрмеде ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, экономиканы интенсивтендіру, қазақстандық мол астық үшін күрес сияқты басты проблемаларға арналған жұмыстар өте аз болды.

Плакаттың түрлі-түсті шешімін табу қаншалықты үлкен мағыналы және әсерлі роль атқаратыны белгілі. Алайда суретшілердің көмескі түспен орындалған алуан түрлі тақырыптағы талай жұмыстарын атауға болады. Суреттің анықтығы, деректігі, күшті де иланымды дәлел бола алатын фотоплакат мүмкіндігі бізде әлсіз игерілуде. Шрифт, плакатта, текстті орналастыру саласында едәуір жұмыс істеуге тура келеді.

Көрмеге сегіз облыстың суретшілері қатысты. Алматылықтармен қатар плакат ісі саласында Қостанай мен Өскемен суретшілерінің белсендірек жұмыс істей бастағаны қуантады. Жаңа күштер тасқыны плакат ісінің одан әрі өрлеуіне және ең бастысы, тақырып пен бейнелердің біздің республика өмірімен, бүгінде қазақстандықтар шешіп жатқан үлкен міндеттермен анағұрлым табиғи байланысына ықпал етеді деп сенгіміз келеді.

И. ЮФЕРОВА,
өнертанушы.

Журнал сынынан кейін

«Көрнекі үгіт байқауы өтуде»

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1985 жылғы 13-санында жарияланған «Көрнекі үгіт байқауы өтуде» деген бас мақалада Ақтөбе қаласының кейбір кәсіпорындарында көрнекі үгіттің дер кезінде жаңартылмайтынына байланысты сын айтылған еді.

Қазақстан Компартиясы Ақтөбе қалалық комитетінің бірінші секретары М. Дайыровтың редакцияға жауабында былай делінген:

«Мақала қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінде аудандық партия комитеттері қызметкерлерінің қатысуымен талқыланды. Кемшіліктерді жою жөнінен шаралар қабылданды.

Партия ұйымдарының секретарьларымен және идеология активімен көрнекі үгіт құралдарының идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесін жақсарту мәселелері жөнінен семинар-кеңестер өткізілді, оның барысында территорияны, цехтарды, учаскелерді безендіру жөнінен нақты ұсыныстар берілді.

«Геотехника», қалалық сүт заводтары, қызмет көрсету саласындағы автомобиль жөндеу кәсіпорны партия ұйымдарының назары көрнекі үгіт құралдарын жаңартуда оперативтіліктің жеткіліксіздігіне аударылды. Осы кәсіпорындардың партия бюролары аталған кемшіліктерді жоюда.

Қала кәсіпорындары мен ұйымдары «Адам еңбегімен даңқты!» ұранымен өткен көрнекі үгіт пен саяси плакаттың Бүкілодақтық байқауына белсене қатысты, оның барысында қалалық көрме өтті».

СІЗДІҢ БЛОКНОТЫҢЫЗҒА



Digitized by Google

ӘҢГІМЕДЕГІ ФАКТІЛЕР

Әңгіме өткізуге, сөз сөйлеуге әзірлену барысында фактіге негізделген материалдарды іріктеп алудың сонша оңай еместігін әрбір саяси хабаршы мен үгітші біледі. Оның маңызы орасан зор. Фактілер — бұл құрылыс материалы деп тегін айтпайды, онсыз адамдармен иланымды әңгіме жүргізе алмайсың. Олар қорытынды жасауға арналған ірғетас, тұжырымдар үшін бастапқы пункт ретінде қызмет етеді. Оның үстіне шебер іріктелген нақты материал ойды тұжырымды ете отырып, ой-пікірдің бір бөлігін алмастыра алады. «Ақылгөйсу арқылы айтылған сөздің жолы ұзақ та, ал мысал арқылы көрсету әрі қысқа әрі жеңіл», — деген римдік көне философ Сенека.

Айқын факті іс-қимылға бастайды, және, айталық, еңбек коллективінің өмірінен алынған фактілерге сүйенбей-інше экономика тиімділігі, ұқыптылық, еңбек өнімділігі, тіпті адамдарды толғандыратын мәселелердің бәрі туралы әңгімелеу мүмкін емес.

«Саяси сылдыр сөз аз болсын, коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ өмірден алынған, өмір тексерген жанды фактілеріне көбірек көңіл бөлінсін...», — деп жазды В. И. Ленин. (Шығармалар толық жинағы, 39 том, 13 бет). Осы кеңестерде үгітшілер мен саяси хабаршылар үшін қызметтің тұтас программасы баяндалады. Владимир Ильич мыңдаған материалдардан қажетті фактілер мен деректерді алу, әрбір әңгімеден қандай бір бағалыны табу, қажетті фактілерді ажырата білу сияқты тамаша қабілетті меңгерді. Алғашқы коммунистік сенбіліктер туралы хабардың В. И. Ленинге шын мәнінде заманалық маңызы бар тұжырымдар жасауға қандай мүмкіндік бергенін еске түсірейік. Және фактіге деген лениндік көзқарастың мұндай мысалдарын көптеп келтіруге болады.



Сөз сөйлеуге әзірлене отырып, активист **идеялық-теориялық тұрғыдан қатаң сақталған және тыңдаушылар үшін жаңа сипат ұстайтын теориялық және іс жүзіндегі алуан түрлі материалдарды** іріктеуге тиіс.

Әңгімеде қаншалық мысал келтіру керектігі жайлы белгілі бір рецепт беруге болмайды. Бірақ «фактісіз» әңгіменің онша қабылданбайтыны әбден айқын. Сондай-ақ онда мысалдарды, деректерді, цифрларды қаптатып жіберудің қауіптілігі де одан кем түспейді. Дұрыстап жағылмаған ошақ отының әлсіреп сөнуі сияқты осындай әңгіме барысындағы ой бәсеңдей бастайды.

Адамдарға таныс фактілерге сүйенбейінше түсіндіре алмайтын ұғымдар көп-ақ. Мысалға «экономиканы интенсивтендіру» ұғымын алайық. Оның мәні, қысқаша айтқанда мынада: өнімді көп, тез, арзан, сапалы өндіру деген сөз. Демек оны толығырақ ашу үшін өз еңбек коллективінің қызметінен, өз қаланың немесе ауданның, республиканың, тұтасынан еліміздің экономикасынан алынған фактілерге міндетті түрде сүйену қажет.

М. И. Калинин аудитория алдындағы әңгімені тікелей істің түйінінен бастауға кеңес берді. Егер әңгімені жаттанды түрде бастасаңыз, деді ол, тыңдаушылар назары шоғырланбайтынын сіздер аңғармадыңыздар ма: **факті, цифр, мысал көбіне тыңдаушылар назарын аударатын бастау** екенін тәжірибе сипаттайды.

Цифрлық, статистикалық материалдарды пайдалану ерекшеліктері туралы айтқымыз келеді. Цифрлар салыстыру арқылы жақсы естіледі. Шынында да, орынсыз алынған жалғыз цифр әркез сана-сезімге жете бермейді. Егер сіз оны әлде немен салыстырсаңыз, ол көрнекі, түсінікті болып шығады. Мысалы, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға байланысты цифрлар тыңдаушылардың есінде жақсы сақталады. Тұтасынан

Digitized by Google

совет өнеркәсібі бүгінде бір минут ішінде 1 миллион 200 сомның өнімін шығарады. Алпыс секунд ішінде — 1,2 миллион сом! Бір минут ішінде 1150 тоннаға жуық мұнай және газ конденсаты, 825 мың текше метрден астам табиғи газ, 1350 тоннадан астам көмір өндіріледі, 218 тонна шойын, 281 тонна болат балқытылады, 207 тоннадан астам дайын прокат, 35 тонна болат құбыр шығарылады. Егер металл жонатын станоктарда жұмыс істейтін жұмысшылар әр сменада бір минуттан іркіліс жасаса, онда бұл екі мың киловатт-сағаттан астам электр энергиясының ысырабына соқтырады. Осыншама мөлшердегі энергияның көмегімен қосымша 20 тонна болат прокаттауға, немесе 10 мыңға жуық ботинка шығаруға, немесе 2,5 мың қол сағатын жасауға болар еді. Экономистердің көмегімен осындай есептеулерді қала, аудан бойынша шығаруға болады. Олар сіздерге және тыңдаушыларға адамдарды жоғары өнімді еңбекке бастайтын пайымдаулар, салыстырулар үшін мысалдар береді.

Цифрларға сүйене отырып, сөз сөйлеуші тартымды салыстырулар жасап, Совет елінің қаншалықты ілгері басқанын көрсете алады. Бұл тұрғыдан қазіргі уақытта республиканың негізгі қорларының құны жүз миллиард сомға жеткенін айтсақ та жеткілікті. Жыл соңына қарай қорлардың жалпы құны 129 миллиард сомға, демек өндірістік қорлар 80 миллиард сомға дейін жетеді. Қазір елімізде негізгі өндірістік қорлар құнының орасан зор екені соншалық, тіпті материалдық өндіріс саласының әрбір қызметкеріне 10 мың сомнан астам қордан келеді.

Егер сөз сөйлеуші бұл цифрларды өз кәсіпорны, колхозы бойынша осындай деректермен нығайта түссе тыңдаушыларды немқұрайлы қалдырмайды.

Саяси хабаршылар мен үгітшілер бүгінгі күн оқиғаларына тиянақты әрі тез үн қатуға тиіс. Бірақ бұл олардың газет хабарларын жай қайталауы тиіс деген ұғымды білдірмейді. Олар тыңдаушылардың жеке көріністердің әр жағынан даму заңдылықтарын біліп, оқиғаның барысын дұрыс түсініп, бағалауы үшін фактілерді шебер қорытып, тұжырымдар жасайды.

Фактілерге негізделген материалды маркстік-лениндік теория тұрғысынан терең ұғыну қажет. Және үгітшіге қойылатын бірінші талап — фактілерді жүйелі түрде алу. Оларды тұтасынан алғанда активист «фактісымақтар» мен «цифрсымақтар» ойынынан, «мағынасыз бағаналар мен цифрлар» шоғырынан лениндік сақтандыруды әрдайым есте ұстауға тиіс. «Қоғамдық құбылыстар саласында жеке фактісымақтарды үзіп-жұлып алудан, мысалдарды атүсті пайдаланудан артық көп тараған және бұдан асқан негізсіз әдіс жоқ. Жалпы алғанда мысалдарды іріктеп алу қиындыққа түспейді, бірақ мұның ешбір

В. И. ЛЕНИН САЯСИ ҮГІТ ТУРАЛЫ

Біздің күрес программамыздан ол күрестің құралдары мен оның таяудағы міндеттері өзінен-өзі келіп шығады. Бірінші құрал ауызекі және баспасөз жүзінде жан-жақты және барынша кең үгіт жүргізу болып саналады.

9 том, 7 бет.

Күнбе-күнгі насихат пен үгіт шын коммунистік сипатта болуға тиіс.

41 том, 225 бет.

...ісіміздің сөзсіз қажетті... бәрінен де зәру міндеті — саяси үгітті нағыз кең түрде жүргізу...

6 том, 86 бет.

«Халықтың барлық таптарының арасына барғанда» біз әрі теоретик болып, әрі насихатшы болып, әрі үгітші болып, әрі ұйымдастырушы болып баруымыз керек.

6 том, 90 бет.

...сыннан өткен, жан-жақты насихат пен үгітті жүйелі түрде жүргізу... социал-демократияның түпкілікті де басты міндеті...

5 том, 9 бет.

Жиналыстар мен митингілер аздық етеді, әрбір адаммен үгіт жүргізу керек...

38 том, 351 бет.

...идеялық мазмұны айқын емес, ойластырылмаған үгіт азғындап барып сөзуарлыққа айналады.

47 том, 87 бет.

Экономикалық үгіт те, саяси үгіт те пролетариаттың таптық сана-сезімін дамыту үшін керек...

2 том, 490 бет.

Саяси сылдыр сөз аз болсын, коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бір-

Digitized by Google

маңызы да болмайды, немесе оның тура теріс мәні болады, өйткені істің барлық тетігі жеке оқиғалардың тарихи нақтылы жағдайында. Егер фактілерді **тұтастығынан, өзінің байланыстарымен** алатын болсақ, олар «даусыз» екені былай тұрсын, сонымен бірге сөзсіз дәлелді де нәрсе. Егер фактіс ымақтар өзінің тұтастығынан тыс, байланыссыз алынатын болса, егер олар үзіп-жұлып, қалай болса солай алынатын болса, олар тек ойыншық болады, немесе онан да жаман бір нәрсе болып шығады», — деп жазды В. И. Ленин идеологиялық қарсыластарды әшкерелей отырып, (Шығармалар толық жинағы, 30 том, 389 бет.).

Сондай-ақ фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдап а.ға білу талап етіледі. Бұл жерде А. М. Горькийдің «Бәрі салыстыру үстінде танылады, бүгінгіні дұрыс бағалау үшін өткендегіні білу қажет» деген сөзін ескерткен орынды. Маңызды талап — басты мәселені айыра білу, материалды әңгіме өтіп жатқан коллективтің практикалық жұмысымен қабыстыру.

Активист қайсыбір маңызды оқиға туралы әңгімелеп, мысалдар мен цифрлар келтіреді. Сонымен қатар **осы оқиғаны тыңдаушыларға көрсетсе,** әңгіме қаншалықты қызықты бола түсер еді. Бұл жерде әңгімелерде техникалық құралдар мен көрнекі құралдарды шебер пайдалану жайында сөз болып отыр.

Одақтық және республикалық баспалар партиялық оқуға арналған көрнекі құралдар альбомдарын шығарады. Оларды пайдалануға болады. Көптеген активистердің өздері-ақ диаграммалар мен схемаларды жақсы жасайды. Әңгіме өткізуге грампластинкаларды, магнитофондарды, «Блокнот» диктофонын, «Кругозор» дыбысты журналын еркін түрде әкелу керек.

Фактілерді жинау, көбейту туралы бірер кеңес бергіміз келеді. Мұнда мысалдар баршылық. Бір саяси хабаршы картотека жүргізеді, екіншісінде материалдар жиналатын папка болады, үшіншісінде — жазу кітапшасы бар. Кейбіреулер есте сақтау қабілетіне үміт артады. Дегенмен күн сайын дерлік жазу кітапшасына аңғарған жайларды, фактілерді, цифрлар мен цитаттарды жазып отыруға өзіңді дағдыландыру оңай болмаса да, солай жасаған дұрыс. Бірақ оларды жазып отыру өте-мөте қажет. Д. И. Менделеев жазылмаған пікір — бұл зая кеткен пікір деп бейнелі түрде дөп айтқан.

Сонымен нақты материалды дұрыс пайдалану ауызша сөз сөйлеудің, әңгіменің шешуші шарттарының бірі болып табылады және әр активист бұған барынша көңіл бөлуге тиіс.

К. БИЕКЕНОВ,
философия ғылымының кандидаты,
Алматы жоғары партия мектебінің доценті.

ақ өмірден алынған, өмір тексерген жаңды фактілеріне көбірек көңіл бөлінсін — бұл ұранды біздің бәріміз, біздің жазушыларымыз, үгітшілеріміз, насихатшыларымыз, ұйымдастырушыларымыз, тағы басқаларымыз қажымастан қайталап отыруымыз керек.

39 том, 13 бет.

Әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі де сонда, сол өзі сөйлеп тұрған аудиторияға барынша ықпал жасай білуде, ол үшін белгілі ақиқатты мүмкіндігінше неғұрлым дәлелді, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекі және есте берік қалатын ете білуде.

...әрбір үгітшінің Совет өкіметінің уәкілетті өкілі екендігін олардың бәрі білетін және сезетін болсын...

41 том, 165 бет.

Библиографиялық мәдениетті меңгерейік

Қажетті кітапты қалай табуға болады және осы істе насихатшыға кім көмектесе алады, бұл оңай мәселе емес. Мұнда білім әлеміне есік аша алатын кілт — библиография көмекке келеді. «Политическое самообразование» журналының 1985 жылғы 5-ші санында жарияланған О. Жданконың «Насихатшының библиографиялық мәдениеті: оны қалай арттыруға болады?» деген мақаласы осы мәселеге арналған. Үгіт-насихат жұмысының активистері мақаладан әдебиеттер айдарында еркін бағдар жасауды үйрену туралы нақты тұжырымдарды таба алады. Автор библиографиялық жалпыға бірдей оқуды ұйымдастыруды ұсынады.

Digitized by Google

«БІЗГЕ ТАҒЫ ДА КЕЛІҢІЗ»

Идеология жұмысының энтузиастары

Киров атындағы колхоздың жүгері өсірушілері мен дикандары түскі үзіліс кезінде басқарманың қызыл мүйісіне жиналды. Олармен әңгіме өткізуге саяси хабаршы, Гагарин атындағы мектеп директоры Гиязитдин Пазлиевич Пазлиев келді.

Оның әңгімесінің тақырыбы — «КПСС пен Совет үкіметінің халықаралық жағдайды сауықтыру жолындағы күресі».

Әңгіме дүние жүзі картасының жанында болды, оған бәрі қатысты. Гиязитдин Пазлиевич еліміздің жаңа бейбіт инициативалары, оларды жер шарының барлық мүйісінде қарапайым адамдардың қандай үлкен жігермен қабылдап жатқаны туралы әңгімеледі. Содан кейін саяси хабаршы сұрақтарға жауап берді. Халықаралық тақырыпта ғана емес, сондай-ақ аудан өміріне, балалар тәрбиесіне қатысты ондаған сұрақтар қойылды.

Саяси хабаршыны шығарып сала отырып, колхозшылар оған «Бізге тағы келіңіз» деп өтініш білдірді.

Кейін мен Гиязитдин Пазлиевичпен әңгімелестім.

— Мен әңгімеге қалай әзірленемін?— деп қайта сұрады саяси хабаршы. — Өзімді қызықтыратын тақырыпқа байланысты мерзімді әдебиеттерді қадағалап отырамын. Егер түсініксіз мәселелер болса, кітаптарды қолға аламын, насихатшылармен және партия қызметкерлерімен хабарласамын. Халықаралық мәселелер жөніндегі бірде-бір облыстық немесе аудандық семинардан қалмаймын. Біздің жетекші шолушыларымыздың радио және телевизиялық шолулары маған қатты көмектеседі. Экономикалық тақырыптарға арналған әңгімелерге әзірлену барысында шаруашылық, аудан жұмыстарының нәтижелерін пайдаланамын, оларды экономика саласындағы түйінді мінеттермен байланыстыруға ұмтыламын. Бір апта ішіндегі газет қиындыларын талдаймын. Өйткені адамдар да газет оқиды, радио тыңдайды ғой. Сондықтан да әңгімені хабарлар мен мақалаларды қайталамай, тыңдаушыларды өз оқығандары туралы тереңірек ойлануға, фактілерді салыстыруға, тұжырымдар жасауға жетелейтіндей етіп құрамын.

Тыңдаушылардың саяси хабаршы Г. Пазлиевтің әңгімелері туралы пікірлері мынадай:

Октябрь Ғаниев, жүгері өсірушілер бригадасының бригадирі:

— Мен саяси хабарларға жүйелі қатысамын. Мұнда көптеген сұрақтарға өте тиянақты жауаптар алуға болады.

Киров атындағы колхозда 12 саяси хабаршы бар. Олар — шаруашылық басшылары мен мамандары, мұғалімдер А. Базарбаев, А. Кочиев, А. Салиев, А. Мұраталиев, Т. Хайтметов және басқалар өздерін шебер саяси хабаршылар ретінде көрсете білді.

Идеологиялық жұмыс активистерінің колхозшылармен тығыз байланысы колхоз істеріне игі ықпал етуде. Шаруашылық жыл сайын өрге басуда.

С. БАБЕНКО.
Сайрам аудандық «Знамя труда» газетінің редакторы.

ЖАРҚЫРАҒАН НАГРАДАЛАР

Мерекелер, әсіресе Ұлы Октябрь жылдығы, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күні, Жеңіс күні сияқты мерекелер жақындаған кезде ардагерлерді кездесулерге жиі шақырады. Бір киер костюмінді алғанда оған қадалған наградалардың күңгірттеніп кеткенін байқайсың. Оларды алғаннан бері талай он жылдықтар өтті ғой. Оларды жаңартуға болмас па екен?

В. КӘРІБАЕВ,
Ақтөбе қаласы

Шынында да наградаларды жаңартуға болады. Ол былай жасалады. Күміс наградалар ас содасы ұнтағымен тазартылады. Бұл үшін шамалы мақтаны суға малып, оған соданы себеді және осымен награданың бет жағын жарқырағанша сүртеді. Содан кейін медальдарды жылы сумен шайып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртеді.

Түсті металдан жасалған медальдың жалтырап тұруы үшін оны ацетонға бес минут салып, содан кейін асидолмен сүртуге болады, ал біріншісі жоқ болса, сумен араластырылған бор мен нашатыр спирт қоспасымен сүрту қажет.

Награданың эмальды қабатының бүлінген жерін түзету қиынырақ. Мұны арнаулы шеберханаларда ғана жасауға болады. Бірақ олардың өзі барлық ірі қалаларда бірдей болмайды. Орден кітапшалары бар ордендер мен медальдарды Москвадағы Мемлекеттік белгінің монета сарайы жөндеуге қабылдайды.

Digitized by Google



КӨРІНБЕЙТІН ШЕКАРА

немесе буржуазиялық қоғамдағы «шалқыған өмір» кешушілер және оны елестетушілер

☆ ☆ ☆

Дүниеге келе бастаған формацияның түбегейлі заңдылықтары қайталанбас сипатпен күшіне енбеген, капиталдың қорлануының бастапқы сонау шағында бақыт іздеуші ептілердің мүлде тап-тақыр жерден адам айтқысыз байлықты иелену оқиғалары болды. Әрбір аяқ киім тазалаушы ыждаһаттылығы арқылы миллионер бола алады деген аңыз, сірә, сол кезде туса керек. Енді капитализмнің объективті заңдары мұндай «кездейсоқтықтарға» жол бермейді. Буржуазиялық қоғам ауқаттыларға, астам ауқаттыларға және еңбекшілердің негізгі бұқарасына барған сайын айқын жіктелуде. Соңғы қанаушы формацияның негізгі экономикалық заңы жұмысшылар жұмыс күнінің көп бөлігін капиталистерге еңбек етуге мәжбүр болуын алдын-ала анықтаған кезде басқаша қалай болуы мүмкін? Сегіз сағаттық жұмыс күні барысында қазіргі американдық, мысалы, небары 2 сағат 9 минут уақытты ғана өзіне жұмсайды. Ал қалған уақыт (яғни жылына 9 ай) — өз қожаларының кірісін қамтамасыз етуге және мемлекеттік салықтар төлеуге арналған.

☆ ☆ ☆

«ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР» қоғамын дәріптеу енді аса күрт өсуде. Шаруашылық оралымсыздықтары, оның ішінде энергетика және валюта проблемалары, милитарландырудың бұрын болып көрмеген ауқымы, өнеркәсіпті құрылымдық жағынан қайта құру капиталистік экономиканың біршама тұрақты даму кезеңіне тоқтау салды. Билеуші топтар өз істерін «түзетуге» әрекеттеніп еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық жеңістеріне белсенді түрде әрі ашықтан-ашық шабуылды бастады.

Соңғы төрт жыл ішінде американдық семьялардың тең жартысының тұрмыс жағдайы нашарлап кетті, тым кедей жіктердің 20 процентінің табысы 8 процент кеміді. Капиталистік дүниедегі аса бай елде семьялардың 15 процентінен астамы кедейліктің «ресми деңгейінен» төмен өмір кешуде.

Оның есесіне табыстарды бөлу шкаласының екінші ұшындағы көрініс мүлдем басқаша. АҚШ байларының небары бір проценті елдің аса кедей тұрғындарының тең жартысының барлық дүниесінің құнынан 8 есе асып түсетін байлықты иеленеді. Мемлекеттегі бүкіл табыстың 15 проценті, акцияның 55 проценті, облигацияның 70 проценті американдық бизнес алпауыттарының 2 процентінің үлесіне тиеді.

Егер «мықтылар дүниесі» қайсыбір проблеманы шешуді қолға алса, оны тек қана еңбекшілер есебінен шешуінде таңданарлықтай ештеңе жоқ. Өйткені, қайсыбір буржуазиялық мемлекетте өкімет «тізгіні» әдетте оның аса ауқатты өкілдерінде болады. Осы мәселелерді саралай алатын американдық «Ю. С. Ньюс энд уорлд рипорт» журналының бейнелеуі бойынша, АҚШ конгресінде кемінде 53 миллионер бар екен. Екінші сөзбен айтқанда, әрбір оныншы американдық заң шығарушы — миллионер. «Коммон коз» қоғамдық ұйымы арнайы зерттеу барысында АҚШ сенатындағы бір орын орта есеппен 2,1 миллион доллар «тұратынын» анықтады. Сайлауда жеңіп шығу үшін нақ осыншама қаржы жұмсау керек. Мұндай сома тіпті ең дәулетті саясатшылардың да қалтасына әрдайым сай келе бермейді. Иә, олардың жомарттық жасауына тура келмейді де — аса ірі корпорациялар, әсіресе әскери-өнеркәсіптік комплексті құрайтындар көмекке келеді. 1984 жылы АҚШ-та қару шығарушы 20 жетекші корпорациялар президент пен заң шығарушылардың сайлау науқанын өткізуге 3,6 миллион долларды құрбан етті. Бұл «көмек» тіпті де риясыз емес. «Сайланғандар» ажал фабриканттарының қалтасына алтын болып құйылып жатқан әскери программаларды өрістету үшін ұйымшылдықпен дауыс береді. Олар әлеуметтік шығындарды қысқарту туралы сөз болғанда да осындай бірауыздылық білдіреді. Мәселен, «салық реформасының» американдық жоспарын жүзеге асыру барысында 17 әлеуметтік программаны жою және тағы 20 программаны тоқырату қарастырылуда.

Осы заманғы кәсіпкерлердің кірісі парасатты мөлшерден шын мәнінде асып кетті. Алайда, олардың арандары ашы-

Digitized by Google

ла береді. Ондаған және жүздеген (оның үстіне әбден «жария») қалтарыстарды пайдалана отырып, олар салық төлеуден түрліше жалтарады. Мәселен, 1983 жылы кірістері 100 мың доллардан асқан канадалық 1100 бизнесмен бюджетке бірде-бір цент берген жоқ.

Жұмысшылардың мұндай «мүмкіндіктері» жоқ, сондықтан да жанталаса қаруланууды, инфляцияны, өнеркәсіп базасын жаңғыртуды айна-қатесіз төлейді, бұл, сайып келгенде, байлардың байлығын одан әрі молайтуға бастайды.

ДӘУЛЕТТІЛЕРДІ кедейлерден айырып тұратын шекара толассыз жоғары өрлеуде. Демек ол жылдан жылға мейлінше берік орнығуда. «Демократиялық қоғамда», буржуазиялық насихат Батыс елдерін осылай атайды, ірі корпорациядағы немесе банктегі басшылық креслода (демек жалақысы да мол) тиісінше табыстары бар семьялардан шыққан адамдар ғана отыра алады. 70-ші жылдардың орта тұсында Англия өнеркәсібі компаниялары директорларының 66 процентінің және банктер директорларының 74 процентінің ата-аналары «жоғары тапқа» жатты.

Ертеректе университеттік диплом «жоғары» өрлеудің кейбір үміттерін беретін. Енді бұл «жол да» іс жүзінде жабылды. АҚШ-та соңғы 20 жыл ішінде колледждер мен университеттерде оқу үшін төленетін ақы 3,5 еседей өсті. Мемлекеттік дотациялар алатын жоғары оқу орындарында бір жыл оқу кемінде 5 мың доллар тұрады. Массачуест технологиялық институты немесе Гарвард университеті сияқты меншікті оқу орталықтарында ғылымдар курсы екі-үш есе қымбатқа түседі. Бұл көрініс маңызды — диплом басшы эшелондарға өткізетін өзіндік «рұқсат қағазы», қызмет баспалдағымен ілгерілеу кепілі ретінде қызмет етеді.

Ұлыбританияда осы күнге дейін «оксбридждік» білім дауасы, яғни елдің аса мәртебелі Кембридж немесе Оксфорд университеттерін бітіргені туралы куәліктер қолданылып келеді. Дегенмен, британиялық осы «қасиетті» ғылым ордасына ілігу — бір ғана финанстық мәселе емес. Жақсы даярланған абитуриенттер ғана, мысалы, «Итон-колледж», «Рэгбиколледж», «Вестминстер скул» сияқты мәртебелі меншікті мектептердің түлектері қатаң сұрыптаудан өте алады. Сонымен дифференциация балалық шақтан-ақ басталады және осы іркіліске ешбір жол бермейді. 1979 жылғы май айында Англияның консервативтік кабинетін құру барысында министрлердің бәрі «Итон-колледждің» түлектері болғанын айтсақ та жеткілікті.

Тым жұпыны диплом иелері, демек шамалы қамтамасыз етілгендер көбіне жұмысқа да тұра алмайды. Айталық, Германия Федеративтік Республикасында үстіміздегі ғасырдың соңына дейін жоғары оқу орындарын 2,8 миллион жас адам бітіреді, ал олардан 900 мың адам ғана мамандығы бойынша жұмысты таба алады.

Алайда капиталистік қоғамда «табыс деңгейі» деген ұғымды қолданудың өзі әдепсіздік болып көрінетін адамдар да бар. Олар үшін кедейшіліктің айтулы «шекарасының өзі» қол жетпейтін асу екеніне сену қиын. Бұлар, ең алдымен, жұмыссыздар. Экономикалық дағдарысқа байланысты жұмыстан шығару індеті Батыстың барлық елдерін жайлады. Дегенмен бұрын «артық адамдардың» шамалы бөлігі шаруашылық процестерінің жандануына қарай жұмыс орындарына қайта оралатын. Енді жұмыс күштерін көптеп талап етпейтін автоматтандыру; роботтандыру ықпалымен, жаңа салалардың дамуы жағдайында «еңбектің резервті армиясы» азаймай отыр. АҚШта, ресми деректер бойынша, өз күші мен білімін жұмсауға тілек білдірген 8,5 миллион адам бар. Бірақ оған еңбек биржасында жүйелі түрде жазылып тұратын адамдар кіреді. Іс жүзінде жұмыссыздар екі есе көп. 1984 жылы Батыс елдерінде барлығы 28 миллионнан астам адам еңбек ету правосынан айрылды. Және олардың перспективалары да тым сүреңсіз. 1983 жылы жұмыссыз американдардың 13,3 проценті, ағылшындардың 36,2 проценті, француздардың 42,6 проценті бір жылдан астам уақыт бойы «істен» тыс қалды.

Жұмыссыздықтың әлеуметтік базасы үнемі кеңеюде. Ең алдымен жұмыстан айырылу перспективасы өнеркәсіпте қол еңбегімен көбірек айналысатын адамдарға қауіп төндірді. Енді «ақ жағалылар» деп аталатындардың өздері де ертеңгі күнге деген сенімнен айырылды. 80-ші жылдардың басында олар американдық барлық жұмыссыздардың 30 проценті болды.

Жұмыссыздық жөніндегі жәрдем қысқа жіпті күрмеуге ғана мүмкіндік береді. Алайда, осындай «компенсацияның» өзіне бәрі бірдей үміттене алмайды. Жұмыссыздық жөніндегі қамсыздандыру Жапонияда қаналушылардың 45 процентіне, Францияда — 60, Англияда — 80 процентіне ғана таралады. Оның үстіне жәрдем алу мерзімі де шексіз емес: батыс елдерінің көпшілігінде бұл мерзім 6 айдан аспайды. Одан кейін қайырымды ас үйлер мен түнемелеліктерге ғана үміт етуге болады.

Американдықтардың 20 миллионнан астамы азық-түлік талондарын пайдалануға мәжбүр болды. Осындай жәрдемнің айлық орташа мөлшері небары 37,6 доллар, оның үстіне мұқтаж адамдардың 8 проценті мүмкін болған соманың ең аз мөлшерін — 10 доллар алады. Мұны «жалған көмек» деуден басқа лаж жоқ.

Пенсионерлер өте ауыр жағдайда өмір кешуде. Мысалы, қарттық пен өндірістегі «адамгершілік» қарым-қатынас дәстүрін құрметтеуді мақтаныш ететін Жапонияда пенсионер бұрынғы жалақысының көп дегенде 40 процентіне ғана үміттене алады. Көпшілігі оның 20 процентін жә-

Digitized by Google

не тіпті 5 процентін қанағат етуге мәжбүр болған!

Бағалардың, ең алдымен тамақ өнімдері мен тұрғын үй бағасының, отын мен электр энергиясы тарифтерінің тұрақты өсуі жағдайында олардың басым бөлігі болмағанымен көпшілігі капиталистік қоғамның шығырауына құлдилауда. Қазір АҚШ-та баспанасы жоқ 3 миллион, Германия Федеративтік Республикасында — бір миллион дерлік адам бар, Британ аралдарында 100 мыңға жуық семья баспанасыз өмір сүруде. Ресми тіркелген американдық кедейлер арасында 76 процентінің қандай да бір бағалауға тұратын нақты мүлкі жоқ.

Буржуазиялық насихат бар ыждаһатын салған жағдайда миллионер бола алады-мыс деген Бродвейден шыққан аяқ киім тазалаушы туралы өбден жауыр болған қиял ертегіні жарыққа шығарудан жалықпай келеді. Алайда бүгінде Нью-Йорктың өзінде ғана барлық жиған-тергені пластикалық пакетке сиятын 60 мың баспанасыз адам босып жүргенде оған кім сенеді? Және олар миллион доллар туралы емес, тым болмаса аяқ киім тазалаушының орны табылса екен деп армандайды...

М. БЕЛЯЕВ.

Біздің анықтама бөліміміз

Декабрь айындағы атаулы күндер

1 — Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының құрылғанына 40 жыл (1945).

2 — Лаос Халық-Демократиялық Республикасының жарияланғанына 10 жыл (1975).

6 — Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері Кеңесінің мәлімдемесі жарияланғанына 25 жыл (1960).

9 — Испания коммунистік партиясының председателі Долорес Ибаррури 90 жаста (1895).

10 — Бұдан 80 жыл бұрын (1905) Москвада жария большевиктік «Борьба» газетінің бірінші номері шықты.

18 — ВКП (б) XV съезінің ашылғанына 60 жыл (1925).

20 — Бұдан 80 жыл бұрын (1905) Москвада жаппай саяси ереуіл басталды.

21 — Бұдан 65 жыл бұрын (1920) РСФСР Халық Комиссарлар Советі «Қырымды еңбекшілердің денсаулығын жақсарту үшін пайдалану туралы» декрет қабылдады.

— Өндіріс жаңашылдары жаппай қозғалысының бастаушысы А. Г. Стахановтың туғанына 80 жыл (1905—1977).

22 — Энергетик күні.

24 — Құпия жалпы орыстық маркстік «Искра» газетінің бірінші саны шыққанына 85 жыл (1900).

26 — Үндістан коммунистік партиясы құрылғанына 60 жыл (1925).

— Петербургте декабристер көтерілісі болғанына 160 жыл (1825).

28 — Бұдан 65 жыл бұрын (1920) Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезі РСФСР Еңбек Қызыл Ту орденін белгіледі.

29 — Француз коммунистік партиясы құрылғанына 65 жыл (1925).

— Бұдан 75 жыл бұрын (1910) Петербургте большевиктік жария «Звезда» газетінің бірінші саны шықты.

30 — Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылған күні.

— 1947 — Румыния Халық Республикасы болып жарияланды. 1965 жылдан — Румыния Социалистік Республикасы.

АЛКОГОЛЬГЕ ҚАРСЫ ТАҚЫРЫПҚА АРНАЛҒАН ФИЛЬМДЕР

Ешқандай көзбайлаусыз. — «Мосфильм». 1980, I бөлім. Рульде отырған адамның алкогольді ішімдіктерді ішуге болмайтыны туралы ойнақы киноплакат.

Есімде жоқ. — «Казахфильм», 1982. I бөлім. Спиртті ішімдіктерді пайдаланудан сақтандырады.

Дуалдың үш жағы. — «Казахфильм», 1976, 2 бөлім. Жастар арасындағы маскүнемдік және оның жасөспірімдерді қалай аздыратыны туралы әңгімелейді.

Айығу. № 108 85 ауру тарихы. — «Казахфильм», 1985, 2 бөлім. Алкоголизмнен айығу мүмкіндіктері туралы баяндайды.

Соттан кейінгі толғаныс. — «Казахфильм», 1980, 1 бөлім. Ата-аналардың өз балаларының тағдыры үшін жауапкершілігі туралы.

Ортақ іс. — «Казахфильм», 1985, 1 бөлім. Әйелдер алкоголизмінің проблемасы туралы.

Алкоголь және жұмыс. — «Леннаучфильм», 1970, 1 бөлім. Алкогольдің еңбек өнімділігіне әсері туралы киноплакат.

Айыпкерлер жауапқа тартылсын. — «Ленфильм», 1983, 1 бөлім. Ересек адамдардың жасөспірімдерді маскүнемдікке тартқаны үшін жауапкершілігі туралы.

Алғашқы сырқат. — Куйбышев кинохроника студиясы, 1983, 2 бөлім. Ана-

Digitized by Google

лық правосынан айырылған аналар, ата-аналар сүйіспеншілігі мен аялауын сағынған балалар туралы.

Алкоголь және еңбек. — Свердловск киностудиясы, 1980, 1 бөлім. Алкогольдің шағын мөлшерінің адам организміне тигізетін әсері туралы.

Әрі емдейді, әрі тәрбиелейді. — Нижне-Волжск кинохроника студиясы, 1983, 1 бөлім. Ауыр сырқат — созылмалы алкоголизммен күрес туралы.

Маған мамамның суретін салу қорқынышты... — «Киевнаучфильм», 1984, 1 бөлім. Ата-аналық правосынан айырылған адамдардың балалары туралы.

Алкоголь және жасөспірім. — «Укркинохроника», 1981. 1 бөлім.

Алкоголь және спорт — үйлеспейтін ұғымдар. — «Киевнаучфильм», 1978, 1 бөлім.

«Алкоголь және ұрпақ». — «Белорусьфильм», 1977, 1 бөлім. Сап-сау адамдарда науқас балалар туатын тұрмыстағы маскүнемдіктің трагедиялық салдарлары туралы.

Баспасөзге әзірлеген
М. ЕШНИЯЗОВА.

НОМЕРДЕ:

Сабақтастық және жаңашылдық. «Правда» газетінің бас мақаласы . . . 1

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

И. Воронов. Уақыт белсенділікті талап етеді 4
Көкшетау облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 6

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж. Ибрагимов. Жаңа межелер 9
Р. Есенжанов. Озаттардан үйренуде 12

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Г. Измаилов. Интенсивтендіру — табысқа жету жолы 13

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Г. Кайгородова. Нақты пәрменді көмек 15

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция. Бірінші россиялық революцияның Қазақстандағы маңызды оқиғаларының қысқа шежіресі . . 18

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т. Әбдіхалықов, А. Черепанов. Абайла, қасыңда жүр жасөспірім 20

КӨРНЕКІ ҮГІТ

И. Юферова. Плакат цехының шеберлерінде 23

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

К. Биекенов. Әңгімедегі фактілер 25
С. Бабенко. Бізге тағы да келіңіз 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Беляев. Көрінбейтін шекара немесе буржуазиялық қоғамдағы «шалқыған өмір» кешушілер мен оны елестетушілер 29

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 22, 1985 ж.

480044. Алматы, М. Горький көшесі, № 50 үй. Телефондар: 33-80-03, 33-80-07, 33-80-56, 33-80-73, 33-90-01.

Индекс 75328.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВ, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 26.10.85 г. Подп. к печати 12.11.85 г. УГ01505. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч. изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66034. (казахское издание — 33582 экз., русское издание 32452 экз.). Заказ 130. Цена 15 коп.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН

Павлодар облысы. Екібастұзда «Восточный» ашық көмір разрезінің алғашқы кезегі іске қосылды. Мұнда көмірді ашық әдіспен қазу саласында ғылыми-техникалық прогрестің аса тиімді төрт жетістігі: роторлы экскаваторлар, конвейерлі тасымалдау, күлі әртекті отынды теңдестіру, вагондарға көмір тиеуді дәлме-дәлдікте мөлшерлеу бірыңғай технологиялық тізбекке біріктірілген.


Суретте: «Восточный» разрезінің көмірі конвейер бойынша вагондарға тиелуде.





Жамбыл облысы. «Джамбулводстрой» трестісі жөндеу-механика заводының электр орауышысы Галина Грищенко үстіміздегі жылдың июль айынан бері жаңа бесжылдық календары бойынша жұмыс істейді. Ол өзінің негізгі жұмысын жастар тәлімгері, халық бақылаушысы міндеттерімен табысты қабыстырады.

Суретте: Г. Грищенко жұмыс үстінде.



Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтарында жылқы шаруашылығы белсенді дамуда, онда 40 мың жылқы бар. Сондай-ақ спорт аттары фермалары құрылуда. Возвышен ауданында ауыл шаруашылығы науқандарының басталуына, өндіріс озаттарын атауға арналған мерекелерде ат, спорты жарыстары дәстүрге айналды.

Суретте: тачанка диқандар мерекесінде.

Суреттерді түсірген ҚазТАГ.

Digitized by Google

ағасы 15 тиын.



БІЗ ҮШІН ОҚУ-ЕҢ БАСТЫ ЕҢБЕК.
САПА БЕЛГІСІ-ӨТЕ ЖАҚСЫ БАҒА.
АЛДАҒЫ БЕСЖЫЛДЫҚ АСУЛАРЫ
БОЛАШАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРДАН
ТИЯНАҚТЫ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ.

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN—0132—6139



Қазақстан ҮГІТШІСІ

23
1985

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Теміртау. Жуырда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қарағанды металлургия комбинатының Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, коммунист С. В. Дрожжин басқаратын вальцовшылар бригадасын бесжылдық жоспар мен социалистік міндеттемелерді мерзімінен бұрын аяқтағандарымен құттықтады. Озық коллектив үстіміздегі бесжылдықта Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған «Әрбір жұмыс орнында еңбектің жоғары қайтарымы үшін» бастамасын көтерді. Жарыс барысында бригада еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемені үш есе асыра орындады. Халық шаруашылығының заказдары толық және жоғары сапамен орындалды. Бесжылдық басынан бері минусты шектерде прокаттау есебінен 19 мың тоннадан астам металл үнемделді.

Вальцовшылар КПСС XXVII съезінің ашылуына дейін жоспардан тыс 2,5 мың тонна жоғары сапалы прокат шығаруға, сондай-ақ 2,5 мың тонна металл үнемдеуге міндеттенді.

Сергей Васильевич Дрожжин жастардың таңдаулы тәлімгерлерінің бірі ретінде КПСС Орталық Комитетінде өткен стахановтық қозғалыс ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен кездесуге қатысты.

Суретте: С. В. Дрожжин.

Суретті түсірген В. Петухов (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

23 1985 ДЕКАБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі». № 23, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

Әр адамның ақыл-ойы мен жүрегін баураған . . 2

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

А. Балғымбеков. Ұдайы үйрену қажет 4
Съезд қарсаңындағы документтер түсіндірілуде . 5
С. Гаврилюк. Диқандарды тәрбиелейік 6
Шымкент облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 8

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

М. Әженов, С. Рақымбаев. Лениндік достықпен күштіміз 10

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

И. Кешімов. Жолдар жүйесі дамуда 14

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

А. Кисилева. Партияның белсенді жауынгерлерін даярлаудамыз 16
В. Филатов. «Шапшаңдық» программасы бойынша 18
Н. Байболтаева. Зерттеу нәтижелері 19

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н. Иванов. Символдың мағынасы қандай? . . . 21

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

А. Придьма. Коллективтің берік байламы . . . 23

ТӘЛІМГЕР ТРИБУНАСЫ

В. Теплюков. Жұмысшы педагогтар ықпалымен . . 25

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ

Ж. Мұстафина. Ең бастысы — сақтандыру . . . 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Фунг Кхак Бинь. Жасампаздықтың алғы шебінде . 30

Digitized by Google

ӘР АДАМНЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН ЖҮРЕГІН БАУРАҒАН

КПСС-тің алдағы XXVII съезіне бүкілхалықтық әзірлік барған сайын кеңінен өрістеп келеді. Совет адамдары КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумы мақұлдаған Совет Одағы Коммунистік партиясы Программасының жаңа редакциясының жобасын, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдық пен 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының, сондай-ақ КПСС Уставындағы өзгерістер жобаларын зор шабытпен талқылауда. Партия талдап жасаған документтер совет халқын коммунистік жасампаздық жолымен сенімді бастап келе жатқан лениндік партия үшін әрбір коммунистің, әрбір еңбеккердің ерекше мақтаныш сезімдерін туғызуда. Оларда біздің программалық мақсаттарымыз, КПСС-тің сара жолының, оның экономикалық стратегиясының басты мәселелері, қазіргі кезеңдегі бұқара арасындағы жұмыстың формалары мен әдістері нақты баяндалған. Халықтың әл-ауқатын арттыру туралы қамқорлық оларға арқау болған.

Бұл күндері үгітшілер, саяси хабаршылар, бүкіл идеология қызметкерлері съезд қарсаңындағы партия документтерін талқылауға, насихаттауға, және түсіндіруге белсенді қатысуда. Мұның барысында олар КПСС Орталық Комитетінің осы жауапты жұмыстың еңбекшілер инициативасын, белсенділігін арттыруға ықпал етуі тиіс екені туралы нұсқауларын басшылыққа алуда. «Еңбек коллективі, оның бастауыш ұйымдары — учаске мен бригада, ферма мен лаборатория,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумында жасаған баяндамасында, — съезд қарсаңындағы документтерді оқып-үйрену және түсіндіру жөніндегі бүкіл жұмыстың орталығына айналуға тиіс. Мұнда біздің істеріміз жайында, орасан зор резервтерді іске қосу, ресурстарды үнемді пайдалану, орын алып отырған кемшіліктерді жою жайында, озық тәжірибені тарату жайында дәйекті әңгіме өрістету керек. Әрбір совет адамы партияның программалық мақсаттары мен міндеттерін, оның ішкі және сыртқы саясатының мәнісін жақсы түсініп, өзінің күнделікті жұмысын солармен байланыстыра білетін болуына күш салу маңызды».

В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының партия ұйымы съезд қарсаңындағы документтерді насихаттауды және түсіндіруді мақсатты да нақты жүргізуде. Мұнда әрбір смена мен бригадада әңгімелер өтті, оның барысында жұмысшылар, инженерлер мен техниктер өндірістік резервтерді мейлінше толық пайдалануға, тәрбие жұмысын жақсартуға, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға бағытталған нақты ұсыныстар жасады. Коллективтер, көптеген жұмысшылар қосымша социалистік міндеттемелер алды. Үгіт-насихат қызметін өрістете отырып, партия комитеті қоғамдық-саяси оқулар, саяси баяндамашылар мен лекторлардың цехтар мен жастар жатақханаларында сөз сөйлеуін ұйымдастырды.

Республиканың барлық қалалары мен аудандарының партия ұйымдары белсенді жұмыс істеуде. Мұның барысында саяси күндер, сұрақ және жауап кештері, информациялық конференциялар, ауызша журналдар сияқты бұқаралық-саяси жұмыс формалары табысты қолданылуда. Көптеген кәсіпорындар мен мәдениет мекемелерінде еңбек коллективтерінің жетістіктері мен партия ұсынған міндеттерді ашатын «Съезден съезге дейін», «Он екінші бесжылдық межелері» деген көрмелер ашылды. Барлық жерде стендтер жабдықталды, оларда еңбекші-

Digitized by Google

лердің КПСС-тің алдағы XXVII съезі документтерінің жобасын талқылау барысында айтқан ұсыныстары, ескертпелері, қолдауы жария етілуде.

Партия документтерін кеңінен талқылау совет адамдарының саяси және еңбек белсенділігінің өсуіне игі ықпал етуде. Бұл күндері бесжылдық тапсырманың орындалғаны туралы рапорттар жер-жерден келіп түсуде. Олардың мазмұны шын мәнінде тебірентеді. Орал облысының Еңбек Қызыл Ту орденді «Правда» газеті атындағы совхозы коллективінің рапортынан алынған жолдар мынадай: «Коллектив бес жыл ішінде елімізге 8 миллион пұттан астам астық беріп, тапсырманы асыра орындап шықты. Дәнді дақылдардың шығымдылығы бесжылдықтың алғашқы жылымен салыстырғанда 2,3 центнер өсті. Бүкіл астық күшті сортпен өткізілді. Бидай өсірудің интенсивті технологиясы өзін өте жақсы көрсетті, соның арқасында қосымша 5 мың центнер астық алынды».

Малшылар өте жақсы еңбек етті. Олар бес жыл ішінде — 106 мың центнер ет берді, 19 мың бұзау өсірді. Осы жылдар ішінде мал шаруашылығында алты миллион сомнан астам кіріс алынды, мұның өзі жоспарлы межеден екі есе асып түседі.

Совхоздың мәдениет үйінде ашылған суретті көрменің коллективтің бесжылдықта қалай еңбек еткені, оның келешекке арналған жоспарлары туралы әңгімелейтіні қуантады. Коллектив алға қарай баса беруге ұмтылуда. Ол алдағы жылы дәнді дақылдардың шығымдылығын 2 центнер арттыру міндетін алдарына қойды. Мал шаруашылығында үлкен өзгерістер болады, онда бордақылаудағы малдың салмақ қосуын 12—15 процент арттыру белгіленген. Үгітшілер, саяси хабаршылар совхоз жұмысшыларының бесжылдықтың алғашқы жылына арналған жөке міндеттемелерін анықтауына көмектесті.

Ауызша саяси үгіт кадрларының аса маңызды міндеті — адам факторын күшейтуге ықпал ету, әрбір адамның өз орнында адал, толық қайтарыммен жұмыс істеуіне қол жеткізу, адамдардың инициативасын, олардың өз еңбегінің нәтижелеріне деген мүдделілігін жан-жақты көтермелеу, аралас кәсіптерді меңгеруіне, өндірісті рационализациялауға қатысуына қол жеткізу.

Материалдық өндірістің барлық салаларында оны интенсивтендіруге күрт бетбұрыс жасау алдағы бесжылдық ерекшелігі болып табылады. Ауызша үгіт активистері де өнімді көбірек, аса жақсы сапамен, аз шығынмен беру міндетін ерекше атап көрсетіп, оны әрбір еңбеккердің сана-сезіміне жеткізуге тиіс. Және мұнда бәрі: жаңа техниканы, жаңа технологияны, озық тәжірибені енгізуден бастап әрбір жұмыс орнында реттілікті жолға қоюға, техникаға ұқыпты қарауға, тәртіпті нығайтуға, шикізат пен материалдарды үнемдеп жұмсауға дейін маңызды. «АвтоВАЗ» өндірістік бірлестігінің алдағы бесжылдықта еңбек өнімділігі өсімінің қарқынын жеделдету, экономика тиімділігін елеулі түрде арттыру үшін резервтер іздестіру жөніндегі инициативасын жер-жерде қолдау және дамыту қажет.

Бүгінде жер-жерде кезек күттірмейтін міндеттердің табысты шешілуі туралы айрықша қамқорлық жасалуға тиіс. Қалада — бұл өнеркәсіп өнімін шығару және салынып жатқан объектілерді пайдаланылуға беру, артта қалушы учаскелерді мейлінше қысқарту жөнінен бесжылдықты табысты аяқтау, селода — мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізу және көктемгі егіс жұмыстарына тиянақты әзірлену. Социалистік жарыс, «КПСС XXVII съезіне —27 екпінді он күндік» еңбек вахтасы осыған белсенді түрде бағытталуға тиіс. Съезд қарсаңындағы әрбір күнді екпінді еңбек күні етуге көмектесу — бұқаралық-саяси жұмыс активистерінің бірінші кезекті парызы.

Digitized by Google

ҰДАЙЫ ҮЙРЕНУ ҚАЖЕТ



А. БАЛҒЫМБЕКОВ,
Алматы темір жолы Арыс станциясының поездарды құрастырушысы, Социалистік Еңбек Ері, Совет кәсіподақтарының П. Кривонос атындағы сыйлығының лауреаты, СССР-дің құрметті теміржолшысы, үгітші

Біздің Арыс станциясын маршруттардың сенімді фабрикасы деп жиі атайды. Мұнда ірі темір жол торабында еліміздің орталық аудандарына, Орта Азия республикаларына, Урал мен Сібірге, Қазақстанның әртүрлі облыстарына арналған қуатты жүк тасқыны қалыптасады. Және кең байтақ Отанымыздың түрлі мүйістерінде орналасқан мыңдаған кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың шикізатты, материалдарды, техниканы дер кезінде алуында біздің жұмысымыз аз роль атқармайды.

Біз съезд қарсаңындағы документтерді бүкілхалықтық талқылау өтіп жатқан қазіргі кезде бүкіл еліміздің істеріне қатыстылығымызды өте айқын сезінеміз. Бізді белгіленген орасан зор перспективалар жігерлендіреді. Совет Одағы небары он бес жылдың өзінде ғана аумағы жағынан 70 жыл бойы дерлік жинақталған потенциалға тең келетіндей өндірістік потенциал жасай алады. Соның нәтижесінде біздің өміріміздің материалдық әрі рухани дәрежесі қыруар артады. 2000 жылға қарай әрбір семьяны жеке тұрғын үймен — пәтермен немесе меншікті үймен қамтамасыз ету сияқты түбегейлі адамгершілік міндетін кім, қайда және қашан қойды десеңізші!

Біз осының бәрі өзінен-өзі келмейтінін, жақсы түсінеміз. Және әңгімелердің бәрінде бүгін, қазір белгіленген тапсырманы орындау үшін коллективте не істеу қажет екені, әрбір еңбеккердің қосатын үлесі қандай болуға тиіс екені жайында міндетті түрде сөз болады. Демек партиямыз өз жоспарларын совет адамдарының үлкен күш-жігерімен, инициативасымен, жоғары жауапкершілігімен байланыстырады.

КПСС Программасының жобасында осы жайында өте нақты айтылған: «Тарихи мақсаттар неғұрлым ауқымды болған сайын, оларға жету ісіне миллиондардың шуақорлықпен мүдделі, жауапты, саналы және белсенді түрде қатысуы солғұрлым маңызды».

Бүгінде біздің торап коллективі үлкен өрлеу үстінде еңбек етуде. Менің сменам да жоспарды едәуір асыра орындауда. Ол үстіміздегі жылы іркілістерді қысқарту есебінен қосымша жүк тиеуге 100-ден астам вагонды беру жолында күресуде. Съезд ашылар күнге дейін 1986 жылдың екі айының тапсырмасын орындауды ұйғардық. Мен бесжылдық тапсырмасын июнь айының өзінде-ақ, ал жылдық тапсырманы — 7 ноябрьге дейін орындадым.

Он бірінші бесжылдықтың биылғы аяқталар жылы мен үшін ерекше есте қалады. Бертінде жұмыстас жолдастарым мені жоғары атақ — Социалистік Еңбек Ері атағы берілуімен қызу құттықтады. Осы награда — бүкіл станция коллективінің сіңірген еңбегі деп есептеймін. Өйткені жалғыз өзім ешқашан мұндай табысқа жете алмас едім. Бізде, темір жолда әртүрлі служба қызметкерлерінің өзара қимылының тығыз ынтымақтастығының айрықша маңызы бар. Сменада менімен бірге көп жылдан бері маневр тепловозының машинисі Николай Иванович Бабаевский мен қозғалыс жылдамдығын реттеуші Тұрмат Аманов еңбек етеді. Олар — өз ісінің тамаша шеберлері, адал және абыройлы адамдар. Және біздің өзара түсіністікпен жұмыс істеп, бір-бірімізді емеуріннен ұғынуымыз маңызды. Қандай киын кезекшілік болса да, олардың ешқашан ұятқа қалдырмайтынына кәміл сенемін.

Арыс станциясында мен 35 жылға жуық уақыт жұмыс істеймін. Соғыстан кейінгі жылдары жасөспірім кезімде осында келдім. Менің әкем Отанды қорғай жүріп майданда қаза тапты, сондықтан да оқу жайында емес, анама қалай көмектесу жайлы ойлау керек болды... Бастапқыда вагондарды жөндедім, кейін армиядағы қызметімді өтеп келген соң поездарды құрастырушы болдым. Бұл оңай еңбек емес. Енді өз өмірімді онсыз, жалпы темір жолдан тыс елестете алмаймын.

Менің жұмысшы тағдырым сәтті қалыптасты. Әрине, алғашқы кезде бәрі бірдей ойдағыдай болған жоқ: ептілік, білім жетіспейтінін сездім. Оның үстіне транспорттағы техника да жылдан жыл-

Digitized by Google

ға күрделене түсті. Сондықтан да кешкі жалпы білім беретін мектепте жастармен бірге партаға отырдым, кейін поездарды құрастырушылар курсында оқыдым.

Алған білімім менің кәсіпті жақсырақ меңгеруіме, жұмыста озық тәжірибені қолдануыма көмектесті. Мысалы, темір жолға тасымалды радиостанциялар келген кезде, олардың еңбегіміздің жеңілдетумен қатар, составтарды құрастыру процесін айрықша жеделдеткенін көріп, олармен бірден қаруландым. Алайда кейбір адамдар бұрынғыша жұмыс істей берді. Радио байланыстың артықшылығын дәлелдеу үшін үгітшілеріміздің жұмыс істеуіне тура келді. Оның есесіне жаңалық тарапта берік орнықты.

Бұдан бірнеше жыл бұрын сменамыз Дебальцево-сортировочная станциясы еңбеккерлерінің аудандарға бөлмей бірыңғай бригадалар ұйымдастыру және жекелеген маневр локомотивтерінің өзара қимыл жасау жөніндегі тәжірибесін Арыста алғашқылардың бірі болып қолданды. Нәтижелер күткендегіден асып түсті: еңбек өнімділігі қыруар артты, вагондардың іркілістері қысқарды.

Осының бәрін мақтау үшін айтып отырған жоқпын. Тұрақты үйренудің, біліктілікті арттырудың қандай маңызды екенін көрсеткім келеді. Осының бәрі түсінікті сияқты, дегенмен үлкен өкінішке қарай, жылдар бойы еш жерде оқымайтын, бұрынғы тәжірибесіне сенетін жұмысшылар, инженерлер, техниктер әлі де аз емес. Көптеген жас адамдар оқудың маңызын жете бағаламайды. Жуырда кәсіптік-техникалық училищенің түлегінен оның неге оқымайтынын сұрадым. «Ол менің өз ісім. Маған кәсіптік-техникалық училище де жетеді» деген жауап естідім. Оқуға осылай жеңіл-желпі қарау адамға да, қоғамға да залал келтіреді. Қазір мен өзім өткізетін әңгімелерде КПСС Программасының жобасындағы «Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету еңбекшілердің жалпы және кәсіптік білім алуына барған сайын жоғары талаптар қояды» деген қағидасын ерекше бөліп айтамын. Демек, ұдайы оқу, озық тәжірибемен қарулану қажет. Онсыз алға басу мүмкін емес.

Біздің коллективтің тәжірибесі жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ ғылым мен техника жетістіктерін батылырақ енгізу қажет екеніне иландырады. Мысалы, бізде таяуда сұрыптау паркі қайта құрылды, телетайп аппараттарының көмегімен вагондардың есебі жолға қойылды, мұның өзі маршруттарды қалыптастыруды едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Бұдан екі жыл бұрын әртүрлі жаңалықтарды пайдалана отырып, мен көмекшіден бас тартып, сменаны жалғыз өзім атқара бастадым. Мұның өзі сменамыздың жыл сайын 12,4 мың сом үнемдеуіне көмектесті. Менің темір жол составтарын қайта орналастыру тәртібін жеңілдету жөніндегі рационализаторлық ұсынысымды енгізуден бес мың сомға жуық үнем алынды.

Партия документтерін талқылай отырып, менің жолдастарым — коммунистер мен партияда жоқтар жедел пайдаланылуға тиісті жаңа резервтерді атауда, өздеріне жоғары міндеттемелер алуда. Олардың табысты орындалуының кепілі — ортақ іске өз үлесін қосуға, туған партия жоспарларын өз еңбегімен нығайтуға деген жалынды тілекте жатыр.

Шымкент облысы.

Съезд қарсаңындағы документтер түсіндірілуде

Петропавл. 2600-ден астам саяси хабаршы мен үгітші, 1300-ден астам лектор облыстың мал шаруашылығы коллективтері арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізеді. Олар Тимирязев ауданының «Восход» совхозында, Бескөл ауданының XXII партсъезд атындағы колхозында және Мамлют асыл тұқымды мал заводында өткен мал қыстатуды идеологиялық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі аймақтық семинарларға қатысты. Семинарларда партияның съезд қарсаңындағы документтерін насихаттау және түсіндіру мәселелеріне баса назар аударылды. Москва ауданының XXV партсъезд атындағы совхозы, Совет ауданының «Астрахань», Сергеев ауданының «Ступин» совхоздары үгіт коллективтерінің, саяси хабаршылар топтарының табысты жұмысы аталды. Мал қыстатуға табысты кіріскен осы шаруашылықтардың үгіт коллективтерінің жұмыс жоспары, лекторлары мен саяси хабаршыларының өткізетін әңгіме тақырыптары қаралды. Мұнда малшылар үшін барлық жағдай жасалған, еңбек жақсы ұйымдастырылған. Үгітшілер Е. Т. Қазиев, И. И. Вайц, Н. Т. Стенин, К. А. Анабаев және басқалар сөзбен де, жеке үлгісімен де өз сондарынан ілестіріп келеді.

Кеңестерде озат малшылар, ауызша саяси үгіт активистері саланың барлық еңбеккерлерін мал қыстатуды табысты өткізуге, ферма қызметкерлерін өздерінің белсенді жұмысымен алдағы бесжылдықта екпінді творчестволық еңбекке жұмылдыруға шақырды.

Алматы. Астананың ондаған кітапханасы КПСС XXIVII съезін, Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға арналған көрмелер ашты, съезд қарсаңындағы документтерді түсіндіру жөніндегі әңгімелер циклын өзірледі. Қазақстан Ленин комсомолы атындағы республикалық жасөспірімдер кітапханасында мектеп, орта кәсіптік-техникалық училище, техникум, жоғары оқу орындары оқушылары мен студенттері үшін «Бейбітшілік пен жасампаздық программасы», «Совет әдебиетіндегі коммунист образы» тақырыптары бойынша әңгімелер өткізілуде. № 33 кітапханада «Қазақстан он бірінші бесжылдықта»

Digitized by Google



ДИҚАНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙІК

С. ГАВРИЛЮК,
Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығының трактор-егіс комсомол-жастар бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Компартиясы Целиноград облыстық комитетінің мүшесі

Диқан мамандығын жер бетіндегі ең басты кәсіптің бірі деп бекер есептемейді . Біздің жұмысымыз түпкі нәтижемен —алынған астықпен бағаланады. Мұнда бәрі де алақаныңыздағыдай айқын. Жақсы өсірілген өнім — диқан еңбегінің ең әділ бағасы. Сондықтан бізде бір ғана— неғұрлым мол астық өсіру мақсаты бар. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында: «Елдің әлеуметтік-экономикалық прогресінің сөзсіз шарты — аграрлық-өнеркәсіптік комплексті одан әрі нығайтып, оның тиімділігін арттыру, оның өнімі жөніндегі ел қажеттерін толық қанағаттандыру» — деп жазылған. Партия қазір ауыл шаруашылығын индустриялық негізге көшіруді аяқтау, шаруашылықты жүргізудің ғылыми жүйелерін, интенсивті технологияларды енгізу, жерді пайдалануды жақсарту және оның құнарлылығын арттыру, шығымдылықты едәуір арттыру жөніндегі міндеттерді бірінші кезекке қойып отыр.

Бұл міндеттерді біздің, диқандардың шешуі қажет. Сондықтан біздің әрқайсымыз партияның программалық мақсаттарын күнделікті жұмысымен, ортақ іске өзінің қосар жеке үлесімен өлшеп бағалайды. Ал біз үшін атқарар міндеттер өте көп.

Мысалға өзіміздің бригаданың жұмыс қорытындыларын алайық. Биыл біз әр гектар алқаптан орта есеппен 17 центнерден өнім алдық. Бұл басқа коллективтермен салыстырғанда едәуір көп. Мәселен, бізбен көршілес С. Сейфуллин атындағы және КазЦИК атындағы совхоздарда тиісінше 9,5 және 7,6 центнерден астық алынды. Бірақ бұл біздің жауапкершілік жүгімізді жеңілдетпейді. Қайта бірдей жағдайларда еңбек ететін коллективтердің көрсеткіштерінің ала-құлалығы бізге ой салады. Сірә, барлық мәселе біздің жерге әрқашан қамқорлықпен қарай бермейтінімізде жатыр. Целиноградта өткен партия-шаруашылық активінің кеңесінде бұл жөнінде мейлінше анық айтылды: егіншілік, бейнелеп айтқанда, болат балқытудың технологиясындағыдай қатаң дәлдікті қажет етеді.

деген сұрақ және жауап кеші өтті, ал № 6 кітапханада «Партия — біздің бастаушымыз» ауызша журналы ұйымдастырылды.

Осы шараларды өткізуде кітапханалар коллективтеріне «Білім» қоғамы қалалық ұйымының мүшелері, ғылыми мекемелер мамандары, мектептер мен жоғары оқу орындарының педагогтары көмектесуде.

Шаруашылық басшылары бірыңғай саяси күндерде жүйелі түрде сөз сөйлейді, еңбек коллективтерінде, жалпы білім беретін мектептерде әңгімелер өткізеді.

Көкшетау. Облыстық партия комитетінің насихатшылар топтары облыстың барлық аудандары мен қалаларында болып қайтты. Олардың құрамында облыстық партия комитеті бюросы мен облыстық Совет атқару комитетінің мүшелері, облыстық басқармалар, ұйымдар мен ведомстволар басшылары, идеология активі болды. Совхоздар, колхоздар коллективтерінде, өнеркәсіп орындарында, құрылыстарда, оқу орындарында өткен кездесулерде партияның съезд қарсаңындағы документтерін түсіндіру жөнінен лекциялар, баяндамалар оқылды, коммунистер пен партияда жоқтардың оларды талқылау барысында туындаған ұсыныстары, тілектері жиналды.

Жезқазған. «Казмедьстрой» тресінің «Промстрой» құрылыс басқармасында КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасын талқылаған партия жиналысында бригадир, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Акулов өз коллективінің он екінші бесжылдықта объектілердегі бүкіл жұмысты «өте жақсы» деген бағамен тапсыруды, олардың мерзімінен бұрын аяқталуын қамтамасыз етуді ұйғарғаны туралы хабарлады.

Озық коллектив өзінің жаңашылдығымен танымал. Ол салада алғашқылардың бірі болып бригадалық мердігерлікке ауысты. Бригада бесжылдық жоспарды 4 жыл 2 айда орындап шықты. Коммунистер, жастар тәлімгерлері Н. Тукначев, Ж. Сүлейменов, В. Гаврилов, М. Наурызбаев төрт аралас кәсіпті меңгеріп, он бірінші бесжылдық жылдары ішінде бірнеше жас құрылысшыны жұмыс істеуге даярлады.

Digitized by Google

Мұнда әрбір қателік өнімге, оның сапасына әсер етеді. Сондықтан диқанның адалдығы мен өз борышын сезінуіне өнім тағдыры тікелей байланысты. Мұны мен өз тәжірибемнен жақсы білемін.

Біздің В. Н. Севастьянов, Г. И. Ажигинов, А. К. Гаврилец сияқты ардагерлеріміз өз ісінің үздік шеберлері. Олар не істеу және қалай істеу керектігі жөнінде жоғарыдан нұсқау күтіп отырмайды. Тәжірибе мен шеберлік қосыла келе жақсы нәтижелер береді. Мен агрономиялық қызметтің маңызын кемітіп отырғаным жоқ. Ол өз ісін жетік білетін іскер диқанға сүйенуге тиіс. Ал ондай диқанды қамқорлықпен баулып, тәрбиелеу қажет. Бұл арада әңгіме ең алдымен жастар жөнінде болып отыр. Тұңғыш тың игерушілердің ісіне адалдық тек үндеулер, шақырулар арқылы туындамайды. Ең алдымен еңбекті дұрыс ұйымдастыру талап етіледі. Сондықтан бізде бригадалық мердігерлік әбден орнығып, шығымдылықты арттырудың қуатты қозғаушы күшіне айналып отыр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевпен өзіміздің астық алқабымызда өткен жылы іскерлік әңгіме біздің әрқайсымыздың есімізде әрқашан сақталатын болады. Михаил Сергеевич егіншіліктің интенсивті әдістерін қолдануға ерекше назар аударды, коллективтік мердігерлікті, экономикалық ынталандыруды қолданудың жоғары түпкі нәтижелерге жетудегі артықшылықтарын атап көрсетті. Бригадалық мердігерліктің экономикалық тиімділігімен бірге тәрбиелік ықпалы да зор. Владимир Жулинский, Иван Криц, Валерий Домашенко сияқты жас комбайншылар бригадалық мердігерліктің жақсы мектебінен өтті. Басқа жағдайларда еңбек еткенде олардан жақсы қызметкерлер шықпас еді дей алмаймын, дегенмен ортақ іске қосар үлесі үшін жоғары жауапкершілік, әрбір жұмыс күніндегі еңбек нәтижесін жеке-жеке бағалау сияқты диқанның қалыптасуына қажетті талаптар бригадалық мердігерлік әдісімен жұмыс істегенде айқын көрінеді. Бұл орайда оларға ардагерлердің тәжірибесі сенімді тірек болады. Бізде тәлімгерлікке ерекше маңыз беріледі: міне, бірнеше жылдан бері біз бригада советінде коллективтің әрбір мүшесінің еңбегін оның бригадаға жаңа келгендерге көрсеткен көмегіне қарап бағалаймыз.

Тәлімгерлердің тарапынан сенімді қолдауы болған кезде ғана жастардан жоғары нәтижелер күтуге болады. Бірақ шеберлік егіс даласына алғаш шыққаннан кейін ғана келмейді, шеберлерді мектептің өзінен бастап-ақ даярлай беру қажет. Біздің үгітшіміз, жас коммунист Марат Қалелов шаруашылықтағы орта мектепке жиі барып тұрады; өйткені ол кезінде осы мектепті бітірген, оның үстіне 300 гектар жер бекітіп берілген мектептің оқушылар бригадасына тәлімгерлік етеді.

Диқанды тәрбиелеу оңай шаруа емес. Кезінде Серік Қасеновты ұзақ зерттегенім есімде. Ол біздің шаруашылықтың бригадаларында ұзақ жұмыс істей алмай ауыса берді. Бұл жігіттке сенім көрсетіп, қолдау жасау қажет еді. Мұны біз биылғы орақ кезінде, бригадамыздың мүшелері оған сергек қарап, қолдау көрсетіп отырған кезде анық байқадық. Серік сенімнен шықты.

Бірнеше жылдан бері біздің комсомол-жастар бригадасы атағын сақтап келе жатқандығымыз да сондықтан. Бізде еңбек еткен тәжірибелі механизаторлар С. В. Сидоренко мен Ж. Сұлтанов қазір басқа бригадаларға жетекші болып кетті, бірақ олардың орнын жастар басты. Жас бригадирлерден үмітіміз зор. Жуырда біз ежелгі бәсекелестеріміз, достарымыз, тамаша диқандар В. А. Дитюкпен және В. С. Акуленкомен, сондай-ақ облысымыздағы белгілі комсомол-жастар бригадаларының жетекшілерімен пікір алыстық. Сөйтіп егер өз ізбасарларымыз туралы қазірден ойластырмасақ, жастарға сенім көрсетпесек, кейін кеш болады деген пікірге келдік. Партияның программалық талабы: еңбекті әрбір совет адамының өмірлік қажетіне айналдыру, демек біз адам бойында осы қажеттілікті тәрбиелеуіміз қажет.

Нағыз диқанның қалыптасуына қажетті тағы бір шарт — барлық жаңа, озық атаулыны қолдануға әзір болу. Шаруашылығымызда ғылым мен практиканың берік одағы қалыптасқан. Соңғы жылдары біз Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында өмірге келген көптеген жаңалықтарды практикада қолдандық. Биыл дәнді дақылдарды өңдеудің интенсивті технологиясына толығымен көштік. Демек, ежелгі диқан кәсібін игеруге кіріскен жастар ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу жолындағы күрестің алғы шебінде келеді. Мұның өзі ерекше жауапкершілік жүктейді. Сондықтан да оқу бригадамыздағы басты заңдардың бірі. Партияның съезд қарсаңындағы документтерін талқылаған кезде біз біліміміздің үздіксіз жетілдірудің қажеттігі жөнінде тағы да сөз қозғадық. Бұл документтерде совет адамдарының ең басты мүдделері мен маңызды ойлары көрініс тапқан. Болашаққа деген зор сенімді де осы документтерден табамыз. Ал болашақ жастардікі.

Шортанды ауданы,
Целиноград облысы.

Digitized by Google

ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ —

Шымкент облысы — республикамыздың оңтүстігіндегі ірі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы аймағы. Мұнда полиметалл мен фосфор өндіреді, станоктар мен экскаваторлар, күрделі машиналар мен нәзік приборлар, халық тұтынатын әр түрлі товарлар шығарады. Облыс совхоздары мен колхоздары мемлекетке мақта мен жүгері дәнін, күріштi, овощ пен картопты, бақша дақылдары мен жүзімді, ет пен сүтті, қаракөл мен жібек пілләсін көптеп береді.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіндегі екпінді вахтада еңбек ете отырып, шымкенттіктер 1985 жылдың он айы ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемін 6,9 процент ұлғайтты. Қосымша бір миллион сомның өнімі өндірілді. Тұрғын үй құрылысы программасы табысты орындалуда, жоспардан тыс 5 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы іске қосылды. Ғылыми-техникалық прогресс қарқыны жеделдеді. Кәсіпорындарда басқарудың автоматтандырылған жүйелері мен желілері, роботты техника белсенді түрде енгізілуде. Он бір завод пен фабрика өнімді мемлекеттік Сапа белгісімен және «Новинка» индексімен шығарады.

Тұтасынан бесжылдық ішінде машина жасау, түсті металлургия және химия өнеркәсібі орындарының өзінде ғана жоғары техникалық-экономикалық сапалары жоғары бұйымдардың 56 жаңа үлгісі мен түрі игерілді. Кәсіпорындардың көпшілігі екі күн үнемделген ресурстармен және энергиямен жұмыс істеді.

«АвтоВАЗ» коллективінің бастамасын қостай отырып, бірқатар өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарының, совхоздар мен колхоздардың еңбеккерлері мен екінші бесжылдыққа ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөнінен көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Мысалы, Шымкенттің Еңбек Қызыл Ту орденді Ф. Э. Дзержинский атындағы химия-фармацевт заводының коллективі прогресті технологияны қайта құру және енгізу есебінен өндіріс көлемін біржарым есе ұлғайтуды және еңбек өнімділігін 45 процент арттыруды белгілеуде.

Астық пен картоп, жүзім мен бақша дақылдарын, жүн мен қаракөл тапсыру жөнінен бесжылдық жоспарлар мерзімінен бұрын орындалды.

КЕНШІЛЕР ҚАРҚЫНЫ

Октябрь Революциясы орденді Ащысай полиметалл комбинатында комплексті проходкалау бригадалары арасындағы социалистік жарыста Д. Пайзиев басқаратын коллектив көш бастап келеді. Ол август айының өзінде-ақ бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Кеншілер 4 жыл 8 ай ішінде бригадада еңбек өнімділігін міндеттемедегі 25 проценттің орнына 27 процент арттырды. Осы табысқа резервтерді ұдайы іздестіру, түпкі нәтиже бойынша ақы төленетін мердігерлікке ауысу және еңбекке қатысу коэффициентін қолдану ықпал етті. Озық коллектив партия съезі ашылатын күнге дейін 1986 жылдың екі айлық программасын орындауды ұйғарды.

Комбинатта сондай-ақ В. Шахницкийдің, Ш. Тоқтаровтың және В. Захаровтың проходкалаушылар бригадалары, В. Ванных пен Р. Ярулиннің слесарь-монтажшылар бригадалары жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетуде.

УАҚЫТТАН ОЗҒАН

Шымкент мақта-мата комбинатының кіре берісінде жіп иіруші Альбина Андреевна Страмилованың 4 жыл 9 ай ішінде екі бесжылдық тапсырманы орындағаны туралы хабарлаған «молния» пайда болды. Озат жұмысшыны әріптес жолдастары, комбинат директоры А. Н. Ралдугина қызу құттықтады.

Норма бойынша тиісті 324 ұршықтың орнына 528 ұршықты қамти отырып, озат жіп иіруші жыл аяғына дейін тағы 7,2 тонна жіп шығаруды, ал 1986 жылдың үш айының тапсырмасын еліміз коммунистерінің форумы ашылатын күнге дейін орындауды ұйғарып отыр.

1989 ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІНЕ

Сайрам ауданы Фрунзе атындағы совхозының аға шопаны Қадыр Шәдиев бесжылдықтың қорытындылаушы жылында әр жүз саулықтан 180 қозыдан алып, әр қойдан 4,5 килограмнан жүн қырықты.

Өткен жылғы мал қыстатудың қаншалықты қиын болғанын бәрі біледі. Әйтсе де Қадыр Шәдиев өзінің әйелі Көримамен және көмекшісі Владимир Горбуновпен бірге бригадада малдың өлім-жітіміне жол бермей, барлық малды және төлдерді аман сақтап, оны ойдағыдай өткізді. Бүгінде шопан бригадасы 1989 жылдың есебіне еңбек етуде.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА

ЖАҢАШЫЛДАР ІЗДЕНІСІ

Шымкенттің ұста-пресс жабдықтары бірлестігінің коллективі Ұлы Октябрьдің 68 жылдығы қарсаңында металл ұнтақтарынан бұйым жасауға арналған сандық программамен басқарылатын пресс-автоматтар шығаруды меңгерді. Осындай бір пресс-автомат 80 металл кесетін станокты алмастырады және 190 жұмысшының еңбегін үнемдейді. Ал үстіміздегі бесжылдықта бірлестікте тәжірибелі үлгілердің барлығы 14 түрі және жалпы экономикалық тиімділігі 2,5 миллион сомнан асатын машиналардың тағайындалған серияларының 17 түрі жасалды. Олардың көпшілігі өздерінің техникалық параметрлері бойынша таңдаулы дүние жүзілік үлгілерге сәйкес келеді.


Өнертабысшылар мен рационализаторлар жаңа машиналарды жасауға өз үлестерін қосуда. Олар бесжылдық басынан бері 1,55 миллион сом экономикалық тиімділік берген екі мыңнан астам рационализаторлық ұсыныс енгізді. Бас конструкторлық бюроның бас конструкторы В. Я. Мирошников үстіміздегі жылы алты ұсыныс жасады, мұның өзі бірлестіктің 64 мың сом үнемдеуіне мүмкіндік берді.

УӘДЕГЕ БЕРІК

Үстіміздегі жылдың көктемінде «Чимкентпромстрой» тресі «Нефтестрой» құрылыс басқармасының коллективі облыстың басқа да озық құрылыс ұйымдарымен бірге өндірістік қуаттарды, тұрғын үйлерді, әлеуметтік-тұрмыстық және су шаруашылығы объектілерін мерзімінен бұрын іске қосу туралы үндеу арнады.

Инициаторлардың сөзі мен ісінде алшақтық жоқ. Коллектив бас мердігерлік құрылыс-монтаж жұмыстарының бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын, 12 сентябрьде аяқтады. Жыл соңына дейін бес жылдың тапсырмасынан тыс олардың 2,4 миллион сомы игеріледі. «Чимкентшина» өндірістік бірлестігінің іске қосылатын комплексін, Састөбе цемент заводы әк цехын, «Ақтас» совхозындағы астық қоймалары мен Шымкент мұнай өңдеу заводында бірқатар маңызды объектілерді «жақсы» және «өте жақсы» бағамен пайдалануға беру қамтамасыз етілді.

Н. Я. Дрелевтің, В. Н. Рухлядконың, И. Б. Идиатулиннің, А. Г. Ивановтың мердігерлік бригадаларының коллективтері творчестволық еңбек үлгілерін көрсетті.



Бетпақ даланы игерудің тұңғышы Ленин орденді «Мақтаарал» совхоз-техникумы республикада мақта шаруашылығының көш бастаушысы, егіншіліктің жоғары мәдениетін және механикаландырудың озық құралдарын алғаш енгізуші болып табылады. Шаруашылық еңбеккерлері мемлекет қырманына жыл сайын 26 мың тонна «ақ алтын» өткізеді. Мақтаарал тәжірибе станциясының қызметкерлері шаруашылықтың шитті мақтадан тұрақты өнім алуына үлкен көмек көрсетуде.

Суретте: бөлімше меңгерушісі О. Үкібаев (оң жақта), станцияның бөлім бастығы, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Ж. Батькаев, аға ғылыми қызметкер Л. Меренкова, мақта өсірушілер бригадирі Т. Абулов және станцияның бөлім бастығы У. Үмбетов мақта танабында.

ҚазТАГ-тың суреті.

БІТІК ЕГІН

Түркістан ауданы «Победа» колхозының мақташылары үлкен еңбек табысына жетті. «Ақ алтын» тапсырудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын аяқталды. Осы жерден қазақстандық қырманға 7 мың тоннадан астам шитті мақта түсті — мұның өзі тапсырмадан бір мың тонна көп.

М. Мамитов, Ш. Ахметов, Н. Төреханов, И. Жәлелов, М. Әбжаппаров және В. Әбдіғапаров басқаратын бригадалар коллективтері бітік егінмен қуантты. Олар 560—750 тоннадан бағалы техникалық шикізат жинап, өткізді.

Digitized by Google

ЛЕНИНДІК ДОСТЫҚПЕН КҮШТІМІЗ

Партия мынаны басшылыққа алады: лениндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүргізу, халықтар достығын барынша нығайту — социализмді жетілдірудің құрамдас бір бөлігі, біздің көп ұлтты социалистік Отанымызды гүлдендіре берудің қоғамдық практикада тексерілген жолы.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Программасы жаңа редакциясының жобасынан.

30 декабрь — Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылған күні. Советтердің Бүкілодақтық I съезі бұдан 63 жыл бұрын дәл сол күні — 1922 жылдың 30 декабрінде ССР Одағын құру туралы Декларацияны және Одақтық шарт қабылдады, Жоғарғы заң шығарушы орган — СССР Орталық Атқару Комитетін сайлады.

Үстіміздегі жылы осы тамаша мерекелік дата Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне бүкілхалықтық әзірліктен туындаған жоғары саяси және еңбек өрлеуі жағдайында аталуда. Совет адамдары съезд қарсаңындағы документтерді туған лениндік партияға, өз еліне деген орасан зор мақтанышпен қарсы алды.

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында еліміздегі ұлт мәселесінің табысты шешілуі социализмнің ұдайы жеңістерінің қатарында аталған «Октябрьдің жеңісі ұлттық езгі мен ұлттардың тең правосыздығын мәңгілікке жойды, — деп атап көрсетіледі документте. — Тең праволы еркін халықтардың ерікті негізде біртұтас көп ұлтты мемлекетке — Советтік Социалистік Республикалар Одағына бірігуі орасан зор роль атқарды. Социалистік құрылыс барысында бұрынғы ұлттық шет аймақтардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени шапшаң прогресі қамтамасыз етілді. Ұлт араздығы келмеске кетті, СССР-дің барлық халықтарының туысқандық достығы, тығыз ынтымақтастығы және өзара көмегі өмір нормасына айналды».

ССР Одағын құру Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты болып табылады. Осы тамаша тарихи актіде совет халықтарының еркі, олардың социалистік жасампаздық мақсаттарында өздерінің күш-жігері мен ресурстарды біріктіруге қызу ұмтылысы нақты көрініс тапқан. Съезге әзірлік жөніндегі бүкіл жұмыс В. И. Ленинның тікелей басшылығымен жүргізілді, ол одақтық советтік көп ұлтты мемлекет құрудың бірден-бір сенімді жолы — социалистік федерализм жолын тапты және оны қорғап қалды. Ильичтің творчестволық даналығымен талдап жасалған мемлекетіміздің құрылысының негіздері Советтердің I съезінің шешімдерінде де өзінің көрінісін тапты. Бұл азат халықтар одағының толық еріктілігі: барлық ұлттар мен халықтардың толық тең праволылығы; олардың заң жүзінде ғана емес, сонымен қатар іс жүзіндегі теңсіздігін жоюдың дәйекті бағыты; әрбір республиканың, әрбір халықтың өздерінің туысқандық одағы шеңберінде еркін дамуы; интернационалдық сананы табанды түрде тәрбиелеу және еліміздің барлық ұлттары мен халықтарының жақындасуын көздейтін бұлжымас бағыт.

СССР-дің құрылуы социализмді дамытудағы ірі қадамды ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзілік тарих барысындағы аса маңызды бетбұрысты кезеңдердің бірін бейнеледі. Үстемдік етуші ұлттар мен қаналушы ұлттар жоқ біртұтас көп ұлтты мемлекет алғаш құрылды, ол оны мекендейтін барлық халықтардың толық теңдігіне негізделді. М. И. Калинин съезде сөйлеген қорытынды сөзінде осы жайында жарқын айтты. «...Біз осында шын мәніндегі туысқандық жатақхананың алғашқы іргетасын қалаудамыз. Адамзаттың озық ойлы өкілдері халықтарға алапат азапсыз, өзара күрессіз достық пен туысқандықта өмір сүру мүмкіндігін берерліктей формаларды іздестіріп, оның теориялық проблемаларын ойластырып сарсылғанына мыңдаған жылдар өтті. Бұл бағыттағы алғашқы іргетас іс жүзінде енді ғана, күні бүгін қаланып отыр».

Советтік республикалардың біртұтас мемлекетке бірігуі олардың күшін бірнеше есе еселей түсетіні, олардың халықаралық беделін жоғары көтеретіні, империализмнің агрессиялық топтарына тойтарыс беру үшін анағұрлым қолайлы жағдай жасайтыны туралы лениндік көрегендікті өмір тамаша қуаттады. Одаққа кіретін әрбір республика өз ресурстарына, сондай-ақ бүкіл еліміздің ресурстарына да сүйене алады.

---

30 декабрь — Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылған күні.

Digitized by Google

Анағұрлым дамыған капиталистік мемлекеттерден техникалық-экономикалық тұрғыдан 50-100 жылдай артта қала отырып, еліміз болашаққа қадам жасады. Оның халқының төрттен үші тіпті жаза да, оқи да білмеді. 1913 жылы В. И. Ленин «Россия адам айтқысыз, өте-мөте мешеу, қайыршы, жартылай жабайы ел, осы заманғы өндіріс құралдарымен Англиядан төрт есе, Германиядан бес есе, Америкадан он есе нашар жабдықталған ел болып қалып отыр» деп атап көрсетті. (23 том, 396 бет). Ұлттық шет аймақтар өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуы жағынан тым артта қалды. Мәселен, 20-шы жылдардың орта тұсында орталық пен шет аймақтар экономикасы арасындағы ара-қатынас 36:1 болды. 40-тан астам халық жазуды білмеді.

Өткеннің осы ауыр мирасын жойып, Отанды озық тарихи асуларға шығару үшін партия мен бүкіл халықтың ерлік күш-жігері талап етілді. Советтер елінің бүкіл тарихы бойында барлық туысқан халықтардың күш-жігері мен ойлары біртұтас болып тоғыспаған бірде-бір үлкенді-кішілі істер болған жоқ. Елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру күндерінде де, алғашқы бесжылдық жылдарында да осылай болды.

Ұлы Отан соғысы көп ұлтты мемлекетіміз үшін адам айтқысыз қатаң сын болып табылды. Біздің елімізге қарсы агрессияны жоспарлай отырып, фашистер Совет Одағының халықтарын бірбірімен қақтығыстыруды, ұлт араздығын тұтандыруды көздеді. Болмыс бұл есептерді жоққа шығарды. Соғыстың еліміздің барлық ұлттары мен халықтарын агрессормен күресу үшін осыншама тығыз топтастырған басқа мысалды адамзат білген емес. «Халықтардың туысқандық бірлігінен лениндік ұлт саясатының кемеңгерлігі мен көрегендігі барынша айқын көрінді. Ұлы социалистік одақ берік те мызғымас күйінде қалды», — деп атап көрсетілді совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған Москвада өткен салтанатты мәжілісте жасалған баяндамада.

Соғыстан кейінгі жылдары бүкіл совет халқының бірлескен жанқиярлық еңбегі арқасында қысқа мерзім ішінде соғыс салған жара жазылды, ондаған миллион гектар тың және тыңайған жерлер игерілді, экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық бағыттарында қоғамымыздың қуатты ілгерілеуі қамтамасыз етілді.

Қазіргі уақытта СССР-де дүние жүзілік өнеркәсіп өнімінің бестен бірі өндіріледі. Совет адамдары 1961 жылы КПСС XXII съезінде партияның үшінші Программасы қабылданғаннан кейін үлкен табыстарға қол жеткізді. Мәселен, 1984 жылы ұлттық табыс 1980 жылғы деңгейге қарағанда 3,8 есе, өндірістік қорлар 6,9 есе, қоғамдық еңбек өнімділігі 3,2 есе өсті. 1984 жылы бір айдың ішінде ұлттық табыс көлемі бүкіл 1940 жылғы мөлшерге жетеді. «Еліміз қоғамдық өмірдің барлық салаларында зор табыстарға жетті, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында. — Жаңа құрылыстың артықшылықтарына сүйене отырып, ол тарихи қысқа мерзімде экономикалық және әлеуметтік прогрестің шыңдарына көтерілді. Совет Одағының бүгінде жан-жақты дамыған қуатты экономикасы, білікті жұмысшы, маман ғалым кадрлары бар. Өндірісті, ғылым мен техниканы дамытудың көптеген бағыттары бойынша біз дүние жүзінде жетекші позицияларда берік тұрмыз».

Социалистік құрылыстың ұлы өміршең күші, халықтардың ынтымақтастығы мен достығы барлық республикалардың бейнесін түбірінен өзгертті, олардың әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі теңесті. Артта қалған ұлттық шет аймақтар мүлде жойылды, экономика мен мәдениет бұрын болып көрмеген дәрежеге жетті. Барлық республикалардың экономикалық дамуының ширақ, бағдарлы жалпы мемлекеттік жоспары негізінде біртұтас одақтық халық шаруашылығы комплексі құрылды. Республикамыздың әлеуметтік құрылымы сапалық жағынан өзгерді, олардың әрқайсысында осы заманғы жұмысшы табы өсіп шықты, шаруалар жаңа колхоз жолымен келеді, интеллигенция қалыптасты. Бірлескен еңбекте, коммунизм үшін күресте адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы — совет халқы қалыптасты. Осы орасан зор жетістіктердің бәрі Советтік жалпыхалықтық социалистік мемлекеттің Негізгі заңы — СССР Конституциясында өз көрінісін тапты.

Советтік Қазақстанды халықтар достығының лабораториясы, аңызға айналған өзгерістер өлкесі деп орынды атайды, онда жүз ұлт пен халықтың өкілдері біртұтас және ұйымшыл семья болып өмір сүруде. Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылғаннан бері Қазақ ССР-інде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 939 есе өсті. Республикада өнеркәсіп өнімі бір аптада бүкіл 1937 жылғы мөлшердегідей, ал бір жыл ішінде — соғысқа дейінгі бесжылдықтардың бәрін қосқандағыдан бес есе көп шығарылады.

Революцияға дейін барлық электр станцияларының қуаты осы заманғы электровоз қуатынан аспайтын өлкеде Совет өкіметі жылдары ішінде қуатты көп салалы индустрия жасалды. Одақтас республикалар арасында Қазақ ССР-і қорғасын мен сары фосфор өндіру жөнінен бірінші орын, мыс пен қорғасын өндіру жөнінен—екінші орын, көмір, темір рудасын, электр энергиясын,

Digitized by Google

күкірт қышқылын өндіру жөнінен үшінші орын алады. Республика бидай, жүн мен қаракөлдің жалпыодақтық өндірісінің төрттен бірінен астамын, еттің, сүттің, қант пен басқа да өнімдердің көп мөлшерін бере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін дерлік өндіреді.

Қазақ халқының мәдени жетістіктері жақсы мәлім. Совет өкіметі орнағанға дейін республика халқының 98 проценті сауатсыз болды, ал бүгінде мұнда жоғары және орта білімі бар мамандар саны бүкіл патшалық Россиядағы олардың жалпы санынан көп.

Табыстар мен жетістіктерге қуана отырып, Қазақстан еңбекшілері бүкіл совет халқының және ең алдымен ұлы орыс халқының орасан зор және жанжақты көмегі арқасында олардың мүмкін болғанын жақсы түсінеді. Қазақстан жерінде бой көтерген социалистік индустрия алыптары, жоғары механикаландырылған мыңдаған совхоздар мен колхоздар, мыңдаған километрлік транспорт магистральдары мен осы заманғы қалалар, республиканың басқа да барлық тамаша жетістіктері оның нақты іске асуы болды. Москва, Ленинград және еліміздің басқа да орталықтары өкілдерінің белсене қатысуымен Қазақстанда жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары, тұңғыш театрлар мен басқа да мәдениет ошақтары құрылды. Бүгінде туысқан республикалардың бәрі қуатты территориялық-өндірістік комплекстерді құруға, Қазақстанның орасан зор табиғи байлықтарын игеруге белсене қатысуда». «Көптеген цифрлар мен фактілерді атауға болар еді, олардың барлығы да түптүгел Советтік Қазақстан еңбекшілерінің жетістіктері лениндік ұлт саясатының өзгертуші күшінің, толысқан социализм қоғамының аса ұлы демократизмі мен гуманизмінің нәтижесі екенін айқын аңғартар еді», — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев.

Қазақ халқы, Қазақстан еңбекшілері республикада бүкіл совет халқының көмегімен құрылған қуатты потенциалды халықтың қызметіне мүмкіндігінше толық жаратудан өз парызын көреді. Қазақстандықтар басқа республикалардың өкілдерімен бірге Байкал-Амур магистралының объектілерін, Батыс Сібір мұнай-газ комплексін салуға, Қаратопырақсыз аймақты игеруге қатысуда. Олар Отанға металды, көмірді, электр энергиясын, астықты және басқа да өнімдерді жоғары сапамен және аз шығын жұмсай отырып көбірек беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.

Еліміздің барлық жетістіктері Коммунистік партия қызметімен тығыз байланысты. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында атап көрсетілгеніндей, партия совет қоғамының көп ұлтты сипатын жан-жақты ескеріп отырады. Ол елімізде ұлттық қатынастар үшін ұлттар мен халықтардың одан әрі гүлденуі сияқты еріктілік, теңдік, туысқандық ынтымақтастық негізінде болатын үздіксіз жақындасуы тән екендігін басшылыққа алады. Бұл жерде ешқандай жасанды итермелеушілікке де, дамудың мезгілі жеткен тенденцияларын тежеуге де жол беруге болмайды. Ал бұл даму алыс тарихи перспективада ұлттардың толық бірлігіне жеткізеді.

Жобада ұлт саясатының негізгі міндеттері тұжырымдалған. Бұл — советтік көп ұлтты мемлекетті нығайту; әрбір республиканың материалдық және рухани потенциалын еселей түсу; оны біртұтас халық шаруашылығы шеңберінде барынша пайдалану, совет халқының мазмұны жағынан әртүрлі, рухы жөнінен интернационалдық біртұтас мәдениетін дамыту.

Лениндік ұлт саясатының міндеттерін бұлжытпай жүзеге асыру еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету жолымен табысты ілгері басуы үшін, халықтар достығын одан әрі нығайту үшін жаңа кең мүмкіндіктер ашады. Және ол бүкіл халықтық талқылауға ұсынылған СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасында лайықты көрініс тапты. Алдағы жылдар әрбір республиканың экономикасы мен мәдениетінің қауырт және жан-жақты дамуымен аталатын болады.

Елімізде біртұтас халық шаруашылығы комплексі жұмыс істеп, республикалар арасындағы экономикалық байланыстар анағұрлым тығыз бола түскен қазіргі жағдайда олардың өзара көмегі мен ынтымақтастығы бұрынғыдан да зор маңызды болатынын көре білу маңызды. Мысалы, Қазақ ССР-інің материалдық өндірісінде еліміздің көптеген аймақтарының 96 саласының өнімі пайдаланылады. Сонымен қатар Қазақстан өз өнімін басқа республикалар экономикасының 74 саласына жібереді. Молдаван ССР-і өз тарапынан 72 саланың өнімін жөнелте отырып, 14 республикадан 98 саланың өнімін алады, барлық одақтас республикалардың 100 саласы Грузин ССР-іне өнім жібереді, ал осы республикалардың 82 саласы Грузиядан өнім алады.

Еңбек коллективтері дәрежесіндегі экономикалық байланыстар әсерлі көрінеді. Мәселен, Павлодар-Екібастұз территориялық-өндірістік комплексінің салынып жатқан объектілері үшін өнім беруді 5 мыңға жуық кәсіпорын мен өндірістік бірлестік жүзеге асырады, ал 150-ден астам жобалау-конструктор-

Digitized by Google



«Плакат» баспасы

лық коллектив оны жобалауда. Бұл жерден өз кезегінде көмір, электр энергиясы, металдар, тракторлар және басқа да өнімдер республикалардың бәріне жөнелтіледі.

Осының бәрі халық шаруашылығы жоспарларын орындауды, әрбір республикада жасалған өндірістік потенциалды мейлінше ұтымды пайдалануды, өндірісті интенсивтендіруді, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жолындағы күресті әрбір совет адамының, әрбір еңбек коллективінің патриоттық және интернационалдық парызы етеді. Партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арналған бағытын жүзеге асыруға, алдағы он бес жыл ішінде ұлттық табыс пен өнеркәсіп өндірісі көлемін ұлғайтуға қосар өз үлесін ұдайы еселей беру — олардың абыройлы ісі.

Ұлттық мәдениеттердің дамуы мен жақындасуы барған сайын жемісті бола түсуде. Осы тарихи процестер осы мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктеріне қысым жасау жолымен емес, қайта керісінше, оларды тарату салаларын кеңейту, халықтардың әрқайсысының талантынан туған құнды нәрсенің бәріне совет адамдарын жақындастыру жолдары есебінен өрістеуде. Мұнда ана тілімен қатар ұлтаралық қатынас құралы ретінде совет адамдары ерікті түрде қабылдаған орыс тілін меңгерудің бірінші дәрежелі маңызы бар. Ұлы Ленин тілінің маңызы ғылым, техника, отандық және дүниежүзілік мәдениет жетістіктеріне жол ашады.

Үлкен тарихи міндеттерді шешу совет адамдарына патриоттық және интернационалдық тәрбие беру саласында жаңа талаптарды алға тартады. Партия, деп атап көрсетіледі Программа жобасында, — бұдан былай да совет адамының бойында Октябрьдің Отанына, өзі туып-өскен жерге деген сүйіспеншілік, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің тарихи жасампаздық істеріне деген мақтаныш сезімі пролетарлық, социалистік интернационализммен ұштасуы, туысқан елдердің еңбекшілерімен, империализмге қарсы, әлеуметтік прогресс пен бейбітшілік жолында күресіп жатқандардың бәрімен таптық ынтымақ сезімімен ұштасуы үшін қажырлы жұмыс істей береді.

Совет адамдары КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін, партияның съезд қарсаңындағы документтерін қызу және бірауыздан мақұлдай отырып, өздерінің ұлы Отаны — Советтік Социалистік Республикалар Одағы бұрынғыдан да тамаша және қуатты болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға берік ұйғарып отыр. Партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арналған бағытын бүкілхалықтық қолдау, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу, он бірінші бесжылдық тапсырмаларын табысты аяқтау және алдағы бесжылдықтың алғашқы күндерінен-ақ жоспарларды мүлтіксіз орындау үшін сенімді негіз қалау жолындағы социалистік жарыс осындай әзірліктің жарқын көрінісіне айналды.

М. ӘЖКЕНОВ,
философия ғылымының докторы,
профессор,
С. РАҚЫМБАЕВ,
философия ғылымының кандидаты,
доцент.

Digitized by Google



Азық-түлік программасы — бүкілхалықтық іс

ЖОЛДАР ЖҮЙЕСІ ДАМУДА

Селолық жақсы жол — ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары тиімділігіне жетудің ажырамас шарты. Жақсы жол жанға жайлы, ал жайсыз жол—азап деп тегін айтылмаған. Ал олардың әлеуметтік маңызы қаншалықты орасан зор десеңізші. Социологтар, мысалы, колхоздар мен совхоздарда және ең алдымен шағын елді мекендерде кадрларды орнықтыру мен жайлы жолдың болуы арасындағы тікелей байланысты анықтады. Азық-түлік программасында колхоздардың және совхоздардың аудан орталықтарымен сенімді транспорт байланысын ұйымдастырудың, жергілікті және шаруашылық ішіндегі автомобиль жолдары құрылысының көлемін ұлғайтудың қарастырылуы заңды да.

Соңғы он жылдық ішінде біздің көлемді далалық ауданымызда жол жүйесін дамыту үшін қыруар іс атқарылды. Бізде он бір шаруашылықтың бәрі бірбіріімен және аудан орталығымен автомобиль трассалары арқылы байланыстырылған, олардың жалпы ұзындығы 400 километрге дерлік жетті. Сонда да жол шаруашылығының дамуы едәуір көбейе түскен автомобиль және трактор паркінің қазіргі талаптарына әлі де сәйкес келмейді. Негізінен шаруашылық ішіндегі жолдар қара жол күйінде қалуда. Ауа райы қолайсыз жағдайда бөлімшелермен, фермалармен, астық қырмандарымен байланыс үзіледі. Жолдың болмауы салдарынан келетін шығындар аз емес. Шаруашылықтар батып қалған автомобильдерді шығару үшін тракторларды пайдаланады. Балалар мектептегі сабақтарынан қалады.

Осыған қарамастан үстіміздегі бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде жол құрылысында тапсырмада тағайындалған 1154 мың сомның орнына небары 258 мың сом игерілді. Расында, оғаштау жағдай қалыптасуда. Колхоздар мен совхоздар жақсы жолдың болуына аса мүдделі, алайда жол құрылысында, қайта құруда және оларды жөндеуде жұмыс істеу жөніндегі тапсырмаларды үнемі орындамайды. Бұл үшін айып салынды, ол 150 мың сомнан асты. Тағайындалған тәртіп бойынша автомобиль жолдарын салуға және жөндеуге тартылған коллективтер маусымда екі айдан сәл астам жұмыс істеді. Шаруашылықтар техниканы аудандық автомобиль жолдары бөліміне жібере отырып, оны жемшөп дайындау, егістікке күтім жасау, егін жинауға әзірлік жөніндегі өздерінің қауырт жұмыстарынан босатты. Сонымен қатар совхоздар мен колхоздардың бәрінің бірдей қажетті техникасы болған жоқ. Тұрғын жай мен тамақтандыруды ұйымдастыру, жанар-жағар май материалдарын жеткізу, техникалық қызмет көрсету мәселелері көп қиыншылықпен шешілді.

Аудандық атқару комитетінің шешімі бойынша шаруашылықаралық жол құрылысы бригадасы құрылғаннан кейін жағдай күрт өзгерді. РАПО советі кәсіпорындар мен ұйымдардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан бұл үшін олардың қажетті қаржыларын кооперативтендірді.

Бригада 1984 жылдың басында «Ақтөбинскколхозстрой» тресі № 55 Қобда жылжымалы механикаландырылған колоннасы жанынан ұйымдастырылды. Оған колхоздар мен совхоздардың қорынан қажетті жол және жер қазатын техника берілді. Қазір оның қарауында 4 трактор, 10 автомашина, автогрейдер, грейдер-элеватор, жанар май құятын орын, жылжымалы автомобиль шеберханасы, дала вагондары және басқа да жабдықтар бар. Оған жанар-жағар май материалдарына да тиісінше қорлар берілді.

Ұйымдастырылған жылдың өзінде-ақ бригада жоспардағы 152 мың сомның орнына 170 мың сомды игеріп, нақты жұмыстардың жоспарлы көлемін едәуір асыра орындады. Қатқақ 5,7 километр жол күрделі жөндеуден өткізілді. Оның үстіне Ильич атындағы, «Серп и молот» және «30 лет Казахской ССР» колхоздарына баратын автомобиль жолдарының шетін бекіте отырып, жалпы ұзындығы 7,7 километр жолға қиыршық тастар төсеу жөніндегі жұмыстар атқарылды. Үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде жоспардағы 213 мың сомның орнына 225 мың сомның осындай жұмысы орындалды.

Бригада өзінің ұйымдастырылған жылының екінші жартысынан бастап қана толық күшімен жұмыс істей бастады. Бұған дейін оны кадрлармен жасақтауға және техникамен жабдықтауға бірнеше ай кетті. Дегенмен бригада нақ осы бір жыл және үш ай ішінде жол құрылысы жөніндегі жұмыстар көлемін барлық колхоздар мен совхоздардың бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде орындағанынан 1,6 есе көп атқарды.

Тағы бір маңыздысы — колхоздар мен совхоздар енді ауыл шаруашылығы жұмыстарының аса қауырт кездерінде техника мен адамдарды жолдарды жөндеуге тартпайды. Оларда жөндеу-құрылыс жұмыстары жыл бойына жоспарлы түр-

Digitized by Google

де және жоба-смета документациялары негізінде жүргізіледі.

Оның бригадирі А. Б. Ковач, № 55 жылжымалы механикаландырылған колоннаның бастығы П. А. Варкентин, аудандық автомобиль жолы бөлімінің бас инженері В. П. Родионов, автотранспорт кәсіпорнының бастығы В. Ф. Полигай, «Актюбинскколхозстрой» тресінің басқарушысы А. Н. Чумак және басқа да қызметкерлер бригаданы ұйымдастыруға елеулі үлес қосты.

Ақтөбе облыстық халық депутаттары Советінің атқару комитеті таяуда өз мәжілісінде жол салу және жөндеу жөніндегі екі айлық жұмыс қорытындыларын қарап, осы істе біздің ауданның оң тәжірибесін атап өтті және осындай бригадаларды жер-жерде құруды ұсынды.

1986 жылы бригаданың 430 мың сомды игеруі жоспарлануда. Ол РАПО құрамына кіретін колхоздардың, совхоздардың және басқа да кәсіпорындардың нақты жұмыстар жөнінен жоспарланған жол салу және жөндеу жөніндегі жұмыстардың бүкіл көлемін толық орындауға тиіс. Ал перспективада бригада жыл сайын кемінде бір миллион сомды, одан нақты жұмыс бойынша 500 мың сомды және колхоздар мен совхоздарда шаруашылық ішіндегі жол құрылысы бойынша 500 мың сомды игере алады. «Каздорпроект» институтының Ақтөбедегі филиалы біздің ауданда 1984 — 2000 жылдарға арнап ұзындығы 173 километр және құны 20 миллион сомнан асатын автомобиль жолдарының шаруашылық ішіндегі жүйесінің жобасын әзірлегені де істі жеңілдетеді Осы көрсеткіштерді облыстық атқару комитеті бекітті. Қазір біз осы жұмыстың бүкіл көлеміне арналған жоба-смета документациясын жасау мүмкіндіктерін іздестірудеміз.

Қазіргі уақытта ортақ күш-жігермен ауданда колхоздар мен совхоздардың орталық усадьбаларын аудан орталықтарымен және мемлекеттік жолмен байланыстыратын жергілікті жолдарды қиыршық тастар төсеу жөніндегі жұмыс негізінен аяқталып келеді. Жергілікті жолдарды жақсарту жөніндегі кезекті кезең — бұл оларға асфальт төсеуге ауысу. Облыстық тиісті басқармалардың алдына шаруашылық ішіндегі жолдарды жобалауға лимит бөлу туралы мәселелер қойылды.

Соңғы жылдар ішінде аудандық атқару комитеті ауданда облыстық және жергілікті автомобиль жолдарын бірқалыпты жағдайда ұстауға міндетті аудандық автомобиль жолдары бөлімдерінің жұмысына жіті қарауда.

Үстіміздегі бесжылдық жылдары ішінде оның коллективі 52 километр жолды салып, жөндеді. Сонымен бірге аудандық автомобиль жолдары бөлімінде осы заманғы жол-құрылыс техникасы мен қажетті транспорт жоқ. Машиналардың басым көпшілігі өздерінің амортизациялық мерзімін өтеп, өндірістен алынды. Бізде асфалтпен қамтамасыз етуде үлкен қиындықтар тууда.

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында жөнделген жолдардың тармақты жүйесін жасауға ерекше көңіл бөлу қажеттігі атап көрсетілген. Осы үлкен халық шаруашылығы міндетін табысты шешу үшін аудандық және облыстық буында жол құрылысы ұйымдарын басқаруды айрықша жетілдіру қажет. Біздің ауданда үш жол құрылысы ұйымы қатар жұмыс істейді, бірі — одақтық және республикалық дәрежедегі жолдар, екіншісі — жергілікті дәрежедегі жолдар және облыстық жол құрылысы тресінің асфальт заводы. Олардың қызметі ұйлестірілмейді, және мұның өзі қыруар іркілістерге соқтырады. Біздің пікірімізше облыстық және аудандық буындардың бірыңғай жол құрылысы ұйымы болғаны тиімді болып көрінеді, ол жол шаруашылығын жедел дамыту үшін қажетті барлық резервтерді өз қолына шоғырландырар еді.

И. КӨШІМОВ.

Ақтөбе облысы Қобда аудандық халық депутаттары Советі атқару комитетінің председателі.

Ұқыпты бол!

НАНДЫ ҚАДІРЛЕЙ БІЛІҢІЗ

Егер семьяда (төрт адам) күніне 100 грамнан нан жұындыға тасталса, онда мұның өзі жылына 36,5 килограмм құрайды.

Әрбір семьядағы осындай шығынның орнын толтыру үшін бүкіл еліміз ауқымында қосымша 1,3 миллион гектар жер жыртып, егін салу, олардың әр гектарында 16 центнерден астық өсіру, жалпы 2.078 мың тонна астық бастыру талап етіледі.

Тек қана факті

ЖАҢА ҚОНЫСТАР

Жуырда облыстық партия комитетінің бюросы Бескөл ауданы «Рассвет» совхозының партия комитеті мен дирекциясының тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі жұмыс тәжірибесін мақұлдады.

Совхозда жыл сайын орта есеппен усадьбалық типтегі 20 бір пәтерлі үй тапсырылады. Тұрғын үйлерді іске қосу бірқалыпты жүзеге асырылады, оның жартысы бөлімшелерде салынуда. Үйлер жаңадан қоныстанушылардың белсене қатысуымен тұрғызылады. Сұранымның үлкен бөлігі жергілікті құрылыс материалдарын шығару және дайындау есебінен қанағаттандырылады.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Digitized by Google

ПАРТИЯНЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖАУЫНГЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДАМЫЗ

Алматы облыстық партия комитетінің марксизм-ленинизм университетінде соңғы бес жыл ішінде 4500-ден астам адам оқып шықты. Олардың басым көпшілігі насихатшылар, саяси хабаршылар, лекторлар болып табылады немесе партия ұйымдарының идеология, тәрбие жұмыстарына байланысты басқа да тұрақты тапсырмаларын орындайды.

Университет қызметкерлері мен оқытушыларының коллективі мұны мақтаныш етеді. Дегенмен бұл оқу қызметінің формалары мен әдістерін батыл жетілдіруге ықпал ете отырып, облысымыз партия ұйымдары алдындағы үгіт-насихат кадрларын даярлау жолындағы орасан зор жауапкершілігіміз туралы ұдайы еске салады.

Лайықты насихатшылар ізбасарларын даярлау туралы қамқорлық тыңдаушыларды іріктеуден басталады. Енді бұл жұмыс аудандық партия комитетімен, бастауыш партия ұйымдарымен бірге жыл бойына жүргізіледі. Кандидаттарды бейіміне, ықыласына, даярлық дәрежесіне, партия ұйымының үгіт-насихат кадрларына деген сұранымына қарай іріктейміз. Бізге оқуға түскен әрбір адам өзінің қандай партиялық тапсырманы орындауға әзірленуі тиіс екенін жақсы біледі.

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумынан кейін, ауызша саяси үгітке арналған кадрлар даярлауға көңіл бөлу күшейді. Бес жыл ішінде саяси хабаршылар топтары мен үгіт коллективтерінің 500-ден астам жетекшісі даярланды. Олардың бәрі өз орнында пайдаланылуда. Жыл сайын атеистік білімдердің үгітшілер мен насихатшылар тобын даярлап шығарамыз.

Оқу деңгейі жақсы даярланған профессор-оқытушылар кадрларының болуымен анықталатыны шешуші дәрежеде белгілі. Қазір бізде 12 ғылым докторы мен 60 кандидаты, партия қызметкерлерінің үлкен отряды жұмыс істейді. Олардың жоғары біліктілігі мен бай тәжірибесі оқуды жоғары идеялық-теориялық дәрежеде жүргізуге, лекциялық сабақтарды актуальды және практикалық проблемаларды коллективті түрде талқылаумен тығыз ұштастыруға, тыңдаушыларда тиянақты методикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар профессорлар, ғылым докторлары Ц. Л. Фридман, Я. А. Әубәкіров, А. Х. Тұрғынбаев, С. С. Сартаев, А. Т. Лукьянов, ғылым кандидаттары Е. Е. Тайбеков, К. У. Биекенов, И. Е. Шуба, А. К. Гурьянов, В. Г. Данилкин, З. Х. Өтембаева, Н. Р. Жағыпаров, З. И. Ысмағұлов, О. Н. Белоус, А. Б. Фиглин және басқа да көптеген оқытушылардың лекциялары туралы үлкен ризашылық лебіз білдіреді.

Біз әрбір оқытушының теориялық білім берумен қатар, тыңдаушылардың ауызша сөйлеу методикасын меңгеруіне, адамдармен әңгімелесуге мақсатты түрде көмектесуіне, оларды адамдармен ашық, әділ сөйлесуге, идеологиялық жұмысты жоғары қайтарыммен жүргізуге үйретуіне қол жеткізудеміз. Осы істі философия ғылымының докторы Қ. Х. Рахматуллин үлкен мүдделілікпен атқарады. Ол проблемалық оқыту әдістерін өте жақсы меңгерген. Теориялық материалды баяндаумен қатар методикалық кеңестер береді, саяси сабақтарда, саяси хабарларда және әңгімелерде қайсыбір теориялық жағдайды қалай да жақсырақ ашу, оны өмірмен, бүгінгі күн практикасымен байланыстыру керек екенін көрсетеді. Осындай қарым-қатынас барысында болашақ насихатшыларды, лекторларды, саяси хабаршылар мен үгітшілерді қалыптастыру үшін аса қолайлы жағдайлар жасалады.

Оқу уақытының жартысына жуығы оқудың белсенді формаларына арналады. Теориялық конференциялар, семинарлар, семинар-практикумдар, «дөңгелек стол» басындағы кездесулер, кәсіптік ойындар жүйелі түрде өткізіледі, практикалық тапсырмалар беріледі. Өткен оқу жылында «Лениндік насихат өнерін үйренейік», «КПСС XXVI съезі, КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы еңбекшілерде нақты таптық көзқарастарды, жоғары саяси қырағылықты, империализмге ымырасыздықты қалыптастыру туралы», «В. И. Ленинің «Мемлекет және революция» кітабы және КПСС XXVI съезінің лениндік идеяларын дамыту», «КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумы адамның өзінің парасатты сұранымдары мен мүдделерін қалыптастыру туралы» тақырыптардағы конференциялар мазмұнды өтті.

Биыл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, экономиканы, ғылыми-техникалық прогресті интенсивтендіру, адамзат факторын жандандыру және КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және октябрь Пленумдары алға қойған басқа да аса маңызды проблемалар бойынша бірқатар конфе-

Digitized by Google

КПСС барлық совет адамдарының марксшік-лениндік ілімді терең меңгеруіне, саяси мәдениетін арттыруына, партия саясатын белгілеуге саналылықпен қатысып, оны белсенді түрде жүзеге асыруына ұдайы қамқорлық жасап отырады.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Программасы жаңа редакциясының жобасынан.

ренциялар өткізу жоспарланды. Әр сабақта партияның съезд қарсаңындағы документтерін түсіндіру жөнінен белсенді жұмыстар жүргізуде. Теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар, партия съездерінің делегаттарымен, партия, совет қызметкерлерімен кездесулер, сұрақ және жауап кештері, жекелеген әңгімелесулер өтеді.

Семинар--практикумдар үлкен қайтарыммен өтеді, оларды жария әңгіме мектебі деп толық негізбен атауға болады. Мысалы, сырттай оқитын бөлімде «Насихатшының теориялық және методикалық әзірлігі» деген тақырыпта өткен семинар-практикум қызықты болды. Осы сабақты тыңдаушылар А. И. Ахметжанова мен Л. А. Коваленко жүргізді. Олар мазмұнды сөз сөйледі, содан кейін әрбір сөйлеген сөз бойынша тұжырымдар жасады, жолдастарын талқыланатын мәселелер бойынша ойлануға шебер даярлады, содан кейін тағы қорытындылар шығарды.

Бізде кезінде қалыптасқан семинар сабақтарда дайын тексер бойынша әңгіме өткізу практикасы батыл жойылуда. Енді әрбір семинар зачет болып табылады, осыған орай марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін, партия шешімдерін оқып-үйренуге жіті көңіл бөлінеді.

Екінші курстағылардың бәрі облыстың партия ұйымдарында қоғамдық-саяси практикадан өтеді. Онда тәжірибелі насихатшылардың, саяси хабаршылардың басшылығымен олар еңбекшілер арасында идеялық-тәрбие және түсінік жұмыстарын жүргізу жөніндегі нақты тапсырмаларды орындайды. Мысалы, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік кезінде Әуезов ауданынан тыңдаушылар Г. Г. Имрев, С. И. Малташаев, Алатау ауданынан А. Б. Мұсаева, Фрунзе ауданынан М. Е. Мұқашева, Э. К. Жәлелов, В. П. Солодченко, Совет ауданынан В. С. Деревенко, М. С. Әбдікәрімов, Ш. А. Тұрлыбаева, К. У. Вашев және басқа да бірқатар жолдастар сайлаушылар арасындағы жұмысқа тиянақты қатысты. Үгіт пункттерін ұйымдастырып, безендіруге белсенді көмек көрсеткені үшін олар партия комитеттерінен алғыс алды. Социологиялық зерттеулер бөлімшесінің тыңдаушылары Алатау ауданының кәсіпорындары мен тұрғылықты жерлері бойынша ашық хат күндерін әзірлеуге белсене қатысты. Олар Ленин ауданында жұмысшылар мен қызметшілерді тәрбиелеуде еңбек коллективі ролінің қалай арттырылып жатқаны туралы сұрақ жүргізді.

Тыңдаушылардың бірауызды пікірі бойынша қоғамдық-саяси практика олардың алған білімдерін іс жүзінде нығайтуға, өзін маңызды да қажетті істе тексеруіне көмектеседі. Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары, өз тарапынан практиканы ұйымдастырып, өткізуге мүдделілікпен қатыса отырып, адамдарды, олардың қабілеттерін жақсырақ зерттеуге мүмкіндік алады және осыны ескере отырып, біздің түлектерімізге нақты тапсырмалар береді.

Бізде рефераттар мен диплом жұмыстарын әзірлеуге үлкен мән беріледі. Сонымен бірге біз оларда қоғамдық өмір құбылыстарының терең баяндалуына қол жеткізудеміз. Биылғы оқу жылында рефераттар мен дипломдардың үлкен бөлігі партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арналған бағытынан туындайтын проблемаларға, адамзат факторын жандандыру жолдарына арналған. Тақырыптардың бәрі партия ұйымдарының, еңбек коллективтерінің өмірімен тығыз байланыста талдап жасалуда.

Рефераттар мен баяндамалар университет түлектерінің лекциялар мен баяндамалар әзірлеу барысында көбіне негізгі материал ретінде қызмет етеді. Мысалы, бұқаралық-саяси жұмыс бөлімшесінің тыңдаушылары С. А. Күзембаеваның, А. П. Игошкинның, С. Д. Тәженованың, Г. М. Ахметованың, А. С. Ахунованың, С. Н. Нелидовтың және басқалардың жұмыстары жоғары баға алды.

Оқу барысында алынған идеялық шыныңу, тиянақты теориялық және методикалық даярлық университет түлектеріне жақсы қызмет етеді. Кілем фабрикасының директоры К. А Ниязбаева, қалалық үшінші поликлиниканың бас дәрігері М. М. Меңдігалиев, былғары галантереясы фабрикасы еңбек және жалақы бөлімінің бастығы Р. Ж. Жалмұхамбетова, Алматы ауыр машина жасау заводының бас инженері Л. А. Шлиомензон, Шелек аудандық кітапханасының директоры К. Н. Ыбраева, Жамбыл ауданының Амангелді атындағы орта мектебінің директоры М. А. Ережепов, Еңбекшіқазақ ауданының Н. Островский атындағы орта мектебінің мұғалімі В. И. Демчук және университеттегі оқу курсынан өткен басқа да жолдастар көп жылдан бері идеялық-тәрбие жұмысына ойдағыдай қатысып келеді.

Біз партия талаптарына сәйкес өз жұ-

Digitized by Google

мысымызда едәуір кемшіліктерді де көреміз. Лекциялар мен семинарлар әлі де барлық жерде бірдей жоғары дәрежеде өткізілмейді. Шағын ұйымдарға арналған кадрларды жеткілікті даярламаймыз. Кейбір партия ұйымдары тыңдаушылардың оқуын назар бақылайды. Бітірушілердің бәрі бірдей тағайындалған мамандығы бойынша пайдаланылмайды.

Біз партия комитеттерімен және партия ұйымдарымен байланысты нығайтудан кемшіліктер мен олқылықтарды жоюдың басты жолын көреміз. Соңғы уақытта облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінде Алатау және Калинин аудандық партия комитеттерінің университет түлектерін пайдалану туралы есептері тыңдалды. Сондай-ақ аудандық партия комитеттері барлық бөлімдерінің университет тыңдаушыларымен жұмысқа қатысуын атап өткен орынды. Мысалы, біз Алматы қалалық партия комитетінің ұйымдастыру-партия жұмысы және өнеркәсіп-транспорт бөлімдерінен және олардың меңгерушілері Ж. А. Кемелбаева мен М. А. Сухоруковтан үлкен көмек аламыз. Аудандық партия комитеттерінде жыл сайын жауапты қызметкерлер есебінен қоғамдық негіздерде деканда тағайындалады. Олар университет коллективінің үгіт-насихат, тәрбие жұмысы үшін жауынгер кадрлар даярлауына көмектесе отырып, онымен күнделікті байланыс жасайды.

А. КИСЕЛЕВА,
Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитеті марксизм-ленинизм университетінің директоры.

«ШАПШАҢДЫҚ» ПРОГРАММАСЫ БОЙЫНША

«Шапшаңдық» — Орал кәсіпорындарында өндірісті интенсивтендіру арналарына жедел ауыстыру үшін жасалған мақсатты программа осылай аталады. Оны екі кезеңде жүзеге асыру қарастырылуда. Бірінші кезеңде еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, тәртіпті жанжақты нығайту, материалдық ресурстарды анағұрлым толық пайдалану есебінен қолда бар өндірістік потенциалдың қайтарымын күрт арттыру міндеті қойылуда. Екіншісінде қуаттарды жаңарту есебінен мейлінше қауырт межелерге қол жеткізу белгіленуде. Екі жағдайда да бір шарт — материалдық шығындарды мейлінше аз жұмсай отырып, табысқа жету шарты қойылады.

К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау, «Омега» прибор жасау, механика заводтарының саяси хабаршылары мен үгітшілері осы үлкен іске творчестволықпен қатысуда. Соңғы кәсіпорында өндіріс тиімділігін арттыру жөнінен өте батыл қадамдар жасалды. Мұнда үгітші, коммунист, озат станокшы А. Горанның ұсынысы бойынша станоктар мен жабдықтарды барынша толық пайдалану жолындағы жарыс өріс алды. Техниканы баптап ұстау, жұмысшылардың біліктілігін арттыру, жұмыс орындарын аттестациялау арқасында жарты жыл ішінде жабдықтарды пайдалану коэффициентін 1,1 проценттен 1,2 процентке дейін арттыру, ал еңбек өнімділігін 4 процент ұлғайту мүмкін болды.

Осы үлкен істе жастар тәлімгерлері белсенді роль атқаруда. Олар озық тәжірибе мектебін ұйымдастырды. Жас жұмысшылардың өз тәлімгерінің ғана емес, сондай-ақ басқа да байырғы жұмысшылардың еңбек тәсілдерімен танысуы тән. Жастар арасында өткізілетін жұмысшы шеберлігі конкурстары көп нәрсе береді. Мұнда осындай конкурстарды «жедел» деп атайды. Және осы сөз дөп айтылған деп ойлаймыз — жігіттерге бір-екі операцияны орындау ұсынылады және бір сағат өтісімен-ақ жұмысты кімнің жақсы және тез істегенін жариялайды. Мұның өзі іске деген игі ықыласты туғызады, жас жұмысшылардың таңдаған кәсібіне деген мүдделілігін нығайтады.

Заводта айына бір рет техникалық информация күндері өткізіледі, онда заводтың жетекші мамандары жұмысшылар мен инженерлерге техникалық мәселелер бойынша кеңес береді, жұмыс орындарында туындайтын проблемаларды шешуге көмектеседі. Мұның өзі заводтықтардың техникалық ойын дамытуға елеулі ықпал етеді. Үстіміздегі жылдың басынан бері онға жуық осал жерлерді кеңейтуге қол жетті. Жаңашылдардың ұсынысы бойынша, мысалы, бірқатар жүк тиеу-түсіру және транспорт-қойма операциялары механикаландырылды. Запас бөлшектерді ағаштан жасалған ыдыстың орнына көп айналымды металл ыдыспен жөнелту жолға қойылды. Соның нәтижесінде ағаш материалдарының жыл сайынғы шығыны 1500 текше метрге кеміді.

Үгітшілер мен саяси хабаршылар коллективі заводтың ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастығының қалай нығайып келе жатқанын хабардар етіп отырады. Қазір кәсіпорында тоғыз өзекті проблема бойынша бірлескен жұмыс жүргізілуде. Осы талдауларды енгізуден алынған жалпы тиімділік 1 миллион сомнан асты. Коллективтің творчестволық ізденістері, ғалымдар үлесі үстіміздегі бесжылдықта өнім шығаруды бір жарым есе дерлік ұлғайтуға мүмкіндік берді. Завод жоспарланған мерзімінен бір жыл бұрын рентабельді болды.

«Шапшаңдық» программасы басқа кәсіпорындарда да батыл жүзеге асырылуда. Және бұл істе оларға еліміздің 75 ғылыми-зерттеу институты көмектесуде.

В. ФИЛАТОВ,
облыстық «Приуралье» газетінің редакторы.

Орал қаласы.

Digitized by Google

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Еңбек пен өндірістік тәртіпті мүлтіксіз сақтау қоғамдық өндіріс тиімділігін одан әрі арттырудың аса маңызды алғы шарттарының бірі болып табылады. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумында «егер ұйымдық-экономикалық және әлеуметтік резервтерді іске қосатын болсақ, ...әркімнің өз орнында ыждahатты және толық қайтарыммен жұмыс істеуіне қол жеткізетін болсақ, онда біршама тез арада қайтарым алуға болады» делінген.

Еңбекшілердің басым көпшілігі өндірістік міндеттерді орындауға жоғары жауапкершілік сезімімен қарайды. Біз Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінде жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде осыған тән деректер алынды. Сұралғандардың 95 проценті өздерінің еліміз үшін шығаратын өнімнің маңызын жақсы түсінетіндерін және бірлестік қызметін жақсартуға өз еңбегімен үлес қосуға ұмтылатындарын атап көрсетті. Көпшілігі (83 проценті) жауапты заказды орындау қажет болған кезде өздерінің уақытпен санаспайтындарын, жұмыста қайсыбір қиындықтар пайда болғанда жолдастарына ықыласпен көмектесетіндерін атап өтті.

Дегенмен зерттеу коллектив мүшелерін еңбекке тәрбиелеудегі шешілмеген проблемаларды да анықтады. Бұл жерде өндірістегі тәртіп пен ұйымшылдықты одан әрі нығайту туралы сөз болып отыр. Бірлестікте қыдырымпаздық, жұмысқа кешігіп келу және басқа да тәртіп бұзушылықтар әзірше көп.

Негізінен 25 жасқа дейінгі өндірісшілер тәртіпті бұзады — олар тәртіп бұзушылар арасында 62,5 процент құрайды. Жас жұмысшылардың жеке ұйымдаспаушылығы мен жеткіліксіз жауапкершілігі, сондай-ақ оларға коллектив тарапынан тәрбиелік ықпалдың әлсіздігі мұнда негізгі себеп болып табылатыны анықталды. Қыдырымпаздардың 60 процентке дейіні — кәсіптік-техникалық училищелер түлектері. Қайсыбір мамандық алған олардың көпшілігі коллективтегі жұмысқа психологиялық жағынан даярланбаған, еңбек тәртібін сақтауға әдеттенбеген болып шығады.

Осы деректер қоғамдық ұйымдар мен шаруашылық басшылары жастармен тәрбие жұмысын күшейту мәселелері төңірегінде ойлануға мәжбүр етті. Енді еңбек коллективінің қамқорлықтағы орта кәсіптік-техникалық училищенің оқу-тәрбие процесіне белсенді түрде қатысуына ерекше мән берілетін болды. Әрбір оқу тобына бригадалар немесе сменалар, өндіріс ардагерлері мен мамандары бекітілген. Бірлестік өкілдері педагогтардың болашақ жұмысшыларды тапсырылған іс үшін жауапкершілікке, еңбектегі алғырлыққа, өз кәсіпорнына сүйіспеншілікке баулуына көмектесуде. Балалар кейін тұрақты еңбек ететін бригадаларда оқу практикасын өткізу де осындай қасиеттерге баулуға қызмет етеді. Қазір 350 төлімгер жас жұмысшыларға қамқорлық жасайды. «Жастардың таңдаулы төлімгері» атағы үшін жарыс ұйымдастырылды, оның қорытындылары жыл сайын шығарылады».

Бірлестікте сонымен қатар еңбек тәртібін егде жұмысшылар, негізінен ер адамдар бұзады. Мұнда басты себеп — спиртті ішімдіктерді ішу. Егде жұмысшылар арасындағы қыдырымпаздардың жартысынан астамын (58 процентін) жеті-сегіз кластық білімі бар адамдар құрайды. Тағы бір нәрсе бірден көзге түседі — қыдырымпаздықтың көпшілігін кәсіпорынға 2-3 жыл бұрын ғана келген жұмысшылар жасайды. Демек, цехқа алғаш келген адамдармен тиянақты жұмысты жолға қою қажет.

Еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмыстың негізінде, КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің «Еңбек тәртібін одан әрі нығайту және халық шаруашылығында кадрлардың тұрақтамаушылығын қысқарту туралы» қаулысында атап көрсетілгеніндей, комплексті қарым-қатынас жатуға тиіс. Бірақ бұл, өкінішке қарай, бірлестікте әзірше қолға алынған жоқ. Ұқыпсыз қызметкерлерге сөгіс, қатаң сөгіс, ескерту жасау сияқты әкімшілік ықпал шаралары ғана анағұрлым жиі қолданылады.

Тәртіп бұзушылардың едәуір бөлігі (72 процентке дейін) ешжерде оқымайды және біліктілігін ұзақ уақыт бойы арттырмайды. Олардың үштен екісіне жуығының тұрақты қоғамдық тапсырмалары жоқ. Мұның өзі талқылаумен және жазалаумен шектелуге ешқайсы болмайтынын көрсетеді. Талапты күшейте отырып, әр адамды өз коллективінің қоғамдық өміріне тарту, біліктілігін арттыруына көмектесу маңызды. Сонымен елеулі жеке жұмыстың қажеттігі туралы сөз болып отыр. Нақ осындай жұмыс, «Химпром» бірлестігінің бірқатар бригадаларының тәжірибесі көрсетіп отырғанындай тәртіпті нығайтуда, адамдардың белсенділігін дамытуда аса жақсы нәтижелер бере алады.

Тәртіп бұзушылықтың көпшілігі біліктілігі біршама төмен жұмысшылар арасында ұшырасады. Сонымен қатар операторлар, автоматтандырылған жабдықтарды реттеушілер арасында олар едәуір аз.

Еңбек жағдайын жетілдіру және ең алдымен ауыр қол еңбегін механикаландыру және автоматтандыру, әрбір жұмыс орнында санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту туралы тұрақты қамқорлық еңбек тәртібін нығайту үшін қолайлы алғы шарттар жасайды.

Н. БАЙБОЛТАЕВА,
Қазақтың ауыл шаруашылығы институтының оқытушысы, аспирант.

Digitized by Google

Осы жайында әңгімелерде айтыңыз

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА ЖЕТІСТІКТЕРІ — ӨНДІРІСКЕ

Ғылыми-техникалық прогресті жанжақты жеделдету жалпы партиялық және бүкілхалықтық бірінші кезекті іс болып табылады. Қазақстан еңбеккерлері оны жедел шешуге зор үлес қосуға міндетті. Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасары В. Гребенюктің «Партийная жизнь Казахстана» журналының оныншы санында жарияланған **«Ғылыми-техникалық прогресс және өндіріс»** деген мақаласы республикамыздың халық шаруашылығын техникалық жағынан қайта жарақтандырудың актуальды проблемаларына арналған.

Республикада экономиканың дамуына барған сайын өскелең ықпал жасаушы қуатты ғылыми-техникалық потенциалдың жасалғаны мақалада атап көрсетілген. Демек, республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарында екі мыңнан астам лаборатория, 800 конструкторлық бюро, 200-ден астам тәжірибе-эксперименталды өндіріс пен учаске жұмыс істейді. Үстіміздегі бесжылдықтың өзінде ғана зерттеу көлемі 5 есе өсті. Өткен жылы ғылыми-техникалық шараларды енгізу есебінен өнеркәсіп өндірісінде еңбек өнімділігі өсімінің 50 проценттен астамы қамтамасыз етілді.

Қазір осы сара бағытта күш-жігерді барынша үдету қажет. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы мен ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі кеңестен кейін барлық еңбек коллективтерінде, министрліктер мен ведомстволарда нақты шаралар жүзеге асырыла бастады, ал таяу жылдарда экономиканы дамудың интенсивті арнасына ауыстыруға мүмкіндік береді. Мұнда аса маңызды бағыттардың бірі — қол еңбегін қысқарту, ал бізде онымен 1.239 адам айналысады. Бертінде контейнерлі және пакетті тасымалды одан әрі дамыту жөнінен қабылданған программаның жалпы салалық мәні бар, оны жүзеге асыру еңбек және материал шығындарын күрт қысқартуға көмектеседі. Жаңа техника барлық жерде бірдей тиісті тиімділікпен пайдаланылмайды. Ғылыми-өндірістік бірлестіктерді дамыту — актуальды проблема. Мақалада сондай-ақ кәсіпорындарда, министрліктер мен ведомстволарда ғылыми-техникалық прогресті жоспарлауды жақсарту мәселелеріне үлкен орын берілген.

Сіздің блокнотыңызға

ҮГІТТІҢ ОРТАЛЫҚ БУЫНЫ

Саяси әдебиеттер баспасы КПСС Орталық Комитетінің «Агитатор» журналының қызметкерлері М. Ғабдуллин мен А. Владимировтың «Үгіт коллективі — үгіттің орталық буыны» («Идеологиялық жұмыс: тәжірибе, бастама» сериясы) деген кітабын шығарды.

Кітапта партия ұйымдарының КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумынан кейінгі үгіт қызметінің формалары мен әдістері ашылады. Оқырмандар ауызша үгіттің таңдаулы практикасымен және методикасымен, үгіт коллективтерінің ұйымдық құрылымымен, олардың жұмысының басты бағыттарымен, үгітшілерді даярлау және орналастыруды жақсарту жолдарымен танысады.

Кітапта нақты мысалдар негізінде үгіт коллективтерінің жауынгерлік қабілетін күшейту жөнінен ұсыныстар берілген. Жұмыста перспективалы жоспарлау мүмкіндігі, үгітшілердің экономикалық прогресс үшін күрестегі, еңбекті ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізудегі, тәртіпті нығайтудағы ролі көрсетілген.

Авторлар үгіт-бұқаралық жұмыс активистерін іріктеуді, оларды оқытуды, хабардар етуді және нұсқау беруді жақсарту мәселелеріне тоқталған, аттестациялауды өткізу, жеке жоспарлар жасау, үгітшілердің оқуы жөнінен ұсыныстар береді, осы жұмыста орын алған кемшіліктерді атайды. Үгіт жұмысының құралдарымен әрбір совет адамында партия мен еліміз алдында тұрған міндеттердің ауқымы мен күрделілігін айқын түсінуді, оларды орындауға әзір болу және атқара білуді, батыл, инициативалы қимылдауды, мейлінше толық нәтижелерге жетуді қалыптастырудың маңыздылығы атап көрсетілген.

Digitized by Google



СИМВОЛДЫҢ МАҒЫНАСЫ ҚАНДАЙ?

Шағын ғана, сырттай қарағанда қарапайым значок, эмблема немесе қайсыбір символдың өзі белгілі бір ой туғызады, кейде біздің адамға деген көзқарасымызды анықтайды. Бұл кездейсоқ емес. Демек орыс тілінің түсіндірме сөздігі түсіндіргеніндей, «символика» — бұл белгілі бір белгілердің көмегімен идеяны, ұғымды немесе сезімді білдіреді.

Дегенмен біздің бәріміз, әсіресе сыртқы бейнесімен ерекшеленуге ұмтылушылық тән болатын жастар осыны есте сақтай ма? Үлкен өкінішке қарай, олай емес. Және күнделікті өмірде символиканы пайдалану туралы әңгіме жалпы талғам мәселелеріне емес, анағұрлым күрделі, идеялық мағынасы бар ұғымдарға саяды.

Ағылшын тілінде жазылған жазулары бар спорт майкаларын, айшықты эмблемалары бар джинсы киген жас адамдарды қайсымыздың болсын көруімізге тура келеді. Осыған орай кейбіреулер: мінe, осы заманғы жастардың сәні осындай деген сияқты кешіріммен қарайды. Бірақ мұндай жағдайларда кешірімділік орынды бола қояр ма екен, өйткені осы елеусіз символ мен жазулардың ар жағында идеялар тұр. Мысалы, «сәннің» мұндай үлгілеріндегі кейбір жазулар: «қызыл болғанша, өлген жақсы», «өз шешең үшін коммунисті өлтір», «бәріне түкіргенім бар» деп жар салады. Кордонның ар жағында штампыланған бейнелердің тұтас «сериялары» Вьетнамда өзінің айуандығымен аты шыққан қанішер лейтенант Коллиге мейлінше көп арналған. Оларды фирмалық заттарға кейбір әуесқойлардан жиі көруге болады. Мысалы, көйлектер мен бешпеттер «АҚШ армиясы», «АҚШ-тың Әскери-Теңіз Флоты» деген жазулармен өрнектелген. Елеусіздеу болып көрінетін сары жұлдызшаның өзі «Қола медальды» бейнелейді, американдық баскесерлер өлтірілген 400 адам үшін осы медальмен наградталған еді.

Тым бүркемеленген символдар да баршылық. Мысалы, спорт майкаларынан «88» цифрын жиі көруге болады. Бұл жай ғана номер емес. Біріншіден, бұл американдық жалдамалылардың символы, екіншіден, 1988 — Россияның христиан және діни насихат «88» цифрымен жүргізіледі. Батыстың түрлі «радио әуендері» біздің жігіттер мен қыздарға өзіндік осындай бірегей формаға «заявка беруді» ұсынады. Осы арнаулардың мағынасын көру қиын емес, «идеялық» товарды да өткізеді және ретіне қарай арандату мақсаттарды пайдаланып қалу үшін аңғал жас адамдардың адрестерін де алады.

Бұл символдардың шынайы бағасы осындай. Ол совет адамдарында ашуыза мен айыптаудан басқа не туғыза алады? Алайда, жастар арасындағы сұрақ қоюдың көрсеткеніндей, осындай «сәнқойлардың» көпшілігі осы жазулар мен белгілердің түбегейлі мәніне күмән келтірмейді. «Әдемі, сондықтан киемін», «Бізде мұндайларды шығармайды», «Жазылғанында тұрған не бар, ең бастысы — өнді». Осындай жауаптарды жас адамдардан жиі естуге болады.

Сонда бұл меншенсу ме, бой көрсету ме, инфальтизм көрінісі ме? Дегенмен осының бәрі адамның өмірлік позициясы, идеяларды, сол бір товарларды кеңінен алмасуды ұсына отырып, мейлінше нақты мақсатты: бізге өздерінің өмір салтын таңуды, жас адамды социализмге жат идеяларды қабылдауға біртіндеп баулуды көздейді. Батыс насихатшылары ең алдымен өмір құндылығын таңдауда нақ осындай талғамсыздыққа үміт артады,

Біздің таптық қарсыластарымызға келетін болсақ, олар жастар сәніне қатаң бақылауды баяғыда-ақ енгізді, оған таптық мүдделерге жауап бермейтін тенденцияларды ешқашан жібермейді.

Германия Федеративтік Республикасында, мысалы, фашистік штурмовиктердің формасында алаңсыз жүре беруге болады, ал 21 жасар жұмыссыз Герхард Брауэр Ерікті Неміс Жастары Одағы мүшесінің жейдесін киіп еді, ол Герман Демократиялық Республикасында рұқсат етілген, ал Германия Федеративтік Республикасында 1954 жылы тиым салынған, ол сол жерде қылмысты жауапкершілікке тартылды. Эссен қаласының соты оған 600 марка айып салып, сот шығындарын өтетті. Ерікті Неміс Жастар Одағы мүшесінің көк жейдесін кигені үшін ақшалай айып төлеген студент Кристина Шандерль де Брауэрдің тағдырына ортақтасты.

Немесе басқа мысалды алайық. Германия Федеративтік Республикасынан өкімет басындағылардың пікірі бойынша «Динамо» деген «социалистік атқа» ие болған команда Кассель қаласының футбол біріншілігіне қатысу правосына бірнеше жылдан бері қол жеткізе алмай келеді.

Digitized by Google

Сонымен қатар бізге жат идеяларды — батыстың өмір салтын мадақтайтын символдары бар өнімдерді шығару жөніндегі конвейер тоқтаусыз жұмыс істеуде. Ол әртүрлі арналармен біздің елге де өтуде. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды. Үгітшілердің, насихатшылардың, саяси хабаршылардың, тәлімгерлердің міндеті — біздің рухани байлықтарымызға қарама-қайшы келетін нәрселердің бәріне шешуші тойтарыс беру. Осы жұмысты жастар ортасында дәйекті жүргізу өте маңызды. КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысында былай деп атап көрсетіледі: «Семьяда, орта және жоғары мектепте, еңбек коллективінде, пионер және комсомол ұйымдарында оқыту мен тәрбие берудің бүкіл ахуалына коллективизм, идеялық, масылдыққа, дүниеқорлыққа, енжарлыққа, біздің моралімізге, еңбекшіл өмір салтымызға үйлеспейтін нәрсенің бәрімен ымырасыздық рухы өзек болып, ол жан-жақты дамыған адамды қалыптастыруға белсенді жәрдемдесетін болсын».

Комсомол активистері өздеріне де, құрбыларына да неғұрлым талапшыл болуға тиіс. Өздерінің күнделікті жұмысында оларға жастардың саяси аңғалдығы, болжамсыздығы фактілеріне принципті баға беруі, буржуазиялық насихаттың идеологиялық ықпалының мәнін түсіндіруі қажет. Кейбір жігіттер мен қыздардың «Кисс», «Шыңғысхан» және фашистік насихатты жүргізетін басқа да әртүрлі музыкалық ансамбльдерге ойсыз еліктеуіне жол беруге болмайды.

Жастардың демалыс орындарында қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалайтын ерікті халық жасақтарының мүшелері де одан сырт қалмауға тиіс. Өрескел киінген жас адамдардың өздерін көшеде, парктерде, кафелерде әдепсіз ұстауы тәртіп бұзушылық болып табылмай ма?

Рухани қажеттерді қалыптастыруда, социалистік мұраттарды насихаттауда басқа проблема да баршылық. «Правда» газеті ол жайында былай деп жазды: «Біздің комсомолдың буржуазиялық мемлекеттердің бізге жат символдары бейнеленген киім киген жастарға ақыл айтуына болады және қажет те. Дегенмен кез келген жағдайда бір ғана әдіс — тиым салуды ұсынатын адамдар мақсатқа жете қояр ма екен». Бұл жерде жастарды еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени жетістіктері саласында тәрбиелеудің маңызды құралы — отандық символиканы пайдалану туралы сөз болып отыр. Осының бәрін символика құралдарымен тұжырымды, әдемі, талғаммен бейнелеуге болады. Дегенмен мұнда біздің жеңіл өнеркәсіпке, творчестволық одақтарға елеулі реніш айтуға болады. Жастар модасы өзінде символиканың насихаттық бағытын ескермей, көмескі, күңгірт үлгілерді ұсына отырып, уақыт талабынан артта қалып келеді.

Соңғы уақытта, әрине, ілгерілеушілік байқалуда. Біздің республикада жергілікті өнеркәсіп орындары отандық символикамен 200-ге жуық түрлі бұйымдар шығарады. Олардың арасында тақырыптық омырауға тағатын әртүрлі белгілер, атаулы даталарға арналған белгілер топтамасы, көркем керамика, тоқыма және металл-галантерея бұйымдары бар. Медеуде конькимен жүгіру жөніндегі 1984 жылғы Европа чемпионатының эмблемасы бар бұйымдардың үлгілері тұтынушыларда үлкен табыспен пайдаланылды. Москвада өткен жастар мен студенттердің фестивалі қарсаңында көптеген кәсіпорындар, оның ішінде біздің республикада да планета жастарының бүкіл дүниежүзілік форумының символикасы бар майкаларды, көйлектерді шығаруды жолға қойды. Жергілікті және жеңіл өнеркәсіптің 12 кәсіпорны осындай 144 түрлі өнім шығару правосына дипломдар алды.

Алайда, тұтасынан бұл жұмыс толық бағаланбай келеді, конструкторлардың, суретшілердің творчестволық ізденісі ішінара тиісті нәтижелер бермейді. Мысалы, сентябрь айында СССР Мемлекеттік стандарты комитетінің мәжілісінде саланың жетекші кәсіпорындарының отандық символикасы бар бұйымдар шығаруды жоспарлау жөніндегі есептері тыңдалды. Ф. Э. Дзержинский атындағы Алматы өндірістік трикотаж бірлестігінің жұмысы өткір сынға алынды. Спорт қимдерінің 8 үлгісі идеялық және көркемдік мазмұнға жауап бермейтіндіктен қабылданбады, 6 мыңға жуық бұйым стандарттан ауытқығандықтан бракқа шығарылды.

Тарих дәстүрлеріне, осы заманғы жетістіктерге бай республикамызда отандық символикасы бар бұйымдар шығаруды жолға қою үшін барлық мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың творчестволық қарым-қатынасы керек.

«Совет адамдарының өз мақтанышы бар!» — деген екен ақын. Еліміздің ұлы сындар жылдарында, жеңістер мен асулар күндерінде туған бізге жақын, әрі қымбат символдар аз емес. Бұл — біздің жеңіске бастаған бесбұрышты алқызыл жұлдыз. Бұл — Отанымыздың Гербі мен Жалауы. Бұл — алысқа самғаған ракета. Бұл — ұрпақтардың бірлігін бейнелейтін алқызыл галстук. Біз осы қарапайым да түсінікті белгілерге адалмыз. Және әрдайым оларға лайық болуға тиістіміз.

Н. ИВАНОВ.

Digitized by Google

КОЛЛЕКТИВТІҢ БЕРІК БАЙЛАМЫ

Маскүнемдікке — берік тосқауыл

Целиноградтың құс шаруашылығы жөніндегі өндірістік бірлестігі — озық кәсіпорын. Оның коллективі бесжылдық тапсырманы барлық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын орындады. Биыл мемлекетке жылдық тапсырмадан тыс 90 миллион дана жұмыртқа мен 2500 тонна диеталық ет сатылады. Биыл мұнда мол егін — гектарына 22,6 центнерден астық жиналды. Бесжылдық ішінде бірлестік 46 миллион сом кіріс алуды белгілеп отыр.

Қалалық архитектура үйлері, асфальтталған көшелер, парктердің көлеңкелі аллеялары — өндірістік бірлестіктің орталық усадьбасы — Малиновка осылай көрінеді. Мұнда әлеуметтік дамуға қыруар қаржы жұмсалуда. Бесжылдықтың басынан бері 600-ден астам семья жаңа қоныстарын тойлады.

Партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы қаулысын талқылап, осы озық кәсіпорын қызметкерлері облыстың барлық еңбек коллективтерін праир тәртібін бұзбай өмір сүруге және жұмыс істеуге шақырды. Еңбекшілерді маскүнемдікке, тәртіп пен қоғамдық реттілікті бұзуға ымырасыздықпен қарауға тәрбиелеуде бұқаралық-саяси жұмыс активистері маңызды роль атқаруға міндетті. «Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналы редакциясы мен кәсіпорынның партия комитеті өткізген «дөңгелек стол» басындағы кездесулерде осы жайында әңгіме болды.

Кездесуге қатысушылардың бәрі партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы қаулысы шыққаннан кейін өз коллективтерінде елеулі өзгерістер болғанын атады.

— Бригада мен цех коллективтерінде енді маскүнемдерге, тәртіп бұзушыларға бұрынғыдан да төзбестікпен қарай бастады, және мұның өзі көп адамдарға қатты ықпал етті, — деді кездесуде саяси хабаршы **В. И. Гераскин.** Активист өздерінде Ф-ва деген жұмысшыны түзелмейді деп есептегендерін әңгімеледі. Ол жұмысқа жиі мас болып келетін. Оны бастапқыда үгіттеуге ұмтылдық, ал кейін қисықты мола да түзете алмайды деп онымен де келістік.

Сонымен «Маскүнемдікпен күресті күшейту туралы» Указ шыққаннан кейін ол бұрынғы әдетімен мас күйінде келді. Бригада жиналысында онымен өте қатаң әңгіме болды. Кінәлі адам түзелемін деп сөз берді, алайда бір аптадан кейін тағы да «бусанып» келді. Бұл жолы оған маскүнемдікпен және алкоголизммен күрес жөніндегі комиссияның шешімімен айып салынды. Ал коллективте «Дабыл» шығарылып, оның карикатурасы салынды. Адамдар кіре беристен өтіп бара жатып, карикатураның қасына тоқтайды: күлкі, ілікпе сөздер естіледі. Осыдан кейін ол жұмысқа мас күйінде келмейтін болды.

Кездесуде бірауыздан атап көрсетілгеніндей ,кешірімпаздық адамдарды аздырады, ал жолдастардың қатаң талқы жайында ойлануына мәжбүр етеді.

Құс репродукторында жұмыс істейтін маскүнемдікпен және алкоголизммен күрес жөніндегі комиссияның председателі **М. К. Пехтышева** былай деп әңгімеледі:

— Біз әрбір сейсенбіде жұмыстан кейін жиналамыз. Мәжіліске кінәлі адамдар шақыру қағазбен шақырылады. Әңгімелер өткіземіз, адамға өз мінез-құлқының қауіпті екенін көрсетуге ұмтыламыз. Ал кейде ықтиярсыз емделуге жіберуге де тура келеді. Бастапқыда біразын жазалауға тура келді, бірақ адамдар ренжіген жоқ, демек, өздерін кінәлі деп сезінген. Мұның өзі біздің дұрыс әрекет жасағанымызды дәлелдейді. Қазір біз өз мәжілістерімізде көбіне әңгімелермен шектелеміз. Комиссия мүшелері бригадаларда сөз сөйлей отырып, қоғамдық реттілік пен тәртіпті нығайту үшін қандай істер атқарылғаны және мұнда әрбір адамға ненің байланысты екені жайында әңгімелейді. Биылғы күзден бастап праволық білімдердің халық университеті жұмыс істейді.

Кездесуде коммунистердің, үгітшілердің жеке үлгісінің шешуші маңызы атап көрсетілді. Осы жайында Қазақ ССР ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері, құс өсіруші, үгітші **Ж. Н. Грицаева** былай дейді:

— Бізде бригадада 35 адам бар. Біз жиналыстарда ғана емес, сондай-ақ өз арамызда мерзімі жеткен проблемаларды жиі талқылаймыз, жұмыста да, тұрмыста да өзімізді дұрыс ұстау қажет екені туралы айтамыз. Әйтсе де егер мен, мысалы, үгітші орынсыз себеппен жұмысқа шықпай қалсам, онда мұның өзі бірден менің жолдастарыма әсер етеді. Өйткені адамдар бізді ең алдымен істеріміз бен қылықтарымызға қарай бағалайды ғой.

Қатаң сұраным әрбір адамға деген қамқорлықпен, оның мұқтаждары мен

Digitized by Google

тілектеріне көңіл бөлумен тығыз байланыстырылады. Бұл өндірістік бірлестік коллективінің бірінші парызына айналды.

Мысалы, бригадир **А. А. Гельд** бригадада жұмыстағы, қоғамдық істердегі, оқудағы кез келген табысты бірден аңаратынын хабарлады. Осы коллективте озаттармен қатар еңбекте, сондай-ақ өз шеберлігін жетілдіруде үлкен болмаса да алға қадам жасаған, қоғамдық істерде белсенділік көрсеткен адамдар аталмайтын бірде-бір жиналыс немесе әңгіме өтпейді. Адамдардың жеке өміріндегі атаулы оқиғалар коллективті түрде қызу аталады, және олардың әрқайсысы бұған еңбектегі ынтасымен жауап береді.

Бірлестік қызметкерлері еңбек және тұрмыс жағдайларының қалай жақсарып келе жатқаны жайында ықыласпен әңгімеледі. Еңбекті көп қажет ететін процестер механикаландырылған. Корпустар әрі таза, әрі жайлы, оларда радио мен телефон орнатылған. Қоғамдық тамақтану жақсы ұйымдастырылған. Асханада түскі тамақ 20 тиын тұрады. Бұған кәсіпорын қорының тұрақты өсуі арқасында қол жетті.

Соңғы уақытта жұмысшылар мен олардың семья мүшелерінің демалысы туралы қамқорлық күшейді. Мұнда селода тәрбиенің негізгі орталығы — мәдениет үйі үлкен роль атқарады. Онда халық және осы заманғы эстрада әндері, билерінің 300-ден астам әуесқойын, драма өнерін қызықтаушыларды біріктіретін 21 көркемөнерпаздар коллективі жұмыс істейді. Халық хоры өнерпаздар творчествосы Бүкілодақтық фестивалінің лауреаты болып табылады. Үрмелі және халық аспаптар оркестрі селода ғана емес, сондай-ақ аудан мен облыста да жақсы танымал. Осы жайында мәдениет үйінің директоры **Е. С. Гроза** әңгімеледі:

Ол бүгінде адамдарға осының өзі аздық ететінін қосты. Қазір мәдениет үйі жаңынан мүдделілік жөніндегі клубтар құрылған. Мысалы, музыка әуесқойларының клубына 60-қа жуық адам қатысады. Июнь айында жас семья клубы ұйымдастырылды. Онда сабақтар еркін форма түрінде, стол басында шай ішіп отырып өтеді. Дәрігерлер, педагогтар, юристер жігіттер мен қыздар алдында әңгімелер өткізеді.

Бізде көркемөнерпаздар үйірмелері жүйелі жұмыс істейді. Дүйсенбіден басқа күндердің бәрінде көркем фильмдер көрсетіледі, ал сенбі мен жексенбіде демалыс кештері, дискотекалар, тақырыптық кештер ұйымдастырылады. Облыстық саяхат және экскурсия бюросымен келісе отырып Целиноград қаласына спектакльдер мен концерттерге бару, басқа қалаларға экскурсиялар жасау ұйымдастырылады.

Малиновкада спортты да жақсы көреді. Мұнда стадиондар, спорт алаңдары, атқыштар тірі жұмыс істейді. Екі спорт залында қас қарайғанша жарық сөнбейді. Физкультура коллективтері мен спорт секциялары 200-ден астам адамды біріктіреді.

Кездесу қорытындыларын шығара отырып, партия комитетінің секретары **Л. Е. Дробот** қабылданған шаралардың қазірдің өзінде елеулі нәтижелер бергенін атап өтті. Кәсіпорында маскүнемдік оқиғалары күрт қысқарды, еңбек тәртібі нығайды. Селода да тәртіп жақсара түсті. Осының бәрі бірлестік көрсеткіштеріне, сондай-ақ әрбір семья өміріне игі ықпал етуде.

— Қазір біздің адамдардың еңбек және тұрмыс жағдайы жақсы деуге болады, —деп өз қам-карекеттерімен алмасты Любовь Егоровна.—Бізде право тәртібін бұзатындай себептер жоқ. Бірақ өкінішке қарай, олар әлі де кездеседі. Және осымен тұрақты күресу қажет.

Біз алкогольсыз әдет-ғұрыптарды әлі де жасқанып енгіземіз, ал үйлену тойларын, басқа да семьялық салтанаттарды спиртті ішімдіктермен өткізу маскүнемдіктің қайталануына ықпал етеді. Және қазір біз аудандық мәдениет бөлімінің көмегімен салауатты мерекелер мен салт-жоралар өткізуді жоспарлап жатырмыз.

Алдағы уақытта селода мәдени-спорт комплексін құруды, мүдделілік жөніндегі клубтар, Мәдениет үйі жанындағы үйірмелер санын ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сауықтыру-спорт комплексін, екі жаңа демалыс аймағын, балалардың спорт алаңын саламыз. Әдет-ғұрыптар үйі де тұрғызылатын болады. Осының бәрі бізге құс өсірушілердің бос уақытын жақсырақ ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Және, әрине, тұтасынан адамдармен жүргізілетін бүкіл жұмысты жақсарту, тәрбиешілердің өздерін тәрбиелеу өте маңызды. Біз өз еңбек коллективімізде және селода право тәртібін бұзуды жойып, салауаттылық ахуалын осылай ғана жасауға болады деп есептейміз.

Жазып алған А. ПРИДЬМА.

Пайдалы семинар

Ақтөбеде Қызыл Крест қоғамы облыстық бөлімшесі мен облыстық наркологиялық диспансердің бірлескен семинар-кеңесі өткізілді. Олардың қызметі облыстың өнеркәсіп орындарында, колхоздары мен совхоздарында маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссияның және наркологиялық постылардың жұмысын жандандыруға бағытталған. Оған қатысушылар мебель фабрикасында және «Ақтөбхимпласт» бірлестігінде осы жұмыстың жолға қойылуымен танысты.

Digitized by Google



ЖҰМЫСШЫ ПЕДАГОГТАР ЫҚПАЛЫМЕН

В. ТЕПЛЮКОВ,

«Қарағандауголь» өндірістік бірлестігінің В. И. Ленин атындағы шахтасы партия комитетінің секретары

Жуырда біздің шахтаның проходкалау учаскесі коллективінің жұмысшылар жиналысында бригадир, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Р. Э. Литманның кеншілер ізбасарларын тәрбиелеуге мастерлердің қатысуы туралы есебі тыңдалды.

Біздің шахта коллективінде Райнгольд Эмильяновичті проходкалаудың маңдайалды шебері ретінде ғана емес, сондай-ақ тәжірибелі, зерделі тәлімгер ретінде де жақсы біледі. Оның өмірбаянының өзі — еңбек ерлігінің жанды үлгісі. Ленин атындағы шахтада жұмыс істеген уақыт ішінде ол кәсіпорын мақтанышына айналған ондаған тамаша кеншіні тәрбиелеп шығарды. Олардың ішінде проходкалаушылар Э. Верниковский, С. Волков, Г. Гардт, Р. Ысқақов, комбайн машинисі И. Аккерман, электр слесарь В. Трухан бар, олардың өздері қазір жастарды үйретуде.

Р. Литман және оның бригадасының басқа да мүшелері жас шахтерлерді кәсіптік дағдыларымен қатар жұмысшы абыройы мен мақтанышы сезіміне баулиды, өз коллективінің дәстүрлерін қадірлеуге үйретеді. Ал мұнда игі дәстүрлер баршылық. Бригада Қарағанды көмір бассейнінде шапшаң проходкалау жолындағы күресті алғашқылардың бірі болып бастады және он жыл бойы социалистік жарыста жеңімпаз болып келеді. Бригада коллективі оныншы бесжылдық жоспарды стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дейін орындады және қазір олардың есебінде тапсырмадан тыс 900 метрден астам жерасты трассасы бар.

Райнгольд Эмильяновичтің информациясы жиналыста зор ықылас туғызды. Учаске жұмысшылары мақұлдау сөздерімен қатар ескертулер, кеңестер айтты. Мысалы, озық бригадаға театрға, демалыс аймағына коллективті баруды жиірек өткізу, жас жұмысшылардың семьяларына жүйелі түрде барып тұру ұсынылды.

Біздің тәлімгерлердің есептері жүйелі өткізіледі және олар қаншама пайда береді. Талқылауларға қатыса отырып, кеншілер коллективте жастар тәрбиесіне қандай мұқият қарайтынын көреді. Сонымен қатар бригадалардағы тәжірибелерді өзара алмасу өтеді.

Қазір біздің тәлімгерлер қатарында 170 таңдаулы жұмысшы бар. Бұлар — бригадирлер мен звено жетекшілері, проходкалаушылар мен кеншілер, комбайн машинистері мен электр слесарьлары. Олардың көпшілігінің үлкен өндірістік және өмірлік тәжірибелері бар. Ал педагогикалық шеберлікті олар тәлімгерлер университетінде жетілдіреді, оның программасында тәрбиенің формалары мен әдістері, осы заманғы кезеңде социалистік экономиканың дамуы туралы лекциялар, тәжірибе алмасу бар.

Мысалы, № 2 кен қазу учаскесінде тәлімгерлер жастар арасындағы тәрбие жұмысының жолға қойылуымен танысты. Мұнда жаңадан келген адамдарға бірден тәлімгерлер бекітіледі және жігіттер алғашқы қадамынан-ақ салауатты еңбек ахуалына тап болады: жоспар үшін қауырт күрес жүріп жатады, тәртіп бұзушылар айналасында ымырасыздық жағдай қалыптасқан. Учаске коллективі тәлімгерлердің де, олардың тәрбиеленушілерінің де жауапкершілігін арттыратын инициативаларды жиі көтереді.

Сондай-ақ біздің Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері Е. Тремасов пен Е. Белайц басқаратын бригадалар да жастар үшін еңбекте және идеялық шыңдалудың жақсы мектебі болып табылады. Осы бригадаларда өте жақсы реттілік қалыптасқан, кен жұмыстары жоғары сапамен орындалады. Ал осының бәрі жас өндірісшілер тәрбиесіне, олардың еңбекке деген қарым-қатынасына игі ықпал етеді. Немесе мынадай фактіні келтірейік. Шахтада монтаждауажырату жұмыстарының учаскесі ұзақ уақыт бойы артта қалушылар қатарында болды. Жастармен жүргізілген табанды тәрбие жұмысының арқасында мұнда жағдай едәуір жақсарды: тәртіп нығайды, өндірістік көрсеткіштер өсті. Мысалы, жаңадан келген А. Журавков пен О. Вершнер алғашқы айларда сменаға

Digitized by Google

кешігіп, қыдырымпаздық жасады, медициналық айықтырғышқа түсті. Оларға дербес қамқоршылар — И. Пасечник пен В. Қанахин бекітілді. Жас жұмысшылардың жұмысқа көзқарасын, тұрмыстағы мінез-құлқын өзгертуі үшін тәлімгерлердің едәуір күш-жігер жұмсауына тура келді. Қазір олар — білікті кеншілер, адал еңбеккерлер. Коллективтің қоғамдық өміріне де қатысады.

— Әрбір адаммен ортақ тіл таба білу өте маңызды,— деп есептейді тәжірибелі тәлімгер Иван Михайлович Пасечник.— Сонда қамқорлық көмек пайда береді.

Социалистік жарыс қорытындыларын шығару барысында тәлімгерлік қозғалысқа қатысудың міндетті түрде ескерілетіні де жұмысшы педагогтардың белсенділігін дамытуға, олардың жастарға ықпал жасау ауқымын кеңейтуге қызмет етеді. Осы пункттер жеке және коллективті міндеттемелерде де бар. Жас жұмысшылармен нашар жұмыс істегені үшін бригадаларға жүлделі орындардың берілмеген кездері де болды. Бұл, әрине, әрбір коллективті тәрбие, тәртіпті нығайту мәселелерін бірінші кезекке қоюға бастайды .

Жұмысшылар мен тәлімгерлердің КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөніндегі өзара социалистік міндеттемелерін жасауы өте тиімді болды. Республиканың басқа да бірқатар кәсіпорындары мен ұйымдары коллективтерінің инициативасымен бірге осы бастаманы да Қазақ республикалық кәсіподақ советі мен Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті мақұлдады. Осындай міндеттемелер жас кеншілерді де, олардың аға жолдастарын да резервтерді іздестіруге, білімі мен біліктілігін арттыруға белсенді әсер етеді. Партия съезі ашылатын күнге дейін жастардың кәсіптік шеберлігін арттыру есебінен жоспарға қосымша 40 мың тонна көмір өндіру, еңбек өнімділігінің жоспардан тыс 1,5 процент өсуін қамтамасыз ету және материалдық шығындарды 94 мың сомға кемітуге қол жеткізу белгіленді. Оның үстіне тәжірибелі жұмысшылар 340 жас кеншіні үйретуге міндеттенді.

Бізде тәлімгерлер советі белсенді жұмыс істейді, оның құрамына еңбек ардагерлері, өндіріс озаттары кіреді. Оны проходкалаушы, коммунист Б. К. Шотбақов басқарады. Совет айына бір рет жұмыс қорытындыларын шығарады, болашаққа арналған жоспарларды бекітеді, әртүрлі шараларды белгілейді. Мысалы, биылғы көктемде бізге № 7 орта кәсіптік-техникалық училищенің қырық түлегі келді. Советтің инициативасы бойынша шахтада оларды жұмысшы қатарына қабылдау кеші ұйымдастырылды. Соғыс және еңбек ардагері В. Н. Костюков олардың коллективке өте қажет екенін, оларды мұнда күтіп отырғанын атап, жылы лебізін білдірді.

Әрине, бізде тәлімгерлік қозғалыс әзірше барлық кезде бірдей күткен нәтижені бермейді. Әрбір тәлімгердің қосатын үлесі де бірдей емес. Тәрбие жұмысының тиімділігін күшейту үшін тәлімгер советі шахтаның әрбір учаскесінде өткен жылы өз қызметінің нақты бағыттарын, күш-жігер жұмсау дәрежесін анықтай отырып, жастар арасында анкета жүргізді. Демек, қазір жұмысшы педагогтардың күш-жігері жастардың

Кітап беттерінен

ТӘЛІМГЕР ТАҒЛЫМЫ

Социалистік Еңбек Ері С. С. Витченко үлкен де жарқын өмір жолынан өтті, отставкаға шыққан байырғы әскери қызметшінің ленинградтық «Электросила» заводында бригадир-тәлімгер болып істеген он бес жылын оның ең жауапты кезеңі деп есептейді.

С. С. Витченконың бригадасынан 150-ден астам жасөспірім тәрбиеленіп шықты, мамандық алды, аяғынан қаз тұрды, білікті адамдар болды. Тәлімгер Саяси әдебиеттер баспасынан шыққан «Жастықпен кездесу» кітабында өзінің жұмыс тәжірибесі, жұмыс педагогикасының принциптері туралы әңгімелейді.

Кітапты жастар тәлімгерлеріне, өз оқырмандарына ұсына отырып, редакция бұл жерде С. С. Витченконың жастармен жұмыс істеу процесінде қалыптасқан ереже-парызды келтіреді. Оларда бай тәжірибе жинақталған және осы даналық кеңестер жұмысшы педагогтарға қыруар пайда бере алады.

*** Бригадада еңбек қалауы бойынша мамандандыру.** Мұны жас жеткіншектермен жұмыс істеген кезде өте-мөте ескеру керек. Жаңадан келгендердің құлшынысы ұзаққа созылмайды. Бір күн жұмыс істегеннен кейін жалығып кетеді. Жасөспірімнің еңбек дағдыларын қайсыбір операцияда алуына, бірақ оны көңілінен шығатын істен бастауына ұмтылу қажет.

*** Жұмыс күнін толық пайдалану туралы тұрақты қамқорлық жасалсын.** Әрекетсіздік — жас жұмысшының жаман серігі. Жұмыс барысында бос уақыт пайда болса — балалар қылжақтап, уақыт өткізудің жолын іздейді. Уақытты толық пайдалану үшін мен смена басталардан бір-бір жарым сағат бұрын келемін, жігіттер келісімен бірден іске кірісуі үшін жұмыс ауқымын әзірлеймін.

*** Балалардың бәріне жоғары және бірдей талап қою керек.** Менде «еркето-

Digitized by Google

техникалық творчествосын дамытуға бағытталуда. Қазір әрбір рационализатор мен өнертапқыш осы өте керекті жұмыстың негіздерін бір-екі жұмысшының меңгеруіне көмектесу, оларды практикалық дағдыларға үйрету міндетін алдарына қойды. Жас рационализаторлар мен өнертапқыштар мектебі осы жұмысты бастады. Экспериментті лаборатория құру кезекте тұр, онда ғылыми-техникалық прогресті жасаушы жастар өз жаңалықтарын жетілдіріп, оны соңына дейін жеткізе алады.

Біз жұмысшы болуға апаратын жол мектеп орындығынан басталатынын да ұмытпаймыз. Біздің коллектив жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыруға белсене қатысуда. Қамқорлықтағы № 7 орта мектеп кластары мен № 170 орта кәсіптік-техникалық училищеге бригадалар, еңбек ардагерлері, жас жұмысшылар мен инженерлер бекітілді.

Қазіргі уақытта Ленин атындағы шахтаның бүкіл коллективінің екпінді еңбегі өндірісті одан әрі интенсивтендіруге, үнем режимін күшейтуге, тәртіп пен реттілікті нығайтуға бағытталған. КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу үшін жарыса отырып, кеншілер үстіміздегі жылдың басынан бері жоспардан тыс 170 мың тоннадан астам көмір шығарды және бесжылдық жоспарды 25 сентябрьде мерзімінен бұрын аяқтады. Осы табысқа тәлімгерлер мен олардың тәрбиеленушілері елеулі үлес қосты.

Шахтинск қаласы,
Қарағанды облысы.



«Плакат» баспасы

тайлар» мен «өгей балалар» ешқашан болған жоқ.

* **Балалардың іс-әрекеттеріне, жалпы бригада өміріндегі барлық оқиғаларға тез және жедел мән беру керек.** Соған ертең емес, бүгін мән беру қажет. «Молния» листогын шығарамыз. Төтенше жиналыс ұйымдастырамыз. Жақсы ісі үшін сол жерде құттықтаймыз, мадақтаймыз, ал жаман іс үшін — сол жерде ұрысамыз.

* **Ай қорытындылары бойынша бригаданың әрбір мүшесінің коллективтік баға-мінездемесі берілетін бригадалық жиналыстарды ай сайын ұйымдастыру қажет.** Бұл балаларға әсер етеді және алға тартады. Бұл олардың бірін-бірі және өзін-өзі ашуына көмектеседі.

* **Жұмысшы қатарына қабылдауды салтанатты жағдайда міндетті түрде өткізу керек.** Бізде Ленинградта бұл Еңбек сарайында бәрінен де жақсы өтеді.

* **Бригаданың барлық мүшелерінің бейімі мен мүдделерін ескере отырып,** балалардың демалысын—спорт, театр, концерт, кино, көркем өнер, атақты адамдармен кездесулер т. б. туралы ойластыру және ұйымдастыру қажет.

* **Бригаданың әрбір мүшесінің оқуы,** балалардың жалпы және кәсіптік білімін арттыру туралы тұрақты қамқорлық жасалсын.

* **Бригада ішінде жарыс ұйымдастырылсын.** Жалпы цехтық жарысқа қатыссын. Жарыс қорытындылары формальды түрде емес, жүйелі өткізіліп, оларды бүкіл бригада болып бағаласын.

* **Балалардың бәрін комсомолға міндетті түрде тарту керек.** Комсомол ұйымының жұмысына формальды түрде емес, пәрменді қатысуына қол жеткізу қажет. ВЛКСМ мүшесінің беделін жанжақты арттыру керек.

* **Армияға кеткен балалармен байланыс үзілмесін.** Бригада мүшесі — солдаттың хатын міндетті түрде дауыстап оқу және хат авторы туралы кезекті әңгіме қозғау қажет. Хаттарға коллектив болып жауап берілсін.

* **Қиындық түскен адамдарға қамқорлық жасалсын.** Қолайсыз төтенше оқиғалардың алдын алуға жан-жақты ұмтылу керек, ал егер бақытсыздық болса — ондай адамды жалғыз қалдырмау керек.

Digitized by Google

ЕҢ БАСТЫСЫ — САҚТАНДЫРУ

Есте сақтаңыз

Өмірдің осы заманғы жағдайлары, оның мейлінше қарышты қарқыны — осының бәрі адамға, оның «жұмыс механизмдеріне», әсіресе жүрек-қан тамырлары жүйесіне және көз органдарына жаңа, анағұрлым күрделі талаптар қояды.

Осы екі жүйенің аурулары біртіндеп, елеусіз дамиды. Соның салдарынан көбіне емделуге қажетті қымбат уақыт өткізіліп алынады. Сондықтан да аурулар профилактикасы жөніндегі жұмыс жерде тиісті дәрежеде болуы үшін дәрігерлердің аурудың алғашқы белгілерін мүмкіндігінше ертерек анықтауы қажет.

Қазақтың көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының коллективі өзінің бірінші кезекті міндетін осыдан көреді. Республикада осы саладағы бас мекеме бола отырып, институт ұйымдық-методикалық басшылықты жүзеге асырады, ғылыми зерттеулер жүргізеді, кадрлар даярлайды, емдеу жұмыстарын атқарады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын институт Қазақстанда офтальмологиялық қызметтің қолайлы моделін талдап жасады. Ол қазір республикада жұмыс істейтін барлық функционалдық бөлімшелерді біріктіретін көз аурулары профилактикасы мен оны емдеудің бірыңғай жүйесінің негізіне алынған.

Онда біздің институтпен қатар Қарағандыда, Целиноградта, Семейде және Ақтөбеде жұмыс істейтін офтальмологиялық орталықтар түйінді позициялар ұстайды. Олар осы заманғы жабдықтармен жарақтанған медицина институттарының көз ауруы клиникаларына сүйенеді. Мұнда оларға бекітілген облыстардан келген науқастар — әрбір орталыққа 3—4 облыстан келеді — республикадан тыс жерлерге бармай-ақ жоғары білікті консультациялық-емдеу көмегін ала алады. Ауыр көз ауруына және көрмей қалу қаупіне байланысты ерекше қиын жағдайларда науқастар облыстық денсаулық сақтау бөлімімен келісе отырып, біздің институтқа жіберіледі, онда республиканың әртүрлі мүйісінен келген адамдар емдеуден өтеді.

Еліміздің жетекші мамандарының пікірі бойынша, жоғары білікті көмек көрсету үшін клиникамызда не қажеттің бәрі бар. Бізде отандық және шетелдік аса жаңа жабдықтардың бәрі бар, ауруларды жедел емдеу үшін лазерлер мен ультрадыбыстар кеңінен қолданылуда. Институт Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тірек пункті болып табылады. Жуырда бізде Чехословакия дәрігерлерінің бір тобы микрохирургия жөнінен стажировкадан өтті.

Институт қызметкерлерінің белсене қатысуымен ауданаралық көз ауруы бөлімшелері ұйымдастырылып, ашылғанын ерекше атап өткен жөн, солардың арқасында білікті көмек түрғындарға, әсіресе республиканың шалғай аймақтарына жақындай түсті. Осындай бір бөлімшенің экономикалық тиімділігі жылына 200 мың сомнан асады.

Институт жылжымалы көз ауруы амбулаториясының көмегімен селолық түрғындарға көмек көрсетудің кезеңді-бригадалық әдісін талдап жасап, табысты енгізуде. Сонымен бірге микрохирургиялық операциялар жүргізілуде. Оларды институт дәрігерлері ауданаралық бөлімшелерде жасайды. Емдеу-консультациялық көмекпен қатар институттың облыстық денсаулық бөлімімен өзара еңбек ынтымақтастығы туралы шарттарына негізделген ұйымдық-методикалық көмек көрсетіледі. Осындай шарттар Торғай, Маңғышлақ, Талдықорған, Қызылорда және Гурьев облыстарының денсаулық сақтау органдарымен жүйелі түрде жасалады.

Өткен жазда біздің жылжымалы лабораториямыз Маңғышлақта жұмыс істеді. Біз мыңдаған шопандарды, мұнайшыларды, геологтарды және олардың семья мүшелерін қарадық. Науқастарға бірден көмек көрсетілді. Түрғындардың көру қабілетін сақтауды жетілдіруге бағытталған бірлескен программа облыстық ұйымдармен келісілді. Ішінара айтқанда, біз институтқа осы облыстан қалалық және аудандық ауруханалар дәрігерлерінің бір тобы стажировкаға шақырылды.

Институтта зерттеу және емдеу жұмысы көру мүшелері ауруларының барлық түрлері бойынша дерлік жүргізіледі, сонымен бірге Алматының, Москваның, және еліміздің басқа қалаларының бірқатар ғылыми және емдеу мекемелерімен тығыз байланыс жасаймыз.

Біздің жоспарларымызда, мәселен, зағиптық пен мүгедектіктің негізгі себептері болып табылатын глаукоманың профилактикасы және оны емдеудің анағұрлым тиімді әдістерін талдау мақсатындағы зерттеулерге үлкен орын беріледі. Егер дәлірек айтсақ, дер кезінде емделмегендіктен науқастардың 20 процентten 60 процентке дейінгісі көзі көрмей қалып, еңбек қабілетінен айрылады. Демек, ауруды ертерек анықтау және емдеу өте маңызды, және осы мақсатпен біздің институттың қызметкерлері кәсіптік байқаудың тиімді формаларын ұсынып, тексерді. Олар — жылжымалы амбулатория бригадаларының жүйелі түрде жолға шығуы, студенттік отрядтар мен Қызыл крест қоғамының активистерін, т. б. байқауларға кеңінен тарту.

Digitized by Google

мен аудандық ауруханалардың жұмысы жағдайында глаукома диагностикасының біршама қарапайым әдістері жасалды. Микрохирургиялық операциялар жетілдірілді, мұның өзі осы салада белгілі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Глаукоманың салдарынан көздің көрмей қалуымен күрестің осы заманғы құралдарын пайдалана отырып, біз бүгінде ауру бастапқы кезеңде анықталған жағдайда науқастардың басым көпшілігін батыл және ұзақ емдеуге қол жеткізудеміз.

Республикада соңғы жылдары тұрғындарды глаукомадан емдеудің кәсіптік байқауларымен қамту 90—100 процентке дейін жеткені қуанышты. Қазір оның асқынған түрлерімен ауырған науқастар қыруар азайды. Алайда, өкінішке қарай жекелеген облыстарда ең алдымен Қызылорда, Маңғышлақ, Гурьев облыстарында глаукома профилактикасы әлі де тиісті дәрежеде емес.

Институтта балалардың көз нұрын сақтау проблемасы табысты талдап жасалуда. Селода балалардың көз службасының моделі жасалды. Біздің инициативамыз бойынша Торғай облысында көзі нашар көретін балалар үшін санаторий типтес пионер лагерьлері, мамандандырылған топтар мен бала бақшалары ұйымдастырылды, сондай-ақ мектеп-интернат ашылды. Нәтижелер кешеуілдеген жоқ, — мұнда көзі нашар көретін балалардың саны едәуір азайды. Алайда, жуырда Арқалықтағы мектеп-интернат жабылды, және осы шешім, біздің ойымызша, қайта қаралуға тиіс.

Біздің қызметкерлер қылилықты хирургиялық емдеудің тиімді әдістерін ұсынды. Біз елімізде алғашқылардың бірі болып біздің аккомодациялық аппаратына жаттықтыру ықпалы жолымен балаларда алыстан көрмеушіліктің алдын ала бастадық. Емделуге алыстан көрмеушілікке бейім оқушылар қабылданады және олар үшін жалпы білім беретін мектептерде арнаулы топтар ұйымдастырылуда.

Институттың инициативасы бойынша және аса белсенді қатысуымен республикада балалардың көз нұрын сақтауды жетілдіруге бағытталған бірқатар директивалы документтер мен нұсқаулар жасалды. Енді Қазақстанда жыл сайын балалардың 90 проценті профилактикалық байқаулармен қамтылады, мұның өзі әртүрлі көз ауруларын ерте-рек анықтап, дер кезінде емдеуге ықпал етеді.

Алайда осы жерде дәрігерлерге де, педагогтарға да, ата-аналарға да қандай да бір жайбарақаттыққа жол беруге болмайды. Бүгінде орасан зор көп кәсіптер (тіпті бәрі десе де болады), сондай-ақ армиядағы қызмет көз нұрына орасан зор талаптар қояды. Осының бәрі көзді қорғауды аса маңызды тексеруді, науқастарды диспансеризациялауды дер кезінде жүзеге асыруды, олар үшін арнаулы кластар мен мектеп-интернаттар, пионер лагерьлерін, балалар бақшалары мен яслилерін құруды қамтамасыз ету талап етіледі.

Институтта көздің әртүрлі зақымдануын емдеудің әдістерін талдауға бірінші кезекті мән беріледі. Қарағанды металлургия комбинатында кен және металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін адамдарды кәсіптік байқаудан өткізудің методикаларын жасау мақсатымен офтальмоэргономиялық зерттеулер жүргізілуде. Осында, Теміртауда, елімізде алғаш рет жасөспірімдердің офтальмоэргономиялық кабинеті құрылды.

Бізде әртүрлі реконструктивтік араласуды қамтитын микрохирургия әдістері кеңінен қолданылуда. Олар көзге операция жасау нәтижелерін пәрменді түрде жақсартуға мүмкіндік берді. Мысалы, ауыр жарақаттану барысында көзді сылып тастау үш еседен астам қысқарды. Жарақатпен келген науқастардың 90 проценттен астамына клиникаға түскен алғашқы үш сағат ішінде операция жасалады. Мұның өзі-ақ осындай жағдайлардың көпшілігінде игі нәтижелерге жетуді анықтайды.

Тұрғындардың көз нұрын қорғау ісіне тамаша үлес қосып келе жатқан қазақстандық офтальмологтардың қажырлы еңбегін Отанымыз лайықты бағалады, республикалық көз аурулары институтын «Құрмет Белгісі» орденімен наградтады.

Алдымызда көптеген жаңа және үлкен істер тұр. Тұрғындардың бәрін жыл сайын диспансеризациялауға әзірлеу бірінші кезекті міндет болып табылады, оған КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдері бағдар беруде.

Ж. МҰСТАФИНА,
«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары институты директорының орынбасары, медицина ғылымының кандидаты.

Журнал почтасынан

ЭКРАНДА — ТУҒАН ТАБИҒАТ

«Табиғат және біз» — солтүстік қазақстандықтарды туған өлке табиғатымен таныстыратын жаңа телевизиялық журнал осылай аталады. Оның алғашқы нөмерлері Есіл өңірінің қызықты жерлері, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімеледі. Телевизиялық хабарлар туған өлке табиғатына ұқыпты қарауды тәрбиелеуге көмектеседі.

И. ПЕТРОВ.

Digitized by Google

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ АЛҒЫ ШЕБІНДЕ

Жұмысшы табының жетекші ролі туралы мәселе марксизм-ленинизм теориясында басты орын алады. «Маркс іліміндегі басты нәрсе, — деп жазды В. И. Ленин, — пролетариаттың социалистік қоғамды жасаушы ретіндегі бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін анықтау».

СССР-дің, туысқан социалистік елдердің тәжірибесі жұмысшы табының жетекші ролі социализм құрылысының жалпы заңдылығы болып табылатынын көрсетті. «Жұмысшы табы қазіргі заманның негізгі революциялық табы болып қала береді» — деп атап көрсетілген КПСС Программасы жаңа редакциясының программасында. Өзінің айналасына шаруалар мен бүкіл еңбекші бұқараны біріктірген жұмысшы табының басшылығымен ғана социализм құрылысының жүзеге асырылуы мүмкін. Жұмысшы табының жетекші ролі — социализм мен коммунизмді табысты құрудың аса сенімді кепілі. Ол капиталистік сатыға соқпай-ақ социализмге келе жатқан Вьетнамда да жаңа қоғам орнату процесінде толығынан көрінді.

Биыл вьетнам революциясына 40 жыл толды. Ол халықтың фашизм мен жапон милитаризмі күштерін жеңудің ұлы жеңісінің құрдасы болып табылады. «1945 жылғы август революциясының жеңісі, — деп атап көрсеткен Хо Ши Мин, — отар елдегі алғашқы ұлт-азаттық революциясында маркстік-ленниндік ілімнің жеңісі болды». Вьетнам халқының көсемі атап көрсеткеніндей, «Совет Армиясының гитлершіл фашистер мен жапон милитаристерін талқандауы 1945 жылғы авғустағы біздің жеңісімізге бәрінен көбірек ықпал еткен фактор болып табылды».

Халықтық өкімет жылдары ішінде вьетнам халқы Коммунистік партиясының басшылығымен ірі жеңістерге жетті. Мұнда біздің халқымыздың жауынгер, сыннан өткен авангарды — жұмысшы табы орасан көрнекі роль атқарды. Қоғамдық өндірістің шешуші салаларында жұмыс істей отырып, жұмысшылар қоғамдық байлықтың үлкен бөлігін жасайды, қоғамның басты өндіргіш күші болды және болып қала береді. Олар өздерінің еңбек және саяси белсенділігімен бүкіл еңбекшілерді соңдарынан ертуде.

Ондаған жылдар бойы отарлық үстемдікті өткерген революцияға дейінгі Вьетнамның жоғары дамыған ірі индустриясы болмады. Ауыл шаруашылығы да мешеу еді, өндірістік қатынастар да дамымады. Елде ұсақ өндіріс басым болды және мұның өзі социализмге қарай қозғалысты қиындатты. Халқымызға қарсы 30 жыл бойғы дамылсыз қырғын соғыстар жағдайды қиындата түсті. Осындай жағдайларда жұмысшы табынан, бүкіл Вьетнам халқынан шын мәніндегі ерлік күшжігер, орасан зор жанқиярлық еңбек талап етілді.

Халықтық өкіметтің алғашқы жылдарынан-ақ жұмысшы табы елімізді индустрияландыруға белсене қосылды. Егер 1955 жылы елдің Солтүстігінде ұлттық өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі небары 1,5 процент құраса, ал Оңтүстікте — 1975 жылы, яғни Вьетнамның осы бөлігі толық азат етілген жылы — 10 процентен асқан жоқ, ал 1983 жылы ол 37,5 процентке жетті.

Көп іс атқарылды, дегенмен елде халық шаруашылығын қайта жарақтандыра алатын ірі индустрия әлі де құрылған жоқ. Социалистік құрылыстың барлық салаларындағы сияқты осы үлкен істе де, агрессорлармен күресте де вьетнам халқы совет адамдарының ұлы және қалтқысыз көмегіне сүйенді және сүйенуде. Совет-вьетнам ынтымақтастығының ауқымы жылдан жылға нығайып келеді. Советтер елінің техникалық ықпал жасауымен Вьетнам Социалистік Республикасында экономиканың барлық салаларында дерлік 200-ден астам маңызды халық шаруашылығы объектісі қалпына келтірілді, қайта құрылды немесе салынды. Үстіміздегі бесжылдықта Вьетнамға советтік техникалық ықпал жасау көлемі бұрнағы бесжылдықпен салыстырғанда екі еседен астам өсуде. Бүгінде СССР тағы да әртүрлі 100 объектіні салуға немесе жобалауға қатысуда. Совет-вьетнам қарым-қатынасы тарихқа белгілі ең берік және адал принциптерде — марксизм-ленинизм және социалистік интернационализм принциптерінде құрылуда. 1978 жылы қол қойылған достық пен ынтымақтастық туралы шарт олардың берік негізі болып табылады, ал біздің коммунистік партияларымыздың туысқан мызғымас достығы осы қарым-қатынастарды біріктіретін күш ретінде қызмет етеді, деп атап көрсетті КПСС делегациясының басшысы М. С. Горбачев жолдас Вьетнам коммунистік партиясының V съезінде.

Туысқандық көмек елдің дамуын жеделдетуге белсенді ықпал етуде. 1981-1984 жылдарда индустрия өте-мөте жо-

Digitized by Google

ғары қарқынмен дамыды, онда жалпы өнім өсімінің орташа жылдық қарқыны оның алдындағы бесжылдықтағы 2,5 процентке қарағанда 13.6 процент құрады. Машина жасау және металл өңдеу өнімі соңғы бесжылдықта жыл сайын 21,5 процент, химия өнімі — 18, тамақ өнімі — 22,7 процент өсті.

Жұмысшы табы деревняны кооперативтендіруде зор роль атқарды. Егер 1955 жылдың соңында елдің Солтүстігінде барлығы 8 аграрлық кооператив жұмыс істесе, енді 1960 жылдың аяғына дейін шаруа ауалаларының 85,8 проценті кооперативке кірді, оның ішінде жоғары тұрпатты кооперативтер 14,5 процент құрады (жоғары тұрпаттағы кооперативтерде өндіріс құралдары қоғамдық меншік болып табылады және бөлу еңбегіне қарай жүзеге асырылады, ал төменгі тұрпатты кооперативтерде жерге, жұмыс көлігіне және ауыл шаруашылығы құрал-саймандарына жеке меншік сақталған). 1965 жылы шаруа ауалаларының 90,1 проценті кооперациямен қамтылды. Осыған орай жоғары тұрпатты бірлестік олардың жалпы санының 72,1 процентін құрады.

Коллективтендіру жылдарында Вьетнам жұмысшы табының партиясы өзінің таңдаулы ұлдарын шаруаларға көмекке жіберді. 1958 жылдың басында провинциалдық және уездік мыңдаған партия қызметкерлері арнайы даярлықтан өтіп, ауыл шаруашылығын кооперативтендіру жолындағы қозғалысты басқару үшін жергілікті жерлерге оралды.

Шаруа кооперативтеріне бірден мыңдаған трактор, ауыл шаруашылығы машинасы, химиялық тыңайтқыштардың үлкен бөлігі қажет болды және жұмысшы табы деревняның қажетін мүмкіндігінше толық қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсады. 1961—1965 жылдардың өзінде ғана селода электр энергиясын тұтыну 8,4 есе көбейді. Осы уақыт ішінде су насостарын өндіру 10 есе, улы химикаттар — 3 есе, химиялық тыңайтқыштар — 2,8 есе өсті. Шаруын механизация пункттерінің саны күн сайын көбейді.

Қазір осы тәжірибе елдің Оңтүстігінде кеңінен өрістеген социалистік құрылымдар барысында кеңінен пайдаланылуда. 1984 жылдың соңына қарай шаруа ауалаларының 52 проценті кооперативтендірудің түрлі формаларымен қамтылды, олардың қарауында осы аймақтың егіс алаңының 47 проценті бар.

Жұмысшы табының ролі саяси салада да өзінің лайықты орнын табуда. Жұмысшылар мемлекетті басқаруға белсене қатысуда. 1960 жылы сайланған (Вьетнам Демократиялық Республикасында) Ұлттық жиналыстың құрамында жұмысшылар 13,5 процент, 1976 жылы (Вьетнам Социалистік Республикасы) — 16,2 процент болды, ал қазір 20 проценттен асады.

Жұмысшы табының елде өтіп жатқан идеологиялық процестерге де жасар ықпалы орасан зор. Экономикалық және мәдени жағынан мешеу қалған халықтардың социализм жолымен жедел жүруі үшін сауатсыздықты жою, оларды мәдениетке тарту, еңбектің осы заманғы құралдарымен жұмыс істеуге үйрету, олардың сана-сезіміне революциялық идеологияны жеткізу қажет болды. Вьетнам жағдайында бұл қиын міндеттер еді. Дегенмен жұмысшы табы өкіметті өз қолына алғаннан кейін екі жылдан соң-ақ (Солтүстікте — 1948 жылы, Оңтүстікте — 1977 жылы) сауатсыздық жойылды. Революцияға дейін Вьетнам халқының 95 проценті жаза да, оқи да білмейтін, ал 1983 жылға қарай елдің халық шаруашылығында жоғары білімді 330 мың маман және орта білімді 650 мың адам жұмыс істеді. Қазір 93 институт жұмыс істейді, оларда 130 мың студент оқиды. 17 миллионнан астам адам, яғни елдің әрбір үшінші тұрғыны дерлік оқудың түрлі формаларымен қамтылған.

Социалистік индустрияландыру жұмысшы табының құрылымын жетілдіруге мүмкіндік беруде, жұмысшының өзіне жан-жақты ықпал етуде, оның техникалық және кәсіптік білім дәрежесін арттыруға бастауда. Егер 1955 жылы елдің Солтүстігінде барлығы 166 мың жұмысшы мен қызметші болса, (оның ішінде өндірістік салада 76 мың ғана), енді 1975 жылы олар 1730 мың адамға жетті, олардан 1.149 мың адам өндірістік салада істейді. 1980 жылы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 3.600 мың адамнан асты, олардың ішінде 2.275 мың адам өндірістік салада жұмыс істейді.

Осы заманғы ғылыми-техникалық прогрестің барлық бағыттарында белсенді жұмыс істеуге қабілетті жұмысшылардың білікті кадрларын даярлау бүгінде бірінші дәрежелі міндет болып табылады. Бұл іште бізге Совет Одағы зор көмек көрсетуде. Қазіргі уақытта 20 мыңға жуық вьетнамдық СССР-дің 30-ға жуық өлкесі мен облысының заводтары мен фабрикаларында еңбек етуде. Көптеген жұмысшылар Қазақ ССР-інің кәсіптік-техникалық училищелері мен кәсіпорындарында даярлықтан өтті немесе өтуде. Олар ұлы Ленин елінен тиянақты біліммен қатар өздерінің советтік бауырлары — нағыз социалистік интернационалистерге деген ыстық сезімдерін ала кетеді.

Вьетнам халқының совет адамдарына деген көзқарасы Вьетнам коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас секретары Ле Зуанның тамаша сөздерінде жарқын бейнеленген: «Советтік туысқан жігіттер мен қыздар Вьетнам үшін көп қан мен тер төкті. Әрбір вьетнамдық Ұлы Октябрь социалистік революциясынсыз және Советтер Елінің орасан зор, жан-жақты, көмегінсіз Август революциясының және бүгінде Вьетнам Социалистік Республикасында қол жеткен жарқын же-

Digitized by Google

тістіктердің болмайтынын түсінеді. Совет Одағымен топтасу, ұрпақтан ұрпаққа топтасу — Вьетнам партиясы мен халқының сезімі, бағыты, принципі, бұлжымас стратегиясы осында тұжырымдалған».

ФУНГ КХАК БИНЬ.

Журнал сынынан кейін

Басты жол — шалғайдағы учаскелер

Республика автоклубтары меңгерушілерімен «дөңгелек стол» басындағы кездесу материалдары бойынша «Басты жол — шалғайдағы учаскелер» («Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана», 1985, № 10) деген мақалада автоклубтардың шалғай жайылымдардағы мал шаруашылығында бұқаралық-саяси жұмысты одан әрі жақсарту жөнінен ұсыныстар және бірқатар сын-ескертпелер айтылған еді. Журналға мына жолдастар жауап қайтарды:

Р. ИБРАГИМОВ, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары:

— Мақала Қазақ ССР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінде қаралды. Соңғы жылдары Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында республикада мал шаруашылығын дамыту туралы «Мирасқор дипломы», «Орынбасар әні», «Бабалар соқпағымен», «Бағалы торқа», «Жеңіп шығу» және басқа бірқатар актуальды фильмдер жасалды. Оның үстіне жыл сайын жүзге жуық көркем және алпыстан астам деректі фильм қазақ тіліне аударылады. Алайда жекелеген облыстарда осы қорды нашар пайдаланады. Фильмдер прокаты жөніндегі облыстық конторларға шалғай учаскелердегі малшыларды қамтитын автоклубтар мен жылжымалы киноқондырғылардың репертуарын жасауға мейлінше мұқият қарауға, сондай-ақ село тұрғындары үшін жаңа көркем, деректі және ғылыми-көпшілік фильмдер көрсетуді жүйелі ұйымдастыруға нұсқау берілді.

Аудандық партия комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Е. Вимағамбетовті қатаң ескертті. Қазіргі уақытта автоклубтар жүрісінің графигі қайта қаралды. Ол аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің бақылауына алынды. Автоклубтар қызметкерлерінің социалистік жарысының шарттары талдап жасалды, жеңімпаздарды мадақтау үшін вымпелдер мен бағалы сыйлықтар тағайындалды.

Р. ҚАЛМҰРАТОВ, Шымкент облысы Қазақстан Компартиясы Түркістан аудандық комитетінің бірінші секретары:

«Мақала аудандық мәдениет бөлімінің ашық партия жиналысында талқыланды. Сын ескертпе дұрыс деп мойындалды. Ауданда автоклубтарды толық жүктеліммен пайдаланбайды. Олардың жұмыс графигі бұзылады, автоклуб меңгерушілері арасындағы социалистік жарыс әлсіз ұйымдастырылған. Партия жиналысы автоклубтар жұмысындағы кемшіліктерді жоюды мәдениет бөлімінің қызметкерлерінен талап етті.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналына 1986 жылдың февралінен бастап және одан кейінгі айларға жазылу жүріп жатыр.

Журналдың бір данасының бөлшек бағасы — 15 тиын, бір жылға жазылу құны — 3 сом 60 тиын, он бір айдың құны — 3 сом 30 тиын.

Журналға барлық байланыс бөлімшелерінде және кәсіпорындардағы, құрылыстағы, совхоздар мен колхоздардағы, мекемелер мен оқу орындарындағы баспасөзді қоғамдық негізде таратушылар арқылы жазылуға болады. Журналдың почта индексі — 75602.

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Индекс 75328.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВ, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 11.11.85 г. Подп. к печати 27.11.85 г. УГ01529. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66031 (казахское издание — 33582 экз., русское издание 32449 экз.). Заказ 131. Цена 15 коп.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН




Алматы облысы. Кеген ауданы «Қарқара» совхозының аға шопаны, Социалистік Еңбек Ері, КПСС XXIV, XXV және XXVI съездерінің делегаты Жолсейіт Молдасанов 40 жылдан астам уақыт бойы қой бағып келеді. Шопандардың аудандық озық тәжірибе мектебінің жетекшісі бола жүріп, ол үздіксіз еңбек жылдарында жинақтаған тәжірибесін жастардан аямайды.

Суретте: Ж. Молдасанов жастар арасында.

Павлодар облысы. Павлодар мұнай өңдеу заводында жасалып жатқан баяу кокстаудың жаңа қондырғысы мұнай қолдануды ұлғайтпай-ақ бензин мен дизель отынын өндіруді арттыруға мүмкіндік береді. Ол гудронды қайта ұқсатады, және отыннан басқа металлургия өнеркәсібі үшін электродты кокс шығаратын болады. Қондырғыны іске қосу 1986 жылдың орта шеніне белгіленуде.

Суретте: жабдықты монтаждау жүргізілуде.





Талдықорған облысы. Сарқант ауданының «Көкөзек» совхозынан «Тұлпар» атты қыз-келіншектердің комсомол-жастар трактор бригадасының календарында он екінші бесжылдықтың басталғанына едәуір уақыт болды. Озық бригаданы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, жастар мен студенттердің XI және XII Бүкіл дүние жүзілік фестиваліне қатысушы К. Марданова басқарады.

Еңбек жолын қаһарлы 1941 жылы бастаған шаруашылықтың алғашқы трактористі Меланья Савельевна Перешунхина «Тұлпардың» қыздарында жиі болады. Онда жас жеткіншектермен айтар әңгіме, алмасар тәжірибе баршылық.

Суретте: қыздар жұмыс істейтін осы заманғы техника Меланья Савельевнаның ойынан шығуда.

ҚазТАГ-тың суреті.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ — СОЦИАЛИЗМНІҢ МҰРАТЫ.

В. И. ЛЕНИН



Digitized by Google

«Плакат» баспасы.

ISSN—0132—6139



Қазақстан УГІТШІСІ

24
1985

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



СССР Жоғарғы Советінің депутаты, коммунист Баяш Әміреновтың даңқты еңбек істері жайында Көкшетау облысынан тыс жерлерде де жақсы біледі. Ол көп жылдан бері Уәлиханов ауданы «Золотая нива» совхозының бақташылар бригадасын басқарады. Оған еңбектегі орасан зор жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтары берілді. Оның бригадасына 1000-нан астам жылқы бекітілген, мұның өзі нормадағыдан біржарым есе көп. Бақташылар облыста жылқы етінің өзіндік құнын ең төмен дәрежеге жеткізді.

Суретте: Б. Әміренов.

Суретті түсірген В. Холин.

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

24 ДЕКАБРЬ 1985

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 24, 1985 ж.

НОМЕРДЕ:

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

В. Измайлов. Әрбір адам жауапты 2
Талдықорған облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 4
Б. Шоланов. Биік парыз иелері 6
Съезд қарсаңындағы документтер түсіндірілуде . 6

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Р. Абидуллин. Село энергетиктерінің резервтері . 9
Өнім негізі күзде қаланады (Үгітшілер мен саяси хабаршылардың көктемгі егіс жұмыстарына өзірлік туралы баяндамаларының, саяси хабарларының, әңгімелерінің үлгі тақырыбы) 11
В. Костров. Мердігерлік — береке көзі 12

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Жиенбаев. Болашақ үшін сақтайық 15

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

И. Пинчук. Игі өзгерістер 17

КӨРНЕКІ ҮГІТ

В. Сухова. Комплексті жоспар бойынша (Қарағанды облысының көрнекі үгітті ұйымдастырушыларымен және көркемдеуші суретшілерімен «дөңгелек стол» басындағы кездесу материалдары) . 19

АТЕИСТІК ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ СЫРТТАЙ СЕМИНАРЫ

К. Шүлембаев. Аудиториямен тығыз байланыс . . 23

СҰРАҚҚА ЖАУАП

А. Ягудина. Сіздің еңбекке жарамсыздық қағазыңыз 25
«Қазақстан үгітшісі» журналында 1985 жылы жарияланған материалдар көрсеткіші 27

Digitized by Google

ӘРБІР АДАМ ЖАУАПТЫ



В. ИЗМАИЛОВ,
Текелі қорғасын-мырыш комбинаты бұрғышыларының бригадирі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, үгітші

Кеншілерде терең қабат деген ұғым бар. Мұндай жағдайда жұмыс істеу үлкен күш-жігерді, жоғары шеберлікті, бүкіл коллективтің ұйымшылдығы мен өзара қолдауын талап етеді. Сол үшін де терең қабаттарда қол жеткен еңбек жеңісі бағалырақ болады. Мұнда адамдардың күрделі, жауапты сәттердегі төзімділігі сыннан өтеді.

Бейнелеп айтқанда, біздің кәсіпорынның жұмысшылар коллективі нақ осындай терең қабаттарға шығады. Партияның алға қойған әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету жөніндегі міндеттерін табысты шешу үшін әрбір адамның жоғары жауапкершілігі, жанқиярлықпен, коллектившілдікпен еңбек етуі талап етіледі. ҚПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында баяндалған талаптар бізді белгіленген жоспарларды орындауға белсене қатысуға жұмылдырады. Біздің коллектив мүшелері өздерінің партиялық, азаматтық парызын осыдан көреді.

Бізде көптеген жылдар бойы іске творчестволықпен, инициативамен қарау ахуалы қалыптасты. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын комбинаттың тәжірибелі бұрғышылары, өз ісінің шеберлері Н. Д. Пытаев пен В. И. Анохин бір жылда бесінші разряд бойынша жұмыс істеу жөнінде алға қойған мақсатыма жетуге көмектескен шәкірттік кезім еске түседі.

Содан кейін де біз жаңадан келген жұмысшыларға нағыз кенші болғын келсе өз алдыңа нақты мақсат қой, коллектив көмектеседі деп, жолдастықпен, жұмысшы ретінде әрдайым айтатынбыз. Юрий Горбуновтың, Владимир Могулевтың, Петр Гонтаның, Александр Юсттың қалыптасуы осылай басталды. Қазір олар белгілі бұрғышы, бригадир В. Қ. Гончаров басқа учаскеге ауысқаннан кейін маған сеніп тапсырылған біздің бригаданың негізін құрайды. Біз бүкіл коллектив үшін де нақты асулар белгілеуді әдетке айналдырдық. Мысалы, бесжылдық тапсырманы стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына дейін орындауға сөз бердік. Алайда міндеттемені қабылдамас бұрын осы нәтижеге неғұрлым есебінен қол жеткізе алатынымызды мұқият есептедік. Әңгімелерде мен біздің пайдаланылмаған мүмкіндіктерімізге ерекше тоқталдым. Біз жаңа бұрғылау орындарына ауысар кезде көп уақытымызды жоғалттық: бөлшектеу, станоктарды тасымалдау, содан кейін оларды орнату үнемі жатық жүргізілмейтін. Біз осы маңызды операцияда бригаданың әрбір мүшесінің міндеттерін белгілеп беруді ұйғардық, мұның өзі бірден елеулі нәтижеге жеткізді. Сменалық жұмыс уақытына есептегенде ауысу мерзімдері 4 процент қысқарды, мұның өзі біздің жарты жыл ішінде жоспарға қосымша 2 мың погон метрге жуық кен қазуымызға мүмкіндік берді.

Съезд қарсаңындағы екпінді вахтаға тұрғанда да көтеріңкі социалистік міндеттемелер алдық. Қазір біздің коллектив мүшелері алдағы жылдың январь айы есебіне жұмыс істеуде. Еңбек өнімділігін арттыруды өзіміздің басты міндетіміз деп

Digitized by Google

ссептейміз. Ол төрт жыл ішінде 33,7 процент өсті. Енді еңбек өнімділігін бесжылдық ішінде 40 процентке дейін көтеру мақсатын қойдық. Бізде осы жұмыста да өз резервтеріміз бар. Мысалы, біз іркілістерге қарсы батыл күрес жарияладық. Олардың қызметкерлердің салдыр-салақтығынан немесе толық күшпен жұмыс істеуге ықыласының жоқтығынан болмағанын бірден айтайын. Оның себебі: кейде жабдықтар түгел болмайды (ал бізде бұрғылау кезінде әртүрлі құрал-саймандардың 100-ге жуық түрі пайдаланылады) және оларды сақтау тәртібі де әркез сақтала бермейді. Біз материалдық-техникалық базаны сақтауда иесіздікті жойдық. Енді әркімге құрал-саймандардың белгілі бір жиынтығы бекітілді. Осындай, бір қарағанда ұсақ-түйек болып көрінетін нәрселер еңбек өнімділігіне елеулі ықпал етеді.

Кезінде мені стажировкадан өткізген тәжірибелі бригадирлер, комбинатымыздың тамаша тәлімгерлері Павел Васильевич Тарасов пен Иван Дмитриевич Бобров жұмысшылардың кәсіптік шыңдалуына ғана емес, олардың қоғамдық белсенділігін, жұмысқа деген саналы қарым-қатынасын арттыруға назар аударуға әрдайым үйрететін. Әрбір адам ортақ іске жауап беруге тиіс— тәжірибелі шеберлердің ережесі осындай болды. Партияның «Бүкіл оперативтік-шаруашылық жұмыстың негізгі салмағы жергілікті жерде—еңбек коллективтерінде болуға тиіс» деген программалық талабы бізде әлі де кездесетін кейбір қызметкерлердің немқұрайдылығымен, енжарлығымен күресуге міндеттейді. Бізде «Комбинаттың таңдаулы бұрғышысы» атағын алу жолындағы алғашқы конкурстар айтарлықтай белсенді өткен жоқ. Кейбір бригадалар оған өздерінің өкілдерін жіберуді де қажет деп есептемеді. Біздің бригаданың өзінде де күмәнданушылар болды. Шеберліктің, тәжірибе алмасудың бұдан артық таңдаулы мектебі болмайтынын дәлелдеуге тура келді. Шынында да, конкурстардың бастапқы кезіне қатыспағандар қандай ұтылды десеңізші! Ал жеңімпаздар үлкен беделге, өз күштеріне деген сенімге ие болды. Мысалы, «таңдаулы бұрғышы» атағына ие болған біздің бригаданың мүшелері Ю. Горбунов пен П. Гонта комбинатта жеке бесжылдықтарын алғашқылардың бірі болып орындады, ал стахановтық рекордтың 50 жылдығы күнінде аса жоғары еңбек өнімділігін көрсетті.

Уақыт әрдайым алға қарай ұмтылуға бастайды. Он екінші бесжылдықтың басында біздің бригадаға өте маңызды емтихан тапсыруға тура келеді: учаскеде жаңа жабдықтар түсе бастады, оны меңгеру бізге сеніп тапсырылды. Қазір коллективтегілердің бәрі бүкіл бесжылдықтағы жұмыстың табысты болуы сенімді мәре алуға байланысты екенін түсініп, көтеріңкі рухпен еңбек етуде. Бригаданың әрбір мүшесі біліктілікті арттыру курстарында оқиды, жеке адамдармен өткізілетін сабақты тікелей учаскеде оның бастығы В. Н. Рихтер жүргізеді. Осының бәрі біздің әрқайсымызды алға тартады. Биыл бригада мүшелеріне «коммунистік еңбек екпіндісі» атағы берілді. Тәртіпті нығайту үшін де көп нәрсе атқарылды. Демек өткен жылы бізде қыдырымпаздық пен медициналық айықтырғышқа түсу оқиғасы болды. Мұнан тиісті қорытынды шығарылды, оны ең алдымен тәртіп бұзушының өзі жасады.

Бір сөзбен айтқанда, біз ең терең қабаттардағы жұмысты табысты жүргізуге мүмкіндік беретін жұмыс ырғағын орнықтыра түсуге ұмтылудамыз.

Текелі қаласы,
Талдықорған облысы.

Ұқыпты бол

Еңбек өнімділігін жоспардан тыс 1% арттыру тұтасынан еліміздің индустриясы бойынша жылдық өнімді *7,5* миллиард сомға ұлғайтады.

Digitized by Google

ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ—

Талдықорған облысының мақтанышы — тамаша еңбек адамдары. Өндірістің аса маңызды учаскелерінде — егіншілікте, тау-кен өнеркәсібінде, құрылыста, мелиорацияда 50-ден астам Социалистік Еңбек Ері жұмыс істейді. Бүгінгі күннің стахановшылары жолдастарын өз үлгілерімен коммунистік құрылыста жаңа асуларға шақырады.

Облыс еңбекшілерінің жетістіктері қомақты. Бесжылдықтың қорытындылаушы жылында өнеркәсіп және құрылыс коллективтері жоспардан тыс 4 миллион сомның өнімін: қорғасын аккумуляторларын, құрылыс материалдары мен конструкцияларын, халық тұтынатын товарлар шығарды. Облыс орталығында артта қалушы кәсіпорын жоқ. Бұл ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін кеңінен пайдалану нәтижесі. Бесжылдық басынан бері мұнда екі мыңнан астам рационализаторлық ұсыныс пен өнертабысы енгізілді.

Алакөл алқабының қызылшашылары, Қаратал ауданының күріш өсірушілері, Панфилов ауданының жүгері өсірушілері Отанды суармалы танаптың жомарт қайтарымымен қуантуда. Бесжылдықты негізгі көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын ақтаған олар съезд қарсаңындағы екпінді вахтада мемлекетке жоспардан тыс мыңдаған центнер өнім сатты. Панфилов ауданының екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Н. Головацкий басқаратын «40 лет Октября» колхозы еңбеккерлерінің табыстары бүкіл елімізге белгілі. Осы шаруашылықта мемлекетке астық, жүгері, ет сату жөніндегі бесжылдық тапсырма біржарым еседен астам асыра орындалды. Облыс селоларының барлық еңбеккерлері алғы шептегі коллективке теңелуге күш салуда.

Он екінші бесжылдықта талдықорғандықтардың алдына интенсивті технологияны енгізу, суармалы егіншілікті пайдалану негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөнінде жауапты міндеттер қойылды. Текелі кеншілері, облыс құрылысшылары мен энергетиктері жаңа межелерге шығады.

Бұл күндері облыстың мыңдаған еңбекшілері партияның съезд қарсаңындағы документтерін талқылау барысында коммунистік құрылыста жаңа асулар белгілей отырып, партия алға қойған міндеттерді орындауға, алдағы бесжылдыққа сенімді мәре алуға берік бел байлағандарын мәлімдеуде.

МЕРДІГЕРЛІК БІРІКТІРДІ

Мал қыстатудың басталуына байланысты Сарқант ауданының «Бақалы» совхозындағы коммунист А. Иманхановтың жемшөп дайындаушылар бригадасы мүшелерінің атқаратын істері көбейе түсті. Олар «Дайындаудан — азықтандыруға дейін» принципі бойынша екінші жыл жұмыс істеуде, мұның өзі коллективтің жемшөп дайындаумен айналысып қана қоймай, оны мал қолда ұсталатын кезеңде ұқсатылған және жентектелген күйінде жеткізеді деген сөз.

Механизаторлар мен малшылар бірыңғай мердігерлік коллектив құрды, оның жалақысы түпкі нәтижелермен анықталады. Үстіміздегі жылы бригада әрбір шартты малға 24 центнерден жемшөп өлшемін дайындады. «Бақалыда» мал қыстатудың алғашқы айының қорытындылары бойынша ауданда малдың ең жоғары салмақ қосуына қол жетті. А. Иманхановтың бригадасында еңбекті жаңаша ұйымдастыруға ауысқаннан кейін еңбек өнімділігі 35 процент өсті. Коллективте мал қыстату кезінде малдың өлім-жітіміне жол бермеу инициативасын көтерген коммунистер С. Темершин, Б. Тастеміров, Т. Жиенбеков анағұрлым жоғары қайтарыммен жұмыс істеуде.


ЭНЕРГИЯ ЖЕЛІСІ

«Қазэлектросетьстрой» тресіне қарасты Талдықорған механикаландырылған колоннасындағы Г. Атмачидидың озық бригадасы КПСС XXVII съезі құрметіндегі көтеріңкі социалистік міндеттемесін табысты орындады. Ол Талдықорған — Жансүгіров жаңа электр жүйесінің құрылысын мерзімінен бұрын аяқтады. Оның ұзындығы жүз он километр құрайды.

Облыста жаңа энергиялық желінің іске қосылуына байланысты барлық колхоз және совхоз орталықтарын сенімді әрі жоғары үнемді орталықтандырылған электр энергиясымен жабдықтауға көшіру аяқталды. Қазір резервтегі электр торабы жүйелерінің құрылысы өрістеуде. Мұндағы мақсат — селолық тұтынушыларды, әсіресе қоғамдық малды қыстату кезінде электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігін арттыру.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА



Биыл Қаратал ауданы «Правда» газеті атындағы совхозының диқандары дәнді дақылдардан бітік өнім алды. Мемлекетке 6.900 тонна ақталмағын күріш тапсырылды. Оракта комбайншылар Т. Шәймерденов пен Л. Решетников үздік көрсеткіштерге жетті.
Суретте: Т. Шәймерденов, Л. Решетников.

АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Талдықорған эксперименталды коммуналдық жабдықтар заводының 520 адамды қамтитын он екі бригадасы бесжылдық тапсырманы октябрь айының өзінде-ақ аяқтап, 1986 жылдың февраль-март айлары есебіне жұмыс істеуде. Ал С. М. Деревянко, В. А. Специвцев, В. Б. Агалаков және Н. В. Синицин басқаратын коллективтер июнь-июль айларының есебіне еңбек етуде.

Осы нәтижелерге негізінен өндірісті автоматтандыру және механикаландыру, жұмысшылардың рационализаторлық қызметі арқасында қол жетті. Биыл еңбекті ғылыми ұйымдастыру жөніндегі жиырма сегіз шараны, жаңа техника бойынша он сегіз рационализаторлық ұсыныс пен бес шараны енгізуден ғана 800 мыңнан астам сомның экономикалық тиімділігі алынды.

Кәсіпорында адамдарға, олардың еңбек, мәдени және тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жақсартуға жіті көңіл бөлінеді. Осы мақсаттарға жыл сайын 200 мыңнан астам сом жұмсалады. Заводтың шағын семьяларға арналған жатақханасы, тұрғын үйі бар, балалар бақшасының құрылысы аяқталып келеді, 70 пәтерлі тұрғын үйдің екіншісін салу жоспарлануда.

Завод территориясында овощ және азық-түлік магазиндері, кулинариялық цех, тұрмыстық қызмет көрсетудің комплексті қабылдау пункті жұмыс істейді, өзінің қосалқы шаруашылығы да бар.

ҚОЛ ЕҢБЕГІ АЗАЮДА

Облыс жүгері өсірушілерінің ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін толығырақ пайдалануына Үштөбе тәжірибе-эксперименталды жөндеу-механика заводының коллективі көмектесуде. Мұнда «40 лет Октября» колхозының заказы бойынша қырмандарда жүгері собықтарын сұрыптауды механикаландыру үшін екі жүйе дайындалды. Олардың әрқайсысы жүзге тарта колхозшыны ауыр қол еңбегінен босатады.

Шаруашылық рационализаторлары Солтүстік Кавказдың озық жүгері өсірушілер коллективтерінің тәжірибесін пайдалана отырып, осындай тағы екі жаңалықты ұсынды. Алдағы жылы механикаландырылған жүйелер облыстың ондаған шаруашылықтарына жеткізіледі.

ИНИЦИАТОРЛАРДЫ АТАУДА

Съезд қарсаңындағы екпінді вахтада бесжылдық міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындап шыққан Талдықорған аяқ киім фабрикасының таңдаулы адамдары еңбек даңқы кешінде өздері туралы көптеген жылы лебіздер естіді.

Аяқ киім пішушілер С. С. Әбдіхалықованы, Л. Г. Юнгблюдты, С. Н. Дмитровскаяны кәсіпорын мақтанышы деп атайды. Олар КПСС XXVII съезі ашылатын күнге дейін бірінші тоқсан жоспарын орындау жолындағы жарыс инициаторлары болып табылады.



Панфилов ауданының С. М. Киров атындағы колхозында Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, жастардың атақты тәлімгері, звено жетекшісі Рахима Мұзапарова 20 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Биыл оның звеносы әр гектардан 120 центнерден өнім алды — бұл жоспардағыдан 35 центнер көп.
ҚазТАГ-тың суреті.

Digitized by Google

БИІК ПАРЫЗ ИЕЛЕРІ

Б. ШОЛАНОВ,
Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің секретары, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы ғылым мен техника саласы бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің социалистік жарыс жөніндегі секциясының председателі

Бесжылдықтың қорытындылаушы жылының соңғы күндері совет адамдарының бұрын-соңды болып көрмеген еңбек және саяси белсенділігі жағдайында өтуде. Бүкіл еліміз КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алуға дайындалуда. КПСС Программасы жаңа редакциясының, ұсынылған өзгерістерімен КПСС Уставының, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларын талқылау барысында партияның әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету жөнінде ұстанған бағыты жан-жақты қолдау табуда.

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында: «Тарихи мақсаттар ауқымды болған сайын, оларға жету жолындағы күреске миллиондардың шаруагерлік мүдделілікпен, жауапты, саналы және белсенді қатысуы маңызды бола түседі»,— делінген. Партия алға қойған міндеттерді шешуге саналы әрі белсенді қатысудың жарқын үлгісі — біздің тамаша өндіріс озаттарымыздың еңбегі болып табылады. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары міне, солардың алдыңғы қатарында тұр. Биыл бұл сыйлыққа 30 жұмысшы мен колхозшы — он бірінші бесжылдықтың тапсырмалары мен социалистік міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындаған өндіріс озаттары мен жаңашылдары ие болды. Олар республикамыздың барлық облыстарының дерлік өкілдері болып табылады.

Өткен жылдағы сияқты биыл да лауреаттардың ең үлкен тобын еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық әдісінің артықшылығын іс жүзінде көрсетіп жүрген республика халық шаруашылығының жетекші салаларының бригадирлері құрап отыр.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы өндірістік, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерде құрылыс жұмыстарының тиімділігі мен сапасын арттыруға зор жеке үлес қосқаны үшін Шығыс Қазақстан облысындағы комплексті бригадалардың бригадирлері Д. Жайырбаев пен А. Қасенжаровқа берілді. Олар басқарған коллективтер барлық жұмысты бригадалық мердігерлікпен атқарып, объектілерді «өте жақсы» бағамен тапсырады. Олардың арасында аса маңызды өнеркәсіптік және мәдени-тұрмыстық объектілер, Ленино-

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ДОКУМЕНТТЕР ТҮСІНДІРІЛУДЕ

Қарағанды. Бүгінде облыста екі мыңнан астам насихатшы, саяси хабаршы және үгітші КПСС Программасы жаңа редакциясының, ұсынылған өзгерістерімен партия Уставының, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларын түсіндіруде.

Олар Қарағандыда, Теміртауда, Абайда, Қарқаралыда және Осакаровкада өткен аймақтық семинарларда съезд қарсаңында документтерді оқып-үйрену және насихаттау жөнінде методикалық нұсқау-кеңестер алды.

Оларға облыстың жетекші қоғамтанушы ғалымдары, облыстық партия комитетінің жауапты қызметкерлері лекция оқыды.

Қызылорда. Қармақшы ауданы «Жаңақала» совхозы Мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасы фермалар мен мал шаруашылығы учаскелеріне аттанды. Ол екінші және үшінші фермалардың қыстаулары орналасқан «Тағай» және «Кекірелі» мал шаруашылығы учаскелерінде болды. Мәдени-үгіт бригадасының мүшелері — шаруашылық кәсіподақ комитетінің председателі С. Шамшатов, кітапханашы А. Құлжанова, автоклуб меңгерушісі А. Науқанбаева, киномеханик А. Жантуаров КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының материалдарын, съезд қарсаңындағы партия документтерін түсіндіре отырып, шопандармен әңгіме өткізуде. Олар әрбір әңгімені совхоз коллективінің нақты істерімен, алда шешілуге тиісті міндеттермен байланыстыруда. Қорытындысында малшыларға өнерпаз артистердің концерттері, көркем фильмдер мен жаңа кітаптар ұсынылды.

Алматы. Алматы ауыр машина жасау заводының коллективінде съезд қарсаңындағы документтер үлкен ынталылық туғызды. Кәсіпорынның партия комитеті оларды түсіндіру жөнінде цехтарда, бөлімдерде және басқа да бөлімшелерде бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыруды мұқият ойластырды. КПСС Программасы жаңа редакциясының, ұсынылған өзгерістерімен партия Уставының, СССР-дің экономикалық және

Digitized by Google

гор қаласындағы тұрғын үйлер, Левобережной элеваторының объектілері бар.

Кен-шахта жабдықтарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мол жеке үлестерін қосқаны үшін Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары болған бригадирлер И. С. Рахымжанов пен Л. П. Голенко «Карагандауголь» өндірістік бірлестігінде бригадирлер болып жұмыс істейді.

Проходкашылар бригадирі В. Н. Полев Лениногор полиметалл комбинатының Риддер руднигінде жиырма жылдан астам еңбек етеді. Ол басқаратын бригада сала бойынша өрістеген «Бесжылдықты—4,5 жылда» атты социалистік жарыстың инициаторы. Жаңа техниканы игерудің, бұрғылау-жару жұмыстарының неғұрлым жаңа әдістерін игерудің, 12 рационализаторлық ұсыныс енгізудің нәтижесінде олар бұл міндеттемесін мерзімінен бұрын орындады. Бесжылдық басынан бері бригада жоспардан тыс 4,2 мың текше метр кен жынысын шығарды, еңбек өнімділігін 20 процентке арттырды.

Жезқазған облысының Атасу руда басқармасындағы «Батыс Қаражал» шахтасының № 1 учаскесінің проходкашылар бригадирі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д. М. Қасымов та жабдықтарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған бағалы инициативаларды аз көтерген жоқ. Ол басқаратын бригада салада алғашқылардың бірі болып осы заманғы проходка комплексін игерді, жаңа проходкалаушы машинаны енгізіп, он бірінші бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Оралдың «Металлист» заводының коллективінде токарь З. А. Дисонованы орынды құрмет тұтады. Жаңа лауреат жұмысшының инициативасымен мұнда шығарылатын өнімге жұмсалатын еңбек ұдайы азайып келеді. Осының негізінде ол өзінің жеке бесжылдығын мерзімінен бұрын орындады. Тәлімгер өз тәжірибесін жастарға үйретуде.

Аға машинист М. А. Ивановтың Қарағандының № 2 ГРЭС-інде еңбек еткеніне міне, отыз жыл болды. Ол прогресті технология мен жаңа техниканы енгізуге тікелей әрі белсенді атсалысады. Мысалы ол экспериментальды-мембраналы су экономайзері мен көмір ұнтақтайтын шар диірменінің тәжірибелік үлгісін игерді. Жаңа лауреат еңбек ететін вахтаның өзі ғана өткен жылы мың тонна шартты отын мен 200 мың киловатт-сағат электр энергиясын үнемдеді.

Республика теміржол және автомобиль транспорты қызметкерлерінің бір тобы жоғары атаққа ие болды. Алматы облысындағы Ұзынағаш автотранспорт кәсіпорнының жүргізушісі Т. А. Жомартов өзін ауыр салмақты автомобильдер жүргізудің белгілі шебері ретінде танытты. Ол КРАЗ маркалы автомобильмен тіркемелер пайдалану арқылы машинаның жүк тарту қуатын 40 тоннаға жеткізді, осының есебінен 10 жылдық жоспар орындады.

Батыс Қазақстан темір жолының Ақтөбе бөлімшесіндегіЕмбі локомотив депосының тепловоз машинисі, II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері Т. Қазымбетов локомотив жүргізудің тиімді режимі есебінен бесжылдықтың тапсырмасын 3,5 жылда орындады, сөйтіп 67 тонна дизель отынын үнемдеді. Еңбек өнімділігін 15 процентке арттырды.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының жаңа лауреаттарының арасында Ақтөбе

әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобалары саяси және экономикалық оқу жүйесіндегі сабақтарда, саяси хабаршылармен, үгітшілермен әңгімелерде оқып-үйренілуде, талқылануда. Сонымен қатар басшылар құрамының завод бөлімшелері коллективтерімен кездесулері өтуде. Алматы ауыр машина жасау заводының директоры М. А. Битный, оның орынбасарлары В. А. Багдасаров, А. Я. Степура, бас инженер И. А. Шлиомензон, бас конструктор О. К. Усенко және басқалар жұмысшылар алдында сөз сөйледі. Осы кездесулер өндіріс резервтерін табуға, адамдардың күш-жігерін бірінші кезекті міндеттерді шешуге жұмылдыруға көмектесуде.

Гурьев. Осында қалалық партия комитетінде съезд қарсаңындағы документтерді талқылау мәселелеріне арналған қала идеологиялық активінің семинары болып отті. Оның жұмысына партия ұйымдарының секретарьлары, үгіт коллективтері мен саяси хабаршылар топтарының жетекшілері, насихатшылар, «Білім» қоғамы бастауыш ұйымдарының председательдері қатысты.

Семинарда қалалық партия комитетінің секретары К. Ш. Бекешева, педагогика институтының ректоры, тарих ғылымының докторы, профессор Н. Р. Күнқожаев, облыстық партия комитетінің лекторы М. Т. Банцикин лекция оқыды.

Арқалық облыста кезекті бірыңғай саяси күн өтті. Ол КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін, партия Программасы жаңа редакциясының, ұсынылған өзгерістерімен КПСС Уставының, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986-1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларын насихаттауға және түсіндіруге арналды.

Саяси күнге саяси баяндамашылар, партия комитеттерінің насихатшылар топтары, саяси хабаршылар мен үгітшілер қатысты.

Digitized by Google

қаласындағы № 22 жол-көпір құрылысы басқармасының автогрейдер машинисі С. Ф. Ерехин мен Қарағанды облысындағы Қарқаралы аудандық жол құрылысы бөлімшесінің «К-700» трактордың машинисі М. І. Боранбаев бар. Бұлардың екеуі де республика жол құрылысшыларының арасында автомобиль жолдары мен жол құрылысы техникасының пайдалану мерзімін ұзартуда және жөндеу-пайдалану материалдарын үнемдеуде ең жоғары көрсеткіштерге жету жолындағы республикалық социалистік жарыстың инициаторлары.

Республика темір жол және автомобиль транспорты қызметкерлерінің бір тобы жоғары атаққа ие болды. Алматы облысындағы Ұзынағаш автотранспорт кәсіпорнының жүргізушісі Т. А. Жомартов өзін жүкті көп таситын автомобильдер жүргізудің белгілі шебері ретінде танытты. Ол КРАЗ маркалы автомобильмен тіркемелер пайдалану арқылы машинаны тұк тарту қуатын 40 тоннаға жеткізді, осының есебінен 10 жылдық жоспар орындады.

Халық тұтынатын товарлар шығаруды және олардың сапасын жақсартуға, халыққа қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін арттыруға қосқан зор жеке үлесі үшін алты еңбеккер әйелге республика Мемлекеттік сыйлығы берілді. Олардың ішінде Қостанай мәуіті-шұға комбинатының тоқымашысы Т. С. Чайка, Петропавл киізбайпақ фабрикасының қызметкері В. В. Овсянников, Алматыдағы жеке заказдарымен киім тігетін және жөндейтін фирманың қызметкері Қ. Нұрмұхамедова, Калинин атындағы Петропавл электр өткізбейтін материалдар заводының жұмысшысы Р. У. Иманова, павлодарлық трамвай жүргізуші Ф. М. Бурдукова, Алматы почтамптының қызметкері С. М. Қоныспаева бар.

Осынау даңқты еңбеккерлер әйелдердің озық тәжірибесін тарату, сөз жоқ, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің жуырда қабылданған халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасын орындауға, бұл үшін қосымша резервтер мен мүмкіндіктер іздестіруге жағдай жасайтын болады.

Агроөнеркәсіптік комплекс еңбеккерлерінің ерлік еңбегі лауреаттардың құрметті атағымен атап өтілді. Алматы облысының Ленин атындағы колхозының трактор-егіс бригадасының бригадирі С. И. Лобачевтің еңбегі бұған дейін Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерімен атап өтілген еді. Енді оған лауреат атағы қосылды. Ол жоспарда көрсетілген 30 центнердің орнына әр гектар жерден 54 центнер жүгері дәнін алуда. Шымкент облысының «Коммуна» жеміс-жүзім совхозындағы Е. Мырзақұлов басқаратын бригада коллективі еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетті. Бесжылдықтың төрт жылында бригада жоспардағы 2332 тоннаның орнына 3997 тонна жүзім өндіріп, мемлекетке өткізді, әр гектардың орташа түсімі жоспардағы 114 центнердің орнына 195 центнерден айналды. Бұл үшін 20 гектардан астам ескі жүзімдік жаңартылды, өнімді аз беретін сорттар мен аралас сорттар шығымдылығы, дәмдік және техникалық-сапалық көрсеткіштері жоғары сорттармен ауыстырылды.

Бес баланың анасы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты М. В. Швед Торғай облысының Ш. Уәлиханов атындағы совхозында трактористі-машинист болып жұмыс істейді. Ол дақыл өсірудің технологиясын ұдайы жетілдіріп келеді, озық тәжірибені, кең алымды техниканы тиімді пайдаланады. Тек өткен жылдың өзінде жоспардағы 1700 гектардың орнына өз тракторымен 2852 эталон-гектар жер өңдеп, жанар-жағар майлар материалдарының 7,7 процентін үнемдеді. Ол жастар тәлімгері, озық тәжірибе мектебінің жетекшісі.

Қызылорда облысының Энгельс атындағы колхозының атақты күріш өсірушісі Ә. Әбжалиевтың есімі республикамызда жақсы мәлім. Ол өзіне бекітілген 429 гектар егістіктің әр гектарынан 60 центнерден астам күріш алуда, бұл жоспардағы көрсеткіштен бір жарым есе көп. Бір центнер күріштің өзіндік құны жоспардағыдан 25 процентке азайтылды.

Жоғары атаққа ие болған жарыс жеңімпаздарының қатарында Орал облысындағы «Алғабас» совхозының аға шопаны С. Боранбаев, Ақтөбе облысындағы «Ильич» совхозының аға шопаны Ш. Ибраев, Шымкент облысындағы «Коммуна» совхозының аға шопаны С. Жаңабаев бар. Олар төл мен жүнді көп алғандар.

Көкшетау мемлекеттік тәжірибе станциясы совхоз-техникумының аға шопаны П. Д. Рау, Торғай облысындағы «Октябрь» совхозының шошқа өсірушісі А. Ф. Расулова, Маңғышлақ облысындағы «Қарақұм» совхозының аға шопаны Ж. Басшиев, «Джамбулводстрой» тресінің № 74 жылжымалы-механикаландырылған колоннасының машинист-экскаваторшылар бригадирі А. А. Шекера да жаңа лауреаттар қатарында.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына үздіктердің ішінен сараланған үздіктер, жоғары борышты сезінген, инициативалы, ұйымшыл, идеялық сенімді адамдар ие болды. Олардан көпшілік үлгі алуда. Ендігі жерде лауреаттардың жұмыс тәжірибесін кеңінен таратып, оны әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету ісіне қызмет еткізудің маңызы зор. Кәсіподақ және шаруашылық органдарының бірінші кезектегі міндеті де осы. Жаңа лауреаттардың еңбек әдісі туралы әңгімелейтін плакаттар мен буклеттер шығару қажет. Еңбек коллективтерінде ауызша саяси үгіт жүргізетін активистердің міндеті — бесжылдықтың алғы шебіндегілер пайдаланып отырған өндіріс тиімділігін, үнем мен ұқыптылықты арттырудың жолдарын түсіндіру болып табылады.

Digitized by Google



СЕЛО ЭНЕРГЕТИКТЕРІНІҢ РЕЗЕРВТЕРІ

Р. АБИДУЛЛИН,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі энергетика және электрлендіру бас басқармасы бастығының орынбасары

Осы заманғы ауыл шаруашылығы өндірісін әртүрлі машиналар мен механизмдерді қозғалысқа келтіретін, жылу мен жарық беретін электр энергиясынсыз елестету мүмкін емес. Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында энергетикалық және электртехникалық жабдықтар мен қондырғыларды бүкіл технологиялық пайдалануды «Сельхозэнерго» бірлестіктері мен кәсіпорындары жүзеге асырады. Шаруашылық есептегі қызметпен қатар «Сельхозэнерго» кәсіпорындары аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктің құрылымдық бөлімшелері сияқты электрлендіруді одан әрі дамыту, селода электр жабдықтарын енгізу мен электр энергиясын ұтымды пайдалану жөнінде маңызды міндеттерді атқарады.

Қазір Қазақстанда «Сельхозэнергоның» 17 облыстық бірлестігі мен 208 аудандық кәсіпорны жұмыс істейді. Оларды совхоздар мен колхоздар, аграрлық-өнеркәсіптік комплекске кіретін басқа да кәсіпорындар мен ұйымдар кооперативтік негізде құрды. Сондықтан да село энергетиктері өз жұмыстарын танаптар мен фермалар өнімінің жоғары түпкі қайтарымына бағдарлай отырып, шаруашылықтар алдында тұрған жоспарлар мен міндеттерге сәйкес ұйымдастырады. Мысалы, селолардағы өндірістік пайдалану учаскелері электр техник қызметкерлерінің жұмысы ауыл шаруашылық өндірісінің жұмыс тәртібімен тығыз байланысты, ал учаске бастықтары оперативті түрде шаруашылық басшыларына бағынады.

«Сельхозэнергоның» жалпы программасында өндірістік объектілерді, қондырғылар мен жабдықтарды ауыл шаруашылығы науқандарында — тұқым себу мен егін жинауға, мал төлдетуге, қой қырқуға т. б. әзірлеу — аса маңызды орын алады. Мысалы, олар бесжылдықтың қорытындылаушы жылының орағына 5740 астық тазалайтын және кептіретін пункттерді, екі мыңнан астам резервтегі электр станцияларын және үш жарым мың жөндеу шеберханасы мен гаражды әзірледі.

Село энергетиктері мал қолға ұсталатын кезеңде мал қоралары мен жемшөп цехтарын жылумен және электрмен сенімді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын мал қыстату қарсаңында фермалар мен комплекстердегі электр жабдықтардың бәрі дерлік тексеру мен ағымдағы жөндеуден өткізіледі, жаңартылады және жетілдіріледі.

Республиканың ауыл шаруашылығын электрлендіруде он бірінші бесжылдық жылдары ішінде елеулі сапалық өзгерістер болғанын атап өткен жөн. Совхоздар мен колхоздардың энергиялық жарақтануы өсті, оларды электрмен жабдықтау жақсарды. Бүгінде ауыл шаруашылығы өндірісінде электр двигательдері мен басқа да электр жабдықтарының бір миллионнан астам өлшемі пайдаланылады. Энергетикалық қызметтердің материалдық-техникалық базасы да елеулі түрде нығайды.

«Сельхозэнергоның» бірлестіктері мен кәсіпорындары материалдық және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу және ұтымды пайдалану жөнінен үлкен жұмыстар жүргізуде. Олар совхоздармен, колхоздармен бірлесе отырып, жыл сайын 150—200 миллион киловатт-сағат электр энергиясын үнемдейді. Мұндай табысқа ең алдымен энергияны неғұрлым аз пайдаланатын жабдықтарды енгізу, фотосәндіргіштерді орнату және электрдвигательдерді жұмыстың автоматты тәртібіне ауыстыру арқасында қол жетті. Осы бағытта Целиноград бірлестігі (бас директоры Н. С. Куршаков), Талдықорған бірлестігі (бас директордың міндетін атқарушы Р. Г. Аюпов) және Павлодар бірлестігі (бас директоры П. Н. Ваганов) өте жоғары көрсеткіштерге жетті.

Пайдалануға беруді жақсарту және алдын-ала жоспарлы қызмет көрсетуді дер кезінде жүргізу есебінен үстіміздегі бесжылдықта республика шаруашылықтарында электр двигательдері мен басқа да электр жабдықтардың істен шығуы 20 процентten 8 процентке дейін кеміді. Сонымен қатар село энергетиктері жыл сайын еңбек өнімділігін және қызмет көрсету сапасын ұдайы арттырып, жабдықтар мен қондырғыларды техникалық пайдалану жөніндегі жұмыстардың өзіндік құнын кемітіп келеді. Егер 1980 жылы республикада электр қондырғылардың қызмет көрсетуінің бір шартты өлшемінің құны 40 сомға жуық болса, өткен жылы 29,9 сом болды.

«Сельхозэнерго» бөлімшелері арасында екпінді еңбек үлгісін көрсетіп жүрген озық коллективтер аз емес. Мысалы, Көкшетау облысы Зеренді «Сельхозэнерго» кәсіпорнының жөндеу шеберханасының комсомол-жастар коллективі

Digitized by Google

электр двигательдерді жөндеу, материалдық және еңбек ресурстарын үнемдеу жөніндегі жұмыстарды сапалы орындағаны үшін Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. Ондаған село энергетиктері «Он бірінші бесжылдық екпіндісі» құрмет белгісіне ие болды. Олардың қатарында өндірістік-пайдалану учаскелерінің электр монтерлері — Талдықорған облысы Талдықорған ауданының Коминтерн атындағы колхозынан В. В. Афанасенко, Торғай облысы Амангелді ауданының «Коммунизм жолы» совхозынан К. Мұқанов, Семей облысы Аягөз ауданының «Тарбағатай» совхозынан К. Х. Біләлов, Павлодар облысы Ертіс ауданының «Северный» совхозынан еңбек және соғыс ардагері Н. В. Турский және басқалар бар.

Оң нәтижелерге жетуге көбіне жекелеген учаскелер мен звенолардың шаруашылық есепке және мердігерлікке ауысуы ықпал етуде. Талдықорған және Көкшетау облыстарында көптеген коллективтер қазір еңбекті ұйымдастырудың және оған ақы төлеудің жаңа формасы бойынша жұмыс істеуде.

Алайда селоларға электртехникалық қызмет көрсетуде олқылықтар мен шешілмеген проблемалар әлі де аз емес. Ең алдымен монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарының, электр жабдықтары мен қондырғыларын жөндеу мерзімдерін сақтауға және сапасын жақсартуға қол жеткізу қажет. Бұл істе энергетикалық учаскелер мен звенолар оперативті бағынатын совхоздар мен колхоздар басшылары да көбірек талапкершілік пен принциптілік көрсетуге тиіс.

Село энергетиктерінің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту да көбіне шаруашылық басшыларына, ауыл шаруашылығы органдарына байланысты. Өкінішке қарай, энергетиктерге жабдықтарды, бақылау-өлшеу стенділерін орналастырып, жөндеу және реттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті орындардың өзі барлық жерде бірдей бөлінбеген.

«Сельхозэнерго» қызметтерінің міндеті — бұл совхоздар мен колхоздар тұтынатын электр энергиясына есеп жүргізуді ретке келтіру. Көптеген жерлерде энергиямен жабдықтау ұйымдарымен есеп айырысу әлі күнге дейін ток қабылдағыштар мен трансформаторлық шағын станциялардың қуаттары бойынша жүргізіледі, мұның өзі өздерінің техникалық және көмерциялық шығындарын шаруашылық есебіне жазуға мүмкіндік береді. Ал жеке есеп жүргізу ұқыпсыздар үшін тосқауыл болып, электр үнемдеуді жақсы жолға қоюға мүмкіндік береді. Бір ғана мысал келтірейік. Көкшетау облысы Ленинград ауданының сегіз шаруашылығы энергия пайдалануды бақылау мекемесінің мәліметтері бойынша 1983 жылы 18,9 миллион киловатт-сағат электр энергиясын жұмсаған, ал 1984 жылы есеп жүргізу приборларын орнатқаннан кейін олар 11,9 миллион киловатт-сағат пайдаланған, яғни екі есеге жуық кем деген сөз. Сөйтіп шаруашылықтар 90 мыңға жуық сомды үнемдей алды.

Қазіргі уақытта жеке есеп 900 шаруашылықта енгізілді. Және осы жұмысты алдағы жылы жеделдете түскен жөн.

СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасында село еңбеккерлері, оның ішінде село энергетиктері алдына үлкен де жауапты межелер белгіленген. «Сельхозэнерго» қызметтерінің бірінші кезекті парызы — селоларды электрлендіруді елеулі түрде жақсарту, ауыл шаруашылығы өндірісін электрмен сенімді жабдықтауды арттыру, оны интенсивті арнаға көшіруге белсенді ықпал ету.

Осы жайында әңгімелерде айтыңыз

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР ҮНДЕУІ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Қарағанды облысы село еңбеккерлерінің 1986 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына ұйымшылдықпен, жоғары сапалы әзірленіп, өткізу жөніндегі республиканың совхоз жұмысшыларына, колхозшылары мен ауыл шаруашылығы мамандарына, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлеріне үндеуін мақұлдады.

КПСС Программасының жаңа редакциясы мен Уставының, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдыққа және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларын талқылаудан туындаған зор шабытты еңбек пен саяси белсенділік жағдайында КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға ұмтыла отырып, облыстың село еңбеккерлері еліміздің басты байлығы — астық өндірудің көлемін барынша молайтуды бірінші дәрежелі іс деп санайды.

Қарағандылықтар егіншіліктің аймақтық топырақ қорғау жүйесін, прогресті тыңайтқыштарды, өсімдік қорғау құралдарын тиімді пайдалануда.

Бұл үшін көптеген шаралар атқарылды. Жазғы кезеңде 240 мың гектар пар көтеріліп, бапталды; 900 мың тоннадан астам органикалық тыңайтқыш тасып, жеткізілді. Барлық жоспарлы танаптарға сүдігер әзірленді. Астықтың және басқа ауылшаруашылық дақылдарының жоғары сапалы тұқымы құйып алынды.

Шаруашылықтарда танаптарға органикалық тыңайтқыштар жеткізілуде, екі

Digitized by Google

ӨНІМ НЕГІЗІ КҮЗДЕ ҚАЛАНАДЫ

Үгітшілер мен саяси хабаршылардың көктемгі егіс жұмыстарына әзірлік туралы баяндамаларының, саяси хабарларының, әңгімелерінің үлгі тақырыбы

КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алайық!

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету — уақыт талабы.

Бәрі де адам игілігі үшін — КПСС-тің программалық талабы.

Он екінші бесылдықтың алғашқы жылына — әрбір диқанның екпінді еңбегі.

Озаттар тәжірибесін барлық диқандар пайдаланатын болсын.

Агротехникалық білімдерді, кәсіптік шеберлікті арттыру арқылы әрбір механизатордың жоғары еңбек көрсеткішіне қол жеткізейік.

Энергиялық жағынан қуатты тракторларға — бірінші кезекті қамқорлық.

Техниканың жоғары әзірлігі — көктемгі егіс жұмыстарын дер кезінде өткізудің кепілі.

Шеберханалардағы ауқымды және пәрменді социалистік жарыс — ауыл шаруашылығы машиналары мен құралсаймандарын қалпына келтірудің жоғары қарқыны мен сапасын қамтамасыз ету кепілі.

Жөндеудің агрегаттық әдісі, бөлшектелмейтін диагностика, детальдарды қалпына келтіру — материалдық, еңбек ресурстарын үнемдеу, жөндеу конвейерінің нақты жұмысын қамтамасыз ету жолы.

Көктемге әзірлене отырып, күзді ойла. Егін жинау техникасын әзірлік сапына қояйық.

Ауыл шаруашылығы өндірісін материалдық-техникалық жағынан кепілді қамтамасыз етейік.

Егістікке табиғи тыңайтқыштарды көп берсек, өнім де солғұрлым мол болады.

Минералдық тыңайтқыштарды дұрыс сақтау және пайдалану — ауыл шаруашылығы дақылдарынан көп өнім алу жолы.

Әрбір шаруашылықта таңдаулы сорттардың жоғары сапалы тұқымы болсын.

Танаптағы ылғал — қамбадағы астық. Қысқы агротехникалық шараларды өткізу барысында социалистік жарыс деңгейін көтерейік.

Мұнай базасын мұқият әзірлеу — көктемгі егіс жұмыстарын жоғары қарқынмен жүргізу кепілі.

Көктемнің әр күні — жылға азық.

Әр танаптың өзіндік агротехникасы болсын.

Қарағанды облысы село еңбеккерлерінің 1986 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына ұйымшылдықпен, жоғары сапалы әзірленіп, өткізу жөніндегі бастамасына — іскерлік қолдау.

Көктемгі егіс жұмыстарына дер кезінде және сапалы әзірлік — республика аграрлық-өнеркәсіптік комплексі барлық еңбеккерлерінің міндеті.

Ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендірудің маңызды резерві — үнем мен ұқыптылық.

Шаруашылық есеп пен коллективтік мердігерлік — егіншілікте жоғары түпкі нәтижелерге жетудің маңызды тұтқасы.

Коммунист! Сенің орның — көктемге әзірлену жөніндегі жұмыстардың алғы шебінде.

Селолық кәсіптік-техникалық училище — механизаторлардың білікті кадрларын даярлау ұясы.

рет қар тоқтатуға әзірлік жүргізілуде, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары қарқынды атқарылуда. Қазақстан Компартиясының XVI съезі ашылатын күні шаруашылықтарда тракторлардың төрттен үші, астық жинайтын комбайндардың үштен екісі және сеялкалардың 84 проценті, ал КПСС съезі ашылатын күні бүкіл егіс техникасы негізінен алғанда дайындық сапына қойылады.

Механизаторлар барлық тракторларды, егіс және топырақ өңдеу техникасын — 10 апрельге, насос станциялары мен жаңбырлатқыш қондырғыларды 20 апрельге, шөп жинайтын техниканы — 20 майға, ал астық жинайтын және сүрлем жинайтын комбайндарды, жаткаларды, астық тазартатын машиналар мен трактор тіркемелерін — 20 июльге дейін әзір етуді ұйғарды.

Бұл күндері бүкіл ұйымдастырушылық және бұқаралық-саяси жұмыс село еңбеккерлерінің саяси және еңбек белсенділігін арттыруға бағытталған. Әрбір механизатор, әрбір еңбек коллективі қол жеткен көрсеткіштен асып түсуге, белгіленген жоспарлар мен қабылданған міндеттемелердің толық және асыра орындалуын қамтамасыз етуге ұмтылуда.

Қарағанды облысы село еңбеккерлерінің үндеуі және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің олардың инициативасын мақұлдағаны туралы қаулысы республикалық және облыстық газеттерде 1986 жылғы 17 ноябрьде жарияланды.

Digitized by Google

МЕРДІГЕРЛІК — БЕРЕКЕ КӨЗІ

Осыдан үш жыл бұрын Тельман атындағы колхозда фермаға мектепті бітіре сала келген жас сауыншылар көп ұзамай «үш мыңшылар» атанады деген сөзді кім болса да өзіл ретінде қабылдайтынына сенімдімін. Алайда бұған бүгін мұнда ешкім таңданбайды. Өткен жылы 33 сауыншының 25-і әр сауын сиырдан 3 мың килограмнан сүт сауды және олардың жартысынан астамы жастар. Павлодар облысы «үш мыңшыларының» әрбір төртіншісі осы колхозда жұмыс істейді. Шаруашылық бойынша сүт сауу орта есеппен 3009 килограмға жетті.

Біз осы жайында әңгімелескен адамдардың қайсысы болса да сөзін фермалардың бәрінде енгізілген бригадалық мердігерлікті еске алудан бастады. Оған товарлы-сүт фермасының қызметкерлері бірінші болып ауысты. Сауыншылардың қандай жағдайда еңбек ететінін көрнекі түрде танып білуге көмектесетін бірнеше цифрды атайық.

Товарлы-сүт фермасында симменталь тұқымды 1100 сиыр бар. 1984 жылы жоспардағы 28.800 центнердің орнына 29.000 центнер сүт алынды. Бір центнер сүттің өзіндік құны шаруашылық бойынша 21 сом 26 тиын болды. Мұнда сиыр қоралар берік, жақсы жылытылған, әрі механизмдермен жарақтандырылған. Осы көрсеткіштердің бәріне қол жеткізу мол жемшөп базасынсыз мүмкін болмас еді. Оның үстіне жемшөп қоспалары жазда, сүрлем салу кезінде жасалады. Өткен мал қыстату қорытындылары бойынша Тельман атындағы колхоз КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. Қазір көрсеткіштер 6—7 процентке жақсаруда. Сонымен қатар сүт өткізуден жылына 840 мың сом таза пайда алынды.

Бұлар мердігерлікке бірден келген жоқ, сүт өндірудің льговтық тасқындыцех жүйесін енгізу оған алғашқы қадам болды. Осының арқасында әр сиырдың сүт беретін кезеңі ескеріле отырып, оларға күтім жасау үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Жемшөп анағұрлым тиімді пайдаланыла бастады.

Дегенмен жаңа проблемалар да пайда болды. Олардың ең маңыздысы — сиырлардың иесіз қалмауы. Бүгін сауыншы олардың бір тобын қараса, ертең басқа бір тобын күтімге алады. Мұның өзі жаңа жүйе артықшылығын жоққа шығарғандай болды. Сондықтан да келесі бір қадам жасау қажет еді — ол еңбекті звенолық әдіспен ұйымдастыруды енгізу болды. Фермаларда жеті звено құрылды, олардың әрқайсысынан 200—260 сиырды қамтитын төрт-алты сауыншыдан бөлінді. Соның нәтижесінде сиырлар бүкіл сауылатын кезең бойы бір қолда ұсталатын болды. Звенолардың құрылуына байланысты сауыншылардың еңбек және демалыс тәртібі сияқты мәселе де өте жақсы шешілді. Әрбір звенода колхозшы әйелдердің біреуі алмастырушы болды, соның арқасында сауыншыларға кезегімен төрт күнде бір рет демалыс беруге мүмкіндік туды.

Алайда қызметкерлердің бүкіл ферма коллективі еңбегінің түпкі нәтижелеріне мүдделі болуы қажет еді. Осы жерде бригадалық мердігерлік көмекке келді. Ол 1983 жылдың басында енгізілді. Ферма коллективі колхоз дирекциясымен шарт жасасты. Ферма қызметкерлері онда өздері қол жеткізуді ұйғарған көрсеткіштерді атайды, жемшөпті, техниканы, жабдықтарды мейлінше ұтымды пайдалануға, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтауға міндеттенеді. Колхоз басқармасы өз кезегінде белгіленген межеге қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасауға кепілдік береді. Шаруашылық басшыларының бригаданың келісімінсіз адамдар мен техниканы басқа жұмыстарға тартпау туралы міндеттемесі ерекше жазылады. Әр жылға өнім алу үшін қажетті шығын түрлері көрсетіп беріледі.

Шартта материалдық және моральдық ынталандыру шаралары қарастырылған. Мысалы, сүт өндірудің жылдық жоспарын асыра орындаудың әр процентіне бригадаға өнім үшін төленетін қосымша ақының үстіне жылдық жалақының бір проценті беріледі. Ал өнімнің өзіндік құнын кеміткені үшін бригада өзінің жұмсауына үнемделген соманың 40 процентін алады.

Мердігерліктің қалай қызмет атқаратынын колхозшылардың өздері бәрінен жақсы әңгімелейді.

Бұл орайда алғашқы сөзді колхоздың таңдаулы сауыншысы К. В. Мартенске берген орынды. Ол 1982 жылы сүт сауу жөнінде облыс чемпионы болған. Өткен жылы Каролина Васильевна басқаратын звено (онда звено жетекшісімен бірге төрт сауыншы бар) өздеріне бекітілген 250 сиырдың әрқайсысынан орта есеппен 3314 килограмнан сүт сауды. Бұл шаруашылықтағы ең жоғары нәтиже.

— Біздің звено жас шамасы мен біліктілігі әртүрлі сауыншыларды біріктіреді, — деп әңгімелейді звено жетекшісі. — Бастапқыда бізде бәрі бірдей ойдағыдай болған жоқ. Өйткені біз жылдар бойы жеке жұмыс істеп, өз нәтижелеріміз үшін жауап беруге үйрендік қой. Оның үстіне бізге сауыншылардың бірінің іске немқұрайдылықпен қарауы өтеміте кедергі жасады. Ол сиырларды да толық саумайтын, тәртіп те бұзатын. Фермада бұрын осыған келісімпаздықпен қарағанын жасырмаймын, ал енді сауыншылар мұндай салдыр-салақ жұмысқа наразылық білдіретін болды. Құр-

Digitized by Google

былары ұқыпсыз сауыншыға «Малдың құнарлығын кемітуге жол бермейміз» деп тура айтты. Осындай ұйымшыл тойтарысқа ұшыраған ол өзінің жұмысқа деген көзқарасын өзгертуге мәжбүр болды.

Осы оқиғаны еске алудың өзі ауыр. Және оны біреуге кінә тағу үшін емес, бір звенодағы жұмыстың, түпкі нәтиже жолындағы жұмыстың адамдар арасындағы қарым-қатынасты күрт өзгерткенін көрсету үшін айтады. Қазір егер бір адам жұмысты ойдағыдай істемесе, мұның өзі баршаның жұмысына әсер етеді. Кемшіліктерге ымырасыздық осыдан келіп туады.

Алайда бір-бірінен үйрену де қажет болды. Бір звеноның мүшелері бола отырып, біз өзіміз білетін және қолымыздан келетін нәрсенің бәрімен алмастық, бір-бірімізге көмектестік, барлық істе қолдап отырдық. Жас сауыншылар анағұрлым тәжірибелі сауыншылардан үйренді, ең ауыр жұмысты өз қолдарына алды. Қазір мен өз құрбыларым — Мария Гартманға, Ольга Киншке, Эльвира Рудиге, олардың еңбекке деген қарым-қатынасына әбден ризамын.

М. Ф. Бефустың комсомол-жастар звеносы жарыста екінші орынды берік ұстап келеді. Звено әр сиырдан өткен жылы 3127 килограмнан сүт сауды.

— Біз алты сауыншымыз, — деп әңгімелейді Мария Францевна. — 260 сиырды қамтимыз. Біздің коллектив те тамаша қалыптасты. Бұған адамдардың ортақ табысқа мүдделілігі, өзара бақылау мен өзара көмегі әсер етті. Нақ осындай жағдайда жұмыс та өнеді, адамдар да тез өседі. Светлана Пичуга фермада небары екінші жыл жұмыс істейді. Ол бізге мектеп бітірісімен келді. Егер Света жұмысты жалғыз істеуден бастаса, ол бүгінгідей еңбек етуді бірден үйрене алмас еді. Жасы үлкен, анағұрлым тәжірибелі сауыншылар оған өздері білетін нәрсенің бәрін үйретті. Ортақ қам-қарекеттер адамдарды топтастырады, дегенмен коллективтің қалыптасуы үшін мұның бір өзі аз сияқты. Бұл үшін бірқатар қоғамдық істерді де бірлесіп атқару қажет. Біз фермада өз кәсібімізді игеріп жүрген тоғызыншы класс оқушыларына қамқорлық жасаймыз. Туған күндерді, звеноның әрбір мүшесінің жеке өміріндегі басқа да оқиғаларды бірлесіп атаймыз. Жолдастарының жылы, жүректен шыққан сөздері екпінді еңбекке жігерлендіреді.

Озат сауыншылар коллективтегі звенолардың үздік көрсеткіштерге жетуіне көмектесе отырып, үгіт жұмысын жүргізеді. Тұмсаларды сауатын Ирма Рудольфовна Рингтың, Ида Яковлевна Гельфингердің звеноларының үш мыңыншы асуға сеніммен жетуінде олардың да көмегі жоқ емес.

Ферма меңгерушісі, үгіт коллективінің жетекшісі А. А. Гак бізбен әңгімесінде бригадалық мердігерлікті енгізгеннен кейін тәртіпке, жұмысқа деген көзқарасқа байланысты көптеген мәселелерді



«Плакат» баспасы

звено коллективтерінің өздері шешетіні, жолдастардың сөзі кейде әкімшілік ықпалынан анағұрлым күштірек әсер ететіні туралы пікірді жиі атап көрсетумен болды.

Әрине, бізбен әңгімелесушілер К. В. Мартенс те, М. Ф. Бефус те өздері жеке жұмыс істеген жағдайда төрт мың килограмнан сүт сауууға да болатынын, бірақ мұның өзі бүгінде олардың жас сауыншыларды тәрбиелеуге белсенді көмектесуінен, оларға бай тәжірибесін үйретуден маңызды емес екенін айтты. Жастардың қосқан осы үлесі материалдық игіліктерді бөлуде есепке алынады. Звеноларда жалақы сауыншылар арасында тең бөлінеді, ал звено жетекшілері оған қосымша 15 процент ақы алады. Звено мүшелерінің орташа айлығы 250—300 сом болып, кейде одан да асады.

Мердігерлік бригада құрамына слесарьлардың, электриктердің, жемшөп өндірісі жұмысшыларының қосылуы да көп нәрсе берді. Кейбір шаруашылықтарда оларды қосалқы кәсіп қызметкерлері деп санайды. Осы заманғы фермада жабдықтардың аз уақыт тоқтап қалуының өзі өнім өндіруде кідіріске, оның сапасының төмендеуіне әкеп соғатыны сөзсіз. Ал Тельман атындағы колхозда, айталық, қазір өнімнің 98,5 процентін бірінші сортпен тапсыруға мүмкіндік беретін сүт салқындатқыш аса күрделі

Digitized by Google

қондырғы жұмыс істейді. Сондықтан колхозда сауыншылардың өнімді еңбек етуін қамтамасыз етіп отырған адамдарға ұдайы қамқорлық жасайтыны заңды да. Олардың есімдері мұнда таңдаулы сауыншылармен қатар аталады. Бұлар — малшылар Г. Я. Шель, Э. Э. Триллер, В. Г. Шель, В. А. Шлегель, слесарьлар Ф. П. Мартель және В. Н. Класс.

Мердігерлік колхоздың басқа фермаларында да батыл қолданылуда. Мысалы, 16 адамнан құрылған мердігерлік бригада 3 мыңнан астам ірі қараны қоражайлар мен жайылымда күтіп бағады. Колхоз партия комитетінің мүшесі Н. Рамазанов бізге мердігерлікке ауысқанға дейін мұнда 22 колхозшы жұмыс істегенін айтты. Қазір ірі қараның тәуліктік салмақ қосуы нормадағы 700 грамның орнына 900 грамға жетті. Мал 450 килограмм орташа салмақпен етке тапсырылады, олардың 98 проценті жоғары қоңдылықпен қабылдануда. Колхозда жүз сиырдан 98 бұзау алынады.

Оларды өсіру, сүт фермасындағы сияқты, звенолық әдіспен жүргізіледі. Әдетте екі адамнан тұратын звено 90 бұзауды алты айлығына дейін өсіреді. Төлдердің бәрі дерлік аман сақталады. Әскери борышын өтеп колхозға оралған Еренғай Исабеков пен Яков Шаерман ең жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Оларда малдың аман сақталуы да, салмақ қосуы да өте жоғары.

Сүт сауу мен салмақ қосудың артуы, жемшөп пен материалдарды ұқыпты пайдалануға мүдделіліктің артуы — осының бәрі мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығындарды кемітуге оңды әсер етуде. Өткен жылы фермаларда тікелей шығындар 9,5 процент қысқарды—мұның өзі мыңдаған сом пайда алынып, жүздеген тонна жемшөп, мыңдаған киловатт-сағат электр энергиясы үнемделді деген сөз.

Малшылардың табысты еңбек етуіне бүкіл колхоз коллективі белсенді ықпал етуде. Шаруашылықтағы бүкіл тіршілік, партия ұйымының бүкіл қызметі бұл күндері фермаларға жұмылдырылған деуге болады. Сауын басталатын таңертеңгі сағат бес кезінде сауын алаңдарында колхоз председателі К. Я. Люц пен партия комитетінің секретары В. Г. Моргенштерн жиі көруге болады. Олар малшылардың барлық қам-қарекеттеріне көңіл бөледі, туындайтын проблемаларға, адамдардың өтініштеріне жедел құлақ асады. Әрбір екі апта сайын өтетін малшылар күні мұқият дайындалады. Оларға шаруашылықтың барлық мамандары қатысады. Экономикалық оқу жақсы жолға қойылған, оған шаруашылықтың бас экономисі А. Ф. Нацаренустың сіңірген еңбегі аз емес. Сабақтарда бригадалар мен звенолар жұмысы талданады, шаруашылықты үздік жүргізу жолдары коллективті түрде белгіленеді.

Малшылар колхоздың саяси хабаршылар тобына кіретін орта мектеп мұғалімдері — Мария Яковлевна Эбертті, Иван Васильевич Четниковты және басқаларды жылы лебізбен атайды. Ферма қызметкерлері олардың әңгімелерін әрдайым күтіп жүреді. Мұнда мұғалімдер хорының, «Улыбка» үгіт бригадасының өнерін де жақсы көреді. Совхоз клубының көрермендер залында социалистік жарыс жеңімпаздары үшін бөлінген құрметті орындар қатары бар.

Осының бәрі адамдардың еңбекке барлық күш-жігерін жұмсауға деген құлшынысын тудырады. Колхоз малшылары КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының шешімдерін толық мақұлдап, съезд қарсаңындағы материалдарды қызу талқылауда. Бүгінде олар алуға күш салып жатқан ең таяудағы асу — жылдық сүт сауу мөлшерін шаруашылық бойынша орта есеппен 3300 килограмға жеткізу, қыс айларында сүт өндіруді өткен мал қыстату кезеңінде қол жеткен дәрежеге қарағанда 5 процент, етті — 6 процент арттыру. Осы межелерге жету жолындағы күрес күн сайын жалғасуда.

В. КОСТРОВ.

Павлодар ауданы,
Павлодар облысы.

Журнал сынынан кейін

«ОВОЩ ӨСІРУШІЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ»

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 17-ші санында осындай тақырыппен мақала жарияланған еді, онда «Госкомсельхозтехниканың» Петропавл жөндеу-механика заводының коллективіне астрахандық технология бойынша овощ өсіруге арналған құрылғылар шығаруды тездетуге тілек білдірген болатын. Завод директоры А. П. Белоконенко, партия ұйымының секретары А. В. Неделяев және кәсіподақ комитетінің председателі В. Н. Горбунов редакцияға хабарлағанындай, мақала жұмысшылар жиналысында талқыланған. Коллектив овощ өсіруге арналған құрылғылар шығару жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін 150 ППР-5,4 комплектісін шығару, ал КПСС XXVII съезі ашылғанға дейін овощ дақылдарын ұқсату жөніндегі қосымша үш операцияны орындай алатын жаңа варианттағы 50 комплекті шығару белгіленді. Осы құрылғылар танапта қол еңбегін жоюға және республика совхоздары мен колхоздарында жүздеген қызметкерлерді босатуға мүмкіндік жасайтын болады.

Digitized by Google

БОЛАШАҚ ҮШІН САҚТАЙЫҚ

С. ЖИЕНБАЕВ,
Қазақ ССР тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының орталық советі президиумының председателі

Тарихи және мәдени ескерткіштер — халық игілігі, оның мақтанышы. Біздің республикамызда олардың саны 11 мыңнан асады. Олардың екеуі одақтық дәрежедегі, 206-сы республикалық әні бар ескерткіштер. Бұлар В. И. Ленин мен оның серіктестері-революционерлерге арналған монументальды ескерткіштер, азамат және Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқан жауынгерлерге арналған мемориалдар.

Қазақстан жері өткен ғасырлардың тамаша шеберлері қалдырған тарихи-археологиялық, мәдени-архитектуралық ескерткіштерге бай. Мұнда тарихи оқиғалар мен революциялық қозғалыстарға, социалистік және коммунистік құрылысқа, партия мен мемлекеттің, ғылым мен мәдениеттің аса көрнекті қайраткерлерінің өміріне байланысты ғимараттар мен ескерткіш орындар аз емес. Өткен ғасырлардан көне қолжазбалар, архив материалдары, сирек кездесетін басылымдар қалды. Тұтасынан алғанда олар баға жетпес қазына, халықтың өткен өмір жолының ескерткіші болып табылады.

1971 жылы құрылған Қазақ ССР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы оларды ұқыпты сақтауға ықпал етуге міндетті. Ол құрылғаннан бергі уақыт ішінде 19 облыстық, 302 аудандық және қалалық советті, 11650 бастауыш ұйымды біріктіре отырып, ірі ерікті қоғамдық ұйымға айналды. Оның есебінде 2 миллионнан астам азамат тұрады.

Қоғам ескерткіштерді зерттеуде, есепке алу мен паспорттандыруда, қорғау мен қайта құруда мемлекеттік органдарға белсенді ықпал етеді. Осы мақсаттарға жыл сайын бір миллион сомнан астам қаржы бөлінеді.

Қоғамның орталық советі Талдықорған облысының Кербұлақ ауданындағы Шоқан Уәлихановтың оның есімімен аталатын колхозда мемориалды музейі комплексін құру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізді. Осы комплекс аса көрнекті қазақ ағартушысы әрі ғалымының өмірі мен қызметін зерттеу жөніндегі маңызды ғылыми-мәдени орталыққа айналуда. Сонымен қатар біз Шоқанның балалық шағы өткен Көкшетау облысы Володар ауданының Сырымбет селосындағы музейді қайта қалпына келтірдік.

Жыл сайын әртүрлі тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта құруға және жөндеуге қыруар қаржы жұмсалады. Мысалы, жуырда Маңғышлақ облысында Т. Г. Шевченконың мемориалды омплексі, Семейде Ф. М. Достоевсийдің музей үйі мен қалалық балалар кітапханасының тарихи үйі, Оралда екі собор, Жамбыл, Жезқазған және Шымкент облыстарында бірқатар көне мавзолейлер күрделі жөндеуден өткізілді. Солтүстік Қазақстан облысының Пресновка селосында белгілі совет жазушысы И. П. Шуховтың үйі жөнделіп, музей болып құрылды.


Үстіміздегі жылы біздің қоғамымыз Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған бірқатар шараларды ұйымдастырды. Республика қалалары мен селоларында мемориалды комплекстер, обелискілер жаңартылды, жаңа ескерткіштер, қоғамдық музейлер ашылды.

Қоғамның бастауыш ұйымдары партия және совет органдарының басшылығымен жергілікті жерлерде қалың жұртшылықты ескерткіштерді қорғауға тартады, оларды қамқорлыққа алуды ұйымдастырады. Біздің қоғамның инициативасымен және оның қаржысына жыл сайын археологиялық, этнографиялық, тарихи-өлкетану және басқа да экспедициялар ұйымдастырылуда, оларды ғалымдар, жоғары оқу орындары мен мектептердің оқытушылары басқарады. Олар ғылым үшін өте құнды жұмыстар атқаруда; ескі қоныстар анықталып, зерттелді, оларды қорғау-қазу жұмыстары мен паспорттандыру жүргізілді, бұрындары республикамыздың кең байтақ жерін мекендеген халықтардың мәдениеті мен тұрмысындағы заттар мен бұйымдардың едәуір мөлшері жиналды. Биыл Қазақстан ескерткіштерін анықтап, жинауды, картаға түсіруді 12 ғылыми-іздестіру экспедициясы жүзеге асырып жатыр.

Қоғам қызметінің өте маңызды жағы — тарихи және мәдени ескерткіштерді кеңінен насихаттау. Ол партия ұйымдарының басшылығымен жүргізіледі. Активистеріміз материалдар жариялайды, радио мен телевизиядан сөз сөйлейді, лекциялар, әңгімелер, экскурсиялар, сурет көрмелерін ұйымдастырады. Біз мектептер мен оқу орындарында жаңа музейлердің ашылуына жан-жақты ықпал етеміз, оларға өлкетану, іздестіру жұмыстарында көмек көрсетеміз.

Мысалы, Алматы қаласының № 78 орта мектебінде қоғамның қалалық советі мүшелерінің белсене қатысуымен тарихи-өлкетану музейі құрылды, оның қо-

Digitized by Google



Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуы қарсаңында Талдықорған облысының Кербұлақ ауданында «Алтынемел» музейі ашылды. Мұнда қазақ халқының ұлы перзентінің қысқа, бірақ жарқын өмірі туралы баяндайтын жеке заттары, документтері мен суреттері, тақырыптық картиналар, тұрмыс заттары қойылған. Экспозицияда саяхат жасау кезінде орындалған суреттер көп. Ленинград, Фрунзе, Омбы, Алматы және еліміздің басқа да қалаларының архивтері мен музейлерінен көптеген экспонаттар алдырылды. СССР Суретшілер Одағының мүшесі Ш. Қожахановтың жетекшілігімен орындалған Ш. Уәлиханов экспедицияларының маршруттары бар айшықты гобелен келушілердің назарын аударады.

Суретте: «Алтынемел» музейінің орталық залында.

ҚазТАГ-тың суреті.

рында 4 мыңнан астам экспонат бар. Оның экспозициялары көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі кезеңді бейнелейді.

Орталық советтің жастар секциясының инициативасы бойынша жуырда жаңа республикалық Пионерлер сарайында археология және этнография музейі ашылды. Осы секция жас жеткіншектермен елеулі тәрбие жұмысын жүргізуде. Оның жанында республика астанасының 20 мектебінің оқушылары қатысатын клуб пен музей тұрақты жұмыс істейді. Бүкілодақтық байқау-конкурс қорытындылары бойынша осы аталған музей СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің екі қола медаліне ие болды. Қазақстан кинематографияшылары музей мен клуб жұмысы туралы ғылыми-көпшілік фильм түсіруде.

Сондай-ақ Шымкент, Шығыс Қазақстан, Целиноград және Солтүстік Қазақстан облыстарының оқушы жастары да тарихи және мәдениет ескерткіштерін табуға, қорғауға және қалпына келтіруге белсене қатысуда. Мұнда көптеген мектептерде, техникумдар мен училищелерде, жоғары оқу орындарында В. И. Ленин музейі, жауынгерлік және еңбек даңқы, өлкетану және этнографиялық музейлер бар. Қоғамның Алматы көркемсурет училищесі жанындағы бастауыш ұйымының көп жақты жұмысын ерекше атағым келеді. Болашақ суретшілер — жігіттер мен қыздар көне материалдық мәдениеттің әртүрлі ескерткіштерін қалпына келтіруге ақысыз өз үлестерін қосуда, азамат және Ұлы Отан соғысының қаза тапқан жауынгерлері құрметіне орнатылған көптеген обелискілер мен мемориалдарды қамқорлыққа алды, Совет өкіметін орнату жолында өз өмірлерін қиған батырлар мен күрескерлердің есімдерін анықтау үшін талмай ізденеді.

Республикамыздың мектептері мен оқу орындарында, еңбек коллективтерінде В. И. Ленин ескерткішінің еңбек және жауынгерлік даңқ мемориалдарының жанында салтанатты көпшілік шаралар өткізу дәстүрге айналды. Мұнда пионер жиындары, пионер және комсомол, студент қатарына қабылдау өткізіледі, студенттердің құрылыс отрядтары осы жерден аттанады, Совет Армиясы қатарына шақырылғандарды шығарып салу, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылады. Осының бәрі жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беруге ықпал етеді. Ол өткенді түсінуге, оны қастерлеуге баулиды.

Өкінішке қарай, республикамызда тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау сияқты игі істе бәрі бірдей ойдағыдай емес. Бүгінде, қалалар мен басқа да жергілікті мекендер көптеп салынып жатқан кезде, тарихи оқиғалармен, аса көрнекті адамдар өмірімен және қызметімен байланысты өткен ғасырлардың қызықты архитектуралық ғимараттары мен үйлері бұлінуде. Ал

Digitized by Google

олардың кейбірі тіпті жете мән бермеу салдарынан бұзылып та жатыр. Мысалы, Алматыда Д. А. Фурманов пен академик Г. А. Тиховтың үйлері, ал Қызылордада Сәкен Сейфуллин тұрған үй құлатылды. Қызылордада Ілияс Жансүгіровтің тұрған үйі де нашар жағдайда.

Жергілікті мекендерден шалғай орналасқан көне архитектура мен материалдық мәдениет ескерткіштерін қорғау проблемасы да осы күнге дейін шешімін таппай келеді. Маңғышлақ облысында, мысалы, көне ғимараттар — құлпытастар мен қойтастардың біразы жоғалды, өйткені олар даладағы зираттарда орналасқан.

Талдықорған облысында жартастағы суреттерді жауын-шашыннан қорғау жөнінде қамқорлық жасалмаған, соның салдарынан олардың біраз бөлігі өшіп кетті. Кей жерлерде көне қорғандар мен қалашықтарды тонау оқиғалары да анықталды.

Келтірілген фактілер халқымыздың рухани мұрасына немқұрайдылықпен қараумен бірге ескерткіштерді қорғау және пайдалану туралы совет заңын тікелей бұзудың да бар екенін дәлелдейді. Біздің қоғамның облыстық және аудандық советтері, бастауыш ұйымдары совет және әкімшілік органдарымен бірлесіп ескерткіштерді қорғауға батыл араласуға, кінәлі адамдарды жазалай отырып, олардың бұзылуы мен талқандалуына жол бермеуге міндетті.

Қоғамның облыстық және аудандық советтерінде, бастауыш ұйымдарында басқа да алаңдатар жағдайлар аз емес. Ең алдымен, әсіресе, селолық жерлерде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту керек. Осы жұмыстардың сапалы, арзан және анағұрлым қысқа мерзімде жүргізілуіне қол жеткізу қажет. Сондай-ақ бүкіл қалпына келтіру өндірісінің материалдық-техникалық базасы да ерекше нығайтуды талап етеді.

Еліміз екі жылдан кейін Ұлы Октябрь социалистік революциясының 70 жылдығын атап өтеді. Республиканың тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау Қоғамының орталық советі осы атаулы датаны лайықты қарсы алу жөнінде шаралар әзірлеуді қолға алды. Көптеген тарихи және мәдени ескерткіштерде бейнесін тапқан жетістіктерімізді кеңінен насихаттау белгіленуде. Республика облыстарының бәрінде осы жұмыстың жоғары ұйымшылдықпен өткізілуі өте маңызды.

Халықтың рухани мұрасын сақтау — мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың маңызды міндеті, біздің азаматтық, патриоттық парызымыз. Еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің қуатты құралы ретінде қызмет ететін тарихи және мәдени жетістіктері, совет халқының тамаша дәстүрлері тарих және мәдениет ескерткіштерінде өмір сүруде. Сондықтан да біз оларды қазіргі ұрпақ үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де сақтауға тиіспіз.

Маскүнемдікке — берік тосқауыл

ИГІ ОЗГЕРІСТЕР

И. ПИНЧУК,
Алматы үй құрылысы комбинаты партия комитетінің секретары

Партия мен үкімет маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы шешім қабылдағаннан бері жарты жылдан астам уақыт өтті. Совет адамдары қызу мақұлдаумен қарсы алған осы маңызды документтер біздің өміріміздің барлық жақтарына орасан зор ықпал етті және ықпал етуде. Мұның өзі үй құрылысы комбинаты коллективінің мысалынан айқын көрінеді. Салауатты өмір салты үшін тегеурінді күрес бүкіл коллектив істеріне де игі ықпал етуде. Соңғы айлар ішінде қыдырымпаздық үштен бірінен астам қысқарды, право бұзу оқиғалары екі есе азайды. Құрылыс конвейерінің ырғағы мейлінше жатық бола түсті. Комбинат тоғыз айдың жоспарын 108,8 процент орындады, осы уақыт ішінде 253,6 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы іске қосылды. Тұрғын үйлердің 91 проценті «жақсы» және «өте жақсы» бағаларымен тапсырылды. Үй құрылысшыларының коллективі КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіне қабылданған жоғары социалистік міндеттемелерді табысты орындауда.

Маскүнемдіктің бүкіл залалын түсіне білген жекелеген адамдар өмірінде де игі өзгерістер болуда. № 2 құрылыс-монтаж басқармасы коллективінде Валерий Малогуловты ұзақ уақыт бойы түзелмейтін шығар деп есептеді. Қыдырымпаздық, сменаға кешігіп келу, мас күйінде жұмысқа шығу ол үшін тұк емес еді. Бригадада оған келісімпаздықпен қарап, пайдасынан залалы көп қызмет көрсетті.

Енді бригададағы ахуал өзгерді. Адамдар бір-біріне анағұрлым талаппен қарайтын болды. Құрылыс ардагері, звено жетекшісі Рауф Зарипович Бекбасов Валерийді қамқорлығына алды. Бастапқыда Малогуловтың қалт кетулері болды. Әйтсе де бригада оған әрдайым көңіл бөліп отырды. Бірде-бір оқиға елеусіз қалған жоқ. Ал ең бастысы сол, бри-

Digitized by Google

ғадада басқа тәртіп бұзушылар жоқ, сондықтан да ешкімді саялай алмайсың. Қазір Валерий адам танымастай болып өзгерді. Жайдары жүреді, жұмысқа деген ықыласы күшейді. Енді бригадада оны «алтын қолды Валера» деп атайды. Жуырда Рауф Зарипович еңбек демалысына кететін болғандықтан оны алмастыру туралы мәселе қойылды. Звено жетекшісі етіп В. Малогуловты тағайындау ұйғарылды. Коллектив сенімін сезінген ол бұрынғыдан да зор күш-жігермен жұмыс істей бастады.

Адамдар тағдырында осындай игі, шын мәнінде қуанарлық өзгерістер аз емес. Жуырда электрмен дәнекерлеуші Анатолий Щукин көп тиражды «Домостроитель» газетінің беттерінде өз ойларымен алмасты. «Ойланыңыздар, әлі кеш емес!» деген тақырыппен жарияланған мақалада ол былай деп жазды: «Мен 35 жастамын. Паспорт бойынша солай. Бірақ өзім жуырда ғана — ішуді қойғаннан кейін ғана тудым деп есептеймін. Және осы шешімге келген күн мына себептен мәңгі есте қалды. Сонда біздің бригадир Ораз Жайықұлы Мұқашев: Анатолий, ішкенің де, біздің коллективті ұятқа батырғаның да жетеді деп нық айтты және медициналық-санитарлық бөлімнің наркологиялық кабинетіне жетелегендей етіп ертіп әкелді». Анатолий өз сөзінде әлі де маскүнемдіктің солқылдақ жолымен келе жатқан адамдардың бәрін уақыт барда ойлануға шақырады.

Бүкіл коллектив өмірі де, жеке адамдар тағдыры да салауатты өмір жолындағы күресті бір күнге де әлсіретуге болмайтынын көрсетуде. Мұндағы табысқа, партия шешімдерінде атап көрсетілгеніндей, еңбекшілердің өздерінің жоғары белсенділігі жағдайында ғана қол жеткізуге болады. Партия комитеті коммунистерді, барлық қоғамдық ұйымдарды, құрылыстың шаруашылық басшыларын осыған ұдайы мегзеуде. Ай сайын партия комитетінің мәжілістерінде осы мәселе жөніндегі шаралардың орындалу барысы қаралады. Үш цехтық партия ұйымының, комсомол комитетінің, цех бастықтарының есептері тыңдалды. Жуырда, мысалы, комбинаттың ерікті халық жасағы командирінің орынбасары В. М. Мазо есеп берді.

Комбинат директоры М. А. Аблязин басқаратын право бұзушылықтан сақтандыру жөніндегі қоғамдық совет, сондай-ақ цехтық советтер, жолдастық соттар өз қызметін жандандырды. Жастар жатақханаларында әрдайым рейдтер өткізіледі, онда комбинаттың жауапты қызметкерлерінің кезекшілік етуі жолға қойылған.

Осы шаралардың бәрі белсенді түсінік жұмыстарымен ұштастырылады. Бізде бірқатар лекторлар мен саяси хабаршылар алкогольге қарсы насихатқа мамандануда. Бұлар — № 4 құрылыс-монтаж басқармасының бастығы А. В. Ким, экономикалық лаборатория бастығы М. А. Меремьянин, № 3 құрылыс-монтаж басқармасының мастері Н. Я. Арефьев, № 2 цех бастығы Е. С. Бейсенбаев, инженер Е. Н. Грицай және басқалар.

Комбинаттың барлық бөлімшелерінде «Салауаттылық — өмір нормасы» деген тақырыпта бірыңғай саяси күн және лектор күні өткізілді. Қазақ ССР Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-майор Н. С. Пилипенко, құрылысшылар кәсіподағы республикалық комитетінің председателі Т. Г. Лыткин, Алматы халық шаруашылығы институтының оқытушылары құрылысшылар алдында сөз сөйледі. Ал жуырда Алматы қалалық атқару комитетінің председателі, республика Жоғарғы Советінің депутаты А. А. Құлыбаевтың № 2 завод еңбеккерлерімен әңгімесі болды, онда ол қазір қалада маскүнемдікпен және алкоголизммен жүргізіліп жатқан күрес туралы әңгімеледі, көптеген сұрақтарға жауап берді.

Ал тәртіп бұзушыларға қолданылатын шаралар бізде қатаң әрі дәйекті бола түсті. Оларды жалақысы төмен жұмысқа ауыстырады, сыйлықтар мен қосымша ақыдан, санаторийлер мен демалыс үйлеріне берілетін жеңілдікпен пайдаланылатын жолдамалардан айырады, пәтер алу кезегінен шегереді. Маскүнемдікке және маскүнемдерге ымырашылдықпен қарауға жол берген басшылардан қатаң сұралатын болды. Мысалы, еңбек коллективінде тәрбие жұмысын нашар жүргізгені үшін № 4 цех бастығы Н. П. Придчинге сөгіс жарияланып, тоқсандық сыйлықтан айрылды, ал прораб П. А. Дериглазов жұмыс орнында спиртті ішімдік ішкені үшін жұмыстан шығарылды.

Қазір жеке жұмысқа көбірек көңіл бөлінетін болды. Маскүнемдікке бейім адамдарға үгітшілер мен тәлімгерлер бекітілді, олар өз қамқорлығындағылардың семьяларына барады, оларды қоғамдық пайдалы істерге тартады. Қазір партия комитеті осы жұмыс практикасын қорытуда.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы бағыттап отырған еңбекшілердің, әсіресе жастардың демалысын ұйымдастыруға үлкен мән береміз. Ал бұл үшін мүмкіндіктер бізде аз емес. Үй құрылысшыларының қарауында мәдениет сарайы, стадион, жүзу бассейні, жабық спорт залдары мен шахмат-дойбы клубы бар. Олардың бәрі өздерінің жұмыс тәртібін қайта қарады. Қазір мұнда бұқаралық шаралар, концерттер, дайындықтар, спорт және физкультура сайыстары негізінен жұмыс уақытында емес, демалыс және мереке күндері өткізіледі.

Өткен айлар ішінде біраз жұмыс атқарылды, алайда түпкілікті қорытындылар шығаруға, қол жеткенге тоқмейілсуге әлі ертерек. Салауаттылық үшін күрес мәнін адамдардың бәрі бірдей терең сезінген жоқ. Біз маскүнемдік оқиғаларына ымырашылдықпен қарау фактілерімен де ұшырасамыз. Еңбеккерлеріміздің демалысын жақсарту үшін өте көп іс атқару қажет.

Digitized by Google

КОМПЛЕКСТІ ЖОСПАР БОЙЫНША

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының редакциясы Қарағанды облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімімен бірлесіп облыстың бірқатар кәсіпорындары мен ұйымдарының көрнекі үгіт ұйымдастырушыларымен және суретші-безендірушілерімен «дөңгелек стол» басында әңгіме өткізді.

«Дөңгелек стол» басындағы кездесу қарсаңында оған қатысушылар Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында, Костенко атындағы шахтада, «Сарыарқа» жеке заказдармен киім тігу және жөндеу фирмасында, политехника институтында, № 52 орта мектепте, облыс орталығының тұрғын аудандарында болды. Ал содан кейін коммунистік тәрбие беруде, еңбек тәртібі мен ұйымшылдықты нығайтуда көрнекі үгіттің ролін қалай арттыру туралы пікір алысты.

Кездесуде соңғы жылдары Қарағанды облысында алаңдарды, көшелерді, микроаудандарды көркем-саяси безендірудің бірыңғай комплексті жоспарларын жасаудың практикаға ене бастағаны атап көрсетілді. Осы жоспарлар қалалардың, аудандардың, поселкелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының құрамдас бөлігі болып табылады. Қарағанды мен Теміртауда құрастырмалы бөлшекті элементтерден жасалған үлкен көлемді конструкциялар кеңінен пайдаланылуда. Осы жұмыстың бәрін жетілдіруге жыл сайын өткізілетін облыстық байқау-конкурстар ықпал етеді, олар таңдаулы көрнекі үгіт үлгілерінің аудандық, қалалық және облыстық көрмелерімен аяқталады.

Қарағанды қаласының Ленин аудандық партия комитетінің секретары Т. Я. Шаржукова көрнекі үгітті перспективалы-комплексті жоспарлау, ауданды, оның кәсіпорындары мен ұйымдарын тақырыптық, көркем-саяси безендіру тәжірибесін ортаға салды. Көрнекі үгіт толық күшпен «жұмыс істеуі» үшін мұнда оның мазмұны мен формасының архитектуралық бейнеге, табиғи ортаға, көшелер мен алаңдардың аттарына логикалық және эстетикалық жағынан сәйкес келуіне қол жеткізілуде. Мысалы, зәулім ғимараттары мен көлеңкелі аллеялары бар, көпшілік жиналатын Бейбітшілік бульварындағы көрнекі үгіт КПСС пен Совет үкіметінің бейбітшіл сыртқы саясатына арналған. Ал Совет Одағының Батыры Нүркен Әбдіров атындағы көшенің көркем-саяси безендірілуі әскери-патриоттық тәрбиеге қызмет етеді. «Ерлер даңқы мәңгі өшпесін!» мемориалды комплексі, Қазақстанның 40 жылдығы көшесіндегі модульды қондырғылар, панно совет халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігін дәріптейді.

Көшелерде, көптеген кәсіпорындарда, өндірістер мен жатақханалардағы қызыл мүйістерде, кинотеатрлар мен клубтарда «Плакат» баспасы плакаттарының тұрақты және жылжымалы тақырыптық көрмелері ойдағыдай пайдаланылуда.

«Молниялардан», «жауынгерлік листоктардан» бастап сәулелі-динамикалық панноға дейінгі көрнекі үгіт құралдарының бәрі адамдарды идеялық-саяси топтастыруға, еңбекшілерді мемлекеттік жоспарды орындауға, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға жұмылдыруға қызмет етеді. «Карагандаодежда», «Карагандамебель» бірлестігінің, Еңбек Қызыл Ту орденді СССР-дің 60 жылдығы атындағы кондитер фабрикасының, маргарин заводының партия ұйымдары «молниялар», «Олар XII бесжылдық есебіне жұмыс істеуде», «Олар уақыттан алда келеді», «Еңбегіне қарай абырой мен даңқ!» стенділері, құрмет тақталары, қабырға газеттері сияқты анағұрлым алуан түрлі және пәрменді құралдарды пайдаланады.

— Металлургия ауданы мен Теміртау қаласында біздің кәсіпорын жетекші кәсіпорын, — деді Қарағанды металлургия комбинаты партия комитеті секретарының орынбасары А. Б. Иванов.—Ал комбинаттың ауқымы жөнінде оны Прокатная, Доменная, Конверторная т. б. көшелердің кесіп өтетіні жақсы хабардар етеді. Комбинаттың партия комитеті көрнекі үгіт жөніндегі советпен бірлесіп, өндірісте және тұрғылықты жер бойынша көрнекі үгітті безендірудің комплексті перспективалы жоспарын жасады. Оны жүзеге асыруға барлық бөлімшелердің партия ұйымдары қатысуда. Мысалы, № 2 және № 3 қаңылтыр прокаты цехының, домна цехының партия ұйымдары интернационалдық тәрбие мәселелеріне, бас механик басқармасы цехтарының, агломерациялық өндіріс пен конвертор цехының партия комитеттері — еңбек тәрбиесіне, завод басқармасы мен ғылыми-техникалық насихат және үгіт үйлері — дайын өнім үлгілері мен оны тұтынушылар адресте-

Digitized by Google

ріне, еңбек инициативаларына т. б. ерекше көңіл бөледі. Таяуда көркем үгіт құралдарын жедел әзірлеу үшін жобалау-конструкторлық бюрода арнайы топ құрылды.

«Көрнекі үгіт өндіріс және еңбек тәртібін нығайту жолындағы күресте» атты облыстық байқау-конкурс социалистік жарыстың жариялылығын анағұрлым нақты, адресті етуге көмектесті. Мысалы, кәсіпорынды қаламен байланыстыратын аллеядағы үлкен панно әрбір еңбеккерді «Сен комбинатта тәртіпті нығайту үшін қандай іс атқардың» деген сұрақпен қарсы алады. Ал өндірістік территорияда, цехтардағы адамдар ең көп жиналатын орындарда «Тоқтаңыз, оқыңыз!» деген жазуы бар плакаттар мен стендтер бір минут жұмыс уақыты шығынының, сондай-ақ Қазақстан Магниткасының көп мыңдық коллективі үшін әртүрлі материалдардың, отын-энергетика ресурстарының үнемделген бір процентінің үлкен экономикалық маңызы бар екенін ашып көрсетеді. Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес барған сайын кеңінен жария болуда.

Завод басқармасы үйінде смена сайын жарық арқылы көрсетілетін жарнама еңбек жетістіктері туралы хабарлайды.

Коллективтің еңбек дәстүрлерін насихаттауға еңбек даңқы музейінде, металлургтердің мәдениет сарайында, кітапханаларда, балалар паркінде, спорт комплексінде, микроаудандарда орналастырылған кәсіпорынның құрылу және қалыптасу тарихы жөніндегі стендтер, плакаттар, экспонаттар қызмет етеді.

Дегенмен, А. Б. Иванов мойындағандай, комбинаттың көрнекі үгіт жөніндегі советі цехтық советтерге аз көмектеседі, жариялылық құралдарының сапасын талдауға және пәрмеңділігін арттыруға жете көңіл бөлмейді. Міне, «дөңгелек стол» басындағы кездесуге қатысушылар кәсіпорынды аралаған кезде территориядағы көптеген стендтердің айшықты, эстетикалық талғаммен безендірілмегенін, № 2 қаңылтыр прокаты цехында социалистік жарыс мүйістеріне цифрлы планшеттер шектен тыс көп ілінгенін, ал жас өндіріс озаттарының аты-жөні жазылмаған портреттері түсінбестік туғызатынын әділ атап көрсетті. Партия комитетінде қазір көрнекі үгітті орналастыруды реттеуге, оны дер кезінде жаңартуға көмектесетін карта-схема жасалуда. Біздің өзімізді де, — деді сөз сөйлеуші, — оқытып, үйрету керек (Мен Алматыда көрнекі үгіт көрмесінде небары бір-ақ рет болдым). Облыс көлемінде бір-екі семинар өте-мөте қажет.

— Әрине, бұл жұмыста комплексті жоспарлаусыз жүйелілікке қол жеткізу мүмкін емес, — деп әңгімеге қосылды Қарқаралы аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Д. Н. Наурызбаев.

— Егер біздің аудандағы идеологиялық жұмыс «Еңбекшілерді, жастарды Коммунистік партия мен совет халқының революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінде тәрбиелейік» ұранымен жүргізілсе, онда көрнекі үгіт жөніндегі аудандық совет қаланың, кәсіпорындардың, совхоздардың, орталық усадьбалардың көркем-саяси безендірілуін де осы принцип бойынша жоспарлайды. Көрнекі үгіттің монументалды және оперативті құралдары пайдаланылады. Қаржаралының орталығында ақ гвардияшылармен күресте қаза тапқандарға мемориалды комплекс салынды. Жеңістің 40 жылдығына орай Ұлы Отан соғысы батырлары құрметіне мемориалды комплексі бар парктің негізі қаланды. Жер-жердегі Құрмет тақталарында, жауынгерлік және еңбек даңқы галереяларында майдан ерліктері мен еңбек жетістіктері бейнеленеді. Маңызды ауыл шаруашылығы науқандарына егіс қосқарын, жылжымалы үгіт пункттерін, үгіт поездарын безендіру, озаттарды моральдық ынталандырудың құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірленеді. Жарыс жеңімпаздары құрметіне орталық усадьбаларда еңбек даңқы жалауы көтеріліп, «молниялар» шығарылады, олардың семьяларына алғыс хаттары жөнелтіледі. Олардың озық еңбек әдістері плакаттарда, сондай-ақ аудандық «Коммунизм таңы» — «Заря коммунизма» газеттерінде «Озық тәжірибе баршаға» деген рубрикамен жария етіледі.

Адамдарда туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралдарының бірі Қарқаралы орман қорығында табиғат қорғау жөніндегі музейдің ашылуы болмақ, оны механикаландырылған орман шаруашылығының шеберлері орыс және қазақ ою-өрнектерімен әдемі безендірген. Жануарлар дүниесінің түрлері көп жиналған, жергілікті тұрғындар түрлі заттардың бедер-бейнелерін дайындады.

Аудандық партия комитеті тоқсан сайын партия ұйымдарының есебін тыңдайды, оларға көрнекі үгіт жөніндегі тұрақты семинарда методикалық көмек көрсетеді. Алайда шаруашылықтарда қоғамдық суретші-безендірушілердің тиісті даярлығы жоқ, ал олардың облыстық мектепте оқуы онша тиімді емес. Сондай-ақ көрнекі үгітті ұйымдастырушылар үшін де кәсіпорындарды аралай отырып, облыстық семинарларды жиірек өткізу қажет, деп есептейді Д. Н. Наурызбаев. «Агитатор» журналының материалдары суретші-безендірушіге үлкен көмек көрсетеді, әйтсе де «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналынан да анағұрлым қызықты үлгілерді көріп, нақты ұсыныстар алғымыз келеді.

— Көрнекі үгіттің пәрмеңділігі — нақтылығында деп есептеймін, — деді Костенко атындағы шахта партия комитетінің секретары Г. Ф. Антонов. — Егер учаскелер жарысса, бәрі де смена сайын жұмыс нәтижелерін стендтерден көруге

Digitized by Google

тиіс, ал бұл бізде барлық бөлімшелерде жүргізіледі. Егер «Комсомол прожекторының» экраны сынаса — ол қолданылған шаралар туралы хабарлауға тиіс. Ал, тиісті шаралар қолданылмаса, бұл іс бізде партия комитетіне дейін жетеді. Шахтада суретті газеттер, «молниялар», «жауынгерлік листоктар», қыдырымпаздар мен маскүнемдерге арналған сатиралық номерлер жедел безендіріледі.

Мұнда көрнекі үгіттің, оның ішінде кездесуге қатысушылар экспозициялардың жоғары идеялық-саяси дәрежесін, безендіру шеберлігін атап өткен тамаша еңбек даңқы музейінің еңбекшілердің өз қолдарымен жасалғаны өте маңызды. Жерасты жұмыс орындарында белгілі бір учаскеде қандай озық коллективтің жұмыс істейтінін көрсететін, шахтер шамдарымен жарықтандырылған ашық-көгілдір тақталар талғаммен безендірілген. Әкімшілік-тұрмыс корпусында көрнекті жерде ілінген стендтерде коллективтің Отанымыз бағалаған еңбек жетістіктері, шахтерлер семьясы мақтаныш ететін инициативалар мен табыстар бейнеленген. Кәсіпорынға кіре берісте жерасты учаскелерінде де пайдалануға ұсынылатын ірі көлемді саяси плакаттар үшін арнайы орын бөлінген. Бірақ плакаттар аз және партия комитеті «Пропагандист» магазинінің қызметкерлері олардың саудаға анағұрлым көптеп түсуіне қамқорлық жасауы қажет деп есептейді.

Сонымен қатар «дөңгелек стол» басындағы кездесуге қатысушылардың кейде саяси немесе технологиялық мазмұны ескерілмей орналастырылатын нарядты бөлмелердің стендтермен шектен тыс жабдықталатыны жөніндегі пікірімен келіспеуге болмайды. Сөйтіп мұнда қабырға газеті, «молниялар» үшін орын қалмайды.

— Бүгінде «дөңгелек стол» басындағы кездесу практикалық тәжірибе алмасуымен өте пайдалы, — деп атап өтті өз сөзінде Қарағандының Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы шұлық-ұйық фабрикасының суретші-безендірушісі Е. В. Зейферт. — Менің тілегім — жұмыс жағдайындағы өзара тексеру жиірек өткізілсе екен. Бізді аудандық партия комитеті үлкен мерекелер қарсаңында ғана демонстранттар колонналарын безендіру жөнінен нұсқау беру үшін жинайды. Ал суретші-безендіруші қызыл мүйістерге, үгіт алаңдарына, өндірістік цехтарға, қамқорлықтағы мектептер мен бала бақшаларға, еңбек және демалыс лагерьлеріне арналған көрнекі үгітті жақсы безендіруі үшін творчестволықпен жұмыс істей алатын, қолынан бәрі келетін шебер болуға тиіс.

— Суретші-безендіруші үшін жанды мысалдың, пікір алмасудың маңызы зор — деп қостады әріптесін көрнекі үгіт жөніндегі советтің мүшесі, Қарағандының СССР-дің 50 жылдығы атындағы жылу жабдықтары заводы конструкторлық-безендіру бюросының бастығы В. С. Кузьмин, — дегенмен әрбір адам өз лабораториясын да құруы қажет. Маған өз жұмысымда «Охрана труда и социальное страхование», «Реклама», «Картинная галерея», «Техническая эстетика» т. б. журналдар көмектеседі. Көрнекі үгіт құралдарын жоспарлы орналастыру үшін панорамалық суреттерді пайдаланамын, оларға советте талқыланар алдында белгіленген көрнекілік объектілерін жапсырамын. Және бүгінде завод территориясы мен цехтарда көрнекі үгіт съезд қарсаңындағы вахтадағы үнем мен ұқыптылық, өнімнің жоғары сапасы мен өндіріс мәдениеті жолындағы социалистік жарысты кеңінен насихаттауда. Еңбек даңқы музейінде өте көп материалдар жинақталды. Біз бәрімен де тәжірибе алмасуға әзірміз.

— Біздің көрнекі үгіт жөніндегі советіміз қызмет көрсетуші коллективтердің ерекшеліктерін ескеруге ұмтылады, съезд қарсаңындағы документтерде атап көрсетілгеніндей, оған қойылатын талаптар өлшеусіз өсуде, — деді «Сарыарқа» жеке заказдармен киім тігу және жөндеу фирмасы партия комитетінің секретары Л. В. Кудимова. — Біздің озық тәжірибені енгізуімізге бізбен жарысушы Павлодар фирмасының жұмысы туралы стендтер, сондай-ақ «Еңбекті ғылыми ұйымдастыру іс үстінде», «Техникадағы, технологиядағы жаңалықтар», «Сапаны басқарудың комплексті жүйесі», «Киім пішуші — өндірістегі басты тұлға», «Біздің тәлімгерлеріміз», «Бригада еңбекке қатысу коэффициенті бойынша жұмыс істейді» сияқты және басқарма мен цехтарда безендірілген басқа да стендтердегі материалдар көмектесуде. Біздің коллективте негізінен әйелдер жұмыс істейді, дінге сенушілер де бар. Жекелеген жұмыс ғылым мен техника жетістіктерін насихаттаумен, балгерлік пен басқа да нанымдарға қарсы қабырға газеттерін шығарумен ұштастырылады. Газет-журнал материалдары бойынша атеистік мазмұндағы альбомдар безендіреміз, оларға жеке қалып та, әріптес жолдастарымен бірге де ой жіберу адамға пайда келтіреді.

— КПСС XXVII съезіне әзірлік, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі бағытты жүзеге асыру кезінде, — деді Қарағанды политехника институты партия комитетінің секретары В. Ф. Макеев, — жас мамандардың даярлық сапасын арттыруда көрнекі үгіттің ролі айқынырақ көрінді. Өздеріңіз көргендей, бізде әрбір факультетте мамандықты насихаттау жөніндегі стендтер бар. Оқытушылардың ғылыми-техникалық творчествоға қатысуы көрнекі суреттермен бейнеленген. Кітапхана қызметкерлері марксистік-лениндік теория, материалистік дүниетанымды қалыптастыру мәселелері, білімнің әртүрлі салалары бойынша тақырыптық кітап көрмелерін безендіре отырып, жастарға идеялық-саяси тәрбие беру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізеді.

Жуырда мұнда материалдары апта сайын жаңартылатын «Дүниежүзілік аренадағы идеологиялық күрес» деген қар-

Digitized by Google

сы насихат стенді жабдықталды. Жатақханаларда — ұрандар, плакаттар, студенттік өмір туралы суретті монтаждар... Біз ұсақталып кеткенімізді енді түсіндік, ал факультеттік қымбатқа түскен стендтер қайсыбір қатып қалған формаға ауысқан сияқты. Біздің әңгімемізге қатысушылар институтты аралаған кезде дұрыс айтқанындай, бізде алуан түрлі қабырға газетінде қайнаған студенттік өмірді әсерлі, жедел көрсету жоқ. Қазір институтта кейін тарихи музейге айналатын ғылым мен техника жетістіктерін насихаттауға арналған көрме залы құрылуда.

№ 52 орта мектеп партия ұйымының секретары А. Х. Әбішев қамқорлық жасаушы Қарағанды ағаш өңдеу комбинатына Брест қамалы батырларының музейін, Ленин және октябрят залдарын жабдықтауға және безендіруге, көрнекі үгітті жүйеге келтіруге үлкен көмек көрсеткені үшін зор алғыс білдірді. Мектеп коллективі Брест қамалы батырлары атағын алу жолында күрескен 4 жыл ішінде оқушылар мұғалімдер В. К. Бурмистров пен И. К. Оттың басшылығымен шайқас болған жерлерден көптеген экспонаттар әкелді. Кітапханашы Р. Т. Ким, тарих пәнінің мұғалімі И. Р. Игнатюк мектепті идеялық-көркем безендіруге көп еңбек сіңіруде. Соның нәтижесінде бүкіл тәрбие жұмысы жоғары дәрежеге көтерілді.

Салынып жатқан микроаудандарды ескере отырып, Қарағандыны, оның аудандарын комплексті жоспарлау дамуда, жетілдірілуде. Қаланың бас суретшісі Ю. Г. Березин көрнекі үгіт құралдарын жаңарту, үйлестіру, аудандарда мәдени-саяси орталықтар құру туралы пікірлер айтты.

Қазақстан Суретшілер одағы облыстық ұйымының председателі С. К. Қалмаханов активистердің оқу сапасын арттыру туралы қойған сұрағына жауап бере отырып, суретші-безендірушілердің екі жылдық облыстық мектебінің жұмысы жайында әңгімеледі. Мұнда бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы, композиция негіздері мәселелері оқылады. Плакаттарды түрлі-түсті әдіспен безендіру, фотомонтаждарды және көрнекі үгіттің басқа да құралдарын дайындау, металды, ағашты көркем өңдеу жөніндегі практикалық тапсырмалар орындалады. Бірақ басты кемшілік, сөз сөйлеуші атап өткеніндей, көптеген тыңдаушылардың сабаққа жүйелі түрде қатыспай, оқу соңында олардың үштен бірі ғана қалатынында.

«Дөңгелек стол» басында көрнекі үгітті одан әрі жетілдіру мәселелерін мұдделілікпен талқылау партия ұйымдарында осы жұмыстың тұрақты жүргізілетінін көрсетті. Алайда оған қатысушылардың бірде-бір үгіт алаңын мысалға келтіре алмағанын атап өткен жөн. Қарағанды мен Теміртау республикада үгіт алаңдарын алғаш ұйымдастырушылардың бірі болса да, тұрғындар арасындағы идеологиялық жұмыстың осы маңызды учаскелері, өзіміздің көзіміз жеткеніндей, әлі күнге дейін қазіргі талаптарға сәйкес безендірілмеген. Облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі А. П. Нестеров қорытынды сөзінде атап өткеніндей, жүргізіліп жатқан үлкен жұмыстармен қатар көрнекілікте идеялық-көркемдік, бейнелеудің тиісті дәрежесі барлық жерде бірдей қамтамасыз етіліп отырған жоқ. Кейде олардың орындалуы талғамсыздықтан зарал шегеді, аяқталмағандық, монументалдық, фрагментарлық сипат ұстайды. Ол «Адам еңбегімен даңқты» атты Бүкілодақтық көрнекі үгіт байқауына қатысу кемшіліктерді жойып, озық тәжірибені пайдалануға көмектеседі деген сенім білдірді.

Әңгімені жүргізген В. СУХОВА.

КӨРНЕКІ ҮГІТ РОЛІ

11—12 ноябрьде Алматыда, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде көрнекі үгітті ұйымдастырушылар мен безендірушілердің республикалық семинар-кеңесі болды. Онда еңбекшілерді жұмыс тиімділігі мен сапасын арттыруға, өндірісті интенсивтендіруге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, ресурстарды жақсырақ пайдалануға, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға жұмылдырудағы көрнекі үгіттің ролін күшейту мәселелері талқыланды.


Семинарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н. У. Жұбасова, Республика Мәдениет министрінің бірінші орынбасары И. И. Попов, Алматы қаласының бас суретшісі А. И. Куржемпо сөз сөйледі. Мұнан кейін жұмыс тәжірибесі алмасылды.

Семинарға қатысушылар Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде ашылған «Адам еңбегімен даңқты» ұранымен Бүкілодақтық байқау-конкурс шеңберінде өтіп жатқан көрнекі үгіт пен саяси плакат үлгілерінің республикалық көрмесімен танысты. Онда Қазақстанның барлық облыстарынан 500-ден астам экспонат қойылған. Экспозицияның он тақырыптық бөлімі кәсіпорындарды, мекемелерді, цехтарды, фермалар мен егіс қостарын, қызыл мүйістер мен үгіт пункттерін, қалалар мен селолардың алаңдары мен көшелерін, мерекелік демонстрацияларды, халықтық салтанаттар мен мейрамдарды безендірудің ең қызықты тәжірибесі туралы әңгімелейді.

Қорытындысында семинарға қатысушылар Қазақстан астанасының бірқатар кәсіпорындарында болып, көрнекі үгіт үлгілерімен танысты.

Digitized by Google

Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың сырттай семинары



АУДИТОРИЯМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС

Атеистік насихат пен үгіт халықтың қалың бұқарасын қамти отырып, адамның ғылыми-материалистік дүниетанымын қалыпастыруға белсенді ықпал етеді, білімдерді таратуға, советтік өмір салтын орнықтыруға әсерін тигізеді. Бүгінде лекциялар мен әңгімелердің идеялық-теориялық дәрежесіне және мазмұнына, олардың циклдық безендірілуіне ерекше маңыз беріледі. Сонымен қатар атеистік насихатты ұйымдастырудың ғылыми әдістерін кеңінен енгізудің, оның тақырыптық бағдары мен сапасы туралы қоғамдық пікірді оқып-үйренудің маңызы арта түсуде, демек тыңдаушылардың сұранымдары мен қажеттерін білмейінше елеулі нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес.

Біздің қоғамымызда совет адамының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін ең қолайлы жағдайлар жасалған. КПСС-тің әлеуметтік саясаты оның өскелең материалдық және рухани қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталған. Социалистік құрылыстың жоғары мақсаты да осы. Алайда халықтың жекелеген топтары арасында олардың санасын уландыратын ескі дүние қалдықтары әлі де баршылық. Және оған назар аударmасқа болмайды. Дін ықпалымен жүрген адамдар, әдетте, орныққан кертартпа байланыстар мен қарымқатынастар шеңберінен өздігінен шығуға қабілетсіз келеді. Олардың іс-қимылдары мен қылықтары дін әсері мен ойлар өрісіне бағынышты болады. Атеистік лекциялар мен әңгімелердің саяси мазмұны, олардың әлеуметтік бағыты — дінге қарсы бүкіл насихатымыздың тиімділігі мен пәрмеңділігін анықтайтын аса маңызды факторлардың бірі. Лектордың, үгітші мен саяси хабаршының тыңдаушыларға ықпал ету процесі нақты тарихи сипатта болады. Бүгінде, совет адамдарының көпшілігінің саяси мәдениеті өскен кезде лекциялық материалдар мен әңгімелердің хабарлау мазмұны, логикасы аудиторияның ынтықыласына сәйкес келуге тиіс. Әрбір нақты жағдайда аудитория шақыратын шартты себептерді, тыңдаушылардың информациялық қажеттерін біліп отыру керек.

Атеистік насихат тиімділігі мен пәрмеңділігінің сөзсіз шарты — бұл тыңдаушылардың ұлттық және ұстанатын дін ерекшеліктерін қатаң ескеру.

Қазақстан — ең алдымен ислам діні тараған аймақ. Мұны лекциялар мазмұнын жоспарлау барысында ескеру қажет. Осы діннің таптық мәнін, оның тарихи тамырын көрсету — әрбір лектор үшін маңызды қарсы насихаттық мәні бар елеулі проблема.

Республикамызда аудандардың, еңбек коллективтерінің этникалық-демографиялық сипатын ескеру арқылы жасалатын ғылыми-атеизм жөніндегі тақырыптар лекциялар циклдары дәстүрге айналуда. Дінге қарсы осындай насихат Маңғышлақ, Қызылорда және Шымкент облыстарында жақсы жолға қойылған. Үстіміздегі жылы, мысалы, Талдықорған облысында лекциялардың екі циклы оқылды: бірі ислам идеологиясы мен дінін сынауға, екіншісі — христиан сектанттығын сынауға арналды. Оның үстіне мұнда — лекцияның бірінші циклы үшін ұлты қазақ тұрғындар басым тұратын екі аудан, ал екінші цикл үшін ұлттық құрамы аралас екі аудан іріктеп алынды. Тақырыптық цикл бойынша әңгіме өткізуді жоспарлау барысында ислам идеологиясы мен дінін ұстануды сынап талдаудың ұлты орыс немесе неміс тұрғындар үшін тиісті нәтиже бермейтіні сөзсіз екені ескерілді.

Еңбек коллективтерімен немесе бір село тұрғындарымен тікелей байланыс жасау тыңдаушылардың әлеуметтік тәжірибесін, мұқтаждары мен мүдделерін, олардың рухани даму дәрежесін, қарымқатынас ерекшеліктерін жақсырақ білуге және ескеруге мүмкіндік беретінін тұрақты аудиторияларда лекциялар циклын өткізу тәжірибесі нақты көрсетті. Әрбір лектор үшін оның сөзіне, оның тұжырымдарына сеніммен қараудың үлкен маңызы бар. Бұған тыңдаушылардың ұлттық психологиясын, дінге сенушілердің психологиясын, олардың өмір салтын білген жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Осындай жағдайда ғана аудиторияны өзіңе қаратып, оны өзіңді тыңдауға және айтқаныңның бәрін естуге бойсұндыра аласың.

Бүгінгі аудиторияны негізінен бірқатар діни және тарихи проблемалар жөнінен нақты хабардар орта білімді адамдар құрайды. Лектор кез келген ауданда, кез келген жергілікті мекенде кездесетін шындық осындай. Сондықтан лекция да қызықты әрі терең болуы қажет.

Практика сондай-ақ басқа жақтан келген лекторлардың, яғни жиі ауысатын лекторлардың кездейсоқ тақырыптарға лекция оқитын кездері де болатынын көрсетеді. Мұндайлар бұрынғы әңгімелер тақырыбын ескермейді, кейде оларды қайталайды. Ондай лекциялар зиянnан басқа ештеңе әкелмейді. Атеистік

Digitized by Google

насихатты ұйымдастыруға келісілмегендік, кездейсоқтық емес, бір ізділік, жүйелілік негіз болуға тиіс. Әйтпесе лекциялық материалда хабардың мол болуына, логика дәйектілігіне, ғылыми негізділікке және әсерлілікке қол жеткізе алмаймыз.

Саяси хабаршылардың қызметі де тыңдаушылармен тікелей байланыс жасаудың пәрменді түріне жатады. Олар да өз тыңдаушыларының мүдделері жайында мейлінше көбірек білуі қажет. Нақ сондықтан да әрбір кездесу қандай да бір жаңалықты ашуға өте маңызды, өмірлік қажеттігі бар мәселе туралы әңгіме болуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында адамдардың мінез-құлқы мен іс-қимылдарының социалистік емес формаларын өткеннің сарқыншақтары деп қана қарау дұрыс еместігі, «келеңсіз құбылыстарды жою үшін ұдайы насихаттық күш-жігер ғана емес, сондай-ақ экономикалық, ұйымдық және праволық сипаты бар шаралар да қажет» екені атап көрсетілді. Саяси хабаршы өзінің атеистік тәрбиеге, діни сарқыншақтарды жоюға қатысуын осы тұрғыдан бағалауға тиіс.

Бүгінде империализмнің реакциялық топтары дінді социализмге қарсы саяси мақсаттарда пайдалануға әрекеттенетінін көрмеуге болмайды. Соңғы жылдары клерикалды-антикоммунистік насихат өзі ойлап шығарған СССР халықтары «діннің қайта өркендеуін» бастан өткеріп отыр-мыс деген аңызды мейлінше көпіртіп айтуда. Ол адамдарды социалистік тұрмыс нормаларына қайшы келетін қоғамға жат іс-әрекеттерге итермелеуге, ұлтшылдық нанымдарды жандандыруға, КПСС пен Совет мемлекетінің дін мен шіркеу бағытындағы саясатын бұрмалауға, тағы басқа мақсаттарын жүзеге асыруға тырысады. Сондықтан да саяси хабаршы өз тыңдаушыларының бойында таптық сезімді ояту, оларды діни идеологияға, дін пердесін жамылған идеологиялық тіміскі әрекеттерге табандылықпен қарсы тура білуге тәрбиелеу жөніндегі өз жауапкершілігін әрдайым есте сақтауға тиіс.

Атеистік лекциялық насихаттың тиімділігін арттыру көбіне лектор-атеистердің құрамына байланысты. Дінге сенуші адамдардың ғылыми дүниетанымын, белсенді өмір позициясын, жоғары идеялық-саяси және моральдық қасиеттерін қалыптастыру жөнінде идеологиялық жұмыстың алдында тұрған міндеттерді іс жүзінде нақ солар шешеді.

Республикада жоғары білікті атеист кадрларын даярлау әзірше шешілмеген проблемалардың бірі болып отыр. Мұнда республикалық ауқымдағы сияқты, жекелеген облыстардың, аудандардың, еңбек коллективтерінің мүдделерін, тұрғылықты жер бойынша жұмыс ерекшеліктерін ескеретін ойластырылған жүйе қажет. Осының соңғысы лекциялық насихатта әдетте назардан тыс қалады. Ал пенсионерлермен, үй шаруасындағы әйелдермен, яғни ешқандай еңбек коллективіне кірмейтін адамдармен байланысты тұрғылықты жер бойынша ғана жасауға болады. Лекцияларды ұйымдастырудағы сияқты бұл жұмыстың психологиялық ықпал ету әдістері де күрделі болып табылады.

Атеистік лекциялық насихатта ірі өнеркәсіп орындары жанынан, колхоздар мен совхоздарда ұйымдастырылған тұрақты жұмыс істейтін мектептерде, ғылыми атеизм семинарларында даярлықтан өткен ғылыми-материалистік білім насихатшыларына, лектор-атеистерге сүйене отырып, едәуір тиімділікке қол жеткізуге болады. Осындай мектептер мен семинарлар, мысалы, Алматы облысы Талғар ауданының Мичурин атындағы колхозында, Алматы үй құрылысы және мақта-мата комбинаттарында, Торғай боксит руда басқармасында бар,

Біздің ойымызша, тыңдаушыларды өткізілетін лекция туралы алдын-ала хабардар етудің де үлкен маңызы бар. Бұл жерде әңгіме хабарлаудың сипаты мен формасы жайында болып отыр. Мысалы, тыңдаушылар алдын-ала таныса алатын мәселелер шеңберін белгілеу дұрыс болар еді. Сонымен қатар жүзбе-жүз сөйлесуге, ашық әңгімеге ден қою дәстүрін есепке алу да өткізілетін шаралардың табысты болуын қамтамасыз етер еді. Осы әлеуметтік-психологиялық факторлардың бәрі лекциялық насихаттың атеистік тәрбиедегі пәрменділігін арттыруға ықпал етуге, адамдардың діни нанымдардың қауіпті шырмауынан босануына көмектесуге міндетті.

К. ШҰЛЕМБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты философия кафедрасының меңгерушісі, доцент, философия ғылымының кандидаты, республикалық «Білім» қоғамы басқармасы жанындағы ғылыми атеизм жөніндегі ғылыми-методикалық советтің бюро мүшесі.

Digitized by Google

Сұраққа жауап

СІЗДІҢ ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ҚАҒАЗЫҢЫЗ

Елімізде жүзеге асқан үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде СССР Конституциясының 43-ші статьясына сәйкес совет азаматтары ауырған жағдайда, еңбекке жарамдылық қабілетінен толық немесе ішінара айрылған жағдайда материалдық қамтамасыз етілу правосымен пайдалана алады.

Қазақ республикалық кәсіподақ советінің мемлекеттік әлеуметтік хауіпсіздендіру» жөніндегі бөлімі меңгерушісінің орынбасары А. К. Ягудина осы правоның қалай жүзеге асырылатыны жөнінде қойылған сұрақтарға жауап береді.

— Уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдем қандай қаржылар есебінен төленеді?

— Уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдем кәсіподақтар басқаратын мемлекеттік әлеуметтік хауапсіздендіру қаржыларынан төленеді. Дәрігердің жұмысшыға, қызметшіге және колхозшыға берген еңбекке жарамсыздық жөніндегі қағазы немесе жарақат алуға байланысты жұмысқа шықпауға право береді, сондай-ақ ақшалай жәрдем алу үшін финанстық документ болып табылады.

— Уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдем қандай жағдайларда, қандай мөлшерде беріледі?

— Бұл жәрдем еңбек ету қабілетін жоғалтумен байланысты жалпы ауырған жағдайда, кәсіптік ауруға шалдыққанда, жұмыста жарымжан болып қалған, тұрмыстық жарақат алған жағдайда, санаториялық-курорттық емделу барысында еңбек демалысына жетпеген күндерге, науқас адамды қарағанда, бала туғанға дейін және туғаннан кейінгі уақытта және басқа да жағдайларда беріледі.

Жәрдем мөлшері уақытша еңбекке жарамсыздық себептеріне және үздіксіз еңбек стажының ұзақтығына байланысты. Мәселен, 3 жылға дейінгі үздіксіз еңбек стажы жағдайында жәрдем ретінде жалақының 50 проценті, ал 3—5 жыл стажға тиісінше 60 проценті, 5—8 жылға — 80 проценті, 8 жыл және одан да көп стажға — 100 проценті төленеді. 18 жасқа толмаған жұмысшыларға, қызметшілерге, колхозшыларға жәрдем жалақының 60 проценті мөлшерінде төленеді. Жұмыс істейтін соғыс мүгедектеріне — жұмыс стажына қарамастан жалақының 100 проценті төленеді.

Кәсіподақ мүшелері емес жұмысшыларға, қызметшілер мен колхозшыларға жәрдем жоғарыда аталған нормаларға қарамастан жартылай мөлшерде беріледі.

Уақытша еңбекке жарамсыздық себептерін дұрыс анықтаудың жәрдем беру уақыты мен мөлшерін тағайындау үшін елеулі маңызы бар. Мәселен, өндірістік жарақат немесе кәсіптік ауру, жұмысқа бара жатқанда немесе жұмыстан қайтарда алған жарақат жағдайында уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдем төлеу жұмыс стажына қарамастан бүкіл ауырған кезең бойы жалақының 100 процент мөлшерінде жүргізіледі. Тұрмыстық жарақат алу жағдайында жәрдем еңбекке жарамсыз болып қалғаннан кейінгі 6-шы күннен бастап беріледі, ал ішімдік ішу салдарынан болған жарақат немесе ауыру жағдайында еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша жәрдем төленбейді.

— Тағы да қандай себептермен жәрдем төленбейді?

— Еңбекке жарамсыздығы жөніндегі қағаз (листок) — еңбекшілердің үлкен әлеуметтік жетістігі. Ол үлкен праволар береді, бірақ әрбір адамнан ойдағыдай емделу үшін режим сақтауды талап етеді. Сондықтан да режимді бұзу салдарынан аурулық қағаз төленбеуі мүмкін. Науқас дәрігердің қабылдауына орынсыз себептермен келмейтін немесе мас күйінде келетін жағдайлар болады, немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияға немесе дәрігерлік еңбек эксперті комиссиясына белгіленген уақытта келмейді. Кейбіреулер басқа жаққа кетіп қалады немесе емдеуші дәрігердің рұқсатынсыз жұмысқа шығады, алдынала белгіленген төсек тартып жату режимін сақтамайды, ал кейде денсаулық жағдайына байланысты тиым салынған үй шаруасын да атқарады. Дәрігер немесе сақтандыру қызметкері бақылай келген кезде науқастың үйінде, болмауы, стационардан өз бетімен кетіп қалуы, немесе санаторийден кетуі, сондай-ақ, емдеу мекемесінде өзін лайықсыз ұстауы, т. б. тәртіп бұзу болып есептеледі.

Еңбекке жарамсыздық қағаздары бойынша жәрдем төлеу кәсіпорын кәсіп-

Digitized by Google

одақ комитеті әлеуметтік қамсыздандыру комиссиясының шешімі бойынша ғана жүргізіледі. Мәселен, жарақат алу жөніндегі аурулық қағаз жарақаттың пайда болу себептерін мұқият тексергеннен кейін ғана төленуі мүмкін. Ал егер оның дұрыстығы күмән тудырса, онда жәрдем тиісті тексеруден кейін ғана төленеді. Тағайындалған ережелерді бұзу арқылы берілген аурулық қағаз төлемге қабылданбауы мүмкін. Дәрігер немесе сақтандыру қызметкері анықтаған режим бұзу жағдайында аурулық қағазға ақы төлеу мәселесі жеке шешіледі.

— Аурулық қағазды беру тәртібі қандай?

— Науқастарды емдеу стационарлық және амбулаториялық жолмен жүзеге асырылады. Жатып емделу жағдайында науқас адамға ауруханадан шығатын күні бүкіл стационарлық кезең бойына емдеуші дәрігер мен бөлімше меңгерушісі қол қойған аурулық қағаз беріледі. Амбулаториялық емделу жағдайында емдеуші дәрігердің аурулық қағазды көп дегенде әр үш күн сайын беруге правосы бар, ал жалпы алғанда осы ауру немесе жарақат жөніндегі аурулық қағаз 6 күннен асырмай беріледі. Егер науқас адам 6 күн өткеннен кейін де еңбекке жарамсыз болса, онда аурулық қағазды әрі қарай жалғастыру емдеуші дәрігердің жеке шешімімен емес, бөлімше меңгерушісімен немесе бас дәрігердің бекітуімен, немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияның шешімі бойынша жүргізіледі.

Аурулық қағаз ұзақ науқастанған адамдарға бүкіл уақытша еңбекке жарамсыз кезең бойына беріледі. Алайда тағайындалған ережелер бойынша мұндай науқастар дәрігерлік еңбек эксперті комиссиясына үзіліссіз еңбекке жарамсыздық қағазын алғаннан кейін 4 айдан асырмай немесе сол бір аурумен үзіліс жасап емделгеннен 5 ай өтпей куәландыруға жіберілуге тиіс. Ал туберкулезбен ауырған жағдайда дәрігерлік еңбек эксперті комиссиясына алғашқы жолдама үзіліссіз аурулық қағазбен 10 ай өткеннен кейін немесе үзіліспен емделген 12 айдан кейін беріледі.

— Соңғы жылдары заңға қандай өзгерістер енгізілді?

VIII—XI бесжылдықтар кезеңінде уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдем мөлшерін 8 жыл және одан да көп үзіліссіз стажы бар жұмысшылар мен қызметшілерге, жұмыс істейтін барлық әйелдерге жүкті болған және бала туған кезінде, қарауында 16 жасқа (оқушылар — 18 жас) жетпеген үш және одан да көп баласы бар жұмысшылар мен қызметшілерге жалақысының 100 процентіне дейін ұлғайту жөніндегі бірқатар маңызды әлеуметтік шаралар жүзеге асырылды. 14 жасқа дейінгі ауру баланы күткені үшін ақы төленетін демалыс ұзақтығы 7 күнге, ал жалғызілікті аналарға, жесірлерге — 10 күнге дейін ұзартылады. Он екінші бесжылдықта КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында осы демалысты одан әрі ұлғайту қарастырылған.

Қазақ республикалық кәсіподақтар советі Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп жүзеге асырып жатқан бақылау, тексерулер медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға, еңбекшілерді сауықтыруға, дәрігерлердің аурулық қағаздарды беру және ұзарту ережелерін сақтауына, олқылықтар мен тәртіп бұзушылықтарды жоюға ықпал етуде.

— Бұл қандай тәртіп бұзушылықтар?

— Кейбір дәрігерлер аурулық қағаздарды белгіленгеннен артық мерзімге жазады, мас күйінде алған жарақаттарға аурулық қағаз береді, облыстық денсаулық сақтау бөлімдері мамандарының рұқсатынсыз консультацияға немесе басқа қалаға емделуге жібереді, дәрігерлік еңбек эксперті комиссиясына жолдауды бір өзі шеше береді. Туысқандарына, туристік сапарларға, балық аулауға бару, тағы сол сияқты жеке басының істерімен жүру үшін пайдаланатын адамдарға да заңсыз аурулық қағаздар беру фактілерінің беті ашылды. Мысалы, Маңғышлақ облысы «Ақжігіт» совхозының учаскелік ауруханасы мен Қостанай облысының Ленинск учаскелік ауруханасы Айжарықова мен Мутовкинаға 35 күнге аурулық қағаздарды заңсыз берген. Жамбыл облысының «Алмалы» совхозы учаскелік ауруханасында 1985 жылдың бірінші тоқсаны ішінде ғана осындай 18 оқиға, ал Талдықорған онкологиялық диспансерінде 15 оқиға анықталды.

— Бұл үшін кінәлі адамдар қандай жауапкершілікке тартылады?

— Заңға сәйкес мұндай жағдайда дәрігерлерге тәртіп және әкімшілік шаралары қолданылады. Жоғарыда аталған аурулық қағаздарды заңсыз түрде беру фактілері бойынша соларға төленген жәрдем мөлшері осы тәртіп бұзушылыққа жол берген дәрігерлерден ұсталды. Мысалы, Екібастұз медициналық бірлестігінде заңсыз түрде берілген аурулық қағаздар бойынша төленген 2432 сом қаржы дәрігерлер есебінен мемлекеттік әлеуметтік хауіпсіздендіру бюджетіне аударылды.

Digitized by Google

«ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ» журналында 1985 жылы жарияланған материалдар көрсеткіші

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде. **Жылына кем дегенде екі күн үнемделген шикізатпен, материалдармен және отынмен жұмыс істеуге міндеттенген республиканың озық коллективтерінің инициативасы туралы** 2

1985 жылы кем дегенде екі күн үнемделген шикізатпен, материалдармен және отынмен жұмыс істеу жөнінде инициатива жасаған еңбек коллективтерінде 2

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы. **Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революцияның 80 жылдығы туралы** 3

К. Черненко. **Кемелденген социализмнің талаптары дәрежесінде болайық.** КПСС теориясының, стратегиясы мен тактикасының кейбір актуальды проблемалары 3

«Коммунист» журналында К. У. Черненко жолдастың **«Кемелденген социализмнің талаптары дәрежесінде болайық»** атты мақаласы жариялануына байланысты баяндамалардың, лекциялар мен әңгімелердің тақырыбы 3

Қарышты қадаммен жаңа биіктерге көтерілейік. Д. А. Қонаев жолдастың № 30 Бақанас сайлау округы сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзі 5

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар . . 6

Михаил Сергеевич Горбачев . . 6

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың 1985 жылғы 11 мартта КПСС Орталық Комитетінің Пленумында сөйлеген сөзі 6

КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің Коммунистік партияға, совет халқына үндеуі 6

КПСС XXVII съезінің және КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының талаптарына сәйкес кадрлармен жұмысты одан әрі жетілдіру жөніндегі республика партия ұйымдарының міндеттері туралы. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумындағы баяндамасы 8

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар . . 9

КПСС-тің кезекті XXVII съезін шақыру және оны әзірлеу мен өткізуге байланысты міндеттер туралы. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің баяндамасы 9

КПСС Орталық Комитеті Пленумының қаулысы. КПСС-тің кезекті XXVII съезін шақыру туралы . . 9

Совет халқының өшпес ерлігі. М. С. Горбачев жолдастың совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған Кремльдің Съездер сарайындағы салтанатты жиналыста жасаған баяндамасы 11

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумының қаулысы. **Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XVI съезін шақыру туралы** 12

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының қорытындылары, оның шешімдерін орындау, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөніндегі республика партия ұйымының міндеттері және Қазақстан Компартиясының XVI съезін шақыру туралы. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумында жасаған баяндамасы . 12

КПСС Орталық Комитетінде. **Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы** 12

СССР Министрлер Советінде. **Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю, самогон қайнатуды жою жөніндегі шаралар туралы** 12

СССР Жоғарғы Советінің Президиумында 12

Табандылықпен ілгері басайық. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Ленинград партия ұйымы активінің жиналысында 1985 жылғы 17 майда сөйлеген сөзі 13

Экономиканы интенсивтендірудің сара бағыты. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың республика партия-шаруашылық активінің жиналысында жасаған баяндамасы 16

1985 жылдың халық шаруашылық жоспары мен социалистік міндетте-

Digitized by Google

мелерін ойдағыдай орындау, КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөніндегі республика партия ұйымының міндеттері туралы. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың 1985 жылғы 27 августе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVIII пленумында жасаған баяндамасы 18

Аграрлық-өнеркәсіптік өндіріс интенсивті дамытылсын. М. С. Горбачевтің 1985 жылғы 7 сентябрьде Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзі 19

Еңбек ерлігінің өшпес дәстүрлері. М. С. Горбачевтің 1985 жылы 20 октябрьде стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуде сөйлеген сөзі 19

Мәдениет және спорт мекемелерінің жұмысы жаңа міндеттер дәрежесінде болсын 18

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің 1985 жылғы 15 октябрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумында жасаған баяндамасы 21

БАС МАҚАЛАЛАР

Жасампаздықтың жоғары межесіне шығайық 1

Социалистік демократия салтанаты 7

К. Серікбаев. Совет халқының Ұлы Жеңісі 7

Тәлімгер беделі 10

Көрнекі үгіт байқауы өтуде . . . 13

Х. Әбдірахманов. Стахановтық қозғалысқа — 50 жыл 14

Съезд қарсаңындағы жарысқа — кең өріс 17

Адамгершілік пен дене тәрбиесіне — күнделікті қамқорлық 20

Сабақтастық және жаңашылдық. **«Правда»** газетінің бас мақаласы . 22

Әр адамның ақыл-ойы мен жүрегін бауырған 23

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Екі күн үнемделген ресурстармен (Целиноград кәсіпорындарының және құрылыстарының үгітшілерімен кездесу материалдары) 1

О. Искра. Ұқыптылар қатарына тұр 7

СОВЕТТЕР САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА

М. Тайыров. Аманат — сайлаушылар еркі 1

Сайлаудан-сайлауға дейін (Цифрлар мен фактілер) 2

Н. Тоқмырзаев. Мызғымас блок кандидаттары үшін 2

Н. Ларин. Өмір жолы 2

В. Заевский. Болашаққа сеніммен қараймыз 3

В. Лебедев, В. Ткаченко. Сайлаушылар аманаттары бойынша . . . 3

БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС: ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

В. Шаманский. Бригадаға қамқорлық жасау күшейді 1

Ә. Нығайбаев. Жүрек қалауы . . 4

С. Әбдірахманов. Мал қыстату табысты отуде 4

А. Сатарова. Белсенді ізденіс үстіндеміз 5

Басты жол — шалғайдағы учаскелер (Журнал редакциясында республиканың автоклуб меңгерушілерімен «дөңгелек стол» басындағы кездесу материалдары) 10

Е. Бекқалиев, А. Айталиев. Таптық қырағылық рухында 11

К. Лисовский. Белсенді іске бастайды 12

С. Әкімбеков Дербестілікке үйретеді 12

С. Башкатов. Қарсы насихатты пәрменді жүргізудеміз 13

В. Ушаков. Ғалымдардың идеялық шыңдалуы 14

М. Есбаев. Ешкім қалыс қалмайды 15

В. Николаев. Тәжірибе алмасуда . 15

Іске қосылатын құрылыстарға — екпінді қарқын (Қазақстан құрылыстары үгітшілерінің Жамбыл қаласында өткен республикалық кеңесінен) 16

Х. Матаев. Адамдармен жұмыс — алдыңғы қатарда 17

Г. Белоносова. Таңдаулы тәжірибе негізінде 18

А. Божанова. Өмірмен тығыз байланысты 18

Д. Жұмағұлова. Сенімді көмекшілеріміз 20

А. Клюев. Ажырамас бірлікте . 21

Г. Кайгородова. Нақты пәрменді көмек 22

А Киселева. Партияның белсенді жауынгерлерін даярлаудамыз . . 23

Ф. Филатов. «Шапшаңдық» программасы бойынша 23

Н. Байболтаева. Зерттеу нәтижелері 23

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ— БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

А. Ерофеев. Суармалы жер шығымдылығы 1

Малшылардың қысқы вахтасы . 1

Х. Аязбекова. Бесжылдыққа лайықты мәре 2

Г. Измаилов. Алдағы өнім жайлы қамқорлық 2

Digitized by Google

Техниканы әзірлік сапына қояйық . 4
С. Жолдасов. Олар бірінші болды . 4
Э. Госсен. Интенсивті технология — тұрақты шығымдылыққа жету жолы 5
Көктемгі егісті ұйымшылдықпен әрі жоғары сапада өткіземіз . . . 5
Мал қыстатудың шешуші кезеңдерінде 6
В. Филатов. Орал өңірінің жемшөп танабы 6
М. Мәжитов. Жемшөп қамын егін қамынан кем ойламау керек . . . 6
Н. Қыпшақбаев. Мелиораторлардың жауынгерлік программасы . . 9
Н. Дудкин. Ферма мердігерлікпен қуатты 8
Э. Госсен. Таза пар — суармалы жермен бірдей 9
М. Камбалин. Шөп шабуға әзірлік . 10
Р. Қасымханов. Агрохимия шығымдылыққа қызмет етуде 10
А. Клюев. Шөп шабу қарқынды әрі сапалы жүргізілсін 11
А. Әбдірахманов. Көгілдір айдын сыйы (14 июль — балықшы күніне) . . 11
Жемшөп молшылығы үшін (Жемшөп дайындаудағы екпінді жұмыс туралы цифрлар мен фактілер) 13
Е. Құсайынов. Ферма қызметкерлеріне қамқорлық 13
В. Красноштанов. Жоғары сапалы сүт молайды 14
Ф. Шамшура. Егінді 12 күнде жинаймыз 15
Г. Кинасов. Сағаттық график—жұмыс заңы 15
Олар алда келеді 15
С. Қуандықов. Егіс танабындағы емтихан 16
Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының «Восход» совхозы партия бюросының егін орағындағы ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысының жоспары 16
А. Крихгефер. Егін жинаудағы көрнекілік 16
В. Дмитровский. Астық ысырабына жол берілмесін 16
А. Нагулин. Орақка — екпінді қарқын 17
В. Монаршенко. Үгітшілер алда . 17
Е. Жиембаев. Овощ өсірушілердің маңызды міндеттері 17
Н. Шульц. Орақтың алдыңғы шебінде 18
Н. Құлғарин. Танап пен ферма өнімділігін арттырайық (10 октябрь — ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне) 18
И. Даник. Халық дастарханына (20 октябрь — тамақ өнеркәсібі күніне) . 18
К. Әбдешев. Жаңашылдар жолымен 19
Үгітшілер үлесі өсуде 20
Н Дудкин. Фермадағы қысқа әзірлік 20
С. Қалиев. Белсенділік осылай туды 20
А. Плахина. Уақыт талабына ілесейік 21
Павлодарлықтар үндеуі 21
Т. Измаилов. Интенсивтендіру — табысқа жету жолы 22
И. Көшімов. Жолдар жүйесі дамуда 23
Р. Абидуллин. Село энергетиктерінің резервтері 24

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Д. Мергеншин. Аса көрнекті қолбасшы 1
Малшылардың қысқы вахтасы . . 1
В. Гедрович. Халық пен армия біртұтас (23 февраль — Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күніне) . 2
Халық ерлігі мәңгі жасайды (Цифрлар мен фактілер) 2
В. Сухова. Стахановтық дәстүрлерді молайта берейік 2
М. Қарақонақова. Жаңа қоғамның белсенді құрылысшылары . . . 5
В. Васильев. Лениндік коммунистік сенбілік 5
В. Григорьев, А. Панфилов. Ұлы Октябрьдің бас репетициясы. . . . 5
Г. Асанова. Айрықша құрмет . . 5
М. Қозыбаев. Ленинизмге адалдық . 6
В. Самойленко. Бейбітшілік пен еңбек мерекесі 7
А. Мағзұмов. Түбегейлі халықтық трибуна 8
К. Смаилов. Уақыт тынысы . . . 8
В. Александров. Еңбек тәртібін нығайтайық 10
Н. Дәненов. Бейбітшілік пен достық салтанаты 11
Н. Коваленко. Советтер елінің Негізгі заңы 16
Г. Козлов КПСС-тің жауынгер отряды 17
В. Коршунов. Октябрьдің жарқын жолымен (7 ноябрь — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 68 жылдығына) 18
М. Қалматаев. Реттілік пен тәртіп үшін 19
В. Григорьев, А. Панфилов. Империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция 21
Империализм дәуіріндегі тұңғыш халықтық революция. Бірінші россиялық революцияның Қазақстандағы маңызды оқиғаларының қысқа шежіресі. 22
М. Әженов. Лениндік достықпен күштіміз 23

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Адайбеков. Стандарт қалай қолданылуда 1
Т. Мәдіғожин. Республика авиаторларының асуы 1
Е. Розенфельд. Жұмыс орны аттестациялануда 4
А. Чернышов С. Бейсенов. Адамдарға жақсы көңіл-күйі (17 март — Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және халық тұрмыс қажетін өтеу қызметкерлері күніне) 4
Д. Венков. Геологтардың екпінді вахтасы 5
Б. Толыбеков. Басты бағыттарда . 6
Космос — бейбіт мақсаттарға қызмет етуде 6

Digitized by Google

Ә. Жомартов. Тұтынушылар тілегі кеңеюде 10
А. Нұрышев. Химия қызметкерлері — бесжылдыққа 9
Л. Смолянова. Эксперимент ауқымы ескерілуде 9
С. Досқожаев. Жаңалықтарды енгізу өзекті міндет 11
А. Решетников. Электр энергиясын үнемдейік 11
В. Азанов. Индустрияның маңызды буыны (21 июнь — металлург күніне) 12
А. Әбдіәкімов. Туысқандық пен достық құймасы 12
А. Нуркина. Бағдар — тұтынушылар сұранымы (28 июль — сауда қызметкерлері күніне) 12
А. Ширяев. Транспорт конвейеріне — нақты ырғақ 13
А. Скрыль. Шахтерлердің съезд қарсаңындағы вахтасы 14
Объектілердің бәрін іске қосайық . 14
Ж. Ибрагимов. Бесжылдықты екпінді аяқтайық 15
А. Абрашин. Техникалық прогресс бағытымен 15
М. Черепанов. Орман байлығын еселей түсейік 16
Э. Әбдірашитов. Машина жасаудың тиімді ролі (29 сентябрь — машина жасаушылар күніне) 17
З. Джалилов. Мамандандыру тиімділігі 16
Ғ. Есмамбетов. Жоғары тиімділік жолында 13
В. Батура. Қайталама ресурстар — халық шаруашылығы айналымына 19
А. Қожанов. Энергетиктердің жетекші ролі (22 декабрь энергетик күніне) 20
В. Свиденко. Ұнтақты металлургия тиімділігі 20
В. Сухова. Үйлердің қысқа әзірлігі . 20
Совет адамдары үшін 21
Б. Жұмашев. Озық тәжірибе насихатталуда 21
Ж. Ибрагимов. Жаңа межелер . . 22
Р. Есенжанов. Озаттардан үйренуде . 22

ТӘЛІМГЕР ТРИБУНАСЫ

И. Баютов. Жастар еңбекте есеюде . 1
У. Садықов, Т. Кішібеков. Институттағы тәлімгерлік 4
К. Ізтілеуов. Тәлімгерлік—уақыт талабы 8
Н. Самокишин. Творчестволықпен жұмыс істесек 21
С. Харченко. Шәкірттер үлгі алуда 21
В. Теплюков. Жұмысшы педагогтар ықпалымен 23

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

З. Бейсенбаева. Ауызша сөйлеу ерекшеліктері 1
Д. Альберт. Бірлесе көтерген жүк жеңіл 20
К. Биекенов. Әңгімедегі фактілер . 22
С. Бабенко. Бізге тағы да келіңіз . . 22

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

И. Кузьменко. Жарқын, жігерлендіруші образ (М. А. Ульяновaның туғанына 150 жыл толуына) . . . 4
Н. Елікбаев. Советтік өмір салтының жалпы халықтық сипаты . . . 4
Ә. Сығаев. Совет театрының асқақ қызметі 4
А. Кушнарева. Партия съезіне әзірлік 8
Не жақсының бәрі балаларға (Цифрлар мен фактілер) 9
М. Бутина. Денсаулық сақшылығында (16 июнь — Медицина қызметкері күніне) 10
В. Бекбосынов. Парасатты өмір жолындағы күрес 13
А. Платаев. Маскүнемдікке — тегеурінді тосқауыл 14
А. Семушкин. Жаңа талаптар дәрежесінде болайық 14
Л. Виликотская. Баршаға ортақ мерекe 15
М. Нұрмағамбетов. Жарыс тұғыры . 15
Маскүнемдікпен күресті күшейте берейік 15
Ю. Афанасьев. Қазақстан қорықтары 16
В. Журов. Мұғалімнің асқақ парызы 17
М. Тәжин. Әлеуметтік құрылым жетілдірілуде 17
М. Елеусізов. Көрнекті ғалым және ағартушы-демократ 19
Ж. Мұсайбеков. Ізгі ниет . . . 20
Н. Ларин. Нанға ұқыпты болайық . 21
Т. Әбдіхалықов, А. Черепанов. Абайла, қасыңда жүр жасөспірім . . . 22
Н. Иванов. Символдың мағынасы қандай 23

КОМПЛЕКСТІ ТӘРБИЕ АЯСЫ

Л. Гуревич, Т. Тілеуов. Жастарды қоғамдық жұмысқа даярлайық . . . 2
Б. Әлин. Бірыңғай жоспар бойынша 11
С. Жиенбаев. Болашақ үшін сақтайық 24

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

А. Осипов. Пайдалы тәжірибемен қаруланудамыз 4
Б, Шоланов. Еңбектегі үздік жетістіктері үшін 4
Е. Митчина. Жұмысшы абыройын ардақтайық 5
1985 жыл: Қазақстан құрылысшыларының межелері 5
Б. Жаңабеков. Танап құнарлылығын арттырамыз 8
М. Курников. Стахановтық қарқын . 9
К. Оспанбаев. Ең бастысы — тоқмейілсімеу 10
Алматы облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы вахтада . . 10
А. Рүстемов. Резервтерді толығырақ пайдаланайық 11

Digitized by Google

К. Назаралиев. Шеберлерді даярлаудамыз 13
В. Приколотто. Инженерлер үлесі өсуде 15
Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 15
В. Каменева. Өндіріс иесі болайық . 17
Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 17
Н. Дубовицкая. Жасампаздық қуанышы 20
Қостанай облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 20
Ұ. Расқалиева. Инициатива көмектесуде 21
Орал облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы вахтада 21
И. Воронов. Уақыт белсенділікті талап етеді 22
Көкшетау облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 22
А. Балғымбеков. Ұдайы үйрену қажет 23
Съезд қарсаңындағы документтер түсіндірілуде 23
С. Гаврилюк. Диқандарды тәрбиелейік 23
Шымкент облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 23
В. Измайлов. Әрбір адам жауапты . 24
Талдықорған облысының еңбекшілері съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 24

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР

ШЕЖІРЕСІ

Халық ерлігі мәңгі жасайды . . . 4,5
Ш. Елеукенов, Соғыс қаһармандары — кітаптар кейіпкерлері 5

ҰЛЫ ЕРЛІКТІҢ ӨШПЕС НҰРЫ

А. Голишев. Ешқашан ұмытылмайды 7
Р. Қошқарбаев. Бақытты болашақ үшін 7
Д. Жәкеева. Жер бетіндегі бейбітшілік үшін 7
Совет халқының ұлы қызметі . . 7
О. Огнев. Азат дүние зердесінде . . 7
Қарағандының майдандық вахтасы . 7
И. Устименко. «Сіздердің жетістіктеріңіз — жауға берілген соққы» . . 7
Халық ерлігі мәңгі жасайды . . . 7
А, Қалиева. Қазақстан ғалымдарының үлесі 7
С. Пресняков. Жеңіс туына бағдар ұстайық 7

ЖЕҢІСТІҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫНА

Ж. Бәйісов. Дәстүрлерге адалдық . 8
К. Стамбеков, Е. Мұхамеджанов. Ақиқатты бүркемелей алмайсың . 8

ЕҢБЕК ЕРЛІГІНІҢ ЭСТАФЕТАСЫ

ЖАЛҒАСУДА

С. Оңғарбаева. Біздің ортақ қарызымыз 14
Л. Кочетова. Даңқты дәстүр нығайтылуда 14
М. Мұсабеков. Ұмытылмас кездесулер 14
П. Баранников. Жастар алғы сапта 14
Қозғалыс осылай өрістеді 14

КӨРНЕКІ ҮГІТ

Бірыңғай программалар бойынша . 1
Еңбек адамын ардақтайық . . . 6
Н. Ларин. Әр жаңалық қосталып, таратылсын 11
Л. Дмитриев. Еңбек ерлерін мадақтаймыз 17
И. Юферова. Плакат цехының шеберлерінде 22
В. Сухова. Комплексті жоспар бойынша 24
Лекциялардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың үлгі тақырыбы 1, 3, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 18, 20, 24

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Ган. Потомак жағалауынан шыққан құтқарушы 1
О. Ржешевский. «Бетбұрыс кезеңдер» теориясы, немесе СССР-дің фашизмді талқандаудағы ролін буржуазиялық идеологтар бұрмалауға және кемітуге қалай әрекеттенуде . 2
Д. Лебин. Болашақ өлшемімен. Экономикалық Өзара Көмек Советі елдері: ғылыми-техникалық интеграцияны тереңдету бағыты . . . 4
Б. Рачков. Империализмнің басқаның мұнайы төңірегіндегі тіміскілеулері 10
И. Мельников. Жеңіліске ұшыраған дардың жанұшырған әрекетімен . . 15
В. Большаков. «Әділет күрескерлерінің» пішінінде 16
П. Васильев. Генералдық демократия 17
М. Гольденберг. Израильға барушылар мен одан безінушілер немесе оларды алдаушылардың күйреуі . 20
А. Моисеев. Қауесет таратушы «әуендер». АҚШ-тың дамушы елдерге қарсы радио соғысы 21
М. Беляев. Көрінбейтін шекара немесе буржуазиялық қоғамдағы «шалқыған өмір» кешушілер мен оны елестетушілер 22
Финг Кхак Бинь. Жасампаздықтың алғы шебінде 23

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК

ТОСҚАУЫЛ

А. Мұңайтбасова. Лектор сөзі . . . 16
А. Сүлейменов. Үгіт бригадасы салауаттылық жорығында 16
Ой салар жолдар 17
Л. Краснова. Салауатты тұрмыс клубы 17

Digitized by Google

Л Невзорова. Көңілді өтті 18
И. Баетов, Т. Язынина. Балаларды аялаңдар 20
Р. Келлер. «Салауаттылық — өмір нормасы» 20
А. Придьма. Коллективтің берік байламы 23
И. Пинчук. Игі өзгерістер . . . 24

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Э. Озолинг. Тұрғын үй сапасы . . 11
С. Әбділқасымов. Селоға қоныс аудару 15
Р Баймұрзаева. Қыдырымпаздық залалы 15
Б. Бардин. Перспективалы сала . . 19
Сіздің еңбекке жарамсыздық қағазыңыз 24

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ

М. Құсайынов. Адамдар тегіс қамтылуда 5
М. Есқазиева. Әр сәрсенбінің кешінде 10
Партия сөзімен — әр семьяға . . 11
Н Ларин. Тұрғындар тегіс қамтылуда 14

БЕСЖЫЛДЫҚ КАРТАСЫНДА

Ф Васильев. Электронды есептеу машинасы көмектесуде 4
В. Ступак. Аса қуатты станция . . 17

Біздің анықтама бөліміміз

1986 жылғы январь айындағы атаулы күндер

1 — Жаңа жыл мерекесі.
— 1919 — Белорус ССР-і құрылды.

— 1959 — Кубада революция жеңіске жетті. Азаттық алған күн.

3 — Герман және халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының қайраткері Вильгельм Пиктің туғанына 110 жыл (1876—1960).

11 — Албан халық республикасының құрылғанына 40 жыл (1946). 1976 жылдан бері — Албания Халықтық Социалистік Республикасы.

14 — советтік әскери қайраткер И. П. Уборевичтың туғанына 90 жыл (1896 — 1937).

15 — Совет Одағы мен Монғол Халық Республикасы арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шартқа қол қойылғанына 40 жыл (1946).

20 — Дағыстан АССР-нің құрылғанына 65 жыл (1921).

21 — 1924 — Владимир Ильич Ленин қайтыс болды.

22 — 1905 — Патша әскерлері Петербургте жұмысшылардың бейбіт демонстрациясына оқ атты. Бірінші орыс революциясы басталды.

24 — Россияның халық ағарту қайраткері, педагог-демократ, В. И. Лениннің әкесі И. Н. Ульяновтың қайтыс болғанына 100 жыл (1831—1886).

25 — 1918 — Советтердің Бүкіл россиялық III съезі «Еңбекші және қаналушы халық праволарының Декларациясын» қабылдады.

31 — профессионал революционер, большевик И. В. Бабушкиннің қаза тапқанына 80 жыл (1873—1906).

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Индекс 75328.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.


Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 26.11.85 г. Подп. к печати 11.12.85 г. УГ01548. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,6. Печать высокая. Тираж 66031 (казахское издание — 33582 экз., русское издание 32449 экз.). Заказ 132. Цена 15 коп.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН



Алматы. Ғалымдар қауымы алдағы жылдық көктемінде болатын «Вега-1» және «Вега-4» советтік планетааралық станциялардың Галлей кометасымен кездесуін асыға күтуде. Оған Қазақ ССР Ғылым академиясы Астрофизика институтының жаңа биік таудағы обсерваториясының астрономдары да әзірленуде, ол Іле Алатауының сілемінде Асы-Түрген шоқысында салынып жатыр. Оларға Галлей кометасын бүкілодақтық ядролық шеңбердегі зерттеулерді үйлестіру тапсырылған.

Суретте: биік таудағы обсерватория-да.



Павлодар облысы. «Бесқарағай» асыл тұқымды мал заводында 1976 жылы бесқарағай тұқымдас солтүстік қазақстандық меринос қойы өсіріле бастады. Жуырда мұнда бесқарағайлық қойлардың екі жаңа түріне авторлық куәліктер алынды. Бұл тұқым таза талшығының өсіктігімен, ірілігімен, тез жетілуімен және жүннің көп алынуымен ерекшеленеді.

Суретте: асыл тұқымды мал заводының директоры Б. Р. Әлкеев (сол жақта) және шаруашылықтың бас зоотехнигі К. Байдәулетов мал жүнін зерттеудің нәтижелерімен танысуда.



Биылғы күзде республиканың еңбек сіңірген коллективі, Қазақ ССР-нің Мемлекеттік ән-би ансамблі өзінің отыз жылдығын атап өтті. Біздің еліміз де және шет елдерде миллиондаған көрермендер оның жарқын өзіндік өнерімен танысты.

Суретте: «Саяхатта» деген вокальды хореографиялық композиция.



Целиноград облысы. Шатырдан басталған Степногорск қаласына әлі отыз жыл да толған жоқ. Алайда оның өзіндік бейнесі түп-түзу, әдемі кварталдары, сквермен, газондармен, фонтандармен көркейтілген бірегей микроаудандары, осы заманғы магазиндері, мәдениет сарайлары, спорт үйлері бар.

Қала құрылысы жалғасып, көркейе түсуде.

Суреттегі төртінші микроауданда подшипник заводының жұмысшылары тұрады.

ҚазТАГ-тың суреті.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



Digitized by Google

«Плакат» баспасы

Digitized by Google

Digitized by Google

RECO®
System-Bindung
P. Schmidkonz
Regensburg

Digitized by Google